

Өтемісова Гүлмира Жеткергенқызы

**КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАР
СӨЙЛЕЙДІ**



ӨТЕМІСОВА Гүлмира Жеткергенқызы

**КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАР
СӨЙЛЕЙДІ**

(Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша)

Ғылыми жетекші
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Жеңіс Сәдуақасұлы

Алматы, 2018

ББК 81.2 Қаз.

Ө

Баспаға ұсынған.

Пікір жазғандар:

А.Б. Салқынбай – филология ғылымдарының докторы, профессор

С. Тәшімбай – ассоц.профессор, филология ғылымдарының кандидаты

Ө.... ӨТЕМІСОВА Г.Ж.

Көнерген аталымдар сөйлейді (*Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша*). Ғылыми монография. – Алматы, 2018. –270 б.

ISBN

Монографияда көнерген аталымдарды қазақ тіл біліміндегі уәжділік және аталым теориясына сүйене отырып жан-жақты сөйлетеді.

Көнерген аталымдардың фонетика-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалып, сөзжасамдық тәсілдерге жіктеліп, метафоралану үдерісі тілдік деректер арқылы дәйектеледі. Сондай-ақ, көнерген аталымдардың сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалып, синонимдік қатар түзетіндігі ашық көрсетіледі. Сонымен қатар монографияның соңғы тарауында «Көнерген аталымдар лұғаты» түсіндірмелі сөздігі берілген. Бұл еңбек көнерген аталымдардың мағынасы жайында түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Монография ғылыми қызметкерлерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және қазақ тіліндегі көнерген аталымдарға қызығушылық танытатын қалың жұртшылыққа арналады.

ISBN

© Өтемісова Г., 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Көнерген аталымдардың мән-мағынасын ашу ана тіліміздің өрісін кеңейтіп, сөздік құрамның қазынасын молайтатыны сөзсіз. Тіл тарихына үңіле қарап, тарихи шығармалардағы көнерген аталымдарды келер ұрпаққа жете түсіндіру бүгінгі күннің міндеті болмақ.

Болашаққа нық қадам басу үшін үнемі өткенді саралап, қажет еткенді жаңғыртып алған жөн. Қазақ ұлтының ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы тарих сабақтастығы жөнінде: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы», – деген еді [1, 13 б.]. Бұл ұлағат сөздің **көнерген аталымдарға** да қатысы бар.

Көнерген аталымдарды тілдік айналымға қайта енгізу арқылы, ана тілінің сөздік қорын байытуға өз үлесін қоспақ. Өйткені қазақ халқы өмір сүргеннен бергі тарихтан хабар беретін, қазіргі тіл қолданысында көнерген аталым болып табылатын сөздерді қайта тірілту – көнерген аталымдармен сөздік қорды толықтыру.

Көнерген аталымдардың ішінде, соңғы уақыттары заман талабына сай, жалпы сипаттаудан гөрі жекелеген салаларына баса назар аударылып, көнерген аталымдардың мағыналық құрылымына, лексика-семантикалық топтарына, олардың қалыптасуындағы теориялық заңдылықтарына, ерекшеліктеріне т.б. аспектілеріне мән берілуде. Ал, осы тұрғыдан алғанда қазақ тіл білімінде көнерген сөздердің аталым тұрғысынан зерттелуі көнерген аталымға қаншалықты дәрежеде уәжділіктің қатысы бар деген мәселелер сөз болып көтеріліп, арнайы тақырып болып, табиғаты белгілі дәрежеде айқындалып, зерттелген емес. Сондықтан, көнерген аталымдардың осы тұрғыдан саралануы, айқындалуы – тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді.

Демек, халықтың тіл байлығында этнос болмысын танытатын тіл бірліктері, соның ішінде **көнерген аталымдары** сақталған. Соған сәйкес түрлі экстралингвистикалық факторлар мен тілдік жағдаятқа байланысты бүгінде белгісіз я болмаса мағынасы күңгірт аталымдар белгілі бір аймақ төңірегінде қолданыс тауып, әдеби тілден көрініс таба бермейді. Сондықтан осындай аталымдарды арнайы және біртұтас жүйе түрінде қарастыру зерттеудің қажеттілігінен, өзектілігінен туындайды.

Қазақ жыраулар тілінің тілтаным ғылымында зерттеле бастауы қазақ тіл білімінің негізін қалаушылар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінен бастау алатыны және әдеби тіл нормаларының қалыптасуына, ауыз әдебиеті мен жыраулар, көркем шығармалар тілі негізгі іргетасы екені қазақ лингвистикасында дәлелденген (С. Аманжолов, Р. Сыздық т.б.).

Қазақ халқының мәдениетінде жыраулық дәстүрдің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасын жалғайтын алтын көпір, ұлттың рухани, мәдени болмысын танытатын – жыраулар шығармасы. Ал тілдің аймақтық ерекшелігін көрсететін және тілдің алуан түрлі қасиеттерін, лексикалық қордың баюына, молығуына ауқымды үлесі бар, грамматикасының кемелденуіне негіз боларлық тұлғалардың ақын-жыраулар тілінде мол кездесуі

заңды құбылыс. Тұтас бір кезеңді қамтитын осы – жыраулар тілі. Осымен байланысты қазіргі қазақ тіл білімінде **тарихи тілдік тұлғаларды**, соның бір көрінісі **көнерген аталымдарды** саралау, жалпы адамзатқа тән таным мен көзқарастар деңгейінде талдаудың қажеттілігі айқындалады.

Монографияда Ерімбет пен Нұртуған шығармаларындағы көнерген аталымдарды тіл біліміндегі уәжділік және аталым теорияларының қағидаларына сүйене отырып, лексика-семантикалық және функционалдық тұрғыдан талдау, олардың сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтау тұрғысынан сипатталады.

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың коммуникативті-функционалдық қырынан қарастырып, негізгі қызметтері көрсетіледі. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы көнерген аталымдардың уәжділігін анықтай отырып, олардың қазіргі тіл қолданысына қатысын, сипатын белгілеу, синонимдік қатары анықталады. Ақын-жыраулар шығармаларындағы көнерген аталымдардың жігін ажыратып, лексика-семантикалық топтарға бөліп, оларға лингвистикалық сипаттама беріледі. Ерімбет пен Нұртуған шығармаларындағы көнерген аталымдардың фонетика-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жасап, сөзжасамдық тәсілдерге жіктеп, метафоралану үдерісін тілдік деректер арқылы дәйектеледі.

Монография нәтижелері қазақ тіл біліміндегі көнерген аталымдардың теориясын дамытады, уәжділік, аталым теориясына үлес қосады, сол арқылы көнерген аталымдардың заңдылықтары айқындалады. Көнерген аталымдарға этимологиялық талдау және функционалды-семантикалық сипаттама негізінде жасалған жаңа тұжырымдар тарихи лексикология мәселелерін теориялық тұрғыдан дұрыс шешуге септігін тигізеді. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі көнерген аталымдардың мағынасын ашуда жаңа бағыт береді. Ерімбет пен Нұртуған тіліндегі көнерген аталымдар ұлттық сөздік қорымыздың сүбелі қабатын құрайтын тілдік бірліктердің мағыналы жүйесі болып табылады. Себебі, олар қазақ тілінің лексикалық қорын диахрондық және синхрондық тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Ақындар тіліндегі көнерген аталымдардың сөзжасамдық тәсілдері арқылы жасалуы, аталымның семантикалық өрісін дамытатын өнімді тәсілдердің бірі.

Сонымен қатар жалпы қазақ тіліндегі көне ұғымдар жайында дерек беретін анықтамалық материалдар жоқтығы ескеріліп, «Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты» деген тараумен көнерген аталымдардың түсіндірмелі сөздігі беріліп отыр. Сөздікте мүмкіндігі болғанша көнерген аталымдардың шығу төркіні, этимологиясы да басқа тілдермен салыстырыла зерттелді. Әрине, сөздікте қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың бәрін қамтыды дей алмаймыз. Дегенмен, қалың жұртшылық сүйіп оқитын шығармаларындағы мағынасы көмескіленген, әсіресе кейінгі ұрпаққа түсініксіз кейбір көнерген аталымдардың мағынасын түсінуге көмектеседі.

Монография қазіргі қазақ тіл білімінде көнерген аталым теорияларына сүйеніп жазылғандықтан, сол бағыттағы зерттеулерге қосылған үлес болып саналады. Еңбектің негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде лексикология, тарихи грамматика, этнолингвистика салалары бойынша оқытылатын дәрістер мен семинарларда, арнайы курстарда пайдалануға болады. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі көнерген аталымдарға арналған қосымша сөздік жалпы оқырман қауымға кейбір шығармаларда кездескен түсініксіз көнерген аталымдарды ұғынуға көмекші құрал ретінде ұсынылады.

КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тіл біліміндегі көнерген аталымдардың зерттелу аспектісі

Жалпы көнерген аталымдардың ішкі мағыналық құрылымы – көп жайттардың себебін, мәнін ашуға мүмкіндік береді. Демек, ішкі мағыналық құрылым – оның ұғымдық құрылымын анықтайтын өзек. Сондықтан көнерген аталымдардың жалпы мазмұндық белгісі – аталымның дербес мағыналы лексема ретіндегі ұстанымы. Көнерген аталымдардың арасындағы мазмұндық байланыс түрлері – олардың уәжділік дәрежесін көрсететін болса, екіншіден солардың негізгі ерекшелігін мағынаның жасалуы, дәлірек айтқанда, уәж түбір мен құрамға, сол сияқты мағынаға тәуелді келеді.

Жалпы қазақ тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле бастағаны белгілі. Тұңғыш рет қазақ тілі грамматикасының құрылымы жөнінде азды-көпті мәлімет беріп, қазақша-орысша сөздік жасаған орыс ғалымы Н. Ильминский болды. Ғалымның «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегі осы күнге дейін құнды еңбектердің қатарында сақталып келеді. Н. Ильминскийдің сөздігінде *ада: ақылынан адаған* (сошол с ума); *ебсек: екі жапсақ, бір ебсек* (когда одним действием достигается две цели) тәрізді өте сирек қолданылатын көнерген аталымдары кездесіп қалып отырады [2, 43-55 бб.].

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдарды зерттеу оларды туыстық қатынасы жағынан тілі жақын түркі тілді халықтар тілімен салыстырып зерттеуді қажет етеді. Мысалы, ақындар шығармаларында қолданыс тапқан, яғни қазақ тіліндегі көнерген аталым деп жүрген *жора* қарақалпақ тілінде *жолдас*, *палас* өзбек тілінде *кілем*, *күзгі* татар тілінде *айна*. Бұл ұғымдар ол тілдерде басқа сөздермен қат-қабаттасып тіркес құрамай-ақ, жеке тұрып өз мәнінде қолданыла береді. Көнерген аталымдардың белгілі бір территориялық шегі болғандығына дәлел үшін осы мысалдардың өзі жеткілікті сияқты.

Бұл еңбекте ақындар шығармаларындағы көнерген сөздер (архаизм мен историзм) «көнерген аталым» ретінде қарастырылды. Өйткені көнерген сөздер де өз алдына аталым ретінде қалыптасқандықтан, «аталым» тұрғысынан қараған жөн. Түркі тілдес, туыстас республикалар ғалымдарында да көнерген аталымдар туралы азды-көпті айтылған деректер бар. Олар ыңғайы келген жерде зерттеу жұмысына арқау болды. Б.М. Юнусалиевтің «Киргизская лексикология» [3] деп аталатын еңбегі кейбір көнерген аталымдардың архисемасын көрсетіп, этимологиясын түсіндірген.

Э.Н. Наджип ұйғыр тілінің лексикалық құрамын тарихи тұрғыдан қарастырғанда, онда өте әріден келе жатқан жалпы түркі-монғол, көне ұйғыр, қытай, көне соғди, санскрит, араб және парсы тілдерінен кірген сөздердің қабатында шаруашылық қарым-қатынаспен байланысты орыс тілінен ауысқан сөздердің бар екенін ескертеді [4, 24 б.]. Мұндай пікірлерді өзбек тілі жайында жазылған материалдардан да байқауға болады [5, 89-108 бб.].

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды қазақ тіліндегі көнерген аталымдарды **араб, парсы, монғол, орыс** сияқты тілдермен салыстырып зерттеудің тиімділігін мойындау керек. Өйткені, Ә.Қайдаровтың: «қос сөздердің лексикалық құрамында әртүрлі тілділік байқалады» [6, 9 б.], – деп көрсеткеніндей, қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың жиынтығында да көптеген халықтың сөздері ұшырасып отырады.

Түркімен тілінде жазылған материалдарда көнерген аталымдардың лексикалық, семантикалық топтарына тоқталады. Халық шаруашылығы мен мәдениетіне байланысты көнерген аталымдарды (бұл тілде де архаизм мен историзмнің ара-шегі толық ажыратылмаған) бірнеше салаға бөледі: 1) тұрмысқа байланысты көнерген сөздер: *жуваз, хужре, балахана* т.б.; 2) кәсіппен байланысты сөздер: *зергер* (зергер); 3) әртүрлі дәреже-атақтарды білдіретін сөздер: *қазы, мүрзе* (мырза), *онбеги* (онбасы), *йүзбашы* (жүзбасы) т.б.; 4) діни ұғымға байланысты сөздер: *намаз, ораза, зекат* (зекет) т.б.; 5) өлшеу мен санға байланысты сөздер: *батман* (батпан), *гадақ* (қадақ), *шайы* (бес тиын), *аббасы* (жиырма тиын) т.б.; 6) саяси-қоғамдық терминдер: *шура* (үкімет), *бейнелмилел, батрачком* т.б.; 7) ғылымның жеке салаларына байланысты терминдік сөздер: *сарф* (морфология), *нахув* (синтаксис), *жумле* (сөйлем) т.б.; 8) соғыс ісіне байланысты көнерген сөздер: *серкерде, сурнай, сирме* т.б. [7, 55-56 бб.].

Мұнда көрсетілген көнерген аталымдарды ары қарай бөле берсе, жіктеліп кете береді. Кәсіпке байланысты көнерген аталымдарға түркімен тілінде *зергер* деген бір ғана мысал келтірген. Егер бұларды кәсіп түріне байланысты сараласа, мал кәсібіне байланысты: *шопан, зеңгі, ойсыл* т.б.; жер кәсібіне байланысты: *өркен, пәлек, пәйек, сабан* т.б.; үй жасау кәсібіне байланысты: *тез, сағанақ, көк* т.б.; ағаш өндіру мен ұсталық кәсіпке байланысты: *бәрбі, ыңғауыр, зергер* т.б.; көркем өнерге байланысты: *сері, жырау* сияқтыларды көрсетуге болады.

Аталым өмір сүреді, тұрмысқа байланысты көнереді. Көнерген аталымдардың қай-қайсысы болса да халықтың тіршілік өміріне, тұрмысына соқпай кетпейді. Олай болса, тұрмысқа байланысты көнерген аталымдар: *жуваз, хужре* т.б. деп көрсету тым жалпылау тәрізді. Мұнда көрсетілген көнерген аталымдардан үш ірі топ шығады: 1) ескі әдет-ғұрыпқа байланысты көнерген аталымдар: *сыңсу, жаназа, атұстар* т.б.; 2) шаруашылық тұрмыс күйге байланысты көнерген аталымдар: *пәйек, зергер, тез* т.б.; 3) әкімшілік ел басқару ісімен байланысты көнерген аталымдар: *хан, болыс, дуан* т.б. Бұлар негізгі ірі бөліктер болып есептеледі, ал қажет болса, осы үш топтың әрқайсысын аталымдардың (сөздердің) түрлі қасиеттеріне қарап, тағы да ұсақ топтарға жіктеуге болады.

Аталымның көнеру тәртібі көптеген халықтар тілінде бір-біріне ұқсас болады. Бұл ретте басқа халықтардағы көне лексика туралы пікірлерге қосымша орыс ғалымдары Н.М. Шанский, Е.М. Галкина-Федорук, А.А. Реформатский, Ф.П. Филиннің көнерген аталымдар жайында айтылған теориялық пікірлері негізге алынды.

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдарды зерттеу мәселесі түркі тіліне тән тарихи деректермен келіп ұштасады. Ғ.Айдаров VIII ғасырға жататын Тоньюкук ескерткіштерінде қазіргі қазақ тілінің көнерген аталымдар қатарында жүрген *түмен* (десять тысяч) *он мың*, *тәңірі* (небо или бог) *аспан* не *құдай* деген мағынаны білдіретін аталымдардың кездесетіндігін көрсетеді [8, 235 б.]. Бұл аталымдар Нұртуған мен Ерімбет ақын шығармаларында жиі ұшырасады.

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар көне дәуірге тән құбылыс болғандықтан, қазіргі замандағы қоғам мүшелерінің бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Аталым мәнінің көмескі болуы басқа лексикалық бірліктерге де тән қасиет. Көнерген аталымдар өзінің осындай күңгірттігі жағынан диалектизмге, кәсіптік лексикалық қарапайым сөздер (просторечные слова) мен дөрекі сөздерге (вульгаризм), жаргондар мен аргонизмге ұқсас болып келеді. Бұлардың ара-жігін ашып бір-бірінен өзгешелігін көрсету үшін көнерген аталымдардың басты-басты қасиеттеріне тоқталған жөн. Сөз арасында жоғарыда көрсетілген басқа лексикалық бірліктермен салыстыра кету көзделді.

1 Көнерген аталымдардың басқа лексикалық бірліктерден айырмашылығы – олар ертеде сөздік қордан тұрақты орын алып, халықтың күнделікті тіршілік өмірінен елеулі маңыз алған, жалпыға ортақ кең көлемді қамтыған қатынас құралы.

Галкина-Федорук «Современный русский язык» еңбегінде: «Көнерген сөздер әдетте халықтық жазба әдеби тілінің туындысы болып есептеледі. Өйткені жазу-сызу болмаған кезде, бүкіл сөз атаулы ешбір жерде белгіленбеді, сондықтан ол дәуірдегі көнерген сөздер де із-түзсіз құрып кетіп отырды» [9, 126 б.], – деген пікір айтады. Бұл туралы Ф.П.Филин: «Ең алдымен көнерген сөздер мен тілдің сөздік құрамынан шығып қалған сөздерді дұрыс байқай білген жөн. Көнерген сөздер дегенде, ертеде әдеби тілде болып (немесе оның көп көрінісінің біріне жатқан), қазіргі уақытта пайдаланудан қалып, көпшілік жағдайда (бірақ үнемі емес) синонимдермен алмасқан сөздерді ұғу керек» [10, 36-37 бб.], – деп көрсетеді.

Қазақ тілінде көнерген аталымдарды талдау үдерісінде жоғарыдағы айтылған пікірлерге сүйену өте орынды. Бұдан шығатын қорытынды көнерген аталымдарды негізінен әдеби тілден, жазба мұралардан, халықтық ауыз әдебиет үлгілерінен іздестіру керек. Ертеде жазу-сызудың жоқ кезінде ауызша жырланып, ауызша толғанған дастандар мен ертегілер өмір тәжірибесінен туған мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер тағы басқа сол сияқтылар жалпы халықтық сипатқа ие болған. Көнерген аталымдар көбінесе осындай мұраларда жиі кездесіп отырады.

2 Көнерген аталымдар ерте кездегі бір-біріне тегі жақын туыстас көне түркі әдеби тілінде қалыптасқан норма болғандықтан, еш уақытта жойылып кетпейді, тарихи болмаса этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді. Активті сөздік қордан пассивті сөздік қорға ауысады, егер бар болса, қазіргі әдеби тілдегі сыңарларының немесе синонимдерінің қандай жолдармен құбылғанын көрсететін бірден-бір тарихи шындық болады.

Осы орайда А.А.Реформатский: архаизм мен историзмнің бір өзгешелігі – олар қайта жанданып, жиі қолданылатын дәрежеге жете алады, басқаша айтқанда, пассив сөздіктен актив сөздікке қайта ауысуға толық мүмкіндігі бар сөздер [11, 113 б.], – дейді. Мысалы, *молда, мешіт, шіркеу* тәрізді аталымдар бір кезде сөйлеу тілімізден мүлде шығып қалып еді, қазір ауызекі тілде де, жазба тілде де еркін қолданылады.

3 Көнерген аталымдардың кейбіреулері ертеде сөздік қордан тұрақты орын тауып, өз заманында белсенді қызмет атқарған байырғы сөздерден жасалған жаңа ұғымдар болып келеді. Бұл – тілдің ішкі даму заңдылығында үнемі болып тұратын табиғи құбылыс. Тілдің жаңа сөздермен толығып баюы қоғам өмірімен тығыз байланыста қаралады.

Профессор А.С. Чикобава: «Дамып келе жатқан қоғамға қызмет атқара отырып, тілдің дамымай қалуы мүмкін емес. Әрине, тас дәуіріндегі тілдің қазіргі қоғамға қызмет істеуге шамасы жетпейтіндігі түсінікті. Тілдің даму шартын қоғамның дамуы белгілейді. Қоғамның тарихын, бұл тілде сөйлейтін халықтың тарихын білмей тұрып, тілдің даму тарихын түсіну мүмкін емес» [12, 78 б.], – деп көрсетті. Сондықтан көнерген аталымдар халықтың тарихымен салыстыра зерттелуі қажет. Қазақ тілінің тарихынан дерек беретін кейбір материалдар (жеке сөздер) Қазақстан территориясын мекендеген ру тайпалардың өмір тіршілігімен тығыз байланысты болып келеді.

Мысалы, *садақ* сөзі түркі тілдерінің бәрінің сөздік құрамына бірдей енбеген. Түрік, түрікмен, татар, азербайжан, сары ұйғыр тілдеріндегі сөздіктерден бұл сөз табылмайды. Түрік тілінде садақты – *кеман* дейді, мәні – *доға* деген сөз; түрікмен тілінде *яй, кеман* (жай, доға), татар тілінде – *ук* (оқ), азербайжан тілінде – *каман* (доға), сары ұйғыр тілінде – *оқ*.

4 Қоғамдық формациялардың ауысуына байланысты бір қатар аталымдардың көнергендігі байқалады. Мұндай жағдайда ескі аталымдардың мағынасы күңгірттеніп, жаңа аталымдардың белсенділігі артады. Жаңа аталым өзінің саласы жағынан ескіге сай синоним бола алмайды. Сондықтан көнерген аталымдардың бұл тобы жаңа аталымдармен жарысып қатар қолданылатын дәрежеге жетпей, активті сөздік құрамынан бірден шығып кетеді. Мысалы: Кеңес дәуіріне дейін қазақ даласында *хан, сұлтан, би, болыс, бақсы* сияқты тағы басқа да сөздердің қолданыста болғаны анық. Ал қазір бұл көнерген аталымдардың орнына жаңа аталымдар қалыптасып, бекіді.

VI ғасырдың 552 жылдарында Орта Азияда ерте феодалдық мемлекет түріндегі көшпелі жаңа түркі империясы құрылды. Мемлекетті билеуші кісі *қаған* деген титулға (атаққа) ие болды. В.В. Бартольд: «*Қаған* сөзінің қысқара айтылуынан келіп *хан* сөзі жасалған. Орыс летописерінде (жазбаларында) кездесетін бұл сөзді орхон жазулары дәлелдеп отыр, мұсылман авторлары мұны *хақан* түрінде жазған» [13,173 б.], – деп көрсетсе, Е.Е. Малов: *қаған* – басқарушы, билеуші (правитель), каган (хан) деп көрсетеді. Ал, Н. Катанов: *хан* – парсы сөзі феодалдық құрылыстағы мемлекетті тежеусіз билейтін басшы дегенді айтады.

Сондай-ақ ертедегі *би*, *қазы* – қазіргі сот ұғымына, *болыс* – атқару комитетіне, *молда* – мұғалімге, *бақсы-балгер* – дәрігерге, *жалшы* – жұмысшыға еш уақытта сапалық жағынан сай келмейді, әрі бұл сөздер бір-біріне синоним бола алмайды. Көнерген аталымдардың мұндай тобы тарихи аталымға (историзм) айналады.

5 Кейбір аталымдардың активті сөздік құрамынан кетуі басқаша сипатта болады. Мысалы: Ақын-жыраулар тілінде кездесетін *батсайы*, *таж*, *топы* сияқты ескі киім атаулары, сүт өнімін сақтайтын *мес*, *торсық* түрінде кездесетін көне құралдардың орнын басқан жаңа сөздер ескі аталымдарды бірден қуып шыққан жоқ. Біраз уақыт бұлар жарысып қатар қолданылып жүрді. Ақырында жаңа ұғымдардың мағынасы тұрақты орын теуіп кең қолданылатын дәрежеге жетті. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: *бәрбі* – шойын, шыны ыдыстарын тесетін құрал, асыл алмас, *батқы* – нүкте орнаментті ою түсіретін құрал немесе осы құрал арқылы жасалған ою, әшекей [14, 103 б.]. Бұл сөздің түбірі – *бат*; *-қы* – етістіктен есім тудыратын жұрнақ. Мысалы, *Өкшесін көкпен ойған, қызыл кебіс, Орнатып қима тақа батқы салған* (И. Байзақов). Қырғыз тілінде бұл сөздің (*батқы*) екі түрлі мәні бар; бірі – *шұқылған, ойылған*; екіншісі – *ағашқа немесе металға нүкте түрінде түскен орнамент*. Сондай-ақ, қазіргі тіл қолданысында көнерген аталым қатарындағы **талқы** – *кепкен көн сияқты нәрсені созып-керуге, илеп бүктеуге, басу арқылы жұмсартуға арналған ағаштан жасалған көне құрал*. Мысалы, *Сарттар сұр басады талқыменен, Ерге жабдық жарасар нарқыменен* («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»). Мұндағы **сұр** – иленген тері, қайыс; сырт пішінінің ұқсастығынан иленген қайыс – *сұр* түске баланған да сол себепті *сұр* сөзі заттанып кеткен. Ал, қазіргі күнде **бәрбі** – тескіш станоктарға, **батқы** түрлі өрнек салатын аппараттарға, **талқы** – тері өңдейтін машиналарға, ертедегі сүт өнімін сақтайтын тері ыдыстар (*саба, мес, торсық, шанаи*) қазіргі заманға сай металдан не ағаштан істелген басқа ыдыстарға алмасты. Әрине бұлар да *заттық-сапалық* өзгеріске түсті, техникалық прогресс болғандықтан заттардың атқаратын қызметі де күрделенді, бірақ жаңа құбылыс пайда болған жоқ; өмірге керекті нәрселерді істеу, ою, өңдеу, сақтау әлі сол қалпында қалып отыр. Көнерген аталымдардың (архаизм) басты қасиеттердің бірі осы болып табылады.

Қазақ тілінде диалектизмдердің көнерген аталымдардан негізгі басты айырмашылығы – олар жалпы халықтың әдеби тілінен ерекшеленіп, белгілі бір аймақта ғана жұмсалады. Диалектизмдердің таралған шегі (изоглосы) болады. Мысалы: *жұда* (өте) – Оңтүстікте, *сым* (шалбар) Жетісуге тән ерекшелікті байқатады. Ал көнерген аталым болса, олар әдеби тілге жат құбылыс емес. Кез-келген жерде көнерген аталымдарды тілдің материалы ретінде пайдалануға толық мүмкіндік бар. Көнерген аталымдардың қазіргі әдеби тілде ауыспалы мағыналары, тұрақты сөз тіркестері болуы мүмкін. Мысалы: *бадырақ* (көнерген аталым) – жалшылықта жүрген қазақ кедейі; *бадырақ* (осы күні қолданыста бар) көзі үлкен шығыңқы деген мағынада, *талыс* (көне сөз) өгіз терісінен істелген қап; *талыстай жігіт* (осы күнгі әдеби тілде бар) – еңгезердей мықты жігіт. Диалектизмдер белгілі бір аймақтағы халықтың күнделікті өмір

тіршілігіне ауызекі тіл арқылы тікелей қатысатын болса, көнерген аталымдар пассивті сөздік қорда тұрады. Кейбір сөздердің таралу шегі (изогласы) болғандықтан әрі диалектизмге, әрі ру-тайпа тілдерінің қалдықтары болғандықтан көнерген аталымдардың қатарына жатуы мүмкін.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Сыр, Арал өңірінде дүниеге келген қазақтың ақын-жыраулары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларындағы кейбір көнерген аталымдар **диалект** ретінде қолданылады. Мысалы: *бейқұт* (тыныш, рахат), *кемек* (піспеген, шикі), *әбес* (жаңылыс, теріс), *беде* (жоңышқа), *бейтап* (бейжай), *ғазал* (кеңес), *дабыс* (дауыс), *қардар* (керек болса), *пұрсат* (мұрсат). Келтірілген көне диалектілер С. Аманжоловтың 2004 жылы жарық көрген «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» [15, 283-296 бб.] еңбегінде нақты түсіндірілген.

Қазақ тіліндегі жиналған говорлық материалдарды бірнеше салаға бөлуге болады. Олардың бастылары: 1) Ру-тайпа тілдерінің қалдықтары бұларды **архаизмдік говор** деп те атауға болады: *ақа* (аға), *адақ* (аяқ), *азар* (реніш), *кіл* (ылғи) т.б; 2) Басқа тілдерден келген ауыспалы говор (кірме сөздер). Мұның екі түрі бар: а) туыстық тегі жөнінде қашықтау тілдерден ауысқан сөздер: *құнт* – орыс сөзі (кнут) – *шыбыртқы*, *қамшы*; *зақи* – араб-парсы тілдерінде *таза*, *адал*, *айыпсыз* деген сөз; ә) шекаралас жатқан туысқан республикалар тілінен кейінгі кезде (ұлт тілі қалыптасқаннан кейінгі дәуірде) ауысқан сөздер: *жұда* (өте тым), *кәтте* (үлкен), өзбектен; *ауа* (иә), *шақа* (бұтақ) – түркіменнен келген; 3) Кәсіптік лексика бұған балықшылардың, аңшылардың, малшылардың, жер кәсібіндегілердің тағы басқа мамандықтарға байланысты қолданылатын аталымдар жатады. Мысалы: *жылым* (теңізде балық аулайтын үлкен ау), *собық* (жүгерінің басы), *шит* (мақтаның тұқымы), *атыз* (егістікті біркелкі суару мақсатында жан-жағын әдейі суға тосқауыл болатындай етіп, бөлектеп қоршалған шағын жер), *салма* (ені 1-2 метр шамасындағы су жүретін арық): *көбе* (ерте туған қозы, марқа) т.б. Говор сөздер көпшілікке бірдей түсінікті болмаса да әдеби тілді байытуға көмектеседі.

Тіл білімінде жергілікті ерекшеліктерге ұқсас тар көлемді қамтитын бұлардан басқа да сөздер кездеседі. Мұндай сөздер жалпы тіл білімінде **жаргон** (француз сөзі *Jargon* – бұзылған тіл), **арго** (французша *argot* – ұры тіл) деп аталады.

Жаргон үстем таптың жоғарғы топтарының тіл ерекшелігі болса, арго – әлеуметтік төменгі топтарға тән ерекшелік. **Арго** – жасырын әрекетті, құпия сырды сөйлескенде басқаға білдірмеу мақсатынан келіп туған. Аргода халыққа түсінікті сөздер негізгі мағынадан ауытқып, аз ғана топтың шартты белгісіне айналады. Мысалы: *ылдым-жылдым* (нәрсені тез салу): *ым-жым* (нәрсені жасырып көрсету, жасыру). Ал, **дөрекі сөздерге** (вульгаризм) келсек, олардың да өзіне тән сипаты бар. Сирек айтылатындығына қарап, бұларды көнерген аталымдармен шатастыруға болмайды. Дөрекі сөз әдеби тілдің де, ауызекі тілдің де сыпайыгершілік нормасынан тыс тұрады. Мұнда хайуандарда болатын ұнамсыз қылықтар мен тұрпайы бейне-пішін адамдарға телінеді. Белгілі бір

нәрсені былапыт сөздермен қорлау, кеміту, кекету, жақтырмау, аяқ асты етушілікке жол беріледі. Мысалы: *доңыз, оттау, сумұрын* т.б.

Жағымсыз образдарды жасау үшін ақын-жыраулар дәрекі сөздерді көркем шығармаларда қолдануға мәжбүр болады. Өйткені жақсы мен жаманды салыстыру әдебиетке тән тәсілдің бірі екендігі даусыз.

Тілдің үздіксіз дамуы кейбір аталымдардың көнеруіне, қайсыбір сөздердің дүниеге келіп, жаңа ұғымдармен тілдің сөздік қорын байытуына негіз болады. Сөздердің осындай өсуі мен өшуі халықтың өмір тіршілігін, техникалық жетістіктерін және әдет-ғұрыптарындағы өзгерістерді көрсетіп отырады.

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар қаншама зерттелді десек те, өткен ғасырлардағы ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдарды арнайы зерттеу қолға алынбай келеді. Қазақ тіліне арналып жазылған оқулықтар, лексика, лексикографиялық материалдар, қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелерін сөз еткен кейбір ғылыми еңбектер көнерген аталымдар жайында айтылған бағалы пікірлер бұл еңбекті жазуға жол сілтеп отырды.

Осы орайда қазақ кеңес дәуірінде тіл білімінің әр салада жан-жақты қарыштап дамуына белсене атсалысқан алдыңғы буын ғалымдарымыз: Қ.Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, Н.Т. Сауранбаев, М.Б. Балақаев, О. Досқараев, К. Аханов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов еңбектеріндегі қазақ тіліндегі аталымдардың көнеруіне қатысты жазылған көптеген ой-тұжырымдары мен күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоғалтпаған пікірлердің орны ерекше.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы профессор Қ. Жұбанов «Күй» атты тамаша еңбегінде қазақ тіліндегі *күй, домбыра, қобыз, жыр, толғау* т.б. музыка терминдерінің түп-төркінін ашып, Орхон-Енисей, орта ғасыр ескерткіштері фактілері мен қазіргі туыстас түркі тілдері материалдарын жан-жақты пайдалана отырып, ол сөздердің шығу тарихын [16, 123 б.] мағыналық дамуын нәзік сезініп, шебер дәлелдейді.

Академик І. Кеңесбаев: «Арғы көне тарихымен ұласқан халықтық тіл, бертін келе ұлттық тіл категориясынан әдеби тілдің жігін, шегін бөле қараған теріс болмайды. Бөле қарауды бөліп тастау деп түсінбеу керек. Неге десеңіз, ешбір әдеби тіл (бір халықтың қасиеті бар әдеби тілді айтып отырмыз) белгілі бір халықтың ауызекі тілінен, ауыз әдебиетінен, лексика, грамматика, фонетикадан мүлде оқшаулануы мүмкін емес» [17, 280 б.] – екендігін айтады. Сонымен қатар көнерген аталымдар жайында, әсіресе қазақ тіліндегі идиом-фразеологиялық тіркестер мен қос сөздердің құрамында кездесетін ескі ұғымдарды профессор І. Кеңесбаевтың ғылыми еңбектерінен кездестіруге болады. Ол фразалық тіркестерде кездесетін *ажә* (ай дер ажа, қой дер қожа жоқ), *қорасан* (әулиеге ат айтып, қорасанға қой айттым), *торым* (тоқты-торым), *ажын* (абысын-ажын) т.б. толып жатқан сөздерге этимологиялық талдау жасайды. Ескі әдет-ғұрыпқа байланысты сан есімдерден құралған «*жеті*», «*үш*», «*тоғыз*», «*қырық*» тәрізді ұғымдардың мәнін ашып, тілдің тарихымен байланысты қызықты материалдарды да ортаға салады [18, 129 б.].

Қазақ тіл білімінің дамуына зор еңбек сіңірген, зерттеуші К. Аханов көнерген аталым бірліктерді зерттеп-зерделей келе мынадай пікір айтады: «Қазіргі кезде күнделікті өмірде қолданылмайтын, қолдануда ескі өмірден хабар беру, өткен тарихи дәуірдің ескілік жайларын көрсету үшін тарихи әдебиетте, көркем шығармада, қолданылатын көнерген сөздер бар. Мұндай сөздер – сөздердің тіптен пассив тобына еніп, жасы үлкен адамдарға, қарттарға белгілі де жастарға көпшілік ретінде түсініксіз, қолданудан қалып бара жатқан сөздер болып табылады» [19, 48 б.]. Ғалым М. Әуезовтың «Абай жолы» романында кездесетін *өкіл күйеу, киім кию, ұрын келу, жыртыс сала келу, есік көре келу, көк қасқа, ақсүйек* деген көнерген аталымдар көркем шығармада қолданылғанда өткен өмір шындығын реалистік тұрғыдан суреттеу және одан белгілі бір мағлұмат беру мақсатында қолданылады [20, 149 б.], – дейді. Бұдан көнерген аталымдар (архаизмдер) мен тарихи аталымдар (историзмдер) сөздіктің активті тобынан шығып қалған, күнделікті қарым-қатынас жасауда қолданылмайтын сөздер болып табылады деген түйін шығады. Олар қолданыла қалса да, өткен дәуірдегі құбылыстардан мағлұмат беру мақсатында немесе белгілі бір стильдік мақсатта көркем шығармаларда қолданылады.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» деп аталатын жоғары дәрежелі мектептер үшін жазылған академиялық грамматикада: көнерген аталымдардың қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтындығы немесе өте сирек қолданылатындығы айтылып, дұрыс анықтама берілген. Бұл еңбекте аталымдардың көнеру қасиетіне қарап, ірі үш топқа бөлген: а) әдет-ғұрыпқа байланысты: *бата оқыр, атұстар, өлі-тірі, сауын, арулау* т.б.; ә) шаруашылық, тұрмыс-күйге байланысты: *пәйек яки мәйек, күзек, шидем, сәукеле, күпі, жастық ағаш* т.б.; б) әкімшілік, ел басқару ісімен байланысты: *ауылнай, қазы, би, атшабар, болыс, дуан, уезд, хан, хандық, елу басы, жүз басы* т.б. [21, 71 б.].

Көнерген аталымдардың қалай пайда болғандығын көрсету үшін негізінен осы үш топқа бөліп қараудың өзі жеткілікті тәрізді. Көнерген аталымдардың жасалу жолына қарай бұдан әрі бөлшектеудің қай-қайсысы болса да осы үш топтың бірінен келіп шығады. Мысалы, әдет-ғұрыпқа байланысты көнерген аталымдардың тобын: феодалдық ескі салт-санаға байланысты (*атұстар, босаға аттау, қына менде*); діни дәстүрге байланысты: (*бата оқыр, жаназ*) деп бөлшектеуге, шаруашылық, тұрмыс-күйге қатыстыларын: мал шаруашылығына байланысты (*малай, күзек*); жер шаруашылығына байланысты (*пәйек, қоңсы*); қолөнерге байланысты (*жастық ағаш, жүк ағаш, сапты аяқ*); киім-кешек түрлері (*күпі, шидем, жейде*); көне соғыс құрал-жабдықтары (*садақ, адырна, білтелі*) деп те уақтай беруге болады.

Кейінгі жазылған еңбектерде көнерген аталымдар тереңірек талданып, олардың сан алуан қасиеттері айқындала түседі. Көнерген аталымдардың екі үлкен тобы көнерген аталым (архаизм) мен тарихи аталым (историзм) бір-бірінен ажырату жөнінде тың пікірлер айтылып, негізгі басты ерекшеліктері көрсетіле бастады. Көнерген аталымдардың көбінесе күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрыппен, дінмен байланысты көнеретіндігі, ал историзмнің көне дәуірдегі

саяси өмірге тән термин сөздер екендігі ескеріліп, тұжырымды анықтамалар да берілді.

Қазақ тілі лексикологиясының ғылым саласы болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғ. Мұсабаев еді. Докторлық диссертациясы мен монографиясында, «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан» кітабы мен көптеген мақалаларында қазақ тілі лексикасының басқа да проблемаларымен бірге қазақ сөздерінің көнеруіне де көңіл бөлді. Сонымен қатар тарихи аталымдарды төртке бөліп қарайды: 1) материалдық мәдениетке байланысты көне документтерде сақталып қалған зат атаулары (*садақ, жебе, қорамсақ, қозы жауырын*); 2) саяси қоғам өміріне, әкімшілік басқаруға байланысты термин сөздер (*қазы, би, атиабар, болыс*); 3) өткен дәуірдің ерекшеліктерінен туған халықтың өміріне байланысты туған термин сөздер (*хан, ханым, ханзада, бикеш, нөкер, күң, құл, малай*); 4) Октябрь дәуірінен кейін туған термин сөздер (*қосшы, жалшы комитеті, кедейлер комитеті*) [22, 82-84 бб.].

Аталған еңбекте қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың лексика-морфологиялық ерекшеліктерін алтыға бөлген: 1) қазақтың көнерген байырғы сөздері: *жақ, жебе, ат ұстар* т.б.; 2) ескі түркі тіліне тән сөздер: *будун, ұлыс, ұлық* т.б.; 3) араб-иран тілдерінен кіріп көнерген сөздер: *жаназ, зікір, підия* т.б.; 4) орыс тілінен енген сөздер: *совдеп, эсер* т.б.; 5) бір компоненті байырғы қазақ сөзі де екінші компоненті кірме сөз болып келетін көнерген сөздердің құранды күрделі түрі: *кедейлер комитеті* т.б.; 6) калькалық жолмен енген көнерген сөздер: *өзара салық* (само және обложение).

Сөз мағынасының тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Қоғамның әр дәуірінде дамуына қарай сөз мағынасы да өзгеріп, ілгері дами түседі. Академик А. Ысқақов сөзімен айтсақ: «Тіл-тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының өз мәдениетінің, оның дүниелік (материалдық) және рухани қазынасының айнасы сияқты болып есептеледі. Өйткені, өмірдің сала-саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздігіне іздерін тастап, оған тиісті сөздерді куә етіп, дақ қалдырып отырады» [23, 3 б.].

Бір топ ғалымдар (М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев): «Өткен дәуірімізде болған кейбір наным, әртүрлі әдеп-ғұрып, күнделікті пайдаланылып келген жекелеген үй мүлкі, шаруашылық бұйымдары халық тұрмысында бірте-бірте азайып кейін ақыры мүлдем жоғалып кетеді. Соларға қатысты сөздер мен атаулар да ескіре бастайды, өте сирек қолданылатын болады. Мысалы, *би, болыс, старшын, елубасы, онбасы, отарба, қосын, бәйбіше* т.б. Міне, бұлар тілде көнерген сөздер деп аталады» [24, 53 б.], – деп көрсетеді. Бұл көнерген аталымдар зерттеу жұмысымызда молынан ұшырасады.

Бұл кезеңдерде ауыз әдебиет үлгілерінде кездесетін көнерген аталымдарға арнайы тоқталып, оның сыр-сипатын түсіндірмек болған мақалалар да жоқ емес. Сол мақалалардың ішіндегі көлемділерінің бірі Ш.Ш. Сарыбаев пен Ә. Құрышжановтың бірігіп жазған «Халық жырының текстологиясы туралы» [25] еңбегін айтуға болады. Бұл мақалада эпостық жырларда кездесетін

көптеген сөздердің қолданылу мағынасын араб, парсы тілдерімен түсіндіруге болатындығын айта келіп, кейбір көне ұғымдарға талдау жасайды. Мысалы, *дындан* (парсыша) – тіс, тісті тарақ; *ләшкер* (парсыша) – әскер; *бедірек* (парсыша) – *арсыз, бетсіз адам; көбе* – ескі монғол тілінде *батырдың сауыты; көбеген* – осы монғол тілінде *ер жігіт, азамат; бояқ* – *бояу; шеру* – *қалың қол, әскер; бадана* – *сауыттың дөңгелек темірлері; кіреуке, шарайна* – *батырдың үстіне киетін сауыттың түрлері; мысыр* – *мекен, тұрақ; тая* – *белдік, белбеу* [25, 24-25 бб.] деп көрсетеді. Бұл мақаланың екінші бір бағалы жағы: *сеңгердей, самалық, атбесік, дергейне, серуер, машайық, жөш, төлежіп, шонықты, керік, кембал, кәлеңдер, дөңгел, пеш, қолаттай, шылпара, ақсара, талаудың, қастауыш, танаттым, бодан, дәңкі, жамша, жөһіт, қызыл турам, пәлек, қобаған, талма, зарпы, садақ, дат* тәрізді көнерген аталымдардың шешуін оқушылардың ортасына тастайды.

Монографияда мұндай аталымдар барынша қарастырылды, қолда бар материалдарға сүйене отырып, бұларға реті келген жерде түсініктеме берілді.

Көнерген аталымдарды зерттеудің негізгі объектісі халықтың көркем әдебиеті мен тарихы екендігін атап көрсетуіміз керек. Қазақ халқының Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұханов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Жансүгіров сияқты т.б. көптеген көрнекті ақын-жазушылар өз туындыларында ескі әдет-ғұрыптарға байланысты көне ұғымдарды пайдаланып қана қойған жоқ, орайы келген жерде оларды оқушы қауымға түсіндіріп кетіп отырды. Әсіресе М.О. Әуезовтың басшылығымен жарыққа шыққан Қазақстандағы бір топ ғалымдардың «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген еңбегі халықтың ескі салт-санасы, әдебиеті, мәдениеті, шаруашылығы жайында баяндалған құнды деректер болып табылады. Бұл еңбекте «тұрмыс-салт жырлары» деген тақырыпта: *наурыз, жараназан, арбау, бақсы, бақсы сарыны, бәдік*; ерте кездегі үйлену салтына байланысты: *той, тойбастар, сыңсу, бет ашар*; қайғы-қасіретке байланысты: *қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау* тәрізді толып жатқан көне ұғымдарға талдау жасалады [26, 212 б.].

Сөз тәркіні, яғни көнерген аталымдарды зерттеуде өз ойларын үнемі ортаға салып жүретін ғалымдардан Ә.Т. Қайдар, Р.Ғ. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, С. Исаевтың құнды пікірлері пайдаланылды.

Тіл білімінде ұзақ жылдар бойы тер төгіп, талмай еңбек етіп келе жатқан академик Ә.Т. Қайдар «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаласында: *қалаш* (қатын-қалаш), *сарсаң* (әуре-сарсаң), *теге* (түйе-теге) т.б. сөздерді «төркіндетеді» [27, 112 б.].

Сөйтіп, жекелеген сөздердің «қызықты» тарихын, ұмыт болған мағыналарын қайта қалпына келтіріп, даму сатыларын көрсетуден басталған із – бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде жаңа бағытқа жаңа ізденіс тәсілдері мен әдістеріне, жаңа ғылыми зерттеулерге жол салып отыр.

Тіл білімі ғылымына жиі араласып жүрген ғалымдарымыздың бірі – ҚР Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі Р. Сыздық. Қазақ тілінде бүгінгі таңда мүлде ұмытылған, не тарихи сөзге, архаизмге айналған бірнеше жүздеген сөздер бар екені мәлім. Бұлар қазақ тілі лексикасында өзіндік ерекше қабат

құрайтын тарихи жұмбақ та, қызық сөздер тобы. Ғалым назарына көбіне солар ілігеді. Кейінгі жылдарда Махамбет пен Жамбыл поэзиясының тіліндегі көптеген көнерген аталымдардың мағынасын қалпына келтіріп, текстологиялық талдаулар жасайды. Бұлардың көпшілігі «Сөздер сөйлейді» [28] кітабына енді. Автор негізінен семантикалық принципті басшылыққа ала отырып, аталым бірліктердің көне мағынасы мен қолданылу тарихын айқындауды мақсат еткен. Көптеген аталымдардың бұдан 1-2 ғасыр бұрынғы қолданыстары мен мағыналарын, басқа сөздермен тіркесу қабілетін ашу үстінде ғалым дәлел ретінде қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын, Қазан төңкерісінен бұрын шыққан әдеби кітаптар мен сөздіктерді шебер пайдаланады. Ғалым Р. Сыздық «Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер» атты кандидаттық дәреже алу үшін жазылған диссертациясында [29] сөз қолданудың көне құбылысы болып табылатын *hәш*, *hәр*, *ғақыл*, *ғарыз*, *ғайыплану* тәрізді «кітаби сөздердің» әдеби тілден негізгі айырмашылығын көрсетеді. Сонымен бірге ғалымның әдеби тілдің қазіргі даму кезеңінде мүлде қолданылмайтын *-мыш*, *-дұр*, *тұғын*, *бірлән* сияқты морфологиялық көне тұлғаларды [29, 50-54 бб.] талдауы көнерген аталымдарды зерттеуде мол әсерін тигізді.

Осы іспеттес арнайы бір бағытта «маманданған» ғалым Е. Жанпейісовтің көнерген аталымды этимологиялық тұрғысынан зерттеуде орны ерекше. Ғалым ұзақ ізденістері нәтижесінде «Абай жолы» эпопеясының тілін саралаған монографиялық еңбегін [30] жазып шықты. Бұл – қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің ең көлемдісі болумен қатар өзінің ғылыми тереңдігі, этимологияларының дәлелділігімен ерекшеленеді. Автор монғол, түркі тілдері, жазба ескеткіштер, әр түрлі сөздіктерден сүзіп алған мысалдар арқылы қазақ тіліндегі тарихи сөз болып отырған этнографизмдердің дамуы мен өзгерістерін, семантикасын жан-жақты ашып береді.

Аталымдардың көнеруі туралы зерттеулер жасап, ғылымға үлес қосқан ғалымдардың бірі Ә. Болғанбаев. Ол «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» деген еңбегінде сөздердің көнеруіне мынадай сипаттама береді: «Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара қолданудан мүлде ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін» дейді де, көнерген аталымдардың көнеру дәрежесі 3 түрлі болады деп тұжырым жасайды: 1) әбден ұмытылып, қолданыстан шыққан көнерген сөздер. Мысалы, *кірекейді атпа*, *қонжығы жетім қалады* (мақал). *Бірдің кесірі мыңға*, *мыңның кесірі түменге* (мақал). Осындағы *кірекей* – аюдың ұрғашысы, *түмен* – он мың деген ұғымды білдіреді т.б.; 2) түбір қалпында жеке айтылмай, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған көнерген сөздер: бүлдіршіндей (*бүлдіршін*), баданадай (*бадана*), сүріктей (*сүрік*), абажадай (*абажа*) т.б.; 3) жеке сөздер ретінде қолданыстан шығып қалғанымен мақал-мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де қолданыла беретін көнерген сөздер: *торқа-жібек*, *жарақ-қару*, *күсу-жеру*, *қырым-алыс* т.б. [31, 87-88 бб.].

Көнерген аталымдар жайында ғалым С. Исаев өзінің «Қазақ тілі» оқулығында: «Тіл-тілде көнерген сөздердің историзм және архаизмдер деп аталатын екі түрі бар. Кейбір заттар мен құбылыстар күнделікті өмірден шығып қалып, сол ұғымдарды білдіретін олардың атаулары көнеріп, тілде қолданылмайды. Мысалы, *сұлтан, атшабар, ояз, барымта, дуан басы, дүре, малай, күң, құл, бай, болыс* т.б. Мұндай аталымдарды историзмдер дейді. Бұрынғы аталымдар ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген атаулар мен құбылыстар бар. Мысалы, *жасақ* немесе *қол* – әскер, *қол басы* – әскер басы, *поштабай* – хат тасушы т.б.. Қазірде осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архаизмдер деп аталады» [32, 29 б.] – деп нақты тұжырым жасайды. Ғалым мұнда «тарихи аталымдардың (историзм) әдеби тілде синонимі болады» дегенді айтады.

1963 жылы профессор І. Кеңесбаевтың жетекшілігімен А. Махмұтов «Қазақ тіліндегі архаизмдер мен историзмдер» [33] деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол қазақ тілінде кездесетін көнерген аталымдарды зерттеп, түп-төркінін түсіндіріп, бірде арнайы этимологиялық талдау жасаса, бірде белгілі бір жазушының көркем шығармада көнерген аталымдарды қолдану ерекшелігі тұрғысынан, ал енді бірде көнерген аталымдардың басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы тұрғысынан алып зерттей келе: «Сөздердің жоғалуы не олардың кейбір мағыналарының өзгеріске ұшырауы бірден бола қалмайтын құбылыс. Сөздердің жалпы лексикадан шығып қалуы – ұзақ уақытқа созылатын тіл фактілерінің көнеруіне сайма-сай келіп отыратын процесс. Кейбір жағдайда сөздік құрамнан көптеген сөздердің көнеріп шығып қалатыны байқалса да, бұл ең алдымен негізгі сөздік қордан тыс болып жататын құбылыс» [33, 57 б.] – деген пікір айтады.

Сөздердің пассив және актив қабаттарға бөлінуінде белгілі дәрежеде шарттылық бар. Бір заманда актив қолданған сөздердің бірқатары келесі заманда пассив қабатқа ауысуы ықтимал. Мысалы: жаугершілік заманда жиі қолданылған *атой салу, қорамсақ, адырна, кіреуке, дулыға, сауыт, шерік, қол* т.б. сөздер сол кездегі лексиканың актив қабатында болды. Әлеуметтік құрылысқа байланысты *хан, ханзада, ақсүйек, төлеңгіт, жатақ, қарашы, болыс, майыр, онбасы, елубасы, жүзбасы, барымта, шабарман, малай* т.б. аталымдар 18–19 ғасырлардағы лексикада жиі қолданылған сөздер. Бірақ бұлардың бәрі де қазіргі қазақ лексикасының пассив қабатындағы аталымдар болып табылады. Сол кезде халық тілінде актив қолданылған *зайыр, байрақ, байтақ, құн* сөздерін Кеңес үкіметі жылдарында халықтың көпшілігі қолданбайтын болды. Кейін еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты бұл аталған сөздер қайтадан лексиканың актив қабатынан орын ала бастады. Бұл мысалдардан лексиканың актив, пассив қабаттарындағы сөздердің құрамы үнемі қалыпты болмайтынын, оның жылжымалы екенін көреміз. Сонымен қатар бұрынғы мағынасынан қол үзіп, басқа мағынаға ие болған көнерген аталымдар да кездеседі. Мәселен, *жасақ* бұрын *әскер, қол* мағынасында айтылса, қазір *қоғамдық әртүрлі қызметтер атқаратын топ (бригада), ерікті жастар* ұйымын білдіретін болды. Сөйтіп, бір дәуірдегі жаңа сөз көнеге, көнесі

жаңаға, аз мағыналы сөз көп мағыналыға, актив пассивке, пассив сөз активке ауысып отыру заңдылығы тілдің сөздік құрамына тән нәрсе. Демек, **көнерген аталымдар** да (тарихи, ескі, мағынасы күнгірт, пассив сөздер) тіл байлығының бір көзі. Бұлар үздіксіз дамып, үнемі толығып өзгерумен болады. Мұндай философиялық заңдылықтар мәңгілік құбылыс болып табылады.

Тілімізде пассив қолданылып келген жоғарыдағыдай сөздердің мағыналарын жаңғыртып, терминдік мағына жүктеу арқылы кәдеге жарату көбінесе кейінгі жылдары көрініс бере бастаған құбылыс. Мысалы, *сарбаз, зайыр, қазы, байрақ* сияқты аталымдардың қолданылу белсенділігі артып, терминдік мағынада жұмсалып жүргендігі соның айғағы бола алады.

Терминология саласында «маманданған» ғалым Ш. Құрманбайұлының сөзімен айтсақ: «жалпы қазақ терминологиясы бұрынғыдай орыс терминологиясының көшірмесі болып қала беруін қаламайтын болсақ, тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалану қағидатын басшылыққа ала отырып, барлық лексикалық қабаттарды, оның ішінде көнерген сөздердің (архаизм, историзм) көзін тауып, орнымен іске жарата білу арқылы да төл терминологиямызды байытып, оның ұлттық сипатын арттыра түсуге болады» [34, 56 б.].

Тіл бірліктерін уәжділік және аталым теориясы тұрғысынан қарастырғанда Н. Оралбай, Ж. Манкеева, Б. Қасым, Ш. Құрманбайұлы т.б. ғалымдардың негізгі тұжырымдары бағыт болды.

Қазақ тілінің негізгі байлығы сөздік қоры болса, оның қалыптасуы, дамуы, толығыуы – үздіксіз болып отыратын үрдіс. Бұл үрдістің негізгі көзі қоғам өміріндегі саналы да сапалы өзгерістерге баланысты еніп жататын заттар мен құбылыстарды атау. Атау жасау аталым үрдісі – сөзжасамның нәтижесі. «Демек, белгілі бір затқа, құбылысқа атау беру арқылы сөз жасау қоғам дамуымен, адам санасымен, таныммен байланысты дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшелене келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен», – дейді ғалым Н. Оралбаева [35, 19 б.]. Ал тіліміздің лексикалық құрамның баюында негізгі қызметті тілдің өзіндік сөзжасам жүйесі атқарады.

Номинация саласын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, тілдегі кез-келген атау тәжірибе нәтижесі болып табылады. Тәжірибенің ұзақтығы әртүрлі болуы мүмкін. Адам кез келген затты көптеген жылдар бойы зерттей алады және оны тани алады. Қандай да бір заттың атауының пайда болуын адам тәжірибесінен тыс елестету мүмкін емес. Кез келген тәжірибе нәтижесі адам басында көрініс түрінде із қалдырады, сөйтіп түсінік нәтижесінде атау туады. Осымен байланысты затқа нақты ат беру үшін философияда сапа формасы деп аталған сана үдерісін (қабылдау, елестету, түсіну, сезіну т.б.) бөліп қарастыру қабылданған. Сайып келгенде, адамның айналасындағы дүниені тануы, денотаттың негізгі белгісіне сүйеніп ат қоюы адамның бойындағы біліміне, дағдысына, қызығушылығына орай болады.

Күрделі атауларды аталым теориясы негізінде алғаш рет зерттеп, тың тұжырымдар жасаған ғалым Б. Қасым «номинация» құбылысын екі тұрғыдан (аталым және атау) түсіндіреді: «Аталым – шындық болмыстың белгілі бір

бөлшектерін атауға және белгілеуге қабілетті тілдік бірліктердің қалыптасу, жасалу үрдісі. Ал атау – зат пен құбылысты ұғымдық тұрғыдан басын біріктіріп таңбалаудың, яғни аталым үрдісінің нәтижесінде пайда болған лексикалық бірліктер» [36, 164 б.] – деп нақты тұжырым жасаған. Ғалым аталым үдерісін екі кезеңге бөліп көрсетеді: біріншісі – жасалымның негізі болатын уәжділік белгіні таңдау, екіншісі – сол уәжділік белгінің негізінде тілдік тұлғаны таңдау. Аталым үрдісінде негізгі нысандағы көңіл бөлінген басты белгі сол заттың атауы болып қалыптасады [36, 106 б.].

Сонымен қатар ғалым А. Салқынбай «Қазақ тілінің сөзжасамы» еңбегінде «атау» теориясын ономасиологиялық және семасиологиялық аспектіде қарастырылуын атап өтеді: «атау ономасиологиялық аспектіде анықталғанда заттың болмысы (денотат), атаудың мәні (сигнификат) қатынасы арқылы түсіндіріледі, сөйтіп маңызды, басты мән ретінде болмыс табиғатын зерттеу арқауы болады. Семасиологиялық аспектіде анықталғанда атаудың мәні таным тәсілдері мен болмыстың атын айқындауы негізінде қарастырылады».

Ғалым аталымдық үдерісті кезеңдік деңгейде өтетініне орай, әдеттегідей, алғашқы және екіншілік номинация деп бөліп қарайды. «Номинациялық процестің белгілі уақыт деңгейінде өтетініне орай, оны екіге бөліп саралауға болады. Әрі бұлайша бөлу жалпы тіл білімі теориясында қалыптасқан үрдіс: алғашқы немесе біріншілік номинация; екіншілік номинация. Алғашқы немесе біріншілік номинация тек тарихи аспектіде сөздердің этимологиялық шығу төркінін зерттеу барысында айқындалатын аталымдардың ең көне мағыналық сипаты ретінде танылады. Архитұлғалардың көрінісі мен архисемасын терең тарихи зерттеулер нәтижесінде мөлшерлеп пайымдауға болады. Қазіргі ғылым жетістігі архитұлғалар мағынасының күрделі, ауқымды семалардан құралғанын көрсетіп отыр» [37, 38-43 бб.].

Тілімізде жаңа лексемалардың қалыптасуында негізгі мотивемалар қатысып, бір ұғымды білдіретін атаулардың тілдік айналымға енуіне негіз болады. Бұдан **аталымжасамның** өміршең екенін байқауға болады. Атаудың негізі – алынатын **белгі**. Сол арқылы ұғымның мәні танылады. Мұндай зерделеу, саралау аталым заңдылықтарының негізінде тілдік құбылыстарды нақтылауға, айқындауға және оның жалпы теориялық ұғымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, «**аталым белгісі**» деген ұғым міндетті түрде оның уәжділігіне, туынды сөздің мағынасына және сөздің ішкі қалпына қатысты ұғымдарға зер салудан туындайды. Бұл дәйектемелерге ақындар тіліндегі көнерген аталымдардан сараланған тілдік деректер дәлел бола алады және семантикалық талдау барысында олардың даму заңдылықтары негізделеді.

Қазіргі таңда ұлттық тіл білімінде көнерген аталымның табиғатын ашатын, оны тек таза лингвистикалық заңдылықтар ғана емес, аталымға апаратын жол – ұғымдық, танымдық жағымен байланыстырылып зерделенсе, көнерген аталымның жаңғыруы мен даму заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік берері зор.

Көнерген аталымдарды алуан түрлі қасиеттеріне қарай, түрлі тілдік деректерді негізге ала отырып төмендегідей бөлген жөн:

1 Көнерген аталымдардың бірқатары түбірдегі дыбыстардың алмасуы арқылы фонетикалық тұрғыдан тұлғалық өзгеріске ұшырайды. Мысалы: *Өнерлі, білімді жан кішік келіп, Көңіліңді ақылымен көл етеді* [Н.К.Іт]. *Ер жетіп, болсын ұлық, мақсұты асыл, Қол бастап шыққын ұлың дау-дамайға* [Н.К.Іт]. *Мен Мәскеуден нұлы қымбат алдым барқыт, Сен Бұхардың бұйым дейсің бояқ бөзін* [Е.К] – дейді. Бұл өлеңдегі *кішік* (кіші), *ұлық* (ұлы), *бояқ* (бояу) осының айғағы.

2 Көнерген аталымдардың бірқатарын жаңа сөздер ығыстырып, олардың орнын басқан. Мысалы, *Алып бер жылдам, жеңеше, Қалмақтың қару-жарағын. Қорамсақ толы жебесі, Жасаулы тұрған садағын* [Н.К.Іт], – деген өлең жолдарындағы *садақ* (мылтық), *жебе* (оқ), *қорамсақ* (оқшантай) сөздерін осы топқа жатқызуға болады.

3 Кейбір көнерген аталымдар тұлғалық өзгеріске түспей, тек мағыналық жағынан ғана өзгерген. Мысалы, *Қашан, қайтіп құтылар, Біз секілді бадырақ?! Сәулесі қайда, қай тұста Түсетін жарық жарқырап?!* [Н.К.Іт]. Мұндағы *бадырақ* (көне сөз) – *жалшылықта жүрген қазақ кедейі*. Ал қазіргі тіл қолданысында бар *бадырақ* көне ұғымынан тіпті басқа, *көзі үлкен, шығыңқы* деген мағынада.

Бірінші қатардағы (*кішік, ұлық, таланды, бояқ, садақ, жебе, қорамсақ*) сөздер лексикалық архаизмдер, ал екінші қатардағы «*бадырақ*» сөзді – семантикалық көнерген аталымға жатқызуға болады.

Семантикалық көнерген аталымдардың алуан түрлі қасиеттеріне қарап, шартты түрде екіге бөлуге болады.

1 Таза семантикалық көнерген аталымдар. Бұлар көп емес. Мұндай семантикалық архаизмдердің көне мағынасы ұмытылады да, жаңа мағынасы активті сөздікте еркін қолданылады. Активті қолданудағы жаңа мағына ескі мағынадан әлде қайда оқшау тұрады. Мысалы, *бай* сөзі ескі ұғымда *еңбекші кедей, жалшы-малшының еңбегін қанау арқылы жеке меншігіне көп мал-мүлік жинап алған қазақ ауылындағы феодал*. Бұл сөз қазір *дүние-мүлкі түгел, жан-жағы жетіп тұрған адам* ұғымында қолданылады.

2 Аралас семантикалық көнерген аталымдар. Бұлар өте көп. Мұндай архаизмдерде лексика-семантикалық қасиеттер аралас болып келеді. Ақындар шығармаларында кездесетін *сауыт, құн* тәрізді аталымдардың ескі ұғымдары көнеріп, орнына жаңа ұғым келді. Осы тұрғыдан қарағанда *сауыт, құн* сөзі лексикалық архаизмге жатады. Бірақ бұл архаизмдердің ауыспалы мағынасы қазіргі активті сөз қолданысында күні бүгінге дейін көнере қойған жоқ. *Сауыттың* көне мағынасы – *садақ оғы мен қылыш жүзінен қорғану үшін ерте кездерде соғыстарда жауынгерлердің киетін темірден тоқылған киімі*, ал ауыспалы мағынасы *эртүрлі зат салуға не құюға арналған ыдысты сауыт* дейді. *Құн* сөзінің бір мағынасы: *кісі өлтірген адамнан алынатын айып, алымның түрі, өлген адамның қанының төлемі* (көнерген жағы). Ал, ауыспалы мағынасы: *кез-келген зат бағасының мөлшері, нарқы. Сауыт пен құн*

сөздерінің мұндай қасиетіне қарап аралас семантикалық көнерген аталымдарға (архаизмдерге) жатқызуға тура келеді.

Аралас семантикалық архаизмдер таза семантикалық архаизмдерден өзгешелеу. Таза семантикалық **көнерген аталымдардың** ауыспалы мағынасы ылғи жаңарып үстеме мәнге ие болып отырса, аралас семантикалық архаизмдерде ауыспалы мағына негізгі мағынадан өте алыс кетпейді. Мысалы, *сауыт* сөзінің жоғарыда талданған ауыспалы мағынасы қатар өмір сүрген. *Сауыт* сөзінің бастапқы көне мағынасы пассив қатарға өтсе де, ауыспалы мағынасы активті сөздіктен шығып кетпейді. Мысалы, *Сол бір кезде есімде Сан мың жарлы-жақыбай, Қайыр сұрап жүретін, «Нәр татпадым» деп кешеден* [Н.К.Пт].

Бұл қос сөздегі *жақыбай* да *жарлы* дегенді білдіреді, бірақ жеке тұрып қолданылмайды. К.К. Юдахин *жақы* – «монгольское слова, встречающееся в эпосе и употребляемое киргизами для выражения огорчения, скорби» – деп көрсетеді [38, 162 б.]. *Жақыбай* да осы *жақы* сөзімен түбірлес болуы мүмкін. Мұндағы *жарлы-жақыбай* түрінде кездесетін қос сөздің жалпы мағынасы көнерген жоқ, көнерген тек қана бір компоненті (*жақыбай*).

Сонымен жоғарыда талдау жасалған *сауыт, жақыбай* сияқты сөздерді аралас **семантикалық көнерген аталымдар** деп қарау керек.

Тіл білімінде көнерген аталымдар халық тарихымен тығыз байланысты. Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген аталымдардың түрлерінің бір-бірінен ерекшеліктері мен әрқайсысының өзіне тән басты-басты белгілері бар. Ақындар шығармаларындағы **тарихи аталымдардың (историзм)** өзіне тән белгілері:

– **Қазір мүлде жойылып кеткенімен, бір заманға тән көне дәуірдегі шындықты көрсететін тарихи аталымдар тобын құрайды.** Мысалы, *құл, күң, атшабар, қосшы, жауырыншы* т.б.

– **Тарихи аталымдардың қазіргі әдеби тілде синонимі болмайды.** Мысалы, *құл, күң* сияқты сөздерге қазіргі әдеби тілден синоним іздеу мүмкін емес.

– **Тарихи аталымдарға көбінесе термин сөздер жатады.** Мысалы, *хан, патша, таж* сияқты сөздер әкімшілікке байланысты қалыптасқан термин сөздер; *махшар, мәуліт* діни ұғымға қатысты терминдер.

– **Тарихи аталымдар қолданыста жоқ заттар мен уақиғаның атауы болғандықтан, қазіргі әдеби тілде жаңа мағынаға ие бола алмайды.** Мысалы, *болыс, сұлтан, жасауыл* сияқты ұғымдардың жоғалуымен бірге бұл сөздердің білдіретін атаулары да заңды түрде жойылды. Дегенмен тарихи аталымдардың (историзмдердің) да қазіргі әдеби тілде жана мүмкіндігінің бар екенін айтуға тиістіміз. Ол қазақ тіліндегі ұлттық терминдерді қалыптастырумен байланысты болуы керек деп ойлаймыз.

– **Тарихи аталымдар көркем әдебиетте, тарихи шығармаларда өздерінің бастапқы тура мағынасында қолданылады.** Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында *патша, құл, күң* сөздері көптеп кездеседі. Мысалы,

Патшадан да сескенбей, Мінін айтқан олардың. Өлемін деп сескенбей, Зорлығын айтқан заманның [Н.К.Іт]. *«Түнімен жүк тасыған құлдар мен күңдер де көз шырымын алуға қисайғанды»* [Н.К.Іт]. **Патшасы** бұйырған соң біреу келді, *Ғалидың айбаттысын көзі көрді* [Е.К].

Қоғам формацияларының өзгеруіне байланысты бұл көнерген аталымдар да мүлдем қолданыстан шықты. Тіл фактілерін қарастыру сол тілді игеріп, түрлендіріп, бір грамматикалық арнаға қалыптастырған жасаушы халықтың өмірімен тығыз байланысты болады. Тілдегі әрбір жеке сөздің мәнін ашу үшін әдеби тілді құраған қоғам тарихына зер салған дұрыс. Кей жағдайда тарихи аталымдар (историзмдер) мен көнерген аталымдардың (архаизм) шекарасын ажырату да қиынға түседі. Мұндағы басты қиыншылықтардың бірі – көнерген аталымдардың бұл екі тобындағы кейбір ұғымдардың көп мағынада қолданылатындығы.

Тіл қоғамдық формациялардың бәріне де талғамай қызмет атқара береді, әрі ол да дамып, күрделенеді. Бірақ сөйте тұрса да, қоғамдық формациялардың жойылып кетуіне байланысты сол дәуірдегі шындықты көрсететін көптеген аталымдар көнере бастайды. Сыр бойы ақындарының шығармаларында кездесетін *падиша // патша, ханым, батыр, би, бай, молда, мырза, бек* сияқты сөздер осы салаға жатады. Мысалы, Нұртуған ақында: **Падишаға** сәлем айт, *Тұл қалған тақ пен жығадан. Ханымына* сәлем айт, *Айырылған баладан. Батырына* сәлем айт, *Қолынан туы құлаған. Билеріне* сәлем айт, *Құлқыны үшін билік сұраған. Байларына* сәлем айт, *Елін емес, малын құраған. Молдасына* сәлем айт, *Мағызы берген құраннан, Мырзасына* сәлем айт, *Қонақасыға гана жараған* [Н.К.Іт] – деп жырланады, ал Ерімбет ақын шығармаларында былайша сипат алады: **Ұлығы Түркістанның Қожса Ахмет, Бай, батыр, мырза мен бек неше күшті-ай! Біз кімнің шікарасы, солар да өтті, Қылғаннан қылмағаймын бұзық істі-ай!** [Е.К].

Заттардың, нәрселердің, құбылыстардың аттарының өзгеруімен я олардың мүлдем қолданыстан шығуымен байланысты көнерген аталымдардың бір тобы активті пайдаланудан шығып, пассивті сөздікке ауысуы мүмкін.

Заманы өтіп, өшкен құбылыстарды білдіретін біраз сөздер активті сөздікке керексіз болып қалады. Ал қайсыбір жағдайда мағыналас не синонимдес ұғымдар активті сөздіктен тұрақты орын тебу үшін бір-бірімен бәсекелескендей болады. Мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды түсіндіруге қолайлы мәні айқынырақ аталымдар өзімен мағыналас келешегі жоқ аталымдарды активті сөздіктен ығыстыра бастайды. Бұл арада бірінші жағдайда тарихи аталымдарға, екінші жағдайда көнерген аталымдарға тән қасиеттері көрінеді.

Шығармаларда қолданылған **көнерген аталымдарға** (архаизм) айналған сөздердің де өзіне лайық бірнеше қасиеттерін көрсетуге болады.

– **Аталым көнерген аталымға (архаизм) айналғанда, іс, уақиға, зат жойылмайды, олар сапалық өзгеріске түсіп, техникалық прогресс нәтижесінде дамиды.** «Архаизмдер халықтың күнкөріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүниетанымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер

жатады» [39, 180 б.]. Мысалы, атыс құралдары қазір де бар. Бірақ олар алғашқы шыққан түріне қарағанда үлкен өзгеріске түсті. Өзгеріске сай олардың аттары да құбылып отырады. Мәселен, *садақ* мылтыққа ауысты. Садақтың *жебесі* мылтық шыққаннан кейін активті сөздіктен ығысты да, оның орнына жұмсалатын жаңа қарудағы атауға керекті заттың аты *оқ* деп аталатын болды. Сонда дамып сапалық өзгеріске түскен жаңаның көнесі *садақ* пен *жебені* көнерген аталым деп қарау керек.

– **Көнерген аталымдардың (архаизм) қазіргі әдеби тілде ауыспалы мағынасы көп болады.** Мысалы, *байтақ* сөзінің бір мағынасы: *хандық, ел* (көнерген жағы). Ал, екінші бір мағынасы: *ұшы-қиыры жоқ, кең байтақ жер* деген мағынада қолданылады.

– **Көнерген аталымдардың (архаизм) қазіргі әдеби тілде синонимдері болады.** Мысалы: *құн* – баға – нарық; *найза* – сүңгі – шанышқы т.б. Бұл туралы К. Аханов та өз еңбегінде атап өтеді: «Әрбір архаизмнің қазіргі тілде синонимі болады. Бірақ мұндай синонимдердің архаизм сыңары активті сөздіктен шығып қалады» [20, 149 б.].

– **Кейбір көнерген аталымдар (архаизм) мағынасы жаңарып, активті сөздікке қайта ауысып отырады.** Мысалы, *бай, қалыңдық, бәйбіше* т.б.. Бұл сөздердің ескі мағыналары жойылады да, заманға сай конкреттік шындықты көрсетерлік үстеме мағыналарға ие болады.

– **Көнерген аталымдар (архаизм) көркем әдебиетте көтеріңкі стиль жасауға қажетті аталымдар.** Мысалы, *Даңғой мен надандарын үміт артар, Малындай өргізетін жүр қоралап. Ажалы ондай жанның қырағы көз, Салып өт сөз найзасын тек туралап!* [Н.К.Іт].

Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағынаның не кеңейіп, не тарылып отыру заңдылықтары туады. Халықтың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өміріне, адамдардың өндірістік қызметіне байланысты туған өзгерістердің бәрі ең алдымен сөздік құрамға әсерін тигізеді. Қоғамның тарихи дамуында болған барлық процесс лексикада өзінің ізін қалдырып отырады.

Азамат қоғамының үнемі өзгеруі мен дамуы, адам санасының жетілуі оның тіршілігін жаңа аталымдармен толықтыру мәселесін туғызады. Ол өз кезегінде тілдің сөзжасам заңдылықтарына сәйкес жаңа аталымдар жасап, жаңа номинативті белгілер түзеді. Осымен байланысты, тіл білімінде анықталған екіншілік мағына – сөзжасамдық үдерістер нәтижесінде жасалған жаңа аталымның мағынасы.

Атаулар әлемі – бұл халықтың, ұлттың бүкіл тарихи тәлім- тәрбиесі, ұлт тарихының түпсіз тереңіне ашылған жол, одан халықтың генетикалық түп- тамыры, өзге халықтармен қарым-қатынасы, оның реалды материалдық және рухани мәдениеті, өзара және өзге халықтармен мәдени байланыстарының әлемі көрінеді.

Көнерген аталымдардың коммуникативті-функционалдық қызметі

Жалпы тіл білімінде көнерген аталымдарды коммуникативті-функционалды қырынан зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселе екендігі дау тудырмайды.

Тілдің коммуникативті қызметіне басты назар аудару өткен ғасырларға тән көрініс. Осы ұстаным негізінде тіл өзіндік жеке деңгейлерден тұратын құрылым болып қаралды да, тілдің әр саласы, яғни грамматикасы, лексикасы және фонологиясы өзі құрамдас бөліктерге қатынассыз, тілдік формадан мағына бағытында қаралды. Оның өзінде тілдік тұрғыдан мағына бағытында зерделенеді.

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың коммуникативті-функционалдық қызметін сөз етпес бұрын, «коммуникация» немесе «коммуникативтік» терминдерінің мағыналарын түсіндіріп өткен жөн.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның «Тілдік қатынас» атты еңбегінде «коммуникация» терминінің мән-мағынасын жан-жақты қарастырып өзіндік құнды тұжырым жасаған [40]. Ғалым бұл терминнің мағынасын таныту үстінде бірнеше қазақ және орыс ғалымдарының пікірлеріне шолу жасайды.

В. Дальдің түсіндірме сөздігінде екі сөздің мағынасы айтылған. «Коммуникация – ж. фран. сообщение, пути, дороги, средства связи мест». «Коммуникационный – к сообщениям относящийся» [41, 150 б.].

Д.Н. Ушаковтың редакторлығымен шыққан орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «коммуникация» сөзі ғана берілген: «Коммуникация – и, ж, латын». 1. Сообщение, связь одного места с другим (спец). К. Передовых позиций. Невский проспект есть все общая к. Петербурга. 2. Сообщение передача мыслей (преимущ. словесная, научная). Слова есть средство коммуникаций [42, 3 б.].

Мұның өзі «**коммуникация**» сөзінің алғаш жолдық қатынас, байланыс деген мағынаны білдіргенін көрсетеді. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «**коммуникация**» терминінің бұдан басқа да бірнеше мағынасын көрсетеді: «Бұл сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас», тіл арқылы түсіну, пікірлесу дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым одан әлдеқайда тереңдей түсті. Мәселен, *тілдік коммуникация* – тіл арқылы сөйлесу, ұғынысу дегенді білдірсе, *қоғамдық коммуникация* – қоғамдық байланыс, қоғамдағы қарым-қатынас дегенді аңғартады, ал *саяси коммуникация* – саяси өмірдегі байланыс, саясатқа қатысты қарым-қатынас дегенді байқатады».

«Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай-қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлеуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуге негізделетінін дәлелдейді. Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ал топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан барып, адамзат тілінің әрі қоғамдық, әрі әлеуметтік функциясы көрінеді,

«коммуникативтік» терминінің әлеуметтік сипаты осыдан келіп шығады [40, 37-38 бб.].

Бірақатар ғалымдар (І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов) еңбектерінде «коммуникативтік» терминінің тілдің қызметіне байланысты білдіретін мағынасы анық айтылған. «Коммуникативная функция предложения – сөйлемнің коммуникативтік функциясы» (лат. communicatio – «қатынас», «байланыс»). Коммуникативная функция языка – тілдің коммуникативтік функциясы. Тілдің қатынас қызметі. Тіл – адамдардың бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы [43].

«Коммуникация» терминінің тілге байланысты мағыналық ерекшелігі лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте одан әрі нақтылана түскен: «Коммуникация – (лат. communicatio от – communico – делаю общим, связываю, общаюсь) – общение, обмен мыслями, сведениями, идеями и т.д. специфическая форма взаимодействия людей в процессе их познавательно-трудовой деятельности» [44, 233 б.].

Сол сияқты Р.А. Абузяров пен З.И. Туеваның орыс тілін оқытуға арналған еңбектерінің басында берілген лингвистикалық және методикалық терминдердің қысқаша сөздігінде: «Коммуникация – сообщение, общение». Коммуникативный принцип заключается в обучении русской речи как средство общения в наиболее типичных коммуникативных ситуациях. Коммуникативные ситуации – ситуации общения [45, 8 б.] – деп түсіндірілген.

Айтылған дәлелді пікірлерден шығатын тұжырым, **қарым-қатынас** немесе **коммуникация** дегеніміз – адамдардың бір нәрсе туралы белгілі бір мақсатта хабарлауы. Коммуникация екі немесе одан да көп адамдар арасында белгілі бір жағдайда ортақ қарым-қатынас жасауының маңызды құралы арқылы іске асады. Адамдардың қарым-қатынас жасауының маңызды құралы – тіл. Адамдар тіл арқылы өздерінің ойын, талап-тілегін, жан-дүниесінің түрлі күйін білдіреді, белгілі бір жағдайда бір-біріне әсер етеді, түсініседі. Түсіну арқылы адам қоғамының өмір сүріп дамуын қамтамасыз етеді. Мұнда тілдің экспрессивті қызметі де жатыр. Тіл жеке адамдардың қарым-қатынас жасау, ойын жарыққа шығару құралы ғана емес, бір ұлтқа жататын адамдардың, кейде бірнеше ұлттың қатынас құралы.

«Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл – жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады» [40].

Ғалым Б. Қасымның: «Тіл – дүниетанымның құралы, ойлау мен ұғымның шындық өмірдегі көрінісі. Тілдік таңба арқылы шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың ұғымдық бейнесі жүзеге асады. Сондықтан тіл оймен, ойлаумен тікелей байланысты. Тіл – ойлаудың, сананың, танымның қаруы, құралы. Тілде заттың нақты қасиеті номинативтік таңба арқылы белгіленеді де, оның түрлі қызметі, нақты ерекшеліктері соған негіз болады, яғни тіл – ойды жеткізудің тәсілі, шындық болмысты таңбалаудың құралы» [36,144 б.] деп тұжырымдауы өте орынды. Тілдің негізгі элементі – сөз. Сөз – ұғымды, сөз

тіркесі – ойды білдіреді: ой түсініксіз болса, сөз де түсініксіз. Адам ойының желісі – ұзақ ғасырларға созылған тарихи дүние.

Келтірілген деректерді қорыта келгенде, ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның сөзімен айтсақ: «**Коммуникативтік**» термині қоғамдық-әлеуметтік мәні бар тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді. Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл – жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді [40, 39 б.].

Ақын-жыраулар шығармаларының мәтіні ауызша дүниеге келу үстінде айтушы мен тыңдаушының тікелей қарым-қатынас ерекшеліктерін бойына сақтайды. Шығарма тыңдаушысына тікелей ауызша арналады. Ақын тыңдаушысымен бетпе-бет отырып, сөз жүйесін түзеді. Мәтін түзілімінде реципиенттің әртүрлі эмоциясы, білімдік аясы, тіпті жас ерекшелігі ескеріледі. Реципиенттің ыңғайына қарай сөз таңдау, сөз мағынасын құбылта беру, сөз құрылымын ырғақ пен ұйқасқа, интонацияға бағындыру сияқты уәждемелер жүзеге асырылады.

Ғалым Н. Уәлидің пайымдауы бойынша, мәтін коммуникациясы үш кезеңнен тұрады: коммуникацияға дейінгі кезең, вербалды кезең, коммуникациядан кейінгі кезең. «Осымен байланысты белгілі бір мәтіннің сөз сапасын талдап, сипаттау, тексеруді ойдағыдай жүзеге асырып, сенімді нәтижелерге қол жеткізу үшін тілдік құрылымдарды объективті ақиқат, психология, когниция, әлеуметтік, эстетикалық, этикалық т.б. тілдік емес мәнділіктермен байланысты қарау негізге алынады» [46, 49 б.] – деп жазады.

Жыраулар шығармаларының коммуникациясы жырдың дүниеге келуі көп жағдайда суырыпсалмалық (импровизация) жағдайда өтетіндіктен, коммуникацияға дейінгі кезең жырдың арналатын ортасының (жыраулар тілімен айтсақ, алқаның) психологиялық қалпына, менталды деңгейіне, сонымен бірге жырды дүниеге келтіруге «мәжбүрлеген» алғы шарттарға байланысты өрбиді. Шығарманың табиғатына байланысты мәтін қабылдау процесінде **автор** мен **реципиенттің** қарым-қатынасы негізінен тікелей (ақын мен тыңдаушы бетпе-бет отырады) жүзеге асады. Кейде автор жыр, толғауды нақты біреуге арнайды, ондай жағдайда автор өзінің тыңдаушысымен ғана емес, кейіпкерімен (субъект-объект) де бетпе-бет келеді. Осындай мәтіндердің мазмұны арнау табиғатына (мазмұнына, мақсатына) да байланысты әртүрлі болып келеді. Мәселен, Ерімбеттің «Атымтай Жомарт» дастанының мазмұнында **адресант** пен **адресаттың** бір-біріне көзқарасы, яғни бағалаушылық факторы ерекше көзге түседі. Мәтін коммуникациясының сәтті аяқталуы адресанттың ақпараты адресатқа толық түсінікті болып жетуімен өлшенеді десек, ол үшін **адресант** (автор) **адресатқа** (тыңдаушы-объект)

неғұрлым танымдық тұрғыдан жақын мәселелерді жыр мазмұнына **өзек** етеді. **Атымтай жомарт** – Ерімбет автор үшін *әрі жақтаушы, әрі кейіпкер, әрі тыңдаушы-қабылдаушы*. Атымтай **сақи** – жомарт адам, сондықтан Ерімбет оның жанына дөп тиетін ең төте, ең әсерлі факт ретінде оның жомарттығына қатысты тарихи-танымдық деталдарды алып, сол арқылы жақтас-кейіпкерінің артықшылық қасиеттерін ашып айтуды көздейді:

*Айтайын Атымтайдан бір хикаят,
Бұл сөзге құлағың сал, көп жасағат!
Бұрынғы сахилардан сөз қозғайын,
Жазбасқа тұра алмадым, қылып тағат.
Жараңдар, шамаң келсе, сақилық қыл,
Сақидың жүрген жолы болар абад!
Көркейер барша сақи сақиды айтсам,
Сараңды мерекеде қатты ұялтсам.
Байлар көп ішпей-жсемей мал жинаған,
Соларды дұрыс болар көзіне айтсам!
«Сақидың сараңдардан парқын аш!» деп,
Көп халық шыдатпайды тұрсам-жатсам.*

Ерімбет автордың мәтін түзіліміне жомарттық бейнесіндегі адресантқа да адресатқа да ортақ «сақи» туралы аялық білім негіз болған. Яғни **сақи** – «шын мәніндегі нағыз жомарт, мырза, қолы ашық адам» немесе «ақ көңіл, ақ пейіл, қайырымды адам». Қабылданған, қалыптасқан ұғым бойынша **сақи** қандай болу керек деген мәселеде жыр мазмұнынан төмендегідей мәлімет аламыз:

1 Қонақты сыйлау:

*Атымтай туды анадан, шықты қырқынан,
Ісі жоқ білмей қылған балалықтан.
Емшегін анасының ұсынады екен,
Үй тола жан қалдырмай аралықтан.
Рұқсатсыз ана сүтін емген емес,
Ат қалды бұл күнге шейін даналықтан.
Атымтайдың барша адамға көңілі бірдей,
Қонақсыз ас ішпейді, ойнап-күлмей.
Сұраусыз сырттан алса біреу малын,
Кетеді көңілі түгіл, көзіне ілмей.
Біреуге ат, біреуге тон беріп жатыр,
Қалады кім екенін, тіпті, білмей.
Атымтай әр күнінде бес қалталы,
Мейманға әзірлеулі жая, жалы.
Қайырдан күндіз-түні босамайды,
Осындай жұмыспенен дәйім халы.
Тоқсаны түн жарпында келсе-дағы,
Кетпейді келген адам демей «Пәлі!»
Атымтай да ас тартады күніне бес,
Қазаны орта түспейді ертелі-кеш.*

*Қарайды барша жанға бір көзбенен,
Жарлы, байға жақын не алыс емес,
Жақсылар! Сақи болсаң бол осындай,
Жан бар ма әлі күнге оны білмес?!*

2 Құдайды тілмен де , жүрекпен де ұстану:

*Патшалар сақилыққа ар қылады,
Сақидың кең дүниясын тар қылады.
Патшаның күндегенін білгеннен соң,
Атымтай бір Аллаға зар жылады:
«Құдая! Құдіретіңмен сақтай гәр!» деп,
Сақилық әдетінен арылмады.*

3 Өмір бар жерде өлім бар:

*Қайыр қыл тіршілікте, сақи ерлер,
Артыңда із қалғандай болсын қайым!
Опасыз сұм дүнияға сену қиын,
Қашқанмен құтылмақ жоқ әрдайым.
Қырық жыл Қорқыт қашып құтылған жоқ,
Бір күні табылады жатар жайың!
Бұл сөзді бекер демес барша қазақ,
Аз аты көпке болмас, болар ұзақ.
Салынса сақи үшін сегіз пейіш,
Салынған кімдер үшін жеті дозақ?
Тіріде сараң, сақи халыққа мағұлым,
Өлген соң әркім барар үйіне өзі-ақ!*

Осы айтылғандардың барлығы Ерімбет ақынның бағалауынша Атымтай жомарттың бойында табылғандықтан, ақын мәтін қорытындысын:

*Ойланып ой түбіне ақыл жетпес,
Сараңға қанша айтқанмен сөзің өтпес.
«Сақилық – бардың ісі» деушілер көп,*

Сақиға қолда жоғы ешнәрсе емес! («Атымтай жомарт») – деп аяқтайды.

Кейбір мәтін белгілі бір ситуация үстінде дүниеге келеді. Адресантпен бетпе-бет бірнеше адресаттар болуы мүмкін. Ондай жағдайда сол жердегі адресаттарға ортақ, бірдей түсінікті ақпараттар, тіпті тезаурус негізге алынады. Мәтін мазмұны сол сәттегі ситуацияға, адресаттың әлеуметтік құрамына, жас мөлшеріне де байланысты құрылады. Нұртуғанның «**Жігіттерге өсиет**», «**Заманнан сөйлеп барамын**», «**Адаспайды ақылың**» жырларының мәтіні бастан-аяқ жыр дүниеге келген сәтте куә болған қыз-келіншектерге, ақынның құрдастарына, жігіттерге арналады. Соған байланысты жыр мазмұнында жеңіл әзіл мен ақыл-өсиет айту алмасып келіп отырады. Тыңдаушыны зеріктіріп алмай, ықыласын арттыра түсу үшін автор өлең мәтініне мысқыл, сарказмдерді қосып отырады. Мысалы,

*«Үлкендер» отыр үйінде
Өткен күнін сағынып.
Арам жеген «ардақты»*

*Құрсақтары салынып...
«Басшы» отыр жалаңдап,
Тоқалынан айрылып.
Жалшысы кетіп бай отыр,
Қанатынан қайрылып.
«Молдалар» отыр ойбайлап,
«Шаригат» деп қайғырып... («Он үшінші назым»).*

Мәтіннің коммуникативтілік деңгейі автордың белгілі бір мақсат көздеуімен де өлшенсе керек. Бірақ жыр – өнер туындысы, оның мақсат мүддесі тар аяда қала алмайды. Ол адамзат баласының мүддесіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да Нұртуған ақын ауыл-үйдің әзіл-қалжыңын айтқан болып отырып тыңдаушысын жалпы адамгершілікті насихаттайтын, олардың дүниеге танымын шыңдайтын, ой салатын ауқымды мәселелерді қозғауды ұмытпайды. Біз бұны жыр мәтіні коммуникациясындағы түпкі мақсат деп түсіндіреміз және бұл барлық жыр табиғатына тән ерекше болмыс болып табылады.

Кейде мәтін коммуникациясы тыңдаушыны бір мақсатқа жұмылдыру, белгілі бір оқиғаға итермелеу масатын да көздейді. Мұндай кезде тыңдаушы психикасына ерекше әсер ететін, тыңдаушының эмотивтілігін арттыратын экспрессивті, эмоционалды сөздер, бағалауыштық қолданыстар таңдалынады. Мәтіннің дүниеге келу шартына байланысты неғұрлым түсінікке жеңіл ұғымдар, оңай ұйқастар іске қосылуы мүмкін, бірақ оның өзі ақынның ұтқыр ойлылығы мен суырыпсалма шешендігін талап етеді. Мұндай кезде экстралингвистикалық (тыңдаушының таным-түсінігі, оған әсер ететін тілден тыс фактілер: өзінің ерекше қасиетін айтып мақтау), паралингвистикалық (мимика, қимыл-қозғалыс) факторлар да мәтін коммуникативтілігіне үлес қосатыны сөзсіз.

Нұртуғанның әйел тақырыбына деген көзқарасы *«Алып анадан, ат биеден туады», «Жақсы әйел – жігітке біткен бақ», «Жақсы әйел – әрі анаңдай, әрі ақылшың мен панаңдай»* деген халқымыздың үш ұлы қағидасы төңірегінде қалыптасқан.

Нұртуған әйел мәселесі тақырыбын тілге тиек еткенде, үнемі ер мен әйел арасында махаббат, достық, сыйластық болу керек, сондай-ақ ер жігіттің жарына сұлулық, нәзіктік, ақылдылық сияқты асыл қасиеттер тән болуы қажет деп санайды. **«Сонда ғана ондай әйел – жігіттің бағы, керісінше болса – соры»** дейді:

*Адамның артық туса сүйген жары,
Жадырап жан-дүниең тұрар бәрі.
Алғаның жаман болса отырасың,*

Ажардың бетіндегі кетіп нәрі, – деген бір шумақ өлең ақынның осы айтқанын дәлелдейді.

Мәтіннің құндылығы оның белгілі бір ақпараттар жүйесін бере алуымен де айқындалады.

Ғылыми-теориялық аяда хабарламалардың барлығы бірдей ақпараттық мән бере алмайды. «Ақпарат» және «коммуникация» бір-бірін жоққа шығармайтын,

бірақ бір-бірімен сәйкеспейтін әр басқа ұғымдар болып табылады. Ақпарат категориясы таза лингвистикалық аядан тыс көптеген мәселелерді қамтиды. Сондай мәселенің бірі – ақпараттың «жаңалығы» мәселесі. Жаңа ақпарат әлеуметтік, психологиялық, ғылыми-техникалық, жалпы мәдени, жас мөлшері, мезгілдік т.б. факторлардан тыс қаралмайтыны анық. Бір тыңдаушыға жаңалық болып көрінген ақпарат екінші тыңдаушы үшін жаңалық емес не мүлде түсініксіз болуы мүмкін. Немесе белгілі бір мезгіл өтуімен байланысты сол уақытқа дейін жаңалық болып келген мәселе өзінің ақпараттық мәнін жоғалтады.

Екінші мәселе ақпараттың құндылығымен байланысты. Бұл мәселе философияның, жекелеп қарағанда эстетиканың бір саласы болып табылатын аксеологияның ауқымында сөз етіледі. Ақпарат неғұрлым қайталанған сайын өзінің құндылығын жояды. Ал кейбір мәтіндер өзгермейтін құндылыққа ие. Олардың эстетикалық, танымдық немесе ғылыми мәнділігі барлық уақытта адамзат мәдениетінің қазынасында сақталады. Олар барлық уақытта жаңаның көзі болып, ақпараттық құндылығын сақтайды. Біздің зерттеулерімізге дерек болған ақын-жыраулар поэзиясының мәтінін өзінің ақпараттық құндылығы жағынан мезгілдік заңдылыққа бағынбайтын, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзатқа ортақ идеяны бойына жинаған танымдық кеңістік ретінде қарастырамыз.

Ақпарат мәтіннің негізгі категориясы ретінде тек мәтінге ғана қатысты бола отырып, өзінің прагматикалық белгісінде әр жақты. Оның негізгі түрлері: **1) мазмұндық-фактуалды; 2) мазмұндық-концептуалды; 3) мазмұнды-астарлы.**

Шығарма мәтіндегі **мазмұндық-фактуалды ақпарат**: Жыр-дастандар – тек әдеби, тілдік қана емес, сонымен бірге тарихи категория. Себебі ақын-жыраулар қазақ қоғамында саяси-қоғамдық қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Жыр мәтінде тарихи тұлғалар, олардың өмірі мен қызметі жөніндегі мәліметтерді көп кездестіреміз. Тарихи оқиғалардың сипаты мен мезгілдік, мекендік деректері жыр мәтінінен табылады. Жер-су атаулары, қазіргі географиялық атаулардың тарихи және көне нұсқалары, ру-тайпа атаулары, олардың тарихи қоныстары, дін тарихына қатысты оқиғалар мен тарихи деректер жыр қойнауында тұнып жатқан **тарихи-мәдени фактуалды** қоймамыз деуге болады. Мысалы, Нұртуған ақынның «**Мәулімнияз-Едіге**», «**Қарасай-Қази**», «**Ақ Кете Шернияз**», «**Шұбырынды ақтабан**» дастандарында суреттелген тарихи соғыстар мен атақты батырлар бейнесі, Ерімбет ақынның «**Әбу Шашма**», «**Мұхаммед пайғамбар туралы хикая**», «**Ақтам сахаба**» дастандарындағы діни көне ұғымдар, сонымен қатар ақынның «**Хазірет Ғали мен Дариха қыз**», «**Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы**» дастандарында батырлық, ерліктің символы ретінде қолданылған атаулар **мазмұндық-фактуалды ақпарат** береді.

Шығарма мәтіндегі **мазмұндық-канцептуалды ақпаратқа** ақындық дәстүрмен біте қайнасқан *туған жер, атамекен, ұлттық рух идеясын* атауға болады. Сонымен бірге «**құдай**» концепсиясы, жалпы адамзаттық ойлаумен

астасып жатқан, ақындық индивидуалдық дүние бейнесі, құдайлық болмыс туралы пайымдаулардың мәтін мазмұны мен тілі арқылы танылуын жатқызамыз.

Шығарма мәтініндегі **мазмұнды-астарлы ақпарат** түрін қабылдау кез келген тыңдаушы мен оқырманның пешенесіне жазыла бермейтін, жеке сөздердің мағынасын түсініп қоюды аздық ететін, ақындық дәстүрді туғызған тілдік сананы, жоғары ұлттық менталитетті, тілде жасырынған «білім қорын» түгел меңгерген оқырманына ғана сырын ашатын ең маңызды ақпарат көзі болып саналады.

Негізіне келгенде, ақын-жыраулар тудырған **поэтикалық мәтіндер** – адресант пен адресаттың сан қырлы қарым-қатынас ерекшеліктерін танытатын коммуникациялық кеңістік.

Қазіргі әлемдік тіл білімінің антропоцентрлік парадигмасы жаңа өріске бағдар алған, оның сан саласының ішінде тілдің коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік қызметтерін тереңінен ашуға бағытталған осы аттас салалары қарқынды дамып келеді. Солардың қатарында тілдің жүйелік болмысы – тіл мен оның екінші қыры – сөйлеуді (сөйлеу тілін) біртұтастықта функционалды семантикалық, коммуникативтік тұрғыдан зерделейтін **функционалды грамматика** теориялық жағынан негізделу үстінде.

Тілдік тұлғалар әрқашанда екі жақты: кез келген **тілдік бірлік форма** (түр) мен **функциядан** (мағынадан) қалыптасады да, ол тұлғалық жағынан да, оның қызметі жағынан да сипатталады. Тіл білімінде тілдің ішкі жүйесін өзіне тән бірліктері негізінде әртүрлі деңгейге жіктей отырып зерделейді. Соның ішінде көптен сараланып зерттелген деңгейі – **грамматика**. Грамматика шектеулі тар мағынада морфология мен синтаксис деңгейлерін қамтып, солардың тұлғаларының қызметтері мен мағыналарын ашу мақсатын алға қойды. Қ. Жұбанов грамматиканың XIX ғасырда тілдің формаларын зерттейтін морфология мен синтаксистен тұратын ұстанымын айта келіп, оны формашылдардың көзқарасы деп есептеді. Өзінің «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде ғалым тіл зерделеуде форманы ғана қарастырмай, оны функциямен тығыз қарастырудың маңыздылығын баса көрсетіп, грамматиканың үш деңгейін: фонетика, морфология, синтаксисті сипаттаған [47, 82-83 бб.].

Тілдік формалардың функционалдық тұрғыдағы қыр-сырларын кеңінен ашуға ықпал еткен, осы жолда жаңашылдықтың үлгісін көрсеткен қазақ тіл білімінің белгілі қайраткері С. Аманжолов еді. Ғалым қандай да болмасын тіл тұлғаларының қызметтерін синтаксистік категориялардың сөйлеу үрдісінде жалпытілдік категориялар, мысалы, темпоралдық, локалдық деңгейіне көтерілетінін зерделеуі қазіргі функционалды грамматиканың өркендеуінің алдын алғанға ұқсайды [48].

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы ғылыми негізде жиырмамыншы ғасырдың басынан бастап тереңірек зерттеле бастады. «Тіл – құрал» атты еңбегімен қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы қазақ грамматикасының ғылыми негізін қалады [49].

2002 жылы өткен уақыттар аралығындағы соны зерттеу нәтижелерін теориялық тұжырым ретінде қамтыған «Қазақ грамматикасы» тілдің төрт деңгейін: фонетикасын, сөзжасамын, морфологиясын, синтаксисін зерделейді. Бұл грамматика да семасиологиялық, яғни «формадан функцияға» бағытында жазылған, осы тұрғыдағы бұрынғы грамматикалардан оның ерекшеленетін соны тұстарының бастысы – сөзжасамның қазақ тіл білімінде жеке тілдік деңгей ретінде сипатталуы және синтаксистің сөз тіркесінен, сөйлемнен басқа жоғары деңгейдегі синтаксистік бірлік ретінде күрделі синтаксистік тұтастықты, сонымен бірге синтаксистік синонимияны зерделеуі [50].

Соңғы кезде тіл білімінде грамматиканы кең мағынада қарастыру орын алып отыр. Ол грамматика ауқымын тек морфология және синтаксиспен шектеп қана қоймай, оның аясын фонологиялық, лексикологиялық, фразеологиялық, сөзжасам деңгейлерімен кеңейтіп, жеке деңгейлік категориялардан гөрі ауқымды, белгілі бір семантикалық ұғымды барлық деңгейлердің тығыз қарым-қатынасы арқылы жүйелі түрде бере алатын жалпытілдік категорияларды зерделейді. Болмыстың әр түрлі қырларын бейнелейтін ұғымдық категориялардың тілдік көрінісі, яғни тілде берілетін формалары ономасиологиялық бағытта зерделенеді, тіл білімінің бұл саласын **ономасиологиялық функционалды грамматика** деп атау дәстүрі қалыптасып келеді.

Осы бағыттағы функционалды грамматиканың теориясын өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап дамытуға атсалысқан тіл мамандарының ішінде өз отандастарымыз А.П.Комаровтың, М.М.Копыленконың еңбектерін атауға болады. Аталған ғалымдардың игілікті бастауы тіл білімінде кеңінен өріс алды. Қазақ тіл біліміндегі функционалды грамматика теориясының дамуына З.Қ. Ахметжанованың, Т. Сайрамбаев, А.М. Ерімбетова, М.Б. Нұртазина, Б. Қапалбеков сияқты тіл мамандары өзіндік үлесін қосуда.

Белгілі отандас ғалым М.М.Копыленко орыс тіліндегі жалпытілдік сандық категорияның тұтас болмысын **функционалды грамматика** теориясы ауқымында сипаттады. Сандық ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің мән-мағынасын аша отырып, сандық семантиканың ішкі жіктелуін айқындады [51].

Функционалды грамматиканың негізгі қағидасы – болмысты пайымдау барысында адам санасында қалыптасқан ойдың мәнін берудегі грамматикалық бірліктердің тілдің басқа деңгейлер бірліктерімен тығыз қарым-қатынастағы қызметінің заңдылықтарын зерделеп сипаттау [52, 77 б.].

Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы, біріншіден, грамматиканың бірліктілік (единства грамматики) принципінде. Бірліктілік әрқилы грамматикалық элементтердің басқа тілдік құралдардың тығыз байланыстылығынан көрінеді, олар бір-бірімен байланыса отырып, тығыз қарым-қатынаста бір парадигмалық жүйе құрайды және грамматикалық бірліктер өздері қызмет ететін ортамен қарым-қатынасқа түседі, солардың ықпалымен қызметін де түрлендіреді. Функционалды грамматиканың *екінші бір айырмашылығы* – оның жүйелік-интегративтік үдерісінде, атап айтқанда, әртүрлі тілдік деңгейлердің бірліктерін белгілі бір

ортақ қызмет аясында біріктіреді тілдік жүйелікті көрсетеді, ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық бірліктер морфология, синтаксис салаларына тарап кетеді. Осы соңғы айырмашылық мына бір жағдайды айқындай түседі: *функционалды грамматика дәстүрлі грамматиканы толықтырады, ол тілдік тұтастықты, жүйелілікті толыққанды көрсете алады және де оның сөйлеу тіліндегі қызметін ашады.* Толықтырушылық қатынас тілдік деңгейлердің арабайланысынан көрінеді. Мысалы, морфологиялық шақ категориясының формалары шақтық қатынасты осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп жалпылап білдірсе, оны нақтылай түсіп, мағынасын толықтыратын лексикалық, лексика-грамматикалық бірліктер. Жеке тілдік деңгейлік тұлғалар өз алдына жеке-дара қызмет етпейді, олар бірлесіп, бір жүйеге бірігіп, бірінің мағынасын бірі түрлендіріп, толықтырып тілдің негізгі когнитивтік, коммуникативтік қызметін атқарады.

Осы бағытта А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бірқатар лингвистері қазақ тілінің функционалды грамматикасының біраз категорияларын зерттеу үстінде. Атап айтқанда, Б. Қапалбеков функционалды грамматиканың негізгі категориалдық ұғымдарын, оның ішінде функционалды грамматиканың бір аспектісі болып қалыптасқан функционалды-семантикалық өріс ұғымын қазақ тіліне үйлестіре отырып, жұмсалымдық мағыналық өріс тұрғысында зерделеуді ұсынады [53, 59-63 бб.].

С. Құлмановтың модальділік категорияның мүмкіндік, міндеттілік субкатегорияларынан бастап функционалдық тұрғыдан зерттеуі қазақ тілінің осы бір аса күрделі категориясын түбегейлі, жаңа тұрғыдан толық зерттеуге негіз болатыны айқын [54]. М. Жолшаева қазақ тіліндегі сипат-аспектуалдық категориясын [55], А. Жаңабекова шақ категориясын [56, 141-144 бб.], О. Жұбаева жақ-персоналдық категориясын [57] зерттеді. Бұл зерттеу жұмыстары дами келе, қазақ тілінің функционалды грамматикасын жасауға ғылыми негіз болады, ономазиологиялық функционалдық бағыттағы тіл білімінің теориялық дамуына атсалысады.

Қазіргі тіл білімінің даму үрдісінде, негізінен, тілдің танымдық қызметін тереңінен зерделеп, дүние-болмыстың тілдік бейнесін түзген жалпытілдік ауқымды концептуалдық семантикалық категориялардың жүйесін, оның ұлттық табиғатын ашуға ден қоя отырып, тілдің коммуникативтік-прагматикалық қызметін сонымен астастыра зерттеу өзекті болып отыр. Сондықтан да функционалды грамматиканың басты мақсаты ретінде қай тілде болмасын, алдымен оның негізгі тілдік категорияларын функционалды-коммуникативтік өрістер тұлғасында жеке-жеке сипаттап алып, барлық тілдік категорияларды мейлінше толық бір жүйеге топтастыра, бірімен-бірінің арабайланыстарын айқындай отырып, олардың сөйлеу жүйесіндегі қызметін зерттегенде ғана тіл табиғаты толық ашылмақ.

Қазақ тілінің барлық категорияларын функционалды грамматика негізінде зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінің ең бір өзекті мәселесі.

Көнерген аталымдардың уәжділік ерекшеліктері

Әрбір атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат я құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Яғни ономазиология таныммен тікелей байланысты, ұғымның қалыптасуына қандай уәждер негіз болады, соны зерттейді, анықтайды.

Негізінен, тілдің ішкі дамуы – таза лингвистикаға қатысты жағы болса, ал сыртқы дамуы – экстралингвистикалық жағы (қоғам, табиғат, таным) арқылы атаудың мәні ашылады, яғни **зат – ұғым – атау – таңба** арасындағы үдеріс тікелей аталым теориясымен жүзеге асады.

Тіл бірліктерінің уәжділік қасиеттері туралы пікірлер Н.О. Оралбаева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Л.К. Жаналина еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселені көтерген ғалымдардың барлығы уәжділікті сөздің ішкі мағыналық құрылымымен байланыстырады.

Уәжділік форма мен мазмұн арасын байланыстырушы құрал, маңызды белгілерінің бірі. **Уәжділік** кез келген сөзге тән емес, дәлірек айтсақ оның ішкі формасына. Сөздің уәжділігін ашпас бұрын оның мазмұны мен ішкі формасының сәйкестілігіне мән берген жөн. Уәжділік шекарасы лексикалық мағынаның оның ішкі формасына өзектелген бөлігімен айқындалады [58, 158 б.].

А.И. Моисеев сөздің ішкі мағыналық құрылымы мен уәжділігін бір деңгейде қарастырады. Ғалым уәжділік белгіні таңдау кездейсоқ әрекет еместігін дәлелдеуге тырысады, нысанға ат беруде адам оның ерекшеленер белгісін таниды және таңдайды дейді [59, 130 б.]. Яғни атаулардың уәжділігі сөз мағынасын тудыратын түбіртектің мағыналық қатынасынан анықталады.

Алғаш уәждеме мен уәжділік ұғымдарын ажырата қарастырған М.М. Гинатулина. «От мотивации следует отличать мотивированность. Мотивация есть обязательная степень предоминативного процесса. Мотивированность лексических единиц и может отсутствовать» [60, 27 б.]. Яғни уәждеме барлық туынды сөздерге ортақ ұғым болса, сөздің уәжділігі кез келген туындыға тән құбылыс емес. Лексикалық бірліктер өзінің уәжділігін тарихи тұрғыдан жоғалтуы мүмкін, бұл оларды жалған уәжділікке де апарады. Л.К. Жаналина сөз уәжділігін сөзжасамдық негізгі көрсеткіш ретінде таниды [61, 374-390 бб.]. Сөздердің ішкі мағыналық құрылымынан олардың лексикалық мағынасын айқындай алмау, олардың уәжділігін, яғни мағына себептігін жоққа шығарады. Көнерген аталымдарда олардың уәжділігі адам танымымен тығыз байланысы қарастырылады. Олардың уәжділік дәрежесі тура мағыналы сөздерден алшақтау болады. Өйткені, нақты заттардың білім қорын негізге алуда **адамның ассоциациялы түсінігі де аталым жасауға қатынасады**. Нақты заттар мен құбылыстар туралы ақпарат оның лексикалық мағынасынан танылады. Өйткені сөздіктерде таңбалардың беретін ұғымдары мен түсініктері лексикалық мағынада жинақталады.

Сөздің уәжділігі құбылысын, оның ғылыми мәртебесін жан-жақты саралауға арналған еңбегінде О.И. Блинова «уәжділік – сөздің таңбалануы мен мағынасының байланысын көрсететін құрылымдық-мағыналық қасиеті» деген

анықтама береді [62, 191 б.]. Ғалым сөздің уәжділігін айқындауда, оның дыбыстық тұрпаты мен лексикалық мағынасына назар аударамыз деп көрсетеді. Сөздердің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасының арасындағы байланысты зерделесек, туынды сөздердің көбінің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасы арасында байланыстың барлығы көрініп тұрады, сондықтан да олар уәжді сөз деп танылады. Тек олардың уәжділігі тура мағыналы сөздердегідей бір денотатқа бағынбайды. Көнерген аталымдардың уәжділігін анықтау үшін ауыспалы мағынаға арқау болып тұрған нысан белгісін тану қажет болады.

Тіл бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымы аталым процесінің өту заңдылықтарының көрінісі болғандықтан, оның уәжділігін де көрсетіп тұрады. Ол жайында М.Н. Янценецкая мынадай пікір айтады: «Внутренняя форма слова – выраженных мотивировочный признак. Особенности ее строения, определяемые закономерностями номинативного процесса, тесно связаны с явлением мотивированности слова» [63, 17-33 бб.]. Демек, аталым процесі заңдылықтарына сәйкес сөздің уәжділігі оның құрылымындағы уәждемелік белгімен айқындалады. Сөзжасамдағы негізгі ұғымдар ретінде сөздің ішкі мағыналық құрылымы, уәжділігі, уәждемелік белгісі барлығы да аталымның жасалуын, оның мағыналық негізділігін сипаттауға қолданылады. Сөздің мағыналық құрылымы аталым жасаудың негізгі категориясы болып табылады. Ол туралы ғалым Б. Қасым: «Заттың күрделі атауларының мағыналық құрылымы – көп жайттардың себебін, мәнін ашуға мүмкіндік береді. Демек, ішкі мағыналық құрылым – аталымның дербес мағыналы лексема ретіндегі ұстанымы. Заттың күрделі аталымдары сыңарларының арасындағы мән-мағыналық байланыс түрлері олардың уәжділік дәрежелерін көрсететін болса, солардың негізінде екіншілік аталымның жасалуы, дәлірек айтқанда уәж түбір және құрылымға, сол сияқты мағынаға тәуелді келеді» – деп анық көрсетеді [64, 84 б.].

Тіліміздегі өсімдік атауларының уәжділігі жайында жазылған Ұ.Б. Әділбаеваның зерттеу жұмысында **уәж**, **уәжділік** теориясы туралы, олардың термин ретіндегі ролін, орнын өзге ғылым салаларындағы уәжділіктің ұғымдық сипаттарын, сөзжасаммен байланысын, номинация теориясымен арақатынасын өсімдік атауларын негізге ала отырып жазған. Зерттеуші өсімдік атауларына байланысты уәжділікті төрт түрге бөліп қарастырады: 1) дыбыстық уәжділік; 2) морфологиялық-синтетикалық уәжділік; 3) синтаксистік-аналитикалық уәжділік; 4) лексика-семантикалық уәжділік – деп бөледі де, уәжділік ұғымына мынадай анықтама береді: «Уәжділік – атау сөз бен сол сөз белгілеп тұрған реалды заттар арасындағы мағыналық байланысты айтады» – деген пікірге келеді [65,121 б.]. Мағыналық байланыс нысандардың білім қорындағы ақпараттары арқылы жүзеге асады.

Сөз мағынасының өріске түсуі қоғамның дамуымен бірге жүріп отыратын құбылыс. Белгілі тарихи кезеңдер мен уақыт сол кеңістікке сай ұғымдық жаңалықтар әкеледі. Жаңадан танылған ұғымдар тілде түрлі тәсілдер арқылы, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы арқылы іске асады. Сөз

мағынасының өзгеруін тілімізде соңғы кезеңдерде бұрыннан сөздік қорымызда бар атаулардың қолданыс аясы тарылып, бір кездердегі көнерген (архаизм) делінген аталымдар жаңа мағынаға ауысып, тілдік айналымға кіре бастағанынан да көруге болады. Академик І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдылықтары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоралану); функционалдық семантика заңы, бөлшектің бүтінге айналу заңы; мағыналардың кеңеюі мен тараюы» деген секілді заңдылықтардың негізінде жүзеге асатындығын атайды [66, 315 б.]. К. Аханов та жаңа жоқтан пайда болмайтынын, оның байырғы тілде бар жалпы халықтық лексикадағы лексемалардың мағыналарының өзгеріске түсуінен жасалады деген түйін жасайды [20, 496 б.].

Уақыт өте келе сөздің атау болып қалыптасуындағы бейнесі, уәжі солғынданып, тіпті, бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Сондықтан көнерген аталымдарды да басқа тілдік құбылыстардан ажырататын негізгі белгілерін уәжділік теорияларына сүйеніп, анықтауға болады.

Аталған ақындар шығармаларының лексикасындағы көнерген аталымдарды (архаизмдер мен историзмдерді) әңгіме еткенде, объектіге екі шамадан қарау керек. **Бірі** – ақындардың өз тұсында-ақ көнерген немесе көнере, пассивтене бастаған аталымдар тобы, **екіншісі** – қазіргі нормадан қарағанда көнерген болып есептелінетін аталымдар.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шындалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлер үлгілерін жақсы біліп, солардың тілін сарқа пайдаланған ақын-жыраулар өз лексиконына қазақ тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында көнерген немесе көнере бастаған аталымдарды да шебер енгізген.

Бір кезде тіпті ұмытылып кейінгі ұрпақтарға түсініксіз көнерген аталымдар әртүрлі себептермен лексиканың активті құрамына қайта оралып, күнделікті тұрмысқа жиі қолданылатын дәрежеге жетіп, активтенеді.

Ескере кететін құбылыс, көнерген аталымдардың сол дәуірде бірнеше мағынасы болған, ал қазір қайтадан қолданысқа енген көнерген аталымдардың бір ғана мағынада қолданылатыны немесе бір ұғымды білдіретін көнерген аталымдардың бірнеше жаңа мағыналары кездеседі. Бұл құбылысты Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген аталымдарды арнайы зерттеу барысында анық байқауға болады.

Уәжділік, аталым теорияларын жан-жақты қарастырып, нақты тұжырым жасаған ғалым Б. Қасым: «Дәуір өткен сайын атаудың қалыптасуындағы о бастағы негіз – уәж белгілері ұмытыла бастайды. Егер тілдегі атаудың түп-негізіндегі мағынасы ұмытылса немесе көмескіленсе, яғни неғұрлым ішкі құрылым өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтаған сайын, жасалымдағы дерексіз мағыналардың қалыптасуына, мағыналы дамуына, ауыспалы мағынаның пайда болуына әкеледі. Күрделі атаулардың жасалуындағы метафора, метонимия, мағынаның тараюы, кеңеюі т.б. сөзжасамдық амалдар күрделі аталымның ауыс мағынасын тудыратын өнімді

тәсілдердің бірі» [36, 7 б.], – дейді. Бұл тәсіл зерттеу жұмысымызда да қолданылған жүйелі тәсілдердің бірі.

Ғалым Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жана қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ал, сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығуып қалуын білдіреді» деп нақты тұжырымдайды [67, 86 б.]. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы көнерген аталымдардың қолданылуын қазіргі тіл қолданысымен салыстырғанда, сөз мағынасының кеңеюі мен тараюы бірден көзге түсетін құбылыс.

Мысалы, *Сен хан қызы ханымға, Зайыптың келді қайымы. Әрі батыр, әрі бек Көрсеткен жауға зайырды* [Н.К.Іт]. Мұндағы *зайыр* қазіргі *ашық, жарқын* сөзімен еш қатысы жоқ және осы құрамда мағынасы бұрынғы мағынасынан алшақтап, көмескіленген, түп-негіз мағынасы – ақындар өмір сүрген тұста *көрнекті, көрсетерлік, мақтанарлық* деген мәнді білдірген. Кейіннен *зайыр* – мағыналық дамуға түскен: *анық, тәуелсіз, күмәнсіз* деген мағынада жұмсалған. Қазақ тілінің сөздігінде «зайыр», «зайыры» және «зайырлы» сөздерінің мағынасы айтылған: **I Зайыр** – *анық, айқын, ашық*; **II Зайыры** – *сірә, тегінде*; **III Зайырлы** – *білгір, білімдар* [68, 267 б.].

М. Бұралқыұлының басқаруымен шыққан қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «зайыр» сөзінің бір ғана мағынасы түсіндірілген: **Зайыр** – *анық, нақ, дәл* [69, 224 б.].

Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша сөздігінде» *зайыр* сөзінің екі түрлі мағынасын түсіндіреді: **I Зайыр** – *анық ашық, күмәнсіз, жарық, жылтыр, көрнекті, көзге түсетін*; **II Зайыр** – *сыртқы, сырт, тұр, келбет* [70, 110 б.].

Араб тілінде *заһирун* (блестящий, яркий, цветущий, прекрасный) *жарқын, анық, айқын, тамаша, көркем* деген мағынада қолданылады [71, 421 б.].

Келтірілген деректердегі аталымдарға уәж (себеп, негіз) болған негізгі қасиеті, олардың *ерекшелік, айрықшалық белгісінің болуы* және олардың *көзге көрсетерлік* қасиетін көрсетеді, яғни ономазиологиялық белгісі уәжі және атаудың жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен тұрпатының қалыптасуына, сөйтіп аталымның таңбалануына себеп болған.

Шынында да мұндағы *зайыр* сөзі қазір жоғарыда келтірілген шығармалардағы мағынасында қолданылғандай еркін қолданылмайды. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғалы кешегі көнерген аталым қолданысқа қайта ене бастады. Қазіргі тілімізде *зайыр* сөзі бұрынғы тар мағынасында емес, *зайыр* зат есіміне *-лы*, сын есім тудыратын жұрнақ жалғанған түрінде (формасында) кең мағынада қолданыс табуда. Мысалы, *зайырлы мемлекет, зайырлы ел* т.б. Бұл жерде «жарқын мемлекет, тәуелсіз мемлекет» деген мағынаны білдіреді. *Зайыр* сөзінің мағыналық өрісі: *анық, күмәнсіз, дәл, нақты, ашық* деген синонимдік қатар түзеді. *Зайыр* сөзінің өзек семасы *анық* деген сөздің негізінде пайда болған.

Сондықтан, ғалым Б. Қасымның сөзімен айтсақ, қолданыста аталымның бұрынғы түп-негізін іздеп жатпайды, тіл заңдылығында жаңашыл үрдіс ретінде қабылданып, тіл дамуында болатын аталымдардағы күрделі мағынаның туындауы, қалыптасуы, дерексіз мағынасының дамуына әкелетін заңды құбылыс деп қарастырады [36, 96 б.].

Ақындар шығармаларында «**байрақ**» сөзі әртүрлі мағынада қолданылып, өлең жолдарын ажарландыра түскен. **Байрақ** – *ертеде мемлекеттік және әскери санаттарда және жаугершілікте қолданылған культтік атрибут, басқарушылардың лауазымы мен билік дәрежесінің белгісі*. Оны Ел билеушілері мен қолбасшылары қатысқан салтанатты рәсімдерінде, сондай-ақ, шайқас пен әскери жорықтарда арнайы тағайындалған байрақшылар көтеріп жүрген.


Байрақ түп-негізін алғашқы қауымдық қоғамда тайпа көсемдерінің билік белгілері болған ағаш таяқ пен асатаяқтан алады. Ал атаудың мәні «**ағаш сапқа орнатылған дәреже, белгісі**» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз шығыс славян тілдеріне де енген. **Байрақ** түріктер мен шығыс жұрттарда XVII-XVIII ғасырларға дейін қолданыста болған.

Байрақтың басына рәміздік заттар мен билеуші топтың дәрежесін білдірген зат тағылған: ханның дәреже белгісі – мата бау, қабыланның құйрығы болса, әскербасыларынікі ат пен қодас құйрығы болған, ұшар басына айдаһар, бөрі басы, найза кескіні орнатылған.

«Әскери ұрыс, шайқас кезінде қолбасшы байрақты көтеру, түсіру арқылы шайқас қимылын, тактикасын өзгертіп, бағытталған арнайы белгі, парольдің міндеттерін де атқарған. Әскери байрақты кейіндері ту немесе жалау алмастырғанымен, байрақ басындағы әшекей шашақ пішіні оларға көшкен» [72, 5 б.].

Нұртуған ақынның «Қарасай-Қази» дастанында «**байрақ**» көнерген аталымның төрт түрлі семантикалық мағынасы қолданылған. Оны төмендегі кестеден анық көруге болады:

Нұртуған Кенжеғұлұлы тіліндегі «байрақ» атауының актив мағыналары



1 сурет - «Байрақ» көнерген аталымның семантикалық мағынасы

Қазақ тілінің сөздігінде «байрақ», «байрақты» сөздеріне анықтама берілген: **Байрақ** – жалау, ту. **Ала байрақ** (көне) – сырт киімдік жолақ мата, кездеме. **Байрақты** – 1) байрағы бар, байрақ тігілген; 2) Ауыс. таңдаулы, жақсы [68, 77 б.].

Осы сияқты қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде де екі сөздің мағынасы айтылған: **Байрақ** – шағын мөлшерде істелген жалау; **Байрақты** – сын. байрағы бар, байрақ ұстаған [69, 73 б.].

Көне түркі жазуларының ескерткіштерінде **батрақ** (учига махсус ипаклик осилган еғочки асқар жанда шу билан узини белгили қилады) ұшына ерекше жібек ілінген ағаш, әскер ұрыста өзін осымен белгілі қылады [73, 492 б.], – деп көрсетеді.

Қазіргі тілімізде ақындар шығармаларындағы *байрақ* тек *жалау, ту* мағынасында қолданылып, мағынасы тарылған. Оны қазіргі баспасөз беттерінен де байқауға болады.

2008 жылдың 18 желтоқсанында шыққан «Қазақ елі» газетінде «Біздің **байрақ** – ғарышта желбіреген аз ғана тудың бірі» деген мақала жарияланған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы ретінде Шәкен Ниязбековтың 70 жасқа толуына орай өмірде қарапайым, адал да ақкөңіл,

өнерде талғампаз бекзат бітім иесін әңгімеге тарттық: *Қай жылы екені есімде жоқ, қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев көк туды ғарышқа алып ұшты. Ғарышқа барып келген тудың саны көп емес. Осыны көргенде «Біздің де байрағымыз ғарышта желбіреген аз ғана тулардың бірі болды-ау» деген мақтаныш сезім көкірегіме ұялады [74, 3-4 бб.].* Бұл мысалдағы көк ту, байрақ екеуі де мемлекет белгісін білдіретін жалау, ту деген ұғым.

Сөздікте берілген **ала байрақ** – мата-кездеме атауы. Ал қазіргі тіл қолданысында «**көк байрақ**» тіркесі кездеседі. «**Көк байрақ**» – мұнда тудың матасының түсі көк болғандықтан, **көк** сын есімі **байрақ** зат есімімен тіркесіп келіп заттанып кетіп отыр. Бұған бір мысал, 2008 жылғы тамыз айында шыққан «Сыр бойы» басылымында «**Байрақты** бәсекедегі толағай табыс болашақта биік белестерге бастайды» деген атпен жазылған мақалада зіл темір көтеруден екі дүркін әлем чемпионы Илья Илиннің сөйлеген сөзі:

Құрметті жерлестер!

Мен олимпиада тұғырында біздің еліміздің әнұраны шырқалып, Қазақстанның көк байрағы көтерілгенде өзімнің Отаныма және халқыма деген айрықша мақтаныш сезімде болдым [75, 1 б.].

Мұндағы байрақтың архисемасы қазіргі *ту, жалау* сөздеріне қарағанда едәуір мағынасы алшақтап, көмескіленген, бұл сөздің түп-негіз мағынасы ақындар өмір сүрген кезде *туды* немесе *жалауды* білдірмеген.

Аталған деректердегі аталымға уәж болған негізгі ерекшелік қасиеті, олардың *матадан жасалып, ағаш сапқа орнатылуы, және олардың биікте тұру қызметін атқарады*, яғни ономазиологиялық белгісі уәжі және аталымның жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен тұрпаттың қалыптасуына, сөйтіп, аталымның таңбалануына себеп болған.

Мысалы, феодалдық қоғам дәстүріндегі көп әйел алудан *бәйбіше*, қызды малға сатудан (қалың мал) *қалыңдық* сөзі пайда болды. Кеңес одағынан кейін, қазақ әйелдерінің теңдік алуымен байланысты көп әйел алушылық пен қызды малға сатушылық мүлде жойылды. Сондықтан көп әйелдің ең алғашқы алынғанына айтылатын *бәйбіше*, малға сатылуға тиіс *қалыңдық* ұғымдары сөзсіз көнеріп қалды. Бірақ сөйте тұрса да *бәйбіше* мен *қалыңдық* сөздері активті сөздіктен шығып кеткен жоқ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *бәйбіше* сөзінің екі мағынасы берілген:

I Бәйбіше – *бір ерге тұрмысқа шыққан көп әйелдің ең алғашқысына айтылатын атау;* **II Бәйбіше** – *әйелді сыйлағанда, құрметтегенде айтылатын сөз [14, 103 б.].* Қазіргі тіл қолданысында бұл аталым көп қолданылмайды, бірақ қолданыла қалса осы екі мағынада қолданылады.

Нұртуғанның «Мәулімнияз–Едіге» дастанында былайша айтылады: *Құтты би тоғыз жасқа шыққанда: «Қайын атаң – Сәтемір, қалыңдығың – Қағаз. Мен өле кетсем, күндердің күнінде сол қайын жұртыңды іздеп тап» деп үйрете берді. Уәзірге бір жұмыртқа ұрлап беріп, Сәтемір қызын содан жұпты қылды. Қалыңмал баста берген арам болып, Қыз Қағаз әлдекімнен жүкті болды [Н.К.Іт], – дейді. Бұл жерде қалың малға сатылған қыз – *қалыңдық* (көнерген жағы) мағынасында қолданылып тұр. *Қалыңдық* сөзінің*

қазіргі мағынасымен салыстыратын болса, Т. Ахтановтың Ұлы отан соғысы тарихынан алынып жазылған «Қаһарлы күндер» (233б.) атты романында: «*Әх достым, сен білмейсің зой. Валя дейтін қалыңдығым бар еді...*» дейтін сөйлем кездеседі. Осындағы *қалыңдық* баяғы қалың малға сатылатын қыз емес, *белгілі бір адамға тұрмысқа шығуға келісімін берген бойжеткен* мағынасында қолданылып отыр.

Мұнда келтірілген деректердегі «қалыңдық» сөзінің екінші мағынасының қалыптасуына *енді тұрмысқа шығатын бойжеткен* уәж болған.

Көнерген аталымдардың бір тобын Нұртуған мен Ерімбет қазақтың өткен тарихын баяндауда әдейі келтіреді. Мысалы, «*Жейде*» сөзін алайық: *Үстіңе жеңсіз жейдең бұйырса үш қат, Көрпеңіз тақтай ағаш жамылмаққа* [Е.К].

«*Жейде*» сөзін қазақ тілінің сөздігі былай деп түсіндіреді: **Жейде** – *ерлердің сырт көйлегі* [68, 226 б.].

«Жейде» деген атпен 1988 жылы «Еңбек туы» газетінде әңгіме жазылған. Онда: *Үстімдегі жейдемді апыл-ғұпыл шештім де, етегінен дар еткізіп жыртып алдым* [76, 4 б.] дейді.

Жоғарыда келтірілген үзінділердегі *жейде* сөзі диалектизм ретінде қазірде де көптеген аудандарда «ер адамның көйлегі» деген мағынада қолданғанымен, өткен ғасырдың өзінде-ақ бұл вариантты көйлек сөзі ығыстыра бастағанға ұқсайды.

Ғалым Р. Сыздық: «Жейде» сөзі Абай тұсында көйлектің (ерлер көйлегінің) көне фасонды түрін білдіріп, сол мағынада қолданудан ығыстырыла бастағанын өзге материалдан да байқаймыз [77, 111-112 бб.], – деген пікір айтады. Ал, Н. Ильминский *жейдені* сол кезде тек қарттар киетін ескі үлгіде тігілген көйлек деп көрсетеді: **жейде** – рубаха старинного киргизского покроя. Это бязевый халат с воротом шалью, на правой стороне завязывается шнурками. Теперь носят только старики [2, 133 б.]. Соған қарағанда, жейде бір кезде бүкіл қазақ даласында түгел түсінікті болып, белгілі бір үлгіде тігілген ерлер көйлегін білдіріп, жалпы халықтық тілде тегіс қолданылған көнерген аталым болу керек.

Сондай-ақ, Нұртуған мен Ерімбет қазақтың өткен ғасырлардағы заң жүйесін әңгіме еткен жырларында *жарғы//шарғы (Жеті жарғы)* термині еркін қолданады. Мысалы, *Зор дәһімет мұнан кейін тағы да бар, Қоспастай мерекеге әмір, жарғы-ақ* [Е.К]. *Арам жеген «ардақты» Құрсақтары салынып. Мең-зең болып манаурап, Заң-шарғыдан жаңылып* [Н.К.Іт]. *Иеменнен әр жыл сайын келеді адам, «Падиша «қой!» – деді, – деп, – бұл ниетті!» «Шарғы емес, бұл – падиша әмірі» деп, Сақи да тәрк қылмады бұл әдетті* [Е.К]. Мұндағы «**жарғы**» термині қазақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы деген мағынада қолданылып тұр. «Жарғы» көнерген аталымын қазіргі баспа беттерінде де кездестіруге болады.

2008 жылы шыққан «Жас қазақ» газетінде «Жарғыны жыртықан Мергенов» деген атпен мақала жарияланған. Онда: *Амандос Ақанов бастаған топ, одақтың жарғысын аяқ асты етіп, суретшілердің құқығын табанға таптап отырған Мергеновты сотқа бермекші. Қазақстан суретшілер одағы қазір*

адасып жүр, өзінің **жарғысы** бойынша 100 пайыз жұмыс істеп отырған жоқ, – деді Анабек Мыңжасарұлы [78, 3 б.].

Сондай-ақ, 2005 жылы шыққан «Шекарашы» журналында да «**Жарғыға** сай тәртіп қажет» деген тақырыптағы мақалада Полковник Тұрғамбек Станбеков өз ойын былай білдіреді: *Шекара заставааларын басқарып отырған офицер мамандардың көбісі жастар. Барлығы да күні кеше әскери институт қабырғасынан тәлім алған өзімнің шәкірттерім. Кәсіптік деңгейлері жақсы мәлім, қайткенде де теориялық білімді қызметтік тәжірибемен ұштастыра білу керек. Бұл бағытта көңілдегідей нәтижеге қол жеткізу үшін олардың бойында еңбекқорлық қасиет және, тағы да қайталайын, **жарғыға** сай тәртіп талап етілуі аса қажет* [79, 8-9 бб.].

Қазақ тілінің сөздігінде «жарғы» сөзінің екі мағынасы түсіндірілген: **I Жарғы** – көне. Қазақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы. **II Жарғы** – белгілі бір ұйымды құрудың, ұйымдастырудың, оның тәртіптерінің ережелер жинағы [68, 212 б.].

Келтірілген деректердегі аталымның жасалуына заң, ереже – уәжділік негіз болған.

Көнерген аталымдар да басқа лексикалық бірліктер сияқты терминделеді. Терминжасам жөнінде жан-жақты қарастырып жүрген ғалымдар Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, Қ. Айдарбектің еңбектері көнерген аталымдардың терминденуі жөнінде мол ықпал етті.

Қазақ тіл біліміндегі терминтану мәселесін сан қырлы жағынан танытып жүрген ғалым Ш. Құрманбайұлы сөздердің терминденуі туралы мынадай қорытындыға келді: «терминдену дегеніміз – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғымға қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде терминдік мағына жүктеу процесі» [34, 143 б.].

Сондай-ақ, ғалым ақындар шығармаларындағы **байрақ, жарғы, зайыр(лы)** сияқты көнерген аталымдарды терминдер қатарына жатқызады. Мысалы, **байрақ** – штандарт, **жарғы** – устав, **зайырлы** – светский, **зайырлы қоғам** – светский общество деп түсіндіреді.

Ғалым А. Салқынбай «Қазақ тілі сөзжасамы» атты еңбегінде: «Семантикалық сөзжасам парадигмасы – түбірлес сөздердің мағынасы арқылы бір деривация деңгейінде тұлғалық өзгеріссіз жасалған туынды аталымдардың жиынтығы. Семантикалық сөзжасам арқылы жасалған атаулар парадигмалық шеп құрай алады. Парадигмалық шепке ену үшін сөздің ерекше номинативті мағынасы болып, туынды атау ретінде танылуы қажет. Семантикалық сөзжасам негізінде жасалған атаулар морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сөйлеуде қызмет атқарғанда ғана негізгі мағыналары айқындалады [36, 93-94 бб.]. Ғалымның айтқан пікірін мысалдармен дәлелдейік. Ақындар шығармаларында кездесетін **дүр** сөзі көне тұлғалардың бірі. Бұл сөз адамға ғана байланысты айтылады. Н.Оңдасыновтың «Арабша-қазақша сөздігінде» **дүр** сөзінің мынадай мағыналары көрсетілген: **I Дүр** – *інжу (омыртқасыз, жұмсақ денелі сауытты*

жәндік денесінде пайда болатын көбінше ақ не ақ сары түсті қатты зат; маржан; қымбат); **II Дүр** – ауыс. зор, ірі, атақты, әйгілі; **III Дүр** – ауыс. асыл; **IV Дүр** – кісінің атындағы қосымша (Дүрдана, Дүржан); **V Дүр** –ды (-ді) қосымшасының көне түрі (формасы) [80]. Араб тілінде **дарриун** – інжу; айқын, жарқылдаған дегенді білдіреді [71, 314-315 бб.]. Моңғол тілінде **дүр** – ерік, тілек, ынтықтық; бейімділік, махаббат, ұнату деген мағынаны білдіретін сөз [81, 159 б.]. **Дүр** сөзінің мағыналарының бірнеше түрі ақындар шығармаларында кездеседі. Мысалы, *Кеңесіме құлақ сал, Ақылды туған, Алашым! Сөзбенен шаштым дүр, жауһар Керегін таңдап аласың* [Н.К.Іт].

Бұл жерде «**дүр**» аталымы асыл сөз деген ауыс мағынада қолданылса; *Қорықпаймын қандыкөз, Қайыспайтын дүр шықты Әке мен баладан айырылған, Қатын–бала күңіреніп, Жазықсыз жаннан шер шықты* [Н.К.Іт] – мұнда *ірі, алып* деген мағынада, енді мына жерде: *Кемеңгерге кездескенде, Кеміте алмас артып омырау. Білгендерге дүрдің сөзі Бесенеден беп-белгілі, Көп керуеннің ішіндегі Құба нардай таққан қоңырау* [Е.К] және *Молда-еке, ақылың кәмбіл, дүр – данасың, Сөз айтсам шарияттан тоқталасың* [Е.К] дегендегі «**дүр**» білімді, көп көрген адам мағынасында қолданылса, *Мен айттым: «Халықтың мизамы, әкімісіз,– деп,– Керек-дүр болмағыңыз көңіл саптан* [Е.К] дегендегі «**дүр**» -ды (-ді) қосымшасының көне түрінің орнына қолданылып тұр.

Қазіргі тіл қолданысында **дүр** сөзінің зат есімдік мәнінен сын есім жасайды, туынды мағынасы **дүрдей** «зор нәрседей (адамдай)», тіпті дәлірек айтқанда «**мықты адамдай**» дегенді білдіреді. «**Дүр**» сөзінің өзек семасына *асыл, алып* негіздері уәж, себеп болып отыр. Мұндай аталымның дамыған мағынасы тек сөйлемдегі қызметі нәтижесінде толық аңғарылады.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілінде кездесетін сол кезеңнің актив қабатындағы кейбір сөздер, қазіргі тілімізде пассив қабатқа өтіп көнерген аталымдар болып отыр. Мысалы, Нұртуғанның «Мәулімнияз–Едіге» дастанында: *«Кебенек ерді танытпас, Топқа түсіп сыналмай. Дауымыз біздің бітпей тұр, Бір-бірімізден құн алмай...»*, – деген өлең жолдары кездеседі. Бұл үзіндідегі **құн** – кісі өлтіргені үшін айыпкердің не оның руының мал басымен беретін төлемі мәнінде болса, қазір экономикалық термин ретінде қалыптасқан.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «құн» сөзінің екі мағынасы түсіндірілген: **I Құн** – тарихи. ерте кезде кісі өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем; **II Құн** – экон. тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория; белгілі бір затқа тән баға, нарық [68, 234 б.].

«Егемен Қазақстан» газетінде мынадай мәтін бар: *«Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережелерін бекіту ережесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық Кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 255-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және*

тауарлар импортын қосылған **құн** салығына босату тәртібін айқындайды [82, 5 б.].

Жоғарыдағы үзіндіде «**құн**» көнерген аталымның туынды мағынасымен, яғни белгілі затқа берілген баға мәнінде қолданылып тұр. Парсы тілінде **хун** – **қан** деген сөз [83]. Сұлтан билеген кезде ескі тәртіп үстемдік етті. Кісі қолынан біреу қаза тапса қанды қанмен жуып өлтірген жақтан да адам өлетін болған. Бірақ кейінгі кезде өлген адамның қанының бағасын төлеуге де мүмкіндік берді. Осыны **құн** дейді. «**Қан бағасы**» деген ұғым [84,58 б.].

Келтірілген тілдік деректердегі аталымға уәж болған ортақ белгісі *төлем* немесе *баға (нарық)* негіз болған.

Осы сияқты Нұртуғанның «Орақ–Мамай» дастанында: *Мұнан туған Нұрадин, Палуан қайсар өте тым Он екі жаста жау-жаулап Қол бастағанға ұқсайды – дейді. Осы өлең жолдарындағы қол – тарихи «әскер, жасақ»* деген мағынада қолданылып тұр.

Қазақ тілінің сөздігінде «қол» сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген: **I Қол** – 1) адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін мүшесі; 2) Ауыс. қолтаңба, жазу, почерк; 3) жұмыс күші, адам; **II Қол** – көне. әскер, жасақ, жауынгер; **III Қол** – жөн, ыңғай, лайық [68, 401-402 бб.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: **I Қол** – адамның иығынан бастап саусақтарына дейінгі мүшесі; **II Қол** – ірі әскер бөлімі [69, 332-333 бб.] деген мағыналары көрсетіліген.

Қазақ тіліндегі әскери лексиканың тарихын арнайы зерттеген ғалым Т. Байжанов қазақ тілінің ерте кездегі және қазіргі кездегі әскери лексикасын жан-жақты талдаған. Ол әскери лексиканың құрамындағы кірме терминдер мен байырғы атаулардың ара-жігін ажыратып, олардың шығу тегі мен қолданыс ерекшеліктерін анықтады. Ғалым **қол** сөзінің терминденуі жөнінде былай дейді: «қазақ тілінде **қол** сөзінің басты мағынасы – адамның дене мүшесінің аты. Кейінірек **қол** сөзінің «әскер, жасақ» мағынасы пайда болған. Демек, **қол** атауы метафораланып барып, «әскер, армия» мағынасын алған [85, 38 б.]. Сонымен қатар, бұл үлгіні терминжасамның бір үлгісі (моделі) ретінде пайдалана отырып, жаңа терминдер жасауға әбден болады. Тіліміздегі терминжасам мүмкіндігін жетілдіру осылай жүзеге асуға тиісті екендігін айтқан жөн.

Қазір бұл көрсетілген екінші мағынасында мүлде қолданыстан шығып, тек «адамның дене мүшесі» ұғымындағы негізгі мағынасымен бірге «*қол қою*», «*қолтаңба*» (*подпись*) тіркестерінің құрамында ауыспалы мағынада қолданылады. Дегенмен, «қол» аталымының барлығына ортақ мағына *қимылдық қасиеті уәж, себеп* болып отыр.

Сонымен қатар Нұртуғанның «Мәулімнияз–Едіге» дастанында мынадай жолдар кездеседі: *Артыңнан барған Жанбайға, Өкпелепсің хандарға. Халық-қалия, қарындас, Жасы жеткен шалдарға.* Нұртуған **қарындас** сөзінің көнерген мағынасын 2–3 жерде қолданып, бұл атауды *туысқан, ағайын, бір жұрттың (рудың, тайпаның) адамы* сөздерінің синонимі ретінде келтіреді. «**Қарындас**» сөзінің көне мағынасын басқа ақын-жыраулар шығармаларынан

да көре аламыз. Мысалы, *Тар қолтықтан оқ тисе, Тарыққанда қайрылар Қарындасым менде жоқ, – (Махамбет). Жайыңды білген қарындас, ол қарындас әм жолдас* (Шалкиіз).

Мәселен, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «қарындас» сөзі зат есім ретінде көрсетіліп, оған қысқаша түсініктеме берілген: **Қарындас** – зат. жасы кіші әйел жынысы ағасына қарындас болады [69, 319 б.].

Қазіргі баспа беттерінде кездесетін «қарындас» сөзі жоғарыда көрсетілген мағынада қолданылған. Мысалы, 2006 жылғы «Ана тілі» газетіндегі мына үзінді осының айғағы: **«Қарындасын зорлықтан құтқарған қос қыранға «Атамекен холдингі» құрмет көрсетті»**. Газетімізде жарияланған «Қазақтың қос қыраны қарындасын қаныпезер зорлықтан құтқарып қалды» деген мақала талай қазақтың намысын оятатынына, ашу-ызасын тудыратынына күн сайын көзіміз жетуде. Оған редакцияға келіп жатқан хаттар мен соғылған телефон қоңыраулары куә [86, 1 б.].

1999 жылы «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілінің сөздігінде» осы түбірге қатысты үш түрлі мағынасы көрсетілген: **I Қарындас** – зат. бірге туған ағасынан жасы кіші қыз; **II Қарындас** – жасы үлкен адамның айтатын қаратпа сөзі; **III Қарындас** – көне. ағайын-туған, бауыр [68, 384 б.].

Көне түркі тілінде, ежелгі қазақ тілінде, қазіргі кейбір түркі тілдерінде бұл түбір «туысқан, бір тектен шыққан адамдар» мәнін білдіреді. Дегенмен, *қарындас* сөзінің о бастағы «ағайын, туысқан» мағынасы – өткен ғасырда қазақ тілінде жоғала бастаған құбылыс, оның орнын соңғы мағыналар ығыстыра бастады да, *қарындас* варианты осы күнгі «бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасын», болмаса «жасы үлкен ер адамның әйел балаға айтатын қаратпа сөзін» білдіріп, мағынасы тарылған. Ал, ақындар шығармаларындағы «қарындас» сөзінің «ағайын, туысқан» мағынасы мақал-мәтелдерде сақталған. Мысалы, «Ауру – астан, дау – *қарындастан*», «*Қарындасың жоқ болса, жауда қалар жалғыз бас*». Жоғарыда келтірілген деректерде «қарындас» аталымының ортақ белгісі *туыс адамға қатысты айтылуы* негізгі уәж болған.


Осы сияқты Нұртуған шығармасындағы «**батыр**» сөзін алайық. Мысалы, ***Батырына сәлем айт, Қолынан туы құлаған. Бұл үзіндідегі батыр – елді жаудан қорғап, жауын жығылдырған ер жүрек адам.***

Батыр – жалпы түркі тілдеріне ортақ көнерген аталымдардың бірі. Көне түркі жазуларында *батур*, *баһадур* сөздері жалқы есім және әскери атақ мағынасында қолданылған. *Батыр* термині көпшілік тілдерде бар: қарақалпақ, татар тілдерінде *батыр*, өзбек тілінде *ботир*, ұйғыр тілінде *батур*, осман түріктері тілінде *ватур*, қырғыз тілінде *баатыр*, алтай тілінде *матыр*, *патыр*, шор тілінде *бағатыр*, румын тілінде *бахадирка*, украин, поляк, орыс тілдерінде *богатыр*, венгер тілінде *ватор*, вогул манси тілдерінде *мадур*, осетин тілдерінде *ватроз*, үнді тілінде *вахадур*, француз тілінде *бахадойр* формасында ұшырайды.

Тарихи деректерге ден қойсақ, қадым заманнан көне түркі тілдерінде бұл сөздің *батур* немесе *баһадур* сияқты екі түрі болған.

Бір қатар ғалымдар (Ғ. Мұсабаев Э. Шаванн, А. Вамбери) «батыр» сөзі көне түркі сөзі деп көрсеткен. Көне түркі тіліндегі *бат-тур*, ол кездегі соғыс дәстүрінде майдан – екі қолдың аралық жері. Осыған жекпе-жекке шығады. Сол майданда жекпе-жекке шығып, қарсы жауын күткен адамға *бат* – «батыл», *тыр* – «тұр» деген сөз деп көрсетеді.

Сөйтіп, *батыр* сөзі – қазақ сахарасында жасаған, түркі тілдес көшпелі қазақ тайпаларының арғы тегі – хундардың тілінде болған көне түркі сөзі. *Батыр* сөзін бауырлас, қандас түркі халықтарының тілдеріне ортақ мұра деп қарау керек. *Батыр* сөзі түркі тілдері арқылы ерте кезде орыс тілдеріне ауысқан. Орыс тілінде бұл сөздің екі мағынасы бар: бірі, – *батырь*, екіншісі – *богатырь*



Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи тәжірибенің негізінде жасалады. «**Батыр**» сөзінің лексика-семантикалық өрісіндегі мағынаның барлығы дерлік бір түбіртектен тарайды, яғни *ер жүректік, күштілік, мықтылық* қасиеті себеп болған.

Ғалым Б. Қасымның «Сөзжасам: семантика, уәждеме» атты еңбегінде күрделі атаулардың өзек мағынасына қатысты құнды пікірлер айтады: «Кейбір аталымдардың мағыналары күңгірттеніп, мағыналық сәйкестік мүлдем алшақтап, не мүлде белгісіз жағдайға жеткен жасырын, яғни идиомаланған күрделі заттық ұғымды білдіретін атаулар: *алтынкүрек* (жел), *сарыатан* (шілде), *сегізкөз* (анат), *кемпірауыз* (құрал) т.б. – заттың күрделі атауларының

сөздің ішкі құрылымының даму нәтижесінде қалыптасқан бірліктер екені даусыз. Күрделі атаулардың алғашқы қалпында *негіз мағыналары* болғаны сөзсіз, келе-келе ол *өзек* күңгірттеніп, ұмытылған. Атаудың мағынасы *кеңейіп, толыға* түскен. Қолданыста тіл иесі оны ізеп жатпайды, дайын қазіргі *сөзжасамдық мағынасы* тұрғысынан қолданады» [36, 81-82 бб.].

Ақындар тіліндегі көнерген аталымдарды жан-жақты талдай келгенде, мынадай тұжырымдамаға тоқталдық:

- көнерген аталымдардың астарында уәж жатады, уәжділік аталымның пайда болуына негіз болады;

- көнерген аталым негізіне себепші уәжділіктің бір белгісі түрткі болу керек;

- уәжділік белгілерге: пішін, түс, қызмет, көлем, сапа, мөлшер, орын т.б. жатады;

- әрбір көнерген аталымның семантикалық құрылымында уәжділік ерекшеліктері әртүрлі қалыптасқан. Дегенмен, көнерген аталымның лексикалық мағынасының қалыптасуына заттық белгілер, сол аталымның уәждемесіне негіз болғандығы айқын аңғарылады.

Сондай-ақ, көнерген аталымның ішкі мағыналық құрылымы мен уәжділігі арасындағы гносеологиялық тұрғыдан да, қолданыс тұрғысынан да елеулі айырмашылық бар:

- тіл арқылы аталатын заттың немесе құбылыстың белгілерін белгілеу актісі арқылы жаңа аталымды жасауға қатысатын тілдік бірліктер; **ішкі мағыналық құрылым** – негіз, **уәжділік** – көнерген аталымның туынды мағынасын қалыптастыратын үрдіс, ол – сөзжасамның нәтижесі.

- ішкі мағыналық құрылым – кез келген көнерген аталымның жүйелі сипаты. Уәжділік сөзжасамда қосымша сипат алады, яғни уәжділік бірде бар, бірде жоқ.

- көнерген аталымдардың уәжділігі – ішкі мағыналық құрылым мен мағынаның арасындағы арақатынастың нәтижесі.

- көнерген аталымның уәжділігі синхрония құбылысы, ал ішкі мағыналық құрылым – тілдік бірліктердің түптөркінін (этимонын) ашуға мүмкіндік жасайды.

- көнерген аталымдардың ішкі мағыналық құрылымындағы уәжділік негіздің тасалануынан, мағыналардың күңгірттенуінен, өшуінен метафоралану арқылы көнерген аталымдардың жаңа мағыналары пайда болады.

Ақын-жыраулар шығармаларындағы көнерген аталымдардың мағынасы мен қызметі жағынан сараланбай жұмсалғандығы байқалады. Мысалы, экономикалық және әлеуметтік тәуелді топтарды білдіретін аталымдар – *кедей, жарлы, байғұс* сөздері мағына жағынан бір-бірінен ажыратылмаған синонимдер. Ал қазіргі нормамызда соңғы сөз *бейшара, мүсәпір, сорлы* сөздерінің синонимі ретінде танылады. Сол сияқты *бай, бек, батыр* сөздері де әрі тура мағынасында, яғни терминдік мәнде, әрі жалпы аталым ретінде қолданыла береді. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілінде синоним

болып жұптасатын мәндес сөздер тобы, яғни синонимдік қатар молынан кездеседі.

«Сөз мағынасында әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы, ұлттық сипаты болады. Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де, ішкі себептер де ықпал етеді. Әсіресе сөз мағынасына ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда, бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарымен өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады» [58, 85 б.].

Ғалым Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев еңбегінде: «Тілдегі синонимдік қарым-қатынастар әрдайым үздіксіз өзгеруде, дамуда болады. Әсіресе сөздің мағыналық жағынан болған өзгерістері синонимдердің арасынан айқын және тез байқалады. Қоғам өміріндегі әрбір тарихи оқиғалардан кейін бір жағынан кейбір синонимдік қарым-қатынастар бұзылып өзгеріп жатса, екінші жағынан бұрын-соңды тілде өмірбақи болып көрмеген жаңа синонимдік құбылыстар туып жататындығын аңғарамыз. Сондықтан синонимдер тарихи өзгеріп отыратын семантикалық категория деп танылады» – деп тұжырымдайды [67, 108 б.].

Ғалым Б. Қасым күрделі атаулардағы синонимдік қатар туралы қорытындылай келіп: «Күрделі атаулардың мағыналық жағынан даму нәтижесінде жаңа синонимдік қатарлар түзіліп, лексикалық қордың баюына өз үлесін қосуда. Тілдегі синонимдер де – қоғамдағы құбылыстардың өзгеруіне, жаңғыруына орай мағыналық жағынан дамып, жетіліп қалыптасатын атаулар. Тіпті, қолданыс қызметінде де маңызды қызмет атқаратындығын да айтып өтеді» [36, 71 б.].

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Ақындар шығармаларының тілінде ерекше көзге түсетін нәрсе – көнерген аталымдарға негізделген синонимдердің молынан қолданылуы.

Айталық, синонимдерді таңдауда олардың сол мәтінде алынған қатары айтарлықтай экспрессивті немесе көбіне поэтизм болмауы да мүмкін, бірақ белгілі бір стильдік мақсатпен келгенде, синонимдердің дәл сол таңдалған варианты ұтымды болып табылады.

Сыр бойы ақындары Нұртуған мен Ерімбет синонимдерді таңдауда нағыз ұтқырлық танытқан. Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Ә.Болғанбаев синонимдерді қолданудың негізгі тәсілдерін көрсетеді [87, 6-9 б.]. Сол тәсілдерді негізге ала отырып, ақындар шығармаларында кездескен синонимдік қатардағы көнерген аталымдар қолданысы былайша анықталды:

1 Синонимдер контексте мағыналық контраст деп аталатын кереғарлық мән тудырып, оның оқырманға тигізетін әсерін – экспрессиясын күшейту арқылы стильдік жүк арқалайды. Ақындар шығармаларының тілінде алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған мәтінде бір рет пайдаланған көнерген аталымды қайталамас үшін қолданылады.

*Ісіне өзі қылған **пүшәйман жеп,***

*Келе жатыр көп **опынып** жалғыздыққа [Н.К.ІТ].*

Қашып шыққан шаруалар,

Кұл-құтан** мен **қаралар,

Аулаққа салды кетегін [Н.К.ІТ].

Айрықша Ғали шерді қайғы басты,

*Марқұмның өлгеніне болып **пүшман!** [Е.К].*

*Құдайға **мінажат қып** Әбу Шашма,*

Ішінен жалбарынды оқып дұға [Е.К].

*Қарасай өз **жасағымен,** Айсаның ұлы Ахмет өз әскерімен топ-топ болып жүрді [Н.К.ІТ].*

*«Әуелі **пәруәрдігер** сені айтармын,*

***Жасаған Жаппар** тұрып кімді айтармын?! [Н.К.ІТ].*

Меккеде мекен-жайы өмір сүрген,

*Елу жыл дүниеде **дәурен құрған** [Н.К.ІТ].*

2 Синонимдерді қолдануда Нұртуған мен Ерімбет ұстанған және бір тәсіл – олардың өлеңнің бір жолында қатар келтіріп, градация (сөз мағынасын бірте-бірте күшейту немесе әлсірету) арқылы оның экспрессиясын арттыру. Бұл тәсілді ақындар жүйелі түрде жиі пайдаланған. Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним (мағыналас (көнерген) аталымдар) қатарма-қатар қолданылады.

***Ұрыншақ, шалпы** жанның тілі удай,*

Жүрегің шоқ басқандай дір етеді [Н.К.ІТ].

Хүсейін патша болып мініп таққа,

*Теңгерді **заріп, міскін, кедейлерді** [Е.К].*

3 Ақындар шығармаларында синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданады.

Шам шахы тіріліктің тартты азабын,

*Қоймады төрт арыстан **күш-мажалын** [Е.К].*

***Көр-лаһат** көрмегенге суық қандай,*

Таяқ бар сұраушыдан темір ұшты-ай [Е.К].

Мең-зең болып манаурап,

Заң-шарғыдан жаңылып [Н.К.Іт].

*Сол бір кездер есімде
Сан мың жарлы-жақыбай,
Қайыр сұрап жүретін* [Н.К.Іт].

4 Мағыналас екі немесе үш сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданысын плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі деп атайды.

*Талабымды оңғарса,
Жаратқан жаппар құдайым* [Н.К.Іт].

*Жандыны жаратушы жаппар құдай,
Ойласпас жақсылығын берерінде* [Н.К.Іт].

*Сол уақта Жаппар һақтан хабар келген,
«Халықтың арасында өлтір» деген* [Е.К].

*Мына ұрият бостандық,
Туғызды күн мен айыңды...* [Н.К.Іт].

5 Синонимдер жеке сөз ғана емес, фразалық тіркестерде де жиі ұшырасады. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айтып беруде фразалық тіркестер орасан зор қызмет атқарады.

*Мұқтар деген біреу бар –
Қатты мәзәжіп, кеулі тар* [Н.К.Іт].

Жоғарыдағы мысалдарда көнерген аталымдар, арабизмдер мен парсысизмдер синонимдік қатар түзу үшін стильдік мақсатпен алынған. Ғалым Б. Юнусалиев екі синоним сөздерді қатар қолдану – жазба әдебиетке өзге тілдік элементтердің жаңа ене бастаған кезінде болатын әдіс деп санайды [3, 227 б.].

Ал, антонимдер қарама-қарсы құбылыстарды бір-біріне шендестіріп салыстыру арқылы күшті стильдік мән тудырады. Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларында көнерген аталымдарды жаңа антонимдермен кезектестіріп, ыңғайластырып қатар жұмсалған түрлері де кездеседі.

*Әу баста құдіреттің жазған ісі
Басына әлде залал, әлде пайда* [Н.К.Іт].

*Мейманды сағат сайын үш көреді,
Әдеппен кейде ғамкін, кейде күліп* [Е.К].

Мұндағы залал (зиян), ғамкін (қайғы) көнерген аталымдар.


Ақындар шығармаларындағы лексикалық бірліктердің уәжділік ерекшеліктері қарастырылған бұл тараушада көнерген аталымдардың жасалуындағы мағынаның кеңеюі мен тарауы туралы айтылып, аталымға себеп болған уәж тұрғысынан талдау жасалды.

Көнерген аталымдардың лексика-семантикалық топтары

Тілдегі көнерген аталымдардың көнеруі не біржола жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі бір ұғымның көнеруіне байланысты сол ұғымды аңғартатын аталымның да қолданысы сирей бастайды. Тіл-тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өрнектері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмсалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады.

Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларының аясы өте кең, сан алуан. Аталмыш ақындар өздері өмір сүрген дәуір тынысын сезініп, біліп, танып, шығармалары арқылы үн қосып отырған. Ақындар көркем шығармаларында сол тұста мол қолданылған, бірақ қазір көнерген болып есептелетін аталымдарды қолдана отырып, шығарманың лексика-семантикалық қабаттарын байыта, ажарлай түскен.

Зерттеу жұмысында ақындар шығармаларында кездескен көнерген аталымдарды сұрыптай келе, бес тілдік қолданыс анықталды. Олар: **қазақ, араб-парсы, моңғол, орыс тілдері.**



3 сурет - Е. Көлдейбекұлы мен Н. Кенжеғұлұлы шығармаларындағы бес тілдік көнерген аталымдардың пайыздық (%) көрсеткіші

Н.Кенжеғұлұлы мен Е.Көлдейбекұлы шығармаларының лексикасын байытып тұрған көнерген аталымдар. Екі ақынның да шығармашылығында қазақтың жалпы халықтық тілін негіз етті деген қағиданы айтуға себеп болатын негізгі фактінің бірі – олардың сөздік құрамының ішінде **қазақтың байырғы төл сөздерінің** қолданылуы. Мысалы, *қорамсақ, жарғақ, сауыт, түрме, күйме, жауырынышы, жаушы* т.б. сөздерді атауға болады.

Тағы бір ескеретін жайт, сөздік құрамы «таза» сақталған тілді ешбір жер шарынан іздеп табуға болмайды. Әрбір тілде шетел тілдерінен кірген сөздер болады. Қазақ тілінің тарихына көз жіберсек, сырттан кірген сөздерді байқау қиынға түспейді. Мұндай сөздердің қайсыбірі халық тілінің фонетикалық

әуеніне сай қалыптасқандықтан **«кірме сөз»** екендігін тану да оңайға соқпайды, ал кейбір кірме сөздер оқшауланып, өзіндік ерекшеліктерімен игерілген.

Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де **араб** және **парсы тілінен** ауысқан сөздер қай кезең болса да едәуір орын алып келеді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса да мұсылманша оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды.

Сонымен **араб-парсы тілдерінен** енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-түрпатын, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан кірме сөздердің көнерген түрі қазіргі қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, олардың стильдік мәні жағынан саралануына ықпал жасайды. Әдеби тілде қайсысы үстем қолданылу керек деген мәселеде төл (тума) сөз бен кірме сөздердің арасында ана тіліміздің өз сөздері көп жағдайда үстем болып отырды. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында кездесетін қазіргі қазақ лексикасында көне сөздер қабатына енген **араб-парсы** сөздерінің төл сөзімізбен салыстырғанда анық байқауға болады. Мәселен, *ақын* мен *шайыр*, *ақша* мен *пұл*, *қолбасы* мен *сардар*, *оқымысты* мен *ғұлама*, *төреші* мен *қазы*, *үлгі* мен *ғибрат*, *маңдай* мен *пешене* сияқты сөздердің кейінгі сыңарлары пассив сөзге айналды. Сөйтіп, олар стильдік синонимдердің санатына барып қосылды. Сонымен қатар қабат тілде кері үдерістер де болды. Аталған ақындар шығармаларында кездесетін қазақтың *қатын* деген көнерген аталымын арабтың *әйел* (*гәйал*) деген сөзі әдеби тілден ығыстырып шығарды. Ақындар туындыларында кездесетін қазақтың байырғы *тәңір* деген сөзінің орнына парсының *құдай* (*ходай*) деген діни сөзі жиі айтылатын болды.

Ақындар тілі лексикалық қабатын байытып тұрған – **араб** және **парсы** сөздері. Бұрыннан қазақтың жалпы халықтың тілінде қалыптасқан шығыс сөздерін Нұртуған мен Ерімбет жатсынбай, еркін қолданады. Олар дінге, оқу-ағартуға, өнер-білімге, әкімшілікке, сауда-саттыққа қатысты болып келеді. Араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін, жалпы халықтық тілдегі сияқты, ақындарда да дерексіз ұғым атаулары құрайды (*кәр*, *ағзам*, *әзел*, *әмір*, *запыл*, *гамкін*, *ғиззат*, *ғибрат*, *ғинаят*, *ғұзыр*, *дат*). Екі ақынның да лексикасының бір ерекшелігі – мұнда қазақ тіліне енбеген араб-парсы сөздерінің де қолданылатындығы.

«Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерді шамамен болса да дәуірлеу қиын», – [88, 27 б.] дейді «Дала уәләятының» газетінде. Бірқатар тіл тарихын зерттеушілер бұл тілдерден сөз ауысуды орта ғасырлардан басталады деп айтады. «Шындығында да, қазақ тіліндегі көптеген араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына әбден бағынып, қазақтың байырғы сөз, қосымшаларымен жымдаса кірігіп, басқа тілдік қасиетін жойып кетуі – олардың талай ғасырды басынан кешіргендігінің айқын айғағы сияқты. Екінші жағынан, бірсыпыра дінмен, оқу-жазумен байланысты сөздердің кейінде яғни

XVIII–XIX ғасырларда реакциялық бағыттағы панисламизм қозғалысы дәуірлеп тұрған кезеңде кіргені байқалады» [89, 169 б.]. Аталған ақындар шығармаларының құрамындағы кірме сөздердің мол қабатын **араб** пен **парсы** тілдерінің сөздері құрайды.

Ақындар шығармаларында кірме көнерген аталымдардың қабатын **монғол тілінен** енген сөздер құрайды. **Монғол тілдерінен** қазақ тіліне сөздердің енуінің өзіндік себебі бар. Бұған ең алдымен екі халықтың ғасырлар бойы көршілес тұрып, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауы себеп болған. Сонымен бірге XIII ғасырда монғолдардың Қазақстан және Орта Азия жерін жаулап алып, ол жерлерде Шыңғыс әулеті билеген ұлыстар мен ордалардың үстемдік етуінің әсері тиген. Тіпті қазақ хандығы құрылған XV–XVIII ғасырларда да монғолдармен тегі бір Жоңғар қалмақтары (олар тарихи деректерде ойрат тайпаларынан тұратын батыс монғолдар деп аталады) қазақ жеріне үнемі шапқыншылық жорықтар жасап отырғаны тарихтан белгілі.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында монғол тілінен кірген қазіргі лексикамызда көне сөз болып табылатын сөздер негізінен әкімшілік, ел билеуге байланысты: *ұлыс, нөкер, жасақ, жарлық, көбе, баһадүр, ұғыл, жасауыл, жарлық, садақ* т.б.

Нұртуған мен Ерімбет лексикасында **руссизмдердің қолданылуы** – қазақ жазба әдеби тілінің даму жолындағы «азаматтық паспорт» алған тенденциялардың бірі. Бұл тенденция аталған ақындардан бұрын жалпы халықтық тілдің өзінде басталған болатын. Оны бұл ақындарға дейінгі қалам иелері де жатсынбай қабылдап, шығармаларында *орыс элементтеріне* орын бергені көрінеді. XIX ғасырда, көбінесе II жартысында хатқа түскен ауыз әдебиеті үлгілерінде де орыс сөздерінің едәуір кездесуі осыны танытады. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында осы кезеңдегі әлеуметтік жағдайдан елес беретін кірме сөздердің көне түрінің көптеп кездесетінін, оның ішінде орыстан кірген, қазіргі тілімізде көнерген аталымдар қатарындағы *болыс (волость), князь, ояз (уезд, үйез начальгі), шен (чин), губернатор, ауылнай (аульный)* сияқты көнерген аталымдар кеңінен қолданылған.

Шын мәнінде аталған ақындар шығармаларына келсек, бұл – XIX ғасырдың II жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы ширегінде туған көркем әдебиет жанры, оның ішінде поэзия дүниесіне қол артқан үлгілер. Олардың шығармаларының ерекшеленген негізгі белгілері: **біріншіден**, сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болулары; **екіншіден**, тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынғандықтары; **үшіншіден**, тілдерінде, әсіресе грамматикалық тұлға-тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтың жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып табылады.

Әртүрлі тарихи құбылыстарға орай, қолданысқа енген кірме сөздер бірте-бірте тілдік дәстүрге ауысқан да ұлттық мұра ретінде жалғасын тапқан.


Көнерген аталымдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген аталымдардың лексикасын құрай алады. Тілдегі көнерген аталымдар негізінде мынадай екі топқа бөлінеді: 1) **тарихи аталымдар** (историзм); 2) **көнерген аталымдар** (архаизм). Бұл екі лексикалық

топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрақты, әрі белгілі бір қағидаға негізделген қасиеті болып табылады.

Ғ. Мұсабаев көнерген аталымдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, ескі әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып, историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, Октябрь дәуірінен кейін туған сөздер», [90, 185-191 бб.] деп жіктейді.

Сонымен қатар Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде көнерген аталымдардың лексика-семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара топтайды: архаизмдерді – мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер; киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа топтайды: әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер; әскери атақ пен қару-жараққа қатысты историзмдер; Совет тұсында пайда болған историзмдер [31, 86-88 бб.].

Аталған ғалымдардың жіктемелерін негізге ала отырып және Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген аталымдарды саралай келіп, оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға жіктедік:



Сыр сүлейлері Нұртуған мен Ерімбет шығармалары түгелдей поэзиялық: тағылымдық-философиялық, діни-танымдық философиялық өлеңдер, арнау-толғаулар, айтыстар, дастандар болып келеді. Әрине, дастандарының тілінде эпостық жырларға тән қара сөзбен берілген авторлық баяндаулар да кездеседі.

1 Діни ұғымға қатысты көнерген аталымдар. Ақындар өмір сүрген тұста қазіргі тілде көнерген болып табылатын мол қабатты діни ұғымға қатысты сөздер құрайды.

Ақындар шығармаларының тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездесетіндігін жоғарыда атап өткенбіз. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар (*жәһаннам, құтба, зікір, зекет, махшар, топан, аят, рабат, бесін, підия, мүһмін, тәубе, хазірет, аждаһа, зұлтыхар, тамұқ, иман, уәжіп, парыз, сүннет т.б.*) мен дін иелерінің (*зұлжалал, абыз, бақсы, пір, хақ, Ібіліс, пірадар, соны, сахаба, мұрит, шахарияр т.б.*) аттары құрайды. Сондай-ақ, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар атаулардан тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болды. Нұртуған мен Ерімбет – мұсылманша сауатты болған адамдар. Ал мұсылманша хат танығандардың араб-парсы тілдерінен азды-көпті хабары болатыны даусыз. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу тіліне енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Ақындардың шығармаларының басым көпшілігінде тек қана дінге қатысты *пейіш, тамұқ, зекет, жаббар, құбыла, мүһмин, иман, құда, ахирет, тәкбір, сират, шайтан, махшар күні, құдайдың пәрмәні, раббы, пір, сүннет, парыз, уәжіп, хатим* қылу деген «діни» атаулар қолданылады.

Осылардың бірі «жаббар» сөзі. Сөздіктерге сүйенсек, қазір көне аталым қатарындағы **жаббар** сөзінің – 1) *алып, құдіретті, ие, қожса*; 2) *діни. құдайдың бір аты*; 3) *балуан, батыр*; 4) *мейірімсіздік, қаһарлы, қатал* [70] деген төрт түрлі мағынасы берілген. Ол араб тілінде **жаббарун** (могучественный, могучий; гигантская сила; жестокий, немилосердный; великан, гигант, богатыр) *құдіретті, аса күшті рақымсыз, мейірімсіз, алып, үлкен батыр* [71,1 42 б.] дегенді білдіреді. Мысалы, *Нұртуғанның «Әуелі сөйле, тілім, жаббар хақтан!» деген толғауында мынадай жолдар бар: Әуелі сөйле тілім жаббар хақтан, Сөз шығар қиял мен ой, тіл мен жақтан* [Н.К.Іт]. Мұндағы діни ұғымды білдіретін «жаббар» сөзі Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастанында да кездеседі: *Сол уақта Жаббар хақтан хабар келген, «Халықтың арасында өлтір!» деген. Құдайдан анық пәрман болғаннан соң, «Дүреге, – сонда Омар, – келтір!» деген* [Е.К]. Екі ақын да «жаббар» сөзін бірінші мағынасында, яғни «құдіретті» деген ұғымда қолданған. Бірақ Ерімбет ақын бір шумақ өлеңде «жаббар» және «құдай» деген бір мағыналық сөздерді пайдаланған. Ақынның бұлайша қолданысы бір сөзді қайталамау үшін өлеңнің келесі жолында синонимдік қатардағы «құдай» сөзін келтірген болу керек.

Нұртуған мен Ерімбет ақын шығармаларында құдайдың теңеуі ретінде бірнеше сөздер берілген. Солардың бірі араб тілінен енген «зұлзалал» сөзі.

Н. Оңдасыновтың сөздігінде, **зүлзалал**: 1) ұлылық иесі (діни. құдайдың көп аттарының бірі, Алланың теңеуі), құдірет, дүниенің тірегі, жасаған; 2) патшам (патшаға айтатын мәртебелік сөз) [70] деп көрсетілген. Бұл екі түбірден құралған араб сөзі: **заулун** (привидение, дух) көзге елестеу, әулие, аруақ; **жалалун** (быть великим, величественным, славным, могущественным) ұлы, даңқты, құдіретті болу [71, 162-424 бб.] дегенді білдіреді.

Нұртуғанның «Дертімнің «құлым» десең дауасын сал» деген өлеңінде мынадай жолдары кездеседі: *Сүйендім жалғыз Алла, өзіңе адал, Шипа бер кеселіме, сен, зүлзалал. Басқаға бір өзіңнен сиынбаймын, Дертімнің «құлым» десең дауасын сал?! [Н.К.Іт]. «Зүлзалал» сөзі Ерімбет шығармашылығында жиі қолданылатын сөздердің қатарында: *Сабыр бер сондай зүлзалал, Мына гәріп маған да. Інісі Жүсіп нәбиге Ағалары қас болғанда [Е.К].**

Бұл үзіндідегі «зүлзалал» жасаған, құдірет деген өзек мағынасында қолданылып тұр. Бұл сөз кейінгі ақындардың діни ұғымда жазған кейбір шығармаларында да кездесіп қалады.

Қазіргі тіліміздегі **кәпір** сөзін бұрын **кеуір** деп атаған. **Кеуір** – діни ұғым. *діннен шыққан, құдайға сенбейтін адам, кәпір. Араб тілінде кафирун /покрывать, скрывать; не верить в бога/ жасыру, сенбеу; кәпір болу, құдайға сенбеу [71, 887 б.]* деген сөз. Осы сөз Н. Кенжеғұлұлының «Қарасай-Қазиді» дастанында кездеседі: *Шақтанған кеуір шамалап, Жабыла шауып ат қойды, Кеуірлер іште даяр тұрған [Н.К.Іт]. Мына жүрген кеуірлер Құранды, дінді қорлады. Мұсылманның баласы Нақақтан талай жылады [Н.К.Іт]. Жанқожа жаулық қылды гайыр дінге, Кеуірдей халық дұшпанын зар жылатқан [Е.К].*

Үзінділерде келтірілген «**кеуір**» қазір диалект сөз ретінде «кәпір» болып айтылып, *жаны қаламау, жек көру* мағынасында, адамға не затқа қатысты айтылады.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында діни ұғымда қолданылған «**махшар**» сөзі кездеседі. **Мақшар** – заманның ақыры болып, өлген адам баласының қайта тірілгеннен кейін күнәсі тексерілетін орын деген наным. Ал, Мұхаммед пайғамбардың айтуы бойынша: жер жаратылғаннан бергі барлық өлген адамдардың қайта тірілгеннен кейінгі жиналатын орны. «Мұнда ата-баба, үрім-бұтақ бірін-бірі таниды», – дейді.

Нұртуғанның «Қарасай-Қазиді» дастанында Қарасай мен қалмақ қызы Күнқияш біраз айтысады. Содан соң Күнқияштың ақырғы жауабы: *Махшарда кетпес дақ болар, Балқыған күндей жүзіме. Өтірік ұрыс салмайық Халқымның кіріп сеніміне [Н.К.Іт].* Бұл жерде Нұртуған «**махшар**» сөзін *о дүние* деген ауыс мағынада қолданып отыр. Ал, Ерімбетте: *Үммет қылдым! Мақшарда Боларсың, – деді, – дін аман!» [Е.К]* деген жолдарда «**махшар**» *о дүниеде пенделердің жарық дүниедегі жасаған амалдарын тексеретін орын* деген мәнде қолданылған. Келтірілген деректерді негізге ала отырып, «**махшар**» діни ұғымның өзек семасына **о дүние** уәж (негіз, себеп) болғанға ұқсайды. Парсы тілінде **машһар** (показ, место выставления на показ, выставка) көрсететін, сарапқа салатын орын, *көрме [83,500 б]* дегенді білдіреді. «**Махшар**» ақындар өмір сүрген тұста актив қолданылғанымен, қазір

атау күнірттенген, бірақ дін уағыздаушылардың тілінде жиі ұшырасатын сөз болып қалыптасты.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында кездесетін «**аят**» сөзінің Н. Оңдасынов сөздігінде: **Аят** – 1) белгі; 2) *гажсап, тамаша, керемет*; 3) *діни. Құран тарауларының аты, Құран аяты – өлеңі, Құран сүрелерінің жеке-жеке сөйлемдері* [70] деген үш түрлі мағынасы көрсетілген. «**Аят**» араб тілінде **аиатун** /знак, чудо; стих корона/ *белгі; керемет; құранға жазылған өлеңдер* [71,60 б.] дегенді білдіреді. Бұл сөз дәл осы мағынада Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында жиі ұшырасады: *Әзелден асылы хақтың орны мағұлым, Орнына әзәзілдің барып еді. Аяттан оқып көрер сенбегендер, Қаламда хақ Расуліге жазып еді* [Е.К]. *Ғайсадан бес жүз алтыс тоғыз жыл соң, Ақ нәби ұзап кетіп сонда туған. Дүниенің аяты бар көрсең оқып, Бұл жалған саруар үшін жаратылған* [Н.К.Пт]. Екі ақында да «аят» діни ұғымда құран мағынасын білдіреді. Яғни «**аят**» сөзінің түп мағынасы құраннан алынған сөйлемдер, құран тараулары себеп болған.

Ақындар тілінде жиі ұшырасатын көнерген аталымдардың бірі парсыдан енген «**пірәдар**» сөзі. А. Махмұтовтың түсіндіруі бойынша **пірәдар** – *дінге беріліп, соның жолын қуушы адам, сопы. Пірге барып, қол беріп, әулие болып келген адам.* Пірәдар парсы тілінде **паирдар** /волшебство, взывание злых духов/ *сиқыр, қастандық күштерді шақыру* [83, 93 б.] деген мағынада қолданылады. Нұртуғанның «Мәулімнияз-Едіге» дастанында: *Бақыттан, сауаптан да құр болмассың, Себеппен Түктіаяқтан тұқым жайсаң. Өтіндім, ей пірәдар намамменен, Қосайық екі жасты аман болсаң* [Н.К.Іт], – деп жырласа, Ерімбеттің «Сыйлап көр бір-біріңді соқпай саның!» деп аталатын діни-танымдық философиялық өлеңінде: *Пайғамбар тасып айтқан ахуалынан, Хасайын Кербалада тартты зарын. Ғазиздер хақтың досы болса мұндай, Бұл күнде біздер нешік, пірадарым?!* [Е.К] Келтірілген үзінділерден байқағандай, екі ақынның сөз қолданысында «**пірадар**» сөзінде фонетикалық өзгерістер болғанменен, негізі, өзек семасы «*әулие, дін жолындағы адам*».

Сол сияқты Нұртуған шығармасында келесі діни ұғымдағы «**сопы**» сөзі кездеседі. Н. Оңдасынов сөздігінде: 1) *діни. тым құдайшыл, дүниеден безген;* 2) *суфий (софизм), мистик (мистицизм), сопы – ислам дініндегі сопылық ағымды (осы басшы болғандардың бірі – 1166 жылы Түркістанда дүние салған Хожя Ахмед Яссауи) жақтаушы, зікір салып құдайға сиынушы;* 3) *дін жолына түсіп, ишанға қол тапсырған таза күнәсіз адам* [91]. Араб тілінде **сафун** /быт чистым; прозрачным, ясным/ *таза, мөлдір, тұнық болу; сафай* /проявлять дружелюбие, искренние относиться к. кому–л/ *достық білдіру, біреуге адалдықпен берілу* [71, 556 б.] дегенді білдіреді. Нұртуғанның «Орақ-Мамай» дастанында: *Бәрекелді, Орағым, Аламын деп қаланы, Сен жалғыздықтан шошынбан. Уәдеден жаңылып, Шашты әзінің сопысы, Зайыбын қолдан ұшырған* [Н.К.Іт] – деп жырлайды. Үзіндідегі «**сопы**» сөзі *тым құдайшыл* деген мағынаның көнерген аталымы.

Ерімбет пен Нұртуған тілінде жазылған діни ұғымдағы шығармаларында «**сахаба**» сөзі жиі ұшырасады. Бұл сөз араб тілінде **сахабатун** /сподвижники

Мухаммеда/ Мұхаммед пайғамбардың серіктері, даңқты өрендері [71, 541 б.] дегенді білдіреді. Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге» дастанында: *Атанған «сахаба» деп ишанға ұқсап, Қайратты, ақылы зерек болғандарын, Жұмсаған дін басшысы былай нұсқап. Алладан хабар келіп дұға қылып, Кейбірі кетті олардың тым көп жасап* [Н.К.Іт] – деп жырласа, Ерімбет «Сәдуақас Сақи» дастанында сахабалардың іс-әрекеті туралы былайша сипаттайды: *Берік тұтып бес парызды өлгенде, Алдыңда махшар күні көп сауап бар. Әртүрлі қайыр істің бәрін қоймай, Сұрайды қалдырмастан сахабалар* [Е.К]. Келтірілген мысалдардағы «сахаба» сөзі екі ақында да пайғамбарды көзімен көрген, ізіне ерген серіктері деген түп мағынасында қолданылған.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында мифологиялық ұғымды білдіретін «**аждаһа**», «**зұлпыхар**» деген діни сөздер кездеседі. А. Махмұтов **аждаһаның** 1) халық қиялындағы аузынан от шашатын қанатты жылан бейнесіндегі мифологиялық ұғым; 2) ауыс. озбырлық, жалмауыздық, жыртқыштықтың бейнесі деген екі түрлі мағынасын түсіндіреді. **Аждаға** /парсы сөзі/ – дракон [92, 80 б.]. Мысалы, Е.Көлдейбекұлының «Әй, көңілім, толықсыма, халің нешік?!» деген өлеңінде өлімді аждаһаға теңеген тұсы бар: *Дұғадан қауымымен суға батқан, Секілді осы өлім бір **аждаһа**, Жібермей адамзатты шағып жатқан. Ешбір жан өлмей тірі қалмақ емес, Жан қалмас хияметтен мақұлық аттан* [Е.К]. Ал мына өлең жолдарында «**зұлпыхар**» сөзі тура мағынасында қолданылған: *Баһадүр, батыр болсаң, Ғали қайда, Суарған судай қанға **зұлпыхарын?!*** [Е.К] Ақынның тағы бір толғауында Әйтеке биді зұлпыхарға теңегенін мына өлең жолдарынан байқауға болады.

Әйтеке – Кіші жүздің қорғаны еді,

*Шет жерге Шері жұмсаған **зұлпыхардай!*** [Е.К]

Жоғарыдағы өлең жолдарындағы «**зұлпыхар**» сөзін Н. Ондасынов: 1) *Мұхаммед пайғамбардың өте үлкен, өткір қылышы дейтін мифологиялық наным*; 2) *ауыс. батырлар асынатын қарапайым өткір қылыш* деген екі мағынасын көрсетеді. Омыртқа кесер (Мұхаммедтің қызы Фатиманың күйеуі, Мұхаммедтен кейінгі төртінші халифа әзірет Әлінің дін аңызындағы екі жүзді, айыр ұшты қылыштың теңеуі). **Зұ, зү (зү)** – 1) *бар, бар болу, ие, ие болу*; 2) *меңгерген (Бір нәрсеге ие болуды көрсету үшін сөздің алдына қосылатын қосымша (зұлпықар – «қылышты», Зұлқарнайын – «екі мүйізді»)* [70].

Сонымен қатар ақындар шығармаларында қазіргі тілдегі «тозақ» сөзінің көнерген аталымы «**тамұқ**» сөзін қолданады. Мысалы, Ерімбетте: *Дүниеге келген пенде бәрі өледі, Ажалдан, һақтан басқа, қапыл қалмас! Мен куәмін хақтың әмірін тұтқан құлдар, Ысыраттан құстай ұшар, **тамұқ** бармас!* [Е.К] Нұртуғанда: *Тақсыр-ай, астың палас, үстің жанат, Сіздерден айып табады қандай нәлет?! Сіздерден айып тапқан оңбас, сірә, Мақшарда отқа күйіп, **тамұқта** өлед!* [Н.К.Іт] С. Кенжеахметұлының «Жеті қазына» еңбегінде: **тамұқ** (тозақ) – *о дүниеде күнәлілерді азапқа салатын орын* [93] деген мағынаны білдіреді дейді. Келтірілген деректерді негізге ала отырып, «тамұқ» *о дүниедегі күнәлілердің баратын орны, тозақ* деген мағынаның көне аталымы.

Зерттеу жұмысымызда дәлелденгендей, ақындар шығармаларының құрамындағы кірме сөздердің мол қабатын **араб** пен **парсы** тілдерінің сөздері құрайды.

Қазақ тілінде бірқатар көнерген атаулар діни уағыздармен тікелей байланысты екені жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғарылады. Ақындар **діни ұғымдағы** сөздерді шығармаларында еркін қолдана отырып, өздерінің діни сауатты екендерін де көрсетеді, әрі қараңғы халықты діннен хабардар болуға үндейді. Ақындар көнерген аталымдарды өлеңнің өн бойына сыйдырып, дамыта баяндайды.

2 Әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар. Шығармада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың біздің дәуірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек. Мысалы, *жауынгер, солдат* мағынасында *жасақ, қол, жасауыл* сияқты көне аталымдар қолданылған. Сондай-ақ *қорамсақ, бадана, кіреуке, жебе, сүңгі, сарыжа, найза, алмас, айбалта, мысқұлақ* тәрізді көне қару-жарақ аталымдарымен бірге *мылтық, қанжар, қылыш, садақ, барабан* сияқты кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданылған.

Нұртуғанның батырлық пен ел қорғау картинасы көрсетілген «Мәулімнияз-Едіге» дастанында көне қару-жарақ атауларына қатысты мынадай көнерген аталымдар кездеседі. *Мына тұрған ақ сүңгі, Шаншып ешкім сындырмас. Бадана көзді ақ сауыт, Киген ерді тындырмас. Байласаң белге ақ алмас, Сілтесең мұнан жан қалмас! Ілулі тұр сарыжа Серіппесі қатты жауырыниша Тартатұғын ер керек* [Н.К.Іт]. *Қаттау киген деніне, Тақымға қысып көк сүңгі, Байлаған алмас беліне. Қорамсақтағы сұр жебе Қырықтан асар кемінде* [Н.К.Іт].

Әрине бір қарағанда мұнда жаңалық жоқтай: картина бұрынғыша қимыл, іс-әрекет атау арқылы берілген, сөйлемдер шағын (бір тармақтық), өлең етістік ұйқасқа құрылған.

Академик Ә. Қайдаров «...көненің көзіндей сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, дей келіп, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, сарбаз, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады» [94,14 б.].

Солардың бірі қазіргі тіл қолданысында бар «**сарбаз**» сөзі. Түсіндірмелі сөздікте: **сарбаз** – *жасақты қол, әскер, жауынгерлер, солдаттар*. Парсы тілінде **сар-баз** /солдат, рядовой/ *қатардағы жауынгер, қарапайым солдат* [83, 278 б.] дегенді білдіреді. Мысалы, Нұртуғанның «*Ақ Кете Шернияз*» дастанында былайша жырланады: *Шаршаған шығар сарбаздар Демалсын*

қазір жайланып. **Сарбазды** босқа қырмалық. «Мың асқанға бір тосқан» Біздер, сірә, болмалық!» [Н.К.Пт]. Мұндағы «сарбаз» ақындар өмір сүрген тұста жасақты қол мағынасында болса, қазіргі тілімізге қайта оралып, жаңғырып қолданылған бұл аталымның туынды мағынасы қатардағы жауынгер мәнінде айтылады.

Сонымен қатар Нұртуған шығармаларында қазіргі әскер мағынасындағы «қол», «жасақ», «жасауыл» сөздері кездеседі. Мысалы, *Мақұл көрді бәрі де, Жасақ санын көбейтіп, Межелі күні жиганды* [Н.К.Пт]. Бұл жерде «жасақ» қару жарақтанған бір топ жауынгерлер архисемасын білдіретін аталым. Сөздікте **жасақ** – 1) әскер, қол, қару жарақтанған бір топ жауынгерлер; 2) ерте кезде мал басынан алынатын салықтың бір түрі деген екі мағынаны білдіреді. Мал басына төленетін жасақ салығы үй салығына қарағанда заңдылығы жөнінен салық салудың дұрыс түрі болды. Жасақ әрбір түліктен /түйені қоспағанда/ бір пайыз мөлшерінде алынды. Алғашында заттай алынатын бұл салық кейіннен ақшаға ауыстырылды (М.Елеусізов).

Нұртуған шығармаларында жиі ұшырасатын сөз «жасауыл». **Жасауыл** сөздікте – 1) патша үкіметі кезіндегі қазақтың офицерлік шені; 2) ауыс. қарулы топ, шапқыншы [70, 221 б.] деген мағынаны білдіреді. Зерттеушілердің көбісі **жасауыл** монғол тілінің сөзі деп көрсетеді. Орыс, украин, поляк, болгар тілдеріне енген жасауыл термині орыс жылнамаларында XVII ғасырдан бастап кездеседі. Қазақ әскерлерінде жасауыл капитанға тең әскери атақ болған [88, 255 б.]. Зерттеуші Т. Байжанов: «Қазақ тілінде жасауыл сөзі алғашқы кезде «ханның шабарманы» мағынасында жұмсалып кейін әскери мағынасы пайда болған болу керек. Жасауыл сөзі қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейін қолданудан шығып қалған» [95, 302 б.], – дейді. Мысалы, Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында: Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып: «Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына жасауылмен ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса, мен мына Қарасайға берем» – деді. Бұл үзіндідегі «жасауыл» сөзі қазақ тілінде бейбітшілік кезде ханның жарлықтарын орындаушы, салық жинаушы, ал, соғыс кезінде әскери мәселелерімен айналысатын адам мағынасында қолданылды. **Жасауыл** сөзінің әскери саладағы мағынасын өзге түркі тектес халықтың тілдерінен кездестіруге болады. Қарақалпақ тілінде **жасауыл** «сарай төңірегіндегілерге берілетін полицейлік шен» деген мағыналарда қолданылады. Яғни **жасауыл** – ханның немесе ірі әскербасылардың қол астындағы жауынгерден бастап офицерлерге дейін берілетін әскери атақ және осы атаққа ие болған адамдар.

Барлық деректерді қорытындылай келе, «жасауыл» көнерген аталымының архисемасы әскери атақ, әскери топ деген ұғымды білдіреді.

Бұл тұста тек қару-жарақ емес, сауыт-сайман аттары да тұрақталып, нормалана түскен. Ақындар шығармаларының тілінде сауыт сөзімен қатар «көбе», «қаттау» деген көнерген аталымдар синонимдік қатар түзген. Мысалы, *Едіге мұнда келсе егер, Жыртпас па еді көбеңді, Оймас па еді төбеңді, Ұрмас*

па еді енеңді?! [Н.К.Іт] Түсі бөлек жан екен, Жан қаратпас айбатты. Қаттауына қаратпай, Найзасы тиді жүректен [Н.К.Іт].

Түсіндірмелі сөздікте: **көбе** – *ерте кездегі батырлар киген сауыт* [14, 303 б.]. Ескі монғол тілінде **көбе** – батырдың сауыты [81, 925 б.].

Көбе – *жүрек тұсын, білек, тізені, иықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт*. Ол бүкіл денені қорғау үшін тырнақ ұқсас, көбінесе қола немесе мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Сондай-ақ, көбенің қанды көбе деген де түрі бар. **Қанды көбе** – *жай сауыт емес, әрдайым ұрыс майданында болатын батыр киетін көбе* [96].

Келтірілген деректерді қорытындылай келе, **«көбе»** аталымының негізгі мағынасы *батырдың жауға аттанғанда киетін, найза мен сүңгіден қорғайтын темірден тоқылған киімнің (сауыттың) бір түрі*.

Ғалым Р. Сыздық: «Заман неғұрлым әрілеген сайын қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ әрідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламалармен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздері» – архаизмдерді табуға болады» [77, 80 б.], – деген пікірі осының айғағы.

Қару-жарақ пен сауыт-сайман атауларының эпитетсіз қолданылуы – ақындар өмір сүрген кезеңнің әдеби үлгілерінде кемде-кем ұшырасатын құбылыс, ал кейінгі кезде бұл қолданыс сирей бастайды. Мына өлең жолдарында қару атаулары эпитетсіз қолданылған.

*Найзаны салып түйретті,
Садақты тартып үйретті,
Осылай баулап өсірді
Ұрпақты іске шыдамды [Н.К.Іт].*

*Садағын сала байлап, асынып алмас,
Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас!
Арада бірнеше күн жол жүрген соң,
Бір күні түсті тұман жол таба алмас [Е.К].*

Бұл аталған көне қарулардың қимылдары да өз аттарымен берілген: **алмасты асынады, найзаны түйрейді, садақты тартады**.

Нұртуған шығармаларында көне қару атауы «саржа» молынан кездеседі. Ғалым Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде: **саржа** – *ерте кездегі қару-жарақтың бір түрі*. Бұл қару атауының көне түрі қазақша *сарыжа* күйінде сақталған, осы сөз келе-келе «жаңашаланып», *саржай*, одан барып *саржа* түріне де көшкені анық байқалады [28, 101 б.] деп әрі қарай түсіндіріп кетеді. Саржа дегенді өткен ғасыр лексикографы Л.Будагов былайша анықтайды: қазақша *саржа*, шағатайша *сары йай* сүйекпен әшекейленген, сарыға боялған жақ (лук) [97, 686 б.]. Мысалы, Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге» дастанында Едігенің батырлығын былайша суреттейді: *Қылды Едіге жігерді Шалқалап*

жатқан қалмақтың, Қолтығының астынан *Саржамен тартып жіберді* [Н.К.Іт].

Екі ақынның да шығармаларында жаугершілік, соғыс картинасын суреттеу мақсатында, әскери сөздер мен сауыт-сайман, қару-жараққа аттарына қатысты көнерген аталымдарды шебер әрі ұтқырлықпен қолданып отырған.

3 Әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар. Бұл топқа жататын көнерген аталымдар тарихи аталым (историзм) деп аталады. Олай дейтініміз, ендігі айтылатын аталымдардың қазіргі тіл қолданысында ешқандай синонимі жоқ, тек сол қалпында тарихи шығармаларда сақталған, ескіліктен хабар беретін сөздер.

Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларындағы үшінші бір топ лексика әлеуметтік-әкімшілік жағдаймен байланысты болып келеді. Мұнда да жоғарыда атап өткендегідей көне феодалдық дәуірге тән ел билеу жүйесінде кездесетін терминдік сөздермен қатар, жаңа капиталистік дәуірдің көрінісі дерлік бірен-саран сөздер кездеседі. *Хан, батыр, патша, бек, құл, күң, падиша, уәзір, төре, сұлтан, ханым, нөкер, әмірші, төлеңгіт, ерзада, ханзада* сөздері жырдың көне дәуір оқиғаларынан хабар беретін, көбінесе титулды (әлеуметтік дәреже-лауазымды) білдіретін элементтер болып келсе, *бай, жарлы, халық, мырза, болыс, ақылгөй, елші* сөздері жырдың кейінгі кезде жырлануымен байланысты қосылған «жаңартулар» екендігіне дәлел тәрізді. Мысалы, ***Шайыр сол – ойшыл келер жиһан кезген, Батыр сол – қиындыққа шыдап, төзген*** [Н.К.Іт]. *Қалипа Мүсілімге тиіп, бұл күнде ханым болып отыр* [Н.К.Іт]. «*Сен, осы халыққа өзің хан бол!*» деген [Е.К]. Бұл жырдағы *батыр, хан, ханым, шайыр* сөздерінің толық әкімшілік термин ретінде қолданылғанын көреміз.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамы өміріндегі елеулі тарихи оқиғалардың бірі – ел билеу, әкімшілік, әлеуметтік құрылыс салаларындағы өзгерістер, жаңалықтар болса, Ерімбет пен Нұртуған осы өзгеріс-жаңалықтарды атайтын тарихи аталымдарды молынан танытады. Мысалы, ел билеу, әкімшілік құрылысына қатысты *болыс, ояз, шабарман, ұлық* сияқты сөздер; сот саласына қатысты *шаризат, би, барымта, салауат, дау (жер дауы, жесір дауы), төрелік беру* сияқты сөздер термин дәрежесіне көтеріліп, әдеби тіл нормасына айналды. Бұл ретте кейбір әлеуметтік ұғым атауларының мағынасы айқындалып, ішінара терминделу үдерісі екі ақынның тілінде де ерекше байқалады.

Ақындар шығармаларында тарихи аталымдар (историзм) қабаттағы ***патша, би, хан, бек, шайыр, құл-құтан*** сөздері кездеседі. ***Патша – монархиялық мемлекетті тежеусіз басқаратын әкім, мұрагерлік жолымен мемлекетті билейтін кісі.*** Парсы тілінде ***падшаһ*** /шах, царь, король/ *шах, патша, король* [83, 86 б.] дегенді білдіреді. Мысалы, Ерімбеттің «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы» дастанында патшаның халыққа жасаған озбыр, қатыгез мінездерін былайша суреттейді: *Хүсейін патша болып мініп таққа, Күн сайын аңырмастан жұтып жатыр, Қалдырмай ешбіреуін, көзің көрді!* [Е.К]. Ал, Нұртуғанның «Жырауларға өсиет» деген арнауында өзі тәрбиелеген жырау шәкірттері Бақытжан, Еңсепбай, Көпжасар, Жәмет және Дәрікұлға арнап

былай дейді: *Көтеріп сені айтқанға, Қолнаш сөзге мақтанба – Артық сонда өнерің Патша отырған тақтан да!* [Н.К.ІІТ]. Ерімбет «патша» атауын өлең тіліне енгізе отырып, патшалықтың озбырлық қасиеттерін көрсетсе, Нұртуған өз шәкірттеріне жыр өнерін патша отырған тақтан да артық қойып салыстырмалы түрде жеткізеді. Қазіргі тіл қолданысында «патша» бір істің негізін қалаушы мәнінде жұмсалып, кейде тіпті, гиперболалық құбылыс танытатын тұстары да бар. Мысалы, *білімнің патшасы – білімнің негізін қалаушылар, үйдің патшасы – үйде билік жүргізетін адам* т.б.

Н. Кенжеғұлұлының «Қарасай-Қази» дастанында: *Жүргізген талай ел үшін Заманында амалын. Билерім отыр білімпаз Танытқан талай таланын* [Н.К.ІІТ] – деген өлең жолдарындағы **би** – *дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкілі: Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ ауылындағы сот* [14, 113 б.] деп түсіндіріледі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде». Келтірілген мәтіндегі «би» дау-жанжалдың ақ-қарасын ажыратып беретін адам мағынасында қолданылса, қазір тек *би өнері* ретінде қалыптасқан аталым және мағынаның даму нәтижесінде *билік, билік өкілдері, билеп алу, билікке таласу* деген сияқты тіркестерде кездеседі. Араб тілінде **бей** /титул/ атақ дегенді білдіреді [71, 63 б.]. Ойрат тілінде **бий** /чиновник, господин/ мырза, қожса [98, 30 б.] деген мағынада қолданылады.

Нұртуған шығармаларында ерекше қолданысқа ие «хан» сөзі кездеседі. **Хан** – *феодалдық құрылыстағы мемлекетті тежеусіз билейтін басшы*. Көне түркі тілінің жазу нұсқаларында *қазан хан* түрінде кездеседі [73, 97 б.]. Парсы тілінде де **хан** /титул повелителей у монголов/ *моңғол әмір иелерінің титулы* делінген [83, 186 б.]. Монғол тілінде *ханан хад*, тік құз, тік жартас [81, 261 б.]. **Хан** деген титул *биік шыңның, асқар таудың* атынан келіп туған болу керек.

1914 жылы жазған «Ақ Кете Шернияз» дастанында Нұртуған ақын былай жырлайды: *Сұрқия Кенесары қашаған хан, Сергазы сексен сегіз жасаған хан. Құдайым Байекеме бақыт беріп, Қазақты Сырдан бері асаған хан* [Н.К.ІІТ]. Ақын әрбір хандықты иемденген адамдардың «хан» болып тұрғанда халыққа жасаған іс-әрекеттерін сипаттайды. Қазіргі тіл қолданысында «хан» сөзінің мағынасының тарылуы да, кеңеюі де кездеспейді, тек антопонимдік атауларда (*Нұрхан, Айхан, Болатхан, Маратхан*) ғана түбірге үстеме мағынада бірігіп айтылады.

Нұртуған шығармаларында жиі ұшырасатын «шайыр» сөзі. Н. Ондасыновтың сөздігінде: **шайыр** – *суырып-салма халық ақыны* деп көрсетілген [91]. Араб тілінде **шаһирун** /известный, знаменитый/ *белгілі, әйгілі* дегенді білдіреді [71, 527 б.]. Қарақалпақ тілінде **шайыр** /поэт, народный поэт/ *ақын, халық ақыны* [99, 729 б.]. Нұртуған шығармаларында шайырларды дәріптеп отыратын тұстары молынан ұшырасып отырады. Мысалы, «Заманнан сөйлеп барамын» деген толғауында былай деп толғайды: *Тәрбие берер сөздері Бұрынғы өткен шайырлардың – Ет, сүйекті қыздырар, Қытығын қозғап құмардың. Бұрынғы шайыр сөйлеген Ойланбай-ақ алыстан* [Н.К.ІІТ].

«Шайыр» сөзі Кеңес дәуірінде көнерген аталымға айналғанымен, жаңа қоғамда өз мағынасында қайта қолданыла бастады. Қазіргі айтыс өнерінде «шайыр» ұғымының орны ерекше аталып жүр.

Нұртуған ақын шығармаларында «құл-құтан» сөзі жиі ұшырасады. А. Махмұтов: **құл-құтан** – құл мен қотан (қора) маңындағы жұмыста жүретін жарлы, жақыбайлар деп түсіндіреді. Қырғыз тілінде **қутан** /прислужник/ жалшы дегенді білдіреді [92, 404 б.] – дейді. **Қотан** көптеген түрлі тілдерде *қора*, *мал жататын орын* деген мәнде, өзбек тілінде **қутон** /қутон/ стадо баранов, баранье стадо: овчарня; загон /для овец/ *бір қора қой, қой жататын қоршалған ашық қора* [100, 638 б.] деген мағынада қолданылады.

Бұл сөз Нұртуған шығармаларында *жарлы-жақыбай* мағынасында қолданылған. Мысалы, ақынның «Өкініш» деген өлеңінде былайша қолданылады: *Сендерді бұрынғыдай күйде көрсем, Бір сергіп қалар еді шыбын-жаным. Досың кім, дұшпаның кім жазбай танып, Қорғайық құл-құтанның келген бағын!* [Н.К].

Құл-құтан, кедей, қара мағыналас сөздер. Мысалы, *Құл-құтан мен кедейдің, Арылмаған қашанда Маңдайына біткен сор, қайғы. Байлардан тепкі көрген соң, Құл-құтан мен қаралар, Аулаққа салды кетегін* [Н.К.Іт].

Барлық деректерді қорытындылай келе, «құл-құтан», «кедей», «қара» ортақ мәндес сөзер болғандықтан, бұлардың өзексемасы *ертеде байлардың қол астында жалшылықта жүрген, күн көрісі өте төмен адамдар*.

Нұртуғанның «Ақ Кете Шернияз» дастанында *төренің күтушісі* мағынасын беретін «**төленгіт**» сөзі ұшырасады. Мысалы, *...Бұл кезде хан қасындағы төре, төлеңгіттер жиналып қалып еді* [Н.К.Іт].

Төленгіттер қазақ сұлтандары мен ханның қасындағы феодалдарға тәуелді адамдардың әлеуметтік қауымы. Бұлар – әртүрлі әлеуметтік жіктерге жататын сұлтандар мен хандарды паналап, бұл үшін оларға қызмет етуге міндетті болып келгендер. Төленгіттің енді бір бөлігі – сұлтанның немесе хан ортасында олардың тапсырмаларын орыдаушы шабармандар, малайлар [96, 127 б.]. Ал, ғалым Ә. Нұрмағанбетов «**төленгіт**» сөзіне талдау жасай келіп, оны «төрені күт тіркесінің өзгерген түрі» деген пікір айтады [101, 73 б.]. Бұл сөздің қырғыз тілінде де осындай мағынасы бар екенін К.К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» еңбегінен байқауға болады: «толенгут ист. ханский челядинец» деп көрсетсе [38,737 б.]. С.И.Ожегов «Словарь русского языка» еңбегінде *челядь* (төленгіт) сөзінің мағынасы: «*челядь* – 1. при крепостном праве; дворцовое слуги помещика; 2. перен. Чьи-нибудь прислужники, приспешники» деп берілген [102, 718 б.].

Жоғарыда келтірілген деректердің бәрінде де **төленгіт** сөзі – әлеуметтік топ ретінде *хан-сұлтандардың шабарманы, малайы, қызметшісі* мағынасында қолданылған. Келтірілген деректерді қорытындылай келе, Ә. Нұрмағанбетов пікірімен толықтай келісуге болады. Себебі, «төленгіт» пен «төрені күт» тұлғаларына сәйкес келетіні, дыбыстық заңдылыққа бағынып, кірігіп кетуі мүмкін.

Ақындар шығармаларында өздері өмір сүрген дәуірдегі әкімшілік, ел басқару орындарындағы адамдарға қатысты атауларды шебер де орынды қолданылғанын көреміз.

4 Киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктеріне қатысты көнерген аталымдар. Ерімбет пен Нұртуған тіліндегі көнерген аталымдардың ерекше тобын *киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктеріне* қатысты аталымдар құрайды. Бұларды екі ақын да шығармаларында кездескен бай-кедейлердің дәулетін, өмірдегі образын сомдауда шеберлікпен қолданады. Олардың ішінде қазір көнеріп, мағыналары ұмытылып бара жатқан киім атауларын ақындар шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Олар: *тон, кебенек, тәжі, түрме, шәркей, белдемше, жарғақ, үлде* т.б. Сөзіміз анық болу үшін ақындар шығармаларында кездескен көнерген киім аталымдарының біразына мысал келтірейік: *Тонсыздарға тон беріп, Қандырған шөлін сусыннан* [Н.К.Іт]. *Кебенек киген кей пенде Сөйлемей білмес сырыңды* [Н.К.Іт]. *Тәжіңді бер тағыңмен Сезінсең өлер шағыңды!* [Н.К.Іт]. *Түрмеден басқа кимеген, Күймеден басқа мінбеген* [Н.К.Іт]. *Табаны құрығыр ауырған. Шәркейді шешіп қарасам, Алақандай ойылған* [Н.К.Іт]. *Белдемшесін белденді* [Н.К.Іт]. *Келген соң тыр жалаңаш біраз жүріп, Сонан соң мал терісінен жарғақ киген* [Н.К.Іт]. *Үстіме үлде киіп, пырақ мініп, Мен жүрсем қызық, әшірет тойларында* [Н.К.Іт].

Ал мата-кездеме атауларынан: *торқа, мақпал, мәулім, бөз, құлпы, жанат, барқыт, парша* т.б. Мысалы, *Торқадан киген тоғыз қат* [Н.К.Іт]. *Мақпал менен мәулімнен, Шаруаға бөз артық* [Н.К.Іт]. *Он қыздың олжабасы – ханның қызы, Кигені бәрінің де ылғи құлпы* [Н.К.Іт]. *Қараулектей қартыңның Үстіне жапты жанатты* [Н.К.Іт]. *Мен Мәскеуден пұлы қымбат алдым барқыт* [Е.К]. *Жүз нарға парша, мәулім артты бәрін* [Е.К].

Нұртуған ақын тілінде *асыл, үлкен кілем* мағынасында «қалы кілем» тіркесі кездеседі. Мұндағы *қалы* парсы тілінде *гали* (ковер) кілем [83, 377 б.] дегенді білдіреді. І. Кеңесбаев: *қара нар, қалы кілем* – бұрынғы уақытта құрметті үлкен сыйлық, тарту ретінде «қара нар», «қалы кілем» берген. «Қара нар, қалы кілемді» айыбымыз деп, айып ретінде де берген. «Үлкен кілем» дегенді азербайжан тілінде «қалы» дейді. Жүннен тоқылған жақсы кілемді қырғыз тілінде «қалы кілем» дейді. Қазақ тілінде бұл *асыл, үлкен кілем* мағынасында қолданылады. Нар түйенің, малдың асылы, үлкені – *қара нар*; дүниенің, мүліктің асылы, үлкені – **қалы кілем**. *Қали* парсы тілінен ауысқан [17] деп түсіндіреді.

Ақындар тілінде де «қалы кілем» *асыл, бағалы үлкен кілем* мағынасында қолданылады. Мысалы, *Бәйбіше шығушы еді аппақ үйден, Мамырлап ана қаздай, басып кердең. Түрікпен бау алты қабат, ақ текемет, Қалы кілем орын алатын ылғи төрден* [Н.К.Іт].

Ақындар шығармаларында патшалықтың символы ретінде «тәж» сөзін молынан қолданады. **Тәж** – *патша мен ханның жоғары мәртебелі белгісі ретінде киетін дәстүрлі бас киімі* [94]. Парсы тілінде **таж** /корона, венец/ *тәж* [83,104 б.] дегенді білдіреді. **Тәж** сөзі Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында *ханның бас киімі* мағынасында қолданылған. Мысалы, *Ерлердің әскері бар*

елден аулақ, От кешкен аруақтысы мұнда қонақ. Патшасы Жасаралдай бастығы бар, Тәж киіп, жыға тағып, мінген пайтақ [Н.К.Іт]. Шаһарияр Әбубәкір, әділ Омар, Оспан мен шері құда Ғали арыстан, Тәж киіп, таққа отырып бұл төртеуі, Жөнелді нәубет-нәубет қылапаттан [Е.К].

Нұртуған ақынның шығармасында «**жығалы тәжі**» тіркесі кездеседі. **Жыға** – 1) ерте кезде соғысқанда басқа киетін дулығаның артынан мойынды қылыш қиып кетпес үшін қаптап жауып қоятын темірден жасалған заттың аты; 2) ауыс. абырой, атақ, бедел. Мысалы, Күндердің күні болғанда, Кіреуке алтын тағыңды, Сол мінер деп қорқамын! **Жығалы** қымбат тәжіңді, Сол киер деп қорқамын! [Н.К.Іт]. Бұл үзіндідегі «**жыға**» сөзінің өзексемасы *абырой, атақ* ұғымын білдіріп тұр.

Сонымен қатар Нұртуған шығармаларында мата-кездеменің «**батсайы**» деген көнерген аталымы кездеседі. Сөздікте: **батсайы** – белгілі бір бұйымға тыстық ететін қымбат жібек мата, қалың кездеменің бір түрі деп көрсетілген. Мысалы: «Ақ Кете Шернияз» дастанында: *Ішті күміс кесемен, Күтілмес бүйтіп нағыз шах! Қолтықта батсайыдан мамық жастық, Патшама не қылдырмас дәулет, мастық?!* [Н.К.Іт] – деп жырлайды. Бұл аталым қазір тіптен қолданыстан шыққан пассив сөздердің қатарында және ауыспалы мағынасында да қолданылмайды.

XV–XVII ғасырлардағы қазақтың қысқы үйінің ертеден келе жатқан түрі **шошала** деп аталған. Пішіні жағынан қарағанда **шошала** – шаршы етіп, дөңгелек не көп қырлы етіп тұрғызылған бір бөлмелі шошақ төбе үй. «Шошала» деп атауының өзі де «шошақ» деген сөзден шыққан [103, 197 б.].

Нұртуған «Шұбырынды Ақтабан» дастанында шұбырған қазақтардың тіршілігі жайында айта келіп:

Баспана етті әуелі

Бастырма, күрке, шошаланы.

Бірте- бірте пішімдеп,

Тұрғызды адам қаланы [Н.К.Іт] – деп жырлайды. Мұндағы «**бастырма**», «**күрке**», «**шошала**» сөздерінің ортақ семасы *ерте кездегі бір бөлмелі кішкене үй*. Яғни бұл сөздер ақындарға дейін де, олар өмір сүрген тұста да әдеби тіл құрамында болған. Олардың көнеруі Кеңес дәуірі тұсынан басталған.

Қорыта айтқанда, Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген аталымдар **біріншіден** ақын суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, **екіншіден** ақындар шығармалары тілінің лексика-семантикалық қабаттырын байытып отыр.

КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Көнерген аталымдардың фонетика-семантикалық мәні

Ендігі мәселе Сыр бойы ақын-жыраулары Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тіліндегі көнерген аталымдардың фонетикалық тұлғалануы жайында болмақ.

Зерттеу, баяндау тәсілдеріне, сипатына қарай фонетиканың бір түрі тарихи фонетика. «Тарихи фонетика бір тілдің немесе туыстас тілдердің (қазақ, түрік, қырғыз т.б.) дыбыстық жайларын, заңдылықтарын диахрондық тұрғыдан зерттеп, ортақ белгілерін, өзгерістерін айқындайды» [104, 105 б.].

Қазақтың жалпы халықтық тіліне ертеректен енген араб-парсы сөздері қазақ фонетикасына сәйкестелініп, дыбыстық тұлғасы едәуір өзгеріп қалыптасқаны мәлім. Қазақ тіліне жат дыбыстарды қалдырып кету немесе өзге дыбыспен ауыстыру сияқты жүйелі заңдылықтардың бар екенін Л. Рүстемов дұрыс көрсеткен [105]. Жалпы халықтық сөйлеу нормасында шығыс сөздері осылайша «қазақыланып» өзгерген вариантта қалыптасқандықтан, халықтық қорды пайдаланған қазақ ауыз әдебиеті мен ақындары, негізінен, ол өзгерген түрлерін қолданған. Мысалы, ақындар шығармаларында кездесетін *арам, адал, пейіш, пенде, ақыл, азап* т.б. сөздерін жатқызуға болады. Әрине бұл заңдылықтар бойынша да барлық жерде түгел бір ғана вариантта қалыптаспағаны тағы түсінікті. Қазақстанның әр өлкесіне тән фонетикалық ерекшелік шығыс сөздерінің жергілікті жерде дыбысталу түріне тікелей әсерін тигізгені байқалады.

Ғалым Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінде: «Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің сөздік құрамында лексикалық мағынасы бірдей бола тұрса да, түбірлері бірде тіл алды, бірде тіл арты, бірде ашық, бірде қысаң дауыстылармен айтылатын сөздер де бар. Және олар әр түрлі сәйкестік түзеді. б~у: *дабыс – дауыс, дардай – дырдай, дарылда – дырылда; а~е: қауақ – кеуек; а~о: жаңқа~жоңқа* т.б.» [106, 117 б.], – деп түсіндіреді. Осылайша қолдану ақындар шығармаларының лексикасында да орын алады. Мысалы,

Осындай дабысынан патша сасып,

Тыпырлап тұра алмады бедеу атша.

«Алдынан амал қылып жібермесе,

Қоймас, – деп, – өзі келіп, өзі шапса?! [Е.К]. Мұнда бірде ашық, бірде қысаң дауыстылармен айтылатып, сәйкестік түзіп тұрған *дабыс* (дауыс) сөзі.

Қазақ жазба дүниесінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы, әсіресе соңғы ширегіндегі араб-парсы сөздерін түпнұсқаға жуықтатып жазу орфографиялық норма болды. Демек, көптеген араб-парсы сөздерінің, әсіресе арабизмнің қазақ тілінде сыртқы тұлғасы жағынан дублеттік қатар түзіп (*өмір/ғұмыр, ғылым/ілім, әріп/харіп* сияқты) қолданылуы XIX ғасырдан басталды деуге болады. Мұның ізі бүгінге дейін жалғасып келеді.

«Басқа тілдерден келген аталымдарда негізгі фонемалар варианттық (дыбыстық, тұлғалық) өзгерістерге түскенде, сөздің бастапқы мағынасын

бұзбайды, яғни бір сөздің бірнеше дыбыстық сыңарының тұлғасы ұқсас, тең түбірлес, бір мағыналас морфема қалпы сақталады. Осылайша, сөздің дыбыстық жүйесінің өзгеріп, даму заңдылығынан сол сөздің жарыспалы сыңарлары пайда болғандығын шығармаларда кездестіреміз» [107, 8 б.]. Бұл пікірді ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың қолданылу кезіндегі фонетика-семантикалық ерекшеліктерінен аңағаруға болады.

Нұртуған мен Ерімбет ақындар өмір сүрген тұста араб-парсы сөздерінің фонетикалық көп варианттылығы одан әрі көбейе түскені байқалады. Бұрыннан халық тіліне сіңіп, бір вариантта қалыптасқан сөздердің өзі бұл кезде екінші вариантқа ие болды. Мысалы, *ақыл – гақыл, әділ – гаділ, әдет – гадет, адал – халал, арам – харам, кәріп – гаріп* деген аталымдардың екінші сыңарлары – XIX ғасырдың II жартысының жемістері. Бұған себеп болған фактілердің бірі қазақ даласында кітап шығару ісінің күшеюі болды. Қазақ тілінің сингармонизм заңының сақталмайтындығы, басы артық әліп таңбасының дауыстыдан басталған сөздерде қосақтала жүретіні немесе қазақ сөзі басындағы *ж* дыбысын *й*- дыбысымен беру т.б. сияқты араб-парсы сөздерін бұзбай өз тіліндегінше жазу дағдысы да XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы 20-жылдарындағы араб графикасын пайдаланған қазақ жазуының бір дәстүрі (ережесі) болатын. Оның үстіне қазақ тіліне бұрын еніп, фонетикалық жағынан қазақыланып кеткен сөздердің өзі Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында түркі тілдеріне жақындастырылып берілген. Сонымен қатар ақындар шығармаларында сөз варианттылығын байқауға болады. Сөз варианттары дегеніміз дыбысталуы, мағынасы бір-біріне жақын, тілде жарыса қолданылатын, шыққан тегі бір сөздер.

Шеттен кірген сөздердің кейбіреулері басқа тілге ауысып келгенде, екі одан да көп вариантта айтылады да, жүре-жүре сол варианттардың әрқайсысы әртүрлі мағына алып, бір-бірінен сараланып бөлініп, өз алдына дербес сөз болып қалыптасады.

Ақындар өмір сүрген тұста қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен ауысқан көптеген сөздер бірнеше вариантта айтылып келген болса, қазір сол варианттар жеке-жеке сөз болып, дараланып бөлінді. Ақындар шығармаларында бірнеше сөздердің мынадай варианттары кездесті: *уәде – уағда, мұрсат – нұрсат, құзыр – ұзыр, құрмет – ұрмет/нұрмет, мақсат – мақсұт, тәрбие – тәрбия/тәрбият, дыбыс – дабыс, құдай – құда, мұқтаж – мұтәж, ұл – ұғыл, мәлім – мағлұм, барша – бәрше, лайық – лайқат, байтақ – пайтақ, қазына – қазине, ұлан – ұғлан, егер – мәгәр, қате – қата* т.б. Мұндағы бірінші қазіргі сөз қолданысындағы аталымы берілген, екінші ақындар шығармаларындағы аталымы көрсетілген. Бұларда мағына бір болғанмен, сөзде дыбыстық өзгешеліктердің әсерінен әртүрлі вариантта жазылған. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілінде шеттен кірген сөздердің әртүрлі вариантта қолданылуы кездеседі. Мысалы,

*Атымтай мұны естіп тұрады орнынан,
Таниды гақылы барлар сөз формынан [Е.К].*

*Омар ол гаділ болсаң парықты ойла,
Гаділетпен заманында шаиқан заңын [Е.К].*

*Қысқаша жаздым қысылып,
Артық көріп пәміңді.
Дәмесіз қылған сауда халал
Шаригат жолы нанымды [Н.К.Іт].*

Бұл үзінділердегі *ғақыл/’ақыл/ (ақыл), гаділ/’адил (әділ), гаділет/’аделет (әділет), халал (адал), харам (арам)* (мұнда бірінші – ақындар тіліндегі қолданылған үлгісі, онан кейін арабша «айн дыбысы» таңбасымен берілді, бұл дыбыспен келген сөздер қазақ тіліне енгенде *ғ* дыбысымен айтылып кеткен, сондықтан ақындар шығармаларында араб жазуындағы айн әрпі бар кейбір сөздер *ғ* арқылы таңбаланған, ал жақша ішіндегі үлгісі қазіргі сөйлеу тіліндегі қолданылуы) деген аталымдар молынан кездеседі.

Қазақ тіл біліміндегі әртүрлі сөздердің варианттары жүйелі түрде С. Бизақов еңбектерінде зерттелген [109, 29 б.].

Ерімбеттің «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы» деген дастанында арабтың «руза» сөзі кездеседі:

*Пайғамбар Ғали Шерідей арыстанды,
Рузадан шығармады рұқсат беріп.
Ішкері ешбір жанды жолатпайды,
Ғалидың үш баласы келіп тұрып [Е.К].*

Мұнда «**руза**» сөзі арабтікі, қазақша *ораза* ұғымындағы сөз. С. Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы» еңбегінде мұндай протезалық құбылысты былайша сипаттайды: Қысаң дыбыстар кірме сөздерге жамалып (протеза жасап) айтылуға бейім. Қазақ тіліндегі бірер сөзде «*о*» дыбысы протеза түрінде кездеседі. Мысалы: *ораза // руза* [108, 20 б.].

Нұртуған мен Ерімбет тілінде парсының *пұшайман* сөзі *пұшайман//пұшман* түрінде кездеседі. Мысалы:

*Ісіне өзі қылған пұшәйман жеп,
Келе жатыр көп опынып жалғыздыққа [Н.К.Іт].*

*Айрықша Ғали Шерді қайғы басты,
Марқұмның өлгеніне болып пұшман! [Е.К]*

Мұнда Нұртуған ақында парсы үлгісіндегі *ұ* дыбысының *ү-ге* алмасуы, яғни жеңішкеленуі арқылы қолданылса, Ерімбетте сөз ішінде біркелкі (*ұксас*) буындардың бірінің түсіп қалуы, бұл буынға екпін түспеуінің салдарынан пайда болуы (гаплогогия) арқылы жасалған *пұшман* түрінде қолданылған. Мұндағы *пұшайман//пұшман//пұшәйман* сөздерінің өзексемасы *уайым, қайғы* мәнін білдіретін аталымдар.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында *құда – құдай* варианттарын жарыстыра әдейі қолданады. Бұл сөздер ұйқас пен өлең өлшемі қажеттерін өтеу үшін бірде бір буыны артық, бірде кем келе береді.

Алты жыл көрмегелі азаматым,

*Болған соң рауасы қадыр Құда.
Деген соң: «Әмірім солай!» бізге міндет,
Бәлеге сабыр қылмақ қазақ о да [Н.К.Іт].*

*Ашытқан зәһар бағанадан,
Інінен шығып ол жылан,
Тілге келіп сөйлейді
Рұқсат болып Құдадан [Е.К].*

Бұл тәсіл – Нұртуған мен Ерімбетке дейінгі қазақ поэзиясына да тән болатын, бірақ оны екі ақын да жандандырып, актив қолданған.

Сөз жоқ, ана тілімізге ХІХ ғасырдың екінші жартысында орыс сөздері молынан кірді. Оның басты себебі, қазақ өлкесінде болған экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени өзгерістермен байланысты еді. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында *болыс (волость), князь, ояз (уезд, үйез бастығы), шен (чин), ауылнай (аульный), сүрік (срок), сөткі (сутка)* сияқты сөздер кеңінен қолданылған:

*Бұл күнде Өріс ұлы он бес болыс,
Көрсейші өлі аруақтың сыйлағанын [Н.К.Іт].*

Бұлардың кезінде қалмақтар тұрмақ, орыс мемлекетінің князьдері де бата алмады [Н.К.Іт].

*Көшірме әр әділге көшірілді,
Нұсқасын жолдап тұрмын оязыма [Н.К.ІІт].*

*Дүниені қарасың,
Қап тауына барасың,
Сүрігі біткен кезінде
Ұшырарсың, табарсың [Н.К.Іт].*

*Сөткіге мен кеткелі жақындады,
Барады күн кешкіріп, зауал ауа [Н.К.Іт].*

Мұнда қолданылған орыс тілді сөздер Нұртуған заманында қазақтың жалпы халықтық тіліне енген сөздер. Бұған осы сөздердің бірнеше белгілері дәлел болады.

Ең алдымен, бұлардың барлығы дерлік – нақтылы зат атаулары, ал бұл заттар – сол кездегі қазақтың әлеуметтік және экономикалық күнделікті өмірінде берік орын тепкен нәрселер. Бұл – бір. Екінші белгісі – қазақ тілінің фонетикалық табиғатына сай ыңғайласқан.

Ақындар парсының *әзел (де)* сөзін сол қалпында қолданған тұстары молынан кездеседі.

*Әзелде жазған болады.
Бірақ жалған намыстар
Осындайдан қозады [Н.К.Іт].*

Таңдайға тәңірі әзелден жазбаған соң,

Бір ішкен не болады мейірің қанып?! [Е.К].

Келтірілген мысалдардағы «**әзелде**» көнерген аталымының құрамындағы **з** дыбысының **у** дыбысына ауысуы арқылы қазіргі тіл қолданысында «**әуелде**» сөзі пайда болып, ол *алғашқы кезде, о бастан* деген сөздермен синонимдік қатар түзеді.

Нұртуған Кенжеғұлұлының «Адамгершілік туралы» нақыл-өсиет өлеңінде «**кішік**» сөзі қолданылған:

Базбіреу қолда барды ұқсата алмай,

Қуартып кенезесін шөл етеді.

*Өнерлі, білімді жан **кішік** келіп,*

Көңіліңді ақылымен көл етеді [Н.К.Іт].

Ал, «Жер жүзі жеткілікті кім біліпті» өлеңінде:

Бұлардың біреуі артық, біреуі кем,

Нашары мықтысынан қорқып-бұқты.

Осындай адамзатта түрлі-түрлі,

***Таланды**, кейбіреуінің ақылы көп-ті [Н.К.Іт],* – деген шумақта «таланды» сөзі қолданылған. Сонымен қатар ақынның «Мәулімнияз-Едіге» дастанында, Сәтемірдің Құттықияға жазған хатында:

«Болғай» деп баласының өмірі ұзақ

Бара-бар тілегім де шаһыбазға.

*Ер жетіп, болсын **ұлық**, мақсұты асыл,*

Қол бастап шыққын ұлың дау-дамайға [Н.К.Іт], – дейді. Ал, «Ерімбет пен қыз Жекей» айтысында Ерімбет:

Мен Мәскеуден пұлы қымбат алдым барқыт,

*Сен Бұхардың бұйым дейсің **бояқ** бөзін.*

Білмесең асыл жайын, ау, құдаша,

Ойылсын Қартбайменен екі көзің! [Е.К] – дейді. Бұл үзінділердегі *кішік, ұлық, таланды, бояқ* сөздерінің «кіші», «ұлы», «бояу» сөздерімен түбірлес екені айқын. Бұл түбірлес сөздердегі ұғым бір-біріне сайма-сай тек көнерген аталымдардың тұлғасынан дыбыстық өзгешеліктерді ғана байқаймыз. Мұндай көнерген аталымдарды **лексикалық түбірлес туынды көнерген аталымдар (архаизмдер)** деп атаған жөн.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы шеттен енген кірме сөздердің көпшілігі пассивтеніп, мағынасы күңгірттенген. Ол сөздердің құрамында дыбыстық өзгерістер де анық көрінеді. Мысалы,

«Бисмилла», «Әуелі Алла!» сөз бастаймыз,

Зейіліңмен хикаяны тыңдасаңыз,

Ілгергі ақ Расулінің заманында,

*Сахаба түгел еді шаһарияр, **абыз** [Е.К].*

Ерімбет өлеңдерінде кездесетін «**абыз**» сөзі үш түрлі мағынаға ие: **абыз** – 1) қорғаушы, күтуші, сақтаушы (кітаптарды), жадында жатқа сақтаушы; 2) құранды жатқа білетін адам (Шаман дініндегі халықтың молда, сопы, бақсы сияқты адамдарына берген аты); 3) көп ән мен өлеңді жатқа білетін адам. **Абыз** якут тілінде *абыс*, ал мағына жағынан бір-біріне өте жақын ортақ

(ап) түбірлі сөздер. Мұндағы *абыс*, *ап* сөзінің мағынасы: *сиқыр*, *сиқырлық*, *тылсым*, *көз байлағыштық*, *еліктірушілік*. Моңғол мен қырғыздың көне жазу ескерткіштерінде бұл сөз аңды алдау жолымен ұстау, тор құру дегенді білдіреді [110, 89 б.]. Бұл фактілер абыз сөзінің алғашқы түбірі *ап* болғандығын дәлелдейді, *-ыз*, *-із* зат есім тудыратын көне жұрнақ. *Ап* түбіріне *-ыз* жұрнағы қосылғанда кейінгі ықпалдың әсерінен (дауысты ы) *п*-ның *б*-ға айналып кетуі – түркі тіліне, соның ішінде қазақ тіліне тән құбылыс. Ертеде есімге жалғанып, жана есім тудыратын *-ыз*, *-із* жұрнағының болғанына ешқандай күмән жоқ. Бұл пікірлерді қазақ тіліндегі *жауыз* сөзі толық дәлелдей алады. *Жау* сөзіне *-ыз* жұрнағы жалғану арқылы *жауыз* ұғымының жасалғаны белгілі.

Сол сияқты Нұртуған шығармаларында «**байрақ**» сөзі молынан ұшырасады:

*Сен болсаң бұлбұл бақтағы,
Мен едім ашық қызғалдақ!
Сен болсаң асыл арғымақ,
Бәйгеде тұрған мен **байрақ** [Н.К.Іт].*

Тарихи деректерге қарағанда мұндағы *байрақ* сөзінің көне түрі «*батрақ*» болса керек. Кейінгі кезде *т* дыбысының *й*-ға алмасуы арқылы «*батрақ*», «*байрақ*» болып өзгерген. Сонымен қатар түркі тілінде *д* дыбысының орнына *й* келетіндігі бұрыннан белгілі. Мысалы, көне түркі тілінде *адақ аяқ (нога)* дегенді білдіреді [110, 89 б.]. Егер *я* дыбысының *йа* екендігін ескерсек, *д/й* дыбыстарының ілік шатыстығы анық байқалады. Сол сияқты *д* мен *т* дыбыстарының бір сөз ішінде параллель, қатар қолданыла беретінін қазақ тілінен де (*дүз – түз*, *дұзақ – тұзақ*) байқауға болады.

Осы сияқты қазақ тілінде жалпы еріндік *б* мен *п* дыбыстары етістік негізден өткен шақ көсемше жасалғанда дауыстылар арасында сонор *у* дыбысына ауысатыны белгілі. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында бұған қоса есім негіздегі *б* мен *п* дыбыстары *у*-ға, *ә*-нің *е*-ге ауысатыны байқалады. Бұған мысал ретінде ақындар шығармаларынан үзінді келтіруге болады:

*Жанқожа жаулық қылды гайыр дінге,
Кеуірдей халық дұшпанын зар жылатқан.
Ол ердің рухына жүз мың рахмет,
Исламның қамқоры үшін қылыш тартқан [Е.К].*

*Қайраты елге паи жігіт,
Кеуірменен қас жігіт,
Мұсылманмен дос жігіт,
Сеніп едің өзіңе?!
Қалмақтың бұзып қаласын,
Неше аттандың кеуірге?! [Н.К.Іт].*

Мұндағы «**кеуір**» сөзінің ақындар өмір сүрген тұстағы мағынасы *дінсіз*, *діннен шыққан* деген ұғымды білдірсе, қазір «е»-нің «ә»-ге, «п»-ның «у»-ға алмасуынан пайда болған *кәпір* сөзі *жаны қаламайтын адамға* немесе *нәрсеге* теліп айтылады.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында ортақ қолданысқа ие болған «байтақ» сөзі. **Байтақ** – сөздікте екі мағынада: 1) ұшы-қиыры жоқ, кең; 2) ел, жұрт, хандық деп көрсетіледі. Екі ақынның да шығармаларында б дыбысының қатаңданып п болып айтылуы, яғни байтақ сөзімен қатар пайтақ түрі де кездеседі:

*Әлейкум ассалаума, алдияр хан,
Тәрк етпес өміріңді ешқандай жан.
Байтаққа патша болып тұрсың ханым,
Өзіңнің адал кәсіп, тәрбияңнан [Н.К.Іт].*

*Он алтыншы ғасыр басында-ай
Пайтағын билеп Балыхтың,
Көңілінен шығып халықтың,
Өртеген жауын жасындай [Н.К.Іт].*

*Жоғалмас көптің оғы Қырымға атқан,
Жалғыздық таппақ қиын жай садағын.
Бағында сайрар бұлбұл, көлде бақа,
Мінбесе, кірмес күші, хан пайтағын [Е.К].*

Мұндағы **пайтақ** деп отырғаны – белгілі бір мекендегі белгілі бір ел, яғни кішігірім хандық. Бұл сөз қазірде қолданылатын байтақ ел, жұрт деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. О баста байтақ ел, байтақ жұрт деген жеке сөздердің баламасы ретінде жұмсалған. Келе-келе байтақ сөзінің алғашқы мағынасы күңгірттеніп, «кең, ұшы-қиыры жоқ» деген мәнге ие болып қалған: байтақ дала – кең дала, байтақ өлке – кең өлке, ұлан байтақ [28, 42-43 б.] деп айтады ғалым Р. Сыздық.

Сонымен қатар Нұртуған шығармаларының басым бөлігінде жылқы малының өзіндік қасиетін суреттейтін тұстары молынан ұшырасады. Солардың бірі жылқы түрі – **жабы**. Мысалы,

*Жабы емес, шылбырыңды іркетін кез,
Жеріңе ойыңа алған жеткізер тез.
Бар міні тал бойында, байқағанға –
Ат тепкен сағағыңда үріккен без [Н.К.Іт].*

*Дүние сен тозбайсың жан тозады,
Бедеуден күйі түссе, жабы озады.
Ақымақтың ақылына қарап тұрсаң,
Ылдида тұрып өрге қол созады [Н.К.Іт].*

Жабы – жылқының ең нашар тұқымы, қазақы жылқы. Парсы тілінде **йам** және **йаме** – почта тартатын жұмыс аты дегенді білдіреді [83, 602 б.]. Дыбыс алмасуының салдарынан й-дың ж-ға, м-ның б-ға, е-нің ы-ға ауысуының негізінде, парсы тіліндегі йаме қазақ тіліне ауысқанда жабы болып қалыптасқан.

Нұртуған мен Ерімбет толғауларында өлең жолдарының біркелкі дауысты не біркелкі дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерден құралуы – ертеден келе жатқан кәнігі тәсіл.

*Табаны жерді ілмейді!
Табанының таңлағын
Тек аспанға тірейді!
Тіктеліп құйрық суылдап,
Тірсегіне тимейді.
Тікірейіп жалы таралып [Н.К.ІТ],*

*Қалаңа ойран саламын.
Қарсы келген батырды
Қылышпенен жарамын.
Қалай-қалай сөйлейсің?!
Қай сөзіңе нанамын?!
Қыз екен деп қызбаймын [Н.К.ІТ].*

*Бірақ бір күші фазылымен пәруардігәр,
Бұл себеп – падишамыз зой жаратқан!
Бұл сегіз төрт есіммен түгелденер,
Болған соң жұбынан төрт бұл сипаттан [Е.К].*

*Ойласаңдар білімнің
Орын алған төрінен.
Ондай болған жан қайда,
Ол жаралған жан еді [Н.К.ІТ].*

Бұл жерде біркелкі ұйқас буындардан гөрі, біркелкі дыбыстардан басталатын сөздердің тармақ басында қатарынан келуі жиірек, демек, аллитерация мен ассонанс құбылысы көзге түседі. Бұл тәсіл өлеңнің үнділігін (музыкалылығын) күшейтумен қатар, сөз таңдауда, демек, әдеби тіл лексикасын түрлендіріп отыруда үлкен рөл атқарады.

Р. Сыздықтың еңбегінде: «Өлең тармақтарының біркелкі дыбыстардан басталатын сөздермен құрылуы – біздің күндерімізге дейін жеткен, қазақ өлең техникасының ұтымды көне тәсілдерінің бірі [77, 98 б.] деп көрсетіледі.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларының тілінде айтылатын ойдың әсерлілігін арттыру үшін сөз басында қайталанып қолданылатын дыбыстардан, сөздер мен сөз тіркестерінен, синтаксистік құрылымдардан жасалған стилистикалық фигуралардың түрі кездеседі. Мысалы:

*Мін емес біліп айтқан менің сөзім,
Мін айтқан әуел бастан сенің өзің [Е.К].*

*Бір анадан екі едім,
Бір анадан үш едім,
Бір анадан он едім [Н.К.ІТ].*

*Біреуді жоқ, біреуді Алла бар қылады,
Біреуді бір тиынға зар қылады [Е.К].*

*Біреуінде қатын жоқ,
Біреуінде жақын жоқ,
Біреуінде аға жоқ,
Біреуінде бала жоқ [Н.К.Іт].*

*Жау үркіп көшкендей,
Жау төбеңді тескендей [Н.К.Іт].*

Мұндай қолданысты терминжасам тұрғыдан **анафора** деп атайды.

Тағы бір айта кететін құбылыс, ақындар өмір сүрген тұста жазба әдебиет дұрыс қалыптаспағаны байқалады, яғни орфографиялық заңдылықтар сақталмай, сөздердің айтылуы бойынша (орфоэпия) жазылған сөздер молынан ұшырасып қалады.

Тіл білімінің фонетика саласы бойынша үнемдеу заңы теориялық жағынан Б. Сағындықұлының еңбегінде нақты талдау жасалған: «Ауызекі сөйлеу тілінде **барып едім ~ барып ем; көріп едім ~ көріп ем, барамын ~ барам, көремін ~ көрем, барады ~ барад, айтады ~ айтад** формасында айтыла береді. Қысқару, ықшамдалу фактілері өте көп. Бұлардың барлығы ежелгі дәуірден қазірге дейін үнемдеу заңының тілдің қалыптасуы, дамуы барысында елеулі қызмет атқарғанын көрсетеді. Үнемдеу қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдерінде бар. Өзгеру механизмі олардың бәріне бірдей ортақ» [106, 105 б.].

Әр сөз жеке сөздік екпінінен айырылып, бәрі түгелімен бір ғана екпінге бағынады. Сөз арасындағы кідіріс (пауза) жойылып, жеке сұрағынан айырылып, бәрі бір сұраққа жауап береді. Осындай әрбір алдыңғы сөздің соңында тұрған дауысты фонема өзіне екпін түспегендіктен, айтылуда жойылып, сандық редукцияға айналады. Бірақ негізгі мағынасын жоймай сақтап қалады [107, 72 б.]. Айтылған пікірді дәлелдеу үшін ақын-жыраулар шығармаларындағы мысалдармен дәлелдейік.

Нұртуған шығармаларында орфоэпиялық құбылыстың тікелей айтылу қалпында берілуі көбінесе күрделі етістіктердің құрамында кездеседі. Ақынның «Лайқат ер жігітке түзу мылтық» өлеңінде:

*Құндағы қызыл тұттан болса және
Үш күнде тоттандырмай тұрсаң сүртіп.
Ұсынсаң аспанда ұшқан ақша құрға*

Келатқан көк теңізден болып бір топ [Н.К.Іт] – десе, «Қарасай – Қазиді» дастанында:

*«Келатыр ағаң!» дегенде,
Тасып кетті кеуілім
Көк теңіздей шалқыған [Н.К.Іт] – дейді.*

Іште отырып, Жасарал мұның жау екенін білсе де, жалғыз атты жолаушыға далаға шығуға әбессініп, ашуы келіп: «Қалмаққа баратын болсаң, **аржағыңда жол жатыр!**» деп, айқайлап толғады [Н.К.Іт].

Сондай-ақ, Нұртуғанның «Жауаптасу» өлеңінде де бұлайша орфоэпиялық түрде жазылуы орын алады:

*Отырсың екі мезгіл ыңыранып,
Ұлғайып қайғы-дертің баратқан соң.
Ісіне Құдіреттің риза боп,
Көтеру керек, інім, жүк артқан соң ...*[Н.К.Іт].

Бұл жолдардағы *келатқан* (келе жатқан), *келатыр* (келе жатыр), *аржағыңда* (арғы жағыңда), *баратқан* (бара жатқан) күрделі етістіктің бірігуі арқылы орфоэпиялық нормада жазылған. Дегенмен, бұлайша қолданылу ақындар шығармаларындағы өлең жолдарында ұйқастың ретіне қарай дұрыс қолданылған. Өйткені, 7-8 және 10-11 буынды өлең жолдарында буын санының артық болмауы үшін қолданылса керек.

«Қайсыбір позиция белгілі бір дыбыстар (фонемалар) үшін «қолайлы» болса, қайсыбір позиция онша «қолайлы» бола бермейді. Соңғы жағдайда дыбыстық бірліктер қолайсыз жағдайдағы (позициясын) фонетикалық «қоршауға» бейімделіп, түрленеді. Мысалы, <б>, <д> дыбыстары үшін сөз аяғы қолайсыз жағдай», – дейді орфографиялық сөздікте [111, 12 б.]. Мысалы, Нұртуған шығармаларындағы мына жолға назар аударсақ:

*Өмірдің іші толған бәрі қызық,
Демеңдер: «жалғаншыда мейірім қанад!»
Нақақтан бір адамды күйдірсеңдер,
Ақыры-ақ оралып кеп сені табад.
Жақсыға көп ішінде душар келсең,
Жетпеген артық-кемді қымбат жабад.
Жаманға қашан қызмет жасасаң да,
Өзіңді ақырында зәрдей шагад.
Мінезі жамандардың ит секілді,
Есейіп ер жеткен соң қолды қабад.
Шайырың бұлайынша қалам тартсын –
Жібектей мінез гана жанға жагад* [Н.К.Іт].

Мұндағы, *қанады*, *табады*, *жабады*, *шагады*, *қабады*, *жагады* сөздеріндегі соңғы дауысты – бұл әдетте қысаң дауысты, машықты (спонтанды) сөйлеу тілінде [қанад], [табад], [жабад], [шагад], [қабад], [жагад] делініп [д] дауыссызы [т] түрінде айтылады.

«Қазақтың байырғы сөздері жіктік жалғауының III-жағымен аяқталғанда, ең соңғы дауысты фонема, өзіне екпін түспегендіктен, естілмей түсіп қалады. Осындай кідірістен шектескен <д> фонемасы өзінің үн сыңарын жойып, <ы> фонемасы түсіп, <д> – <т> фонемасы болып айтылады [107, 70 б.]». Осы пікір ақын-жыраулар шығармаларынан анық байқалып, сөздердің айтылуы бойынша қолданғаны көрінеді.

«Көне түркі жазба ескерткіштерінде, қазіргі түркі тілдерінде, оның сан алуан диалектілерінде, говорларында сайрап жатқан үнемдеу заңының іздері сөз төркінін ашуда, түбірлер мен қосымшаларды әдепкі қалпына келтіруде, семантикалық өзгерістерді анықтауда теңдесі жоқ мүмкіндік береді» [106, 105 б.].

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларындағы көнерген аталымдардың фонетика-семантикалық ерекшеліктері түрлі тілдік құбылыстың нәтижесінде түрленіп, өзгеріп отырған. Мұнда өзге тілден енген көнерген аталымдардың ана тілімізге кірігуі мен өлең-сөздің өн бойындағы дыбыстық ерекшеліктері қарастырылды. Ақындар өз шығармаларында сөзді қолдану кезінде фонетикалық заңдылықтарды өз орнымен жүйелі түрде сақтап отырған.

Көнерген аталымдардың сөзжасамдық тәсілдері арқылы жасалуы

Тілдің сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі көнерген аталымдарды жасауда қызмет етеді. Қазақ тіл білімінің сөзжасам саласы бойынша жан-жақты тұжырымды ой айтқан зерттеуші ғалымдар Н. Оралбаеваның, А. Салқынбайдың, Б. Қасымның еңбектері зерттеу жасауға мол ықпал етті.

Ғалым Б. Қасым «Сөзжасам: семантика, уәждеме» атты еңбегінде күрделі сөздерді анықтауда негізгі тірек ретінде лингвистикадағы қалыптасқан үш түрлі белгіні, ұстанымды негізге алып, құнды зерттеу жасаған: Олар: 1. Мағыналық тұтастық белгісі. Бұл белгі бойынша күрделі атаулардың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, тұтасқан күйінде бір бүтін мағынаны білдіріп, жеке атау болады. 2. Құрылымдық тұтастық белгісі. Мұнда күрделі атаулардың сыңарларының әрқайсысы бөлек-бөлек өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, бір тұлғаға ие болады. 3. Синтаксистік тұтастық белгісі. Күрделі атаудың шығу тегін тарихи тұрғыдан қарап, оның бастау көзі сөз тіркестерімен байланыстырылады [36,34 б.]. Ғалымның осылайша нақты тұжырымдауы көнерген аталымдардың сөзжасамдық ерекшеліктерін саралауда мол ықпал етті.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар: **синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық** тәсілдер. Бұл тәсілдер негізінде жасалған көнерген аталымдар ақындар шығармаларында жиі ұшырасады. Сөзжасамдық тип туынды сөздердің **сыртқы құрылымдық тұрпатымен және ішкі мән-мағынасы, семантикалық белгілерімен** айқындалады.

Қазақ тілі сөзжасамның **синтетикалық тәсілі** арқылы, яғни «түбір+жұрнақ» үлгісі көнерген аталымдардың жасалуына да қатысты. Туынды түбір туынды сөздердің ішіндегі ең көп тараған түрі, ол сөзжасамның **синтетикалық тәсілі** арқылы жасалады. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі сөзжасамдық жұрнақтармен туынды түбір жасап, тілді байытып отырады. **Синтетикалық тәсіл** негізінде туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін, оған екі тілдік бірліктің қатысуы керек: 1) лексикалық мағыналы сөз, 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Біз талдап отырған шығармаларда зат есім тудыратын афикстер есім түбірден де, етістік негізіненде заттық мағыналы сөздер жасайды. Көнерген аталым жасайтын актив жұрнақтың бірі *-лық* жұрнағы. Оның басты қызметі – дерексіз зат есім тудыру. Мысалы, ...*Келген адамдарға: «Бұл менің төрелігім емес, Тоқтамыс ханның төрелігі. Халыққа солай деп айтып жүрерсіңдер!» деді* [Н.К.Пт]. Мұндағы *төрелік* бұрыннан *төре* (негіз сөз) сөзіне есім сөзден зат есім тудыратын *-лік* қосымшасы жалғану арқылы «*бидің кесімі, шешімі табылмай тұрған нәрсенің шешімін табу*» мағынасынан туған дерексіз ұғымды білдіретін болса, енді *төрелік* көнерген аталымының мағынасына жаңа мағына үстеп, *белгілі пікір талас кезінде екі жақтың айтылған ой пікірлерін саралайтын төрелер сайланып, олар сол сайыстың төрелігін (дұрыс шешімін) беретін болды*. Яғни көнерген аталым сапалық өзгерістің нәтижесінде жаңа мағынаға ауысты. Қазіргі қазақ басылымдарында *-лық/-лік* сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған жаңа қолданыстарды да кездестіруге болады. Мысалы, «*Үлескерлік тұрғын үй құрылысына қатысушылардың құқықтарын қорғау мәселесін күшейту керек. Былтыр әлем елдерінің экономикалық-әлеуметтік жағдайын ақсатқан ипотекалық дағдарыс бізді де орағытып өтпеді*» [112, 3 б.] Келтіріліген мысалдардағы *төрелік, үлескерлік, экономикалық, ипотекалық* сияқты туынды сөздердің жаңа мағынасы *төре, үлескер, экономика, ипотека* сөздерінің негізінде жасалған, сондықтан олар негіз сөздер деп аталады. Сонымен туынды сөздің негіз сөзі болатын лексикалық бірліктер туынды мағына жасау үшін қажет.

Қазақтың байырғы төл лексикасының құрамындағы жалпытүркілік сөздер мен негізгі сөздік қордан тыс мол қабаты тіліміздегі тарихи тума сөздермен байланысты. Мәселен, сөзжасамның **синтетикалық тәсілі** арқылы зат есімдердің жасалуында тарихи өнімді жұрнақтардың қатарында *-шы/-ші* жұрнағы жалғану арқылы туған зат есімдер. Мысалы, *Әнжі хатты күнде қатынап жүрген керуеншілердің бірінен беріп жіберді* [Н.К.Пт]. «*Бұрынғы Мамайдың қарамағындағы жер зой*» деп, *жан-жағына баршы салдырған еді* [Н.К.Пт]. *Бес қаруын сайланып, қажетінше қол алып аттанған бұларға Ысмайыл атқосшы болып барды* [Н.К.Пт]. *Бұйырды патша сонда қазынашыға: «Қазынадан он мың тіллә алып кел!» деп* [Е.К]. *Едіге баласына қарға бұтты Қаразбанды берді. Қасына қырық кісі ертті. Басшы қылып жауырыншы Ақпан дегенді қосты* [Н.К.Іт]. *Сонан соң отыз адам түсті бәрі, Жүреді ат жетелеп қосшылары* [Н.К.Пт]. *Жоқ жоғалтқан жолшы едім, Бағып жүрмін малыңды* [Н.К.Іт]. Мұндағы *керуенші* (керуенді жүргізетін адам), *баршы* (барған жерін шолып қайтатын барлаушы, торушы), *атқосшы* (біреудің қасына еріп жүретін атын күтуші, атшы, жәрдемші), *қазынашы* (қазынаға жауапты адам), *жауырыншы* (қазіргі сөйлеу тілінде «оққағар»), *қосшы* (жұмысшы, көмекші), *жолшы* (жолда жүрген адам, жолаушы) т.б. тудырушы негіздері бірыңғай зат есімдер, туынды заттық мағыналары нақты кәсіп иелерін білдіретін мағыналарға негізделген, тудырушы қосымшалары бірыңғай деректі зат есім тудыратын *-шы/-ші* жұрнақтары. Осы жерде айта кететін жайт, Нұртуған ақын жоғарыдағы мысалда «жауырыншы» деп қолданса, бірде *-шы*

қосымшасының жасырын күйінде «жауырын» деп қолданады. Мысалы: *Жауырын солай айтып тұр, Күн шыға тырнақ іледі. Көрінеді оның да, Жауырынышы жанында* [Н.К.Іт].

Негіз сөз дегеніміз – туынды сөзді жасауға негіз болатын лексикалық мағыналы сөз. Ақындар шығармаларындағы *керуенші, баршы, атқосшы, қазынашы, жауырынышы, қосшы, жолшы* тәрізді туынды түбірлердегі негіз сөздер *керуен, бару, ат, қазына, жауырын, қос, жол*. Жалпы туынды түбір атаулының бәрінде осы заңдылық сақталады.

Бұл жұрнақтың қазіргі баспа беттерінде кездесетін жаңа сөзжасамдық үлгілері де баршылық. Мысалы, *Бұл ең әуелі дағдарысқа төтеп берер экономика қалыптастыру, өндіруші мен өңдеуші салаларды теңестіру, инфрақұрылымды түзеу, елдегі әр адамның әл-ауқатын жақсарту. Бұл бағдарлама аясында батыстық жобаға бейімделген 30 көшбасшы компания құрылды* [112, 4 б.].

Ақындар шығармаларында туынды түбір негізінде **синтетикалық тәсіл** арқылы жасалған **«жасауыл»** сөзі кездеседі. Мысалы, Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып: *«Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына жасауылмен ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса, мен мына Қарасайға берем» – деді* [Н.К.Іт]. Мұндағы **жасауыл** сөзінің түбірі – *жаса* шағатай тілінде *жаса* (яса) «патшаның», ханның бұйрығы, заңдар жинағы» ұғымында қолданылған да, ал сөз соңындағы *-уыл* әскери атақты білдіру үшін жалғанатын жұрнақ [113, 297 б.]. Бұл жұрнақтың қызметі арқылы жасалған сөздердің қазір орысша пайдаланып жүрген біршама сөздерге балама әскери термин бола алатындығы жөнінде ғалым Ә. Қайдаров көрсеткен. Мысалы, *айдауыл, бекеуіл, барлауыл, тежеуіл, торғауыл, тосқауыл, тоқтауыл, сайдауыл* бір сөзжасамдық үлгідегі сөздер. Мұндай ұтымды, төл сөзімізге өте жақын келетін қолданыстарды сөзсіз тәжірибеге, қолданысқа енгізуге болатындығында дау жоқ. Негізіне келгенде, мәселе оның белсенді түрде насихатталмайтындығында сияқты.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында қазір көнерген аталым ретінде қалыптасқан, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған **«текдар», «үмітдар», «тілуар»** көнерген аталымдары кездеседі. Мысалы, *Қолда барды аяған Сендей текдар тұқымнан – Құдай алдында зор ұят* [Н.К.Іт]. *Өлгенше қашып, ұмтылар, Оқ тисе құстың порасы. Аз ғана оттап, көп жусар, Жылқының текдар, сарасы* [Е.К.]. *Тілуар, көпті көрген, әй, данышпан, Хабар ал бұл камилден жазған хаттан!* [Е.К.].

Тілші ғалым Е. Жанпейісов М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында кездесетін «дегдар» сөзінің мағынасын былай ашады: *«-дег-дар, дег//тег//тек; дар– түрік тілінде сын есім жасайтын жұрнақ, яғни ол қазақ тіліндегі -ды (малды) қосымшасына сәйкес келеді. Дегдар сөйтіп текті деген сөз»* [114, 72 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің екі мағынасы көрсетілген: *1) сын. асыл тұқымды, текті; 2) сын. бей-жай, делдал»* [23, 93 б.]. Бұл екі еңбекте *текдар* сөзіне *текті* деген ортақ мағына берілген. **Текдар** сөзі

көнерген аталымдар (архаизмдер) қатарынан орын алғанда оның қазіргі тілдегі *текті, асыл* сөздері синонимі болады деп тұжырымдауға болады. Осы сияқты *тілуар/сөзшең, үмітдар/үмітті* аталымдары да осы *тектар* сөзінің жасалуымен ұқсас.

Бұл тәсіл арқылы тілімізде бұрыннан бар кейбір сөздердің қоғамдық өзгерістер нәтижесінде мағыналық аясының кеңейіп, қоғамдық қызметінің күшейгенін байқаймыз.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туында түбірлердің құрамындағы морфемалардың әрқайсысының орны бар, негізгі морфема бірінші орында тұрады, көмекші морфема яғни жұрнақ екінші орында, негізгі морфема лексикалық бірліктің соңында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты.

Бұл заңдылықтан ауытқу тек басқа тілден кірген кейбір морфемаларда кездеседі. Зерттеу жұмысындағы ақындар шығармаларының тілінде **синтетикалық тәсіл** негізінде жасалған болымсыз *-сыз* тұлғасының орнына түбірдің алдынан жалғанған парсы тілінен кірген *-бей* қосымшасымен жасалған сөздер жиі ұшырасады. Мысалы: *Айдынды-Имаш жас бала, Қыршынынан қырқылған. Бейарман кетті не пайда Өлгеннен соң қыңқылдан?! [Н.К.Іт]. Бейжарақ, жабдықтанбай жауға ұмтылып, Дей көрме: «Жаппар ием, өзің сақта-ай!» [Е.К]. «Біреуің кейін тұр!» дей ме, Шақыра ма жекелеп. Іштен жарлық келгенше, Бейтәртіп болма өте» деп [Н.К.Іт]. Беймұқтаж пәруәрдігер құл ісіне, Адыңғы жақсы тигыл зор дәлелат [Е.К]. Қырық мың жығын жау келсе, Бейқұт елді бүлдірер [Н.К.Іт]. Атаның досын дұшпан көрмегейсің, Бас қоспа, бейасылға, жарамсыздай [Е.К]. Насихат, сал құлағың, тыңда балам, Бейзекет бірде болса жима харам [Е.К]. Салыдай салауатың көріп едім, «Бейөлшеу бұл пәниге, – деп, – қызықпас» [Е.К]. Әлхисса, сөз аяғын еткен тамам, Молла Омар бейпарасат, ақылы төмен [Е.К]. Кәмбілден бейлайқат сөз шығыпты, Бағасын кеміткендей нигымәттің. Алланың дерегіне халым қиын, Қор тұтқан ұлық нәпақты бейәдептің [Е.К]. Шығады адасқан сөз ақылы кемнен, Анасы асыл, атасы бейзат қашырдай-ақ [Е.К]. «Бөрі ашар, түлкі көмер» деген нақыл, Бейлаж перде ашылды бұл уалаяттан [Е.К]. Болмаса бейпарық айтқан сөзің бе еді, Пиуа ішіп, сірә, бейхош болғандықтан? [Е.К] «Тағы бар, жатыр жалғыз тас киімді, Беймағлұм, күллі ағзасы доп-домалақ» [Е.К]. Біткен күн, өлшеулі өмір, таусылған дем, Бейона сындырмаған кімнің сағын [Е.К]. Ішіне кіріп Гән хазірет, Ұйықтап қалды бейтап боп, Тікен кіріп, тас қаққан Тәніңдегі жарадан [Е.К]. Халайық, сақилыққа салсаң көзің, Бейбағдар тым жыраққа кетпе өзің! [Е.К]. Мұндағы бей парсы тіліндегі (предлог без) болымсыздықты білдіретін префикс. Мұндай құбылыс қазақ тіл білімінің негізгі заңдылықтарына жатпайды.*

Қолданысқа жаңадан еніп жатқан сөздердің көпшілігі қазақ тілінің сөзжасам процесіндегі ең өнімді афикстер арқылы өмірге келіп жатады. Соның бірі арабтың «**нама**» сөзі қазақ тілінде жеке сөз ретінде қолданылмай, афикс ретінде белгілі бір түбірге жалғану арқылы белгілі бір мағынаға ие болады. Мысалы, *Мен де жаздым Сәтемір, Саган арнап намамды. Өзім өлсем,*

артымда Тапсырамын баламды [Н.К.Іт]. Жолданды бізден **нама** сұрамаққа хал, Екі «мим» жанабыңа «жа» менен «дал». «Сын», «һи» шам дұғамыздан еште қалман, Сақтағай дарғаһінде һақ зүлжалал! [Е.К] – деген өлең жолдарында «**нама**» жеке атау ретінде қолданылып, *хат* мағынасында жұмсалып отыр. Бұл сөз афикс ретінде Нұртуған ақын шығармасында түбірге жалғанып белгілі бір мағынаға ие болады. Мысалы, *Нұртуған, сағынышты сәлемнама, Жас жанға жүрім бергей жаббар Алла! Тілектес заман-құрбың сыртыңыздан, Қастеге шипа тілеп, дертке дауа* [Н.К.Іт] – деген өлең жолдарындағы **сәлемнама** көнерген күрделі аталымдардағы *нама* – *хат* деген ұғымды білдіретін көнерген сөз. Ол **сәлем** сөзімен бірігіп **сәлемнама//сәлемхат** түрінде қолданылған. Қазіргі қазақ басылымдарындағы жаңа қолданыстарда да осы сөздің сөзжасамдық үлгілері молынан ұшырасады. Мысалы, *Президент Жолдауы жайлы әлеуметтік сауалнамада жауап берушілердің көбі денсаулық саласын даралап көрсеткен.*

Сондай-ақ, Президент үлескерлік тұрғын үй құрылысына қатысты заңнамаларды жетілдіре түсу керек екенін айтты [112, 3 б.].

Сонымен қатар, қаламгер мерейтойы қарсаңында тағы бір жаңа кітап – «Зейнолла нама» жинағы оқырман көпшілікке жол тартты [115, 2 б.].

Сөзжасамдық жұрнақтардың әрқайсысының жеке мағынасымен бірге, жалпы мағыналары да бар. Келтірілген мысалдардағы *-нама* жұрнағының мағынасы заттық ұғыммен байланысты.

Осымен байланысты жұрнақтар сөз таптарына телулі болады. Әр сөз табының өз сөзжасамдық жұрнағы бар. Олар әр сөз табына қатысты туынды түбір жасайды. Мысалы, *сәлемнама, сауалнама, Зейнолла нама, заңнама* зат есімдердің сөзжасамдық жұрнағы туынды түбір зат есімдерді жасайды. Бұл үдеріске байланысты әр сөз табының өзіндік сөзжасамы қалыптасқан.

«Синтетикалық тәсіл барлық сөз табында сөзжасамдық қызмет атқарады» [50, 205 б.].

Аналитикалық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі синтетикалық тәсілден өзінің сөзжасамдық бірліктері арқылы ерекшеленеді. Егер синтетикалық тәсілдерде туынды сөз жасауға лексикалық бірлік пен жұрнақ қатысатын болса, аналитикалық тәсілде жұрнақ қатыспайды, тек екі я онан да көп лексикалық бірліктер ғана сөз жасаушы тұлға қызметін атқарады. Аналитикалық тәсілде екі (я онан да көп) сөз бір-бірімен тіркесіп те, бірігіп те, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды.

Ғалым Н. Оралбаева: «Бір сөз бен екінші сөзді тіркестіріп, номинация жасау – тіліміздегі өнімді тәсілдердің бірі», – дейді [35, 64 б.]. Ғалым айтқандай, бұл тәсіл ақындар шығармаларында да ең белсенді тәсіл болып қолданылады.


«Қазақ тіл білімінде **аналитикалық тәсіл** жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болумен бірге, оның төрт түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту» [50, 205 б.]. Ақындар шығармаларында аналитикалық тәсілмен, яғни **сөзқосым, қосарлау және тіркестіру** арқылы жасалған көнерген атаулар

үстеме мағынаға не соны мағынаға ие болған зат есімдер мен құранды етістіктер, ал **қысқарту тәсілі** арқылы жасалған көнерген атаулар мүлдем жоқ деп толық айта аламыз.


Бұлардың әрқайсысы да тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, олар арқылы жасалған туынды күрделі аталымдар ақындар шығармаларында өте мол. Аналитикалық тәсілдің бұл ішкі түрлері арқылы жасалған күрделі аталымдар бір-бірінен мағынасы жағынан әртүрлі болады. Анық айтқанда, аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды.

Зерттеу жұсымызда **аналитикалық сөзқосым тәсілі** екі сөздің біртұтас дыбыстық құрамға кірігіп, бір лексикалық мағына беріп, бір екпінмен айтылып, бір лексикалық бірлік, яғни бір сөз жасайды. Сонда **сөзқосым тәсілі** арқылы құрамындағы сыңарлардан басқа дербес сөз жасалады.

Айталық, ақындар шығармаларында парсы тілінің сөз жасаушы элементтері *-зада, -зат* тұлғалары афиксоид қызметіне жеткен грамматикалық бірлік ретінде олармен біріккен көнерген аталымдар кездеседі. Мысалы: *Өз жайымды айтайын, Келе жатқан бекзада. Едіге ердің тұқымы* [Н.К.Іт]. *Жұмысы қанша қиын хан ағаның, Жүрегі тастан қайтпас ерзаданың. Қайқайып қаршығадай тойға келген, Қайсысынан мін табайын ханзаданың* [Н.К.Іт]. *Ағайын-туыс жекжатын, Жолдас-жора, бекзатын, Қамалға хан кіргізген* [Н.К.Іт]. *Әлсізге етпес ықтият Атақты сіздей асылзат!* [Н.К.Іт]. *Таққа мінген ханша енді Жабысып келеді сауырға. Пәк жаралған перизат, «Кірем, – деп, – мұсылман қауымға»* [Н.К.Іт]. *Ей, Алла, сансыз шүкір, әміріңе бас, Түзетсін пендеңе нешік пәкизатты-ай!* [Е.К].



Бұл жердегі – *зада* тұлғасы иран тілінде «*тұқым, тегі, нәсілі*» деген дербес мағынада қолданылса, қазақ тілінде жұрнақ қызметін атарады (*ханзада* – арғы заты, тегі хан тұқымынан тараған адам, ханның ұлы, *бекзада* – ақсүйек, бек тұқымы; *ерзада* – батыр тұқымы). Тілімізде *Айзада, Гүлзада, Нұрзада, Шаһизада* сияқты антропонимдердің құрамында жиі ұшырасады. Сол сияқты,



Мұндағы **бекзат** – 1) *бекзаданың қысқарған түрі; ақсүйек, бектер тұқымы.* 2) *ауыс. асыл, жақсы; асыл зат – білімді, асыл адам; перизат – өте көркем, асқан сұлу* (ақындар тілінде перінің қызы және ауыс мағынада сұлу қыз дегеннің орнына қолданылады); **шаһизат** – *құлтырған, жайнаған; пәкизат – таза, адал, кіршіксіз* деген мәнде қолданылады.

Күрделі аталымдардың құрамындағы сөздердің лексикалық сипаты, қай сөз табына жататындығы және тірек сыңардың негізгі ұғымға ие жалпылық сипаты, мәні, тегі, жасайтын материалдары, орны, атқаратын қызметі,

сөзжасамдық мағынасы, сыңарлардың түп негіздегі мағынасы арқылы айқындауға болады. Демек, күрделі аталымдарды лексикалық бірлік ретінде танытатын, қалыптастыратын, сөзжасамдық мағынаны жасайтын тірек семантикалық бірліктер болады. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалдардағы *ханзада, бекзада, ерзада; бекзат, ерзат, перизат, пакизат, шаһизат* сөздерін жеке-жеке алғанда, әрқайсысындағы мағына – лексикалық мағына, ал бәріне бірдей ортақ сөзжасамдық мағынаны қосқан **зада** және **зат** тұлғалары. Бұл сөздердің мағынасы, оны жасаушы семантикалық тірек бірліктер, сол аталымның арғы негізін білдіретін **тек**-тің семасы. Осындағы *хан, ер, бек, асыл, паки (таза), шаһи (құлпырған), пери (пері)* – бір сөзжасамдық типке жатады.

Қазіргі тіл қолданысында **бекзат, асылзат** көнерген аталымдар *адамның ерекшелігін айқындауда, көбінесе біртуар, ерекше жаратылған адамға* теліп айтылады. Сонымен қатар «зат» тұлғасы антопонимдік атауларда (*Перизат, Пакизат, Шаһизат, Нұрзат, Айзат, Ерзат, Гүлзат*) түбірге үстеме мағынада бірігіп айтылады.

Келтірілген аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі аталымдар екі лексема арқылы жасалған, бірақ күрделі сөзерде олардың әрқайсысы өзінің жеке тұрғандағы мәнін сақтамай, бір тұтас мәнге көшкен.

Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер біріккен (кіріккен) сөздер деп аталады. Сөзқосым тәсілінің өз ішінде **біріктіру, кіріктіру** тәсілдері бар екенін «Қазақ грамматикасында» түсіндірілген. Дегенмен, ақындар шығармаларында **сөзқосым тәсілінің біріктіру амалы** арқылы жасалған көнерген аталымдар мол да, **кіріктіру тәсілі** арқылы жасалған көнерген аталымдар жоқтың қасы.

Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің ішкі сыңарларының әрқайсысы өздерінің жеке тұрғандағы дыбыстық құрамын толық сақтайды. Зерттеу жұмысында бірге жазылатын күрделі көнерген аталымдарды «**біріккен көнерген аталымдар**» деп атаған жөн. Мәселен, әртүрлі күрделі аталымдар **пәруадігертағала** (Алла тағала), **һақтағала** (Алла тағала), **мұзбалақ** (қыран құс), **итжеккен** (Сібір), **намазшам** (кешкі уақыт), **әскербасы** (әскерлердің басшысы), **мыңбасы** (мың әскердің басшысы), **жүзбасы** (жүз әскердің басшысы), **рубасы** (бір рудың басшысы), **қолбасшы** (әскелердің басшысы), **атқосшы** (көмекші, қызметкер), **атшабар** (жұмсауға арналған адам), **сәлемнама** (сәлемхат), **қымызмұрындық** (салт-дәстүр), **шойынжол** (темір жол), жылқы малының түр-түсіне қатысты айтылған күрделі атаулар: *ақшұбар, қаракер, көкдөнен, қызылат, қаранар, сұркөк, ақауыз, аққұс* т.б. біріктіру тәсілі арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сыңарлар дыбыстық құрамын толық сақтаған, бірақ сыңарларының дербес кезіндегі мағынасы сақталмай, біртұтас лексикалық мағынаға көшкен.

«Қосарлану тәсілі – екі сөздің бір-біріне қосақтасып, біртұтас мағыналы сөз жасайтын тәсіл» [50, 206 б.]. **Қосарлану тәсілі** де ең көне жазба ескерткіштерінде қолданылған, өте көне тәсілге жатады. Орхон жазба ескерткіштер тілінде *өлу-йіту* (өлім-жітім), *ічін-тачын* (іш-тысын), *аяғын-*

алаңын (жалаңаш-жалпы) сияқты т.б. қос сөздер қолданылғанын ғалымдар еңбектерінде көрсетіп жүр.

Зерттеу жұмысында ақындар шығармаларының лексикасында **қосарлану тәсілі** арқылы жасалған аталымдар жиі кездеседі. Қосарлану тәсілінің тілде қалыптасқан заңдылығы бар. **Қосарлану тәсілі** негізінде қос сөз жасауда оның сыңарлары кез келген сөзден бола алмайды, оның сыңарлары бір сөз табынан ғана болуы – міндетті шарт.

Ақындар шығармаларындағы **қосарлану тәсілі** арқылы жасалған аталымдардың бірі, немесе екеуі де қазіргі кезде пассив қабаттағы көнерген аталымдар. Нұртуған ақын шығармаларында қосарлану тәсілімен жасалған аталымдар былайша сипат алады: □ *Парасын тығып жалақтап, Бай-манап жүр алақтап.* □ *«Бұл балам мен өлсем ғана хан болад» деп, Жаздырған жоқпа еді патша қағаз-көнге.* □ *Молланың түсі сұп-суық, Мені салды «тек-текке».* □ *Сол бір кездер есімде Сан мың жарлы-жақыбай, Қайыр сұрап жүретін.* □ *Өкпелесің хандарға, Халық-қалия, қарындас, Жасы жеткен шалдарға.* □ *Арызын тыңдап іс қылдым, Теңгердім пақыр-қаріпті.* □ *Қой бағып, отым жаққан құл-құтандар, Күң қылмақ, білдіреді бізге сыңай.* □ *Жақсы басшы шам-санат, Жарығы түсер халқына.* □ *Қарасай, топырақ-жасын берсін саған, Жеткерсін жаратқан хақ талабыңнан.* □ *Әуелі бай-кулактан құтқарылдық, Аздырып біздің жеткен түбімізге!* □ *Дауласып келді екеуі Әмір-шахқа, Шешімін, өз аузынан тыңдамаққа.* □ *Ақ отаудың ішіне Бағылан-сырбаз байлатты.* □ *Мең-зең болып манаурап, Заң-шарғыдан жаңылып.* □ *Қиямет-қайым келгендей, Дүние кетер шайқалып.* □ *Ықтияр беріп еркімен, Ықылас-қалас артады.* □ *«Қалайда мінімді тауып айтсаң, қаһар қылмайтындығыма мына отырған төре-төлеңгіттердің бәрі куә.*

Ал, Ерімбет ақында аналитикалық қосарлану тәсілі арқылы жасалған көнерген аталымдар осы үлгіде жасалған: □ *Үкімін күллі ғаламға рауаж етіп, Сүлеймен дүр-жақұттан тақ жасатқан.* □ *Молла-еке, ақылың кәмбіл, дүр-данасың, Сөз айтсам шаригаттан тоқталасың.* □ *Тигізбе ақ шәйнекті жер мен жүнге, Я киіз, я алаша, кілем-түрге.* □ *Тәж киіп, таққа отырып бұл төртеуі, Жөнелді нәубет-нәубет қылапаттан.* □ *Жаһанды бір баққа мезгес қылған болсаң, Ырзығы әр пенденің қайым-қайым.* □ *Біздің сөз кендір-кенеп тауарындай, Секілді, шығу қайда жібек, атлас?! □ Баладай батпан-батпан сөз жазады, Шіркін, осы, өлмесе екен Шегебай-ақ!* □ *Мүбәда, кірсе шамал ер көңіліне, Ақыл-уыш айрылады, әртараттан.* □ *Ғажайып бұл не деген пітнә-дүр?! деп, Бес жасар, тұтты жаға, бала-дағы.* □ *Шам шахы тірліктің тартты азабын, Қоймады төрт арыстан күш-мажалын.* □ *Көр-лаһат көрмегенге суық қандай, Таяқ бар сұраушыдан темір ұшты-ай!*

Келтірілген екі ақынның шығармаларындағы мысалдарды сараласақ, қосарлану тәсілі арқылы жасалатын қос сөздердің сыңарлары мағыналас сөздерден жиі жасалады. Мысалы, Нұртуған ақындағы: *бай-манап, жарлы-жақыбай, халық-қалия, пақыр-қаріп, құл-құтан, бай-кулак, әмір-шах, бағылан-сырбаз, заң-шарғы, қиямет-қайым, ықылас-қалас, төре-төлеңгіт т.б.* күрделі атаулары, Ерімбет ақында: *дүр-жақұт, дүр-дана, кілем-түр, кендір-кенеп,*

ақыл-уыш, пітнә-дүр, күш-мажал, көр-лаһат сияқты қос сөз құрамындағы екі компонент те бір сөз табына жатады.

Осы сияқты ақындар шығармаларында көнерген аталымдардың қайталануынан жасалған қос сөздер де кездеседі. Мысалы, *нәубет-нәубет қайым-қайым, батпан-батпан* т.б.

Зерттеу жұмысында аналитикалық тәсілдің **тіркестіру** түрі өте көп. Оның ішінде көмекші етістік негізінде жасалған құранды етістіктердің көнерген түрі ерекше мәнге ие. Терминологиялық лексика құрамындағы көп құрамды терминдердің едәуір бөлігі атаулық тіркестер мен күрделі сөздер болып келеді.

Бір топ ғалымдар (Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағманов) номинативті тіркестердің заттың атауы ретінде қалыптасқанын айтады. «Атаулық (номинативтік) тіркестер – бір жағынан еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен сондай-ақ күрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындап, бір заттың (ұғымның) атауы ретінде тұрақталған» [116, 6 б.].

Көне түркі кезеңінен бері қолданылып келе жатқан күрделі етістіктің дамуы жөнінде Кенен Коч былай дейді: «Қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын аналитикалық формалар мен күрделі етістіктің қалыптасу негізі бір негізден басталған. Екі компонентті етістікті күрделі етістіктер мен етістіктердің аналитикалық формасының пайдалана бастауына көсемше ұйытқы болса, құранды күрделі етістіктің қалыптасуына етістіктің семантикалық шеңбері мен қолданылуының жиілігі себепші болады. Құрама күрделі етістіктердің даму жолы да, мағынасы да, екі компоненті етістіктен болған күрделі етістіктерден басқа жолмен қалыптасқан. Себебі, олардың бір компоненті есім сөздер болады да, екіншісі көмекші етістіктер» [117, 87 б.].

Күрделі етістік жайлы қазақ ғалымдарының пікірі әртүрлі. Ғалым С. Исаев: «күрделі етістік деген ұғымға негізгі етістік пен көмекші (лексикалық мағынасынан айрылған) етістіктің тіркесі және етістіктің белгілі грамматикалық категориясының көрсеткіші бола алатын түрі ғана жатады деп білеміз. Негізгі етістік көбінесе көсемше, есімше және рай (шартты, қалау) тұлғаларында болып, көмекші етістік етістіктің таза грамматикалық категориясының бірінде (рай, шак) тұрып қолданылады да, негізгі етістікке әртүрлі грамматикалық мағына үстейді» [118, 252 б.], – дейді.

Ғалым Н. Оралбаеваның пікірінше, құрамында көмекші етістігі бар тіркестер **құранды етістік** болады. Бұларда күрделі етістіктердің сыңарларындағыдай толық мағына болмайды. Оған мысал ретінде *қызмет ет, құрмет ет, адам бол* дегенді келтіреді. Құранды етістіктерді күрделі етістіктің заңдылығына бағынбайтынын айтып түсіндіреді де, құранды етістікті күрделі етістіктердің қатарына жатқызады [119, 23 б.].

Байқағанымыздай, ғалымдардың айтып жүрген негізгі және көмекші етістіктен тұратын күрделі етістікті ғалым Н. Оралбаева күрделі етістіктің бір түрі – құранды етістіктер деп санайды.

Біз де ғалым пікірін қуаттай отырып, өз зерттеуімізде көнерген аталымдардың қатысуымен көмекші етістіктер арқылы жасалған етістікті тіркестерді **құранды етістіктер** деп қарастырдық. Құранды етістік құрылымы жағынан бір-ақ типті: «есім+көмекші етістік». Есім бөлігі, яғни бірінші сыңар әр түрлі сөз табынан болып, негізі мағынаны ұстап тұрады.

Ақындар шығармаларында құранды етістіктердің негізгі сыңары есім сөздерден, ал екінші сыңары *бол, ет, қыл, бер, ал, тарт, кет* көмекші етістіктері арқылы жасалады. Аталған етістіктердің көмекшілік негізгі және ең басты қызметі – есімдерден құранды етістік тудыру.

Зерттеу жұмысында аналитикалық тәсіл арқылы жасалған **тіркесті көнерген аталымдар** – ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың ішіндегі ең көбі. Олардың құрамы да, түрлері де бірнеше түрлі. Ақындар шығармаларында ерекше көзге түсетін құбылыс, **аналитикалық тәсіл** негізінде есім сөзге көмекші етістердің жалғануы арқылы жасалған **көнерген құранды етістіктердің** молынан ұшырауы. Яғни ол дербес сөзге тіркесіп, оның лексикалық мағынасын өзгертіп, бір сөз табын екінші сөз табына ауыстырады. Көмекші етістіктер тіркескен сөзіне семантикалық және грамматикалық мағына үстейді. Кей жерлерде көмекші етістікпен тіркескен сөздер орын тәртібін сақтамай, инверсиялық жолмен байланысқан. Ондай сөз тіркестері әдетте сөз тіркесінің мағынасына баса назар аударып, оның интонациялық әсерлілігін арттыру мақсатында қалыптасқан стилистикалық тәсіл. Құранды етістіктерге негіз болатын есім сөздер байырғы сөздерден де, кірме сөздерден де бола береді. Мысалы: *Айлады Халил үшін отты гүлзар, Сақтады, **етпеді кәр**, қалың өрті* [Е.К]. *Қалып тұрмын әдеттен, Ісім болмай қызметпен. Тақсыр-ай, өзің білесің, Мүритіңе кәр **етсең*** [Н.К.Іт]. *Бұл дүния алты күнде болды тамам, Жаһанға шамен камар **етті раушан*** [Е.К]. *Аспанға ай мен күнді **раушан етіп**, Жұлдыздың есебі жоқ, жүдә, тіпті* [Н.К.Іт]. *Жолында неше теңіз өткел бермей, Ұрысқан оң-солымен **қылып тәстәп*** [Н.К.Іт]. *Баж қылған патшалықтың расходы, Халық саған келген шайды қымбат сатса* [Е.К]. *«Қас адам әкесін өлтіріп шешесін **зына қылған** адаммен дос болады!»* деген екен [Н.К.Іт]. *Сафиге Хауа-ананы **етіп жұпты**, Бір еркек, бір ұрғашы жаралдыңдар* [Е.К]. *Қауіп қылып қарайды одан қалмақ халқы, Ертерек **ыждаһат етіп** күтініпті* [Н.К.Іт]. *Өлімді бес уақыт **жад етіңіз**, Қай жақты отыз үш мың сахабалар?* [Е.К]. *Жалбарыным **жад етіп**, Болар ма қабыл қол жайған Біздей гәріп дұғасы?!* [Н.К.Іт]. *Жам қылып өз көңілін, кіріп келсе, Елшілер намань алып ұмтылады* [Е.К]. *Қалыс қыл қайбіреуің, қызмет қылсаң, Көңліне мұңдылардың қылмай міндет!* [Е.К] *Біреуін осы ма деп **пәм қыламын**, «Мин», «бин», «әл», «сұлып», – емес пе, – «отыр», «айып»* [Е.К]. *Ғинаят **еттің** бөлек лебіңді, Айрықша бізді бастап, дедің: «Таға!»* [Е.К]. *Мен сізге күз барсам деп **еттім құзыр**, Ашып сыр басымдағы жағдаяттан* [Е.К]. *Күндеген Атымтайды сол патшалар, Әр кезде әр қалайша **қысас еткен**. Басына қандай қатер төнсе-дағы, Атымтай бір таймаған алған беттен* [Е.К]. *Әлейкум ассалаума, алдияр хан, Тәрк **етпес** өміріңді ешқандай жан* [Н.К.Іт]. *Тәрк **етіп** бес парызды мал жиган көп, Көңіліне өз ақылы болып жайлы* [Е.К].

Шақырып дүлдүліне қылды ишарат, «Қылма, – деп қойған сыртқа, – дұшпанға мат!» [Е.К]. «Айналайын құдайым, Өзің **пәрман етпесең**» [Е.К]. Құдайға **мінажат қып** Әбу Шашма, Ішінен жалбарынды оқып дұға [Е.К]. Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт, Үйреніп теміршілік санағаттан. Үкімін күллі галамға **етіп рауаж**, Сүлеймен дүр-жақұттан тақ жасатқан [Е.К]. Сен – ұядағы балапан, **Сақилық қыл** өзіңше [Н.К.Пт]. Шақырып дүлдүліне қылды ишарат, «**Қылма**, – деп қойған сыртқа, – дұшпанға мат!» [Е.К]. Айрықша Ғали шерді қайғы басты, Марқұмның өлгеніне **болып пұшман!** [Е.К] Осындай жалғаншының біліп асылын, **Деп кетті: «Қыл саһауат, бер саһауат!»** Бірге мың, мыңға жүз мың пайдасымен, **Береді алған қайтып тек ар-ұят** [Е.К]. Асыраған Құсбегі Бауыздалды жендетке, **Жұмыртқаны қата алып** [Н.К.Іт]. Қырым мен Еділ бойындағы ноғайлылардан «мен» деген батырлардан адам қалмай, темір қақпалы Дербентке қарай **шеру тартты** [Н.К.Пт]. **Шейіт кеткен** Исатай Қазақтық үшін оқ атты! Жау болуға орыспен Өлгенінше құмартты [Н.К.Пт]. Перінің нәсілінен болғанменен, **Опасыз жұпты болып** адамменен [Н.К.Іт]. Қатын-балам жат болды, Досың сөйтіп **мат болды**, Тұрғанда залым күшінде [Н.К.Іт]. Мұнан соң Нұх пайғамбар **болған бінә**, Неше ерлер дүниеге келген жәна [Е.К]. Халыққа **қалыс айттым** шайдың жсырын, Білдірмей, сылап-сынап кеуіл кірін [Е.К]. Садуақас су берсе де **қалыс берді**, Көңілінде үміті жоқ «сақимын» деп! [Е.К]. **Иқрар болып** фазылына, Қосшылыққа сол кезде, **Уақаптың ұлы жараған** [Е.К]. Жағдайды намадағы көріп сақи, **Мойынын гамкін болып** бір бұрады [Е.К]. Тәрк етіп Хадисаның көп дәулетін, **Сақилық содан бізге болды сүннәт** [Е.К]. Құдайдан анық **пәрман болғаннан** соң, «Дүреге, – сонда Омар, – келтір!» деген [Е.К]. Кідірсең ағаң кеулі **мәлел тартар**, Бұл керек сағат сайын тәрбияға [Н.К.Пт]. Үмітдар сендерден де болып тұрмын, **Шын мазһаб пен нақырды қылма мәлел** [Н.К.].

Ақындар шығармаларындағы *кәр ету* (қаһарлану), *раушан ету* (сәуле түсіру), *тәстәп қылу* (тәуекел қылу), *бәж қылу* (тоят қылу), *зына қылу* (азғындау), *жұпты ету* (некелі қылу), *ыждаһат ету* (ықыластану), *жад ету* (еске ұстау), *жам қылу* (жинақтау), *қалыс қылу* (адал істеу), *пәм қылу* (топшылау), *гинаят ету* (мейірімге толы қылу), *құзыр ету* (кешірім сұрау), *қысас ету* (ерегісу, өштесу), *тәрк ету* (тастап кету), *ишарат қылды* (ымдады), *пәрман ету* (жәрдем ету), *мінажат қылу* (сиыну), *рауаж ету* (тарату), *сақилық қылу* (мырзалық қылу), *мат қылу* (жеңілдіру, ұтылдыру), *пұшман болу* (көңілсіз болу), *саһауат қылу* (қайырымдылықты істеу), *саһауат беру* (қайыр-садақа беру), *қата алу* (қателесіп алу), *шеру тарту* (соғыс ашты), *шейіт кету* (соғыста қаза болу), *жұпты болу* (некелі болу), *медет тілеу* (пірлерден жәрдем тілеу), *мат болды* (сөзден ұтылу), *бінә болу* (пайда болу), *қалыс айту* (таза, шын айту), *қалыс берді* (шын ниетімен берді) *иқрар болу* (орнату), *гамкін болу* (көңілсіз болу), *сүннет болу* (парыз, міндетті болу), *пәрман болған* (жәрдем болған), *қысас алу* (кек алу), *мәлел тарту* (көңілсіз болу), *мәлел қылу* (көңілсіз ету) т.б. есім сөзге етістіктің тіркесуі негізінде жасалған **көнерген құранды етістіктер**.

Құранды етістіктерге негіз болатын есім сөздер: зат есім, сын есім, еліктеуіш сөздер, сан есім, модаль сөздер т.б.

Зерттеу жұмысында күрделі етістіктің түрлерінің бірі **идиомаланған күрделі етістіктер** көнерген аталым тұрғысынан да кездеседі. **Аналитикалық тәсіл** арқылы **идиомаланған күрделі етістіктердің** жасалуы тек қимыл қозғалысында қолданылады. Мысалы, *Жорықтан келген соң, Қарағұлдың атын етінен арылтып қайтып берген* [Н.К.Іт]. *Сен туымды ер болсаң, жекеге шық далаға* [Н.К.Іт]. *Сөйтіп, үшеуі келіп қалауға түсіп: Қайсымызды аласың?» деді* [Н.К.Іт]. *Қалқам, жылдам киінші, Салауатпен киініп, Ағаңа сырттан көрінші* [Н.К.Іт]. **«Таққа отырғызамын»** деп қолтығынан сүйеп жүріп әуелі қанжарды өзің сал, сосын тоғыз үйдің ішіндегі адамның бәрі де шығып бара жатқанда бірінен кейін бірі салсын [Н.К.Іт]. *Маңдайға тәңірі әзелден жазбаған соң, Бір ішкен не болады мейірің қанып?! [Е.К] Аңғысын мұны айтқанда, әкемнің «алдымнан шықсын деген досы осы екен ғой» деп, кешірім сұрап, қосақтаған халықты оған сауғаға берді* [Н.К.Іт]. *Әмірші аққа сеніп ішке енеді, Көшеден түрлі жандар кездеседі* [Н.К.Іт]. *Аттанайын, жеңеше, Медет тілеп пірлерден! Сүйген жарын іздеген, Қалған мирас ерлерден* [Н.К.Іт]. *Жер іздеп, қоныс таңдап атам қазақ, Жатпапты құр сиынып, тілеп көктен* [Н.К.Іт].

Жоғарыдағы үзінділерде *етінен арылту* (жүдету), *жекеге шығу* (жекпе-жекке жығу), *қалауға түсу* (дәстүр. белгілі бір затты қалау), *салауатпен киіну* (сәнденіп киіну), *таққа отырғызу* (хан отыратын орынға отырғызу), *әзелден жазбаған* (бұрыннан бермеген), *сауғаға беру* (олжаға беру), *аққа сену* (құдайға сену), *пірлерден медет тілеу* (пірлерден қуат, көмек, жәрдем тілеу), *көктен тілеу* (Алладан тілеу) т.б **идиомаланған көнерген күрделі аталымдар**.

Сондай-ақ, идиомаланған күрделі етістіктің құрамындағы **табыс септік жалғауы ашық не жасырын** келе береді. Ондай кезде жалғаусыз келген табыс септікті сөз көмекші сөздермен тіркескенде күрделі мүше құрамына енеді. Мысалы, *Тақ мініп, байтақ құрып тұрсам-дағы Теңгердім ашықтықтан сені өзіме* [Н.К.Іт]. *От пен суға табынып, Табиғат күшін танымай, Мінәжат, тәубе сұранды* [Н.К.Іт]. *Сен түгіл патша ағзамға бәйіт айтқан, Ерекем – аты шыққан құрулы тез* [Е.К]. *Меккеде мекен-жайы өмір сүрген, Елу жыл дүниеде дәурен құрған* [Н.К.Іт]. *Аттанайын жеңеше, Медет тілеп пірлерден* [Н.К.Іт]. *Отырғандар: «Қарасайжан өз шешімің дұрыс! Ақылға қонымды сөз!» десіп, түгел мақұлдап, дәуір айтқызып, Сұлтанайды хан қойды* [Н.К.Іт]. *Болмайды ерге жолдас, өмірі, дәулет, Шырағым, бір гибрат алсаң мұнан* [Е.К].

Мұндағы *байтақ құру* (хандықты құру), *тақ міну* (патша отыратын орынға отыру), *тәубе сұрану* (еткен ісін қайталамауын сұрау), *бәйіт айту* (өлеңді айту), *дәурен құру* (өмірді сүру), *медет тілеу* (пірлерден жәрдемді тілеу), *қысас алу* (кекті алу), *гибрат алу* (үлгіні алу) т.б. нөлдік морфема негізінде жасалған **идиомаланған көнерген аталымдар**.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы күрделі атаулардың тіркесуі туралы нақты тұжырымдайды: «Тіркесті күрделі атаулар – екі немесе одан да көп сөзден тұратын, әр сыңары бөлек жазылатын күрделі сөздердің түрі. Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз

тіркесі» [34,136 б.] деп те атайды.

Тіркестіру тәсілі де екі дербес сөзден жасалады. **Тіркесті күрделі сөздердің** сыңарлары емле бойынша бөлек жазылып қалыптасқанымен, сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіреді. Мысалы, *Софыдай пірге қызмет қылып тұрған, Сөйлейді мүләйім сөз шырыншырын* [Е.К]. *Тіріде сақилық ет, саф азамат, Пейішке сақи барып кірер дара* [Е.К]. *Бар еді Ақтам деген бір сақаба, Тақуа адам еді ақылға кең* [Е.К]. *Жолына бұл батырдың жұмла халық, Қойдан қошқар, ешкіден айтты теке* [Е.К]. *Періште көкте қуанды, Зікір, тәспи көп айтқан. Жұмла әулие тебіренді, Жәдігер жақсы тұяқтан* [Н.К.Іт]. *Қаламды «Биисмилла!» деп ұстайын да, Аси сөз күнә болар, қоспайын да* [Е.К]. *Одан соң күресуге жан келмеді, Келгені құшып жатты қара жерді. Алысып адамзаттың әлі келмей, Дариха түзеттірді майдан жерді* [Е.К]. *Ауыр қол бас қонды, таңқалғандай, Ғалиға іс көрсетті шамданғандай* [Н.К.Іт]. *Астына жайнамаздың кірген екен, Істерін істеп болып атишы міскін* [Е.К]. *Адам деп ат қойылды барша инсанға, Тағы бір есімі мирас туса анадан* [Е.К]. *Осы тұста қара атқа Оқалы жабу жапқан-ды* [Н.К.Іт]. *Ауыр олжа мал алып, Жазып қайттың жан ағам* [Н.К.Іт]. *Талабымнан оңғарса, Жаратқан жаппар құдайым* [Н.К.Іт]. *Асыл бұйым, қамқа тон Байдың толған сарайы* [Н.К.Іт]. *Қожа песін болғанда, Орысқа тиді көрініп* [Н.К.Іт].

Мұнда *мүләйім сөз* (жұмсақ, майда сөз), *саф азамат* (нағыз ер, нағыз азамат), *тақуа адам* (дін тәртібін мықты ұстаған адам), *жұмла халық* (барша халық), *жұмла әулие* (барлық әулие), *аси сөз* (асылық сөз, артық сөз), *майдан жер* (күрес алаңы, күрес орны), *ауыр қол* (көп, сансыз әскер), *ошал күн* (дәл осы күні күн), *атишы міскін* (бейшара, шарасыз атшы), *күллі инсан* (барлық адам), *дүрия көйлек* (жарқыраған көйлек), *оқалы жабу* (алтынмен зерленген жабу), *ауыр олжа* (мол олжа), *жаппар құдай* (күшті құдай), *қамқа тон* (зерленген тон), *қожа песін* (түс ауған кез) барлығы да **тіркесті көнерген аталымдар** қызметін атқарып тұр.

Ақындар шығармаларының лексикасын байытып тұрған көнерген аталымдардың қатарын сөзжасамның **лексика-семантикалық** тәсілі арқылы жасалған аталымдар. Сөзжасамның **лексика-семантикалық тәсіліне** «Қазақ грамматикасында» мынадай түсінік берілген: «Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрын қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болатындықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталады [50,2 б.]».

Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар: 1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі; 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей өз сөз табының құрамында қалуы.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда **конверсия** деп атайды.

Осы тәсіл арқылы жасалған **көнерген аталымдар** ақындар шығармаларында өзек мағынасында беріліп, өлең құрамында әртүрлі мағынада қолданылған. Мәселен, Нұртуған мен Ерімбет шығармасында мынадай жолдар көзге түседі:

*Қуанып жүрегімде от жанады,
Тазарып құтылғасын бай мен бектен* [Н.К.Іт].

*Ұлығы Түркістанның Қожа Ахмет,
Бай, батыр, мырза мен бек неше күшті-ай!* [Е.К].

Мұндағы **бек** көнерген аталымы ақындар өмір сүрген тұста «феодал, ел билеуші бай» деген мағынаны білдіретін зат есім екені белгілі. Осы **бек** сөзін Ерімбет ақын шығармасында «аса, өте, тым, тіпті» деген мағынада қолданылуы кездеседі.

*Жан екен бек айбатты, түсі суық,
Қорыққаннан ойладым мен бас бағуды* [Е.К].

Осы мысалдардағы **әкімшілік-әлеуметтік атау** мағынасындағы **бек** бұл сөздің негізгі мағынасы, ал күшейтпелі шырай арқылы келтірілген **бек** сөзі тұлға жағынан еш өзгеріске түспегенімен, мағына жағынан түрленген.

Сондай-ақ, Нұртуған мен Ерімбет ақын тіліндегі **мақұлық** сөзін алайық.

*«Әй, мырза, сен адамзат, біздер пері,
Танымай «мырза» дедік адам ері.
Бұл жерге ешбір мақұлық келген емес,
Диюдың адам түгіл ірілері»* [Н.К.Іт].

*«Адам негізі төртеу: – деп сөйлейді, –
Жел, топырақ және, – дейді, – от пен судан»,
Халық болды барша адам осы төрттен,
Бөлінді төрт есімімен мақұлық аттан* [Е.К.].

Бұл жердегі «**мақұлық**» дүниедегі жаны бар нәрсенің жалпы атауы деген зат есімдік өзек мағынасында жұмсалса, қазір осы сөз тілде лексика-семантикалық тәсіл арқылы сын есімге көшіп, яғни *ой-өрісі тар, білімсіз, өнерсіз* деген мағынаны білдіреді.

Зерттеу жұмысында **лексика-семантикалық тәсіл** негізінде екі сөздің кірігуінің әсерінен пайда болған «аламан» сөзі ақын-жыраулар шығармаларында молынан ұшырасады.

*Көп отырған аламан,
Салып, отыр құлақты,
Баға берсін есігін
Өгіз батыр сымбатты.
Енді ноғайлыдан сөйлейін,
Түсіндіріп бұл бапты* [Н.К.Іт].

Жығылып Мағауияның тіккен туы,

«Аламан! Аламан!» деп қайта қаиты [Е.К].

«Аламан» екі түбірден біріккен күрделі сөз. Бірінші компоненті *ал* етістік, екінші компоненті *ман*. Бұл алғашқы кезде *адам, күзет, қарауыл, жасақ, мен /есімдік/* мағынаны білдірген. Кейін бұл мәнінен айырылып, қосымшаға айналып кеткен. Екі сөздің арасындағы –*а* көсемшенің жұрнағы [120, 53-54 б.]. Нұртуғанда «аламан» сөзі *көпшілік, бұқара, қауым* деген мағынаны білдірсе, Ерімбетте *айқай-шу, тасыр-тұсыр* мағынасында қолданылған.

Қазіргі тіл қолданысында «аламан» сөзі тіпті қолданылмайтын пассивтенген аталым. Бірақ, осы аталымның екінші компонентімен (*ман//мен*) жасалған жаңа аталымдар да жоқ емес. Мысалы, *аларман, берермен, көрермен, тыңдарман, сатарман* деген кейінгі аталымдар пайда болды. Мұндағы *көрермен, тыңдарман* да көптік мағынада қолданылады.

Көнерген аталымдардың ішінде өзіне басқа мағына қосып алып, екінші сөздің қызметін атқарып жүрген сөздер де аз емес. Мысалы, *құн, қол, қарындас, батыр, байрақ, жарғы, бәйбіше, тоқал, дұр, зайыр* т.б. көнерген аталымдардың түп мағынасынан қазіргі сөз қолданысындағы мағынасы жаңаша, тіпті тұлғалық өзгеріске түспегенімен мағыналық ерекшелігі зерттеу жұмысының бірінші бөлімінің «Е.Көлдейбекұлы мен Н.Кенжеғұлұлы шығармаларындағы көнерген аталымдардың уәжділік ерекшеліктері» деп аталатын тараушасында талданды. Сондықтан қайталаудың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Келтірілген мысалдар тілдің сөздік құрамын байытуда лексика-семантикалық тәсілдің өзіндік орны барын білдіреді.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің бәрі сөзжасам процесінің нәтижесіне жатады. Сондықтан туынды сөздер сөзжасам ілімінің зерттеу нысаны болып табылады да, сөзжасам жүйесінде негізгі орын алады.

Жоғарыда айтылған сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған көнерген аталымдардың барлығы да қазіргі тілде көнерген болғанымен, Нұртуған мен Ерімбет өмір сүрген кезең үшін актив аталымдар. Ақындар сөздерді тіркестіріп қолдануда орын тәртібін сақтап та, сақтамай да тиімді әрі орынды қолданған.

Көнерген аталымдардың морфологиялық ерекшеліктері

Қазақ тіл білімінде қазіргі кезде жеке сала ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам мәселесі бұрынғы кездерде морфология саласында қарастырылып келгені мәлім. Сөздердің жасалуында оның сыртқы формалық жағынан өзгерісі жаңа мағына туғызатыны басты негізге алынады. Осы сөздің екі жағы тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың **морфологиялық** ерекшеліктері мәселесін қарастыруда сөздердің жасалу сипатына да мән бердік.

Қай тілдің болсын, оның негізі – грамматикалық құрылыс пен негізгі сөздік қордан тұратындықтан, олар ғасырлар бойына өзгеріссіз сақталады. Бірақ уақыт озған сайын тілдің грамматикалық құрылысы баяу да болса өзгеріске ұшырайды, жетіледі, өңделеді. Бұл тұрғыдан алғанда,

Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларының тіліндегі грамматикалық құрылысы да өзінен бұрынғы көне әдеби тілден, сондай-ақ қазіргі жазба әдеби тіл құрылысынан ерекшеленетіндей түбірлі айырым белгілер бар дей алмасақ керек. Дегенмен негізгі әдеби тілдің грамматикалық құрылысымен дәл бірдей деп те айтуға келмейді.

Жалпы грамматикалық құрылыс өзгереді дегенде, көбіне өзгеріске бейім тұратын ондағы сөз тудырушы, сөз байланыстырушы амалдар болып келеді. «Тілдегі грамматикалық амалдар мен тәсілдердің жиынтығы әдетте грамматикалық құрылыс деп аталады» [50,7 б.]. Ақындар шығармаларының тілінде **сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, сөз байланыстырушы амалдар** әсіресе, олардың көне түрлерінің қызметтері ерекше көрінеді.

«Сөз тудырушы қосымшалар, әдетте, лексикалық категория деп есептеледі» [50, 10 б.]. Зерттеу жұмысының зерттеу нысаны ақын-жыраулар тіліндегі көнерген аталымдардың функционалды-семантикалық сипаты болғандықтан, сөз тудырушы амалдардың көрінісін шығарма тіліндегі көнерген аталымдардан іздеген жөн. Бұл арада ақындар шығармалары арқылы көнерген аталымдардағы сөз түрлендіруші және сөз байланыстырушы (жалғастырушы) тәсілдерде байқалатын кейбір өзгерістер мен жаңалықтар анықталады. Олардың көне әдеби тіл мен жаңа әдеби тілдегі көрінісі, даму тенденциялары сөз болады, ал қазіргі жазба әдеби тілімізге өзгеріссіз жеткен формалар бұл жерде арнайы сөз болмайды.

«Тілдегі бір алуан жұрнақтар өздері жалғанған сөздерден лексикасы басқа немесе басқа бір сөз табына тән жаңа сөздер тудырмайды, түбірі я негізгі қай сөз табына тиісті болса, сол сөз табына тиісті сөздер, демек, ішкі категориялық формалар ғана тудырады. Белгілі бір сөз табының өзіне тән ішкі категориялық жаңа формалар тудыратын осындай жұрнақтарды форма тудыратын жұрнақтар деп есептейміз...» [50, 11 б.], – деп көрсетілген қазақ тілінің ғылыми грамматикасында. Мұндағы жұрнақтар, әдетте, әр сөз табына телулі болады, бұл жерде оларды бас-басына талдау жасаудың қажеттілігі болмаса керек.

Қазіргі әдеби тіл үлгісінен сәл де болса ерекшелігі бар, етістік түбіріне жалғанып, есімше тудыратын *-ған, -ар, -атын* жұрнақтарының орнына жүретін *-мыш* көне тұлғалы есімше тарихи, көне шығармаларда молынан кездеседі.

Аталған ақындардың шығармаларының тілінде есімшенің атрибуттық қызметіндегі *-қан/-ған, -кен/-ген* жұрнағының орнына оғыз тілдеріндегі *-мыш/-міш* тұлғасына қоса *-мыс* қосымшасы да кездеседі.

*Жасамыс бие, сақа айғыр,
Алдын орап тайлардың,
Кісінен келіп шұбырды,
Тарауынан сайлардың* [Н.К.Іт].

*Киіктен мүшкілан бар, феруза – тастан,
Жақұттың ақық ашады шекарасын.
Тумыштан тұлпар туады, жампоздан нар,
Әр жұрттың өзі таниды диуанасын* [Е.К].

-*Мыш/-миш* түркі тілдерінің ілгергі дәуірінде өткен шақтық есімше жасайтын өнімді жұрнақ болғанға ұқсайды. С.Е. Малов бұл қосымшаның көне түркі ескерткіштерінде жиі кездесетінін көрсетеді [121, 11-44 бб.].

Кейінгі әдеби тілімізде *-мыш* жұрнағын атрибуттық қызметте қайта тірілту тенденциясы байқалады. Қазіргі тіл қолданысында жүрген «**аталмыш**» сөзі осыған дәлел. Сонымен *-мыш/мыс* аффиксі жаңа жазба әдеби тіл үшін норма болған жоқ, берісі көне әдеби тілден, әрісі түркі әдеби тілінен дәстүр бойынша сақталып қалған еді.

Грамматикалық тұлға-тәсілдердің ішінен Абайда жиі қолданылатын тұлғалардың бірі *-мақ* жұрнағы. Қазіргі тіл қолданысында тұйық етістік қызметіндегі *-у* жұрнағы Нұртуған мен Ерімбет ақын тілінде *-бек/-мақ* тұлғасында ғана қолданылған:

*Кім пенде – құдыретке көнбек керек,
Тайсалып қашар жер жоқ түссе салмақ* [Н.К.Іт].

*Неше алуан өзгеріліп,
Бір қалыпта **тұрмақ** емес,
Әр нәрсенің ақырында
Болмай қалмас бір тоқырау* [Е.К.].

Қимыл есімінің осы күнгі норматив *-у* жұрнақты түрінің актив қолданыла бастаған тұсы ХІХ ғасыр деуге болады [77, 185 б.].

Сонымен қатар ақындар шығармаларында есімшенің **тұғын** тұлғасы жиі ұшырасады. Қазақ тілінің грамматикасында: «Негізгі және туынды етістіктер түбіріне алдымен есімшенің *-а, -е, -й* жұрнақтары, содан кейін *-тын/-тін* жұрнақтарының қосылуы арқылы ауыспалы осы шақты есімше жасалады. Бұл жұрнақтың арғы төркіні – *тұрған* сөзі, ол ықшамдалып, алғаш *тұғын* болған, әдеби тілде ол *-тын, -тін* болып қысқарып, жуанды, жіңішкелі фонетикалық варианттарға бөлініп қолданылады» [122, 179 б.], – деп түсіндіріледі.

Біз сөз етіп отырған Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілінің қазіргі әдеби тілден бір ерекшелігі – оларда *-тын/-тін* жұрнақтарымен қатар оның ертедегі **тұғын** вариантының жарыса қолданылуы. *Тұғын* тұлғасы буын талғамай (буынның жуан, жіңішкелігіне қарамай) еркін жазыла да, айтыла да береді.

*Аңлағанға алыс жол,
Жақсы мен жаман арасы.
Өнетұғын миуалап,
Әр істің ақыл анасы!* [Е.К.]

*Жүреді Шаһизада ойнап-күлмей,
Сөйлесіп бір адамның тілін білмей,
Қаңғырды Мәдинаның шаһарында,
Күн қайда **жүретұғын** өз еліндей?!* [Е.К.]

*Малыңды пұлдап сатып **қайтатұғын**,*

*Айтыңыз, тауарлықтың қай қаласы?
Әй, аға, сататұғын затың қандай?
Еліңде аты шыққан батыр барма-ай? [Н.К.Пт].*

*Құратып «кеміссің» деп бермейтұғын,
Ежелден келе жатқан елдің заңы [Н.К.Пт].*

*Жан аяп, бас амандап кетпейтұғын,
Бәрі де адамдар еді шын қаһарман [Н.К.Пт].*

Келтірілген үзіндіде *өнетұғын, жүретұғын, қайтатұғын, сататұғын, бермейтұғын, кетпейтұғын* есімшенің осы шақтық етістіктің құрамындағы *-тұғын* тұлғасы 10-11 буынды өлең жолдарында ұйқастыру қабілеті белсенді жұрнақ. Егер аталған етістіктер *өнетін, жүретін, қайтатын, сататын, бермейтін, кетпейтін* формасында болса, өлең жолының ұйқаспауына әкелер еді.

Ғалым Р. Сыздықтың айтуына қарағанда, бір тұлғаның екі вариантын (әңгіме – *тұғын, тын* формалары туралы) пайдалану – қазақ поэзиясының тілінде Абайға дейін-ақ қалыптасқан тәсіл... Дегенмен, Абай кезеңінде бұл тұлғалардың тілдегі, оның ішінде ауызекі сөйлеу тілі мен проза тіліндегі, нормасы, негізінен, толық түрлері болған [123, 273 б.].

Ғ. Мұсабаев бұл процесті қазақ тіліндегі түбір сөздің қосымшаға айналу фактісіне мысал ретінде келтіреді. Сонда, автордың схемасы бойынша, *тұрған>тұғын>тын* болуы керек [124, 19-21 б.], – деген тұжырым жасайды. Ал Ғ. Қалиев *-тын/-тұғын* жұрнақтары *тұрған* сөзінің ықшамдалуынан туған: *баратын > баратұғын > бара тұрған*, яғни аффиксоид (қосымшаға айналған сөз (түбір сөз) деп анықтап көрсетеді [125, 43 б.].

Орхон-Енисей жазбаларында, одан кейінгі шағатай әдебиетінде есімшенің мұндай формасы жоқ. *Тұрған* сөзі – бұларда толық мағыналы сөз. Бірақ шағатай тілінің кейінгі дәуірінде бұл сөздің көмекшілік қызметте жұмсала бастағаны байқалады. Мысалы: – *Атасының келе тұрғанын ешітіб қаршұ чықты* («Шаджра-и турк»).

Түркі тілдерінің бұдан кейінгі даму тарихында *тұрған* сөзі кейбір тілдерде (татар, қырғыз) осы тұлғада есімше жасайтын форма ретінде сақталған. Татар тілінде *тұрған* сөзі көсемшеден кейін келіп, есімшенің аналитикалық түрі дегенді жасайтын көрінеді [126, 246 б.]. Басқа тілдерде ол әр түрлі тұлғалық өзгерістерге ұшыраған. Мәселен, өзбек, ұйғыр тілдерінде ол *диган* (диган) аффиксіне айналса [127, 238 б.] алтай тілінде *-тан* формасында қалыптасқан. Тек қарақалпақ тілінде ғана ол *тұғын* формасына ауысып, қазақ тіліндегідей, есімшенің ауыспалы осы шағын (хазирги – келер мэхалин) жасайды [128, 207 б.].

Жоғарыда айтылған пікірлерден шығатын қорытынды, осы шақтық есімше жасайтын формалардың *тұрған* варианты – қазақтың көне жазба әдеби тіліне тән норма болса, *тұғын* жаңа жазба әдеби тілдік норма болған. Ал *тын/тін*,

негізінен, сол тұстағы ауызекі сөйлеу тілінде қолданылған да, жаңа жазба әдеби тілдің қалыптасу кезеңінде жазба тілге де ене бастаған сияқты.

Зерттеу жұмысында *-да* ыңғайластық мағынаны білдіретін тұлға *-дағы* формантында жиі ұшырасады. Мысалы:

*Жігіттер, жалын атса жастық шағың,
Үйірген таудай тасты құйын-дағы.
Бос жүріп, құмар ойын қуаласаң,
Мәні жоқ қас-қағымдық тойым-дағы.
Өткізбей босқа өмірді талап қылсаң,
Тартатын таланыңа сиың-дағы.
Кем пайда, ойсыз жүріп ыржақтасаң,
Сормаңдай, тіршілігің **киын-дағы** [Н.К.ІТ].*

*Осындай бір жігіт келді шаһарға, – деп,
Патшаға мағлұм қылды **барып-дағы** [Е.К].*

*Аспан, Жер астын-үстін **болса-дағы**,
Іс болмас Жаратқансыз бір халы-хал! [Е.К]*

Сөз жалғастыратын қосымшалар әдетте жалғаулар деп аталады. Жалғаулар сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырады да, олардың араларындағы жалпы қарым-қатынастарды білдіреді [122, 207 б.].

Қазақ тіліндегі жалғаулардың жүйесі төртке бөлінеді. Олар – көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар. Қазіргі тілдегі септік жалғауларының ішінен арнайы тоқталып өтуге тиісті – **көмектес септігінің қосымшасы**. Қазіргі қазақ тіліндегі *-мен* қосымшасы (фонетикалық варианттары – *бен, пен*) екі түрлі қызмет атқаратыны мәлім. Біріншіден, ол көмектес септігі жалғауы ретінде ортақтастық, бірлестік, құралдық, көлемдік, себептік, қарсылықты мағыналарды білдіріп, есім мен етістікті байланыстыру қызметін атқарса, екінші жағынан, бірыңғай мүшелерді жалғастыратын шылаудың қызметін атқарады. *-Мен*-нің көмектес септігінің қосымшасы ретінде қаралуы түркі тілдерінің ішінде тек қазақ тіліне ғана тән, өзге түркі тілдеріне ол бірыңғай шылау ретінде қаралады [129, 108-109 бб.].

Ақындарда қазақ тіліндегі *мен, менен* жалғау-шылауы формантының орнына *бірлән* тұлғасы өте сирек қолданылады. Мысалы,

*Қолменен мақта тоқып, киім киіп,
Бұл адам қалам **бірлән** қағаз жазған [Н.К.ІТ].*

Түркі тілдерінің ертерек кезеңінде бұл шылау *бірле*, кейінірек *бірлә, бірлән, білә, білән, илә, илән* тұлғаларында Орхон-Енисей ескерткіштерінде, ұйғыр, шағатай әдебиеті нұсқаларында кездеседі [130, 27 б.], Бұл сол тұстағы кітаби тілдің әсері деп есептейміз.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы грамматикалық ерекшеліктер, негізінен, қосымшалар мен етістік формаларының аясында байқалады. Сол тұстағы кейбір қазақ жазбаларына тән мұнда да қазіргі тіліміздегі *да/де, мен, және* ыңғайластық жалғаулықтарының орнына, кейде солармен жарыстыра,

парсы тілінің *һәм* жалғаулығы молынан қолданылған. Мысалы,

*Өзі жалғыз, һәм жаяу,
Қылыштан басқа қару жоқ
Бұл ноғайдың ерінің [Н.К.Іт].*

*Атымды айтқанменен кім біледі,
Назымшы һәм жазушы бин Көлдейбек! [Е.К]*

*«Тағыма өзім өлсем осы ие» деп,
Төрелік, қадап басқа һәм жығасын [Н.К.Іт].*

*Күнде думан құраған,
Көруге жүзін көрікті,
Көп жинаған аламан,
Қаракөз сұлу һәм кетті! [Н.К.Іт]*

*Өтті жылдар, һәм күндер,
Қайда Мамай, ер Орақ
Сәлемге келген бұл кімдер?! [Н.К.Іт]*

*Көрмейік, жалғанышымыз, таңда дидар,
Һәм мұнда тартылмасын гиззат табақ! [Е.К]*

*Мал, дүние, бар сияқты бала-шағаң,
Өзіңізге жетерліктей һәм даражаң [Н.К.Іт].*

*Апуза, Назкен, Үміттің,
Өзипа, Бибі, Назымның,
Өздері сұлу, һәм ақын [Н.К.Іт].*

Бұл мысалдардан көрініп тұрғанындай, *һәм* жалғаулығы бірыңғай мүшелерді не құрмалас сөйлемдерді жалғастыру қызметін атқарады. Нұртуған шығармаларының тілінде *һәм және* түрінде өзге шылаулармен тіркесте келіп, қазақша *және де, сондай-ақ* дегендердің синонимі ретінде жұмсалған тұстары бар:

*Дүние, төрт түлікке көңіл бөліп,
Һәм және аралайды елдің ішін [Н.К.Іт].*

*Көнекөз қариядан естуші ем,
Шөмен мен бір анадан туыпты Әлім.
Һәм және ерлікпенен көзге түсіп,
Өтіпті ойлауменен елдің қамын [Н.К.Іт].*

Бұл *һәм* жалғаулығының қазіргі күннің өзінде кейбір әдеби очерктерде некен-саяқ ұшырап қалатын реттері де жоқ емес. Парсы тіліндік *һәм* шылауы қазақ жазба әдеби тілінде өткен ғасырдың 20–30 жылдарына шейін едәуір актив

қолданылып келіп, кейінгі кезеңдерде нормадан ығыстырылғаны байқалады. Мұны сол кезде Алаш ардагерлерінің еңбектерінен анық байқауға болады. Сол тұста өмір сүрген Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында қолданылуының сыры да осыған байланысты деп ойлаймыз.

Аталған ақын-жыраулардың шығармаларында сөйлем аяғында келіп, сол өзі жалғанған сөзіне предикаттық мән беретін *-дүр* форманты жиі кездеседі, ол екі түрлі қызмет атқарады: бірі қазақша *-ды* қосымшасының орнында тұрады (*бара-дүр, айта-дүр*), екіншісі – есім баяндауышқа жалғанатын предикаттық формант рөлінде келеді (қазақша *еді, -ды -ді* -лердің эквиваленті: *барадүр (бар еді, бар-ды), керек-дүр (керек еді, керек-ті)*). Мысалы, Ерімбет шығармаларындағы:

Мен айттым: «Халықтың мизамы, әкімісіз», – деп, –

Керек-дүр болмағыңыз көңіл саптан.

Беріліп мезгілінде мияссар ат,

Емес пе, бұл жүргеніңіз, ганиматтан? [Е.К] – деген үзіндіде *керек еді* тіркесі – *керек-дүр* тұлғасында берілген. Ал Нұртуған шығармаларының тілінде *дүр* тұлғасына қарағанда *ты/ті/ды/ді* параллелі басымырақ:

*Сенің атың **тұлпар-ды,***

*Тұлпарға бәрі **іңкәр-ді*** [Н.К.ІТ].

Көлікті адам озған-ды,

*Көліксіз мойнын **созған-ды.***

Ақсақ Темір Көреген

Ықпалы жетіп үдеген.

Қытай, қалмақ, монғолдың

*Қалаларын **бұзған-ды.***

*Мұсылманды **жизған-ды.***

*Мұсылман сансыз **тозған-ды.***

Едіге бидің ен аруақ

*Мұса ханға **қонған-ды*** [Н.К.ІТ].

Қанша қашық болса да,

*Несі бар жауға **бармас-ты.***

Сол қалмақтың елінің,

Жақындамай шебіне,

*Бұл шабысын **қоймас-ты...*** [Н.К.ІТ]

Ерімбет ақынның Нұртуған жыраудан бұрын өмір сүруі себепті оның тілінде көне тұлғалар жиірек кездеседі. Анығырақ айтқанда, діни, философиялық ұғымдар Нұртуғанға қарағанда Ерімбетте көбірек қолданыс табады.

Ерімбет шығармаларында бұйрық рай тұлғаларының көне түрлері молынан ұшырасады. Қалыпты бұйрық райлы етістіктің II жағымен қатар, шығармада *қыл/кіл, ғыл/гіл гін/кін* (айт-қыл, біл-гіл, кел-гіл, бер-гіл, бол-ғыл, тұт-қыл, ұр-ғыл, қой-ғыл, тұр-ғыл, жатпа-ғыл, айтпа-ғыл, кел-гін, көр-гін),

кейде *ың/ің* (сат-ың, жүр-ің) қосымшалары жалғанған түрлері кездеседі. Мысалы, □ «Әй, балам көргеніңді **айтқыл** сауап Келмедің бір, екіде, үш шақырым, Айтып бер, тоқтауыңа нендей сәбәп?». □ **Жақсылар**, бұл наманың жөнін **білгіл**, Ашылса баһарда бақ сайрар бұлбұл. □ **Кел енді, келгіл енді, келгіл енді**, Шығардым халық алсын деп қазып кенді. □ Бала айтты: «**Медет бергіл** маған, – деді, – Мұхаммед Сәруар ұлы бабам!» деді. Сүйікті пайғамбардың перзені едің, **Фатима, жәрдем болғыл, махбу анам!** □ Құдайым **Жебірейілге** әмір етті: «Қалайда ақ алмасты **тұтқыл!**» депті. □ Алаңда құрма ағашқа керіп қойып, Сахаба Абдуллаға «**Ұрғыл!**» деген. «Ұр! – деді Абдуллаға Омар тағы, – Он дүре **ұрғыл**, – деді, – сынсын сағы!». □ Алты айлық құрсағында бала қалды, Туган соң «**Шаһизада**» **қойғыл** атын! □ Бір барып тірі болсаң көрісерсің, **Зарлатпай мені, біраз тұрғыл** мұнда?! □ **Жатпағыл, тұрғыл** балам менің! – депті, **Етерсің** бізбен бірге **һәм сұхбат!** □ **Айтпағыл** өлтірді деп мені ешкімге, **Себебі** бір Құдайдан әр не істің... □ «**Көрейік, алып келгін** сол бір жанды», **Дегенде** жігіт қайта жетіп барды. □ «**Шаригат** үкімімен **ұрғызайын, Қызығын** жазаның да **көргін!**» – деді. **Патша** айтты: «**Кім** болады сенің атың, **Қай жұрттан, есітейін, асылзатың?!** Құлымның мың кісілік әлі дейсің, **Құлыңды** күшті болса, маған **сатың!**». **Пайғамбар** тұрды орнынан асығып тез: «**Тез жүрің, Садуақасқа** барайық біз. **Қалмай жүр, сақабалар, жылдамырақ, Атылды** тез баруға көңіліміз!». Бұйрық райдың II жағындағы жекеше етістік, яғни етістік түбіріне үстемеленген *-қын//*-*ғын* немесе *-кін//*-*гін* тұлғалы қосымшаны қабылдап, онсыз да әдеби тілде белгілі мағынаны білдіреді. Яғни бұл тұлғаның грамматикалық мәні тіпті жоғалған деуге болады.

Ақындар шығармаларынан келтірілген мысалдарда бұйрық райдың II жағындағы жекеше етістіктің *-ың//*-*ің* қосымшасын қабылдауы жиі кездеседі және ол алдыңғы *-қын//*-*ғын* қосымшаларының орнына да қолданылады.

Бұл түркі тілдеріндегі ең көне қосымшалардың бірі, өйткені ол ертеде II жақтық мағына беретін қосымша болған, ал қазіргі кезде етістіктің негізі мен көпше қосымшасы арқылы дәнекерлік қызмет атқарады. Мысалы, *кел/келің-дер, тұр/тұрың-дар* т.б.

Зерттеу жұмысының арқауы болған Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларында қазіргі тілімізде жоқ, сол кездегі сөйлеу тіліне тән құй кезектестік жалғаулығы арқылы құрмаласқан сөйлемдер жиі кездеседі. Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында Жасаралдың Әбді балаға айтқаны:

Құй патша бол, құй бек бол,

Жүру керек бұрынғы

Ата пішкен үлгімен! [Н.К.ІІт].

Сол сияқты бұл тұлға «Ақ кете Шернияз» дастанында да қолданыс тапқан:

Өзіңнің қарамағыңнан үміт етіп,

Мен келдім аулақтағы сонау Сырдан.

Патшаға құй ұстап бер, құй алып қал,

Деп келдім тұтылайын босағаңнан [Н.К.ІІт].

Е. Көлдейбекұлы «Тыңдамас мұны ақымақтар» деген діни танымдық-философиялық өлеңінде «**құй**» жалғаулығын қолданады:

*Құй балта қыл, құй қылыш,
Яки қанжар қыл пышақ.
Сұғар қоңыр таппенен
Осқылар болса жаяның,
Төгінді қара тұзбенен [Е.К].*

Жоғарыда берілген мысалдардағы көне құй кезектестік жалғаулығы сол уақытта актив қабатта қолданылғанымен, қазіргі тіл қолданысында пассив қабаттағы көне формантының орнына *мейлі* тұлғасы қолданылады.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы негізгі морфологиялық ерекшеліктері анахронизмдердің молынан ұшырауы. Қазіргі тіліміздегі лексикалық, фразеологиялық т.б. нормаларға сай келмейтін сөз қолданыстары *үшбу, құй, бірлән, -дүр, -қыл/-кіл, -ғыл/-гіл, -гін/-кін, -ың/-ің* қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сай емес.

Ақындар шығармаларының тілінде сөз таптарының әрқайсысынан-ақ көнерген аталымдарды байқауға болады. Мысалы, *садақ, найза, байрақ, сүңгі, айбалта* (зат есім); *мекер, дүр* (сын есім); *қырық мың жығын қол, он сан ноғай, екі арыс ел* (субстантивтенген сан есімнің тіркесі); *ықрад қылу, жад ету, атой салу, тәстәп қылу* (етістік); *хас, ақшам, намаздыгер, зауал* (үстеу); *базбіреу, һәмме, үшбу, ошал* (есімдік); *бірлән, һәм* (шылау); *Уа дариға! Уа тақсыр! сөздері* (одағай) болып есептеледі. Бұл фактілер тілдің даму барысында көнеруі жан-жақты әр тараптан жүріп жататындығын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында Ерімбет пен Нұртуған ақындар шығармаларында көптік категориядағы жылпылау сипаттағы *жұмла* (түгел, барлық), *жамғы* (барлық, бәрі), *жамығы* (бүткіл, жиналған) есімдігімен тіркескен сөз тіркестері мен *һәмме* (барлығы, бәрі), *жам* (көп) есімдігін орнымен жүйелі түрде қолданады.

*Киелі сойдан шыққан әулет еді ол,
Әзелден жұмла халық құрметтеген [Е.К].*

*Бұрынғы неше мұрсал, неше нәби,
Құрықтан құтылған жоқ, ажал атты-ай!
Шаһарияр отыз үш мың жұмла ашаб,
Әскерлі неше патша тақтан ұшты-ай [Е.К].*

*Періште көкте қуанды,
Зікір, тәспи көп айтқан.
Жұмла әулие тебіренді,
Жәдігер жақсы тұяқтан [Н.К.Іт].*

*Бұл бақта бағбан бар, – дейді, – күтіп тұрған,
Нәсілі үш нәрсемен бітіп тұрған.
Қосылса жамғы жасы жетпіс сегіз,
Екі жыл әрқайсысынан өтіп тұрған [Е.К].*

*Ей, жамиғы халайық,
Танымайсың ба асылыңды.
Әр мақұлықтың түснән [Е.К].
Ұшқан құс, суда – балық, тоғайда – аң,
Бірзығы **һәммесінің** сол болыпты [Н.К.Іт].*

*Ата – анаң, аға – інің **һәммесі** аман,
«Келе ме?» деп, сұрайды қатар-теңің [Н.К.Іт].*

*«Қайғым аз, қатерім **жам**, – дейді біреу, –
Топан су қаптағанда, көктен шүмек!» [Е.К].*

Мұндағы *жұмла халық* (күллі халық), *жұмла ашаб* (пайғамбарды көзімен көріп, ізіне ерген барлық серіктері), *жұмла әулие* (барлық әулие), *жамғы жасы* (барлық жасы), *һәммесі* (барлығы), *қатерім жам* (қатерім көп) т.б.

Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлының шығармаларында қазіргі қазақ тіліндегі *осы*, *бұл*, *ол* сілтеу есімдіктерімен қатар осы мағынада **үшбу** (*ұшбу*) сілтеу есімдігі жиі қолданылған. *Ұшбу* есімдігі ақындар шығармаларында бірыңғай *үшбу* түрінде кездеседі.

*Мұнан соң дүниені топан қаптап,
Таулардан бұлақ қайнап, жауын жауған.
Соңынан **үшбу топан** (сол бәледен) әлек болып,
Барша жан асы болып көп қырылған [Н.К.Іт].*

*Бақыр емес бақыр дегенмен,
үшбу алтын (осы алтын)
Данышпан исламға хатымлаған [Н.К.Іт].*

*Көп болып **үшбу сөзді** (осы сөзді) араладық,
Көңілді табамыз деп жараладық [Е.К].*

*Жолықтым бір гажайып газетіңе,
Нөмірі – жиырма тоғыз, **үшбу жылы** (сол жылы) [Е.К].*

*Сөз тыңда, келді-ау хикаят, гақылы сақ,
Ғақылға **үшбу сөзім** (осы сөзім) емескі ашнақ [Е.К].*

Радлов қазақ тіліндегі *осы* сөзді *ош+бу* деп этимологиялаған. Ал, М. Томанов: «Егер қазақ тіліндегі *осы* сөзді Радлов көрсеткендей *ош+бу* деп қарағанда, ортаңғы –*б* дыбысының түсіп қалуын ешбір заңдылыққа сыйғызуға болмас еді. *Ош* сөзімен *о* сілтеу есімдігінің тіркесуінен құрылған қырғыз тіліндегі *ушул* сөзі» деп дәлелдейді [131, 259 б.]. *Ұшбу* есімдігі күрделі сілтеу есімдігі ретінде қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі. Мұны ғалымдар екі компоненттен (*уш+бу*) тұрады деп көрсетеді. Мұның алдыңғы компоненті туралы бірнеше пікірлер бар. Ф.Г. Искаков *ұш//ош//уш*-ты дыбыс алмасу заңдылығына сүйеніп (*ш~л*), *ол//ул*-дан шықпады ма екен [132, 249 б.], – деген

жорамал айтса, А.П. Поцелуевский *ұшбу*-дың алдыңғы компонентін күшейткіш префикс [133, 12 б.] деп көрсетеді. А.М. Щербак бұл күрделі есімдікті «анафорическая форма» деп қарап, *ош* және *бу* есімдіктерінің бірігуінен пайда болған деп табады [130, 133 б.]. Осы соңғы тұжырым шындыққа жанасатын тәрізді.

Е. Көлдейбекұлы шығармаларында *ол, сол, осы* сілтеу есімдігін «**ошал**» түрінде заттық ұғымдардың орынына жиі жұмсап, оның атын нақты атамай, абстракт түрде ғана білдіреді. Бұл пікірді айтудағы сүйенетін тірегіміз ғалым Г. Қосымованың «Қазақ тілінің тарихы» еңбегінде Ясауидің «Хикметтер» тілінің лексикасындағы *бу, бул, ошал, ошбу* сілтеу есімдігі деп көрсетеді. Оның ішінде **ошал** қазіргі тіл қолданысында *осы, сол* сілтеу есімдігіне сәйкес келетінін дәлелдеген» [134, 198 б.].

Сондай-ақ, ақын шығармасында **ошал** сілтеу есімдігі өзінен кейінгі сөзбен септелу арқылы жасалады, бірақ жалғау ашық түрде көрінбей, жасырын тұрады.

*Әзелде жазылған соң пешенеге,
Пенде **ошал** (сол) көтермейді қай мехнатты?!*

*Қолында **ошал дұшпан** (сол дұшпанның) ердің көбі,
Шараң не, әмір солай, хақтан пәрман?!*


*Күллі инсан **ошал дарақ** (сол дарақтың) саясына,
Болмаса ол ғылым ұнар, мағұлым жайым.*

*Отыз күн ораза ойлан һәм қырық парыз –
Әмірі осылайша, падышайым!
Дегенің жетпіс сегіз **ошал пәрман** (осы жарлықтан),
Адамға мұны білмес қылма райым!*

*Тілектес халқын тегіс қасына ертіп,
Соғысқа даярланды **ошал сағат** (сол сағатта).*

***Ошал күн** (сол күні) Мағауия болды гайып,
Кеш болып, кейін қайтты қосы тайып.
Шекпені бар еді Сыддықтың,
Тіктіріп киген жаңадан.
Жыртып **ошал шекпенді** (сол шекпенді),
Әр жыланның жатағын
Тығын қылып бекітті.*

*Румнан сақиды іздеп келді елші,
Ерте емес, **ошал уақта** (сол уақытта), күннің кеші.*



5 сурет – «Ошал» сілтеу есімдігі

Аталған ақын-жыраулар тілінде кездесетін морфологиялық тұлғалар арқылы жасалған сөз тудырушы және байланыстырушы көне «түркілік» қосымшалар мен есімдіктер сол тұста актив қабатта болғанымен, қазір мүлде қолданыста жоқ, пассивтенген тіл бірліктері. Дегенмен, шығарма тілін кез келген түркі тілдерімен салыстырсақ, олардың арасындағы белгілі бір дәрежедегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды аңғарамыз. Мұның өзі көне тіл мен жаңа тілдің арасындағы сабақтастықты білу үшін ғылыми маңызы зор.

Көнерген аталымдардың метафоралануы

Сөз мағынасының өзгеруі, ауысуы олардың келтірінді мағынада қолданылуы нәтижесінде жүзеге асады. Бұл өзгеріс сөз мағынасының кеңеюін білдіреді. Ғалым Ә. Болғанбаев: «Сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ, бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ол негізінде метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы іске асады» [39, 89 б.], – дейді.

Ақындар шығармаларында мағына ауысу заңдарының ішінде ең жиі кездесетін **метафора** құбылысы. Метафора деп сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, қимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы аталады [39, 90 б.]. Кейінгі әдебиеттерде «сөздің метафоралану ерекшелігі **ұқсату заңы** негізінде бұрыннан бар ұғым мен жаңа ұғымның түр, түс, көлем, пішін, қасиет қызметтеріне байланысты ұқсас болуы» деп тұжырымдаған Ғ. Қалиев, Б. Қасым, Б. Хасанов сынды ғалымдар пікірі бір жерде тоғысқан.

Ұқсату заңының негізінде тілде көп мағыналы сөздер пайда болған. Метафора негізінде туындаған келтірінді мағыналар, әдетте, сөздің туынды мағынасы ретінде қалыптасып та кеткен [135, 22 б.]. Метафораның өзі қолданылу сипатына қарай **тілдік** және **поэтикалық** метафора деп бөлінеді. **Тілдік метафора** сол тілде сөйлейтін барлық адамдарға бірдей түсінікті жалпы халықтық сипатта болып келеді. Ал **поэтикалық метафора** ойды әсерлі, әрі айқын етіп жеткізу үшін поэзияда қолданылады.

Соңғы жылдарда зерттеушілер тіл білімінде метафораны ойлаумен, таныммен, философиямен, психологиямен, поэтикамен (көркем әдебиетпен), шешендікпен, лингвистиканың түрлі салаларымен байланыстырып, түрлі қырынан зерделеп келеді.

Қазақ тіл білімінде метафораны тілдік құбылыс ретінде танымдық тұрғыдан жеке алып зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған Г.Н. Зайсанбай болды [136]. Ол метафораның сан қырлы жақтарын когнитивтік аспектіде қарастырған.

Қазақ тіл біліміндегі күрделі атаулардағы метафора құбылысының негізгі қызметтеріне ғалым Б. Қасым нақты тұжырымдар жасайды: 1. Метафора – заттық және құбылыстық ұғымдарға атау беру үшін қызмет атқарады. 2. Метафора арқылы қалыптасқан күрделі атаулар – сапалық өзгеріске түсіп, ауыс мағынаға көшкен, түптөркіні бұрынғы жалпы халықтық қолданыстағы байырғы сөздер. 3. Метафора қызметін ұлттық таным болмысымен де байланыстыра саралау мүмкіндігі мол. [36, 49-53 бб.]. Ғалым пікірін негізге ала отырып, көнерген аталымдардың жасалуындағы метафоралардың қызметіне анықтап алған жөн.

Метафора – заттық және құбылыстық ұғымдарға атау беру арқылы көнерген аталымдардың қалыптасуына өзінің жәрдемін тигізеді. **Метафора** – ұқсату заңының негізінде сәйкес келген заттың бір-біріне *пішіні, көлемі, қасиеті, түрі, түсі* жағынан ұқсату, ауыс мағынада суреттеу арқылы жүзеге асады. Осындай жолмен көнерген аталымдардың метафоралануы Ерімбет пен Нұртуған ақындар шығармаларын оқыған кезде бірден көзге түсетін құбылыс. Ақындар насихат өлеңдердің негізгі нысанасындағы кең ауқымды саяси қоғамдық-әлеуметтік, азаматтық-отаншылдық ойлардың салмағын алдын-ала белгілеу үшін қолданған. Мәселен, **ақиық** – *бүркіт тұқымдасына жататын қыран құстың атауы*, **мұздыбалақ** – *ерекше қыран*, бұл жерде метафора түстік белгілердің негізінде қалыптасып, екі сөзде ауыспалы мағынада келіп, *асып туған дарын иесі, айрықша асыл адам, ер жігіт* дегенді білдіріп, көпмағыналылық жасаған.

Ақиық, мұздыбалақ тәуір де бар,

Ұмтылып ер намысын шалдырмайтын [Н.К.Іт].

Мұндағы *ақиыққа да, мұздыбалаққа да* ортақ мағына қыран құстың қасиеті – ұқсату, бір заттың бойындағы белгі, қасиетті екінші атаудың бойынан іздеу – ұқсату, жалпы метафораның басты шарты: ол – ұқсату, салыстыру, сол ұқсату арқылы мағына жаңадан қалыптасып, келесі күрделі атау жасалып, басқа сөз таптарына ауысып отырады: *ақиық* – *ақияқтай* – *ақиықша* қалыптасқан. Нұртуған ақынның «Мәулімнияз-Едіге» дастанындағы Едігенің аузынан баяндалатын мына жолдарды алалық:

Мен түнерген қара бұлтпын,

Нөсерлеп жаумамай ашылман.

Еңсеме емен шоқпар біткен бір ермін

Еліңді шаппай басылман!

Мұнда адам мінезін табиғат құбылысы арқылы ауыстырылып берілуі

көрінеді. Яғни «қара бұлт бар жерде күннің бір жауатыны белгілі», сондықтан, «ашу, кек кернеген адамның бір іс-әрекет жасамайынша, басылмайтындығын» сәйкестендірсе, «емен шоқпардың мықтылығын» батырлық символымен ұқсату, сөйтіп сол арқылы көздеген мақсатына жету деген ұғымның астары. Бұл жерден тек ғана дәстүрлік емес, стиль варианттылығының да бар екені көрінеді. Тағы бір мысал:

*Сен бе едің тауда өр балақ,
Неден жүрсің қорғалап?!
Сен болсаң бұлбұл бақтағы.
Мен едім ашық қызғалдақ
Сен болсаң асыл арғымақ,
Бәйгеде тұрған мен байрақ [Н.К.Іт].*

Бұл мысалдардағы өр балақ, бұлбұл, қызғалдақ, арғымақ, байрақ бұл жерде метафора қасиеттік, ерекшелік белгілердің негізінде қалыптасып, аталған сөздер ауыспалы мағынада келіп, адамзатпен салыстыру арқылы көпмағыналық жасаған.

Метафора – жаңа ұғымды таңбалауда үнемдеуші тілдік әдіс. Осы тұрғыдан, метафора – тілдегі жаңа мағыналы тілдік бірліктердің жасаушысы, әсіресе көнерген аталымдарда метафоралану құбылысы ерекше. Метафоралануды көнерген аталымдардың жасалуындағы негізгі дерек көздердің бірі деп атауға болады. Қолданым қызметіндегі мағына да метафораланудың нәтижесі.

Ақындар шығармаларында жаугершілікке қатысты бұрынғы образдар, оларды жасайтын тілдік метафоралар молынан қолданылған. Шығармадағы тілдік ерекшеліктердің бірі – белгілі бір лексикалық топтардағы сөздердің әрдайым дерлік **поэтикалық метафоралармен** келетіндігі. Бұнда көнерген аталымдарды жасауда ұқсату, салыстыру құбылыстарының түрлі белгілері қолданылады.

*Енді қалай кетем бұл үйден,
Ағам үшін кек алмай?!
Жанымдағы алмасты,
Қара қанға суармаққа?! [Н.К.ІІ].*

*Мыс құлақ бытыра оқ атып жатыр
Қалмақтар қамап алып бәрін тамам [Н.К.ІІ].*

Сиырма қылышты жаяу дам бірінің ізін бірі басып жүргендей гана екен [Е.К.].

*Қарағай найза қалтылдап,
Ақ алмас белде жалтылдап,
Байлаған белге саржа оқ
Соғады ерге сартылдап [Н.К.Іт].*

Н. Кенжеғұлұлы шығармаларының кей тұстарында ер жігітке тән бес асылды ерекше метафоралармен атап көрсетеді.

Асылды ер тұтынар ынтасы бар –

Назбедеу іңкәр болып арғымаққа.

Ақ сауыт, ақ алмас, тұзу мылтық,

Жүйрік ит, құмар болып мұзбалаққа [Н.К].

Мұндағы аталып өткен *арғымақ, назбедеу, ақ сауыт, ақ алмас, тұзу мылтық, жүйрік тазы* сол тұстағы қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі кезде ескіліктен хабар беретін, қолданыстан шыққан **көнерген аталымдар** болып есептеледі.

Ақындар айтыста қарсыласын жеңу үшін тек тақырып, факт, логика, аргумент мықтылығын ғана көздеп қоймайды, сөз – образдың орынды, әсерлі әрі соны болуына да қам жейді. Ол үшін тілдік-көркемдік дүниелердің дәстүрлі түрлерін пайдаланумен бірге, жаңаларын да тудыруға тырысады. Ерімбет пен қыз Жекейдің айтысында:

Мен көлдегі көлбеңдеген қоңыр қазбын,

Сен шөлдегі қара бауыр боз бұлдырық.

Тауда өсіп, таста туған мейірімсіз,

Сен мені шақырасың үйде отырып! [Е.К] – деген шумақта Ерімбет өзін де қыз Жекейді де белгілі бір құстың образы арқылы суреттей отырып, әдемі **поэтикалық метафора** жасайды.

Н. Кенжеғұлұлының «Қарасай-Қазы» дастанында: Мұса ханның тоқалынан туған Ысмайылға былайша сипаттама беріледі: *Сол кездің өзінде-ақ әкесі Мұсаның бүкіл артында қалған дүние-мал мен хан тағы өзіме тиіспеді деп, өзегін өрт шалған Ысмайыл зұлымдығынан қайтпады. Ағайынның арасына сұрқиялық пен залымдық отын жағып, бірін-біріне айдап сала берген соң, халық оны «Әнжі Ысмайыл» деп атаған. Бұрыннан да «Тобаяқ» деген лақап аты бар-тын. Бір қыстың қарлы боранында жылқымен бірге ығып кетіп, бірнеше күн далада қалған оның екі аяғының бастарын үсік шалып, башпайлары ағып кеткен еді. Содан кейін-ақ, онсыз да жексұрын көрінетін оны жұрт **тобаяқ** атандырған [Н.К.ІІТ].*

Бұл мәтіндегі «Әнжі Ысмайыл», «Тобаяқ» деген Ысмайылдың антропонимдік атаулары (лақап аты). Антропоним (грек. antropos адам, опута есім, ат) – адамның өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары [125, 25 б.]. Антропонимдік атаулардың өзі метафораланудың (ұқсату заңының) негізінде жасалған. Сондықтан мұны **экспрессивті-бағалауыштық метафора** деп қараған жөн.

Ерімбет шығармаларында семантикалық архаизм «аға» сөзінің басқа сөздермен тіркес құрауы кездеседі.

Айрықша басқалардан көп жылады,

Жаны ашып Әбу Шаимаға барша ағалар [Е.К].

Мұндағы **аға** – *жол басшы, жетекші, көсем* деген мағынада. Демек, бұл жердегі *аға* сөзі осы күнгі «жасы үлкен адам» мағынасынан басқарақ қолданыста тұрғанын аңғартады. Түркияда бұрын *аға* титулы әскери адамдарға, коменданттарға, янычарлардың бастықтарына берілетін атақ болған [100, 60 б.]. Бұл Нұртуған ақын шығармаларында да молынан ұшырасады.

Астымдағы Саразбан,

*Бауырынан жараған,
Бітірер деп жұмысты,
Жіберіп еді хан ағам* [Н.К.Іт].

*«Мен хан болып неғылайын.
Мына мырза ағаны қойыңыздар» деп еді* [Н.К.Іт].

*Осылай жайым қарт аға,
Тарта алмай жүрмін қайсаңдап
Жүк батқанда арқама* [Н.К.Іт].

Түрік тілінде **аға** ұғымының *мырза, төре, қожя, ел басқарушы* деген де мағыналары бар [137, 17 б.]. Өзбек тілінде *эга – қожя, мүлік иесі; құдай, әулие* деген мағынаны білдіреді [100, 550 б.]. Осылардан келіп *хан, мырза, қарт* сөздеріне *аға* сөзі тіркесіп мағыналас екі сөз (синоним) қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданысын **плеоназм** немесе **плеонастикалық сөз тіркесі** деп атайды. Қайткенде де өткен кезеңдерде **«аға»** сөзі *«жасы үлкен ер адам»* деген тура мағынасымен қатар, *«бас, басшы, ел (ру, тайпа, халық) басшысы, әскери басшы (қол басы)»* деген ауыспалы мағынада **метафораланып**, терминдік сипатқа ие болған сөз екені анық көрінеді.

Қазіргі тіл қолданысында **«аға»** сөзін *«жасы кішінің үлкенге айтатын қаратпа сөзі»* емес, *«сыйлы, өмірде орны бар, халыққа қызмет етіп, еңбегі сіңген адам (ел ағасы)»* есіміне тіркестіріліп, халықтық қолдану да кездеседі. Мысалы, **Нұр аға** (*Нұрғиса Тілендиев*), **Шәмші аға** (*Шәмші Қалдаяқов*) т.б.

Метафора аталым тұрғысын бейнелік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді. Аталым жасаудағы метафораның басқа поэтикалық, яғни көркемдік, бейнелілік метафорадан негізгі ерекшелігі де осында.

Осы сияқты Нұртуған шығармасында: *Жауға мінер жарамды аты болмай, ол елдегі жирен сақал Қарағұл дегеннің Теңбілкөгін «майын беремін» деп сұрап мінген* [Н.К.Іт] – деген үзіндідегі **поэтикалық метафора «майын беру»** тіркесі. Бұл жерде **«аттың майын беру»**, яғни аттың (көліктің) майы дегенде «аттың күші» деген ұғым берілетін болса, осы тіркестен келіп қазіргі тіл қолданысындағы *көздің майы, сөздің майы* деген тіркестер туса керек.

Ақындар шығармаларының тілінде: *көген тую, топырақ жасын берсін!, халықты бірлеу, қиял таулау, тар мысал, қатты көңіл, пұшайман жеу* деген тіркестер – сөздің экспрессиялық бояуын қалындатқан тың **поэтикалық метафоралар** кездеседі.

Н. Кенжеғұлұлы шығармаларындағы *садақ, найза, қорамсақ, жебе* сияқты заттардың қазіргі заманғы соғыс құралының қатарынан шығып қалуымен байланысты көнергендігі белгілі. Бірақ бұл атаулар **поэтикалық метафора** ретінде әдеби тілде көркемдік, стильдік мақсатта жиі қолданылады.

*Даңғой мен надандарын үміт артар,
Малындай өргізетін жүр қоралап.
Ажалы ондай жанның қырағы көз,*

Салып өт сөз найзасын тек туралап! [Н.К].

Мұнда көне «найза» атауының ауыс мағынада метафораланып, «сөз найзасының» уәжделуіне *өткірлік, кесіп түсерлік* қасиеттері уәж болған.

Метафора арқылы қалыптасқан көнерген аталымдар – сапалық өзгеріске түсіп, ауыс мағынаға көшкен, түптөркіні бұрынғы жалпы халықтық қолданыстағы қазіргі тілде **көнерген аталымдар**.

Тілдік метафораларды жеке зерттеу жұмысының нысаны ретінде алып қарастырған профессор Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» атты еңбегінде: «Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде арнайы құрастыру қажет. Метафора тілді байытады, оған бұрын болмаған жаңалықтарды енгізеді, бірде бір нәрсенің атаусыз қалмауына көмектеседі» – деп ой түйіндейді [138, 18 б.]. Зерттеуші тура мағынадан ауыспалы мағынаның туындауы да көбінесе метафораның негізінде пайда болатынын айтады. Осы пікірлерден, сөздің мағыналық өрісіндегі бір мағынаның белсенділік танытып, жаңа атаудың ішкі мағыналық құрылымындағы бейнені түзуі метафоралану арқылы жүзеге асатынын байқаймыз.

«Көне сөздер – өте сирек қолданылатын, бірақ әлі тірі сөздер» [139, 104 б.] деп Ш. Балли айтқандай, көнерген аталымдарды да әлі ұмыт бола қоймаған өз мағынасына немесе олардың мағынасын жаңғыртып, сәл қосымша мән үстеп қажетімізге жаратуға болады. Терминжасамның ішкі көзін құрайтын өзге лексикалық қабаттармен қатар, қазір өте сирек қолданылатын көнерген аталымдар да терминдер қатарын молайтуға өзіндік үлес қоса алады.

*Майданға үш күн ұдайы шықты әскер,
Саны жоқ әскерінің қайысып жер.
Шыққаны патшалықтан жеті жүз мың,
Дулыға, сауыт киген бәрі де ер!* [Е.К.].

*Қайтадан саулық келіп, сауыт ілсем,
Ойнасам бұрынғыдай бек беймарал!
Орыным тозақ оттан, я мұғаззам
Сауалмай осы дерттен келсе ажал* [Н.К.Пт].

Келтірілген мысалдардағы *сауыт* – темірден тоқылған оқтан сақтайтын ерте кездегі батырлар киетін киім болып қолданылып тұр (бұл көнерген жағы). Ал мына мысалда ауыспалы мағынада қолданылған: *Сия салдым сауытқа, Ақыным, Жамбыл, ауытпа, Елің кедей болған соң, Қызыңды саттың зайыпқа* («Жамбыл айтыстары»). Бұл жердегі *сауыт* сөзі белгілі бір затты салып қоятын ыдыстың атын білдіреді.

Қазақ тілінің сөздігінде «сауыт» көне қару-жарақ атауымен қатар оның *ыдыс, құты* екені де атап көрсетілген: **I Сауыт** – *оқ-найзадан сақтау үшін денеге киетін тор көзді кіреуке; II Сауыт* – *ауыс. әртүрлі заттарды салуға арналған кішігірім ыдыс, құты*. Мысалы, дәрі *сауыты*, темекі *сауыты*, сыя *сауыты* [68, 561 б.].

Бұл термин тілде қазір сирек қолданыла бастаған сөздің мағынасының метафоралануы арқылы жасалған. Сөздің терминденуіне негіз болған екі ұғымның өзара ұқсастығы. Яғни бір затты салып қоюға арналғандығы мен қорғағыштық қызмет атқаруы «сауыт» сөзінің терминденуіне себеп болған.

Биологияда «кейбір жәндіктер (мысалы, шаян тәрізділер) мен жануарлар денесін қаптайтын қатты жабын, бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар (тасбақа, крокодил) және сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан зақымданудан қорғайтын бөлігі», – деген ұғымды білдіретін *сауыт* термині «оқтан, найза-сүңгіден сақтау үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреуке», – деген мағынаны білдіретін «сауыт» сөзінің терминденуі арқылы жасалған.

Бұл жерде сөздің терминденуіне екі ұғымның қызмет ұқсастықтары негіз болғандығы көрініп тұр. *Жәндіктер мен жануарлардың сауыты* оларды жауын-шашыннан, зақымданудан сақтаса, *батырдың сауыты* оны оқтан, найза мен сүңгіден қорғайды. Екі сауыттың да қызметі бір. Атаулардың алмасуы көбінесе метафоралық жолмен қызмет ұқсастығы негізінде болатындығын лексиколог ғалымдардың арасында айтып жүргендері бар: Бұл туралы Б. Қалиев өз еңбегінде былай дейді: «к функциональным переносам относятся такие переносы, в которых изменение значений слов происходит на основе близости функций» [140, 45 б.].

Әртүрлі лексикалық қабатқа жататын атаулардың терминденуі де көп жағдайда осы аталған ұқсастықтарға негізделеді.

Адамды қоршаған шынайы болмыс нысандары өзара байланыста, үйлесімде немесе өзгешелікке құрылған. Осы байланыстарды бақылаушы да, танушы да, зерттеуші де, бағалаушы да ең алдымен адам болғандықтан, олардың көрінісі тілде бейнеленеді. Осы ретте, адам санасының, ойының ең бір күрделі процесі ретінде метафоралы ойлау қабілетін айтуға болады. Шынайы болмыс заттары мен құбылыстарына атау беруде кең қолданылатын метафора тәсілі сөзқосым атауларының жасалуына да ұйытқы болады. Метафораның аталым қажеттілігін өтеудегі белсенділігі тілдік жүйеде байқалады.

Күрделі сөздің жасалуындағы метафора құбылысының маңызы ғалым Б. Қасым еңбегінде айқын дәлелденген: «Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелілік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді» [64, 255 б.] – деген ғалым пікірі жаңажасалымдардың туындауындағы метафораның қызметінің маңызын көрсетеді. Тілдегі қолданыста бар тілдік таңбалардың мағыналық өрісін пайдалана отырып жаңа ұғымға атау беру метафора арқылы жүзеге асады. Сондықтан да, метафора – аталымның бір тәсілі ретінде терең зерттеуді қажет ететін мәселе.

Әсіресе, метафоралану арқылы жасалған қолданыстық мағына – көнерген аталымдардың көпмағыналылығында жиі қолданылатын құбылыс.

Бір кезеңдерде түрлі мән беріліп, көркемдік және бейнелілік қызметте қолдану нәтижесінде, қазақ тіліндегі көптеген көнерген аталымдар өзінің нақты

заттық, атауыштық қасиетке ие болған. Айталық, *байтақ* сөзі бұл күндегі әдеби тілде «ұшы-қиыры жоқ, кең» деген сын есімдік мағынада қолданылады. Ал Н. Кенжеғұлұлының шығармаларында *байтақ* сөзімен қатар *пайтақ* вариантында да кездеседі.

Он алтыншы ғасыр басында-ай

Пайтағын билеп Балыхтың [Н.К.Пт], – десе, мұндағы *пайтақ* сөзінің семантикасы бөлекше, яғни *Балых елінің жеріне үстемдік ету*. **Байтақ** бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі жұрт, халық тұтастығы» («этникалық-территориялық бірлік»), яғни «ел, жұрт» деген ұғымды білдірген. Екінші бір мағынасында мынадай жолдар кездеседі:

Мұнысы Әміршінің дұрыс емес,

Есімсе ертең халық бұл шешімін,

Қалайша пайтағынан ұшырмайды?! [Н.К.Пт].

Бағында сайрар бұлбұл, көлде бақа,

Мінбесе, кірмес күші, хан пайтағын [Е.К].

Жайсында жай жүргенде адам қатар,

Патшаның күші болады пайтағында [Е.К].


Мұндағы «**пайтақ**» – белгілі бір мекендегі белгілі бір ел, яғни кішігірім хандық. Бұл сөз қазірде қолданылатын *байтақ ел, байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. *Байтақ* сөзінің алғашқы мағынасы келе-келе күңгірттеніп, «кең, ұшы-қиыры жоқ» деген мәнге ие болып қалған: *байтақ дала* – кең дала, *байтақ өлке* – кең өлке, ұлан байтақ.

Метафора арқылы қалыптасқан ақындар тіліндегі көнерген аталымдар – сапалық өзгеріске түсіп, ауыс мағынаға көшкен, түптөркіні бұрынғы жалпы халықтық қолданыстағы көнерген аталымдар. Олар көркемдік және бейнелік қызметте қолдану нәтижесінде, қазақ тіліндегі көптеген көнерген аталымдар өзінің нақтылы заттық, атауыштық қасиетке ие болған.

Ақындар шығармаларында *дүние, әлем* дегенді «**шартарап**» деп атау, *өмірді «жалғаншы»* деп метафоралық тәсілдермен қолдану жиі ұшырасады. Мысалы, *Жазылып біткеннен соң Орақ – Мамай, Лезде тарап кетті шартарапқа* [Н.К.Пт]. «*Өзімді жыққан жанға тиемін!*» деп, *Дариха жар шақыртты шартарапқа* [Е.К]. *Арасат майданында тергелерміз, Өткен соң бұл опасыз жалғаншыдан* [Е.К]. «*Құдайға шүкір*» деп жүрмін, **Жалғаншым** *әзір ажарлы* [Н.К.Пт]. Мұндағы «жалғаншы» қазір пассивтенген көнерген аталым, ал қазіргі тіл қолданысында **жалғаншы** – *болмағанды болды деп, жалған сөйлейтін, өтірікті судай сапырып қулықпен күн кешетін адам* деген мағынада қолданылатынын ғалым Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» түсіндіріп өтеді [87, 504 б.].

Парсы тілінде *құранның әрбір бөлігін «пара»* деп атайды. Ал, Ерімбет пен Нұртуған ақындар бұл аталымды бірде «*кез келген заттың бөлігі*» ретінде өлең тіліне енгізіп, поэтикалық метафора жасаса, енді бірде «*алым, ауыз бастырық*»

мағынасында қолданылуы да кездеседі. Мұнан кейінгі «пара» сөзі: *көптік мағынада; зат атауын; қимыл атауларын* білдіреді.



6 сурет - ПАРА (құранның әрбір бөлігі)

Жоғарыда «пара» сөзінің бес түрлі мағынасы көрсетілді. Соның ішінде I-ші, III-ші, IV-ші мағыналары қазіргі тіл қолданысында мүлде жоқ, пассивтенген, бірақ II-ші және V-ші мағынасы актив қабатта қолданылады.

Кейбір араб-парсы сөздері қатарласа қолданылып, синонимдік қатар түзген. Мәселен, қазіргі «өлең» деген мағынада араб-парсы тілі арқылы кірген *назым*, *бәйіт* сөздері қолданылған. Бірақ әрқайсысының қолданылуында сәл де болса бір-бірінен ажыратарлық өзгеше мағыналық реңк болса керек. Осы күні көп қолданыла бермейтін «**назым**» сөзі ақындар өмір сүрген тұста (XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың бас кезінде) жиі жұмсалатын болған. Мысалы, Ерімбеттің «Алашта белгілі бір досың болса» деген тағылымдық-философиялық өлеңінде:

Алашта белгілі бір досың болса,


Ішіңде сыр қалмайды оған ашпас.

Дарига-ай, назымға бір қандырар ем,

Арабқа парсыменен болсам жолдас! [Е.К] – деп жырланса, Нұртуғанның «Бірінші **назымында**»:

Тыңда Алаш сөзімді,

Сөз қылайын өзімді [Н.К.ІІт] – деп бастайды да он жеті **назым** жазып шығады. Он жеті **назымның** әрқайсысы әр түрлі тақырыпта жырланған. Келтірілген мысалдардағы «назым» сөзінің түбірі «**наз**» екені белгілі. Сондықтан «**наз**» түбіртектен тарайтын бірнеше мағыналық аталымдарға тоқтасақ:



7 сурет – «Наз» сөзінің мағыналары

Кестеде берілген «назым» атауының **I**-ші мағынасы ақындар шығармаларында қолданылған. «**Назым (ар)** – өлең, жыр, поэзия» [141, 19 б.] деген ұғымды білдіреді. Сонымен қатар Ерімбет ақын шығармаларында *назым* айтушыны *назымшы* деп атаған тұстары кездеседі. Мысалы,

Атымды айтқанменен кім біледі,

Назымшы һәм жазушы бин Көлдейбек! [Е.К].

Қазақ тілінің сөздігінде: «**Назымшы** – *назым өлеңдерін айтушы, орындаушы адам*» [68, 475 б.] – деп түсіндіріледі. Яғни «**назымның**» қазіргі тілдегі синонимдік қатарына – *әнді* келтірсек, *назым* – *ән*, *назымшы* – *әнші* сөздері бірі – пассив, бірі – актив қабатта синонимдік қатар түзетін мағыналас сөздер. Ал, **II**-ші және **III**-ші мағынасы қазіргі тіл қолданысында бар ұғымдар, **IV**-ші мағынасында бірігу арқылы жасалған аталымның бедеулікке ешқандай

қатысы жоқ, ақын-жыраулар көтеріңкі мән үстеу мақсатында *жылқы малының ең сұлуына* теліп, шығармаларында еркін қолданады.

Сонымен қатар Ерімбет пен Шораяқтың Омарының айтысында «өлең айтқан» мағынасындағы сөз тіркесі «бәйіт айтқан» түрінде кездеседі. Мысалы,

*Ұшырар жүрегінде қадаса көз,
Сияды еркі бардың аузына сөз.
Сен түгіл патша ағзамға бәйіт айтқан,
Ерекем – аты шыққан құрулы тез!* [Е.К].

Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде»: «**Бәйіт** арабтың *байтун* деген сөзінен шыққан – өлең деген мағынаны білдіреді, дей келе, *бәйітсымақ* – өлеңсымақ, *бәйітші* – *бәйіт айтушы*, *бәйітшілік* – *ақындық*» деп түсіндіріп өтеді [91, 68 б.]. Негізінде *бәйіт айту*, *жарапазан айту салт-дәстүрлік қызметте айтылатын өлеңдер* мағынасын білдіретін тіркескен аталым. Бұл мысалдардағы *назым*, *бәйіт* сөздері – қазіргі ұйғыр тілінде негізінен осы мағынада қолданылатын сөздер, бірақ әрқайсысының стильдік ерекшеліктері бар.

Кей жағдайда көнерген аталымдарды (историзм мен архаизм) шекарасын ажырату да қиынға түседі. Мұндағы басты қиыншылықтардың бірі – көнерген аталымдардың бұл екі тобындағы кейбір ұғымдардың көп мағынада қолданылатындығы.

Ақындар шығармаларында «*территориялық-этникалық тұтастық*» мағынасында ел сөзімен қатар *жұрт*, *алаш* (бірақ алаш – тек «қазақ жұрты» мағынасында) сөздері де кездеседі. Негізінде, бұл кезеңдерде *жұрт*, *ел*, *алаш* сөздері синонимдер ретінде өлең талғамына қарай бірінің орнына екіншісі қолданыла бергенге ұқсайды. Мысалы,

*Кеңесіме құлақ сал,
Ақылды туған алашым!* [Н.К.Іт].

*Саған Алашта көрінгеннің бәрі көмек,
Болмаса, Жүсіпке не, айтып қорғаш?!* [Е.К].

Сондай-ақ, қазіргі қазақ тіліндегі *алты алаш* тіркесі *бүкіл халық, көпшілік қауым* деген мағынаны білдіреді. Бұл Нұртуған ақын шығармаларында былайша сипат алады:

*Жариялап бұл күндегі алты Алашқа.
Шақырып патша алдырды айналасын,
Қолына жілік беріп жариялап,
Мінгізіп алма сағақ, хан Қарасын* [Н.К.Іт].

Алғашқы кезде *алаш* сөзі жағымды ұғым болмаған. «Мавренахрды билеуші Махмудтың інісі Ахмед монғолша киініп, монғолша қаруланатын өте қатал адам болыпты. Ол ұрыстарда қалмақтарға бірнеше рет өлтіре соққы береді, жеңілген қарсы жақты қатты қырғынға ұшыратады, сондықтан қалмақтар оған «**алаш!**» – *қан құйлы, бас кесер, жауыз* деген жаман атақ тағады» [13, 76 б.].

Бұл тарихи деректі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл демократы Абай

Құнанбаев та өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде сөз еткен: «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы дегеннің орнына, сонан соң сол хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «*алашы, алашы*» деп «ұран-сүрен» салыңыз деп бұйырып, бұларға айқай салғанда, көп жанның айқайымен «*алаш-алаш*» деп кетіпті. Сондықтан алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп *алаш ұранды қазақ атанған* себебі сол екен [142, 405 б.].

Монғол тілінде **алаач** – *кісі өлтіруші, жендет, жанкешті* деген мағынада қолданылады [83, 19 б.]. Бұл фактілер қазақ тіліндегі алаш сөзінің тарихи мәнін толық ашып беретін тәрізді.

Қалмақтар мен түркі тұқымдас халықтардың соғысы кезінде жеңілген жақтың жеңушілерге айтатын лағынет, қарғыс сөзі келе-келе жауынгершілік ұранға айналған. Жауға шапқанда түріктер үрей туғызу үшін алаштап ұран көтерген. Бертін келе бір елдің жағымсыз мағынасында қолданылған алаш сөзі басқа бір елдер үшін (соның бірі қазақ) жеңістің кілті, елдіктің ұйытқысы батырдың нышаны сияқты болып көрінген. **Алаш** сөзі қазақ тіліне осындай жолдармен келіп кіргенге ұқсайды.

Осы ұғымнан 1917-1919 жылдары Қазақстанда ұйымдастырылған Кеңес үкіметі үшін байшыл, ұлтшыл контрреволюцияшыл болып есептелген ұйым аты «**Алашорда**» болып аталғаны белгілі.

Алашордашылардың іс-әрекеті сол кезде саясатқа жат қылық, халық мүддесін сатқандық болып көрінуіне байланысты екіжүзділігі әшкереленгеннен кейін, **алаш** сөзі де құлаққа түрпідей тиетін болған. **Алаш** партиясының, оның мүшелерінің аяусыз жазалануына, қырғынға ұшырауына байланысты бұл ұғым да көнеріп, қазақ тілінің лексикалық құрамынан ығысып қалды. Алайда, еліміздің егемендік алуынан кейін, олар ақталып, «алаш» сөзі қайта терілді, өз мәнінде қолданыла бастады.

Қазірде архаизмдер тобына кеткен бірқатар шығыс сөздері Нұртуған мен Ерімбет өмір сүрген тұста халық тілінде актив элементтер болды. Олардың дені – ислам дініне қатысты, халықтың рухани өміріне байланысты сан алуан болып келеді. Мысалы, *падиша, хұдай, әмір, әзиз, аят, ахирет, сопы, имам, хазірет, тәркі, тамұқ, зекет, жаббар, мұһмин, иман, ахирет, тәкбир* т.б. және діни ритуалдардың атаулары болып келеді. Солардың бірі – құдайдың бірнеше атауы: қазақтың исламға дейінгі жалпы түркілік *тәңір, ие*, парсының *құдай, пәруардігер*, арабтың *алла, құдірет, жаббар, расул, хақ, зұлзалал* сөздері – барлығы да бұл кезде актив аталымдар. Нұртуған мен Ерімбет те оларды жатсынбай синонимдік қатар түзіп пайдаланды. Бір жерде:

Әуелі сөйле, тілім, жаббар хақтан,

«Жанпар ием, өзің сақта-ай!» [Н.К.Іт], деп келсе, екінші жерде:

Сүйендім, жалғыз Алла, өзіңе ал,

Шипа бер кеселіме, сен зұлзалал?! [Н.К.Іт]

Сабыр бер сондай **зұлзалал**, Зарыққан мынау маған да?! [Е.К] дейді. Үшінші жерде:

Ақиқат хақ досының достары едің,

Етпеген исламға ешбір залал [Е.К].

Оқу іздеп, қарағым кеттің ұзап,

Саулығыңды отырмыз хақтан сұрап, [Н.К.Іт] – деген өлең жолдарында құдайдың арабша атауларын жиі әрі орнымен қолданып, «жаратушы иенің асыл есімдерін» бірнеше атауларымен беруді мақсат еткенге ұқсайды.

Ерімбет Көлдейбекұлы мен Нұртуған Кенжеғұлұлы
тіліндегі «құдай» атауының ортақ қолданысы

«Құдай» атауының пассив
қабаттағы синонимдік қатары

Құда
Жасаған
Зұлзалал
Һақ тағала
Жаппар һақ
Жасаған жаппар құдай
Жаратушы жаппар құдай
Пәруардігертағаллам
Пәруардігер
Жаппар ием
Қадір һақ
Раббім

ың актив
дік қатары

Құдай
Жасаған ием
Жаратқан ием
Тәңір
Алла

8 сурет - Ерімбет Көлдейбекұлы мен Нұртуған Кенжеғұлұлы тіліндегі
«құдай» атауының ортақ қолданысы.

Нұртуған мен Ерімбет ақын шығармалары лексикасындағы көнерген аталымдардың көп қабатын кірме сөздер құрайды. Мәселен, араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-түрпатын, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген.

Метафора қызметін ұлттық танымдық болмысымен байланыстыра саралау мүмкіндігі мол. Метафораның адам ойын қалыптастырушылық қабілетінің ғылым тілінің дамуына тигізер әсерін И.С. Мұратбаева былай деп көрсетеді: «Белгісізден белгілінің бір таныс жақтарын, сипатын табу ғылым прогресінің дамуына күш-қуат береді. Сонымен бірге, ғылымның дамуында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау танымның дамуына да себепкер болады» [143, 14 б.]. Ғылымның дамуы жалпы адам танымының дамуына жағдай жасайды. Бұл үрдістерде метафора ең маңызды қызметке ие болады.

Имандылық қағидасы – ақындар өлеңінің түп қазығы. Бұл тақырыпта Ерімбет шығармаларының ішінде ерекшесі – «Ей, Алла, сүйген құлын қатарында ет!» өлеңінде «иманды, қанағатшыл бол» деген құрғақ насихат жоқ, сол ұғымның терең мағыналарын бейнелі сөздер арқылы шынайы жеткізе білген. *Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған, Ойнаған – иман – жарға қозылақтай. Солардан саулығыңды сақтанбасаң, Қоя ма аңдып жүрген бөрі шаппай?* [Е.К.] – деген жыр шумақтарында образды ойлау арқылы нәпсіге тыйым болмайтын жерде имандылық адамдықтың болуы да мүмкін еместігі **танымдық метафоралар** арқылы айтылады.

Бірқатар сөз жекеше тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіре алады. Нұртуғанның «Қарасай–Қази» дастанында: Қалипаның Қарасайға айтқаны: *Қарасай топырақ жасын берсін саған, Жеткерсін жаратқан хақ талабыңнан!* [Н.К.Пт] – деп жырлайды. Мұндағы «топырақ жасы» тіркесі көптік категорияда қолданылып, адамзаттың өмір жасымен байланыстырып, **танымдық метафора** жасап тұр.

Өмір тәжірибесінен тұжырымдап, қорытып ақыл-ғибрат айту – өсиет өлеңнің негізгі белгісі. Сондықтан да болар, ақын жырлаған өсиет өлеңдерде де ғибрат сарын басым. Өлеңдерде өмірмен қоштасып жатқан басқа адам атынан жазылғанымен де ақынның өмірден түйген ой-толғаныстары афоризмге айналған: «*Адам – ит, дүние – киік, әй, аға!*» деп, Сәлемді көп көрдің бе бір жазарға?! [Е.К.] «*Тоғашы топқа болдың» дегеніңше, Сен десең: «Адам – егін, өлім – орақ»* [Е.К.]. Мұнда Ерімбет ақын пенделердің дүниеден өтер алдындағы психологиялық көңіл-күйіндегі құбылыстың сипатын **танымдық метафора** арқылы танытады.

Адамзат заттар мен құбылыстарды танып білуде олардың ең басты айрықша белгілерін салыстыру, ұқсату сияқты қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің негізінде жаңа ұғымға белгі, қасиет тұрғысынан атау береді. Келтірілген деректерде – **ұқсату заңы** аталымға негіз болған.

Тіл бірліктерінің жасалуын метафоралану негізінде қарастыру, олардың мағынасын ұлттық танымдық болмысына байланысты сипаттау сөздердің табиғатын жаңа қырынан тануға жетелейді.

Ғалым Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев еңбектерінде метафораның үш түрі анық түсіндірілген: **тілдік, поэтикалық, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора.** «**Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора** белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте сөздік мақаланың мазмұнына ене алмайды. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан да келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады» [67,90 б.].

Нұртуған мен Ерімбет ақын шығармаларының қайсысын алсақ та көркемдеуіш құралдардың ішінде **жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафоралар** еркін және жиі пайдаланылған. Мысалы, Нұртуғанның толғауында:

Қазақта сөз асылын арқалаған

Ұлы Абай – бір ғасырдың биік шыңы.

Абайға соқпай кету қияметтей,

Өйткені сөз қоры – кен құдіреттей [Н.К.Іт] – деп қолданылса, Ерімбет ақында былайша сипатталады:

Тіл – бұлбұл, ой – гүлстан, көңіл – бақтай,

Қол – пілте, кеуде – зауыт, көз – шырақтай.

Ақыл – гүл, ашу – мәжүс, әдеп – шалғын,

Жайқалған айдын көлде көк құрақтай.

Тәубе – бұлт, дәме – тұман, қанағат – күн,

Бұлт аспас, күнә артар Гоһи Қаптай.

Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған,

Ойнаған – иман – жарға қозы-лақтай [Е.К].

Мұндағы ерекше көрсетілген метафоралық қолданыстар әр ақынның өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан бұл тәрізді метафоралар жалпыхалықтық емес, **жеке қолданыстағы метафоралар** деп аталады.

Бұл айтылған ойымызды ғалым Б. Қасымның «күрделі атаулардағы метафоралардың басты ерекшелігі – мағынаның екі жақты болуы. Біріншісі, **номинативтік мағынадан** ауыспалы, келтірінді мағынаға ауысуы; екіншіден, осы тәсілмен жасалған күрделі атаулардың бойында **экспрессивті-бағалауыштық** реңктің айрықша қызмет жасауы» [36, 48-49 бб.] деген пікірімен толықтырамыз.

Заттық мәдени лексика негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестерге (сауға сұрау, сабасына түсу, киіт кигізу т.б.) ғалым Ж. Манкеева тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасайды: «Уақыт ұзаған сайын еркін тіркестердің құрамындағы сөздер мағына жағынан берік, табиғи бірлігі нығая келіп, тұтас бір мағына қалыптастырған. Оларды құрайтын компоненттердің тілімізде жеке қолданылу жиілігі азайып, ылғи бейнелеу мағынасында айтылуы оны белгілі бір тіркес шеңберімен шектеп, ауыспалы мағынасын дамытады да, тура мағынасын көмескілендіреді. Сондықтан тарихи-салыстырмалы зерттеу барысында фразеологизмдерді бұрыннан бар семантикалық өзгерту

(трансформация) жолымен жасалған екінші дәрежелі номинация нәтижесі деп анықтауға болады» [144, 176 б.], – дейді.

Әдеби тіл кезеңдерінің сөз байлығын, оның мағыналық даму динамикасын анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше екені ежелден мәлім. Ғалым Н. Уәлиев: «Көркем шығарма тілінде образдылығы айқын, экспрессивті-эмоционалдық реңкі қанық фразеологиялық сөз орамдары жиі кездеседі. Әсіресе түрлі заттар мен құбылыстарды сезімді дәл, нәзік бейнелейтін сөз айшықтарының (речевые фигуры) алуан түрін фразеологиялық сөз орамдарынан ұшыратуға болады» – [145, 10 б.] дейді.

Н. Кенжеғұлұлы мен Е. Көлдейбекұлы шығармаларының тілінде көнерген фразеологиялық тіркестердің метафоралануы ерекше мәнге ие. Фразеологизмдер – тілде мәнерлі ойды білдіретін, көріктік қасиеттерге бай құбылыс. Олардың құрамындағы әрбір сыңарлар өзінің лексикалық мағынасын сақтайды. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілік өміріндегі әр түрлі жағдай себеп болған. Оларды бірнеше салаға бөліп қарауға болады. Ақындар шығармаларындағы **фразеологизмдік метафораларды** былайша жіктеген жөн:

1) Бірқатар **фразеологизмдік метафоралардың** пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған. Осы тұрғыдан қарағанда Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа байланысты халық менталитетінің ерекшелігі мына сияқты фразеологизмдерден: *аттың майын беру, тоғыз тондық, дәуір айтқызу, хан сейілі, бес асыл, қалауға түсу, бақан құру, ауыр олжа, қалың мал, өтілін өткізу, құн төлеу* т.б. көрінеді.

2) Екі ақынның да шығармаларының мол сөздік қорын діни ұғымға, ескі түсінікке байланысты туған **фразеологизмдік метафоралар** құрайды. Мысалы: *әбу-зәмзәм суы, көктен тілеу, шәһит кету, медет тілеу, пірге қол тапсыру, бата беру, тәңір алсын! Тәңір жарылқасын! Қадір құда, сегіз пейіш, жеті тозақ, жад ету* т.б.

3) Ақындар шығармалары лексикасындағы бірсыпыра **фразеологизмдік метафоралар** жаугершілікке, заманға байланысты туған. Мысалы: *атой салу, бадана көзді ақ сауыт, ала байрақ, шұбар ту, қырық мың жығын қол, он сан ноғай, білтелі қара мылтық, балдағы алтын ақ болат, сиырма қылыш, сегіз қырлы болат, төрт қырлы жебе* т.б.

4) Аталған ақындар шығармаларында бірқатар **фразеологизмдік метафоралар** ел ішіндегі дау-дамайды билік жолымен шешуге байланысты туған. Мысалы: *ант ішті, жер дауы, жесір дауы, дау шешу, төрелік беру, екеуі болса бірі аға біреуі болса бөркі аға, даукес, даудың билігін беру* т.б.

5) Ақындар шығармаларында ерекше мәнге ие болған көшпелі заманда халықтың тіршілік көзі – төрт түлік мал атауларының қатысымен жасалған **фразеологизмдік метафоралар** да аз тумаған. Мысалы: *жаман тұғыр, қара жорға, тұлпар атта – ердің бағы, беде жем, тулақ болған тұлпарлар, пешене тұлпар, тұтынар аргымақты ердің ері, астау бас нар, астаубасты қара нар, желмая* т.б.

6) Ақындар шығармаларында уақыт, мезгіл өлшемдеріне, ай аттарына байланысты **фразеологизмдік метафоралар** да молынан кездесті. Мысалы: *сүт пісірім, қожа бесін, сарша тамыз, соңырағы күні, күн қызылы батқанда, қаңтар күйегінде, ұлы сәске, кіші бесінде, таң рауан атқанда, түс әлетінде, ай сәскеге келгенде, түн жарпында, күн тұсаубойы көтерілгенде, қозы пісіп жатқанда, әлмисақтан бері, ала қардың кезі* т.б.

Нұртуған ақынның шығармасында мынадай өлең жолдары кездеседі: *Сол замат салқын түсіп, зауал ауған, Шілде емес, сарша тамыз, әсет болған* [Н.К.Іт]. Мұндағы *зауал, сарша тамыз, әсет* қазіргі қазақ тіл қолданысында пассив қабаттағы сөздер. Ал, Иран және Ауғанстан қазақтарының тілінде кейбір ай аттары дәл осы қалыпта айтылады: *әзәл ≈ наурыз, сауыр ≈ сәуір, жәузә ≈ мамыр, саратан ≈ маусым, әсет ≈ шілде, мазам ≈ қыркүйек, қауыс ≈ қараша* т.б. [146, 55 б.].

7) Ақындар шығармаларында қашықтық, жақындық, кеңістік мөлшеріне байланысты **фразеологизмдік метафоралар** да қолданылған. Мысалы: *айшылық жер, түстік жер, мезгілдік жер, сәскелік жер, ит арқасы қиянға, итжсеккен жер, шөке атым жер, тоғыз қабат, тоғыз аршын, қарыс сүйем, кере қарыс, жеті қат, кере қарыс, қалыңдығы кереге бойы, тұтам жер, он екі аршын* т.б.

Бұлар халық қолданысында уақыт, қашықтық өлшемдерінің нақты қалпына түспеген кезде шыққан ұғымдар. Бұл ұғымдар сонымен қатар қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігі мен айналысқан шаруашылық түрінен де хабар береді.

Н.Кенжеғұлұлы шығармаларының тілінде кейіпкер бейнесін ашу мақсатында қолданылған, біреудің жеке басын не бір нәрсені масқаралау, абыройын төгу, қорлау, жәбірлеу, тіл тигізу, балағаттау мақсатында дөрекі, қарғыс мәнде айтылатын **фразеологизмдік метафоралар** кездеседі. Мысалы: *Шыбын жаным сау күнде Бермес не едім жазасын?! Атаңа лагнет заңғардың, Жеткізбес не едім қазасын?! «Таңертең атаңа лагнет жауғыр малайларға бір түйе байлап қалыңдар десем, күнде түйелерге ере алмай, шаңдақта жататын мына жаман түйені алып қалып, маған ұят келтіргендерін қарашы?!»* [Н.К.Іт]. *«О дүниеге барғанда тозақ отына күйерсің, тумай туа шөккір, қақбас! Бабамның аруағынан садақа кет!»* [Н.К.Іт].

Қорыта келгенде, Сыр бойы ақын-жыраулары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген аталымдардың метафоралануы ерекше құбылыс екендігі дәлелденді.

Ерімбет ақын өлеңдеріндегі *қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастарға байланысты қолданылған мақал-мәтелдердің* көркемдік-танымдық әсерлілігі айрықша сезіледі. Қолданылған **мақалдар** мен **мәтелдер** ақын өмірінің ойшылдық және тәлім-тәрбиелік тағылымын қоршаған ортаға етене жақындастыру үшін үйлесімді ойлар үндестіктермен берілген. Мысалы: *«Қайғы жоқ тәуекелде», «Кім өлсе соған туады ақырзаман», «Би болған күйер отқа», «Ақсағын тастамайды қашқан құлан», «Қартайып пайдасы жоқ*

жасағанның», «Малы түгел, басы аман», «Ауру емес ажалды өлер», «Қазаннан күйе жұғады жүрсең жанан», «Түйеден соң майлы күйе», «Екі емес ерді сөзі», «Тік тиер достың сөзі», «Ақымаққа түсіну жоқ тимей таяқ», «Ұрының өзі айтпайды, сөзі айтады», «Бөрі ашар, түлкі көмер», «Бау санар жантақ өзін», «Иесін құтырған ит қабады», «Жігіт бұзады, Құдай түзейді», «Татулық екі жақтан», «Тумыштан тұлпар туады, жампоздан нар», «Алып – анадан, ат – биеден», «Адамның асылы анадан» т.б. **мақал-мәтелдер**, пайғамбар хадистерінен үзінділер, дәйектемелер қолданылады.

Нұртуған шығармаларында **мақал-мәтелдер** мен образды тіркестер молынан ұшырасады. Нұртуған «Заманнан сөйлеп барамын» деген арнауында:

Бұрынғы шайыр сөйлеген

Ойланбай-ақ алыстан.

Мазмұны терең мақалы

Өлең сөзбен жарысқан

Жарысқаны емей немене, – деп шайырлардың өлеңді мақал-мәтелдермен жарыстыра айтқанын көрсетеді: «Талғамай жесең тамақты, Жүрекке дақтар қонысқан», «Көп ұйқыдан пайда жоқ, Қан дұрыс жүрмей ұйысқан», «Кезеген өркеш, астау бас Артқан жүкке мұқалмас, Өйткені артық туыстан», «Көнергенді күндейді Атасы бір туысқан», «Жаманнан алсаң бір тиын, Кетіреді мазаңды Секілденіп сауысқан», «Жарасына жабықпас, Артық туған арыстан», «Күдері желке, бөкен сан Шаршамайды шабыстан», «Ақиық, алғыр мұзбалақ, Тоқсанда желге қарысқан», «Жапалақ ықтап бұтаны, Шөп түбіне жабысқан», «Балдағы алтын айболат Күш түссе ғана майысқан», «Халықтың қамын ойлайды, Ақылы зирек данышпан», «Асыл жібек сиымды, Бүктесең шықпайды уыстан», «Жақсы қайда асыл тек, Жақсылармен жұғысқан?!», «Жаман адам көп сөйлеп, Қалдырады жұмыстан», «Ұрыс-жанжал шығады, Жаман көрші-қоныстан», «Жарамайды жүзіқараға Жаны ашып, болысқан», «Тура биде туған жоқ, Туғанды биде иман жоқ – Дегенді қазақ түсінбей, Өзді-өздері ұрысқан», «Өтірік, ұрлық келтірер Адамдыққа бір нұсқан», «Залал қылсаң жандыға, Күндердің күні болғанда, Әр жерде алдың бір тосқан», «Киімнің кеңі тозбайды», «Бақ сынайды таланды», «Қос табар керек кісі», «Сиыр саусаң, күнде айран», «Ойлассыз істің түбі – ойран», «Азаптың ақыры – абад», «Дән ұшықсыз, ел бұзықсыз болмайды» т.б. **мақал-мәтелдердің** барлығы дерлік мағынасы кең, философиялық тұрғыдан ой салатын дүниелер.

Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы өмір сүрген тұста, яғни ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы әдеби үлгілердің тілінде көнерген аталымдардың сақталуына бірнеше жағдай себеп болған. **Біріншісі** – ақын-жыраулар туындыларының поэзия түрінде болғандығы. Ұйқас, өлшем тәрізді өлең шарттары көп сәттерде мәтінді өзгерте беруге жібермейді. Буын саны кем не артық шығып, немесе ұйқасы келмеген сөздер қаншама жақсы, түсінікті болғанымен, бейтаныс көненің қалдықтарын ығыстыра алмауы мүмкін. Оның үстіне қазақ тәжірибесінде өлең сөзді жаттаушы (жеткізуші) оны естіген қалпында қабылдауды машық еткен. Сондықтан кейбір бейтаныс сөздер мен тұлғаларға ол көп мән бермеуі де ықтимал. Бұған мәтін ішіндегі бірді-екілі

сөздің шығарманың тұтас мазмұнын, идеясын, көркемдігін түсініп сезінуге пәлендей нұқсан келтірмейтін фактісі де себеп болса керек.

Екінші себеп (фактор) – аталған ақындар туындыларының үлгілері ішінара қолжазба түрінде сақталуының да орын алғандығы деп топшылаймыз. Етек алып, дәстүрге айналмағанымен, қазақ қауымында да әр алуан мұраларды (айталық, тек өлеңдер ғана емес, шежіре мен шешендік сөздер сияқтыларды да) жазба түрінде сақтау фактісі болған. Әсіресе XIX ғасырдың өн бойында қолжазба дәптерлер таралып келгенін Нұртуған мен Ерімбет мұраларының тілі бір дәлелдесе, осы тұста орыс зерттеушілері айтқан (жазған) сөздер тағы дәлелдейді. Мысалы, XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ халқының тілі, мәдениеті, этнографиясы, шаруашылығы т.б. жайында жарық көрген әдебиеттің библиографиясын жасаған ағартушы А. Алекторов қазақтарда XIX ғасырдың екінші жартысында қолжазба дәптерлердің бар болғанын айтады.

Көнерген аталымдар мен көне поэтикалық құралдардың сақталуына негіз болған **үшінші себеп** (фактор) – әдеби тіл нормаларының тұрақталып, қалыптасу қасиетіне ие екендігі.

Сыр бойы ақын-жыраулары Е. Көлдейбекұлы мен Н. Кенжеғұлұлы сол кезеңдегі қоғамның мәдени-рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді, сол замандағы сөйлеу тілін, оның ерекшелігін хатқа түсіріп, алуан түрлі сөздермен байытып отырды және қазақ тіліне көркем шығыс поэзиясының кейбір қонымды образдарын қосты, сол образдар арқылы жеке сөздер мен тұлғалар енгізді.

КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАР ЛУҒАТЫ

Еліміз тәуелсіздік алғалы өз тіліміз, дініміз өз тұғырына мықтап мінген кезең басталды. Сөзіміздің алтын кені іспетті көнерген аталымдарды қайта тілімізге енгізіп, ана тіліміздің сөздік қорын байыту ендігі міндетіміз болмақ. Өйткені, қазақ болып жаратылғалы бергі тарихтан хабар беретін, қазіргі тіл қолданысында көнерген болып табылатын аталымдарды тірілту – өткен байлығымызды қайта қолымызға қондыру.

Қазақтың ауыз әдебиеті мұрасы көптеген шетел халықтарының тіліне аударылып, дүниежүзілік маңызы бар асыл қазынаның қатарына қосылды. Халқымыздың көне тарихы мен ерте кездегі мәдени жетістіктерінің айқын айнасы болып табылатын осы асыл мұра білім ордасындағы жас ұрпақтың сүйсініп оқитын, Отаны, туған жері жөнінде патриоттық сезімге бөленетін тамаша шығармаға айналды. Ауыз әдебиет құндылығы – бүкіл адамзат қауымына тән ізгілікті қасиеттерді, адамгершілікті дәріптей отырып, жат қылықтарға, жауыздыққа қарсы күрес жүргізуі арқылы әділдіктің, шындықтың кесепат күштерді жеңіп шығуы. Бұл түйін жалпы интернационалдық тәрбиеге тән сипат. Осындай маңызы бар халық даналығының жемісі болып есептелетін туындыларды оқығанда, оқушы жұртшылыққа түсініксіз көнерген аталымдар кездеседі.

Халықтардың әртүрлі себептермен бір-бірімен үнемі араласып келгені адамзаттың сонау көне тарихынан белгілі. Мұның өзі олардың тіл байлықтарын арттыра түсуге үлкен әсер етіп отырған. Бұған барлық халықтың тілі, оның ішінде қазақ тілі де куә. Демек, «таза тіл» деген жоқ, ол болмақ та емес.

Сөздіктің негізгі мақсаты – ақын-жыраулар шығармаларында, сондай-ақ, мақал-мәтел мен нақыл сөздер құрамына (қазақтың төл сөздерінен, араб-парсы, моңғол, шағатай тілдерінен) енген және мағынасы көмескіленген көнерген аталымдарды мүмкіндігінше бір жерге жинап, түсіндірме беру.

Сондай-ақ, сөздікте көнерген аталымдардың шығармаларда қолданылуы жайында көп варианттылығы анықталып, негізгі үлгісінің жанына жақша ішіне сол сөздің варианттары ұсынылып отыр. Сөздіктің кей тұстарында көнерген аталымдар мен көнерген сөз тіркестерінің синонимдік қатары шартты белгімен (//) көрсетілді.

Сөздікті жасауда қазақ және орыс тілінде бұған дейін А. Ысқақовтың редакторлығымен 1974-1986 жылдары «Ғылым» баспасынан жарыққа шыққан 12 томдық «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі», 1984-1989 жылдары «Мектеп» баспасынан шыққан Н. Оңдасыновтың 2 томдық «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі», Р. Сыздықованың 1980 жылы «Мектеп» баспасынан және 2004 жылдары «Арыс» баспасынан жарық көрген «Сөздер сөйлейді» еңбегі, Б.Қыдырбекұлының 1993 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Түгел сөздің түбі бір» еңбегі, «Киргизско-русский словарь» (1965), «Персидско-русский словарь» (1959-1960), «Арабский-русский словарь» (1958), «Узбекско-русский словарь» (1959), «Таджикско-русский словарь» (1955),

«Турецко-русский словарь» (1954), «Татарско-русский словарь» (1913) т.б сөздіктердегі материалдар пайдаланылды.

Сонымен қатар, сөздікте ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділер келтіре отырып, халық ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдеби шығармалар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тұрақты тіркестер, қазақ классикалық әдебиеті мен қазіргі әдебиет өкілдерінің шығармаларынан дәйектеме сөйлемдер алынды.

Бұл сөздік қазіргі қазақ тіл білімінде көнерген аталым теорияларына сүйеніліп жазылғандықтан, сол бағыттағы зерттеулерге қосылған үлес болып саналады. Сонымен қатар жалпы оқырман қауымға кейбір шығармаларда немесе мақал-мәтел құрамында кездескен түсініксіз көнерген аталымдарды ұғынуға көмектеседі.

А

Абат (абад) – 1) *әдемі, көрікті*. Саламат, сау жүрсіз бе, Аппаз аға, Мұхаррап әһілі бәйітің, бала-шаға? Азамат – халық егасы, қатар-құрбың, **Абат** па әр қауіптен барша саға? (*Ерімбет*). Сауаптың көбісінен кеміп күнә. «Азаптың ақыры – **абад**» деген мақал, Хикая бұрынғыдан қалған және (*Нұртуған*). Бұрынғы сахилардан сөз қозғайын, Жазбасқа тұра алмадым, қылып тағат. Жайрандап, шамаң келсе, сақилық қыл, Сахидың жүрген жолы болар **абад!** (*Ерімбет*).

Абаттану – гүлдену, жайнау;

Абаттандыру – гүлдендіру, жайнату, құлпырту.

Абдәсте – 1) *зат. Сулық орамал*. Парсы тілінде **аб/су**; *шалма, орамал, дастархан* деген сөздердің бірігуінен жасалған (*ПРС, М., 1953, I, 218*). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөзді *абдәсте, абдесте* түрінде қолдана береді (*Махмұтов А. КСЛ, 1963, I*). Қарындасың Қарлығаш, **абдестесі** қарында, Бес кесесі қолында, Белдемшесі белінде, Қызылбастың елінде, Шай қайнатып жүр екен («*Қобыланды батыр*»).

2) *зат. Құман*. Парсының **/аб-даст/** *қол және су* деген сөздерінен келіп шыққан. Бұл сөздер әуелгі кезде қатар айтылып *қол су /қол жуатын су/, дәрет су/ дәрет алатын су/* деген мағыналарды білдірген. Кейін *қол су, дәрет су* мағыналарынан */-ан/* жұрнағының көмегі арқылы ауытқып, *су тұратын ыдыстың /аб-дастан/* атына ие болып қалған (*Махмұтов А. КСЛ, 1963, I*). Бұлақтың суы тәтті бал, *абдестеңе* толтыра. Жуынып ал, татып ал. Ойыңнан кетпес ол сірә (*Н. Лушкинова*).

Абдыра – *зат. Бұйым салуға арналған үлкен сандық*. Бұл сөз көптеген халықтардың тілінде бар. Парсы тілінде *аб-дари* – *шыны-аяқ салатын қоржын, буфет ұстайтын адам* дегенді білдіреді (*ПРС, М., 1953, 2*). Көне түркі тілдерінде бұл сөзді жасырды, тықты (*Қашқари М. Дев. луг. турк., I т., Т., 1960, 222*). Бұл сөздің түбірі *әбід*; *-ді* етістіктің үшінші жағының жіктік жалғауы. Зат

сақталатын, тығатын *абдыра* да осы сөзбен түбірлес. Мұндағы *-ра* жұрнақ. Қазіргі қазақ тілінде *-ла// -ле* аффиксінің *-да// -де*, *-та// -те* фонетикалық варианттарымен қатар *-ра// -ре*, *-на// -не* түрінде қолданылатын варианттары да кездеседі. Қазақ тілінде қатар қолданылып жүрген *сылтау -ра-т-ып// сылтау -ла-т-ып*; *тымау-ра-т-ып// тымау -ра-т-ып*; *жай-ра// жай-на-т-ып* т.б. осы сияқты мысалдар бұған дәлел бола алады (*Хасенова А. ҚТ -ла// -ле афф.етіст., А, 1957 7-8бб.*). Түркі тілдерінде сөз ортасында келетін *ы/i* дыбыстары тұрақты емес, басқаша айтқанда, сөзге жалғанатын қосымшаға қарай, бір орыннан екінші орынға */көрік-көркім, халық-халқым/* жылжып немесе кейде түсіп қалып отырады. Бұл талдаулардан кейін *абдыра* сөзінің түп төркіні *абід /-ра/* екендігіне анық көзіміз жетеді. Алтын тіс *абдыраның* аузын ашып, Бір бешпент алып берді қызыл ала (*Б. Майлин*). Қазақ тіліндегі *абдырау, абдырап қалды – састы, қысылды, абыржыды, үні шықпай тығылып қалды* дегендердің осы түбірден тарағандығы даусыз.

Абжылан – 1) *Сұрқия, залым, жексұрын, сиқырлы улы жылан*. Якут тілінде *абыла / абла/ алдау, арбау, сыйқырлау, бас айналдыру*. Бұл сөздің түбірі **ап** – *сиқыр, тылсым, көз байлағыштық, магиялық күш, у, еліктірушілік* (*Пекарский Э.К. I т. 1959, II,122*). Моңғолдар мен қырғыздардың көне-түркі жазу ескерткіштерінде бұл сөз *аңды аулау жолымен ұстау, тор құру* дегенді білдіреді (*Малов С.Е. Пам. Др. Тюрк. Письм. Мон. и Кир., М–Л., 1959, 89*). **Абжалан** екі түбірден құралған біріккен сөз. Бірінші компоненті **ап** – *у, сиқыр, тылсым*, екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуде қолданылатын *жылан*. Бір қыз кетіп барады... Алтынды қамшы қолға алып, **Абжыландай** толғанып, Бұралып кетіп барады, Жын соққандай теңселіп («Қыз Жібек»). Алтыннан кемер байланып, **Абжыландай** толғанып, Қызыл найза қолға алып, Шұбарға қарғып мінеді (*Алпамыс*). Қаншама жыл болды, балғын өскен тарам-тарам бұтақтарыңды **абжылан** сорып құртты (*Ғ. Сланов*). Бұл сөз қазақ тілінде *апжылан, әпжылан* түрінде де кездеседі. «Омбыны алдық» деген хабар келген соң, төңкеріс дұшпандары **апжыланша** ысқырып шықты (*С. Сейфуллин*).

Абыз – 1) *қорғаушы, күтуші, сақтаушы (кітаптарды), жадында жатқа сақтаушы*; 2) *құранды жатқа білетін адам (Шаман дініндегі халықтың молда, сопы, бақсы сияқты адамдарына берген аты)*; 3) *көп ән мен өлеңді жатқа білетін адам*. *Абыз* якут тілінде *абыс*, ал мағына жағынан бір-біріне өте жақын ортақ (**ап**) түбірлі сөздер. Мұндағы *абыс, ап* сөзінің мағынасы: *сиқыр, сиқырлық, тылсым, көз байлағыштық, еліктірушілік* (*Пекарский Э. К. I т.,122*). Моңғол мен қырғыздың көне жазу ескерткіштерінде бұл сөз *аңды алдау жолымен ұстау, тор құру* дегенді білдіреді (*Малов С. Е. Пам. Др. Тюрк. Письм. Мон. и Кир., М–Л., 1954, 89*). Бұл фактілер *абыз* сөзінің алғашқы түбірі **ап** болғандығын дәлелдейді, *-ыз, -із* зат есім тудыратын көне жұрнақ. *Ап* түбіріне *-ыз* жұрнағы қосылғанда кейінгі ықпалдың әсерінен (дауысты *ы*) *n*-ның *б*-ға айналып кетуі түркі тіліне, соның ішінде қазақ тіліне тән құбылыс. Ертеде есімге жалғанып, жаңа есім тудыратын *-ыз, -із* жұрнағының болғанына

ешқандай күмән жоқ. Бұл пікірлерді қазақ тіліндегі *жауыз* сөзі толық дәлелдей алады. *Жау* сөзіне *-ыз* жұрнағы жалғану арқылы *жауыз* ұғымының жасалғаны белгілі. «Бисмилла», «Әуелі Алла!» сөз бастаймыз, Зейіліңмен хикаяны тындасаңыз, Ілгергі ақ Расулінің заманында, Сахаба түгел еді шаһарияр, **абыз** (*Ерімбет*). Ол «**абыз**» демек әуелден шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен (*Абай*). Ей, **абыз**, қобызыңды тарт, балыңды аш, Не келсе де балыңа жасырмай айт («*Еңлік-Кебек*»). Бәрін айтпа, бірін айт, Ұғынар мұны ел қайда, Елді бастар ер қайда? Аға сұлтан **абыздар**, Еліңді қамап көрге айда, Барса келмес жерге айда (*Дулат жырау*). Жәнібек батыр кезінде ақыл-білім үйрену үшін қара Керей Соқыр **абыз** дегенді іздеп келген екен (*Ы. Алтынсарин*).

Аға – *жол басшы, жетекші, көсем*. Түрік тілінде *аға* ұғымының *мырза, төре, қожса, ел басқарушы* деген мағыналары бар (*ТРС., М., 1954, 17*). Өзбек тілінде *эга қожса, мүлік иесі, құдай, әулие* деген мағынаны білдіреді (*УРС., М., 1959, 550*). *Аға* сөзінің «шарапатты», «әулиелік» қасиетін Нұртуған шығармаларынан байқауға болады. Моңғол тілінде *агуу ұлы, зор, ірі, кең, жалпақ* дегенді білдіреді (*Монг.РС., М., 1957,22*). **Төре аға// төраға** – *председатель /ұлық-қожса/*. Төргі бөлмеде, төргі үстелді өңгеріп, болыстық атком **төрағасы**, қара ешкінің құйрығындай, шокша қара сақалды қазақ отыр. Оның қасында үстелде **төрағаның** орынбасары болып салпы ерін Әбділде отыр (*С.Сейфуллин*). Ұлық мағынасындағы төре сыйлы, қадірлі орын төрмен байланысты (төрге дәрежесі жоғары адамдар отырғандықтан) жасалған. Бұл сөздің соңындағы *-е* есімдерге жалғанып жаңа есім тудыратын (күй-е, төр-е) жұрнақ;

Аға сұлтан – 1822 жылдан 1868 жылғы реформаға дейін қазақ даласындағы территориялық округты басқарып келген әкім. Устав мынандай әкімшілік бөліктер белгіледі. 50-70 үй бір әкімшілік ауыл болатын болды, 10-12 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ болатын болды. Ауылда үш жылға сайланатын старшина, болысты – болыс басқарушысы, округті – округ басқарушылары сайлайтын **аға сұлтан** басқаратын болды (*ҚСТ. Ім., А., 1957, 323*). Құнанбай **аға сұлтан** болды да, өзгелердің қатарынан озғындап кетті. Онда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар (*М.Әуезов*). **От аға /отаға** – *үй иесі, жанұя басы, түтіннің, шаңырақтың қожасы*. Алтайлықтар мен телеуттер сияқты қазақтар да ертеде отты – әулие, ана деп есептеген. Оған «от ана, май ана жарысқа» немесе «от әулие, май әулие!» деп сиынатын. Бұрын отаға осындай қасиетті ұғым болса керек. Кейін бұл екі сөз бірігіп, мағыналық өзгеріске түскен. Енді отаға әулие емес от жағатын, түтін түтететін отбасының басы, қожасы дегенге ауысады (*Махмұтов А. КСЛ, 1963, б*). **Отағасы**, заңынды қой, айтқанға түсін, – деп Сәлім, қырт кесті де тастады (*Б. Майлин*). Сонымен қатар **аға** сөзі, *мырза, қарт, хан* сөздерімен тіркесу арқылы күшейткіш мәнге ие болған. Оның үстіне «Қатын басқарған ел оңбайды» деген, мен хан болып неғылайын. Мына **мырза ағаны** қойыңыздар деп еді (*Нұртуған*). Осылай жайым **қарт аға**, Тарта алмай жүрмін қайсаңдап,

Жүк батқанда арқама (*Нұртуған*). Астымдағы Саразбан, Бауырынан жараған. Бітірер деп жұмысты, Жіберіп еді **хан ағам** (*Нұртуған*). Бір бәйбіше нұр жүзді, Көшті тартып барады. Көш алдында бәйбіше,... Көрұғлы Сұлтан қатыны **Аға Жүніс** перідей («*Қыз Жібек*»).

Ағзам (ағызам) – 1) ұлы (діни ұғымда құдайдың теңеуі), ең зор, әулие; 2) ең үлкен, ұлық, лауазымы күшті әкім; 3) ең маңызды. Парсы тілінен ауысқан, ол тілде **а зам** – ұлы, ірі дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1959, 52*). Бұл сөздің қазақша мағынасы да осы парсы тіліндегі ұғымнан қашық кетпейді. Софыдай пірге қызмет қылып тұрған, Сөйлейді мүләйім сөз шырын-шырын: «Мал түгіл, бас жолына **ағзамдардың**, Біз риза шығарса олар көңіл кірін» (*Ерімбет*). Жол еді Бекіш айтса, иә Ешанияз, Шегебай, иә Аманжол, иә Шораяқ. Көріп ем мен солардың бәршесін де, Демеді олар маған «жазба шатпақ». Түбіңе тумай жатып үгіт айтып, Оң болсын бұл ниетің, **ағзам** болмақ! (*Ерімбет*). 25 үйінде патша **ағзамның** жарлығы бойынша қазақ халқының 19 бен 31 жастың арасындағы еркегі әскерлік жұмысқа алынады... деп, Ақмола губернаторының жария қылған жарнама бұйрығы екен (*С. Сейфуллин*). Я пірім, ғайып иран қаусыл **ағзам!** Шадиар масайықтар, имам **ағзам!** – деп шуласты мүридтер (*С. Торайғыров*). Жас ақын оқуынан қашты аулына, Еткен ол мектебінде талай күнә. Бас имей патша **ағызамның** суретіне, Бағынбай басшылықтың жарлығын (*Ә. Тәжібаев*). Ассалаумағалайкүм, молда, тақсыр! Ауырып қалыпсың-ау жолда, тақсыр! Шайтаны дәретіңнің күшті болса, Дұға оқы, істе **ағызам**, тұмар жапсыр, – деді Шошқа Молдаға (*І. Жансүгіров*);

Патша ағзам – елді басқаратын, халқына сөзі жүретін адам. Жер тәңірі **патша ағзамды**, үш жүз жылғы Романды, Бақ тағынан бір-ақ күнде ұшарады деп кім ойлаған-ды (*С. Дөнентаев*).

І Ада – ата, ата тек. Батыс Қазақстан облысындағы қазақтар ата, ата-тек, аталас дегендерді қолдана отырып, көне түркі тілінде кездесетін, қазірде әзербайжан әдеби тілі нормасы болып кеткен **ада** дегеннен **аданас** деп те айта береді (*Ғ. Мұсабаев*);

Аданас – аталас, тума-туыс. Санабай мен Сағындық **аданас** (*Ж. Досқараев*). **Аданастар** келіңіз, демалайық! (*Бейсінұлы И. ДЖҚ.1914*). Көне түрік тілінің ескерткіштерінде **ата** деген сөз, кейде **ада** түрінде кездеседі (*Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955, 7*)

Ада болды//ада қылды – тауысты, бітірді, түгін қалдырмады. – Сен жігітім, кемпірге қарама, бұл осы самауырды **ада қылмай** тынбайды (*М. Иманжанов*). Сөзге, жазуға келгенде ешкімнен сорлы емеспін дейтін Сағит біржолата түгесіліп **ада болғандай** (*Қ. Қамбаров*).

Адағы – аяғы, соңы (*Малов С.Е. Пам. Др. Тюрк. Письм. Мон. и Кир., М-Л., 1959, 89*). «Қыз Жібек» жырының **адағы** бар еді дейді Керей жырау. Бұл

адақ деген сөз түркі тілдерінің ескерткіштерінде және осы күнгі түрік халықтарының көпшілігінде қолданылып жүрген сөз (*Ж. Досқараев*);

Адақтау – *аяқтау, бітіру, сарқу, түгесу*. **Адақ** көне түркі тілінде *аяқ* дегенді білдіреді. Осы сөзге –*тау* жұрнағы қосылып, *адақтау/аяқтау* етістігі жасалып тұр. Жақия дойбыдан Досаннан басқа ойыншылардың бәрін **адақтап** жеңіп шыққан болатын (*М. Иманжанов*). Жылқының артын бөгей бер, әйтеуір, арты **адақтап** қалмасын. Бөлініп қалған жалғыз жарымнан пайда жоқ (*Ғ. Мүсірепов*).

Адам-ата – діни. *Ескі ұғым бойынша жер үстінде тұңғыш пайда болған ер адам; таралған адамзаттың түп атасы, шыққан тегі*. Араб тілінде **адам** (люди, род человеческий) – *адамдардың түп атасы, адамдар* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958,33*). Қауаға бұрын барған **Адам-ата**, Жоқ па еді естігенің соны да ақымақ (*«Біржан-Сара»*).

Адат – *мұсылман халықтарының жазылмай қолданылатын заңдары, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері*. **Адат** – аксүйектер мен байлардың артықшылық жағдайын заң есебінде дәріптейтін рулық және феодалдық құрылыстың сарқыншағы (*СС., А., 1959,12*).

Адаш – *дос, ортақ, жолдас* (*Қашқари М. Дев. луг. турк., I т., Т.,1960, 92*).

Адыра қал// адара қалғыр// әдіре қал!// әдіре қалғыр – *бөлініп қал, ажырап қал, айдалада қал!* Көне түркі халықтарының жазу ескерткіштерінде **адырыл** – *бөліну ажырасу, өлу* (отделяться, разлучаться, умирать) делініп түсіндірілген (*Малов С.Е. Пам. Др. Тюрк. Письм. Мон. и Кир., М–Л., 1959, 89*). **Адыр** ұйғыр тілінде *ажырау, бөліну* (*Малов С. Е. УЯ, М–Л., 1954, 135*). Қазақ тіліндегі *айыр, ыдыра* етістіктерімен салыстырыңыз. *а/ы, д/и/ж* дыбыстарының алмасуы түркі тілдеріне тән құбылыс. «Адыра қал!» деген тіркесте де бөліну, аулақтану мағынасы бар. Бұл тіркестердегі сөздердің мағыналарының бір-біріне жақындығына қарай /бөліну-қалу/ қос сөз тәрізді. Якут тілінде *адарый*, түбірі *адар* – *жан-жаққа шашырау, ыдырау, бөліну* дегенді білдіреді (*Пекарский Э.К. I т. 1959, 29*). Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды *адыра* сөзінің /түбірі адыр болуы мүмкін/ *айыр, ажыра, бөл* деген мағыналарының барлығы байқалады (*Махмұтов А. КСЛ, 1963, 9*). Үйтіп көкігенше, **адыра қал!** – Менің әкем, сендерге ұқсап, ұрлығын өтеу үшін қой бағып жүрген жоқ, **адыра қалсаң, өзің адыра қал!** (*Ғ. Мүсірепов*).

Адырна – *садақтың оқ салып тартатын кермесі, атылатын оқты ұшыру үшін садақтың екі басын керіп, байлаған баулық*. Бұл сөздің түбірі көне түркі тілдерінде кездесетін *адыр-айыр, бөл, ажыра, -на* жұрнағы есім, етістік тудыратын көне жұрнақ. Дыбыс еліктеуіш сөздерінен жасалған *сар-сар/сарна/, тыр-тыр /тырна/* - мен салыстырыңыз. Тындап отырған сөзіміздің түп төркіні

де *а-дыр /дыр-дыр/* дыбыс еліктеуіші болуы мүмкін. Өйткені садаққа оқты салып тартқанда кермеден дырылдап дыбыс шығатындығы даусыз. Сол дыбыс оқты ұшыратын садақ кермесінің атына ие болып, *адырна/ айырғыш, ажыратқыш/* аталған тәрізді (Махмұтов А. КСЛ, 1963, 10). Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан деп, **Адырнасын** ала өгіздей мөңіреткен, Атқан оғы Еділ-Жайық тең еткен (Махамбет).

Ажайыпхана – музей, бірнеше заттардың сақталатын орны. Өзбек тілінде **ажойбхона** – музей мағынасындағы көне сөз (УРС., М., 1959, 24). Өзбек тілінде **ажойб**, қарақалпақта **ажайып** – *гажап, галамат, керемет, таңқаларлық, тамаша* деген мағыналарды білдіреді. *Хана* біріккен сөздердің құрамында кездесіп, *үй, лашық, орын / асхана-ас үй; масадан қорғанатын орын маса-хана/масахана* деп қолданылып жүр. Бұл сөздердің қазақ, қырғыз т.б. түркі тілдерінде де дәл осындай мәні бар.

Аждаһа – 1) халық қиялындағы аузынан от шашатын қанатты жылан бейнесіндегі мифологиялық ұғым; 2) ауыс. озбырлық, жалмауыздық, ыртқыштықтың бейнесі. **Аждаһа** парсы сөзі – дракон (Малов С. Е. Лоб. яз. Ф., 1956, 80). Секілді осы өлім бір **аждаһа**, Жібермей адамзатты шағып жатқан, Ешбір жан өлмей тірі қалмақ емес, Жан қалмас қияметте мақұлық аттан (Ерімбет). Аузыңды **аждаһаша** ашып мұнша, Жұтуға көңілің болды ма шайнамай-ақ?! (Ерімбет). Ұшырдық өрт салдық та Көкке күлін, **Аждаһа** тау жыланын тісін қағып (Қ. Аманжолов). Тазарттық ластықтан Россияны, **Аждаһа** – капиталдың басын қақтық (Ә. Тәжібаев).

Ажырғы – жауыр малға байлайтын, салынатын ағаш. – Сізге **ажырғы** керек пе? – Сен **ажырғыны** қой, атты дәрігерге көрсет (Ж. Досқараев). Қытайдың ескі әкімшілік жазасының бірі – бұғау салғанда, екі тақтың қырын түйістіріп, жазалы адамның мойнына кигізіп, соған колотке мен кісеннің ұшын әкеліп, бекітетін болған. Соны қытайлар және соған көршілес қазақтар **ажырғы** деп атаған. Бертін келе осы сөз жауыр атқа салатын *мойын-ағаш* деген сөздің орнына қолданылған (Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955, 8).

Аза – кісісі өлген қаралы үйге туыс-туғандарының я жақын-жекжаттарының малдай не заттай апаратын көмегі. Араб тілінде **аза** – */обида, боль, неприятность, вред, ущерб, мучение/ қайғы-қасірет шегу, шығынға ұшырау, азапқа салу, әурелеу, ауру, реніш, зиян, шығын* деген мағыналарды білдіреді (АРС., М., 1958,33). Қазақ тіліндегі **аза** – зияншығынның орнын толтырып, қайғы-қасіретті жеңілдететін жәрдем түріне ауысқан (Махмұтов А. КСЛ, 1963, 15). Бастысы Сүйіндік, Байсалды болып «**азаға салғаным**», «қосқаным», «аруағына арнағаным» деп шеттерінен қос ат, інген, жамбы, тай, тұяқ, қой тұяқ сияқты бұйымдар атасты (М. Әуезов). Келген адамдар өздерінің дәулетіне қарай, өлген адаммен көңілдестігіне қарай, жерлеуге шығарылған шығынның орнын толтыру үшін екі, үш, жеті немесе

оншақты жылқы немесе түйе жетектеп әкеледі, бұл «аза» деп аталады (*Ы. Алтынсарин*);

Аза бермеді – ешкімге қиянат жасатпады, жәбір, жапа көрсетпеді. Шекесінде Қамбардың, Бар екен алтын тұлымы, Сұрап алған құдайдан, Әлімбай ханның құлыны, Ешкімге аза бермеді, Қыздан да зият қылығы («Қамбар батыр»);

Аза салды – өлген үйге аза апарды;

Аза күтті – өлген кісіні жоқтады: қаза тапқан кісінің басы-қасында болды;

Аза тұтты – өлген адамға қайғырды. Күн түнеріп адамзатты мұң басты, Ызғарлы жел тұла бойды мұздатты. Қала, дала аза тұтып күніренді, Айрылдық деп ұлы адамнан қымбатты (*С. Машақов*);

Аза бойы қаза болды – үрейлі болды, қатты қорықты деген мағыналарды жұмсалады. Көрсө қаза болады аза бойы, Болмады бұған айла ойламасқа (*Абай*);

Аза бойы тік тұрды – төбе шашы тік тұрды, қатты үрейленді, зәресі ұшып кету. Бұл оңбағандардың бәрі де колхоз жұмыс десе, аза бойлары тік тұрады. Бұларды колхоз қыламыз деп босқа май болып жүреміз (*Ғ. Мүсірепов*); **Азалады** – қайғырды, күйінді, аза тұтты. Күніренді, дүние қайғылы күй тартылды. Адал жандар күйіне, **Азаланды** аһ ұрды (*А. Шамкенов*);

Азалы – қайғылы, қаралы, мұңды. Бөжейдің асы өтті, қаралы жыл толды, енді азалы күндер бітті дегеннің белгісі еді (*М. Әуезов*). **Азалы** ақ көрпесін сілке тастап, Жер күлімдер өзіне шырай беріп (*Абай*).

Азан – діни. Елді намазға шақырғанда, дүниеге келген нәрестеге ат қойғанда айтылатын намаздың кіріспе діни дұғасы. Араб сөзі – **азанун** /призыв на молитву/, намазға шақыру (*АРС., М., 1958,34*). Молдалар аспай-саспай **азан** айтып, намаз оқуға кірісті (*Айни*);

Азан айтып қойған аты – шын, ең алғаш қойылған ат. Жетінші кенже баласына «барлық ұлым бай болып өссін» деген үмітпен молдаға **азан шақыртып, ат қоярда** құлағына «Жеті байлап» айқайлаған (*Д. Еркінбеков*);

Бес азан – молдалардың намазға шықыратын бес уақыттағы азаны. Молдалар айтар **бес азан**. Үлкендерге жолымен Қашпа бала қашпа деп, Алдынан шықты ер Қазан («Қобыланды батыр»);

Азаншы – діни. Азан айтып, жұртты намазға шақырушы. Село мешітінің мұнарасынан **азаншының** шақырған дауысы діншілерге намаз сағатының жақындап қалғанын ескертті (*М. Ибрагимов*). Мешіт **азаншысы** да, шіркеу қоңыраушысы да ашулы топқа үрейлене қарайды (*Ә. Сәрсенбаев*).

Азар – қорлық, реніш, азап. Бұл сөз дәл осы мағынасында қазақ, қырғыз, қарақалпақ т.б. көптеген түркі тілдерінде кездеседі. Парсы тілінде **азар** – реніш, қорлау /обида; оскорбление/ (*ПРС. М., 1959,35*). Н.А. Баскаков (*Кар. яз. ч. I, М., 1952*) пен К. К. Юдахин (*КирРС. -М., 1965, 59*) зерттеулерінде де **азар**-дың парсы сөз екендігі айтылған. В.И. Абаев осетин тілінде **azar**-«**terror**» қорқыныш,

үрей, бәле, тажал екендігін айта келіп, парсы сөзі түбірі **зар**; **а-** түбірдің алдынан қосылған префикс /a-zar/ деп көрсетеді (Абаев В.И. ИЭСОЯ, М., 1958, 96). Қазақ тілінде қолданылатын *зар, қайғы, шер, мұң, реніш* дегенді білдіріп, **азар** сөзімен синонимдік қатар құра алады. Олай болса бұл екі сөздің түбірі, шыққан тегінің бір /**зар**/ екендігі даусыз. Алаштан **азар** көп көрдім, Өлген соң батыр қапыда. Әлді болған адам жоқ, Өзім түгіл жұрағат, Жеті атадан затымда (О. Шипин). Ағайынның **азары** болса да, безері болмайды (мақал);

Азарлады – *қарғады, қарғыс айтты*. Қарғады мұны халық **азарлады**, Өркім-ақ, тұс-тұсынан бажандады. «Кесілсін елдің құны Құлагерге!...» Тартатын тоғыз айып сазаң барды (І. Жансүгіров).

I Азбан – *жүйрік ат немесе айғыр*. Араб тілінде **азаба** және **азбун** – *ағу, зырқырау* дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 37). Ертеңнен шапса, кешке озған, Ылдидан шапса, төске озған, Томаға көзді қасқа **азбан**, Біткен сүйек долантып («Ер Тарғын»);

II Азбан – *тартылған қошқар, кестірілген айғыр* (ТС., *Іт., А., 1959, 15*). Қойдағы **азбан** қошқардай, Сөзінді мен отырмын. Сірә да сенің ұнатпай (Жамбыл).

Азбар//албар – *қора, жабық кішкене қора*. Атты *азбарға* байла. Сиырды бұзауымен *азбарға* енгіз. Бұл сөз орыс тілінде *амбир* түрінде алынған. Арғы төркіні көне түркі тіліндегі *анбар* болуы тиіс (Ушаков Д. Н. Толк. сл. русс. яз. т. I. М., 1936). Қазіргі тілімізде бұл сөз *албар, азбар* түрінде кездеседі (Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955, 8). *Азбар* – қора ішінен салынатын кішкене қора. Қазақ оны қараңғылап ішіне соғым малын бордақылайды. Көбіне қараңғы азбар жасайды (Қыдырбекұлы Қ. ТСТБ. А., 1993, 32). Еті арып, тулақ болған тұлпарларың, **Азбарға** өзі келді жемін жерге (Нұртуған).

Айбалта – *ұзын сапты, өткір жүзді балта сияқты көне соғыс құралы*. XV–XVI ғасырлардан қалған деп жүрген нұсқауларда бұл қару *ала балта* болып келген. Кейін *айбалта* сөзіндегі *ай* компоненті сол қарудың формасына (жарты ай тәрізді иілген) байланысты айтылған болу керек. Руластар сойылмен, **айбалтамен**, найзамен қаруланған жасауыл жасақтап, оларды берешек адамның руының бір ақсақалының малын барымталап келуге аттандырады (М.Елеусізов). Байлаған белге саржа, оқ соғады ерге сартылдап! Белбауға ілген **айбалта**, Ұрғылайды жамбасты (Нұртуған). «Найза, мылтық, **айбалта** Арқалап жаяу қайтем» деп, Қарамады садаққа (Нұртуған).

Айғабак – *тудың басына ілінетін ай сияқты темір зат* (ТС., *Іт., А., 1959, 17*). Мұны заттың тегіне қарап *алтын қабақ, күміс қабақ* деп те атайды. Спорттық ойындардың қиын түрі *алтын қабақ* ату болды. Мергендердің *қабақ* атып түсіруі жоғары бағаланды, атып түсіргендері үлкен жұлде алып отырды. Кейінірек *алтын қабақпен* қатар *жамбы ату /күміс қабақ ату/* да орын алды (ҚСТ. *Іт., А., 1957*);

Алтын қабак ату – ертедегі нысана ату, мергендікті байқау. Қалыңдықтың ауылында мал сойылып, той басталады. Ат шабыс, күрес, **алтын қабак ату** сықылды қызғылықты сауықтар жасалады (Б. Алтынсарин).

Аймауыт – ерте кездегі батырдың киетін темір сауыты (ТС., Іт., А., 1959, 20).

Айттыру – ескі дәстүр бойынша қыздың басын күні бұрын біреуге байлап, меншіктеп қою, атастыру, құда түсу. Сол қызды ең кенже баласы Байдалыға **айттырып**, алып берді (С. Мұқанов).

Ақ – 1) айыпсыз, таза; 2) анық, рас; 3) құдай, тәңір. Қазіргі қазақ тілінде *ақ* сын есімімен тіркесе айтылатын біраз көнерген аталымдар бар. *Ақ* сөзі кейбір түркі тілдерінде *құдай* деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің *құдіретті құдай, тәңір* мағынасын Нұртуған шығармаларының тіліндегі материалдан да байқауға болады. Әмірші **аққа** сеніп ішке енді, Көшеден түрлі жандар кездеседі (*Нұртуған*). Кенжекей, қош болып тұр көріскенше, Өзелде, осылайша **ақтың** ісі. Болсақ та біздер пері – хақтың құлы Аллаға амалың не, жетед күші?! (*Нұртуған*). **Ақ** сәлдесі басында, Сырлы асасы қолында, Өзі ақтың жолында Бір диуана келді де, Асамен түртіп оятты («*Алпамыс*»). **Ақтың** отын ақымақ сөндіре алмайды (*Мақал*). Өмірге деген құштарлығын, **ақ** махаббатын кескінінен байқауға болады (*Х. Әбілов*). Бағамын қойды өзім-ақ, Жүрмісің ұлдан кем көріп. Тұжырым солай, сөзім **ақ**, Болса егер осы менде ерік, – дейді Зылиха (*О. Иманәлиев*). Жұмыр басты пендеге – өлім **ақ** (*мақал*). Әркімнің ықыласы **аққа** аян (*Қаңлы Жүсіп*). Сәруардың тура жолын сілтемекке, Емес пе әулетіне анық мирас? Өсиет былайғыға айтпақ түгіл, **Ақ** жолын, өзі адасып, айлады лас (*Қаңлы Жүсіп*).

Ақ перен//ақ берен – сапалы болаттан істелген көне соғыс құралы /*мылтық*/. Алтын сапты **ақ берен**, Деммен тартып тиеді. Кейбірінің кесіп кеудесін, Кейбіреуін тіледі («*Алпамыс*»). **Ақ переннің** құндағын Ата алмасаң сынғаның (*Ғ. Сатылғанов*).

Ақ жауып арулап көмді – дүниеден өткен адамды тазалап, жуып, қадірлеп көмді (өлікті ардақтап қастерлеп шығарып салды). Көп ұзамай хан ажалы жетіп дүниеден өтті. Балалары, **ақ жауып арулап**, әкесін соңғы сапарға шығарып салды (*Нұртуған*). Баяғы әкесін бүкіл ноғайлы халқы **ақ жауып арулап** жерлеп жатқанда, еншісіне өзі сұрап алған Сарала атты қуалап жүріп, жердің жарығына атпен бірге түсіп кеткен Ысмайыл аман қалған-ды (*Нұртуған*). Елінен көп ауырмай біреу өлген, **Ақ жауып, таза арулап оны көмген** (*С. Торайғыров*).

Ақирет (ақырет, ахирет, ахрет, ақират) – 1) діни. о дүние; 2) ауыс. кебін (*ақирет киімі*). Қыз айтты: «Қорықпайсыз ба бір құдайдан, Екінші атаң Омар падишадан? Тысқары шарифаттан істер істеп, Не дейсің **ақиретте**, ей, сен

надан?! (*Ерімбет*). Ассалаумағаләйкүм, **Ақыреттік** пірім-ай! Менің көрген түсімді, Отырсың ба біліп-ай? (*Нұртуған*). **Ақиретте** не деп жауап берерімізді қайдам (*С. Мұқанов*). Уа, қараңғы пенделер! Өлігіңе бие бер, Малмен иман алғайсың! **Ақирет** қашан ойлайсың (*Жамбыл*). Табылар қайдан дауа кетпес дертке, Не шара алла салған құдіретке. Бала үшін ата-ананың төккен жасы, құрғамай бірге барар **ақыретке** (*М. Сералин*). Кімде-кім **ахиретте** де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек (*Абай*). Жадид дінді қуаттай отырып, оны ғылыммен жалғастырады, «дүния» мен «ахрет» оқуын қатар жүргізеді (*С. Мұқанов*).

Ақиық – мұзбалақ, ерекше, айрықша, асыл қыран. Көзіңе көрінбейтін шоғал да бар Досындай бар сырыңа әбден қанық, **Ақиық**, мұздыбалақ тәуір де бар, Ұтылып ер намысын шалдырмайтын (*Нұртуған*).

I Ақсүйек – бекзат, сұлтан, бек, ірі феодал тұқымы. Ескі Россияның **ақсүйектері** қазақ даласын тағы жандардың мекені деп қараушы еді (*Қ. Жармағамбетов*);

II Ақсүйек – жастардың түнде сүйек лақтырып ойнайтын ойыны. Хакім қарттар тарауық оқыған кезде ол қыздар мен жас балалардың **ақсүйек** ойынына араласатын (*Х. Есенжанов*).

Ақтатты – піштірді, кестірді (*жылқы малын*). Қырғыз тілінде *ақта-ат* (мерин) деген сөз (*Юдахин К. К. Кир.РС., -М., 1940, 41*). Айналайын Тарланым... Белдің қызығын көрсін деп, Бес бедеуге салдырдым. Алты жаста **ақтаттым**, Аттай мұрның танаттым. Алшақтаттым, ойнаттым, Арпа, бидай асаттым («*Ер Тарғын*»).

Ақшам – 1) кешқұрым уақыт, күн батар кез; 2) діни. күн бата оқылатын намаз (*ҚТТС., Іт., М., 1959, 27*). Түркі тілдерінің сөздігінде *ахшам* күн батар мезгіл (*Қашқари М. Дев. луг. турк, I т., Т., 1960, 131*). Араб, парсы тілінде *шам* – кеш, кешкі уақыт, ал намазшам – күн батқан соң 20 минуттан кейін оқылатын намаз (*ПРС, М., 1960, 303*). Әріппен жиырма тоғыз келтірген соң, Мұхаммед қадір **ақшам** алды сабақ (*Ерімбет*). Адам көп мың, миллионға ие болған, Жүрген көп бір **ақшамға** таппай қорек (*Ерімбет*). Бұған қарағанда бес уақыт намаздың бірі *ақшам* осы мезгілге байланысты (күн батқаннан кейінгі уақыт) қалыптасқан болу керек. Ақсақал дөңестегі бөркін киді, Аллаға **ақшам** оқып басын иді. Пысқырып қолаттағы тарлан жылқы, Жұлады күртілдетіп жасыл шиді (*І. Жансүгіров*). Жылқыбай жылдамдатып тұрып-жығылды: **ақшам** намазын оқығаны болса керек (*Ғ. Мұстафин*);

Ақшам жамырады // сам жамырады – қараңғы түсті, ымырт үйірілді. Қарасай мұндай сәтте жүрмейді аяң, Білмейді Сұркөк, сірә, қиналғанды, Қырындап ақбөкендей басын салған. Кеткенде **сам жамырап**, жәшиық болып, Қарасай қайтып келіп қосқа қонған (*Нұртуған*).

Ақшелек – түйе малында болатын ауру. Малшылыққа деген тағы бір соққы көктем мен жазда үнемі қайталанып тұратын аусыл, топалаң, жамандату, қорасан, **ақшелек**, маңқа, қотыр және басқа аурулар болды (*М. Елеусізов*);

Ақшелек келгір! – жайрағыр, түйе малына айтылатын қарғыс. Кей жерлерде «**Ақшелек түскір!**» дейді. Кенжетай: «**Ақшелек келгір** Құба інген, Сертескен едің менімен, Төстік ер қайтып келген күн, Немесе Төстік өлген күн, Белгі беріп бірінен, Боталармын дегенсің...» деп, жылап отырады («*Қазақ ертегілері*»).

Ақшом – ертедегі шомдалған түйе керуен;

Ақшомшы – Ақшом керуен тартатын адам. Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен, Астында **ақшомшы** жүр ол бір керуен (*Абай*).

Ақық – 1) агат (кварц текті асыл тас, ақық тас); 2) қызыл түсті асыл тас. Киіктен мүшкілән бар, феруза – тастан, Жақұттың **ақық** ашады шекарасын. Тумыштан тұлпар туады, жампоздан нар, Әр жұрттың өзі таниды **диуанасын** (*Ерімбет*). Көк орамал, көркем тоғай маужыраған. Малта тас, маржан, **ақық**, меруерт тас Төгіліп көк жиекке саудыраған (*І. Жансүгіров*).

Алакеуім – көлеңке, бозамықты күңгірт шақ. Таң **алакеуімде** үйден шығып, ханның ордасының еңсесіне келіп, тымағын табанына басып, жалаңбас, құбылаға қарап, қолын қусырып тұрды (*Нұртуған*).

I Аламан – көпшілік, бұқара, қауым. Көп отырған **аламан**, Салып, отыр құлақты, Баға берсін есігін Өгіз батыр сымбатты. Енді ноғайлыдан сөйлейін, Түсіндіріп бұл бапты (*Нұртуған*). Біреуі жағада қап тыр жалаңаш, Судағы оған қарай қадам басты. Сондағы екі қыздың сөзі мынау, **Аламан**, қойып тыңда ықыласты (*Нұртуған*). Осы отырған **аламан**, Ауызыма қараған, «Сөйле!» деп берді ерікті (*Нұртуған*). Шоңмұрын! Ой, **аламан** қазақ баласы, бармысың түге ...қапта ...қапта, байла! (*М. Ақынжанов*);

II Аламан – әскер, жасақ (*Аманжолов С. Воп. диал. и ист. каз. яз. А., 1959, 354*). **Аламанға** дем берген, Азды көпке теңгерген. Алдынан шықты ер Қазан («*Қобыланды батыр*»). Ханның кірген ақ орда, Бұзуын ойлап кеңестік. **Аламанға** жел бердік, Аса жұртты меңгердік (*Махамбет*);

III Аламан – айқай-шу, тасыр-тұсыр (*Малов С.М. Лоб. яз. Ф., 1956, 83*). **Аламан** қойды айқайлап лап қойды. **Аламан** екі түбірден біріккен күрделі сөз. Бірінші компоненті *ал* етістік, екінші компоненті *ман*. Бұл алғашқы кезде адам, күзет, қарауыл, жасақ, мен (есімдік) мағынаны білдірген. Кейін бұл мәнінен айырылып, қосымшаға айналып кеткен. Екі сөздің арасындағы *-а-* көсемшенің жұрнағы (*Аманжолов С. А. Воп. диал. и ист. каз. яз. Ч.І, А., 1959. 53-54*). Жығылып Мағауияның тіккен туы, «**Аламан! Аламан!**» деп қайта қашты. Сенген соң әскерінің көптігіне, Шам шахы қалып еді аяқасты. Қоярға жанын қайда жер таба алмай, Төкті ақыр көздерінен қанды жасты (*Ерімбет*).

Алапат (алапат) – жойқын, зұлымдық, керемет, шарапатты күш. Азамат көріп сондай түрлі **алапат**, Күн кешер өлмеген құл жылап-сықтай (*Ерімбет*). Жаманға қадір білмес сырынды айтпа, Сырт беріп салып кетер бір **алапат** (*Нұртуған*). Айқасқа кірдім, ашындым, **Алапат** жауға болмадым. Сәулетін осы ғасырдың Қанымды төгіп қорғадым (*І. Мәмбетов*). Ақ Еділ артық сенің **алапатың**, Атыңды жырға қосқан талай ақын («*Халық өлеңі*»).

Алапа – 1) олжа, пайда, табыс; Егін жақсы шықса, халыққа үлкен алапа. 2) кәде. *Бұрын қызды күйеуге бергенде әйелдер алапа алатын* (*Ж. Досқараев*). **Алапа** деген сөз қазіргі кезде тек қана батыс говорларында олжа болып айтылады (*Ғ. Мұсабаев*). Сары ұйғырлар тілінде **алва** (подать) алым, берілетін нәрсе (*Малов С. Е. Яз. жел. уйгур. А., 1957, 14*), ұйғыр тілінде **алван** (налог, подать) алым-салық, шығын тәрізді ұғымды білдіреді (*УйРС., А., 1960, 15*). Қазақ тіліндегі **алапа** да осы сөздермен түбірлес болу керек.

Аларман – алғыш кісі, алушы. **Аларманға** алтау аз, Берерменге бесеу көп (*мақал*). Сөздің түбірі *ал* /етістік/ -ар есімшенің жұрнағы, -ман есім тудыратын көне жұрнақ. Қазіргі қазақ тілінде *аларман*, *берермен* сөздері осындай мақалда кездеспесе, дербес тұрып басқа сөздермен тіркесе бермейді (*Махмұтов А. КСЛ, 1963, 10*).

Алаш – 1) қалың көпшілік, ел, жұрт, қауым; 2) қазақ елі, қазақ қауымы. Қазіргі қазақ тіліндегі *алты алаш* тіркесі бүкіл халық, көпшілік қауым деген мағынаны білдіреді. Жариялап бұл күндегі **алты Алашқа**. Шақырып патша алдырды айналасын, Қолына жілік беріп жариялап, Мінгізіп алма сағақ, хан қарасын (*Нұртуған*). Саған **Алашта** көрінгеннің бәрі көмек, Болмаса, Жүсіпке не, айтып қорғаш?! «Бұл отты сөндірсін» деп сөз жазады, Ол мені көрген де жоқ, болмақ түгіл, сендей жолдас (*Ерімбет*). Алғашқы кезде *алаш* сөзі жағымды ұғым болмаған. «Мавренахрді билеуші Махмудтың інісі Ахмед монғолша киініп, монғолша қаруланатын өте қатал адам болыпты. Ол ұрыстарда қалмақтарға бірнеше рет өлтіре соққы береді, жеңілген қарсы жақты қатты қырғынға ұшыратады, сондықтан қалмақтар оған «*алаш!*» – қан кұйды, бас кесер, жауыз деген жаман атақ тағады» (*Бартольд В. В. Очерк ист. Сем., Ф., 1943, 76*). Бұл тарихи деректі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл демократы Абай Құнанбаев та өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде сөз еткен. «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы дегеннің орнына, сонан соң сол хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы, алашы» деп «ұран-сүрен» салыңыздар деп бұйырып, бұларға айқай салғанда, көп жанның айқайымен «алаш-алаш!» деп кетіпті. Сондықтан алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен. Қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің де алғашқы кезде жан алғыш, кісі өлтіргіш, ел талағыш деген тұрпайы мағынасы болған (*Құнанбаев А., Шығ. тол. жин., А., 1945, 405*). Монғол тілінде *алаач* – кісі өлтіруші, жендет, жанкешті деген мағынада қолданылады (*МҚС.,*

У., 1954, 19). Ойрат тілінде *алдачы* – жан алғыш (қазақша алашы). Бұл фактілер қазақ тіліндегі алаш сөзінің тарихи мәнін толық ашып беретін тәрізді;

Алты алаш – ескі дәуірде күллі қазақ кейде «тұтас қазақ-қырғыз» деген ұғымда қолданылған.

Алаша – ерте кездегі түрлі-түсті жүн жіптен тоқылған тұс киіз, кілем тәрізді қолөнер өнімі. Бұл сөздің түбірі *ала* – әртүрлі түс, *-ша* жұрнақ. Алғашқы кезде *алаша* зат (ала зат) түрінде айтыла келіп, кейін *алаша* сөзі заттанып кеткен де, дара тұрып айтылатын дәрежеге жеткен. Кәсібі бабамыздың бірден-бірге Жайылып осылайша жыр боп кеткен. Кемпірі **алаша** тоқып, киіз басып, қолына ұршық алып жүнін түткен (*Нұртуған*). Тигізбе ақ шәйнекті жер мен жүнге, Я киіз, я **алаша**, кілем-түрге. Тимесін демдеген соң осыларға, Бұл артық пәм, шайқұмарлар үйренерге (*Ерімбет*). Айнала стол орнатқан үйдің іші тамаша, Айналы ақ диван тұр. Жоқ бұрынғы **алаша** (*С. Мәуленов*). Қазақтың жергілікті тоқыма бұйымдары – **алашалар** да Россияға едәуір мөлшерде жөнелтілетін (*М. Елеусізов*).

Алашорда – Қазақстанда 1917-1919 жылдарда ұйымдасқан байшыл, ұлтшыл, контрреволюцияшыл ұйымның аты. *Алаш және орда* деген екі сөздің бірігуінен пайда болған ұғым. **Алашорданың** күні қараң! Енді өкімет билігі еңбекші бұқара қолында. Мына Құрышпай сияқты қу-тақыр кедейдің үкіметі (*З. Шашкин*).

Алашы – миф. жан алушы періште, жан алғыш. Ойрат тілінде **алдачы** /ангел смерти, дух, уносящий душу умершего, дух смерти/ жан алғыш *періште*, өлген адамның жанын әкететін рух дегенді білдіретін мифологиялық ұғым (*ОРС. М., 1947, 16*). Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір **алашы** болды ғой» депті Жан алушы дегеннің орнына (*Абай*).

Албасты – діни. ескі мифологиялық наным бойынша жын-перінің бір түрі (*ТС., Іт., А., 1959, 31*). «Қап тауына қанша жыл азап шегіп барып, перінің қызы деп алып қайтқан сұлуымның тұла-бойы шұрық тесік, не пәле бұл?! Жын ба, шайтан ба, **албасты** ма?! (*Нұртуған*). Надан халықтар әйел бала туғанда әлсіреп талса, оны **албасты** басты деп түсіндіретін (*Ы.Алтынсарин*);

Албасты басты – жын-пері айналдырды, қырсық шалды.

Алдияр – ұлық адамдарға арыз-тілек айтарда төменгі бұқараның қолданатын құрметті қаратпа сөзі. Бұл сөздің түп төркіні араб-парсы тілдеріндегі *алла яр* /алла жар/ *болсын* деген мағынадағы тілек. Қырғыз тілінде *алдиар* – хан-сұлтандардың құрметті титулы (*Юдахин К. К. Кир.РС., М., 1940, 31*). **Алдияр** есітерсің жауабымды, Ақырып айтпасаң да сауалыңды. Адамға алпыс екі айла берген, Тастадым бір ойменен тымағымды (*Нұртуған*). Ассалаумағаләйкүм, Алдияр сұлтан, тақсыр хан! (*Нұртуған*). **Алдияр**, көшпейік деп отырған біз жоқпыз (*Ғ. Мүсірепов*). **Алдияр** бас хандарым, Жаңа

келді Қамбарың Мұнан бұрын бар ма еді Сенен сұрап алғаным! («Қамбар батыр»);

Алдияр тақсыр – құлдық, әміршім;

Алдиярлау – хан-сұлтандарға айтылатын құрметті қаратпа сөзді айтып, алдына барып бас ию, жалыну, өтіну, тілек ету. Тазша хан сарайына кіріп, ханның алдына келіп, **алдиярлап** бас иіп, тізе бүгеді («Қырық өтірік»). Өрісі қатты тарылды, Ер қорғайтын ерлердің, Алдына барып бас иіп, **Алдиярлап** жалынды (Жамбыл).

Алдынан шығар – күйеу қалыңдық ауылына ұрын келгенде, аулындағы әйелдер /тек қалыңдық, қалыңдықтың туған ана-сіңлісі, шешесінен басқалары/ құрт, май, бауырсақ алып, күйеудің алдынан шығады. Бұл әдет «алдынан шығар» деп аталған (Ибрагимов И.И. ЭОКН., М., 1872, 135).

Алдыразы//алдыразы болсын! – діни. Тәңір жарылқасын, рақмет деген мағынадағы алғыс (ТС., Іт., А., 1959, 33).

Алқау – қоштау, жарылқау, демеу, мақтау. Түркі тілдерінің сөздігінде **алқішті** – жақсылады, мақтады, алғыс айтты дегенді білдіреді (Қашқари М. Дев. луг. турк., I т., Т., 1960, 240). Қазақ тіліндегі **алқау** да осы сөзбен түбірлес болу керек. Ор қазып байқайды туа жат емеске, Анттасын **алқайды** сен тентек демеске (Абай). Қарғағанын жер қылмақ, **Алқағанын** зор қылмақ (Абай).

Алмас (алмаз) – 1) шыны кесетін өткір құрал; 2) ауыс. қылыш. Қазына жүкті тайлаған. Едіге оқшау келатыр, Бидай өнді нұр жүзді, Беліне **алмас** байлаған (Нұртуған). Садағын сала байлап, асынып **алмас**, Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас! (Ерімбет). **Алмастың** жауы – қорғасын (Мақал). Қалған екен ақ **алмасым** шаң басып, Соны сүртіп саған маза бермедім. Тентек жүзің кеңірдекке жармасып Кісі түгіл құс өлтіріп көрмедім (Р. Ғамзатов). Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес, Болатпын екі жүзді, **алмас** кеспес («Біржан Сара»). Мұнда естіген құлаққа ертегі боларлық Алатаудың құрыш мұзы, **алмаз** мұзы, меңіреу қоры, аңы, жақпар-жақпар тасы, барағы, орманы, бал бұлағы, жазық жайлауы – жоқ (І. Жансүгіров). Бұл сенің сасыған капустадан пісірген борщың емес, құрттай **алмазды** қырлап, колонка ұшына қайта қағатын шебердің қадірін Қаныш Имантаевич біледі (М. Сәрсекеев).

Алхам (әлһам, әлхам) – діни. мақтау, Аллаһқа мадақ айту. Сол уақыт незәл болып хақтан **әлһам**, Көрсеткен дидар нұрын иншалла! Ұмытқан қатын-бала, баққан малды, Келгесін ақ жарылқап, бақ, даража (Нұртуған). Дау менен ер таласы сауда болды, Түйеміз қатар-қатар арба болды. Тар шалбар, қынамалы бешпет киіп, **Алхамды** шала білген молда болды (Әбубәкір). Білмесе де **әлхамның** ғибратын, Жемтік көрсе, молдамын деп тістей қату (С. Торайғыров). Құпия сырмен ғана бояулатқан Шықты екен сызылып ән қай аулақтан? Көретін жасынан қыз ән-күйді артық, Көңілсіз **әлхамдардан**,

аяттардан (*Қ. Бекқожин*). Мен қалғып бара жатып та шешемнің «**әлхамды** лилоһи раббил ғаламин...» деп күбірлегенін естідім (*М. Сатыбалдиев*).

Анай – *мұңын шағу, уайым, реніш*. Якут тілінде **анай** (горе, прискорбие, огорчение) *қайғы, реніш, мұң* дегенді білдіреді (*Пекарский Э.К. I т. 1959, 104*). Батыр Қобылан сөйлейді: Әуелі алла **анайым**, Хақ жаратқан құдайым. Үйдегі Құртқа жұбайым. Жарым олқы болды деп, Жемеймін тіпті уайым («*Қобыланды батыр*»).

Анжы – *жауырма өткізетін қыл; ердің шеттігі*. Бұрын жауыр жылқының жарасынан **анжы** өткізетін едік. Қазіргі кезде **анжы** деген сөздің бір варианты ердің шеттігін кейде *анжыма/әнжіме* дейді (*Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955*).

Арай//күн арайына кірді – *ұя, тұрақ, мекен /күн ұясына кірді, күн мекеніне батты/*. Көне түркі тілінде *ар* сөзі *арбау* деген мағынада қолданылады. Сол сияқты *аран* деген сөз о баста *ар/бау/ аң-аң/* деген сөзден құралған. Бертін келе аң аулайтын *алдау* қора мағынасынан мал қорасына ауысқан (*Мұсабаев Ф. ҚТЛ, 1960, 177*). Бұл айтылғандарға қарағанда **арай** екі түбірден құралған біріккен сөз тәрізді. Ең алғашқы түбірі *ар/қора, мекен, жай/*, екінші түбір *ай /планета/*; мәні: *ай қора /ар-ай/ай кіретін/ бататын/ қора, мекен, жай* дегенді білдіреді. Күн батқан кезде де *арай* оның тұрағы, мекені ретінде қолданылған. Адам тіктеп көре алмас күннің көзін, Сүйіп, жылып тұрады жан лебің; Қызыл **арай**, Сары алтын шатырына, Күннің кешке кіргенін көрді көзім (*Абай*).

Аран – 1) *арасына кірген аң қайтып шыға алмайтын үшкір қазықшалардан тоқылған шарбақ қора; аудың, қақпанның бір түрі*. Аран екі түбірдің бірігуінен жасалған біріккен сөз. Бірінші компоненті **ар** – *алдайтын, арбайтын қора* деген ұғымды білдіреді. Екінші компоненті *ан* – *аң* деген сөз. Сонда бұл сөздің мәні *аңды алдайтын, арбайтын қора /ар-аң ар-ан/ болғаны*. 2) *Мал қамайтын орын, мал тұратын қора*. Бұзау, сиыр, бұқа қамаған **арандар** анадайдан көрініп тұр (*Ф. Мұстафин*).

Арасат майданы – *діни*. *Мақшар күні қиямет-қайым, ақырзаман орталығында*. Құдіретпен бір қауызға сыйғызып тұр, Пенденің не мінезі Аллаға аян! **Арасат майданында** тергелерміз, Өткен соң бұл опасыз жалғаншыдан (*Ерімбет*).

Арзу – 1) *тілек, мақсат, арман*. Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген **арзу** (*Абай*). Парсы тілінде **арзу** /желание, стремление, мечта/ *құштарлық, талпынушылық, арман* (*ПРС., М., 1959, 32*). 2) *Ауыс. Кәдеге жарау, іске тату, бірнәрсеге тұрарлық болу*. Халықтың дүниетануына,

шаруашылық түріне, тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан кейбір сөздердің сыры да өте қызық және тарихи ғылыми тұрғыдан қарағанда, бұндай сөздер зерттеудің еңбегіне толық **арзитын** секілді (Ә. Ермеков). **Арзымайтын нәрсе**ге бола өң бұзысып, сөзге келісудың керегі не? (С. Төлешев)

Арулау – *ардақтау, құрметтеу, дәріптеу, қасиеттеу*. Бұл сөз тек «ақ жауып арулап қою» тіркесінде ғана кездеседі. Көп ұзамай хан ажалы жетіп дүниеден өтті. Балалары елді шақырып, ақ жауып **арулап**, әкесін соңғы сапарға шығарып салды (*Нұртуған*). Баяғы әкесін бүкіл ноғайлы халқы ақ жауып **арулап** жерлеп жатқанда, еншісіне өзі сұрап алған Сарала атты қуалап жүріп, жердің жарығына атпен бірге түсіп кеткен Ысмайыл аман қалған-ды (*Нұртуған*). Шарифат бойынша өлікті **арулап** жуып, жаназасын оқып келгеннен кейін, оның көйлек-көншектері және де басқа киім-кешектері кедейлерге беріледі (*Ы. Алтынсарин*).

Аршын – *орыс тілінде аршын 0,711 метрге тең келетін өлшемдік жүйе шыққанға дейінгі ұзындық, өлшем, кез*. Парсының /локоть/ *шынтақ* деген сөзінен пайда болған ұғым (*ТСРЯ., проф. Д.Н. Ушакова, тI., М., 1935, 62*).

Арыс – *ру, тайпа*. Сол заманда ноғайлы Қара, Сары болып екі **арысқа** бөлінетін (*Нұртуған*). Екі **арыс** ел шарға түсті (*ТС., тI., А., 1959, 49*). Алты **арыс** – алты рулы ел. Қазақтың ескі шежіресінде ұлы жүзді – Ақ арыс, орта жүзді – Бек арыс, кіші жүзді – Жан арыс деп аталады. Бек арыстан: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей руларын таратады. Осыны алты **арыс** ел деп атайды. Ас беріп алты **арысқа** даңқын жайған, Тауып ед бауырды бұл Сағынайдан Жатыр ед күшін әдейі көрсеткелі Керейден қонақ болып бір-екі айдан (*І. Жансүгіров*). Алты **арыс** шекті деген ел бар. Ақжайық деген өзеннің бойында болады («Қыз Жібек»).

Аса – *диуананың қолына ұстайтын таяғы*. Башқұрт тілінде **аса** /развлина/ *айыр, аша бұтақты таяқ* (*Башк.РС., М., 1958, 53*); Қарақалпақ тілінде /палка, посох/ *ұшында темірі бар ағаш таяқ не таяқтың өзі* (*ҚарРС., М., 1958, 54*). Көк есегі астында, ақ сәлдесі басында, Өзі ақтың жолында, Бір диуана келді де, **Асамен** түртіп оятты («*Алпамыс*»). Үстіне ала шапан, басына шошақ тақия киіп, қолына **аса** таяқ ұстаған Ахмет Хайдаров Алайғыр ауданына асай-мұсайын сартылдатып, екі қолын ербеңдетіп, еңтіге, деміге жетіп келді («Қ.Ә.»).

Асадал – *түрлі ыдыс-аяқ сақтайтын буфет, шкаф*. Мына жандарында тұрған Аманқарағайдан бар көлікпен күндіз-түн демей ағаш тасындар. Үйдің асты-үстін тақтайлау керек. Мектепке парта, үйге **асадал** жасаймыз (*М. Ақынжанов*).

Асел – бал, шырын, тәтті. Араб тілінде **ғасалүн** /мәд/ бал деген ұғым (АРС., М., 1958, 659). Арам қылып кетпесін, Зәңгінің қолы жетпесін, Аяққа алтын құюлы, Күшік ит ішіп **аселді** («Қамбар батыр»).

Астапыралла – діни. Құдай сақтай көр деп жалбарынғанда, не белгілі бір нәрсеге таңданғанда айтылатын сөз. Үй ішіндегілердің бәрі «астапыралла» деп жағаларын ұстады (С. Мұқанов).

Асфаһани – асфаһани кілем. Персияның Асфахань қаласында тоқылып шыққан кілем. **Асфаһани** кілемдер, Жібектен гүлін торлаған («Қыз Жібек»).

Асы – 1) көтеріліске шыққан, бағынбаған қайсар; 2) көтеріліске қатысушы, көтерілісші; 3) ауыс. күнәкар. Соңынан үшбу топан әлек болып, Барша жан **асы** болып көп қырылған. Жиһанда тірі қалған үш-ақ адам: Хам, Сам, Япс – Нұх ұғылан (Нұртуған). Егер шайтандыққа жетсе қолым, Алдауға арланар ем адам ұлын. Аллаға **асы**, бейіске қашқан болып, Онан соң бұл емес менің жолым (Абай).

Асылзада – ерте кездегі ақсүйек тұқымына жататын жоғарғы топ, артықшылығы бар қауым, үстем тап. Араб тілінде **заада** /увеличиваться, возрастать; превышать, превосходить/ артылу, ұлғаю, шамадан тыс кету, басым болу дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 425). Енді бұл **асылзаданың** баласының тапқан сөзін таппады демеймін («Ер Тарғын»).

Асылық – астамдық, менмендік, кесірлік, дандайсушылық (А.Махмұтов). Мін ұрлама дос-жолдастан жасырып, Ер жігітке жарамайды **асылық** (Халық өлеңдері). Ер Қамбар сонда сөйлейді: Қатарыңа қарасаң, Мен емес тандап тиерің: Іздегенің **асылық** («Қамбар батыр»).

Атаңа лағнет! // атаңа нәлет! // атаңа лағнет жауғыр! – Атаң қайғы-қасірет тартсын, азап шексін деген мәндегі қарғыс. Араб тілінде **лауғатүн** – азап, қайғы дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 938). Шыбын жаным сау күнде Бермес пе едім жазасын?! **Атаңа лағнет** заңғардың, Жеткізбес пе едім қазасын (Нұртуған). «Таңертең **атаңа лағнет жауғыр** малайларға бір түйе байлап қалыңдар десем, күнде түйелерге ере алмай, шаңдақта жататын мына жаман түйені алып қалып, маған ұят келтіргендерін қарашы?!» (Нұртуған). **Атаңа нәлет** Жәңгір хан көзінен тізіп айдады-ау, Орынбор деген қалаға Қазақтың кара баласын... (Махамбет). – Өй, **атаңа нәлет!** Өй ернің аққа тимегір! Өй, мал көрмеген көргенсіз! – деді Судыр Ахмет (Ә. Нұрпейісов).

Атау – кішкене арал, су ішіндегі құры жер. Аралда бірнеше атаулар бар. Теңіздің ішіндегі кішірек құры жерді **атау** деп те, арал деп те атайды. Аралдың кейбір заводы **атауда** тұрады (Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955, 15).

Атау сөзі қарақалпақ, ноғай тілдерінде осы мағынада қолданылады (*Баскаков Н. А. Кар. яз. ч. I, М., 1952*).

Атаукере – адамның өлер алдындағы ең соңғы ішіп-жсейтін тамағы (*ТС., Іт., А., 1959, 54*).

Ат байлар – күйеудің атын байлағандығы үшін қалыңдықтың апасіңлілерінің күйеуден алатын сыйлығы. Ол жақсы ішік немесе кілем болады (*И. Ибрагимов*).

Атқосшы – біреудің қасына еріп жүретін атын күтуші, атышы, жәрдемші. Бес қаруын сайланып, қажетінше қол алып аттанған бұларға Ысмайыл **атқосшы** болып барды (*Нұртуған*). Бағанағы **атқосшы** Әбді бала күн шыққанша тесіктің аузында тұрды (*Нұртуған*). Көп дұшпанның ішінде Атын айтсам білер деп, **Атқосшым**, кел! – деп шақырды («Қыз Жібек»). Сұлтандар және басқа да ірі феодалдар жергілікті маңызы бар: сот шығындары, пітір садақасы, орыс чиновниктерімен сөйлесетін тілмаштарға беретін ақша, мал, сұлтанның қарауындағы **атқосшының** шығыны. Жылу сияқты көптеген түрлі салықтар белгілеп отырған (*М. Елеусізов*).

Атой – атой берді, белгі берді, хабарлады, білдіру. Азулы аңмен шайқаста «Бірлік!» **атой** ұраны, Кішік келіп, тимейді Ешбір жанға зияны. Заңғар көкке ұмтылып, Білмекке құмар қияны (*Нұртуған*). Тоқта жібек, тоқта деп, Айқай салып Сансызбай, Жібекке **атой** береді («Қыз Жібек»);

Атой салу // атойлау – ұран салып, дабыл қағу, лап қою. Исатайға ерген осы қол **Атой салды** желігіп. Қожа песін болғанда, Орысқа тиді көрініп (*Нұртуған*). Отанды сақтауға, жауларды таптауға, **Атойлап** қойдық лап (*А. Тоқмағамбетов*).

Атсейіс – атбегі, ат сыншысы, атты баптап бәйгеге қосатын бапкер. Көркейіп көлеңкесі жапырақ жайып, Тіршілік сілкінеді сол бір уақта. Беде жем, су орнына саумал беріп, **Атсейіс** кеулі тасып мінеді атқа (*Нұртуған*).

Аты теріс – ескі наным бойынша қазақ әйелдері қайын ата, қайын ағаларының атын атауға болмайды «күнә» деп есептеген. Сол кісілер аттас кіші адамдар болса, олардың да аттарын атамай, аты теріс деп атайтын әдет болған.

Атшабар – би-болыстың жұмсайтын адамы, шабарманы. «Мақсатым қуанышқа той қылмақ-ты!» «Болады енді он күнде **атшабар**» деп, Жүйрікті еліндегі ер жаратты (*Нұртуған*). Есіктегілерді қағып, асығыс болып, **атшабар** кірді (*М. Әуезов*). Жай жүргенде бір күні **Атшабар** келді лепілдеп (*Абай*).

Атшы – атқосшы, біреудің жанына ілесіп жүріп оның атын бағушы, делбе ұстаушы (Болғанбаев Ә. ҚТСС., А., 1975). Мен **атшыны** шақырып алып, қатты ұрыстым (С. Көбеев).

Ат-тон айып // ат-шапан айып – ескі дәстүр бойынша төленетін үлкен айыптың бір түрі. Мінгеніңді қинама, Бай білмейді деп ойлама. Еңбегің сіңбей, Құбылжан, Мезгілсіз **ат-тон** даулама (Нұртуған). Тақсыр-ай, қысымың – қыс, жарлығың – жаз, Әуелден ат сұраппын ақылым аз. Ежелден **ат-тон**, сарпай алмағым жоқ, Көрген соң хан иемді етіппін наз (Нұртуған). Менен түйе ғана үлкен, – деді шал, – босағамды ұлықсатсыз аттағаның үшін **ат-шапан** айыбың бар, атымды әруаққа кештім шапаным мойнында, төрге шық (С. Мұқанов).

Аттың майы – аттың күші. Кедейлер «көлік майын» түйені, атты, өгізді пайдаланғаны үшін де салық төлейді (М. Елеусізов). Жауға мінер жарамды аты болмай, ол елдегі жирен сақал Қарағұл дегеннің Теңбілкөгін «**майын беремін**» деп сұрап мінген (Нұртуған);

Аттың майын беру – біреудің атын уақытша мініп, аттың күшінің ақысын беру.

Атымтай жомарт – «тай» – араб елінің руы; «*һатым*» – сол рудан шыққан (ескі ертегі бойынша) жомарт кісінің есімі. Айтайын **Атымтайдан** бір хикаят, Бұл сөзге құлағың сал, көп жамағат! Бұрынғы сахилардан сөз қозғайын, Жазбасқа тұра алмадым, қылып тағат (Ерімбет).

Ауан – еркін, емін-еркін шалқыған, өз бетімен деген мағынада қолданылады. Ауан жүрген мал, ауан балық (Ж. Досқараев). **Ауан, ауан, ауан** су, **Ауандап** үлкен балық жүзген су («Ер Тарғын»).

Аужар – ескі салт бойынша ұзатылған қыз туған үйінен аттанарда айтылатын айтыс түрінде қалыптасқан жұбату өлеңі. **Аужар** екі түбірден құралған біріккен сөз. Бірінші түбір сөз – **ау**, екіншісі – жұбай, қосақ, жамағат мағынасындағы **жар**. Жігіт: Алып келген базардан қара насыр, жар-жар-ау, Мұнда әкем қалды деп, қам жемеңіз жар-жар-ау, Жақсы болсаң қайын атаң – орын басар, жар-жар-ау. Қыз: Есік алды қара су, майдан болсын, жар-жар-ау, Ақ жүзімді көргендей айнам болсын жар-жар-ау, Қайын атасы бар дейді осы қазақ жар-жар-ау, Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар-ау («Қазақ әдебиетінің тарихы»).

Ауылнай – 1) ескі уақыттағы белгілі бір ауылға билік жүргізетін адам; 2) ауылнай басқаратын ауыл, ел. Ат шана мен түйелер – Көліктің нағыз берігі. Соларды іздеп жер-жерден, **Ауылнай** мен ауданша Тегіс атқа мінеді (Нұртуған). Мықтылау қазақ таласып, Еңбегін алып ақыры Орыспенен келісті. Сонан соң орыс сайлады, **Ауылнай** мен болысты (Нұртуған). Елден алған параға болыс, биден бастап, **ауылнайға** дейін еншілес (Ғ. Мүсірепов).

Ашна – *ғашықтық, құмарлық*. Болмасам **ашна** мен сізге, Түспес ем мұндай бейнетке (*Абай*).

Аяққап – *ыдыс-аяқ салатын киізден істелген қапшық*.

I Аят – 1) *белгі; 2) ғажап, тамаша, керемет; 3) діни*. Құран тарауларының аты, Құран аяты – *өлеңі*. Араб тілінде *айатун* – белгі: керемет, құранға жазылған өлеңдер дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 60*). Өзелден асылы һақтың орны мағұлым, Орнына эзәзілдің барып еді. **Аяттан** оқып көрер сенбегендер, Кәламда һақ Расуліге жазып еді (*Ерімбет*). Ғайсадан бес жүз алпыс тоғыз жыл соң, Ақ нәби ұзап кетіп сонда туған. Дүниенің **аяты** бар көрсең оқып, Бұл жалған саруар үшін жаратылған (*Нұртуған*). Құранда 6225 **аят** бар (*Х. Ақназаров*). Законда зорлық болмас жанды адамға, Жақсыны қорқылып болмас бір жаманға, Және де **аят** пенен хадісте бар, Жылатып берме деген еш наданға (*Біржан*). Тастағы жазуды Қайырбек ежіктей оқи бастады. Ағузіден тартып бір ауыз **аят** жазылған екен (*Ғ. Сланов*). Еске алыңыздаршы! «Әлем тәрәкәйфә фағғала раббука би асхабил филь» деген **аят** қандай еді? (*М. Әуезов*);

II Аят – *ру аты*. **Аят**, Жебір, Тобыр – тарихта кездеспейтін топталып айтылған, «Қамбар батыр» жырында ұшырайтын рудың жиынтық аты. Он сан үйлі **Аят** бар, Қырық сан үйлі Қияқ бар («*Қамбар батыр*»).

Ә

Әбес – *ұят, өрескел, ерсі*. Ол сапар ауылда жоқ болса, әйелдің қыр басына шыққанын **әбес** көретін әдеттен сескеніп, үйінен, ошақ басынан шықпаушы еді (*Ғ. Сыланов*);

Әбессіну – *ұят; ұят көру, өрескел көру, ерсі көру*. Іште отырып, Жасарал мұның жау екенін білсе де, жалғыз атты жолаушыға далаға шығуға **әбессініп**, ашуы келіп: «Қалмаққа баратын болсаң, аржағында жол жатыр!» деп айқайлады (*Нұртуған*). Сонда Шернияз шыдамсыздық білдіріп, басын көтеріп алуға **әбессініп**, қисайып жатып Манабайға былай деді: Байекем «сөз айт» десе сөз айтармын, Хан ием айт деген соң тез айтармын (*Нұртуған*). Ол сапар ауылда жоқ болса, әйелдің қыр басына шыққанын **әбес көретін** әдеттен сескеніп, үйінен, ошақ басынан шықпаушы еді (*Ғ. Сыланов*);

Әбес көрді – *лайықсыз деп тапты, қате, артық деп есептеді*;

Әбестік – *өрескелдік, ағаттық, білместік, қателік*. Екі бала **әбестік** істегендігі үшін мұғалімнен қанша ұялып, сескенсе де, олардың бәрін дәл осы қауіп минутында ұмытып кетті (*С. Иманжанов*).

Әбият (әбиат) – *өлең*. Егасын күллі ғаламның қылайық жад, Жад қылсақ жанды мақұлық көрмес ұят. Адамның тірлік, саулық – байлық көзі, Сөйлесе кеуіл қошы болар **әбият** (*Ерімбет*). **Әбият**, Назым, Ғазал, Бәйіт, Мұхаммас, Мазмұнын көріп едім бір талайдың, Кітаптың, иә қазақтың

ұйқасына Келмеген, екісі боп бір ыңғайдың (*Таубайдың Жүсібі*). Ти-тілімнен шығарып түрлі **әбиат**, Си-сәнан мәхдіңә хұрмәт еттім (*Абай*).

Әбу-зәмзәм (әпзәмзәм) – мифологиялық ұғым бойынша, жұмақтан шығатын су. Сонан соң есік ашып жәннат кірсем, Шомылсам **әбу-зәмзәм** суларына (*Нұртуған*). Екі көзі жалтылдайды патшаның алтын туындай, Сөйлеген сөзі мазалы **әпзәмзәмнің** суындай («*Қыз Жібек*»).

Әдді – әл, шама, айла. Араб тілінде **адда** немесе **аддун** /удручить, мучить/ *жындану, әбігерге түсу* (АРС., М., 1958, 32). **Әддін** білмес шіркінді, құдай әбден қарғады (*Абай*). Канденге бір ит кездей боп, Дейді: «**Әддінді** білсеңші, Пілмен ұрсар сыйқың жоқ, Мазақ болмай, қой көрші» (*Абай*).

Әзәзіл – 1) ескі діни нанымда азғырушы, шайтан, сиқыр, адамға қас күш (ТС., *Іт. А.*, 1959, 67); 2) ауыс. азғырушы жолдан тайдырушы, арамдыққа үйретуші. **Әзәзіл** ханның жыланы қазақ деген сорлының Тағдырына тоғысқан... (*Нұртуған*). **Әзәзіл** қол тапсырды, молла болып, Суреті адам, мысалы, софысымақ (*Ерімбет*). **Әзәзіл** орның даяр кел ішіме Жүрмеймін мұнан былай ел ішінде (С. *Торайғыров*). Әуелі көзімді алды көрмесін деп, **Әзәзіл**, жын-шайтанға ермесін деп (С. *Бақбергенев*). Жастарға өнеге үйрететін педагогтың өзі **әзәзіл** атанып, біреудің семьясын бұзуға дәті барғанда қалай қынжылмассың! («*Қазақ әдебиеті*»). Менде нең бар, мен байымды, баламды тастап, **әзәзілдің** жолына түсе алмаймын, – деп үйінен қуып шыққысы да келді (*Б. Майлин*).

Әзел (әзәл, азал) – 1) мәңгілік; 2) бұрын, ілгеріде. Араб тілінде 'азалун – мәңгілік, мәңгі дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 37). **Әзелде** жазған болады. Бірақ жалған намыстар Осындайдан қозады. Болмашыдан от тастап, Елді шайтан бұзады (*Нұртуған*). Жарлы адам жатса керек жар жастанып, Барғанмен күлмес досың ықыластанып. Таңдайға тәңірі **әзелден** жазбаған соң, Бір ішкен не болады мейірің қанып?! (*Ерімбет*). Болған соң **әзел** тағдыр, әмірі солай, Тұз таттың бес жыл ұдай біздің жақтан (*Шораяқтың Омары*). Жар мойын – жаһілдіктің нышанасы, Бұл – рас, білгенге ақыл абайлатқан. «Шайына сарт, ноғайдың» мас болмаса, Айып па әзіл-қалжың сұхбаттан? Тіріде әркім өзі теріп жейді, **Әзелде** несібесін ол таратқан (*Таубайдың Жүсібі*). Таба алмадық өнге елді, **Әзелде** тәңірім сорлы етті, Арсыз елмен әуре етті (*Абай*). Бұлардың тояты үйрек, қоңыр қаздан, **Әзелде** қырандығын арнап жазған. Қанаты жетілген соң жоғары ұшар, Табылмас төмен тарту шаһбаздан (*Әрпін*). Дос болған соң **әзелдан**, «Өмірді тәрк еттің» деп, Құдірет мұны шам алған (*Базар жырау*). **Азалда** артық қылған хақ тағала, Мекені елсіз, күнсіз жаман дала («*Бейбітшілік жасасын*»). **Азалда** аңшылар тапқан «Майбұлақ» жарты ғасырдай бітеліп жатып, соңғы жылдары көзі қайта ашылды (*Ж. Тілеков*);

Әзелде жазған іс – ежелден бұйырған іс; тағдырдың жазмышы.

Әзірет (**ғазірет, қазырет, қазірет, хазрет, хазірет**) – 1) тарих. ағзам, ұлы мәртебелі, мырза, ханум, бәйбіше деп патшалардың, хандардың, әмірлердің, сұлтандардың, пайғамбарлардың, пірлердің атына, титулына қосылып айтылып, солай жазылатын құрметті атақ (Әзірет Әлі – Мұхаммедтен кейінгі төртінші халифаның теңеуі); 2) әулие, жарықтық (Әзірет Сұлтан – Ахмет Яссауидің теңеуі); 3) қатынасу, қатысу, ішінде болу. Нешеулер әйелінің тілін алып, Айрылып иманынан, қадірі өтті. Айтыпты: «Өмірінде, – **хазірет** Адам, – Әйелдің, сірә, тілін алма! – депті (Ерімбет). Сөз айттым «**Әзірет** Әлі, айдаһарсыз», Мұнда жоқ «алты иек, сары ала қыз». Кәрілікті жамандап, өлім тілеп, Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз (Абай). **Әзірет** Әлінің үрім-бұтағы түп-түгел шаһид боп қырылып кететін, әлгі... Кербаланың шөлі осы емес пе? (Ә. Нұрпейісов). **Ғазірет** Ғалидай айбарлы, ұлы мәртебелі Уайс хан... (І. Есенберлин). Басы шарадай, қара сұр, жуан қара мұртын **ғазірет** Ғалидай екі құлағына апарып іліп қоятын (І. Есенберлин). Олар жауды Қаратаудың басынан асырмаймыз, жауды **Қазыреттің** ақ туы сақталған Түркістанға өткізбейміз деп мерт болғандар (С. Бақбергенов). Үшкіртті тұз, мейізді талайларын, «Ақтыққа» **қазірет** алды талай малын (С. Торайғыров). Өтіпті бізден бұрын **Қазірет** Ғалы, Ұжмақтан шыққан оның Зұлпұқары (Жарылқасын). Сонда, пәтуә айтатын кім? Әрине, Ағатай **хазрет**, – деді біреулер (С. Мұқанов). **Хазрет** отырған үйден бір жігіт шықты (А. Машанов). **Хазірет** бабасының басына дұға оқуға зират жаққа кеткен екен (Д. Әбілов). ...Тас қорғанда ел отыр, қақпасында **хазірет**... («Қазақ әдебиетінің тарихы»).

Әләй болсын! (әлей болсын!) – *Айтқаның келсін, бірге болсын! деген мағынаны білдіретін жол үстінде кездесе қалғанда айтылатын тілек («Жол болсын!» деген тілекке айтылатын жауап) (Кеңесбаев І. ҚТФС., Ғ., А., 1977, 82). «Әй, аға, сапарыңыз оң болсын!» деп, Кідіріп тұрды бұған ол бишара. «Жол болсын десең, інім, әләй болсын, Жолықтым, – дейді, – саған оңашада» (Нұртуған). Қайдан жүрсіз? – деді Асқар – Орынбордан... – Жол болсын! – Әлей болсын! (С. Мұқанов).*

Әлмисақ (әлімсақ, алмисақ), Әлімсақтан // Әлімсақтан бері қарай – 1) шарт; 2) одақ; 3) уәде, серт; 4) діни. әлемнің жаратылған уақыты, мезгілі «**Әлімсақтан**» келе жатқан, ежелден, баяғыдан, атам заманнан бері қарай деген мағынада айтылады. Қазақ тілінде «**Әлімсақтан бері мұсылманбыз**» деген діни ұғымды фраза бар. Бұл мысалдағы «әлмисақ» ('ал-мисақу) деген – ант мағынасында айтылатын араб сөзі. Ислам дінінің ұғымынша: әлем жаратылыстан, адам баласы, тірі жәндік, жер мен көк болмастан бұрын ұшып жүрген жануардан «алла сендерді кім жаратты, иелерің кім болады дегенде, жандар: «Сіз жараттыңыз: иеміз де сіз» депті-міс. Арабша «әлмисақ оһуа әл Ғаһділ маусухи ол кітаб» деген бар. Мұның мағынасы – **Әлімсақ** – ант ішкенде берілген уәде және үндеу (І. Кеңесбаев). Бітіріп алты күнде күдіретімен, Қалдырмай тамамдаған бір сағаттан. Аспан, жер – жаралғанның есебі жоқ,

Бейәлшеу арғы жағы **Әлімсақтан** (*Нұртуған*). Олар **әлімсақтан** бері осы арада тұрады екен (*І. Есенберлин*). Драматургия – табиғаты мүлде бөлек, әдебиеттің өзге жанрларына ұқсамайтын жанр. Бұл **әлімсақтан** белгілі таптаурын болған қағида екені даусыз (*С. Шәймерденов*). Жұмысшымын кеудеде бір жанымыз, **Алмисақтан** араласқан қанымыз (*Ғ. Малдыбаев*). Мына жазу алдыңғы жылдыкі шығар... – деп, ылғи «**алмисаққа** қарай» сілтеп келген (*Ғ. Мүсірепов*). Сізбенен рухы **әлімисақта** жазса лаж жоқ, Пенде біз әзір солай кеулі шала. Мысалың «мүйіз жонар ма?» деп ойладым, Қалайша ұқсайды деп таптамаға?! (*Ерімбет*). Отырған әйелдер, кәдуілгі **әлмисақтан** келе жатқан әдеті бойынша ауыздарын тағы бір сылп еткізді (*Ғ. Мүсірепов*). **Әлмисақтан** бері мұсылманмын, – деді Мұстафа Шоқайұлы (*С. Сейфуллин*). Тәңірім **әлмисақтан** не жазса сол болады, – деді ол (*Дм. Снегин*).

Әлхисса – 1) қысқаша әңгіме, қысқаша айтып беру; 2) солай етіп, содан барып, сайып келгенде. **Әлхисса**, сөз аяғын еткен тамам, Молла Омар бейпарасат, ақылы төмен (*Ерімбет*). **Әлқисса**, Горький атындағы совхозда бес бала туыпты, – деп басталады бұл әңгіме (*Ә. Фатихов*). Онан сары тайлақ жайлы сұрасандар ғой, **әлхисса** ғып бір түн жырлап беретін еді, – деді (*Ә. Нұрпейісов*). **Әлхисса** дастан тәмам сел туралы, Сел – сылтау, бұл – халайық сен туралы (*Ж. Молдағалиев*). **Алқисса**, сонда Қосай әкесінен алты жасында қалып еді («*Бейбітшілік жасасын*»). Бар екен үшбу ләһат жерден жалпақ, Орынсыз бар ма нәрсе өлшенбеген?! **Алқисса**, Жүсіп, қожаға Сара қыздың Біржанменен айтысқанын қыздың өзі осылай деп бастан-аяқ баян қылғаны, айтысқанның келер жылында («*Айтыс*»).

Әмеңгер – ері қайтыс болған әйел немесе әйелі қайтыс болған еркек ескі салт бойынша өз туысының адамы үшін әмеңгер болып саналған. Әмеңгер адам өз еліндегі жесір әйелге иелік жасаған. Қалқам, өткен жайдың несін айтайын, сені жасында күйеуге беріп қойып едік, былтыр күйеуің өлді, **әмеңгерім** деп қайнаған қатын үстіне алғысы келеді (*Б. Майлин*). Зарлатар жас әйелді зорлап байға, **Әмеңгер** қатын үсті, кәрі байға (*С. Торайғыров*).

Әмеңгерлік – жесір әйелге туған-туыстарының иелік етулік дәстүрі... Әйел әмеңгерлік дәстүр бойынша өлген күйеуінің туған інісіне тиеді, ал егер оның туған інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне тиюге тиіс (*Ы. Алтынсарин*).

Әмиян – ақша немесе басқа ұсақ-түйек зат салатын кішкене былғары қалта. Төре де, оған ерген төлеңгіт те Тосады **әмиянның** аузын саған («*Бейбітшілік дауысы*»).

Әмір – 1) бұйрық, жарлық, үкім; 2) нұсқау, директива; 3) грамм. бұйрық рай. Араб сөзі: **’амрун** – бұйыру, рұқсат ету (*АРС., М., 1958, 50*). Зор дөһімет мұнан кейін тағы да бар, Қоспастай мерекеге **әмір**, жарғы-ақ. Ой, тоба-ай,

ондай ұят шын болса да, Бір наданды дұрыс па осы топқа салмақ?! (Ерімбет). Құнанбай қысқа-қысқа **әмірді** ауыл бас сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан (М. Әуезов). Сол сағатта жандарм бастығы Горещенко жұмысшыларды атауға **әмір** қылды (С. Дөнентаев).

Әмірші – 1) әкім, бастық, басшы, басқарушы; 2) жарлық, бұйрық беруші, әмір етуші. Араб тілінде **'амүрун** – басқарушы, әмір, бастық дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 50). XVI ғасырда Константинопольді жаулап алушы, осман түріктерінің сұлтаны, Мехмед өзіне «әмір», «бек» деген де (титул) атақ берді (Гордловский В. Гос. селд. МА, М–Л., 1941, 128). «Мына кісі сізбен сөйлесемін дейді. Сөз жарыстыруға, ақыл салыстыруға қарсы емес шығарсыз?» деді. **Әмірші** «Мақұл» деді (Нұртуған). Бірақ сонда билеуші, **әмірші** жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің көп қырыңа жүрмейді (Абай). «Күштінің арты тиірмен тартады» деген сияқты қазақ мақалдары қанаушылар мен **әміршілердің** айтқанына көніп, айдауына жүруді уағыздайтын нақылият екені айқын (Қ. Сағындықов).

Әпенді – қазақ ұғымында *тентіреп жүрген жынды жарымес*. Бұл сөз араб тілінде *афенди* /господин/ мырза дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 44).

Әсет (асат) – 1) арыстан; 2) астр. Арыстан шоқжұлдызы; 3) күн жылнаманың бесінші айына сәйкес келетін шілде айының аты (22 шілде – 21 тамыз). Сол замат салқын түсіп, зауал ауған, Шілде емес сарша тамыз **әсет** болған. Аспанда аудан-аудан ақ бұлт жоқ, Көгеріп көк жүзіне сағым толған (Нұртуған). Мысалы, жоғарыдағы текстегі **әсет** – июль (І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев). **Әсеттің** айы туғанда, Үш мыңдай кісі қол болып. Бес-алты күн жол қонып, Қиылдан әскер төгілді (Исатай-Махамбет). Тройцкіде июль (**асат**) айынан басталған ноғайша «Ақмола» атты күлкі (мысқыл) журналы шыға бастады («Айқан»).

Әтір – тазалық үшін үстіге жағатын иіс су, одеколон. Қыздың ойы осыған кеп тиылды, Айна, тарақ сандығына жиылды; Үйде тұрған **әтірлердің** қалдығы Ақырғы рет жағасына құйылды (Х. Ерғалиев).

Әһіл (аһил)– 1) туыс, туысқан, ағайын, зайып, семья (тарих. Мұхаммедтің семьясы); 2) халық (діни. Әһілітан: алла тарапынан кітап түскен халықтар – иасауилер, яһудилер сияқты), тұрғындар; 3) адамдар (діни. әһіліслам – ислам дініндегілер, мұсылмандар); 4) адамның білімділігін, шеберлігін, өнерпаздығын білдіретін күрделі сөздердің бірінші сыңары (әһіл ғылым – оқымысты, ғалымдар, әһіл қалам – жазушы, әһіл өнер – өнер қайраткері). Ніл – дария, **аһил** – Мысыр, шаһары – Қайбар, Естіген ұлықтардан біздің құлақ (Ерімбет). Әлғия **әһілінен** жан екенсің, Солардың ие таныс, білісіндей (Ақан сері). Біреудің көтерме алған біліміндей, Халық көріп қарастырған да **әһлі** сынық (Қаңлы Жүсіп).

Әшия – заттар, нәрсе. Болмаса, мен айтайын, сен айтпасаң, Түсерін білер балам кімге салмақ «Арымыз екі көзде» дей ме, жаным, Көріп тұр күллі **әшиясы** тармақ-тармақ?! (*Ерімбет*). Қамданып күні бұрын жүрген жақсы, Болжаусыз демге қонақ ажал келмек. Жаралған күллі **әшия** халак болмақ. Болмақшы жан иесі бәрі де өлмек (*Әріп*).

Б

Бабай түкті шашты әзіз // **Шашты азиз түкті Бабай**– діни. *Ескі ұғымда адамдарды қолдап жебейтін әулие туралы айтылған.* Баяндайын әріден, Мәулімнияз әулием. Пір тұтынған көрінеді, **Шашты азиз түкті Бабайды** (*Нұртуған*).

Бағзы – кейбір, біраз, бірсытыра. Қатынның жақсы адамдар алды тілін, Мақсатқа жеткізбеді бір де бірін. **Бағзысы** бұл дүниеде құр зарығып, Жоқ қылды **бағзысынан** ислам дінін (*Ерімбет*). **Бағзы-бағзы** шарифат бар, шатақ үшін жаралған. Алуан-алуан молда бар, тек алу үшін жаралған (*Мақал*). Біздің адай халқының **бағзысы** Оралда, **бағзысы** Түркістанда – барлығымыз он алты болыс ел боламыз (*ТС., Іт., 1959,79*). Сөзіңе айтқаныңмен, мен күмәндә, жұмысы **бағзылардың** деп гүмән де (*Қадиша*). Ұқсағанмен сипаты, Мінез құлық істері Муафық болып келе алмас. **Бағзы** адамның қалыбы Күншілік етіп көре алмай, Жақсы атақ бере алмас (*Н. Наушабаев*).

Бадалық – мақтаншақтық. Парсы тілінде **бада** /да будет!, пусть будет! пусть славится/ мейлі болсын! мейлі жетіссін! атағы шықсын! дегені болсын! сияқтыларды білдіреді (*ПРС., М., 1960, 53*). Жастықта көкіреек зор, уайым жоқ..., Қызды ауылға қырындап үйір болса, Көңліне зор қуаныш бір **бадалық** (*Абай*).

Бадана – садақ оғы мен найза, қылыш соққысынан қорғайтын ертедегі соғыс құралы. Қырғыз тілінде **бадана** – батырлар киетін сауыт, кіреуке (*Юдахин К. К. КирРС., М., 1940,62*). **Бадананды** баса бөктеріп, Жаттан жолдас ертіп, Еділ, Жайық екі су Ерінбей жортып дүние-ай, Басы-аяғын көрген ер! («*Ер Тарғын*»). **Баданамды** бөктеріп, Қасыма жаттан жолдас ертіп, Күн-түн қатып жүргенім (*Махамбет*);

Бадана көз – үлкен көз;

Бадана көзді кіреуке // **бадана көзді ақ сауыт** – 1) бұрынғы кезде батырлар киген темір тор көздері баданадай сауыт 2) бадана – картоп сияқты тамыр сабақты өсімдік. **Бадана көзді ақ сауыт**, Киген ерді тындырмас. Байласаң белге ақ алмас, Сілтесең мұнан жан қалмас (*Нұртуған*). **Бадана көзді кіреуке** Шар айнасы бес қабат («*Қамбар батыр*»). Енді атына мінеді. **Бадана көзді ақ сауыт** Денесіне киеді («*Қобыланды батыр*»).

Бадырақ (батырақ) – жалшылықта жүрген қазақ кедейі. Біздің Жақу Мырзастан, Араласты жаңа тұрмысқа. Күңіренумен күн өткен, Төзбейді енді қылмысқа. Нағыз жарлы, **батырақ** Қайнап піскен жұмысқа. Еңбек десе емінген, Тынымсыз нағыз құмырсқа (*Нұртуған*). Бұл орыстың «батрақ» деген сөзінен алынған. Құдайға шүкір, менің адал **бадырақ** екенімді көріп, үкімет өзі қойып отыр. Қызылдар ең әуелі келгенінің өзінде маған мандат берген (*С. Сейфуллин*).

Баж – 1) бір мемлекет шегінен екінші мемлекет шегіне өткізетін товар, мүлік сияқты нәрселерден ақшалай алынатын мемлекет салығы; 2) тоят, ләззат (*ТС., Ит., А., 1959, 80*). Парсы тілінде **бадж** – алым-салық, сыртқа шығарылатын товардан, мүліктен т.б. алынатын үкімет салығы (*ПРС., М., 1960, 52*). Қытайдан шай келтіреді алты патша, Пайдасы екі жұрттың қатынаста. **Баж** қылған патшалықтың расходы, Халық саған келген шайды қымбат сатса (*Ерімбет*). Одақтастар өзінің иелік жерлеріне **баж** салығын бірдей етіп белгілеген («*СССР тардыхы*»). Сіз бір сұңқар шаһбаз, Жер жүзінен алған **баж**. Біздей ғаріп есепсіз Есігінде жүр мұқтаж (*Абай*).

Бажай – байып, жөн-жоба. Бітеді Ніл дарияға жалғыз қайық, Әрқашан құрбы білер құрбы жайын. Нақыстап **бажайына** келтіретін, Ағалар жаңа талап Жолдыбайың (*И. Байзақов*);

Бажайлау – байыптау, анықтау. Әбден **бажайлап** сұрап болып, Байтуған әбден төресін мақтап болған соң, мен төрені жамандауға кірістім (*С. Сейфуллин*). Мен онымен алғашқы рет қалай танысқанымды **бажайлап** айтып бердім (*М. Иманжанов*).

Базбіреу – кейбіреу, қайсы біреу, кез келген тосын адам. Керексіз **базбіреуге** тиынға да, Алмайды пұлын беріп бір лаққа. Ойласаң, онікі де жөн сияқты-ау, Мақсаты – мал өсіріп бай болмақта (*Нұртуған*). Бұрын да кем-тар бейшараға таң атырмай жүретін, ермек іздеп еріккен қу аяқтардың **базбіреуі** енді түймедейді түйедей етіп өсіріп, өршітіп жіберген (*О. Сәрсенбаев*). **Базбіреулер** жылаған баланы: «эне, мұғалім келе жатыр, сені алып кетеді» деп қорқытып жұбатады (*А. Дүйсенов*). Қалың қолды қақ жарып, Арық қойдай тырысып, **Базбіреумен** ұрысып, Өлдім, талдым дегенде Қыз Жібектің қасына Шеге жетіп келеді («*Қыз Жібек*»).

Бай – еңбекші, кедей, жалшы-малшылардың еңбегін қанау арқылы жеке меншігіне көп мал-мүлік жинап алған қазақ аулындағы феодал. Бұрынғы сөз жоғалар уақыт емес, **Бай**, сақи, патша шықты біздің тұста (*Ерімбет*). Жарыққа оқталсам да ұмтыла алмай, Сөз еді іште жатып кезек күткен. Қуанып жүрегімде от жанады, Тазарып құтылғасын **бай** мен бектен (*Нұртуған*). Кеңес Одағы озыпты, **Бай** дүниесі тозыпты, Оларда дағдарыс бар (*І. Жансүгіров*). Әкем ауылдағы **бай** атаулыға мейлінше жаны қас кісі еді (*С. Көбеев*).

Бай-мырза – қазақ даласындағы қанаушы үстем таптың өкілдері. Обаған облысының әлді **бай-мырзалары** бірігіп, бір мектеп салатын (С. Көбеев).

Байрақ – 1) ат бәйгесінде мәре сызығына қадалған ағашқа орнатылған жеңіс белгісі; ту 2) ауыс. бәйге. бірнеше жүйрік аттың белгіленген жеңіс мәресін басып өтуге арналған жарыс түрі; 3) экспр. жеңіске жету үшін бар күшін салу, басын тігу; 4) метафора. бәйгедегі асыл арғымаққа мәреге тез жету үшін айтылған демеу сөз. Ақындар шығармаларында «**байрақ**» сөзі әртүрлі мағынада қолданылып, өлең жолдарын ажарландыра түскен. **Байрақ** – ертеде мемлекеттік және әскери санаттарда және жаугершілікте қолданылған культтік атрибут, басқарушылардың лауазымы мен билік дәрежесінің белгісі. Оны ел билеушілері мен қолбасшылары қатысқан салтанатты рәсімдерінде, сондай-ақ, шайқас пен әскери жорықтарда арнайы тағайындалған байрақшылар көтеріп жүрген.

Байрақ түп-негізін алғашқы қауымдық қоғамда тайпа көсемдерінің билік белгілері болған ағаш таяқ пен асатаяқтан алады. Ал атаудың мәні «**ағаш сапқа орнатылған дәреже, белгісі**» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз шығыс славян тілдеріне де енген. **Байрақ** түріктер мен шығыс жұрттарда XVII-XVIII ғасырларға дейін қолданыста болған.

Байрақтың басына рәміздік заттар мен билеуші топтың дәрежесін білдірген зат тағылған: ханның дәреже белгісі – мата бау, қабыланның құйрығы болса, әскербасыларынікі ат пен қодас құйрығы болған, ұшар басына айдаһар, бөрі басы, найза кескіні орнатылған.

Әскери ұрыс, шайқас кезінде қолбасшы байрақты көтеру, түсіру арқылы шайқас қимылын, тактикасын өзгертіп, бағытталған арнайы белгі, парольдің міндеттерін де атқарған. Әскери байрақты кейіндері ту немесе жалау алмастырғанымен, байрақ басындағы әшекей шашақ пішіні оларға көшкен.

Көне түркі жазуларының ескерткіштерінде *батрақ* (учига махсус ипаклик осилган еғочки аскар жангда шу билан узини белгили қилады) ұшына ерекше жібек ілінген ағаш, әскер ұрыста өзін осымен белгілі қилады деп көрсетеді (Қашқари М. Дев. луг. турк. I т., Т., 1960, 492). Кейінгі кезде *т* дыбысының *й*-ға алмасуы арқылы *батрақ байрақ* болып өзгерген. Сонымен қатар түркі тілінде *д* дыбысының орнына *й* келетіндігі бұрыннан белгілі. Мысалы, көне түркі тілінде *адақ аяқ* (нога) дегенді білдіреді (Малов С.Е. Пам. Др. Тюр. пись. Мон. и Кир. М–Л., 1959, 89). Егер *я* дыбысының *йа* екендігін ескерсек, *д/й* дыбыстарының ілік шатыстығы анық байқалады. Сол сияқты *д* мен *т* дыбыстарының бір сөз ішінде параллель, қатар қолданыла беретінін қазақ тілінен де (*дүз – түз, дұзақ – тұзақ*) байқауға болады. Бәйгенің де өз ішінен бірнеше түрі болады: аламан бәйге, жорға, құнан бәйге т.б. Нұртуған шығармаларындағы *байрақ* – ұзаққа шабатын бәйге түрі, ал қазіргі қазақ тілі қолданысында *аламан бәйге* деген ұғыммен қалыптасқан. Ала алмай жүрмін **байрақты**, Бойдағы қалың терменен. Алты ай бойы тағат жоқ, Сөйлесе алмай сенімен (*Нұртуған*). **Байраққа** қосса жұрт шулайды: «Салторы жалғыз

келер!» деп. Айтқандай жалғыз келеді, Келіп тұрып және де Ұрынады елеңдеп (*Нұртуған*). Байрақтың тағы бір мағынасы – ертеде бәйгеге түскен аттардың ішінде озған тұлпардың алатын туы, жалауының аты. Сен болсаң бұлбұл бақтағы, Мен едім ашық қызғалдақ! Сен болсаң асыл арғымақ, Бәйгеде тұрған мен **байрақ** (*Нұртуған*). Қараман шықты қаладан, Кернейлері бақылдап, **Байрақтай** тулар көтерген («*Қамбар батыр*»).

Байтақ – 1) ұшы-қиыры жоқ, кең; 2) ел, жұрт, хандық. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында *байтақ* сөзімен қатар *пайтақ* түрі де кездеседі. Әлейкум ассалаума, алдияр хан, Тәрк етпес өмірінді ешқандай жан. **Байтаққа** патша болып тұрсың ханым, Өзіңнің адал кәсіп, тәрбияңнан (*Нұртуған*). Он алтыншы ғасыр басында-ай **Пайтағын** билеп Балыхтың, Көңілінен шығып халықтың, Өртеген жауын жасындай (*Нұртуған*). Шырағым, жылдам талап қыл, Атадан қалған **пайтағың**, Тұрғанда кетпей көнеріп (*Нұртуған*). Мұнысы Өміршінің дұрыс емес, Есітсе ертең халық бұл шешімін, қалайша **пайтағынан** ұшырмайды?! (*Нұртуған*). Жоғалмас көптің оғы Қырымға атқан, Жалғыздық таппақ қиын жай садағын. Бағында сайрар бұлбұл, көлде бақа, Мінбесе, кірмес күші, хан **пайтағын** (*Ерімбет*). Әр түрлі алтын, күміс, асыл тастың, Бағасы мағлұм еді – салмағында. Жайсында жай жүргенде адам қатар, Патшаның күші болады **пайтағында** (*Ерімбет*). Мұндағы *пайтақ* деп отырғаны – белгілі бір мекендегі белгілі бір ел, яғни кішігірім хандық. Бұл сөз қазірде қолданылатын *байтақ ел*, *байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. О баста *байтақ ел*, *байтақ жұрт* деген жеке сөздердің баламасы ретінде жұмсалған. Келе-келе *байтақ* сөзінің алғашқы мағынасы күңгірттеніп, «кең, ұшы-қиыры жоқ» деген мәнге ие болып қалған: *байтақ дала* – кең дала, *байтақ өлке* – кең өлке, ұлан байтақ (*Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 1980, 42-43*).

Бақал – майда-шүйде заттарды сататын дүкенші, саудагер. Араб тілінде **баққалун** /бакалейшик; торговец зеленью, овощами/ *бақша өсімдіктерін сататын бақалшы* (*АРС., М., 1958, 98*). **Бақал** /лавочник, мелочной прожажи/ *майда-шүйде сату* (*Будагов Л. З. Срав. сл. тур. – тат. нар. т. I. СПб., 1869, 262*). Саудагер сатар **бақалды**, «Қыз жау» деген осы деп, Айтып отыр мақалды («*Қобыланды батыр*»). Базар көркі – **бақал**, Адам көркі сақал (*мақал*);

Бақалшы – ұсақ-түйек нәрселерді алып-сатып сауда жасайтын кісі, *сатушы*. Не көргені аз топас аз көзге, не жарамсақ көзге алтын да күміс сияқты көрінетін бояуларды Сандыбай **бақалшыдан** алған.

Бақас (**бақыс, бахас**) – 1) бір мәселені талқылау; діни. *айтыс-тартыс, көре алмаушылықтан, қызғаныштан, күншілдіктен туатын өзара егес*; 2) *келісім сөздер жүргізу*; 3) *зерттеу, іздену*. «Аллаһияр – әзиз софы» деген қалай, Жоғары тірек үйге көтеріп бас?! Ақылың халыққа әшкере болған жоқ ед, Пәле мен неше мәрте ойлап **бақас** (*Ерімбет*). Жабыстық көрінгеннің етегіне, Бір **бақас** жаттап алып шала-шарпы (*С. Торайғыров*). Қыпшақ халқынан

шыққан ел билеген батыры мен елді аузына қаратқан ғалымы – өнерпазы арасында осындай біраз **бақыстар** болатын. Бұлардың арасындағы **бақыста** ешбір ерегіс жоқ. Ақылдасу, сарапқа салып, шындықтың көзін ашу мақсаты бар (*А. Машанов*). **Бахасқа** бола үйренбе, азырақ **бахас** көңілінді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек **бахас** адамды түземек түгіл, бұзады (*Абай*).

Бақсы – *ауруға басқа бір керемет күштердің («жын»–«пері»)* көмегі арқылы ем-дом жасаушы. *Бақсы «тәңірі» мен адамның арасын байланыстыратын сәуегей. Ол әруақтармен өзінің жыны, перісі арқылы жалғасып тұрады деген шаманистердің ескі нанымы болған.* Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: **бақсы** – *әртүрлі тәсілдермен ауруларға ем-дом жасаушы, тәуір.* Дәруішті желөкпе, Ұқсатамын **бақсыға**. Ащы суға сылқиса, Жатқыза бер жартыға (*Нұртуған*). **Бақсы** сарын айтқанда аурудың иесін шақырып, оны сырлы сөз арқылы сескендіруге, түршіктіруге тырысқан. Ол адамның дерті мен бірге мал індетін де емдейтін болған (*«Қазақ әдебиетінің тарихы»*). Қазақта «ауруды бағу» дегендегі «бақ» түбірі немесе біреуге бірнәрсе «бағыштау» дегендегі «бағыш» түбірі осы «бақсы» сөзімен түбірлес болу керек (*Жұбанов К. Қаз. муз. күй. А., 1959, 118*). **Бақсылардың** қинауынан ажалынан бұрын өлген адамдардың балалық шақта талайын көрдім (*С.Мұханов, «Саяхаттар»*). *Бақсы* сөзінен **бақсылық** деген сөз туады. ...*Мен бақсылық құрып, қағу-соғуды жасаған адам емеспін (С.Мұханов).* **Бақсы** – ем-дом жасаушы адам, ал **бақсылық** – ем-дом жасаушы адамның негізгі жұмысының атауы, яғни белгілі бір кәсіп атауына айналды. Сол сияқты *балгер* (балгерлік), *емші* (емшілік) деген синонимдік қатарын да атап кетуге болады.

Бақыл айтты // бақыл бол – *қоштасты; қош, есен-сау тұр.* Падиша осылайша тапты ақыл, Бектердің бірнешесі көрді мақұл. «Қара көз, қызыл түкті жүз нар берсін, Бермесе Атымтайды деймін **бақыл!**» (*Нұртуған*).

Бақыр – *кедей, мүсәпір.* Бай қасына барып **бақыр** болмасаң маған кел (*мақал*).

Балиғат – *ер жету, кәмелетті жасқа толу (ТС., Іт., А., 1959, 89).*

Бапан – *үлкен, дәу қамыстың ұлпа басы.* Басы **бапан**, аяғы сапан (*мәтел*). Бұл мәтелдегі сапан түркмен, азербайжан тілдерінде *ескі жабайы құрал /тас лақтыру үшін қолданылатын/* деген сөз. «Басы **бапан**, аяғы сапан» деген мәтелдің жалпы мазмұны қазақ ұғымында бір нәрсенің басы, сыртқы тұлғасы сияқты болып көрінсе де, аяғы сапан сияқты/ алысқа лақтырған тастай боп/ бытырап, жоқ болып кетеді деген ұғымды аңғартады (*Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955, 24*). Дәл осы мағынаны білдіретін «Басы таудай, аяғы қылдай» деген мәтелге ұқсас.

Барқадар // барһадар // парқадар – 1) *она, мардым*; 2) *тұрақтады, тыныштық табу*. Бірақ онымен **барқадар** тапқан ешқайсысы болған жоқ, – деді Ыбырай (М. Ақынжанов). Бұл сөз о баста *барық-қадір* болып қатар айтылған. Кейін ықшамдала келе барқадар болып бірігіп кеткен (Махмұтов А. КСЛ, 1963). Қырғыз тілінде **барқ** /ценность; значимость; достоинство; авторитет/ бағалы, маңызды, бедел. Бұл тілде «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегенді «Қолда бар алтынның **барқы** жоқ» дейді (Юдахин К. К. Кир.РС., -М., 1940, 72). Қазақ тілінде **барық** сөзі /б/и дыбыстарының алмасуынан **парық** болып айтылады. Бұл фактілер *барық* сөзінің ерте кезде қазақ тілінде *қадір* сөзімен мәндес мағынада қолданылғандығын дәлелдейді. Жетім қалған ініңмін, Атаны көрген ағамсың, Сол жақсыға теңгердім. Би Жәніке сен болсаң, Жұмысын сұра келгеннің. Ноғайлының ары үшін, **Парқадар** таппай жүргенмін (Нұртуған).

Баршы – *барған жерін шолып қайтатын барлаушы, торушы*. Әбдіғаппар Аманкелдінің сенімді сарбазы Нұрғали мен Биғабылды жау жатқан жерге **баршыға** жіберіп қолға түсірді (Қ. Әбдіқадіров). Бұлғыр тау бұлдырамай қойныңды ашшы, Шырқашы есітіліп даусым ащы. Салақсып, салғырт батыр салқын жүрсе, Оятып асықтыршы болып **баршы** (М. Әуезов).

Барымта – 1) *жаулық, өшпенділік салдарынан екі рулы елдің бір-бірінен мал айдап әкетушілік*; 2) *ұрлық*. «Кектеніп жауласқан екі рудың бірінің бірі мал мүлкін күшпен тартып алуы» (ҚТТС, Іт., 1976, 109). **Барымта** – би (билер) кескен үкімді жазықты жақтың дұрыс орындамағанын даулаушы жақтың дәлелдеу актісі. Ал *барымта* сөзінің төркіні моңғолдың *барымт* сөзімен мағыналас. Моңғолша *барымт* – 1) *основание, доказательство, довод, аргумент*; 2) *факт, обстоятельство*; 3) *счет* деген мағыналарды білдіреді. Қазақтағы **барымта** – о баста құр тартып алу, талау емес, өзіне билікпен кесілген айып, құн сияқтылардың тиісті екендігін дәлелдеудің әрекеті. Сондықтан ертеректе тек мал-мүлік емес, адамдар да **барымтаға** ілінетін болған (мысалы, қанға қан, жанға жан сұрайтын сәттерде) (Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 1980, 40-45). Байлардан тепкі көрген соң, Аштықтан өле берген соң, **Барымта**, ұрлық зорайды. Параға әкім үймелеп, Қаратабан кедейді, Ұрыдан жаман тонайды (Нұртуған). Келген соң кемеңгерден кезенген сөз, Бір түгіл қайталадық екі қайта-ақ. Бар екен *барымта* сөз байқағанға, Көп күндер оқып білдік, алып сабақ (Ерімбет). **Барымта** мен партия Бәрі мастық жұрт құмар. Сыпыра елірме сұрқия көп пияншік нені ұғар (Абай). **Барымта** қуған үстін де Керейден екі жүз жылқының ақысы Сыбанға ауысқан (М. Әуезов);

Барымталау – *жауласқан елдің малын айдап алу, дүние-мүлкін шауып алып, бермей қою* (ТС., Іт., А., 1959, 92). Руластар сойылмен, айбалтамен, найзамен қаруланған жасауыл жасақтап, оларды берешек адамның руының бір ақсақалының малын **барымталап** келуге аттандырады (М. Елеусізов);

Барымташыл – *барымтаға құмар, барымта алуға әуес ел, адам* (ТС., Іт., А., 1959, 93).

Бас жетім – ерте кезде ұзатылған қызға жасау-жабдықпен қоса құл, күң беретін болған. Соны жетім, ішіндегі тәуірін **бас жетім** деп атаған. Екі пенде әкелдім, Берсем сені күйеуге, **Бас жетімнің** қылғандай («Қобыланды батыр»).

Басмашы – Орта Азияда Кеңес үкіметін орнатып, нығайту үшін болған күрестер кезіндегі контрреволюционер бандит. Кейбіреулер рақыметті **басмашы** алып кетті деп шығарды (С. Ерубасев);

Басмашылық – елді тонап-талау үшін ұйымдастырылған бандалық әрекет.

Бастаңғы – үй үлкендері бір жаққа жол жүре кеткенден, ауылда қалған қыз-келіншектердің бас қосып әзірлеп жейтін тамағы (ТС., Іт., А., 1959, 95).

I Басыр – медицинада трахома деп аталатын жұқпалы көз ауруы (ТС., Іт., А., 1959, 95);

II Басыр – тұс киіздегі ойып бастырылған өрнек. **Басыр, басыр, басыр-ау**, Аққа құлпы жасыл-ау, Басыңды көтер, ей Жібек, Төлеген келді қасыңа-ау («Қыз Жібек»).

Батсайы – Сырт киімге тыстық ететін жібек мата, қалың кездеменің бір түрі (А. Махмұтов). Қазақтың **батсайы** қаптал шапанын иығына бос тастап, қолында сары домбырасы бар, орта бойлы, кең маңдайлы, ақ құба жігіт сахнаға шықты (Қ. Жармағамбетов). Итбай ұзататын қызға жасау керек еді деген соң, саудагер Итбайдың алдына батсайы, шайы, берен сықылды товарларды жайып салды (С. Көбеев).

Батыр – 1) ел қамы үшін жаумен айқасып, жеңіп шыққан ер жүрек адам; елдің жауына қарсы күресетін эпостық жырлардың геройы, қаһарманы; 2) Отанын сүюші, отаны үшін жанын қиятын кісі; 3) экспр. біреуді мысқылдау, кекету мәнінде жұмсалатын сөз; 4) экспр. сөз арасында біреуді мадақтау мәнінде жұмсалатын сөз; 5) батыл, өткір. **Батыр** – жалпы түркі тілдеріне ортақ көнерген аталымдардың бірі. Көне түркі жазуларында **батур, баһадур** сөздері жалқы есім және әскери атақ мағынасында қолданылған. **Батыр** термині көпшілік тілдерде бар: карақалпақ, татар тілдерінде **батыр**, өзбек тілінде **ботир**, ұйғыр тілінде **батур**, осман түріктері тілінде **ватур**, қырғыз тілінде **баатыр**, алтай тілінде **матыр, патыр**, шор тілінде **бағатыр**, румын тілінде **бахадирка**, украин, поляк, орыс тілдерінде **богатыр**, венгер тілінде **ватор**, вогул манси тілдерінде **мадур**, осетин тілдерінде **ватроз**, үнді тілінде **вахадур**, француз тілінде **бахадойр** формасында ұшырайды.

Тарихи деректерге ден қойсақ, қадым заманнан көне түркі тілдерінде бұл сөздің **батыр** немесе **баһадур** сияқты екі түрі болған. Бір қатар ғалымдар (Ғ.Мұсабаев Э.Шаванн, А.Вамбери) «батыр» сөзі көне түркі сөзі деп көрсеткен. Көне түркі тіліндегі **бат-тур**, ол кездегі соғыс дәстүрінде майдан – екі қолдың аралық жері. Осыған жекпе-жекке шығады. Сол майданда жекпе-жекке шығып, қарсы жауын күткен адамға **бат** – «батыл», **тыр** – «тұр» деген сөз деп көрсетеді. Сөйтіп, **батыр** сөзі – қазақ сахарасында жасаған, түркі тілдес көшпелі қазақ тайпаларының арғы тегі – хундардың тілінде болған көне түркі сөзі. **Батыр** сөзін бауырлас, қандас түркі халықтарының тілдеріне ортақ мұра деп қарау керек. **Батыр** сөзі түркі тілдері арқылы ерте кезде орыс тілдеріне ауысқан. Орыс тілінде бұл сөздің екі мағынасы бар: бірі, – **батырь**, екіншісі – **богатырь**. Ханымына сәлем айт, Айырылған баладан. **Батырына** сәлем айт, Қолынан туы құлаған (*Нұртуған*);

Батыр ана – көп бала тәрбиелеп өсірген анаға берілген атақ;

Батыр қала – Ұлы Отан соғысында қаһармандық, ерлік көрсеткен қалаға берілген жоғарғы атақ;

Батырлар жыры – елі, жері үшін басқыншы жаумен шайқасқан батырдың ерлік істерін жырлайтын фольклорлық шығарма;

Батыр тұлғалы (пішінді) – зор тұлғалы, алпамсадай.

Баршы – барған жерін шолып қайтатын барлаушы, торушы. «Бұрынғы Мамайдың қарамағындағы жер ғой» деп, жан-жағына **баршы** салдырған еді. Сол уақытта оның келген тұсы Қаройдық деген жер екен. Сол Қаройдықты жайлап, қыстап жүрген ноғайлының отыз ауылдай Тама деген руы бар-тын. Бұл отыз ауылдың басшысы Қалила қарт осы кісі болатын. Жасаралдың салған баршысы Қалила қарттың ауылын тауып барған екен (*Нұртуған*). Мына ноғай-қыпшақтан. Үш жүз жылқы аулымнан Сәскеде қуып шаңдатқан. Көп болса соның **баршысы**, Шығарсың, балам, жөніңді айт, Қарауылға қаратқан?! (*Нұртуған*). Әбдіғаппар Амангелдінің сенімді сарбазы Нұрғали мен Биғабылды жау жатқан жерге **баршыға** жіберіп қолға түсірді (*Қ. Әбдіқадіров*). Бұлғыр тау бұлдырамай қойныңды ашшы, Шырқашы есітіліп даусым ашы, Салақсып салғырт батыр салқын жүрсе, Оятып асықтыршы, болып **баршы** (*М. Әуезов*).

Батсайы – сырт киімге тыстық ететін жібек мата, қалың кездеменің бір түрі. Алтын шәйнекке демдеген Шайының болды құйрығы ақ, Ішті күміс кесемен, Күтілмес бүйтіп нағыз шах! Қолтықта **батсайыдан** мамық жастық, Патшама не қылдырмас дәулет, мастық?! (*Нұртуған*). Қазақтың **батсайы** қаптал шапанын иығына бос тастап, қолында сары домбырасы бар, орта бойлы, кең маңдайлы, ақ құба жігіт сахнаға шықты (*Қ. Жармағанбетов*). Итбай ұзататын қызға жасау керек еді деген соң, саудагер Итбайдың алдына **батсайы**, шайы сықылды товарларды жайып салды (*С. Көбеев*).

Баһар (bahir) – 1) анық, ашық, жарқын; 2) өте жақсы, тамаша; 3) әдемі, сұлу; 4) өнегелі. Араб тілінде *бахирун* – жылтыр, саналы, сұлу дегенді білдіреді (АРС., М., 1958,108). Срокке қосылмастай көрінемін, Түрінен абайласақ қысылғанның. Өзелде Руһил Исаак жазған **баһар**, Қайғысын көп айтсам да ғаріп жанның (*Ерімбет*). Көш сәулетін қараса, Асфһанның жұпары, Стамболдың гауһары, Тамаша қылған адамның, Тояды көздің **баһары** («Қыз Жібек»). Есімім Сағит, Мысыр шаһарымыз, Ашылмай он үш жылдай **bahirimiz**, Айрылған досымыздан сәргәрдәрміз, Дарияда ойран болған сапарымыз («Ғашық-наме»).

Бәйіт – өлең. Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде»: «**Бәйіт** арабтың *байтун* деген сөзінен шыққан – өлең деген мағынаны білдіреді, дей келе, *бәйітсымақ* – өлеңсымақ, *бәйітши* – бәйіт айтушы, *бәйітшілік* – ақындық» деп түсіндіріп өтеді. Негізінде *бәйіт айту, жарпазан айту салт-дәстүрлік қызметте айтылатын өлеңдер* мағынасын білдіретін тіркескен аталым. Бұл мысалдардағы *бәйіт* сөздері – қазіргі ұйғыр тілінде негізінен осы мағынада қолданылатын сөздер, бірақ әрқайсысының стильдік ерекшеліктері бар. Ұшырар жүрегінде қадаса көз, Сияды еркі бардың аузына сөз. Сен түгіл патша ағзамға **бәйіт** айтқан, Ерекем – аты шыққан құрулы тез! (*Ерімбет*).

Беде – жоңышқа; мал азықтық маңызы бар көп жылдық шөптесін өсімдік. Асылзатты айтайын, Әрқайсысын өз алдына-ай. Назбедеу атта күй болмас, **Беде** жеммен бағылмай (*Нұртуған*).

Беден (бәден) – 1) дене; кеуде, көкірек; 2) тұр, өң, шырай, көрік; кескін-кейпі келіскен, тұр-тұрпаты жарасқан көз тартарлықтай. Араб тілінде *баданун* – дене, тұлға, бітімі дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 72). Дөңгелек көтендігі, сырты қысқа, **Беден** – сұлу, күйғандай шебер ұста. Төбелі маңдайына жарасып тұр, Жұлдыздай жымыңдаған айсыз тұста (*Нұртуған*). Керуеннің саудагеріне Мәліктей ғар, Теңгеге он сегіз пұл «кұл» деп сатқан. Пәлеге Аюп нәби етті сабыр, **Бедені** иістенсе де жарақаттан (*Ерімбет*). Алпыста – отбасыңнан таяр табың, Сор ашып, суы кеткен шұңқырдай-ақ. Алған соң жеңіп жетпіс ердің күшін, **Беденнен** бейнеу кетер жыртылмай-ақ (*Шораяқтың Омары*). Қарт кісі, қайта айналып жасармайды, Күн санап күш қуаты осалдайды. **Беденде** бар қызуы тарқағасын, Қайтадан жинап басын қоса алмайды (*Кұлназар*). Өзі де дөңгеленіп біткен, әлі **бәдені** бұзылмаған, аздаған кербездігі бар сымбатты әйел (*Ғ. Мүсірепов*). Ажар – қырықтар шамасындағы, жас өңді, жұмсақ мінезді, **бәденді** әйел (*С. Омаров*).

Бедеу ат – 1) жүйрік, бәйге аты, жараған жылқы; 2) үйірге түспейтін, піштірілген, ақтатылған жылқы. **Бедеу ат** тіркесінің мән-мағынасын іздей жүріп және бір қызық фактіні кездестірдік. Жалайыр Қадырғали би жазған тарихи еңбекте (XVI ғ.) *ақта//ақта ат* деген тіркесті кездестіреміз. *Ақта ат* –

бедеу ат дегеннің синонимі, яғни ханның, батырдың жорыққа мінетін мықты аты. Мысалы: Уа анларны, йақшы **ахта атларға** міндіріб, йолда йүргіздім (*Қадырғали би... , 196-б.*) (*Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004, 28*). Ойыңа жеткізеді қысылшаңда, Түрікпені нағыз тұлпар шын **бедеу ат**. Жігітке басты туған жалғыздық жоқ, Жұмсаса бірі құйрық, бірі қанат (*Нұртуған*).

Бейбақ – қолынан ештеңе келе қоймаған кісіні қомсына айтуда қолданылады; *бейшара, бақытсыз, сорлы, мүсәпір, кем*. Мұндағы *бей* парсы тіліндегі (предлог без) болымсыздықты білдіретін префикс (*ПРС., М., 1960, 127*); *бақ* – *бақыт* мағынасындағы сөз. Туасылы жүзіңді, Көргенім жоқ қой мен бірақ. Сездірмесең сен бұлай, Білемін қайдан мен **бейбақ** (*Нұртуған*). Қазі душар келген-ді, Өгіз дейтін **бейбаққа**. Қазі жетіп қасына, Өте жақын таянған (*Нұртуған*). Болыпты ұлдан кемтар Маман **бейбақ** («*Айман-Шолпан*»).

Бейқұт – 1) *тыныш*; 2) *кенеттен күтпеген жерден тиісу*. Қырық мың жығын жау келсе, **Бейқұт** елді бүлдірер (*Нұртуған*).

I Бек – *феодал, ел билеуші бай*. Көне түркі тілінің ескерткіштерінде **бэк** (мұстахкам, махкам) – мықты, берік дегенді білдіреді (*Қашқари Қ. Дев. луг. турк, I т., Т., 1960, 321*). Бұл сөздің мұндай мәні қазіргі қазақ тілінде де бар. Неше мың жыл бұғауда, Кедей тұрды қамалып. Бай мен **бекке** жалданып, Күн өткізді тоналып. Өсек айтқан бай мен **бек** Тілінен жүр байланып. Күн бермеуші еді кедейге, Бай жалынды енді айналып... (*Нұртуған*). Көзден жас көрдік жана тиылғанын. Торғай мен бүркіт, сірә, дос болған ба, Жетті енді бай мен **бекке** сиынғаның?! Дүние үйілсе де жан болмайды, Заң солай, басыңа кес – тығылғаның! (*Нұртуған*). Ұлығы Түркістанның Қожа Ахмет, Бай, батыр, мырза мен **бек** неше күшті-ай! Қыраннан қашқан түлкі құтылса да, Деуші едім шикі болса да «пісті, пісті-ай!» (*Ерімбет*). Хан мен төре, **бек** билеп, Алды тұйық, арты жар. Қайғыға қайғы жамылған (*Ш. Кәрібаев*). Алпамыс шатырға келсе бес **бек** ұйықтап жатыр («*Алпамыс*»);

II Бек – *аса, өте, тым, тіпті*. Жан екен **бек** айбатты, түсі суық, Қорыққаннан ойладым мен бас бағуды (*Ерімбет*). Ыза боп хазірет Ғали сонда тұрды, **Бек** қатты ашуланып, қаһарланды (*Ерімбет*). Ағайын **бек** көп айтайын ептеп сөзімді ұғар елім жоқ (*Абай*).

Бекзада – *ақсүйек, бек тұқымы; бай, билеуші таптардың өкілі, алпауыт тұқымы*. Өз жайымды айтайын, Келе жатқан **бекзада**, Едіге ердің тұқымы, Мұса ханның үлкені, Атым – Орақ, мен – бала (*Нұртуған*);

Бекзат – *бекзаданың қысқарған түрі: 1) ақсүйек, бектер тұқымы; 2) асыл, жақсы*. Сабыр қылсаң жайыңды, Білер ме екен **бекзатым** (*Абай*). Назым айтты Қамбарға: «Мың қойлы байдың баласын Ізіңе басқан алмаймын, **Бекзатым** менің пейілім сол» («*Қамбар батыр*»).

Бес қару – ерте кезде ер адамның ұстайтын бес түрлі қаруы болған. Олар мыналар: садақ, найза, сойыл, шоқпар, қылыш. Беріштен Исатай, Үббі ер туғасын Бай қорқып, хан сасады алтын тақтан. Исатай **бес қаруын** байлап шықса, Жан ба еді сескенетін атқан оқтан (*Нұртуған*). Қолына жілік беріп жариялап, Мінгізіп алма сағақ, хан Қарасын. **Бес қару** асындырып, алтын сайман, Оздырып тайпасынан даражасын (*Нұртуған*). Ер қаруы – **бес қару** (*Мақал*).

Бесін (песін) – 1) *Бес уақыт намаздың екіншісі (ТС., Іт., А., 1959, 112); 2) мезгіл атауы; күннің төбеден ауысқан кезі. Күн төбеден ауысып, Жақындады песінге. Тірі болсаң аларсың, Дұшпанға кетпес өшің де (Нұртуған). Нанбасаңыз Жамақтың қатынынан сұраңыз, соның үйіне барып (Кәрім) талай бесін намазын оқыған (Б. Майлин);*

Кіші песін – намаздігер мен ұлы бесін аралығы. Орақ шаһарға кіре алмай, **кіші песіннен** күн батқанша үш айналып жол таппай тұрғанда, көлденеңдеп екі атты кісі келе жатты (*Нұртуған*). **Кіші песін** болғанда арақты ішіп болды («*Алпамыс*»);

Қожа бесін – үлкен бесін; түс жаңа ауып бара жатқан кез. Ізіңе еріп жүрдім, аға, талай Өтісіп балалықтан, білгенде есім. Болғасын тағдырым солай амалым не, Болмайма күн кешкірді **қожа-песін?! (Нұртуған)**. **Қожа песін** болғанда, Барынша ұрыс қызады. Қапсырмалы қақпаны Тас-талқан етіп бұзады (*Нұртуған*). **Қожа бесін** болғанда Қобыланды батырың бір төбеге барады («*Қобыланды батыр*»).

Би – дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкілі: Кеңес үкіметінен бұрынғы қазақ ауылындағы сот (ТС., Іт., А., 1959, 113). Араб тілінде бей – атақ (титул) дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 63). Ойрат тілінде бий – мырза, қожа (*Баскаков Н.А. Ойрат.РС., М., 1947, 30*). Келтірілген мәтіндегі «би» дау-жанжалдың ақ-қарасын ажыратып беретін адам мағынасында қолданылса, қазір тек *би өнері* ретінде қалыптасқан аталым және мағынаның даму нәтижесінде *билік, билік өкілдері, билеп алу, билікке таласу* деген сияқты тіркестерде кездеседі. Қарасай бастаған отыз адам түнде келіп, қараңғыда баруды мақұл көрмеді. Өмір бойы көрмеген және көңілі күпті, көкірегі дықты болып жүрген туыстарымен түнде табысу жақсылықтың нышанындай көрінбеді, оған. Сондықтан батыр келген бойда Әбдіні Жасаралға жіберіп: «Ағаларымның ақ жүзін жарықта көремін. Жарықта жадырасып табысуға жазсын!» деп, хабар берді. Қарасайдың бұл ісін бірге келген **билер** мен ақсақалдар да мақұл көрді (*Нұртуған*). Үлкендер отыр бұл үйде Өткізген жақсы-жаманын, Жүргізген талай ел үшін Заманында амалын. **Билерім** отыр білімпаз Танытқан талай таланын (*Нұртуған*). Әрбір болыс елде старшын басы **би** сайлағандық, бұл көп халыққа залал болғандығы көрініп, сыналып білінді (*Абай*). Жаман жолдас жауға алғызар, Жаман **би** дауға алғызар (*Мақал*).

Бин – ұл, ұлы, баласы. Түркістан крайында, сырдариялық, Қазалы қазағымын ашқан дерек. Атымды айтқанменен кім біледі, Назымшы һәм жазушы **бин** Көлдейбек! (*Ерімбет*). Нағашың Ермұхамед **бин** Көлдейбек, Мейлің сен, кәдімгідей біздің ықылас. Милаға мың тоғыз жүз сегізінші, Февральда жиырма жетінші еттім қалас (*Ерімбет*). XVIII ғасырдың орта кезінен бастап ресми документтердегі патронимдердің жұрнағы ретінде арабтың **бин** сөзі қолданылады (*Т. Жанұзақов*). Жазушы тағаң Ержан **бин** Көлдейбек, Бұл демеге сауықтамыз шүкір жақсақ. Исаға мың тоғыз жүз жетінші жыл, Мұрсалға бір мың үш жүз жиырма бес жыл нақ (*Кете Шегебай*). Ғосман, Ғабдурахман, **бин** Ғауфуа Сағид **бин** Әбуәқас үшеуі де үлкен байлар еді (*Абай*). Абу Насырдың әкесі Мұхаммед **бин** Тархан (*А. Машанов*).

Боза – жарма тарыдан, жүгеріден т.б. дақылдардан ашытып істелетін спиртті ішімдіктің бір түрі. Жағалай отырған жауыздар Май менен етке тойғызған! Ашытып **боза**, қымыз бен Нақақтан жаза құрғызған (*Нұртуған*). Сол Қожоқан болысың Мекке барды қажы боп, **Боза** арақ ішкен соң Айтады несін қажы деп (*Жамбыл*).

Бояқ – бояу, боялып қалған, бояуы бар. Мен Мәскеуден пұлы қымбат алдым барқыт, Сен Бұхардың бұйым дейсің **бояқ** бөзін. Білмесең асыл жайын, ау, құдаша, Ойылсын Құртбайменен екі көзің (*Ерімбет*).

Бөрік – елтіріден, тұлкінің пұшпағынан не басқа аң терісінен істелген бас киім. Сол уақытта Исатай Отыздан асқан жасында, **Қайдақы бөрік** басында (*Нұртуған*). Баста жоқ мың теңгелік **кәмшат бөрік**, Үсте жоқ үлле шекпен, жанат ішік (*Нұртуған*). Сиынсаң қатты сиын пірлеріңе, Көтерген қиын жерде пілдеріңе. Елібай **бөрік** кимейді, сәлде орайды, Қарасам, Әлімсің ғой түрлеріңе (*Ерімбет*). **Кәмшат бөрік**, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін (*Абай*). Басыңда сенің **бөркің** жоқ, Адам көрер көркің жоқ (*Жамбыл*).

Бінә – бар болу, бінә болу – аяқ астынан пайда бола кету, кез болып қалу. Халық еткен Қадірмәулен бұл жалғанды, Жері жоқ жаңылыс айтып сырын жайған. Адамды тозақтан да **бінә** етуін Не мағына мұқараптар білмей қалған (*Нұртуған*). Мұнан соң Нух пайғамбар болған **бінә**, Неше ерлер дүниеге келген жәна. Өмірі нақты еткен осылай деп, Мағұрып пен Мәшүріпке еткен сада (*Ерімбет*). «Екі асылдың сұлыбынан, сәтті күні **бінә** ғып, жаратты жаппар ылайдан» (*Базар жырау шығармалары*).

Бірлән – шылау: менен, пенен, бенен. Тіліміздегі мен, менен жалғау-шылауы формантының орнына ертеде **бірлән** тұлғасы қолданылған. Ідіріс әннан кейін ағуз айтқан, Адамдар әуелгі неге діннен азған? Қолменен мақта тоқып, киім киіп, Бұл адам қалам **бірлән** қағаз жазған (*Нұртуған*). Біз өзіміздің бойымыздағы сегіз «зәрре» аттас сипатымызды, ол алла тағаланың сегіз ұлығы

сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақ **бірлән** біздің атымыз мүсілім бола ала ма? Болмаса кім? (Абай).

Г

Губернатор – Патшалық Россияда, Америка құрама штаттарында, отар өлкелерде арнаулы бір болыстың бастығы (ТС., Іт., А., 1959, 152). **Губернатор** бір күні Шақырды оны қонаққа. Көрсеткен болып құрметін, Тойғызды әбден тамаққа (Нұртуған).

Ғ

Ғаділет – әділдік, туралық. Араб тілінде **ғадаалатун** – әділдік, әділ сот, заң орындарының жүйесі дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 640). Талабыңнан талпынған тайма, жаным, **Ғаділеттік**, айқындық – жүрген төрің... Белді байлап бәйгеге басыңды тік, Атаң қазақ, дұшпанға кеткен кегің (Нұртуған). Омар ол, ғаділ болсаң парықты ойла, **Ғаділетпен** заманында шашқан заңын (Ерімбет). Көптің бәрі көп деме, Көп те бөлек, көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек. **Ғаділет** пен мархамат ер азығы. Қайда көрсең болып бақ соған көмек (Абай).

Ғаділ – әділ, тура. Араб тілінде **ғадилун** – әділ, тура деген сөз (АРС., М., 1958, 640). Омар ол, **ғаділ** болсаң парықты ойла, Ғаділетпен заманында шашқан заңын (Ерімбет).

Ғазиз // әзиз – қымбатты, ардақты, аяулы. Араб тілінде **хазиизун** – бақытты, сүйкімді, қымбатты деген сөз (АРС., М., 1958, 227). Иә, тақсыр: Әбубәкір, Омар, Оспан! Жәрдем бер жаным **ғазиз** ағам едің! Сахаба отыз үш мың жолдастарым, Болмады біреуіңнің жәрдемдерің (Ерімбет). Екі қолың жебеде, Көзіңнің жасы төгіліп, Жайнап отыр қос жанар, **Әзиз** жаннан түңіліп (Нұртуған);

Ғазиз бас – қымбатты, ардақты, қасиетті, аяулы жан. Құдайға құл белін бұған. Бақида абзал жайдан орын алар, Исламға **ғазиз басын** еткен құрбан (Нұртуған). Туы үшін туған елдің, **ғазиз басын** оққа байлай, Шамырқанып жүрген ер кім Түнде атылған нажағайдай (Д. Әбілов). Қарындасың болмаса, Жауда қалар **ғазиз бас** («Қобыланды батыр»);

Ғазиз тұтты – қадірледі, сыйлады, құрмет көрсетті. Жігітіне Әзімбай Жұрт иесі болған хан, Қол қусырып сыйлады, **Ғазиз тұтып** барша жан («Қамбар батыр»).

Ғақыл – ақыл, сана, ой. Араб тілінде **ғақлун** – ақыл, ой, интеллект, түсіну, жарамды пікір дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 677). **Ғақыл** деген сөздің алғашқы формасы сақталмай, қазіргі кезде ақыл болып кетті. Осы сөзден жасалған сын есім **ғақылды** болмай, ақылды, етістік ақылдасу болып қалыптасқан (Ғ. Мұсабаев). Атымтай мұны естіп тұрады орнынан, Таниды **ғақылы** барлар сөз форманы. «Өзім,– деп,– батыр, сенің

іздегенің!» Суырып берді алмасын өз қолынан (*Ерімбет*). Үш патша дұшпан тұтқан, біреуі – Шам, Ол патша – емес сүйексіз, не **ғақылы** қам. Дүние үшін ешбір жанды налытпайды, Сақидың қайғысы жоқ, қапері жам (*Ерімбет*).

Ғали – 1) билік, жоғары, ұлы; 2) көрнекті; 3) атақты. Пейішке амалменен кірді Ідіріс, Болмаған тілі **ғали** ғибадаттан. Қауымын суға алдырып, Нұх атанды, Тастырып топан суын доқ-айбаттан (*Ерімбет*). Құрметті хан, би, сұлтандары, Қараған бізге мұсылман! Александр Павлович Қазіретті бекіткен **Ғали** фарман, ұлығ заң (*І. Жансүгіров*).

Ғани – бай, ауқатты, күйлі. Өртүрлі мехнатқа болған һамма, Алаңдап ақылына берме залал! Изеттілік дүнияда болған **ғани**, Өнерден тарыққанда не кембағал (*Ерімбет*). Тасқындап сөзің кетті екі, үш рет, Білімің **ғани** деуші еді, қайда жүр ед? Оқуың озығырақ, мектеп көрген, Пейішке бармағымның жолын үйрет! (*Күзен*). Секілді сенің түсің **ғани** Қаят, Жігіт бар ойласаңыз зият-зият (*Ақан сері*).

Ғамкүн (ғамкін) – қайғылы, қамығулы, қатты көңілсіз. Араб тілінде **хамм** – күйіп-пісу, қараю, қалшылдап ауыру, қайғыға бату (*АРС., М., 1958, 243*). Жам қылып өз көңілін кіріп келсе, Елшілер наманы алып ұмтылады. Жағдайды намадағы көріп сақи, Мойынын **ғамкін** болып бір бұрады. Ұлықтың ғинаятын сүртіп көзге, Қызметін ете берді зыр жүгіріп. Мейманды сағат сайын үш көреді, Әдеппен кейде **ғамкін**, кейде күліп. Біреуге тұлпары жоқ қысылғаннан, Білдірмей көзден жасы ағып жүрді. Басында білмей сорлы қапы қалып, Болса да көңілі **ғамкін**, жағып жүрді (*Ерімбет*). Сонда Құлтай сөйледі: Бұл серкеден айрылсам, **Ғамкүн** болып өлемін. Мен айтамын сен тында, Соның үшін келемін («*Алпамыс*»).

Ғапыл (ғафыл) – 1) салақ, ұқыпсыз; 2) жайбарақат, аңқау. Араб тілінде **ғаплун** – ұқыпсыз болу, елемеу; күтпеген жерде тап болу, біреудің жаңылшақтығын пайдалану (*АРС., М., 1958, 726*). Көңіліңнен һақ жадына ашсаң ұя, Қылапатта **ғапыл** ұйықтап жата алмайсың. Болғанда өлім – орақ, пенде – егің, Бір егіп ора, қайтып ора алмайсың (*Ерімбет*). Адамның ақылсызының ісі **ғапыл**, «Бұл ауру ешнәрсе емес» деп көзге ілмедің. Күн жақсы көріскенше ағажан-ай, Тіріде, тым болмаса бір келмедің! (*Ерімбет*). Адам **ғапыл** дүниені дер «менікі», «Менікі» деп жүргеннің бәрі онікі. Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ойла болады не сенікі? (*Абай*). **Ғафыл** сөзге сатылма сен; түзік бол, Арамызда болсын сұлық уә сұхбат, – деді Жәңгір (*І. Жансүгіров*).

Ғар – үңгір. Мұхаммедтің жаңа ислам дінін уағыздауын Мекке тұрғындары алғашқыда қабылдамайды, оны өлтірмекші де болады. Содан басына қауіп келген Мұхаммед Таудағы үңгірге барып жасырынады. Онда Әбубәкір де болады, содан оны мұсылман елдерінде «Үңгір дос» – «Ғайри йар»

– деп аталып кетеді (Н. Оңдасынов). «Бермесе патшалардың малы өзінде», Деп шабады сақи атын тіке жардан. Патшалар әр түрлі айла қылса-дағы, Құтыла алмай көп жыл жүрді үлкен **ғардан** (Ерімбет). Үңгірге әуелі Иланшы Қадыр хан, сосын Исмайл, сосын Хисмеддин енді. Бұл жер асты **ғарына**, сосын жер асты жолына түсіретін ауыз еді (Д. Досжанов).

Ғаріп (ғарып)– 1) бөтен, басқа; 2) оғаш, ақылға қонбайтын, бұрын-соңды болып көрмеген, гажап; 3) шетелдік; 4) ауыс. бейшара, мүсәпір, жарлы. Араб тілінде **харифун** – есалаң, ақылы кем (АРС., М., 1958, 274). К. К. Юдахин **қарып** араб сөзі – қамқоршысы жоқ, жалғыз басты кедей деп көрсетеді (Юдахин К.К. КирРС., М., 1940, 374). «Неғып жүрсің сен **ғаріп?**» Жарлы сонда сөйлейді: «Сізге келдім мен» деді. «Жоққа қарыз береді деп, Мақтады сізді ел» деді (Нұртуған). Көзің сал, ағайындар, **ғаріп** жасқа, Жоқ болса, лажың жоқ асырамасқа (Ерімбет). Жаңадан салған мұнара – Қаракесек моласы. Жалбарынымдым жад етіп, Болар ма қабыл қол жайған Біздей **ғаріп** дұғасы?! (Нұртуған). «Есен-сау ержеттің бе, **ғаріп** балам, Отыр ма сау-саламат Дариха анаң? Құдайға мың шүкірлік арманым жоқ, Тіріде көрдім сені есен-аман!» (Ерімбет). Арман етпе жас күнің көп, Игілік көп ерге бар. Бұл заманның қашқыны деп, Мен **ғарыпты** есіңе ал (Абай). Шабуға Маман байды бармаймын дер, **Ғарыптың** обалына қалмаймын дер («Айман-Шолпан»).

Ғибрат – үлгі, өнеге, тәлім, тәжірибе. Араб тілінде **ғибратун** – үйрету, үгіт-насихат; кеңес, сабақ дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 630). Тағыда неше түрлі айтылар сөз, Дүниеден ажал келсе жұмылар көз. Жақсылар бұл хиссадан **ғибрат** алып, Әйелдің алмаңыздар тілін әр кез! (Ерімбет). «Ақсағын тастамайды қашқан құлан», Тыңдасаң табылады **ғибрат** мұнан. Сіздерге жан барында қоштасайын, Қоя ма алар аңын қуған қыран?! (Ерімбет). Болмайды ерге жолдас, өмір, дәулет, Шырағым, бір **ғибрат** алсаң мұнан (Ерімбет). Ашуланба, ей патшам, айтайын дат: Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат. Сый сұрады берген бір қу сүйек, Мұны көріп алыңыз сіз де **ғибрат!** (Абай);

Ғибрат алды – үлгі алды, өнеге көрді, тәлім алды;

Ғибрат сөз – нақыл сөз.

Ғиззат – қадір, сый, құрмет. Араб тілінде **ғаззада** – көмектесу, жәрдемдесу, қадір тұту дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 665). Тәжік тілінде **иззат** – қадір, құрмет, қошемет деген сөз (Тадж.РС., М., 1955, 158). Көрмейік, жалғаншымыз, таңда дидар, Һәм мұнда тартылмасын **ғиззат** табақ! Қорлауға қолайласаң, бала, бізді, Сенің соныңа «Шу!» дегенге түстім мана-ақ (Ерімбет). Бір жерде бірге жүрсең басың қосып, Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып. Біріңе-бірің **ғиззат** құрмет етіс, Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып (Абай).

Ғинаят – рахым, мейірім; жанның жсай табушылық сезімі, жақсылыққа кенелу хошы. Араб тілінде **хиниатун** – аяушылық, жан ашырлық, күйініш (АРС., М., 1958, 249). **Ғинаят** еттің бөлек лебіңді, Айрықша

бізді бастап, дедің: «Таға!» Көңілім сол себептен болып Сізде, Білгейсін дұғамда да келсе шама (*Ерімбет*). Бер маған сұрағанымды сақи болсаң, Қайғым аз бір жылқыны бермей қалсаң. Етіңіз дұға, сұлтан сұрады деп, Бұл жазған **ғинаятымды** қабыл алсаң (*Ерімбет*). **Ғинаят** сауал шашыпты, Көлдейбеков Ерімбет – Шайырдың шешен данасы (*Шораяқтың Омары*). **Ғинаят** тіле құдайдан, Медет тіле пірлерден («Қыз Жібек»).

Ғұзыр (ғүзір) – *кешірім сұрау, гапу өтіну, ақталу*. Араб тілінде **ғузрун** – *гапу өтіну, ақталу, сылтау* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 644*). Шақырдым, «Күз келем» деп өзің де айттың, Келмедің, уағдаңнан болдың жырақ. «Болды-ау, – деп, – **ғұзыры** толық» ойлап едім, Басқа екен сол күнде де көңлің, бірақ! (*Ерімбет*). Мирабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас ғүзіріме (Абай).

Д

Дабыл – *барабан тәрізді дыбыс шығаратын көне құрал*. Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін саяткерлік құрғанда аң үркіту үшін пайдаланылған аспап (*ҚТТС., III т., А., 1989*). Қарақалпақ тілінде **дабыл** – *аң аулағанда қазылатын барабан* (*КарРС., М., 1958, 155*). Еліне жар шақырып, жиды қолды, Ғалиға алып әскер жүрмек болды. Қайысқан жердің жүзі көк найза боп, Барабан, **дабыл** қағып жүрді жолды (*Ерімбет*). Алдына **дабыл** төңкерген Артына сауыт бөктерген, Алдынан шықты ер Қазан («Қобыланды батыр»);

Дабыл қақты // дабыл ұрды – *хабарлады, белгі берді*.

Дабыс – *үн, дыбыс, дауыс*. Осындай **дабысынан** патша сасып, Тыпырлап тұра алмады бедеу атша. «Алдынан амал қылып жібермесе, Қоймас, – деп, – өзі келіп, өзі шапса?!» (*Ерімбет*).

Даң болды – *у-шу, айқай-ұйқай болды; жариялады*. Мамай хан билеп тұрғанда, Төрт тарапқа **даң болып**, Халық Шағанды жайлады (*Нұртуған*).

Дарак – *жеке, жалғыз, оңаша өскен ағаш*. Парсы тілінде *дерахт* – ағаш дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 213*). Жемісі бірдей емес дегенің сол, Таппасам, деп қуанба: «Алақайым!» «Ол бақта бір **дарак** бар» деп жазыпсың, Ол **дарағың** ғылым шығар інікайым! (*Ерімбет*). Кісі азайғанда аяз да, жел де бізді басынып алып, орман шетіне өскен **дарактай** қалтыратып жібереді (*С. Мұқанов*). Ойдан шықты бұл жұмбақ, Ойшыл ерлер ойлап тап, Өзгермейді өзінен Бұл жаһанда бір **дарак** («Халық ақындары»).

Даргаһ – *тірек, сүйеніш, табалдырық*. Араб тілінде **дарикун** – *тірек, сүйеніш, сүйеніш тұтқасы* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 318*). Сақтағай **даргаһінде** һақ зұлжалал! Құдайға сансыз шүкір, саламатпыз, Шырыным,

тіліңізден болса сауал. Баланың ата жүреді қамқорында, Істеген талабыңның жанында бол (*Ерімбет*);

Дарғаһына бас ұрды – құдіретіне табынды. Аһа дедім құдая **Дарғаһына бас ұрдым**, Сөзді сөзге ап келіп Күйгенімнен жапсырдым («*Қыз Жібек*»).

Дат // **Дат тақсыр** – жоғары мәртебелі ұлықтардан жәрдем тілеп, әділдік жолын көксегенде, қара бұқараның бас иіп айтатын лаузымды сөзі. Парсы тілінде **дад** – әділдік, шындық, есесі, ақысы; әділсіздікке қарсы көмек тілегенде шығатын үн (*ПРС., М., 1960, 206*). Қырғыз тілінде **кешірім арызды** «даттуу арыз» деп атайды. Көп жиналған азамат, Хисса тыңдап, көңілі шат! «Нұрадин қайда, не болды? деп, Сұрауға батпай отыр **«дат!»** (*Нұртуған*). **Дат!** – деді ханның өжет Қарашашы, Немере хан Кененің қарындасы, – Ханыша не **датың** бар, – деді Кене, Аңырып тұрып қалды айналасы (*І. Жансүгіров*). Ашуланба, ей патшам, айтамын **дат**: Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат (*Абай*). Б. Қыдырбекұлы: *дат* дегеніміз – атақ, даңқ деп көрсетеді де, «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтіріп, дәлелдеп кетеді: «Жіңішке жирен аты бар, аллаға жеткен **даты** бар» (*Қыдырбекұлы Б. ТСТБ. А., 1993, 48*).

Дәуір – 1) айналым, айналыс; 2) кезең; 3) шеңбер; 4) алмасу; 5) кезектесу; 6) алмастыру; 7) сессия; 8) цикл; 9) роль; 10) өлең; 11) ауыс. **бақытты уақыт, бақытты кез, бақыт жұлдызы**. Отырғандар: «Қарасайжан өз шешімің дұрыс! Ақылға қонымды сөз!» десіп, түгел мақұлдап, **дәуір** айтқызып, Сұлтанаиды хан қойды (*Нұртуған*). Аз жазып хал-жайымды түсіндірдім, Сөз өріп сегіз салға жапырақтай. Сыйласып бір-біріне жанын беріп, Өтілсе қызықпенен **дәуірлері** (*Ұлбай қыз*). Көр міне Қамар қандай, аға, бауыр, Келе ме қайта айналып өткен **дәуір**?... (*С. Торайғыров*).

Диуана – 1) жынды, есалаң; 2) ел аралап, дін жолын қуған «көріп келі бар» әумесер. Парсы тілінде *диване* – ақылсыз, жынды, диуана, есуас дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 234*). **Диуанаға** айналдым, Ойдан кетіп инабат. Мен іздеймін, іздеймін, Кәнеки, пірім, жауап қат? Қатынмен ісің болмасын, **Диуана** болды бұл басың. Осыменен өтесің, Мені іздеумен кетесің (*Нұртуған*). Ол уақытта ел-елді аралайтын екі түрлі адамдар болатын. Олардың бірі – саудагер болса, енді біреулері – қайыр сұраған **диуана** еді (*Нұртуған*). Өзің **диуанасын** кімге пір боласың деген, – дейді Қожақ (*Ә. Нұрпейісов*). **Диуана** маған келе кет, Мен сорлыны көре кет, Егер сауап іздесең... Мен бейшара кәріпке Бір бал ашып бере кет («*Алпамыс*»).

Дию – жын, пері, кесапатты күш. Парсы тілінде **див** – жын, пері, қастандық күш; *ертегілерде кездесетін адам таң қаларлық денесі бар үлкен бір алып күшті қиялдағы бейне* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1953, 234*). «Әй, мырза, сен азамат, біздер пері, Танымай «мырза» дедік адам ері. Бұл жерге ешбір мақұлық келген емес, **Диюдың** адам түгіл ірілері» (*Нұртуған*). Дәумен

найза салысқан, **диюменен** алысқан (*Жамбыл*). Лермонтов, Пушкин айтқан ол күндегі **Диюлар** енді басқа қонар емес (*І. Жансүгіров*).

Дүлдүл – 1) діни. аңыздағы шашасына шаң жұқпас жүйрік тұлпардың аты (*Әзірет Әлі пайғамбардың жауға мінетін ерекше қасиеті бар жүйрік аты, тұлпары*); 2) ауыс. шешен, атақты білгір кісі. Ерлердің есігінде бір наз бедеу, Ойнатар дарын құрып шарбағында. Ғаламнан Ғали мінген **дүлдүл** озған, Жүйріктер одан соңғы өз табында (*Ерімбет*). Шақырып **дүлдүліне** қылды ишарат, «Қылма, – деп қойған сыртқа, – дұшпанға мат!» (*Ерімбет*). Ғали мінген **дүлдүлдей** Тұлпарменен жарысты. Үш күн, үш түн атысып, Біреуін қоймай тауысты («*Қамбар батыр*»). Ақыл – дария, көңіл – **дүлдүл** (*Мақал*). Менің атым сұрасаң Ақан серің, Қазірет Ғали **дүлдүлі** тұлпар керім, Дүниеде оған жетер ат бар ма еді, Өлді ғой мен қайтейін Құлагерім (*Ақан сері*). Ту ұстап, **дүлдүл** мініп топты бастап, Елге жол өмірді алға кім нұсқаған. Ол – батыр, халық ұлы Аманкелді, Бастаған тар күндері қалың елді (*О. Шипин*). Осы жалған дүниеден шешен де өткен не бұлбұл, Көсем де өткен не **дүлдүл** (*Абай*).

Дүр – 1) *інжу* (омыртқасыз, жұмсақ денелі сауытты жәндік денесінде пайда болатын көбінесе ақ не ақ сары түсті қатты зат; маржан; қымбат; 2) ауыс. зор, ірі, атақты, әйгілі; 3) ауыс. асыл; 4) кісінің атындағы қосымша (*Дүрдана, Дүржан*); 5) -ды (-ді) қосышасының көне түрі (формасы). Араб тілінде **дарриун** – *інжу*; айқын, жарқылдаған дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 314-315*). Моңғол тілінде **дүр** – *ерік, тілек, ынтықтық; бейімділік, махаббат, ұнату* дегенді білдіреді (*Монг.РС., М., 1957, 159*). Кеңесіме құлақ сал, Ақылды туған, Алашым! Сөзбенен шаштым **дүр**, жауһар Керегін таңдап аласың (*Нұртуған*). Қорықпаймын қандыкөз, Қайыспайтын **дүр** шықты. Әке мен баладан айырылған, Қатын–бала күңіреніп, Жазықсыз жаннан шер шықты (*Нұртуған*). Кемеңгерге кездескенде, Кеміте алмас артып омырау. Білгендерге **дүрдің** сөзі Бесенеден беп-белгілі, Көп керуеннің ішіндегі Құба нардай таққан қоңырау (*Ерімбет*). Молда-еке, ақылың кәмбіл, **дүр** – данасың, Сөз айтсам шарифаттан тоқталасың (*Ерімбет*). **Дүр** тасындай дүниеде, Өскен орта гүлістан, Алақанға айды ойнатып, Жұлдыздарды уысталық (*Д. Әбілов*). Қиядан көргіш қырағым, Тұғырында ту алып, Жұртыңменен қуанып, Жамбыл бабам болдың **дүр!** (*С. Керімбаев*). Жақсылыққа жақсылық, Ер кісінің ісі **дүр**. Жамандыққа жамандық, Әр кісінің ісі **дүр** (*Мақал*).

Дүрия – 1) *жібек тәрізді бағалы матаның аты*; 2) *жарқыраған*. Парсы тілінде **дарай** – *жібек тектес мата* (*ПРС., М., 1960, 207*). Күндіз-түні мал кетпей, Жатушы еді лайтып. Біздей жеңгең ордадан, Шығушы еді үстіне, **Дүрия** көйлек шұбалтып (*Нұртуған*). Оның ішінде келінге жасау тігілетін патсайы, мақпал, манат, **дүрия** жағы бөлек салынған (*М. Әуезов*). **Дүрия** кесе, қараман мен ол қызға, Бай қызының ескісін кимек түгіл (*С. Торайғыров*). Жағасын **дүрия** қамзол дал-дал қылып, Қатынына Саполаттың жаматтырдың (*Ақан сері*).

Е

Енші – атаның балаға жеке үй болғанда бөліп беретін мал мүлкі. Баяғы әкесін бүкіл ноғайлы халқы ақ жауып арулап жерлеп жатқанда, **еншісіне** өзі сұрап алған Сарала атты қуалап жүріп, жердің жарығына атпен бірге түсіп кеткен Ысмайыл аман қалған-ды (*Нұртуған*). – Е бәсе, кеше біздің заманға дейін балаға **еншіні** әке бөлетін еді ғой, үлкен ұлының сыбағасына **еншіге** қоса көш бастау тиетін, ортаншылары малдан ғана **енші** алатын (*С. Мұқанов*). «**Еншісі** бөлек, ені басқа» деген фраза осы күнгі тілдерде, көбіне метафоралық мағынада айтылады (*І. Кеңесбаев*);

Енші берді – үйленген баласына мал-мүлік бөліп беріп, үй етіп шығарады. Мұсаның бөліп берген **еншісіне** Әнжі қайлы болмаған. Сонда әкесі: «Менің тілімді алмаған біреуің бір себеппен жерге кіресің, өңменіңнен шөп өтіп өлесің!» деп еді (*Нұртуған*).

Етінен арылту – жүдету (көбіне малға теліп айтылады). Жорықтан келген соң, Қарағұлдың атын **етінен арылтып** қайтып берген (*Нұртуған*).

Ж

Жабы – жылқының ең нашар тұқымы, қазақы жылқы. Парсы тілінде **йам** және **йаме** – *почта тартатын жұмыс аты* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 602*). Дыбыс алмасуының салдарынан *й-дың ж-ға, м-ның б-ға, е-нің ы-ға* парсы тіліндегі **йаме** қазақ тіліне ауысқанда **жабы** болып қалыптасқан. **Жабы** емес, шылбырыңды іркетін кез, Жеріңе ойыңа алған жеткізер тез. Бар міні тал бойында, байқағанға – Ат тепкен сағағыңда үріккен без (*Нұртуған*). Дүние сен тозбайсың жан тозады, Бедеуден күйі түссе, **жабы** озады. Ақымақтың ақылына қарап тұрсаң, Ылдида тұрып өрге қол созады (*Нұртуған*). Тұлпар деп жемдегенім **жабы** болса, бәйгеге түсер қуатым қайсы (*М. Ақынжанов*).

Жаббар (жаппар, жапбар) – 1) алып, құдіретті, ие, қожа; 2) діни. құдайдың бір аты; 3) балуан, батыр; 4) мейірімсіздік, қаһарлы, қатал. Араб тілінде **жаббарун** – *құдіретті, аса күшті рақымсыз, мейірімсіз, алып, үлкен батыр* дегенді білдіреді (*АРС, М., 1958, 142*). Әуелі сөйле, тілім, **жаббар** хақтан, Сөз шығар қиял мен ой, тіл мен жақтан. Шамалы пікірім бар мәжіліске, Шын жүйрік болмасам да озған топтан (*Нұртуған*). Бейжарақ, жабдықтанбай жауға ұмтылып, Дей көрме: «**Жаппар** ием, өзің сақта-ай!» Себепсіз еткен үміт болар набыт, Соқырдың алдындағы шұқанақтай (*Ерімбет*). Сол уақта **Жаппар** хақтан хабар келген, «Халықтың арасында өлтір!» деген. Құдайдан анық пәрман болғаннан соң, «Дүреге, – сонда Омар, – келтір!» деген (*Ерімбет*). Нұртуған, сағынышты сәлемнама, Жас жанға жүрім бергей **жаббар** Алла! Тілектес заман – құрбың сыртыңыздан, Қастеге шипа тілеп, дертке дауа (*Нұртуған*). Өміріме өмір берген **жаббар** құдай, Беттеместей қылайын бұдан бұлай (*Құлтума*). Тапсырдым **жаббар** саған ата-анамды, Жалғыздық көрмей

қалған кәмелетін (М. Сералин). Сонда бейбіт, сонда тыныш, Сонда тойлар тойын ұлыс, Сонда әлемі **жаббар** ием Бітті десін енді соғыс (ТС., I т., А., 1959, 198). О-дағы сөйлейді екен жүйе-жүйе, Оған да артық тіл берген **жаппар** ие... (Ы. Алтынсарин). Жөн көрсетіп бермеген Жасаған **жаппар** құдайым, Жөнімді кімнен сұраймын? (Алмажан). Әр қазына басында бір-бір ие, жаратқан бек ғажайып қадыр **жаппар**... (Ысқақ). **Жаппар** ием, маған ақ өлімін қимаған екен, енді қазамды өзім күттім осы жерде («Қазақ әдебиеті»).

Жад етті – әруаққа жалынды, жалбарынды, сиынды, еске ұстады. Араб тілінде **жадда**; **жаддун** – күш салу, ынта-жігермен қызмет істеу, еңбек ету дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 145). Парсы тілінде **джадд** – ата-бабаны еске алу деген де мағынаны білдіреді (ПРС., М., 1959, 210). **Жад ету** – бұл етістік жалпы біреуді ненемесе бір нәрсені еске алу емес, тек қана жалбарынатын иені – құдайды (алланы, тәңіріні), әулие-әнбиелерді, бабалар мен пірлерді еске алу, жай ғана еске алмай, оларға құлшылық етіп, бір тілекпен жалбарына еске алу мағынасында қалыптасқан (Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004). Жалбарындым **жад етіп**, Болар ма қабыл қол жайған Біздей ғаріп дұғасы?! (Нұртуған). Өлімді бес уақыт **жад етіңіз**, Қай жақта отыз үш мың сахабалар? «Кәрі өліп, жас қалады» дей көрмеңіз, Жер, Көкте жанды мақұлық бәрін де алар (Ерімбет). Суырады сонда Ғали зұлпұқарын, **Жад қылып** құдай менен пайғамбарын. «Әй, кәпір! Мұсылманмын, қырамын!» деп, Төгеді падишаға бар қаһарын (Ерімбет). Ертелі-кеш әр уақытта **Жад етемін** пірімді, Шошыдым ғой, Төлеген көргеннен соң түрінді («Қыз Жібек»).

Жақы – құлынның, тайдың терісінен жасалған тон. Қазақ халқы мал терісін шаруашылықтың әр саласына қолдана білген. Жылқы терісінен **жақы** деп аталатын тон тігіп, оны **құлын жақы**, **тай жақы** деп атаған. **Жақы** тіктіру үшін жылқы ішінен қара, қоңыр (жылқы атауында торы) түсті мал таңдап алынады да, арнаулы күтімде ұсталып түгі әбден жетіліп жылтырағаннан кейін сойып, терісін еппен сыпырып алып, илейді. Жылы болу үшін оған арасына жұқа мата салып астарлайды. **Жақы** сәндікке де, жылылыққа да киіледі. Ол қазір ел арасында кездесе бермейді. Алаш көсемі, ардагер ақын, қайраткер М.Дулатов киген **тай жақы** қазір Торғай қаласындағы А. Байтұрсынұлы мен М.Дулатов атындағы әдебиет мұражайында сақталып тұр. «Көшті тартып отыр,– деп, Белгілеп күннің шығысын!» Құлдарға жылқы айдатты, Кигізіп құлын **жақысын** (Нұртуған).

Жаһұт (жақұт) – қымбат, бағалы тас. Парсы тілінде **йагут** – **жақұт**, **қызыл түсті лағыл тас**, **меруерт тастың бір түрі**, **асыл тас** дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 601). Саразбан аты астында, **Жаһұттан** тәжі басында, Жау қолына тастады, Қатын-бала, мал-жанды (Нұртуған). Көрінді ғажап сұлу келген шаһары, Гауһар мен **жаһұт**, алтын үйдің бәрі. Алтын мен күміспенен соққан екен, Көрген соң қайран қалды хазірет Ғали (Ерімбет). Киіктен мүшкілан бар, феруза – тастан, **Жақұттың** ақық ашады шекарасын (Ерімбет).

Жакұт шие, ақықтай жидегінің тәттілігі Алматының алмасындай (С. Мұқанов).

Жақыбай, жарлы-жақыбай – жоқ-жұқа жарлы адамдар, кедей тобы. *Жақыбай* да жарлы дегенді білдіреді. Түбірі **жақы, бай** қосымша болу керек. К. К. Юдахин бұл сөзге мынадай анықтама береді: **жақы** – эпостық жырларда кездесетін моңғол сөзі, қырғыздар қайғы, қасірет деген мағынада қолданады деп көрсетеді (Юдахин К. К. *КирРС., М., 1940,162*). Сол бір кездер есімде Сан мың **жарлы-жақыбай**, Қайыр сұрап жүретін, «Нәр татпадым» деп кешеден (Нұртуған).

Жалғаншы – 1) бұл дүние; 2) болмағанды болды деп, жалған сөйлейтін, өтірікті судай сапырып қулықпен күн кешетін адам. Арасат майданында тергелерміз, Өткен соң бұл опасыз **жалғаншыдан** (Ерімбет). «Құдайға шүкір» деп жүрмін, **Жалғаншым** әзір ажарлы (Нұртуған).

Жам – 1) жиналу, бірігу; 2) жинау, топтау; 3) матем. қосу; 4) жиын; 5) жиналыс; 6) грам. көптік, көпше (түрі). «Қайғым аз, қатерім **жам**,– дейді біреу,– Топан су қаптағанда, көктен шүмек!» (Ерімбет). Үш патша дұшпан тұтқан, біреуі – Шам, Ол патша емес сүйексіз, не ғақылы қам. Дүние үшін ешбір жанды налытпайды, Сақидың қайғысы жоқ, қапері **жам** (Ерімбет). Кенженің орнына туған әке болып, бұған қоса өнеріңе сүйсінген жақсы көрер қалыс, **жам** ағайын болып, жаным аши келген жайым тағы бар (С. Бақбергенов).

Жамандату – жылқыда болатын ісік ауру, бауырынан ісу (ТС., *Іт., 1959, 212*). Сүмбілеге он бес күндей қалғанда азық-түлігін, қару-жарағын қайымдап, Жасаралдың келуін күтіп жүргенде бір күні Қызылат **жамандатып** өліп қалады (Нұртуған). Малшылыққа деген тағы бір соққы көктем мен жазда үнемі қайталап тұратын аусыл, топалаң, **жамандату**, қорасан, ақшелек, маңқа, қотын және басқа жұқпалы аурулар болады (М. Елеусізов). Олай жүрші көк шолақ, Былай жүрші көк шолақ. **Жамандатқыр** көк шолақ. Арам қатқыр көк шолақ, Мені құртқан көк шолақ (К. Әзірбаев). «**Жамандату**» дегенді «жаман» деген сөзден шыққан болу керек дейді (І. Кеңесбаев).

Жамғы – бәрі, барлық. Бұл бақта бағбан бар,– дейді,– күтіп тұрған, Нәсілі үш нәрсемен бітіп тұрған. Қосылса **жамғы** жасы жетпіс сегіз, Екі жыл әрқайсысынан өтіп тұрған (Ерімбет). Адам да алты затқа һәм ықтимал, Бұл сөзде емес, онда ықтыяттан! **Жамғысы** жиналғанда он төрт болып, Бір есеп қарар табар адамзаттан (Шораяқтың Омары). **Жамғысы...** Тоғыз жүз жетпіс теңге,– деді (Ғ. Мүсірепов).

І Жамал – 1) сұлулық, көркемдік; 2) сүйкімділік. Көргенде **жамалынды** қуанамыз, Сөзіңді оқып алып қағазыңнан. Оқу іздеп, қарағым кеттің ұзап, Саулығыңды отырмыз хақтан сұрап (Нұртуған). Айлады Халил үшін отты

гүлзар, Сақтады, етпеді кәр, қалың өрті. Он жеті жыл құрт жесе де тимеді қаш, Аюптың тапты сабыр **жамал** еті (*Ерімбет*). **Жамалың** жалпы әлемді таңырқатты (*Ә. Науай*). Махаббатым сізге шексіз ауып тұр, Күн бұлттанып басқа тұман жауып тұр. **Жамалыңа** ынтық болып ауырдым, Тап дауасың, бұл дертімнен сауықтыр (*Нұржан*);

II Жамал – *келбет, дидар, көрік, мүсін*. Араб тілінде **жамалун** – *көркем, сұлу болу* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 171*). Амалын тап, жеңеше, Қаратуға өзіңе, Батырдың көңілін, **жамалын!** Жүректе жалын, ішім өрт, Көкіректе шер-мұң, қайғы, дерт! (*Нұртуған*). Не айтайын бір Алладан тұрмын тілеп, Қауышсам жақсы сағатта, көріп **жамал!** (*Ерімбет*).

Жамиға (жамигы, жамиғи) – 1) *жалпылық, ортақтық*; 2) *бірлік, ұйымшылдық*; 3) *байланыс*; 4) *одақ, біріктіру*; 5) *университет, институт*; б) *жалпылық*. Әуелі адам жаралды, Топырақтың күшімен. Екінші Хауа жаралды, Адамның ішкі күшінен. Ей, **жамигы** халайық, Танымайсың ба асылыңды (*Ерімбет*). «Сармая сатсақ, қаржы болады» – деп, Шаттанды үй ішінің **жамигасы**. Байлар да қазынасы көп бұл гауһарды, Алмады пұл жеткізіп ешбір ісі (*Тұрмағамбет*). Атамыз алыс болғанмен, **Жамигы** қазақ бір туған. Бір бәлеге жолығар, Есебін таппай сөз қуған («*Үлкен советтік энциклопедия*»). Зорлық қарадәуге әлі жетпейтін болған соң, әуелі алла тағала, екінші **жамиги** пайғамбарларға шапиғи келтіріп, әулиелерден медет сұрайды («*Бейбітшілік жасасын*»).

Жампоз – 1) *қыран, бүркіт, батыр*; 2) *астаубас, аруана; екі өркешті күйіс қайтаратын ірі мал*. Қырғыз тілінде **жампоз** – *бүркіттің бір түрі* деген сөз (*КирРС., М., 1940, 157*). **Жампоз** деген сөзге Сағатбек Медеубекұлы («Арғымақтан туған қазанат...» немесе Махамбет жырларындағы атаулар астары) мақаласында жампозға былайша сипаттама береді: **Жампоз** – бекпатша нардың таза бурасын қолбапша нардың ұрғашысына шағылыстырудан пайда болған тұқым. «Саны жуан, денесі жатаған, әрі сүтті, әрі күшті, суық пен ыстыққа шыдамды. Ешуақытта бақырып, жын төкпейді. Өркештері биік болмайды. Кеуде жағының екі тұлымы бар. Жүні тығыз, бұйра, түсі боз» (*Парасат. – 2003 ж. №7. 2-4*). Малдың жайын ойласаң, Қыс қонысты көңге сал! Нар қорқады **жампоздан**, Қысылсаң жүкті жөңге сал! (*Ерімбет*). Бұл арада батыр жүдесе, одан алым-салық алынбайды, жүк көтере алмайды дегенді айтқалы отыр: Ерден туған **жампозға**, Арыса кірей сала алмас (*Шернияз*).

Жану – *үйкеу, сүйкеу*. Сөздің қымбат-арзанын Өзіндей жігіт айырды. Қойып едім, шырағым Қағазға қалам **жануды** (*Нұртуған*).

Жарак – *қару, құрал*. Н.А.Баскаков «*джар – рубить, рассекать, джарак – оружие*» – деп көрсетеді (*Баскаков Н. А. Кар. яз. ч. I, М., 1952, 102*). Көк сүңгі көксегенмен табыла ма, Тар жерде қолда қамшы – ол да **жарак**. Мен емес, ағайынға сен қорған едің, Жүлде алып, өз тайпаңнан озған саңлақ (*Нұртуған*).

Жарғақ – құлынның, тайдың немесе ешкінің терісінен жүнін сыртына қаратып жасаған киім. Келген соң тыр жалаңаш біраз жүріп, Сонан соң мал терісінен **жарғақ** киген. Отты ойлап ең әуелі тапқанынша, Қамырды суға илеп шикі жеген (*Нұртуған*). Ешкі сойғанның екі малы бар: мүйізі пышағына сап, терісі баласына **жарғақ** (*Мақал*).

Жаршы – хабар таратушы, жар салушы адам (*ТС., Іт., А., 1959, 219*). Бұл құдайдың бізге жіберіп тұрған нәубет **жаршысы** шығар. Бұған қарсы болмайық. Үшеуміз қалауға түсейік (*Нұртуған*).

I Жасақ – 1) әскер, қару жарақтанған бір топ жауынгер; 2) ерте кездегі мал басынан алынатын салықтың бір түрі. Біржола жауды қумаққа, Мұқият, мықтап ойланды. Мақұл көрді бәрі де, **Жасақ** санын көбейтіп, Межелі күні жиғанды (*Нұртуған*). Қарасай өз **жасағымен**, Айсаның ұлы Ахмет өз әскерімен топ-топ болып жүрді (*Нұртуған*). Құрыш ер, құрыш табан, Болат білек **жасақтар** (*Т. Жароков*). «**Жасақ**, дулыға т.б. сол сияқты сөздер ескі типті соғыс лексикасын ескертеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында олар архаизм болып есептеледі (*Ғ. Мұсабаев*);

II Жасақ – ерте кездегі мал басынан алынатын салықтың бір түрі. Мал басынан төленетін **жасақ** салығы үй салығына қарағанда заңдылығы жөнінен салық салудың дұрыс түрі болады. **Жасақ** әрбір түліктің (түйені қоспағанда) бір проценті мөлшерінде алынады. Алғашында заттай алынатын бұл салық кейіннен ақшаға ауыстырылды (*М. Елеусізов*).

Жасамыс – кәрі, қартаң, жасы келген, мосқал тартқан. **Жасамыс** бие, сақа айғыр, Алдын орап тайлардың, Кісінеп келіп шұбырды, Тарауынан сайлардың (*Нұртуған*).

Жасауыл – 1) патша үкіметі кезіндегі қазақтың офицерлік шені (*ТС., А., 1959, 221*); 2) ауыс. қарулы топ, шапқыншы. Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып: «Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына **жасауылмен** ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса, мен мына Қарасайға берем» – деді (*Нұртуған*). Қалипа мұны айтқан соң, Мүсілім де ойланды. Нәті әйел болғанмен, Ақылы ойға қонған-ды. **Жасауылдарын** шаптырып, Ноғайлыны жинады (*Нұртуған*). Мұндағы **жасауыл** сөзі қазақ тілінде бейбітшілік кезде ханның жарлықтарын орындаушы, салық жинаушы, ал соғыс кезінде әскери мәселелерімен айналысатын адам мағынасында қолданылды. **Жасауыл** сөзінің әскери саладағы мағынасын өзге түркі тектес халықтың тілдерінен кездестіруге болады. Өзбек тілінде *ясовулбоши* «әмірді» сарайындағы әскери қызметкерлердің атағы, жасауылдардың бастығы», ал қарақалпақ тілінде **жасауыл** «сарай төңірегіндегілерге берілетін полицейлік шен» деген мағыналарда қолданылады. Яғни **жасауыл** ханның немесе ірі

әскербасылардың қол астындағы жауынгерден бастап офицерлерге дейін берілетін әскери атақ және осы атаққа ие болған адамдар. Зеттеушілердің көбісі *жасауыл* монғол тілінің сөзі деп көрсетеді. *Жасауыл* орыс, украин, поляк, болгар тілдеріне енген *жасауыл* термині орыс жылнамаларында XVII ғасырдан бастап кездеседі. Қазақ әскерлерінде *жасауыл* капитанға тең әскери атақ болған (*Сороколетов Ф. П. Ист. воен. лек. в русс. яз. -Л., 1970, 255*). *Жасауыл* сөзінің түбірі – *жаса* сөзі шағатай тілінде *жаса* (яса) «патшаны», ханның бұйрығы заңдардың жинағы» ұғымында қолданған да, ал сөз соңындағы *-уыл* әскери атақты білдіру үшін жалғанатын жұрнақ (*Севортян Э. В. Афф. им. словообр. в азерб. яз. -М., 1966, 297*). «Қазақ тілінде *жасауыл* сөзі алғашқы кезде «ханның шабарманы» мағынасында жұмсалып кейін әскери мағынасы пайда болған болу керек. *Жасауыл* сөзі қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейін қолданудан шығып қалған», – дейді. (*Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасының тарихы. Филол.ғ.д. дәр. алу үшін дайын. дис... –Алматы, 1993,302*). **Жасауыл** үй тінтпек қылыштары жарқылдап (*Жамбыл*). Руластар сойылмен, найзамен қаруланған **жасауыл** жасақтап, оларды берешек адамның руының бір ақсақалының малын барымталап келуге аттандырады (*М. Елеусізов*). Барлық деректерді қорытындылай келе, *жасауыл* сөзінің түп төркіні «ханның шабарманы» деген мағынада екенін байқаймыз.

Жатақ – 1) отырықшы, жер кәсібімен шұғылданушы; 2) ауыс. ұя, ін. Көшпелілікті жойып, отырықшыланғандарды қазақтар әдетте **жатақ** деп атаған (*М. Елеусізов*). Айтып-айтпай немене, **Жатақ** болып бөлініп, Мекеніне ел қонды. Жұртқа аман жеткені, Кеуірден басын сауғалап, Байқастады оң-солды (*Нұртуған*). Шекпені бар еді Сыддықтың, Тіктіріп киген жаңадан. Жыртып ошал шекпенді, Әр жыланның **жатағын** Тығын қылып бекітті, Бір жапырақ парадан (*Ерімбет*).

Жауһар (**жәуһар**, **жәуһәр**) – 1) істің мәні; 2) зат, нәрсе, материя; 3) қымбаттылар, құндылар; қымбат тастар. Жұмсақ-жұмсақ **жауһар** тәнінді, Аймаласам деп едім. Бал тіліңнен сүймекке, ынтызар бейбақ мен едім (*Нұртуған*). Кеңесіме құлақ сал, Ақылды туған, Алашым! Сөзбенен шаштым дүр, **жауһар** Керегін таңдап аласың (*Нұртуған*). Сақтаулы алтын қазына **жауһарымын**, Аулақ жүр, неге керек кимелеген (*Ақан сері*). **Жауһар** шашып тастарынан Шаттанған шың Алатауым (*Т. Жароков*). Қырық сан Қырым елінде, Ал асыл **жәуһәр** белінде... («*Ер Тарғын*»). **Жәуһарыңды** мыс қылмай, Сақтауға керек ми артық. Тындашы, ей, даналар. Бұл сөзімді біл артық (*Н. Наушабаев*). Тап-таза аппақ қардың мың құбылған **жәуһәрімен** алтын күннің шұғыласы шағылысып, ойнап, неше түрлі от шашты (*С. Сейфуллин*). Қырық сан Қырым елінде Ал асыл **жәуһәр** белінде... («*Ер Тарғын*»).

Жауырыншы –жауырын сүйегіне қарап болашақты болжайтын адам. Олар жөніндегі деректер батырлар жырында, ертегілерде жиі кездеседі. Жауырынышлар адамның тісі тимеген қойдың жауырынының етін сылып

тастап, кептіргеннен кейін, отқа салып қарап отырып соғыс, жорық нәтижесін болжап, оған қарсы айла жасап отырған.

Едіге баласына қарға бұтты Қаразбанды берді. Қасына қырық кісі ертті. Басшы қылып **жауырыншы** Ақпан дегенді қосты (*Нұртуған*).

Жаһаннам – діни. тамұқ, тозақ (дінишілердің түсінігінше о дүниеде күнәкарларды азаптайтын орын). Араб тілінде **жаһаннаму** – тозақ, тамұқ деген сөз (АРС., М., 1958,180). Ысырат **жаһаннамда** көріп қатты, Зар жылап тартар пенде аһынағын. Үстінен қылыштың тез жүргізеді, Айтады: «Асты от – деп, – алаулаған!» (*Ерімбет*). Мен көрдім соқыр ағаш басын иген, **Жаһаннамға** кетеді оған тиген... Зәһәр деп, жас алманы дұшпан тұтып, Мисыздар уды ұрмақ деп барып сүйген (*С. Торайғыров*). – Орын бар ма дүние үшін дінім сатар, бізге аударар күнәң жоқ, атын атар. Бұл мінезден қайтпасаң, шал Қареке, Осы тәнің тозақтың дәмін тартар! Бетін топырақ басты деп жалған айтсаң, **Жаһаннам** деген тозаққа жанып жатар («Қозы Көрпеш–Баян сұлу»).

Жаһат (**жәһад**, **жәһәд**, **жиһат**) – 1) тырысу, күш салу; 2) еңбек (Л. Будагов *джәһдтің* жоғарыды айтылған арабша мағыналарын беріп, одан кейін оны қазақтар тез, жылдам, шапшаң, епті деп айтады дейді). Парсы тілінде **джахт** – қазір гана, сәл гана дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 210). **Жаһат** – тез, жылдам, асығыс («ҚТТС»). Бұл екі қуатты зорайту **жаһатында** болу керек, бұлар зораймай, ғылым зораймайды (*Абай*). Қол жетпес қияға да қолын созса, «Тәуекел» талапты ерге болған нәсіп. Ей, бектер, жанділіңмен **жаһат** етсең, Ғаламның қазынасының есігі ашық (*Шораяқтың Омары*). **Жәһад** етер ерлерге – Жастайынан қыз берме, Жастайынан қыз беріп, Жанған отқа «сөн!» деме! (*Нұртуған*). «Дала уалаяты» газетінің лексикалық ерекшелігі – оның бетінде де араб-парсы сөздері қолданылады, мысалы: «**жәһәд** – ынта» (*І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев*). Оқуға **жиһат** қылған жігіттерге Азғантай мен жазайын ақыл дәптер (*Ақан сері*).

Жебе – садақтың оғы, найзаның ұшы. Оқ пен жебе сөздері бір мағынадағы синонимдер. Мысалы, садақтың оғы оқ деп те, жебе деп те аталған. Екеуі де поэтикалық тілде қатар қолданылған: *сары жебе, көк жебе* т.б. Егер *жебе* сөзі контекске қарай оқтың ұшын білдіретін болса, ол – ауыспалы мағынасы. Осыдан барып садақтың оғы сияқты үшкір, ұшы сүйір нәрсені де найзаның өзін немесе ұшын *жебе* деп атау пайда болған. *Жебе* – найза немесе найзаның ұшы (*Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004*). Алып бер жылдам, жеңеше, Қалмақтың қару-жарағын. Қорамсақ толы **жебесі**, Жасаулы тұрған садағын (*Нұртуған*). «Жау осымен келген» деп, Жағаға таман барады. Төрт қырлаған **жебені** Қорамсақтан алады (*Нұртуған*). Бадана көзді ақ сауыт киетін күн болар ма?! Жауға атқан сұр **жебе** тиетін күн болар ма?! (*Нұртуған*). Көп оғының ішінде Сұр **жебе** деген оқ алды, – («*Батырлар жыры*»).

Жекеге шығу – жекпе-жекке жығу. Сен туымды ер болсаң, **жекеге шық** далаға (*Нұртуған*).

Желкөз – тор көзі үлкен болып келетін керегенің бір түрі. Бұрын қазақтың жазғы үйінің керегесі екі түрлі болатын: бірі **желгөз**, екіншісі торгөз (*ТС., Іт., А., 1959, 227*). Әуелі Күनियाшты алып шықты, Үстінде сексен басты тігулі орда. Ол күнде керегенің көзі **желкөз**, Үлкен үй мұнан артық болмас сірәда (*Нұртуған*).

Желмая – шаршамайтын, желдей жүйрік қиялдағы түйе. Құстай ұшып тұлпары, **Желмаясы** жер тарпып, Жарысыпты желменен. Жауға барып бетпе-бет Кеселепті көлденең (*Нұртуған*). Эпос, ертегілерде жиі ұшырасады. Асанқайғы **Желмаяға** мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді («Қазақ ертегілері»).

Жер дауы, жесір дауы – жер, жесір жөнінде болатын ерте кездегі қақтығыс, дау-жанжал. «Тезірек ақ-қарасын ашып бер» деп, Жолдадым ел ағасы туымдыға-ай. **Жер дауы, жесір дауы** бұл қазаққа, Ісі болды шұбатылған бұрынғыдай... (*Нұртуған*). **Жесір дауы** дей ме, жетім назы дей ме, әйтеуір бір сылтауын тауып қит етсе желіге шабуыл жасайтын болды (*М. Ақынжанов*).

Жолшы – жолда жүрген адам, жолаушы. Жоқ жоғалтқан **жолшы** едім, Бағып жүрмін малыңды (*Нұртуған*).

Жөһит (жөһіт) – 1) күш, қуат; 2) қабілеттілік; 3) күш салу, тырысу, еңбек. Таласты патшалыққа Мағауия, Арыстанға **жөһит** қылған Әлидей-ақ (*Ерімбет*). От жанып өзегімнен отыра алмаймын, Күйінем қасіреттеніп һәм ішпекте ас. **Жөһітте** ұрыста Хамзе шаһит болды, һәм тісін пайғамбардың оһаши бір тас (*Ерімбет*). Қылмаққа мені **жөһит** сонша тілеп, Ей інім бұған неғып барады-ақ? (*Кете Жүсіп*).

Жұмла – 1) жиынтық, бәрі, жинақ, қосынды; 2) біразы; 3) жігерлі түрде барлығы бірлесіп кірісу. Араб тілінде **жумлатун** – жиынтық, сумма, қосынды дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 172*). Жолына бұл батырдың **жұмла** халық, Қойдан қошқар, ешкіден айтты теке. Сары күз сүмбіленің айлары еді, Қос атпен Ғалиды іздеп кетті Мекке (*Ерімбет*). Періште көкте қуанды, Зікір, тәспі көп айтқан. **Жұмла** әулие тебіренді, Жәдігер жақсы тұяқтан (*Нұртуған*). Елеуреп екі-үш ауыз эпсанаға, Айтыпсың білгеніңнің бәрін **жұмла**. «Айыбын айтамын» деп бір-бірінің, Масқара болған жоқ па ед сәк пен құрба... (*Тұрмағамбет*). Киелі сойдан шыққан әулет еді, Өзелден **жұмла** халық құрметтеген (*Оразымбет*).

Жұмырына жүк болмады – қарны жарымады, қарны тоймады. *Жұмырына жүк болмады* дегендегі «жұмыр» күймелі малдың бөлшек-бөлшек қарындарының бір бөлігі (*І. Кеңесбаев*). Халқының ие болған сеніміне, Наданның нан піседі қарқынына. **Жүк болмас жұмырына** қомағайдың Нар жүгін тастасаң да алқымына (*Нұртуған*).

Жұпты (жүпті) – некелі. **Жұпты болу** – некелі болу, заңды түрде ерлі-зайыпты болып, жұрт алдында қосылу. Сафиге Хауа-ананы етіп **жұпты**, Бір еркек, бір ұрғашы жаралдыңдар (*Ерімбет*). «Баршын атты жан балам, сұлтанға **жүпті** болсын деп» («*Алпамыс батыр*»).

Жүзбасы – жүз адамның басшысы. *Омар соғыс кезінде жүзбасы болып қызмет атқарды* (*ТС., Іт., А., 1959,247*). Танып қап жолаушыны ер Едіге, Шақырып **жүзбасыға** тәртіп берді: Аңғысын – бұл елдегі менің досым, Ұмытып, Нұрадин таңған есін (*Нұртуған*).

Жұраһат (жұрат, жұрағат) – жекжат, туыс, ұрпақ, шөбере, ілік, шөпшектің баласы (*ТС., Іт., А., 1959,245*). Сөзіме құлақ салсаңдар, Көкірекке тоқып алсаңдар, Ұрпақтарың көбейсін! Мәуесін шашқан шынардай, **Жұраһаттарың** көгерсін! (*Нұртуған*). Алаш пенен Наурыз – Қазақтан туып, түледі. Наурыздан болмай **жұраһат**, Іштен тынып жүдеді (*Нұртуған*). Адал жүр, анық басып, адыраймай, Жетеді асықпаған мұратына. Кері қайтып кеселеген жарамайды, Халықтың әділ туған **жұратына** (*Нұртуған*). Қарасар ағайын жоқ өзі жалғыз, **Жұрағат** ілік те жоқ жаны ашыр (*Ғ. Малдыбаев*). Алаштан азар көрдім, өлген соң батыр қапыда, Әлді болған адам жоқ. Өзім түгіл **жұрағат** Жеті атадан затымды (*О. Шипин*).

Жыға – 1) ерте кезде соғысқанда басқа киетін дулығаның артынан мойынды қылыш қиып кетпес үшін қаптап жауып қоятын темірден жасалған заттың аты; 2) ауыс. абырой, атақ, бедел. Иран тілінде тәжіге қадайтын алтын қауырсын. Бұрынғы уақытта қыздардың бас киіміне тағылатын (шаншылатын) қырғауыл сияқты құстың құйрығы не үкіні жыға деп атаған. «**Жыға**» – сәукеле, – дейді Иманжан ақсақал (*І. Кеңесбаев*). Бұл ұғымның жақ сөзімен қарым-қатынасы болу керек. Кейбір түркі тілдерінде *джігақ* – жақ дегенді білдіреді (*Малов С. Е. Яз. жел. уйгур. А., 1957, 29*). Күндердің күні болғанда, Кіреуке алтын тағынды, Сол мінер деп қорқамын! **Жығалы** қымбат тәжіңді, Сол киер деп қорқамын! (*Нұртуған*). «Сарала тымақ, қос **жыға**, үстіне өзі кисін» деп. «Саразбан атқа ер салып, Сараман дәуір сүрсін» деп (*Нұртуған*). Падишаға сәлем айт, Тұл қалған тақ пен **жығадан** (*Нұртуған*). Сәлем де ханға, ат түгіл, Ұстасын оңдап **жығасын!** Аманат жаным сау тұрса, Жыртқызармын жағасын! (*Нұртуған*). Патшасы Жасаралдай бастығы бар, Тәж киіп, **жыға** тағып, мінген пайтақ (*Нұртуған*). Жықпай қойман **жығанды**. Ол да құдай өлдім деп Оқи бер қу дұғаны (*М. Әуезов*);

Жығасы жығылды – 1) басынан бағы тайды, қиындық түсті; 2) аруағы жығылды; тізе бүкті. Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас бастан **жыға** қисайғанда... Мұнан менің қай жерім аялы деп, Бірге тұрып қалады кім майданда (*Абай*).

Жығын – жығылды, жеңілді. Желігіп кетіп жүргені, Мамайдың жазған сөзіне. «Қырық мың **жығын** қол болса, Салармын,– деп,– тезіме!» (*Нұртуған*). «Бұл кетіп, қайтып келген соң бізді жаман қылар»,– деп хан елі, бек қатты қорықты. Малын баға алмады, отын жаға алмады. Ханы, халқы **жығын** болды, сондай жұрты әбігер тартты» («*Ер Тарғын*»).

Жын – діни. адам санасының еріктен тыс күш, пері, шайтан. Араб тілінде **жаанун** – аруақтар, перілер деген сөз (*АРС., М., 1958, 173*). «Қап тауына қанша жыл азап шегіп, перінің қызы деп алып қайтқан сұлуымның тұла-бойы шұқыр тесік, не пәле бұл?! **Жын** ба, шайтан ба, албасты ма?! Ертеңгісін мен бұған рұқсат берейін» деді (*Нұртуған*). Ғали тауда, далада, **Жын**, перімен алысқан (*Жамбыл*);

Жын қақты – жарым ес болды, ақылдан жазды;

Жын ұрды – ақылдан адасты.

3

Забур (забор, зәбур) – қырағат салуда және шіркеуде айтылатын, оқылатын діни өлеңдер жинағы. Таурат та, **Забур**, Інжіл де қалдырған жоқ, Бір ерді қылды Мұрсал, көңілі сергек. Айсызда адастырмай, жолсызда сол, Көрсеткен қараңғыда айды пәлек (*Ерімбет*). Діни ұғымда **забур** – құдайдан келген төрт кітаптың бірі. Ол Дәуіт пайғамбарға түскен екен-міс (исауи жылнамасынан 1086 жыл бұрын көне еврей тілінде жазылған). Тәурат, **забур**, инжіл, кәләм-Шарифтей кітаптар келеді дейміз (*М. Әуезов*). Құран бойынша алла Мұсаға тәурет, Дәуітке **забур**, Ғайсаға інжіл жіберді-міс (*М. Тоқжігітов*). Мен «инжил», «таурат», «**забор**», «құранды» түгел оқыдым,– деді («*Мың бір түн*»). Заһид, молда болған екен сол заманда, Жүсіпті білген «**Зәбурды**» оқығанда, Жүсіп атты бір көрікті жан болар деп, тамаша қып айтыпты барша жанға («*Ғашық-наме*»).

Зада – тегі, шығуы, туысы. Парсы тілінде **зад** – туып көбею; тұқым көбею, шығу тегі, бала, ұрпақ дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 256*);

Асыл зада – тегі асыл;

Хан зада – хан тұқымынан;

Бек зада – нәсілі бектен тараған (*ТС., Іт., А., 1959, 258*). Өз жайымды айтайын, Келе жатқан **бекзада**. Едіге ердің тұқымы, Мұса ханның үлкені, Атым – Орақ, мен – бала (*Нұртуған*). Жұмысы қанша қиын хан ағаның, Жүрегі тастан

қайтпас ер заданың. Қайқайып қаршығадай тойға келген, Қайсысынан мін табайын ханзаданың (*Нұртуған*).

Зайып – әйел, жамағат, жұбай. К. К. Юдахин **зайып** араб сөзі *жамағат, жұбай* деп көрсетеді (*Юдахин К. ҚирРС., М., 1940, 553*). Көп қойға бағып жүрген қасқыр шауып, Тоқсанның сол бір күн боранында. Жолдасы қасындағы жүкті **зайып**, Толғатып сол уақытта қалған бұл да (*Нұртуған*). Сіз сүйекті батырдың, Болып тұрсыз **зайыбы**. Біз білеміз сыртыңнан, Сұрастырып жайынды (*Нұртуған*). **Зайып** тәжік тілінде де (көптеген басқа түркі тілдерінде де), ауыз екі тілде де әйел деген мағынаны білдіреді (*Тадж.РС., М., 1955, 147*).

Зайыр – 1) *ашық, жарқын, анық, ақиқат, көрнекті, көзге түсетін, белгілі, күмәнсіз*; 2) *сыртқы, сырт түр, келбет*. Араб тілінде **заһирун** – *жарқын, анық, айқын, тамаша, көркем* деген сөз (*АРС., М., 1958, 421*). Сен хан қызы ханымға, Зайыптың келді қайымы. Әрі батыр, әрі бек Көрсеткен жауға **зайырды**. Теңінді тапқан бір жансың, Аяма жеңге жанынды (*Нұртуған*). Мен демогогиядан аулақпын, – дейді Жомарт, – Мүмкіндік **зайыр** көрініп тұр (*Ғ. Мұстафин*). Тартты бекем айылын, Жасынан көрген қайынын. Білмесеңіз Тарғынның Білдіретін зайырын (*«Ер Тарғын»*).

Залал (зарар) – 1) *зақым келу, мертігу, зиян келу, бүліну*; 2) *зиян, шығын*. Араб тілінде **зарарун** – *зақым келу, зиян, шығын* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 578*). «Себеппен дәудің шамасын сұрап көрейін, бұлардың айтқанынан **залал** көрмеспін» деді де, атын жылқыға қоя беріп, жылқышының қасында үш-төрт күн жатты (*Нұртуған*). «Қылған ісім пайда» деп Айла жасап мен жүрдім. **Залал** екен ойласам, Иттігімді бүгін білдім! (*Нұртуған*). Әртүрлі мехнатқа болып һамма, Алаңдап ақылыңа берме **залал!** Ізеттілік дүнияде болған ғани, Өнерден тарыққанда не кембағал (*Ерімбет*). Аққуды қарға қылар көре алмаған, Ит еркелеп сүйсінсе ауыз жалар, Сөз көп қой қыз балаға қиқандаған. Жаманды жақсы көрме, үйір қылма, **Зарар** бар жылы сөзде бипаңдаған (*Ақан сері*). Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, ...екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып... екі көз беріп, ол көздерге нәзік те, **зарардан** қорғап тұрарлық қабақ берді (*Абай*).

Зарып (зарпы) – 1) *сабау, соққы*; 2) *соғу (ақшаны), қоңырау (бедерді)*; 3) *матем. есепті көбейту*. Ол кездерде Сыр бойы Хиуа, Қоқан **зарпынан** Қуғын көріп, аш болған. Барар жер, басар тау таппай, Орыстардың келуіне, Қарсылық етпей бас болған (*Нұртуған*). Қарашаш ана басынан сорғалап қан ағады, Қаят таяқ **зарпынан** Қарашаш сұлу талады (*Төрехан*). Тоғыз бидің **зарпынан** Есендеспей барамын, Қайран жұртым, елдегі Жасы үлкен кәріге (*С. Мәуленов*).

I Зауал – 1) күннің орта мезгілі; сағат бір кезі (түс); 2) бату (күн). Араб тілінде **заўалун** – түстен кейінгі жарты күн; бату, жоғалу, тоқтау, өлім деген сөз (АРС., М., 1958, 580). Енді біреулер: «Не айтып тұрсың өзің, аштан өлейін деп жүрген ноғай қақпаны бұза алатын ба едің?! Ықтап тұрып-тұрып қайтып кетеді. Бұл ұйықтап қалып қол-аяғын кестірген адам ғой!» деп ашу шақырып жатты. Сөйтіп жатқанда таң атты. **Зауал** ауып түс те қайтты (Нұртуған). Күн екінділікке барыпты, **зауал** ауып, кешкі самал да түсіп қалыпты (Қ. Жармағамбетов). – Құдай өзі берген жанын өзі алар. Соңырағы күн **зауал** шағымда менің жан аларым Қаратаз боп келсе, пешенемнен көрермін (Ә. Нұрпейісов). Күн екінділікке барыпты, **зауал** ауып, кешкі самал да түсіп қалыпты (Қ. Жармағамбетов);

II Зауал – 1) жоқ болу, гайып болу, құру, жоғалу; 2) апатқа ұшырау. «Ордаға қалмай келсін,– деп,– Ойласу үшін амалды! Ертең сәске болғанда, Жирен сақал аулына Саламыз; – деп, – **зауалды!**» (Нұртуған). Кеңесті бір жыл ұдайы, әр күнге, Бір адам ақы сұраса келтіруге. «Әрдайым жоққа **зауал** болмас» деген, Себеп бар әр нәрсені жеткізуге (Ерімбет). Әр нәрсеге бір **зауал** (Мақал). Неміске де сол **зауал** Ажал жақын оларға (Жамбыл). Аңдысқан екі жағының біріне пана, біріне **зауал** сияктанып найзаның ұшындай өткір аран тастар (Ғ. Мүсірепов). Қалмақтан шошыныпсың есің кетіп, Бастарыңа тұр екен **зауал** жетіп («Достан батыр»).

Зәмзәм (зәм-зәм, әбу-зәмзәм, зәмзем) – 1) мол, молишылық; 2) Мекедегі Қағбаның жанындағы белгілі құдықтың аты (оның суының «қасиеті», «кереметі» туралы діни аңыздар көп; 3) ауыс. тәтті сусын, арақ-шарап (әзіл, қалжың ретінде айтылады). Араб тілінде **замзамун** – Мекке қаласындағы Қааба храмының жанындағы құдық (АРС., М., 1958, 419). В. В. Бартольд: «Иемен мен Серия арасындағы бұлақ зәмзем делінеді. Бұл қасиетті су саудагерлерге сатылады»,– деп көрсетеді (Бартольд. Ислам. 1918, 14). Мекеге қажылыққа барған мұсылмандар елдеріне сол құдықтың суын шөлмектеп алып қайтады, оны қараңғы халыққа шипалы деп ұғындырады. Егер адам өлер алдында сол судың бір тамшысын жұтса, оның азабы тозақта 500 жылға кемиді-міс. **Зәмзәм** құдығының пайда болуын «Ибраһим» пайғамбардың сахараға қуып жіберген тоқалы Ажар мен оның баласы Ысмайылмен байланыстырады (Н. Оңдасынов). Сонан соң есік ашып жәннат кірсем, Шомылсам **әбу-зәмзәм** суларына. Үстіме үлде киіп, пырақ мініп, Мен жүрсем қызық, әшірет тойларында (Нұртуған). Татқандай **зәмзәм** суын Меке барып, Келді күнде арбамен жолаушылап (Құдайберген). Меке Арабстан түбегінің батыс жағасында, әуелде **Зәмзәм** бұлағының басына салынған қалашық болатын (М. Ысқақов). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің сусын дегенді білдіретін ауыспалы мәні бар. Құмарына **зәмзәм** тартқан Туған өңір жайсаң белі, Толқын атқан, шалқып жатқан Зайсан көлі (Е. Әукебаев). Нанның тәуірін, жегенінше майды ауруларға, әлсіздерге береміз. Су да кейде бар, кейде жоқ. Сауларымыз шөлдеп кеуіп отырғанымызда аз ғана **зәм-зәм** суды ауруларға сақтаймыз (С.

Сейфуллин). Ғалияның қолынан қымыз тату, бозбалаларға, – Мекеге барып, «хасиетті» зәмзем ішуден кем көрінген жоқ (*С. Мұханов*).

Зэнталақ (зэн талақ, занталақ) – 1) *неке бұзар*; 2) *ауыс. оңбаған, арам ниет, тұрақсыз*. Зэнталақ екі түбірден біріккен араб сөзі: **заанин** – *әйел не еркек тарапынан некелік сертті бұзу, бірінің көзіне бірі шөп салу*; **талақун** – *ерлі-зайыпты адамның ажырасуы, бірін-бірі тастау* деген сөздер (*АРС., М., 1958, 421*). Бәйге қуып сен кеттің, Дүбірлі тұлпар, арғымақ. Көбейтті залал есепсіз, Тоқтамыстай **зэнталақ!** Үмітім сенде көп еді, Болар-ау деп көз-құлақ (*Нұртуған*). Өтірікті айт дейді бір **зэн талақ**. Ұрған түгіл маңыма жуыған жоқ. Айтты екен өтірікті қандай қазақ? (*Ұлбике*). **Зэнталақ** сені жеген қайда кетті, Жануар бар ма дедім, сөйлер сөзің? (*Ыдырыс*). – Ә, **зэнталақ!** Сен маған сәлем бере келген шығарсың! деп, Жұман бастырмалатып келді де, жауырын ортадан ала қамшы сілтеді (*Ғ. Мүсірепов*). **Занталақ!** Пері қаққан! Сен жүрсің бе? Деп біреу тап-тап берді Сары үйсінге (*І. Жансүгіров*).

Зэрурат (зарурат) – *керектік, мұқтаждық, зәрулік, бір нәрсені қатты қажетсіну*. Беремін құлды сатып, қарыздарға, Болмады құлсыз ылаж мал табарға. Сұрасаң менің жұртым шаһар Сараб, Келемін **зэрураттардан** құтыларға (*Ерімбет*). Оныңның оқасы жоқ, онда бірақ Сұрасаң, білмек үшін **зэрураттан**. «Екі дәу» деген сөздің тәржімасы, Ықтимал табылады екі аяқтан (*Шораяқтың Омары*). Жетпіске жасың келсе, денең солып, Сөл қалмас тамам ағыза **зэрураттан** (*Шәді төре*). «Сұрадым **заруратпен** білмек үшін, бір жолға атай қалсаң ештеңе емес» («Қыз Жібек»).

Зәузәт (зәузат) – *тұқым, үрім-бұтақ, туысқан* (*ТС., Іт., А., 1959, 262*). Шу келсе қожайын Тұлыптай сілкіп сабайды. Алып-ұшып өкпесі, Терісіне сыймайды. Әке-шеше, **зәузәті** Боқтағанда қалмайды. Тегінді мықтап сілкілеп, Бір аяқ асқа алмайды (*Нұртуған*). Құлданған Кәпін, Көбік **зәузатымды**, Шындыққа сыр беретін келді кезім, Іздейік барлық кекті үшеу болып, Ал, батыр, бірлесетін келді кезім (*Байзақов*).

Зәһар (заһар) – 1) *ағзаға әсер етіп, денеге зардабы жайылып, өлімге душар ететін химиялық зат, зәр*; 2) *ауыс. ызғар, зардап*. Парсы тілінде **zahp** – *у, зәр* деген сөз (*ПРС., М., 1960, 263*). Мүбәрәк басын көтеріп, «Ешнәрсе етпес, достым!» деп, Шаққан жерін жыланнның, Тіліменен жалаған. Саһәт тауып аяғы, Сол сәтте-ақ тарқады Ашытқан **зәһар** бағанадан (*Ерімбет*). Сенің сөзің **заһары** у жыланнның, Шіміркенер жан біткен ыза кернеп (*Ж. Саин*). Елімде болады батырлар Қарасай атты ұранды, Асынып жау-жарағын, Еліме шапқан қалмаққа, Орнатып тұманды Салатұғын ыланды, **Заһарына** шыдамай Қалмақ кезген шағынды (*Жамбыл*).

Зейіл – 1) *адам санасының айналасындағы объектінің ішінен керектерін бөліп алу үдерісі, ақыл-ес*; 2) *уақытша*; 3) *тоқталушы*; 4) *ауыс*.

ақылдан, естен жаңылу. Атанған қазақ болып үш Арыстан, Оншама сөйлемеймін мен алыстан. Табылса сөз қисыны **зейлім** шығар, Табылар **зейілділер** де жиылыстан (*Нұртуған*). Күн өтті қапалықпен қараңғылық, Басымнан өтті қызық бірталай жас. «Қабылдап өтінішімді алдым» десең, Бітіріп мақсатымды **зейлімді** аш (*Нұртуған*). Жаманда дедің, датқа, мейілдерің, Кемісін ашуланып **зейілдерің** (*Майкөт*). Омбы бастықтарынан **зейілі** шығып қайтты (*Ә. Нұрпейісов*).

Зекет (зака́т) – 1) тазалық; 2) қайыр, садақа; 3) оннан бірі; 4) діни. *зекет* – мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық. **Зекет** – ислам діні бойынша, жылдың аяғында, жазғытұрым қожса, ишандардың халықтың мал мөлшеріне салатын салығы, үлесі (ТС., *Іт.*, 1959, 262). Парсы тілінде **зей** – өмір, тіршілік, азық дегенді білдіреді (ПРС., *М.*, 1960, 264). **Зекет** парсының *зей* сөзімен қалыптасқан діни салық түрі. Бұрын **зекет** малдан алынған. Мөлшері 40 қойдан 1 тұяқ, 5 түйеден 1 қой **зекет** бермеген адамдардың үй-іші мен мал-жаны алланың кәріне жолығып, қырсыққа ұшырайды деген сенім бар болған. **Зекет** – мал өсіруші аудандардағы қазақ шаруашылықтары малдарының жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде төленіп отырған (*Елеусізов М. Ш. Уәлиханов. экон. көзқ. А.*, 1959, 22). Мақтанып құр өтірік өкпелейсің, Білмейсің ақылыңның азы-көбін! Неке жоқ қатыныңда, малда **зекет**, Айтамын шарифаттың арғы түбін (*Ерімбет*). Әр жылда үсір, **зекет** тапсырып жүр, Екеуің Нұрмаханмен бір барарсың, Салсүйек, ұйқы жолдас, ауыр едің, Сен шіркін қатарыңнан құр қаларсың! (*Ерімбет*). Жиып ап қайыр-садақа, **Зекет**, үсір, пітірді Дұрыс па беру әкеліп, Жорғаға мінген ғалымға?! (*Нұртуған*). Себебінен қалмақтың, Хиуа, Бұқара, Самарқандқа Біздің қазақ тоқтаған. Барған елі Қарақалпақ, Өзбек пенен сарт болған. «Ақ тоқым» деп қазаққа, Барған соң бұлар ат қойған. Жасауылдарын жіберіп, **Зекет** деп малын ап қойған (*Нұртуған*). **Зекет** алса молдалар, Жұмаққа жұртты жолдайды (*Жамбыл*). «Қонағым өзіңе де қарай отыр», – Дегендей неге керек құр қошемет?! Ораза, намазбенен хабарың жоқ. Жалғыз-ақ беріп жүрсің малдан **зекет** (*Күзен*). Ұлт отауын тіккенде Жойылар елдің «қорлығы». «**Закатқа**» жетім ұстайтын «Қоқанның» болмас қол құлы (*І. Жансүгіров*).

Зина (зына, зінә) – 1) тұрақсыздық, неке бұзушылық, бұзықтық, азғындық; 2) жезөкшелік. Қарасай ашудан жарыла жаздады. «Қас жаман әкесін өлтіріп, шешесін **зына** қылған адаммен дос болады!» деген екен. Саған соның кері келіп тұрған жоқ па?! Онда өзім өлтіремін! Деп үйге қарай адымдай басып келе жатты (*Нұртуған*). Өзің таза жүргендей Ұрлық, **зына**, ғанибет Үшеуін айтып қозғадың. Көзге айтамын көркінді, Осылайша, ұлтым, тозғаның! (*Нұртуған*). Егер мен болсам ақымақ һәм тәкаппар, Бір табан **зынаға** да жақынырақ, Себепсіз сепкіл жағып қараладың Енді мен болып тұрмын ба ісім аппақ? (*Ерімбет*). «**Зінәдан** жаман – ғайбат» деген, Хадисінде ол ғазіреттің, Аңғармаған адам емес. Өкпелейтін орным жоқ па, Інім Жүсіп надан емес? (*Даңмұрын*). «Даналық» – бізге қайда данышпандық Келемеж бұл сөзіңіз, кәміл

сарас... «Әл ғайбат әшәду мінә-зінә деген, Шығуға бұл сөзіңіз емес жалас (Әбдікәрім). Мұғалім **зина** да қылады – деді ол (І. Жансүгіров).

Зияда – 1) ұлгаю, көбею, арту; 2) қосу, үстеу, үстеме; 3) артық. Жас адам қартқа қастық көп ойлайды, Керіліп, кіруіне жол босатпас. Өзіне ол кеуілі тіпті **зияда**, Кәрімнен не қылады болып қастас?! (Ерімбет). Сенің басқада жұмысың қанша, бала, Бұл сөзің секілді емес пе ащы малта-ақ?! Жарағы жараспайтын адамды айтып, Сенің бола ма бақытың **зияда**, өмірің алты-ақ?! (Ерімбет). Мысалы: ғиззали (степенный), **зияда** (высоко), ағзам (ұлы) ...кітаби лексика болып табылады (І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев). Ғизатлу, бек **зияда** уа хұрмәтлу, Мәгәрки көрсем сізді көңілім шатлу, – деп жазған бір өлеңінде Жүніс (С. Мұқанов).

Зият (зияд) – көп; өте, аса, тым жақсы; артық, сыпайы. Сәскеде шапқан Құла ат Ұмтылумен келеді. Кейде төпеп нәсердей, Кейде тартып желеді. Желгенінде жүрісі Шабыстан **зият** өнеді. Нағыз жүйрік екенін, Батыр енді біледі (Нұртуған). Шекесінде Қамбардың Бар екен алтын тұлымы, Сұрап алған құдайдан Әлімбай ханның құлыны, Ешкімге аза бермеді Қыздан да **зият** қылығы («Қамбар батыр»). Ерден **зият** әйелдер, Әуелде болған жұмыскер, Еңбек ері ежелден (С. Керімбеков). Оқушым, айтушыдан болсын **зият**, Ақыл менен ғылымның білсін парқын (Ақан сері). Жаппастың тиын берген мырзалығын, Мақтапсың білгеніңше беріп **зияд**. Мәселен, уақыты болмай қалса бірі, Жазып сөз жамандайсың деп: «бейаманат» (Қаңлы Жүсіп).

Зұлмат – қараңғылық, қара түнек. Араб тілінде **зулматун** – қараңғылық, қара түнек деген сөз (АРС., М., 1958, 625). Сонан соң тажал-аят шығып зұлым, Болады дүниежүзі **зұлыматтай**. Аума, ақымақтардың ізін аңдып, Алады айламенен атпай-шаппай (Ерімбет). Ерліктің таңы келерін **зұлматты** жеңіп бақтық біз. Қуаныстық сезініп, Өтерін құлдық шақтың біз (С. Сейфуллин). Түнерген **зұлмат** аспанда Бұлтты қуды рахман күн, Сары арқаға қарасақ Мұнартқан әлі түн (С. Сейфуллин).

Зұлпұқар (зұлпыхар, зұлфыхар, зұлфухар, зұлфұқар, зұлфухар) – омыртқа кесер (Мұхамедтің қызы Фатиманың күйеуі, Мұхамедтен кейінгі төртінші халифа әзірет Әлінің дін аңызындағы екі жүзді, айыр ұшты қылыштың теңеуі). **Зұ, зү (зү)** – 1) бар, бар болу, ие, ие болу; 2) меңгерген (Бір нәрсеге ие болуды көрсету үшін сөздің алдына қосылатын қосымша (зұлпықар – «қылышты», Зұлқарнайын – «екі мүйізді» Н. Д. Оңдасынов). В. Гордлевский «Мұхамедтен Алиге мұра болып қалған қасиетті өте өткір қылышты *ауалфихар* деп атаған. Оның ұзындығы 40 кез екен деседі», – деп түсіндіреді (Гордлевский В. Қарақононгу, Б., 1927, 19-20). Баһадүр, батыр болсаң, Ғали қайда, Суарған судай қанға **зұлпұқарын**?! Палуан жігіт болсаң егер, Хамза қайда, Сарғайтып, аттырмаған дұшпан таңын (Ерімбет). Асынған ер қаруы бесеу де емес, Дүлдүл мен **зұлпұқарын** қылады ермек. «Қайғы жоқ

тәуекелде» деген рас, Тәңірдің өзінде дейді алмақ-бермек (*Ерімбет*). Өтіпті бізден бұрын Қазірет Ғалы, Ұжмақтан шыққан оның **Зұлпұқары** (*Жарылқасын*). Дәумен найза салысқан, Диюменен жарысқан, **Зұлпыхарын** сілтеген, Сілтесе қылыш тас кескен (*Жамбыл*). Астында айшылықты алты-ақ атар теңбіл көк дүлдүл, қолында он екі құлаш **зұлпыхар**, Лақап бойынша арыстан атанған Әлі батыр Қаптағайдың қара үйіне келіп тоқтады (*Ғ. Мүсірепов*). Желді қуып жетеді екен астындағы ақ тұлпары, Темірден де өтеді екен қолындағы **зұлфықары** (*Ә. Тәжібаев*). Қалижан Бекхожин «Әппакнама» атты соңғы кітабындағы «Ұлы Низамиға мадақ-қасыда» бөлімінде мазлұм, **зұлфуқар** секілді арабизмді әдейі қолданған (*М. Әлімбаев*). Жанындағы **зұлфұқар** Сілтесе жан қалмас па? Суырып алды болатты, сілтеген жерін қанатты («*Ер Қосай*»). Дін кітаптарының сипаттауында қазірет Ғали **зұлфұқар** атты қылышын қаһарлана сілтесе, қабат жердің астындағы көк өгізге жеткізеді-міс (*С. Мұқанов*). Қайралып **зұлфухардай** қауырсының, Жарқылдап жарып өтті дәуір сырын (*Қ. Бекқожин*).

Зұлжалал (**зұлзалал**, **зұлжәләл**, **зұлжалал**) – 1) ұлылық иесі (діни. құдайдың көп аттарының бірі, Алланың теңеуі); 2) патшам (патшаға айтатын мәртебелік сөз). **Зұлжалал** – екі түбірден құралған араб сөзі: **заулун** – көзге елестеу, әулие, аруақ; **жалалун** – ұлы даңқты, құдіретті болу дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 162-424*). Жолданды бізден нама сұрамаққа хал, Екі «мим» жанабыңа «жа» менен «дал». «Сын», «һи» шам дұғамыздан еште қалман, сақтағай дарғаһінде һақ **зұлжалал** (*Ерімбет*). Смағұлды жүргіздің Сабыр беріп ажалға. Сабыр бер сондай **зұлзалал**, Зарыққан мынау маған да?! (*Ерімбет*). Сүйендім, жалғыз Алла, өзіңе ал, Шипа бер кеселіме, сен **зұлзалал**?! Айтамын бірлігінді кеште, күндіз Келгенше бар қуатым, баһадар-әл (*Нұртуған*). Жеткізбей бұл мұратқа **зұлжәләлім**, Көргенсіз кеше түнде менің халім. Сырт күйік бір сағаттай білінген жоқ, Болған соң махаббаттан ішке жалын (*Ақан сері*). Мақтамақ өзіңе хас, **зұлжалал**, Ғапу қып көз жасымды айла қалап (*Әріп*). Шыққан кісі Бекжан мен **Зұлжалал** қажы тағы басқалар еді (*І. Жансүгіров*).

Зүрият (**зүрият**, **зурият**) – балалар, әулет, ұрпақ, жұрағат, тұқым, тұяқ; бір атадан тараған үрім-бұтақ. Яссауи Қожа Ахмет Түркістанда, Бұхара **зүриятынан** ер палуан! Ашылған Хиуада дін Хорезм, Халилдің міндетінде дін мұсылман (*Ерімбет*). Әнестен нәсілі нәсіп **зүриятпыз**, Үмметі Мұстафаның һая-һәннас. Тарихқа мың тоғыз жүз сегізінші жыл, екінші май числода жазған данас (*Ерімбет*). Сұрағанмен бермейді, Ала-алмасам ол ұят. Атыңды сұрап келіп тұр, Ағаңнан қалған **зүрият** (*Нұртуған*). Әркімдер мінеді бір атты, Ат деген ерге қанат-ты. Еш шырағы сөнбес деп, Тілеп болар **зүриятты** («*Бейбітшілік жасасын*»). Орынсыз өзін білмей өкіректенген, Қарғысын қазды еліктеп, айрылар шат... «Қазақтың **зүриятты**» деп кемітіпсің, Екенінді білмей жүріп қай **зүрият** (*Қаңлы Жүсіп*). От жемей суды көп ішпей,

Өз-өзінен жараған. Сен асылдан **зүрият**, Адамнан артық жаралған (*Нұртуған*). Пұсырдан қалған бұ да жалғыз із, соңғы **зүрият!** (*Ә. Нұрпейісов*).

Зындан – түрме, абақты, жерден терең етіп қазылған қараңғы тұтқын үй. Парсы тілінде **зендан** – түрме, абақты, қараңғы тұтқын үй (*ПРС., М., 1960, 261*). «Осы істің жолына бар дүние-малымды сарп етсем де, бір жағынан шықпай тынбаймын! Жарлыны Әміршімен қоса өлтіруге де, **зынданда** шірітуге де шамам жетеді!» деп, жындана жаздап үйіне қайтты (*Нұртуған*). Қараңғы, суық **зынданды**, жатақ қылды тәніміз. Қылыштың жүзі, Мылтықтың аузында болды жанымыз (*С. Сейфуллин*).

Зікір – 1) еске түсіру, еске алу; 2) ес; 3) даңқ; 4) діни. *зікір* (топ адам қосылып құдайдың 99 есімін, сипатын атап, ұдайы дұға оқу, *зікір салу*). Араб тілінде **зикрун** – еске түсіру, алланың атын хормен айтып, оған сиыну дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 348*). Мәулім деп сол баланың атын қойып, Қызметін аямады келген қолдан. Мүриті бұл шайықтың бес жүз адам, Зарлаған **зікір** айтып таңсәріден (*Нұртуған*). Қамырдан үзбей қыл тартқан Уағыз айтқан пірің кім? **Зікірімен** жөн тапқан Төрт түлікке сайың кім? (*Нұртуған*). Періште көкте қуанды, **Зікір**, тәспи көп айтқан. Жұмла әулие тебіренді, Жәдігер жақсы тұяқтан (*Нұртуған*). Молда емессің, соқырсың, **зікір** айтып зарлаған, жаназа оқып өлгенде, Педия алып жалмаған (*Жамбыл*). Сонан соң жеті күн ұдайымен **зікір** салып, басындағы дұғасын аламын, – деді ишан (*С. Торайғыров*);

Зікір салды – үшірді, бақсылық етті. Басына сәлде орап, **зікір салып** бір күнде «әпенде» болып келген Абайды көрмейік, – деді ол (*М. Әуезов*).

И

Иман – 1) Ислам дінінің үйретуі бойынша құдайға құлшылық ету туралы дұға, сенім, мұсылман болудың шарты (*Иман – Пайғамбардың Алла атынан түсірген хабарламалары мен бұйрықтарын сөзсіз қабылдауды, мойындауды және орындауды Иман дейді. Бұл мұсылмандық белгісі. Иманның алты шарты бар: 1. Аллатағалаға иман келтіру; 2. Періштелерге иман келтіру; 3. Кітаптарына иман келтіру; 4. Пайғамбарларына иман келтіру; 5. Ақирет күніне иман келтіру; 6. Жазмыш пен қазаға иман келтіру*); 2) ескі ұғым бойынша сауап, адалдық, ізгілік ұждан, ар. Араб тілінде **иманун** – Құдайға деген сенім (*АРС., М., 1958, 521*). Жиһанда тірі қалған үш-ақ адам: Хам, Сам, Япс-Нұх ұғылынан. Тоғыз жүз елу жасап, нәсіп бітіп, Көшіпті екінші адам бұл жалғаннан. Хид нәби пұд қауымына **иман** етіп, Түсінбей шейхтардың бәрін қырған (*Нұртуған*). «Тура биде туған жоқ, Туғанды биде **иман** жоқ» дегенді қазақ түсінбей, Өзді-өздері ұрысты (*Нұртуған*). Шоңмұрын кет, маған көрсетпе! **Иманым** шошыды мұндайдан (*М. Ақынжанов*). Оттан, оқтан тайсалмау Кеудеден **иман** серт болып, Иілмеуші-ек дұшпанға Болаттай құрыш морт болып (*С. Сейфуллин*). Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге **иман** парыз

деген, әрбір **иманы** бар кісіге ғибадат парыз деген екен (*Абай*). Онымен бойына **иман** дәулет бітірер ме... Адалды сатсаң арамға, Құдай қабыл етер ме... (*Абай*).

Инабат – 1) уәкілдік сенім; 2) ауыс. адамгершілік сезім, ар-ұят, әдеп, ізет. Қалуға болмай тұр маған, Қадірлімін бір саған. Диуанаға айналдым, ойдан кетіп **инабат**. Мен іздеймін, іздеймін, Кәнеки, пірім, жауап қат? (*Нұртуған*). Бір сыла шықпа жанға бола ма деп, Шақырам халық жақсысын **инабатты-ай**. Келмейді «сыла» деуге ешбір тілім, Ұсынған һақ әміріне бәрі ұяттай (*Ерімбет*). Қырыққа келгенінде ақылың толып, Секілді патша уәзірі сөз ұнатқан. Елуге келген соң қария болып, Тұрарсың қатар еніп **инабаттан** (*Шәді төре*). Ар **инабатқа** сенсеңдер Айболдың жасы биыл 17-ден 18-ге шығады (*Ә. Әбішев*).

Инжил (інжіл, енжіл) – *Евангелие (дін аңызынша Құдай тарапынан Иса пайғамбарға түскен қасиетті кітап-мыс, ол христиандардың негізгі діни кітабы)*. Мен «**инжил**», «таурат», «забор», «құранды» түгел оқыдым,– деді («*Мың бір түн*»). Таурат та, Забур, **Інжіл** де қалдырған жоқ, Бір ерді қылды Мұрсал, көңілі сергек. Айсызда адастырмай, жолсызда сол, Көрсеткен қараңғыда айды пәлек (*Ерімбет*). Дүниеге шарапатлы Ғайса келіп, Халықты **інжіл** оқып, сөзін жайған. Даража отыз жаста келіп бұған (*Нұртуған*). Алланың анық атын бүркей сөйлеп, Алдады тексеруші тағы **інжілді!**... (*А. Пушкин*). Үн шашқан жер дүниеге биік тұрған, Жаса, деп жаңа тұрмыс салған ұран. Үн шашқан Коминтерн радиомен Қалсын деп шірік таурат, **інжіл**, құран (*С. Сейфуллин*). Құран мазмұнының төрттен біріне жуығы тәурат пен **інжілден** алынған пайғамбарлар жайындағы аңыз-ертегілер (*Х. Ақназаров*). Айса-шата кімнен туған? Мынау **енжіл** неткен мылжың? Бір белгі жоқ құдай қудан, Түскен де жоқ көктен бір жын! (*Қ. Бекқожин*). **Енжілді** саулатқанда даусы қандай Шеркеудің қабырғасын күңіrentіptі (*Ғ. Қайырбеков*).

Инсан – адам. Күллі **инсан**, ошал дарақ саясында, Болмаса ол ғылым ұнар, мағұлым жайым. Адамзат – хайуанаттың бір данасы, «Ғылым еді» деп үйреткен бұл моллайым (*Ерімбет*). Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан ақылды **инсанды** жаратыпты (*Абай*). Адаматадан өрбіген **инсанның** бір-біріне жаттығы болмайды, – деді ишан қымызды бір-екі жұтып қойып (*Ж. Арыстанов*).

Илтімас (ылтымас) – тілек, өтініш, жалбарыну, жалыну. Ереке жазып едім сізге **илтімас**, Есітіп: «Ер екен,– деп,– нағыз хас! (*Ерімбет*). Сөз болса бұл тарихта қоя тұрып, Жан аға жазып берші жақсы **илтімас** (*Әбдікәрім*). Жолданды жанабыңа бұл **ылтымас**, Көненің асылына кәмәлаттас (*Кете Жүсін*). Қалмасын айтылмай еш сыр, қарындас. Жазушы Ыспап қари Сүлейменнің Жолданды бұлайынша бір **ылтыма** (*Ы. Сүлейменұлы*).

Итжеккен – ерте кездегі қазақтар Сібірді осылай атаған. Сібір – Итжеккен (М. Ақынжанов). Иығыма хан ішігін ілгеннен соң, Көңілім орнығып тұр, жүрегім шат! Айдатар **итжеккенге** деп келгенде, Тыңдады хан сөзімді қылып тағат (Нұртуған).

Ишан – дін басы, дінге қызмет істеген адам. Башқұрт тілінде **ишан** – дін қауымының басы дегенді білдіретін көне сөз (Башк.РС., М., 1958, 220). Дүнияда Қызыр, Илияс, Иса, Ідіріс, Басқасы жалғаншыға келіп қайтқан. Пәниден **ишан** да өткен, сұлтан да өткен, Жүргізіп дін қуатын алапаттан (Ерімбет). Нәбиге қызмет қылған көрген адам, Атанған «сахаба» деп **ишанға** ұқсап. Қайратты, ақылы зерек болғандарын, Жұмсаған дін басшысы былай нұсқап (Нұртуған). Бұл заманның **ишандарына** бек сақ болындар (Абай).

Ишарат – 1) нұсқау; 2) кеңес; 3) белгі, дабыл, ым. Ордаға ең алдымен Әділхан, сонан соң Сұлтанай кірді. Бұлардың екеуі де Күніке палуан мен Телағысқа сәлемдесіп қолдарын ұсына беріп еді, оған Күніке қолын созбастан иегін көтеріп, «отыра бер» дегендей **ишарат** білдірді (Нұртуған). Жамбасты жақын көңіл жар-досыңа, Берсе асып, белгісі емес пе тәрбияттың?! «Екеуін сегіз буаздың әйел мінер», Деп нышан көрсетіпсіз **ишараттың** (Ерімбет). Аяғы екі аяққа мәсіх пенен бітуші еді, бұлар хәммасы болмас көбі **ишарат** (Абай). Ақылы барға **ишарат** (Мақал). Екі шыны табаққа сары май салып, күжілдетіп ақ самаурынды келтіріп, шайға **ишарат** қылды (С. Сейфуллин).

К

Кәззәп – жауыз; біреуге жаманшылық ойлайтын қанішер, қаныпезер. Дегенін қойды патша «Ұры, **кәззәп!**» Екенін анық сақи отыр көріп. «Жүр едім бұрын білмей алыстықтан, Әркімнің жамандаған тіліне еріп» (Ерімбет).

Кәлам – 1) құран; 2) сөз тіркесі, сөйлем, сөз. Өзелден асылы һақтың орны мағұлым, Орнына әзәзілдің барып еді. Аяттан оқып көрер сенбегендер, **Кәламда** һақ Расуліге жазып еді (Ерімбет). Анасы сонда сөйлейді: Молдалар оқыр **кәләмді**. Бісмиллә деп жол басын («Алпамыс»);

Кәләм-шариф // **Кәлами-шариф** – қасиетті кітап, бағалы сөз. Араб тілінде **каламун** – байланысқан сөздер, фраза, сөйлеу; **шарифун** – білімді, мейірімді болу (АРС., М., 1958, 503-892). Сөзіңді **Кәләми-шарифке** өлшеп қара, Білерсің бар екенін қандай шашақ. Бұл күнде өлшенбеген бар ма нәрсе, Алар деп алаң болма өлшемей-ақ?! (Ерімбет). Меккеден дін ислам жайылыпты, Хақ досы **Кәлами Шарифті** қолына ұстап. Барлығын осы дінге көндіріпті, Құлатып басқа дінді алас тастап (Нұртуған). Жасыңнан жанып шырағың, **Кәләми шариф** оқыған. Оқыған даусың кетпейді, Құлаққа сіңген тосыннан (Ерімбет). **Кәләм-шарифтей** кітаптар келеді дейміз. «Шындықтың» бәрі **Кәләм-шарифте** айтылған (М. Әуезов).

Кәр – зәр, ызбар, қаһар; адамның ашуға мінген, ашу шақырған қалпы. Араб тілінде **қарһ** – қаламау, сүймеу, жек көру дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 877). Парсы тілінде **қаһар** – айбат көрсетті, ашуы келді, күш көрсетті деген мағынаны білдіреді. Қалып тұрмын әдеттен, Ісім болмай қызметпен, Тақсыр-ай өзің білесің Мүритіңе **кәр** етсең (Нұртуған). Жүз нарға парша, мәулім артты бәрін, Ұмытып бұрынғы қастық, қылған **кәрің**. «Әрқашан бір нәрсеге болса қардар, сәлемге келіп тұрсын әр жылжарым!» (Ерімбет). Атын мініп Едіге, Жүре берді айналмай. Іс қылуды ойлады, Кетті деп қалмақ арманда-ай. Жылқыға келіп **кәр** қылды: «Айда,– деп,– бірін қалдырма, Орданың қонған жеріне!» (Нұртуған). Қатал, қайсар жүрегі Қайтпас боран **кәрінен**, Қымбат елдің намысы Партияға бәрінен (Ж. Сайн). Зар өтпес те, **кәр** өтпес топас, –Уа, кет жоғал! Құдайдың **кәрің** көріп болған Қодар... (М. Әуезов). «**Кәр** қылмас – күш көрсетпес, күш қылмыс – әлі келмес. Мұндағы «кәр» деген парсының «қаһар» (бұл үлгіде қазақ тілінде көп кездеседі) дегеннен алынған болу керек» (І. Кеңесбаев). Қандай **кәр** қылып жаза кессе де бұл ұлықпен (Абай) – салысып қалмақ (М. Әуезов). Тәңірінің **кәріне** ұшырамай тұрғанда, кетейікші тезірек (Ә.Сәрсенбаев);

Кәр етті – қаһарланды, ұрысты;

Кәріне ұшырады – қарғысқа тап болды, лағынетке, ашуға кезікті.

Кебенек – 1) малышының жауын-шашыннан қорғау үшін киетін киізден жасалған сырт киімі; 2) киім; 3) ешкі ауруы. Қызыл тілім, сөйлеп қал, Халық білер пұлыңды. **Кебенек** киген кей пенде Сөйлемей білмес сырыңды (Нұртуған). Үшеуі жағадан ұзаған шақта аңдып жатқан Мәулім жер бауырлап барып, үшеуінің **кебенегін** бауырына басқан бойы ербиіп тұра келді. Олар **кебенектерінен** айрылса, адамзатқа ешнәрсе қыла алмайтын (Нұртуған). Тон, **кебенек** киініп, Түз мекендеп, мал баққан. Жел, дауылмен бір жүріп, Күн сарылып, түн қатқан (Б. Сапарғалиев). Ерді **кебенек** ішінде таны (Мақал). Жылқыны бөгелек аздырар, Ешкіні **кебенек** аздырар (Мақал);

Кебенек киіп кетті – тірі кетті. Кебін киген келмейді, **кебенек** киген келеді (Мақал).

Кебін – өлген адамды орайтын ақ кездеме, ақырет. Араб тілінде **кафанун** – ақырет, кебін деген сөз (АРС., М., 1958, 888). Алып тұр жұмла Қайбар суық демін, Төрт мың ер өлгеннен соң кимей **кебін**. Жоқ болды Мақатілдей неше палуан, Секілді бұл бір орақ, біз бір егін (Ерімбет). Мал алған соң «олжа» деп, «Сарқыт» деп мұнан және алып, Қатыныңа мақтандың, Үстінен шығып олжаның. Дұрыс па **кебін** киюге, Құдайжолы беруге, Шашуға осылай жиғаның?! Адал жүріп мал таппай, Терлетіп маңдай оны бақпай, Ақыретке барғанда, Дәлел таппай қиналдың! (Нұртуған). **Кебінің** жоқ, көрің жоқ, Ит пен құсқа жем болып, Жапанда қалыпсың қуарып («Қыз Жібек»). «**Кебін**» – араб сөзі (І. Кеңесбаев).

Кездік – кішірек пышақ; өткір жүзі бар, сабы бар бір нәрсені кесуге арналған құрал (ТС., *Іт., А., 1959, 280*). Түркі тілдерінің ескерткіштерінде **kelik** – әйелдердің киіміне тағып өздерімен бірге алып жүретін кішкене пышақша (Қашқари М. *Дев. луг. турк. Іт., Т., 1960, 443*). Бір аяқ қатықты құйып алып, оның үстіне әйел зәр сындырды. Айранның сары суы сияқты болды. Бетін жауып қойды. Бала келген соң жаңағы сусынды берді. Едіге ыдысты қолына ұстап отырып-отырып, жанынан **кездігін** алды (*Нұртуған*). Өткір қара **кездікпен** Мұрнын кесіп шұнтитты («Қамбар батыр»).

Кембағал – мүсәпір, сорлы; киер киім, ішер тамағы жетіспейтін, күн-көрісі төмен жоқ-жітік адам (ТС., *Іт., А., 1959, 285*). Парсы тілінде **камбагал** – кедей, мүліксіз дегенді білдіреді (ПРС., *М., 1960, 405*). Тәжік тілінде де **камбағал** – кедей, мүлкі жоқ, тақыр кедей деген сөз (Тадж.РС., *М., 1955, 176*). Әртүрлі меһнатқа болып һамма, Аландап ақылыңа берме залал! Изеттілік дүниядан болған ғани, Өнерден тарыққанда не **кембағал** (*Ерімбет*). Жүрмісін есен-аман кең саңлақтар, Көк мұзда тағасыз ат тайғанақтар. Сарыжан сайма-саймен аманбысың, Аш-арық, **кембағалмен** сені жақтар (*Шашубай*).

Кемер – белбеу, белдік. Парсы тілінде **камар** – бел, мықын дегенді білдіреді (ПРС., *М., 1960, 406*). Салтанатпен сән түзеп, Кисін ерлер туымды. Алтын **кемер** айшықты Сыртынан бусын жиында (*Нұртуған*). Лайқат ер басына алмас қылыш, – Қабы алтын, сабы дәннен – қыспа күміс. Сарала бауы болса нақышталған, **Кемерге** парлас келсе болмай кеміс (*Нұртуған*). Саймандарын сайланып, Алтыннан **кемер** байланып, Жылқыға қарай жөнелді («Алпамыс»);

Кемер белдік – әшекейлеп, қайыстан не былғарыда істелген белдік; «Кемер» – парсы сөзі (І. Кеңесбаев). Омырауы ашылып, Шалғай кеткен шашылып, Алтынды **кемер белбеуі** Мықынын басып тұрмаған (*Нұртуған*).

Кент – қала, қыстақ, шаһар. Түркі тілдерінің ескерткіштерінде де **канд** – оғыздар және олармен көршілес тұрушылардың тілдерінде қыстақ делінген (Қашқари М. *Дев. луг. турк. Іт., Т., 1960, 330*). К. К. Юдахин **кент** – отырықшы ел; қыстақ; қала дегенді білдіретін парсы сөзі деп көрсетеді (Юдахин К.К. *Кир.РС., 1940, 254*). Омаржан, ойын көрме, назым да өнер, **Кент** халқы көрсе сөзінді қылар мазақ. Аяғын бір әріптің байла сөздің, Һәм толғау жаз тағы осындай, өзге, ұзақ (*Ерімбет*). Ол күнде ұлық шаһар Қайбар, Ходжент, Кілтті қараушы еді бірнеше **кент**. Ол уақта Қоқан есімі көп жоқ еді, Һәм оқ еді: Шыназ, Шымкент, осы Ташкент (*Ерімбет*). **Кентті** жерде жайлаған үзілмейді базары, Қайда қалмас жігіттің өлгеннен соң мазары («Қобыланды батыр»). Жақсы жүрген жеріне **кент** салады, Жаман жүрген жеріне өрт салады (*Мақал*).

Кеңес – СССР-дың мемлекеттік өкімет орны; совет (ТС., *Іт., 1959, 288*). Таңы атты кедейдің Бірлікке үндеу – ұраным. **Кеңесім** қазір нығайып, Мәлімдеді тұрағын. Қызылорда – астанам Білесіздер бұл жағын (*Нұртуған*).

Төңкеріс елдің жанжалын, Атақты **кеңес** заңдарын оқыдық, көрдік, үйрендік, **Кеңестің** газет-журналын (С. Дөнентаев).

Кере қарыс – (халық өлшемі) Көбіне маңдайға, қастың арасына, бет пен жаққа, ауызға, азу тіске, иық, жауырын сүйекке, сондай-ақ, жылқының құлагын т.б. байланысты айтылады. Кереге бойы қар жауып, **Кере қарыс** мұз тоңып, Бір зымыстан қыс қылды Үш Еділдің алабын (Нұртуған).

Керуен – жүк артылған (тиелген) бірнеше көлік тізбегі. Парсы тілінде **каруан** – керуен дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 391). Жарты жолға келгенде, Айдалаға түстенген Бір **керуенге** кез келді (Нұртуған). Мұнан соң орда жанына, Әкелді **керуен** айдаған. Үш жүз түйе жүк түсті, Көп қазына тайлаған (Нұртуған). Халық, сірә, өлшемесін өз басыңды, Төбеңнен **керуен** көшіп жол салса да, Қыла бер кешірімді малабастай (Ерімбет). Кенғанға Жақып нәби патша болып, Дұғамен кәпірлерді отқа жаққан. **Керуеннің** саудагеріне Мәліктей ғар, Теңгеге он сегіз пұл «кұл» деп сатқан (Ерімбет). **Керуен** тартты шұбалып, астық тиеп күндіз-түн, Қарады әлем таңқалып, Құдіретіне колхоздың (Ж. Саин);

Керуен басы – керуен бастаушы адам. Өзің біл есіткенім, көргенім сол, Қалауын енді өзің қыласың да. Мен өзім Қырымдағы Сапар деген, Саудагермін, **керуен басы** деді сонда (Нұртуған). Сергек шофер бір жолдасы Киіп-жарып жота берді, Бір жолдасы **керуен басы**– Қарт бақташы Амангелді (Қ. Бекқожин);

Керуен сарай – жолаушы түсіп-түсіп өтетін арнаулы орын. Алты-жеті кісі қап қоржындарын иықтай Оренбургтің **керуен сарайына** кештетіп кіріп келді (Қ. Әбдіқадіров).

Керік – әртүрлі жұмыспен жол қатынасына пайдаланылатын мал (жылқы аты). Парсы тілінде **гурхар** – жабайы есек, құлан дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 429). Жөһіттің үйі құлап, қырылды елі, Сонда да босанбады қыздың белі. Мінеді қыз **керікке**, Ғали дүлдүл, Алысты ат үстінде екі шері (Ерімбет). Астына мінген **керігі** Шыға келді ойнақтап («Алпамыс»).

Кеуек – ін, апан; жерді үңгір етіп қазып жасаған жабайы аңдар жататын орын. Қой келіп, қозы шулар, түйе боздап, Биелер оқырынады құлыншаққа. **Кеуекте** күндіз жатып, басын бағып, Ақ қоян күндіз барар керқұмаққа (Нұртуған).

Кеуір (кәпір) – 1) діннен шыққан, құдайға сенбейтін адам; 2) жау, дұшпан. Араб тілінде **кафирун** – жасыру, сенбеу; кәпір болу, құдайға сенбеу деген сөз (АРС., М., 1958, 887). Жанқожа жаулық қылды ғайыр дінге, **Кеуірдей** халық дұшпанын зар жылатқан. Ол ердің рухына жүз мың рахмет, Исламның қамқоры үшін қылыш тартқан (Ерімбет). Жөніңді айтып білдірші, Сен ол ноғайдың кімісің?! Жауға барар жас жігіт, Ақылы кем, мас жігіт, Қайраты елге

паш жігіт, **Кеуірменен** қас жігіт, Мұсылманмен дос жігіт, Сеніп едің өзіңе?! Қалмақтың бұзып қаласын, Неше аттандың **кеуірге?! (Нұртуған)**. Мен залым; мен **кәпір** емес, сен **кәпір (М. Ақынжанов)**. Аруағы қашты **кәпірдің**, Сұсы басты батырдың («Ер Тарғын»). Қазіргі ауызекі сөйлеу тілімізде **кәпір** – жек көрген, жаны қаламайтын адамға немесе бір нәрсеге айтылатын сөз болып қалыптасқан.

Князь – 1) бұрынғы кездегі әскер бастығы және өлке басқарушысы; 2) патша уақытындағы өзіне, баласына, ағасына, інісіне, немересіне берілген (титул). Орақ пен Мамайдың қайтадан беделі артып, еліне иелік етті. Бұлардың кезінде қалмақтар тұрмақ, орыс мемлекетінің **князьдері** де бата алмады (Нұртуған).

Көбе – ерте кезде батырлар киген сауыт (ТС., Іт., 1959, 303). Ескі моңғол тілінде **көбе** – батырдың сауыты (Сарыбаев Ш, Құрышжанов Ә. ХЖТТ. А., 1959, 25). Оған қарсы сөйлейтін, Дінсіз қалмақ сен бе едің?! Едіге мұнда келсе егер, Жыртпас па еді **көбенді**, Оймас па еді төбенді, Ұрмас па еді ененді?! (Нұртуған). Бес қаруды байлапсың, Қаусырмалап дененді. Бірнәрсені ойлапсың, Үстіңе киіп **көбенді**. Батыр болсаң бикешті, Тез іздерсің сен енді! (Нұртуған). Ажал оғы келгенде, қорғаны болмас **көбенің**, Түсі суық келеді төрт қырлы көк жебенің (Жамбыл). Көп сандық ішінде **көбе** бұзар жебе бар (Махамбет). Зырқырай оғы кетеді, Қалмаққа таман жетеді. Көкірек қысқан **көбеден**, Зырлауменен өтеді («Қыз Жібек»). **Көбе** сөзі ана тілімізде құстың денесіндегі, қанатындағы бірін-бірі баса орналасқан қауырсындарға және жаға терінің астына кіре орналасқан тырнаққа қатысты айтылады. Бұлай бірін-бірі баса орналасуды **көбелену** дейді (Будагов). Табиғатта құстардың қауырсындарының, жыланның, балықтың қабыршақтарының бұлай орналасуы суықты, желді, суды өткізбейтін қорғаныс қасиетін күшейту үшін пайда болған. Құстың, жыланның бейнелері, қауырсын мен жылан қабығы «жылан бастар» өте ерте заманнан адамды, затты түрлі бәледен, көз тиюден сақтайды деп саналатын. Құстың қауырсынын жыланның қабығына ұқсатып сауытты көбелеу оның қорғаныс қасиетін арттырып қана қоймай, сонымен бірге магиялық, ырымдық рөл де атқарған (Акишев). Сондықтан **көбе** сауыттар мен **көбе** темірлері көлемі, формасы, орналасуы жағынан құстың қауырсындары немесе жыланның, балықтың қабыршақтары секілді қайталанып кездеседі. Пішіні жағынан **көбе** сауыттардың қысқа жеңді, ұзын етекті бешпент, қысқа жеңді күртеше және жеңсіз кеудеше тәрізді үлгілері болған. Кейде мойынды қорғайтын тік жағасы болады. **Көбе** сауыттың камзол типтес жеңсіз үлгісі де кездеседі. **Көбенің** жағасы, иық жеңі, иық бауы, ілгегі, бауы, **көбе** темірі, етегі болады. **Көбе** – батырлар киетін сауыт, оның екі түрі болады: бірі – жүректің тұсын, білекті, тізені, иықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт; екіншісі – бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мысты қатпарлап тізіп немесе метал шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәрізді етіп жасалған түрі, кейінірек

көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жонын, қабырғасы мен мойнын түгелдей жабатын *көбелер* де жасалған (ҚСЭ, V т., 642-643). *Қанды көбе* – жай сауыт емес, әрдайым ұрыс майданында болатын батыр киетін көбе.

Көбең – *толықсыған, жетілген, марқайған (жылқы туралы)*. Сөйлесе тамам жұрттан тайы бөлек, Данышпан Көлдейбеков Ержан деген! Біздерді шаппай, желмей шалықтырған, Етейген тай-құнандай болып **көбең** (*Ерімбет пен Шораяқтың Омары*). Мініп шықтым үмітпен Жолдасым Бурыл дөненді, Көкке тойған **көбенді** («Қобыланды батыр»).

Көдек – *сенгіш, аңғал*. **Көдектен** орынды сөз естіген соң, Ғаріп болып қайтарды жүзін қылапаттан. Насихат айтар болса, пәлен айтсын, Данышпан, терең ойлы озған топтан (*Ерімбет*). «Батыр аңғал, ер **көдек**» (*Халық мәтелі*).

Көк кебіс // **көкше кебіс** – *оюланған, әшекейлі кебіс*. Аяқта **көк кебісті** қара мәсі, Тігілген ұлтарағы шұғадан (*Нұртуған*). Кигені Айман қыздың **көкше кебіс** («*Айман – Шолпан*»);

Кебіс – *мәсінің сыртынан киюге арналған былғарыдан тігілген галош тәрізді аяқ киім*. Араб тілінде **кафш** – *аяқ киім; туфли, бәтеңке* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 530*). Әркім артында жатқан қамшыларына қолын созып жұмсақ мәсісімен ішінен бақайларын жыбыр-жыбыр еткізіп **кебісін** әрең сұғып киіп жатыр (*Ғ. Мүсірепов*).

Көк сүңгі – *бұрынғы батырлардың ұстанған найза іспетті бес қаруының бірі*. Жауыңменен бетпе-бет, Табысар күн болар ма?! Қарағай сапты **көк сүңгі**, Салысар күн болар ма?! (*Нұртуған*).

Көктен тілеу – *Алладан тілеу*. Жер іздеп, қоныс таңдап атам қазақ, Жатпапты құр сиынып, **тілеп көктен** (*Нұртуған*).

Көлік майы // **аттың майы** // **майын беру** – *көлік үшін; көлікті уақытша пайдаланғаны үшін беретін салық түрі*. Кедейлер «**көлік майын**» түйені, атты, өгізді пайдаланғаны үшін де салық төлейді (*М. Елеусізов*). Жауға мінер жарамды аты болмай, ол елдегі жирен сақал Қарағұл дегеннің Теңбілкөгін «**майын беремін**» деп сұрап мінген (*Нұртуған*).

Көнек – *бие саууға арналған көннен жасалған шелек*. Бақ-дәулет бар деп, жоқ деп есеп етпе, Қайқайтып саусаң да бие қара **көнек!** Құдайдың күдіретіне ақылым қайран, Ақыры солардың да тентіремек (*Ерімбет*). Нөкта желіні қайдан табамыз, **Көнек** торсық та жоқ, қор да жоқ (*С. Мұқанов*). **Көнектен** шошыған бие оңбас, Көптен бөлінген үй оңбас (*Мақал*);

Көнекті сырттан салды // **Көнекті сырттан сұрады** – *сырғақтап жоламады, жақындамады, іске немқұрайлы қарады* (*І. Кеңесбаев*).

Күйек – 1) күннің жылыған уақыты; 2) қой, ешкіні қашырып жібермеу үшін қошқар мен текенің беліне кесе көлденең байланған киіз. Күз айы – **күйек** болып күн шымыртса, Қыс белгі – жерге түссе боз қырауы. Ерітіп ертеңгісін тысқа шықсаң, Қалың шат, қаға жүрсең көп жыраны (*Нұртуған*). Бір күні жаулайтұғын жау жоқ, даулайтұғын дау жоқ, қаңтардың **күйегінде** қолына құс алып, соңына ит ертіп, Орақ Құсмұрын қара шоқыға шығып, арқасы құрыстап: «Бозданың қалыңының арасынан айқайлап аң шақырайын және ішімдегі шерімді шығарайын» деп қаһарлана ақырды (*Нұртуған*). **Күйек** байлаған қошқарша қылтындап киіз сөмкелі біреу жүр (*Ғ. Мұстафин*).

Күйме – ерте кездегі төбесі жабық көлікке жегілетін сәнді арба. Түрмеден басқа кимеген, **күймеден** басқа мінбеген ханшалар жайдақ түйеге мініп мазалары кеткен соң, киімдерін басына бүркеп, әуреге түсіп, егіліп жылайды (*Нұртуған*). Суарсын Нартайлақты екі мезгіл, Қоржыннан қос уыстап берсін жемді. Сипасын сәске уақытта жабу алып, **Күймесін** абайласын, түгі күнге! (*Нұртуған*). Төлеген үш рет: Бұл **күймеде** тығылған жан бар, сен еркекпісің, ұрғашымысың, тірі адам бармысың, – деп дауыстап шақырды («Қыз Жібек»).

Күң – кеңес үкіметінен бұрын, байдың отын-суын алып, малын сауып, есігінде жүретін еріксіз әйел. С.Е.Малов күң қытайша **гун** – жұмысшы, құл, нашар келін деп көрсетеді (*Малов С. Е. Яз. о жел. уйгур. А., 1957, 61*). Жығалы қымбат тәжінді, Сол киер деп қорқамын! Құшақтаған жарынды, **Күң** қылар деп қорқамын (*Нұртуған*). Сұлу жанға ер ғашық, Бейшара құлға **күң** ғашық, Екі құлын ойнаса, Тұрмай ма, тіпті, жарасып! (*Нұртуған*). Бұрын құл мен **күң** болған, Тұрмыстың тартқан ауырын (*Жамбыл*).

Күпі – ертедегі сырт киім. Ол ішіне қойдың, түйенің жабағы жүнін салып, бидай шүберекке сырып, сыртынан берік бір түсті матадан тігілетін қарапайым, киім. Оны ерлер, әйелдер, балалар да киеді. *Күпі* жеңіл әрі ыңғайлы болады. Көбіне бұл киім көктем мен күзде киіледі. Қырық жамау үстімде, Түйе жүн жұқа **күпі** еді. Қаңтардың сары аязы, Шиден де жаман өтеді (*Нұртуған*).

Кіресі – 1) кіре, керуен, кірекеш; 2) кіре тартуға жалданған адам; керуендегі көліктерді айдайтын кісі. Араб тілінде **кираһун** – ақы, жалданған көлік ақысы (*АРС., М., 1958, 878*). К. К. Юдахин қырғыз тілінде **кіре** – жалдап алған көлік; көлік ақысы; керуен деп көрсетеді (*Юдахин К. К. Кир.РС., М., 1940, 263*). «Ағасы маған опасыздық жасады» деп хан Құттыбиді де сарайдан қуды. Сосын Құттыби Сәтемірге, **кіресіден** «құда-құдағиларың өлді, күйеуің аман қалды» деген жасырын хат жіберді (*Нұртуған*). Төрт-бес өгізді жүйелі **кіресілер** үйілген көмірді тиеп алып жатыр еді (*Ғ. Мұстафин*).

Кішік – *кіші, кіші пейіл*. Түркі тілдерінің ескерткіштерінде **кічік** – *әр нәрсенің кішісі* (*Қашқари М. Дев. луг. турк. Іт., Т., 1960, 371*). С. Е. Малов. Сары ұйғырлардың тілінде **кічіг** – *кішкене, кіші* деп көрсетеді (*Малов С. Е. Яз. жел. уйгур. А., 1957*). Базбіреу қолда барды ұқсата алмай, қуартып кенезесін шөл етеді. Өнерлі, білімді жан **кішік** келіп, Көңліңді ақылымен көл етеді (*Нұртуған*). Азулы аңмен шайқаста «Бірлік!» атой ұраны, **Кішік** келіп тимейді Ешбір жанға зияны (*Нұртуған*). Туған деп ерден бала кім айтады, Дұшпаннан ата алмаған алмаса кек?! Атанар талдан гүжім, жер де солай, Жат, жабыс, артсын бағаң, болма **кішік** (*Ерімбет*). Ұлық болсаң **кішік** бол (*Мақал*).

Қ

Қадим – 1) *ескі*; 2) *арғы*; 3) *ескілікті*; 4) *көне, тозығы жеткен*. Бұл шаһар Бұхара деген қала, – деді, – Күнелткен сендей пақыр әлденеше. Ішінде екі түрлі халық тұрады, Бірі сарт, бірін біледі шиға десе. **Қадимнан** келе жатқан бұл зор қала, Пақырға өздеріндей көп жұмысы (*Нұртуған*). Мынау жер **қадим** тұр. Қарқарада жаны тұр (*С.Торайғыров*). Әрбір хадисте айтылатұғын бір **қадимге** тағриф болмайды (*Абай*). «**Қадим**» – арабша «ескі» деген сөз (*С.Мұханов*). Сырбай **қадим** (көне, ескі), ықылым (талайғы, ежелгі) деген сөздерді керегіне келістіре жаратқан (*М.Әлімбаев*).

Қазанат – *жылқы тұқымының ең мықты, ең берік, ең жүйрік түрі*. Бес қару ерге лайқат, Соның бірі – **қазанат**. Тұлпар ерлеп мінгенге, Не болмақ қару бөлгенге (*Нұртуған*). Тұлпардан туған **қазанат**, Ұстап алсам егерде, Мінісіме жарамды. Шақырайын тездетіп, Еңсесі биік ордаға Он сан мынау Ноғайды (*Нұртуған*). Жүздерің ыстық көрінді, Мен көрмеген перизат. Аттарыңа көз салсам, Пырақ екен қазанат (*Нұртуған*). Жылқым бар сәйгүлікті **қазанаттан**, Жығылмас шабуылда қазақ аттан («*Қазақ әдебиеті*»). Жол қылмаққа дұшпанға, Батырдың көңілі бұзылды. Мінуге керек **қазанат**, Беліне керек шар болат («*Қамбар батыр*»). **Қазанат** – арғымақ пен далалық қазақы жылқы (жабы) екеуін будандастыру арқылы алынған тұқым. «*Қазанат* арғымақтың жүйріктігін, ұшқырлығын, жабы тұқымының төзімділігін, аштыққа, суыққа шыдамдылығын, екеуінің де алыс жолға беріктігін қабылдаған» (*Ахметжанов К. Жар. тем. ки. А., 1996, 35б.*). Сонымен бірге шабуылдауға, соғысқа икемді. Қазақ батырлары жорыққа, жекпе-жекке, майдандағы ұрысқа осы қазанатты мінген.

Қазына – *асыл бұйым сақталатын жер*. Араб тілінде **хазинатун** – *қымбат заттар, жиналған мүлік; қазына* (*АРС., М., 1958, 277*). Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде *хазинә* сөзін «*соқравище, казна*» деп көрсетеді (*Фазылов. Э. Стар. уз. яз. т.т. I, II, Т., 1966*). Негізінде Нұртуған шығармаларындағы қазине сөзі «алтын, күміс, бағалы киім-кешек, қымбат жиһаз сақтайтын жер» дегенді білдіреді. «Бастырып қырық нарға **қазинесін**, Сұлтанай Қызылатты алып берді, – Келмейді жатса ұйқы

Қарасайға, – Қаруын қайтарам деп қайсы жерде?» (*Нұртуған*). Ауылға ноғай келсе барушы едік, **Қазина** малға сатып алушы едік («*Қозы Көрпеш – Баян сұлу*»);

Қазиналы // қазыналы. Көтер төсті мерейіне Отанның, **Қазиналы** ақын Қазақстанның (*Х. Ерғалиев*).

Қалауға түсу – дәстүр. белгілі бір затты қалау. Сөйтіп, үшеуі келіп **қалауға түсіп:** Қайсымызды аласың?» деді (*Нұртуған*).

Қалет (ғалат) – 1) қате, дұрыс емес; 2) қателесу, адасу. Әуелі жаратылды Нұн мен Кеп, Қиялмен айттым толғау тыңдасын деп. Болады үлкен ұят **қалет** жазған, «Толғауды өтірік жазған бұл несі?» деп (*Ерімбет*). Құрметлу жанабыңа, мырза Аппаз, Тағыңа жұмсап біреуді, көріп жақпас. Бұрынғы қариялардан **қалет** бар ма, «Татулық екі жақтан» деген рас?! (*Ерімбет*). Ойлаймын: Оразбайға көрсетерсің, Сөзіме мағына шын **ғалаттан** (*Қаңлы Жүсін*). Бабында балалықтың тұрсың анық, Қашқанмен құтылмайсың бұл **ғалаттан** (*Шораяқтың Омары*).

Қалқан – ерте кездегі соғысқанда жау соққысынан қорғану үшін қолданылатын аспап, көне соғыс құралы. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде де **қалқан** осы мағынада қолданылады. Бұл сөздің түбірі *қалқа* (таса, ықтырма) -н жұрнағы жалғанғаннан кейін тасаланатын, қалқаланатын заттық атауға айналған. Ерлер шықты өр кеуде, Қолына ұстап қалқанды. Ніл, Жайық екі өзен Шымырлап атып жатпады, Көбігін шашып бұрқанды (*Нұртуған*). Жел тұрды десе, Үйіңе арқан сал, Жау келді десе, Қолыңа қылыш, **қалқан** ал (*Мақал*).

Қалы кілем – асыл, үлкен кілем. Парсы тілінде **гали** – *кілем* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 377*). Бәйбіше шығушы еді аппақ үйден, Мамырлап ана қаздай, басып кердең. Түрікпен бау алты қабат, ақ текемет, **Қалы кілем** орын алатын ылғи төрден. Хан емес қара келсе де жаюлы еді, Дастарқан оқырама алтын зерден (*Нұртуған*). Сондағы ханымыздың тіккен үйі: Ақ туырлық, аппақ түндік, ақ үзігі, Түркпені бау, күміс құрсау, ораулы шиі. Үстінде **қалы кілем**, дастарқанның Ортада алты қанат болды сыйы (*Нұртуған*). **Қалы кілем**, қара нар, Тайтұяқ жамбы және бар, Дабылдарын бөктеріп, Аузы түкті қалмаққа, Көп ноғай сөйтіп жаранар (*Қамбар батыр*). Қара нар, **қалы кілем** – бұрынғы уақытта құрметті үлкен сыйлық, тарту ретінде «қара нар», «**қалы кілем**» берген. «Қара нар, **қалы кілемді**» айыбымыз деп, айып ретінде де берілген. «Үлкен кілем» дегенді азербайжан тілінде «қалы» дейді. Жүннен тоқылған жақсы кілемді қырғыз тілінде «Қалы кілем» дейді. Қазақ тілінде бұл асыл, үлкен кілем мағынасында қолданылады. Нар түйенің, малдың асылы, үлкені – қара нар; дүниенің, мүліктің асылы, үлкені – **қалы кілем**. **Қалы** парсы тілінен ауысқан (*І. Кеңесбаев*).

Қалың мал – қалыңдықты сатып алуға жұмсалатын мал. 1927 жылы Қошпан деген азаматтың кедейлігіне қарамай, көне үкіметтің кезінде баласына **қалың мал** беріп алған келінін елдегі шолақ белсенділер: «Кеңес заңына қарсысың, **қалың мал** беріп алдың» деп зорлық жасап, тартып алады (*Нұртуған*). *Қалың малдың* белгілі мөлшері болады. **Қалың мал** «Қырық жеті», «Бес жиырма» т. б. түрде де атала береді. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты (құда болу) қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада **қалың мал** туралы сөйлесіп келіседі (*Ы.Алтынсарин*). Әйелдің теңсіздігі бесікте жатқан күннен басталатын. Олар сол кезден бастап айттырылып, *қалың малға* алдын-ала сатылып қоятын (*М. Елеусізов*).

Қалыс (халис) – 1) таза, жасанды емес, табиғи, шын, адал; 2) ерікті, азат; 3) біткен, аяқталған; 4) ауыс. бейтарап. Қызым бар Қағаз атты бірге шыққын, Балаңмен бір жыл туған жасы құрдас. Балаңа **қалыс** үшін атап тұрмын, Хақ куә бұл сөзімді, айттым рас! (*Нұртуған*). «Халалдың арты жуан» деп айтып едік, Қайыры қаншама зор қара жердің?! **Қалыстың** қайбір ісі қара болмайды, Әрқашан ісі осындай болады ердің! (*Ерімбет*). Пышақты үш сермеді толды қауақ, Қауақтың қан келеді аузына шақ. **Қалыстың** қайыр ісі қате болмайды, Әр істің адал болсаң артына бақ (*Ерімбет*). Жазушы – бір кәмина, **қалыс** ағаң, Сіз қанық болған жоқсыздар жөндеріме. Балтекей – атам есімі, атым – Мықан. Хабарым мақұл көрдім бермегіме (*М. Балтекейұлы*). Бақшаға барғанда, бақшадан қайтып келе жатқанда, жолшыбай **қалыс** адамдардан да бізге жолаушылар көп болды (*С. Сейфуллин*). Бұлар өз иждиһадің бірлән ниет **халис** бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ (*Абай*). Ол суды жарты бөліп құйды меске, Міндетті мойындағы алып еске. Ақ іске анығынан асылған соң, **Халистің** қалай қалсын еңбегі ешке (*Шораяқтың Омары*).

Қамқа – алтындатқан, күмістеткен жіптен тығыз етіп тоқылған жібек мата. Алтын-күміс кигені **қамқа**, торғын күтуші қыз-келіншек жүр соңында (*Абай*);

Қамқа тон – қымбат, алтыннан зерленген сырт киім. Тонның ең әдемі, жылы, қымбат, бағалы түрі *қамқа тон* деп аталады. Оны бұрын би, бай, мырза, ханша сияқты ауқатты, белгілі адамдар мен әйелдер ғана киген. Киімнің бұл түрі ондатр, құндыз, бұлғын, манат тағы басқа аң терілерінен түгі сыртына қаратылып, астарланып тігіледі. Илеуін әбден қандырып, қынаға бояп, аң терілерімен жиектеп, қой терісінен де тігетін үлгілері болған. Абылай ханның ұрпақтары XIX – ғасыр басында аққу терісінен қамқа тон тіккізген. Асыл бұйым, **қамқа тон** Байдың толған сарайы. Небір керек, қажеттің, Көз тартады талайы (*Нұртуған*). Асыл бұйым, **қамқа тон** Тайлап алып және отқа Қалмаған отқа жақпаған (*Нұртуған*). **Қамқа тонын** киіпті Сары алтыннан жағасы («Қамбар батыр»).

Қап тауы – Қап тауы аты аңызға айналған қиялдағы сансыз көп, адам айтқысыз зор, үлкен тау. Парсы тілінде **гаф** – тау, бүкіл дүниені қоршап

жатыр деген аңызға айналған зор тау (ПРС., М., 1960, 376). Араб тілінде кафф – бірдемемен қоршау (АРС., М., 1958, 228). Қап – араб сөзі; ұшы-қиыры жоқ, бүкіл әлемді орап алатын тау деген ұғымды білдіреді (І. Кеңесбаев). Түсінде бір сұлу қызға жолығады. Ол қыз: «Қап тауының аржағында көзді қара судың бойында менің мекенім бар. Сол жерден мені іздеп тап, екеуміз дәурен сүрейік» дейді (Нұртуған). Бұл кеткеннен, ау, балам, Дүниені қарарсың, Қап тауына барарсың, Сүрігі біткен кезінде Ұшырарсың, табарсың (Нұртуған). Хасен ел-жұртын, мал-мүлкін тастап, қаңғырып ғашығын іздеген... Неше ай, неше күн михнат шегіп, жол жүріп, Қап тауынан асып, бір бәйтеректің түбіне келіп, тынығып жатқан (С. Сейфуллин).

Қапылат – *қайғы, қапыл, уайым. Әрдайым ақыл жеңер, сен жеңе алмайсың, Көңіліңнен нақ жадына ашсаң ұя. Қапылатта ғапыл ұйықтап жата алмайсың, Болғанда өлім – орақ, пенде – егін, Бір егіп ораса, қайтып ора алмайсың (Ерімбет). Осылардың үстіне қапы да, яғни андаусыз-байқаусыздық қосылғанда қапылат болады (Базар жырау).*

I Қара – *еңбек адамы, қарапайым халық мүшесі, кедей, шаруа. Белгілі ақын, жырау өлең айтып, Қараны жырға құмар соңына ерткен (Нұртуған). Серіктікке бірігіп, Тірліктің таптым амалын. Білім беріп ақысыз, сауатын ашқан қараның, Ұзақ болсын өмірің, Жасасын жаңа заманым (Нұртуған). «Үлгі» көріп үлкеннен, Бұзықтықты қолдандық. Пайда қылдық қарадан, Жақсылықтан құр қалдық. Мұнымыз неткен надандық?! (Нұртуған). Қалжыраған аштықтан, Ісіп жатқан боздоқтар Кездесті талай көшеден. Қаралар бүйтіп жатқанда, Хан, төре мен сұлтандар Мыңғыртып мал айдаған (Нұртуған);*

II Қара – *албасты, жын, шайтан, бәле, жала; жексұрын, оңбаған. «Сен неге келдің қашып, жанталасып, Көзіңе не көрінді мұнша сасып?! Қалтырап тұлабойың жын ұрғандай, Отыр ма сен шіркінді қара басып?!» (Ерімбет). Талайы бозбаланың болған ғашық, Уай шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп, Егерде Қамарменен тіл қағысса, Құдай ұрып, жым болар қара басып (С. Торайғыров);*

Қара ел // қара халық – *көпшілік, жалпы қауым. Отырғанда жанымда, Ешбір кемдік ойда жоқ, Қалың қара елде едім. Жалғыздық, жоқтық қыспаққа ап, Аға-еке сені іздедім (Нұртуған).*

Қарашы (қараша) – *ханның қасындағы кеңесшілері, ханға қызмет етуші. Қазақ ауыз әдебиеті мен XV–XVIII ғасырлардағы өлең-жырларда қарашы сөзі ханға қызмет етуші, соның қарауындағы адамы деген мағынада қолданылған (Р. Сыздықова, Сөздер сөйлейді, 1980, 86). Сүйінші, ханым, падиша, Біз қарашаң мұны айтқан! (Нұртуған). Тақсыр-ау, қасыңдағы қай қарашаң, Қаясын хан алдына қолтықтаған?! (Нұртуған). Хан қазық, қарашы азық (Мақал). Хан қасында қарашаң болса, Қара жерден кемең жүрер (Мақал).*

Қардар – 1) қасиетті, құрметті, қадірлі, сыйлы; 2) мұқтаж, керек болса. «Хабарлас деймін, бермен шық!» Жирен сақал үйде ме?! Ысмайыл хан жіберді, **Қардар** емес ол дүниеге (*Нұртуған*). Өкпелетті Сыр елі, Жанқожадай **қардарын**. Көрсетпей жүріп бойларын, Патшаға сатты ойларын (*Нұртуған*). Жүз нарға парша, мәулім артты бәрін, Ұмытып бұрынғы қастық, қылған кәрін. «Әрқашан бірнәрсеге болса **қардар**, Сәлемге келіп тұрсын әр жылжарым!» (*Ерімбет*). Алпыс үйлі Арғынға Асықпасаң барасың **Қардар** емес бізден ол («Қамбар батыр»).

Қарындас – 1) ағайын-туған, бауыр ағайын, туысқан, бір жұрттың (*рудың, тайпаның*) адамы; 2) бірге туған ағасынан жасы кіші қыз; 3) жасы үлкен адамның айтатын қаратпа сөзі. Үмітім сенде көп еді, Болар-ау деп көз-кұлақ. Артыңнан барған Жанбайға, Өкпелепсің хандарға, Халық-қалия, **қарындас**, Жасы жеткен шалдарға. Сен кеткесін бақ қонды, Жанбайдай тексіз мұндарға (*Нұртуған*). Тар қолтықтан оқ тисе, Тарыққанда қайрылар **Қарындасым** менде жоқ, – (*Махамбет*). Жайыңды білген **қарындас**, Ол қарындас әм жолдас (*Шалкиіз*).

Қата басу – қателесті, жаңылысты, аяғын шалыс, жаза басты. Алла рахим етпесе, Қаңғалап жүрміз қаңбақтай, Аша алмай көзді **қатадан** (*Ерімбет*).

Қаттау – 1) сауыттың бір түрі; 2) көкірекше. Түсі бөлек жан екен, Жан қаратпас айбатты, **Қаттауына** қаратпай, Найзасы тиді жүректен (*Нұртуған*). Қалың кездеме «Киім кисең **қаттау** ки суық келсе панаң-ды» (*Ақтамберді жырау*).

Қатын – 1) атақты адамның әйелі, ханым; 2) жалпы әйел. Парсы тілінде **хатун** – ханым, ақсүйек әйел дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 183*). Сары ұйғырлар тілінде **қатын** – білімді, әйгілі әйел; кісілігі бар басқарушы адамдардың әйелі (*Малов С. Е. Яз. жәл. уй. А., 1957, 55*). «Бұл үйге Әнжі келді ме?» деп еді, **қатын** «көргенім жоқ» деді (*Нұртуған*). Мұнда қалған халықтың, Біреуінде **қатын** жоқ, Біреуінде жақын жоқ, Біреуінде аға жоқ, Біреуінде бала жоқ (*Нұртуған*). Бас қоспа бар екен деп бейасылға, Бір нәсілдің жоқ та болсаң басын сүйе. Бай болсаң би мен бектің өзі-ақ келер, Шаруа бол **қатынға** бай, малға ие (*Ерімбет*). Өзімді Ғалимын деп көрсетейін, Лайқат осы шығар біздің бойға. Қапыда **қатын** ісін қылар барып, Барғандай сәулеті артық әйел тойға (*Ерімбет*). Бала топтан шыға бергенде Айғыз күліп: – Пай, жаман **қатындар** сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, деп паңдана күлді де Абайдың көзінен сүйді (*М. Әуезов*). Қазіргі тіл қолданысымызда «қатын» әйел ұғымының дәрекі түрі болып қалыптасқан.

Қауыс – 1) мерген шоқжұлдызы; 2) күн жылнамасының тоғызыншы айына сәйкес келетін қараша айының аты (22 қараша – 21 желтоқсан).

Қарашада қаз қайтар, **Қауыста** қатса мұзы, Біледі **Қауыс** күнін жердің жүзі. Мария Жамиламен шырақтарым, Енді жоқ Бакеңнің басқан ізі (*Ерімбет*). Ғайсаға мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз, **Қауыста** бітіп еді, қатарда мұз. Тарихқа бір мың үш жүз он жеті еді, Айы еді шаһыбаның, жылы доңыз (*Ерімбет*). Қыстың басы **қауыста** Артық туған Қобыланды Ерегескен дұшпанның Басын қоймай тауысты («*Қобыланды батыр*»).

Қияқ – құс қанатының бір талшығы, бір қауырсыны. Сау қалғандар жолшыбай Жерден теріп жемісті, Дұзақ құрып, аң қақты. Жұмыршақ қазып, уқалап Қорек етті **қияқты** (*Нұртуған*). Жалғыз інім, бауырым, Қанатымда **қияғым** («*Қыз Жібек*»).

Қияс – 1) қателесу; 2) зұлымдық; 3) өлшеу, салыстыру, ұқсастық; 4) үлгі, өлшем, норма; 5) масштаб. Атаңның ісі осындай, Ұйықтағанда оқ атып, Қылып кеткен ол **қияс** (*Нұртуған*). Деп едің: «Сенде де бар, менде де бар», – Дегенің дүниеде бар ноқатқа ұқсас. «Ғаламда, адамда жоқ» дедің және, «Ноқатсыз екен-ау» деп, қылдым **қияс** (*Ерімбет*). Дүниеге келген соң, Құдай өнер берген соң, Жырлап өтем бәріңді?! **Қияс** бассам кешірген, Азамат етіп өсірген, Әкем менен анамды?! (*Нұртуған*).

Қожа – өздерін Мұхаммедтің ұрпағымыз деп есептейтін үстем тап, ақсүйектер табы; ислам дінін уағыздаушылар. В. Гордлевский: «Басқа діндегі жаулап алған қалаларға сұлтан мешіт салғызып, **қожалар** жіберді. **Қожа** ислам дінін үгіттейтін оқытушы болды», – деп көрсетеді (*Гордлевский В. Гос. сельд. МА. М – Л., 1941, 171*). Мұсылман дінбасыларының жоғарғы топтары – имандар, ишандар, **қожалар** да үстем тапқа жатты («*Қазақ ССР тарихы*»). Құл да болса мықтымын, сыйлап жүрген **қожасын!** Азар беріп жіберсем, Шағынып кімге барасың (*Нұртуған*). Қазіргі тіліміздегі *қожайын* сөзі осы *қожа* сөзінен жасалған тәрізді;

Қол – 1) әскер, жасақ; 2) жөн, ыңғай, лайық; 3) адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін мүшесі; 4) ауыс. қолтаңба, жазу, почерк; 5) ауыс. жұмыс күші, адам. Араб тілінде **хаулун** – күш, қуат дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 257*). «Қарасай мен Қазі мал бағуға жарамайтын жаман» деп еді. «Жаман болса, қырық мың **қолмен** келе жатқан маған мына сөзді айта ма? Әкесінің дәулеті басына қонған адам екен. Мұнымен ұрыса қойсам, бір өзі ғана өледі. Бірақ біраз адамның ажалына да жетеді. Осыншама халықтың қанын мойныма жүктеп қайтем. Одан да танысып, дос болайын» деді (*Нұртуған*). Бұрынғы төте жолмен жүре алмады, Келеді қисық жолмен ел жағалап. Көрмеген бұрын-соңды жерді көріп, **Қол** қонды бір өлкеге құдай қалап. (*Нұртуған*). Ескендір **қолына** айтты: «Бұл неткен су, Бәрің де ішіп, бұл суға бетінді жу!» (*Абай*). Олар самсаған сары **қол** (*Әуезов М. Таң. шығ.*). Темір-терсек қыз баланың **қолы** ма еді? (*Ә.Қалмырзаев, Ар.*).

Қоңсы – көрші. Қарақалпақ тілінде **қоңсы** – көрші деген мағынада қолданылады (Қар.РС., М., 1958, 257). Сондықтан мына отырған **қоңсы** ауылдан қырық адам берейін. Астыңа кеме мін. Теңіздің басатынан айналмай, түнде тұсынан өтіп кет (Нұртуған). «Кімге дәулет құсы **қоңсы** қонса ұшар қанат, Кімнің бақыты қара болса, – депті, – даразас» (Ерімбет). Отты қузаған өшірер, **Қоңсыны** қузаған көшірер (Мақал).

Қорамсақ – оқшантай, садақ оғы салынатын ерте кездегі соғыс бұйымы. Алып бер жылдам, жеңеше, Қалмақтың қару-жарағын. **Қорамсақ** толы жебесі, Жасаулы тұрған садағын (Нұртуған). «Жау осымен келген» деп, Жағаға таман барады. Төрт қырлаған жебені **Қорамсақтан** алады (Нұртуған). Бұл сөзді айтып Қобыланды **қорамсаққа** қол салды, Бір салғанда мол салды («Қобыланды батыр»). **Қорамсаққа** оқ салмай, Қозы жауырын оқ алмай (М. Өтемісұлы).

I Қосшы – жәрдемші, көмекші, ат қосшы. **Қосшы** ертіп қасыма, Күнде думан айналам! Бұл күндері ондай бақ, Маңдайыма сыймаған (Нұртуған). «Барма!» деген тілді алмай, Қапелімде іс қылды. «Жүремін» деп ат ерлеп, Бір **қосшы** алып қасына Қара нарға қос артты (Нұртуған). Қасындағы қос артқан **Қосшысына** «жүр!» деді. Жасына жетпей жас бала Адамдықты көздеді (Нұртуған). Қастарына Жанәлі де, Шәкірдің ат **қосшы** жігіті де келіп, бәрі сөйлесіп тұрды (С. Сейфуллин);

II Қосшы – қазақ даласында Кеңес үкіметі алғашқы орнағанда кедейдің біріккен тобы. Өйткені кедей бірігіп келеді, Сыбағасын алып тіріліп келеді, **Қосшы**, жалшы ұйымдарын ашып, Партия, кеңеске кірігіп келеді (С. Дөнентаев).

Қосын – әскер, қарулы қол, жасақ. Парсы тілінде **гошун** – армия, әскер дегенді білдіреді (ПРС., М., 1959, 507). Су ішіп, дөнге тойып шалықтамай, Сәлем айт, ноғайлыға біз тараптан! Сәлем айт Жасаралдай асылыма, Күн қайда аман жетер **қосыныма?!** (Нұртуған). Кешегі кеткен **қосынға** Жетемін деген Қобыландының Жоқ еді тіпті есінде («Қобыланды батыр»).

Құда – діни. құдай, алла, тәңір. Парсы тілінде **хода** – құдай, тәңір деген сөз (ПРС., М., 1960, 188). Алты жыл көрмегелі азаматым, Болған соң рауасы қадыр **Құда**. Деген соң: «Әмірім солай!» бізге міндет, Бөлеге сабыр қылмақ қазақ о да (Нұртуған). Ашытқан зәһар бағанадан, Інінен шығып ол жылан, Тілге келіп сөйлейді Рұқсат болып **Құдадан** (Ерімбет). Мен сізден қашамын ба бөтен жаққа, **Құданың** асығыс жоқ бұйрығына («Айман – Шолпан»). «Ата-анам, ел-жұртым, Тапсырдым енді **Құдаға**» («Қобыланды батыр»).

Құй – мейлі (кезектестік жалғаулығы). **Құй** патша бол, **құй** бек бол, Жүру керек бұрынғы Ата пішкен үлгімен! (Нұртуған). Өзіңнің қарамағыңнан үміт етіп, Мен келдім аулақтағы сонау Сырдан. Патшаға **құй** ұстап бер, **құй**

алып қал, Деп келдім тұтылайын босағаннан (*Нұртуған*). **Құй** балта қыл, **құй** қылыш, Яки қанжар қыл пышақ. Сұғар қоңыр таппенен Осқылар болса жаяның, Төгінді кара тұзбенен (*Ерімбет*).

Құл, қыл, хілл – 1) *рұқсат етілген, ерік берілген*; 2) *заңды әрекет, қимыл, жүріс*. Бұл сөз **бақұл, дақыл** сияқты сөздерде кездеседі. *Бахилл* арабтың *хилл* сөзі мен парсының *бә* демеулігінің қосылуынан пайда болған (*Л. Будагов*). «Қара көз, қызыл түкті жүз нар берсін, Бермесе Атымтайды деймін **бақыл!** Бұлайша ақыл таптым» дейді-дағы, Елшіден нама жазып қылды **дақыл** (*Ерімбет*). «Сүйікті сұрағанға сөйлемеген,– Хадисте деп айтады **бақұл** болмас!» Ереке, егес сөзге қойма кадам, Тұтылып тұзағына, мысалы, ханнас! (*Ерімбет*).

Құл-құтан – *құл мен қотан (қора) маңындағы жұмыста жүретін жарлы жақыбайлар*. *Құл* – басында еркі жоқ, біреу үшін қызмет істейтін басыбайлы ер адам. Қырғыз тілінде *қутан* – жалшы дегенді білдіреді. (*КирРС., М., 1940, 404*). **Қотан** – көптеген түрлі тілдерде *қора*, мал жататын орын дегенді білдіреді. Осы сөз өзбек тілінде *қутон* – бір қора қой, қой жататын қоршалған ашық қора дегенді білдіреді (*УзРС., М., 1959, 638*). Еріксіз жорғалайды тіл мен жағым. Сендерді бұрынғыдай күйде көрсем, Бір сергіп қалар еді шыбын-жаным. Досың кім, дұшпаның кім жазбай танып, Қорғайық **құл-құтанның** келген бағын! (*Нұртуған*). **Құл-құтан** мен кедейдің, Арылмаған қашанда Маңдайына біткен сор, қайғы. Байлардан тепкі көрген соң, Аштықтан өле берген соң, Барымта, ұрлық зорайды. Қашып шыққан шаруалар, **Құл-құтан** мен қаралар, Аулаққа салды кетегін (*Нұртуған*). Орынбор деген қалаға. Жеті күннің ішінде, Сырға хандық құрмаққа Алып келді қағазын Осындай бір жобада. Бай менен хан үлгіріп, **Құл-құтан** жүрді тобада (*Нұртуған*). Етікші, үйші, темірші, Заводшы, жалшы, көмірші. Жарлы-жалшы, **құл-құтан**, Шіріген күндер өмірше (*І. Жасүгіров*). Кешегі есіктегі **құл-құтандар** бас жейді төрде отырып енді бүгін (*Б. Майлин*).

Құлпы – *құлпырып тұратын нүліш сияқты бағалы мата*. Он қыздың олжабасы – ханның қызы, Кигені бәрінің де ылғи **құлпы**. Ноғайлы осыменен елге қайтты, Қалмақтың олжа қылып дүние-мүлкін (*Нұртуған*). Тоғыз жағалы тон бердім Сарала ылғи **құлпыдан**. Тоғызға келіп толып тұр, Бұл күнде бәсі артылған (*Нұртуған*). Сусар бөрік басында Үстіне киіп **құлпыдан** Керейұлы Келмембет Сөйлес қылып кідірді («*Қамбар батыр*»).

Құн – 1) *ерте кезде кісі өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем*; 2) *экон. тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория; белгілі бір затқа тән баға, нарық*. Парсы тілінде **хун** – қан деген сөз (*ПРС., М., 1960, 204*). «Кебенек ерді танытпас, Топқа түсіп сыналмай. Дауымыз біздің бітпей тұр, Бір-бірімізден **құн** алмай...» (*Нұртуған*). Бола қойса денім сау, Табармын бір лажын, Әкелмесем құнажын, Өзімді сатсам да төлеймін,

Жаңағы сіздің айтқан **күн**. Қолыңда тұрса тумай ма, Төліне риза боламын (*Нұртуған*). Сұлтан билеген кезде ескі тәртіп үстемдік етті. Кісі қолынан біреу қаза тапса қанды қанмен жуып өлтірген жақтан да адам өлетін болған. Бірақ кейінгі кезде өлген адамның қанының бағасын төлеуге де мүмкіндік берді. Осыны **күн** дейді. «Қан бағасы» деген ұғым (*Гордлевский В. Гос. сельд. МА. М-Л., 1941, 58*).

Құраша – кітап ашатын адам. Тиген оқ бұршақтай боп жерге түсіп, Батпаса салған найза бұрамаса. Осындай туымды ер тұтынбаса, Сәуегей, неге керек, **құрашаға?! (Нұртуған)**.

Құрсант – шат, көңілді, шадыман. Сұраған сырттан жәрдем ахуалыңа, Ашты иіс, көңіл **құрсант**, бақтың гүлі «Бірі,– деп,– сақилықтың жөн сілтемек», Хадисте берген хабар ақ Расулі (*Ерімбет*).

Қызылбасшы – ежелгі парсы жауынгері. Меруеттің түрі болса түймесінде, Жамбаста жалтыраса бір қос уыс. Жылына **қызылбасша** бір сиыртсаң, Қамырдан қыл тартқандай етіп егіс (*Нұртуған*).

Қылапат – 1) орын басу; 2) орнын басушылық; 3) тарих. Мұхаммедтен кейінгі араб басқыншыларының халифалар басқарған мелекеттер аты; 4) халифалардың діни және саяси билігі (халифалар басқарған дәуір); 5) халифалар дәрежесі. «Мысырдан шықты бір қыз таңғажайып, Деп болмас Зылихадан сол, бірақ. Оның үстінен еркек шыбын өткен емес, Һәм ерсіз жатқан емес бір күн мұнда-ақ. Әлі қыз қырық баласы **қылапатта**», Шеше алмай көп адамның көңілі – дақ (*Ерімбет*).

Қымызмұрындық – алғаш бие байлап, қымыз ішудегі той. Бір күні Қаратай ханнан хабаршы келді. Ол: «Қаратай хан **қымызмұрындық** той істейтін еді. Соған сіздің үй-ішіңізді шақыра келдім» деді (*Нұртуған*).

Қырмызы – қызыл жібек мата. Қырғыз тілінде **қырмызы** – қызыл, ал қызыл; қызыл жібек дегенді білдіреді (*КирРС., М., 1940, 419*). Бидай өңді, нұр жүзі, Беліне алмас байлаған. Қапталыңда қыз Қағаз, **Қырмызы** киіп, сәнденіп, Алтайыдай жайнаған (*Нұртуған*). Құландай ащы дауыстым, Құлжадай айбар мүйіздім, **Қырмызыдай ажарлым**, Хиуадай базарлым, Теңіздей терең ақылдым (*Махамбет*).

Қырық шілтен, қыдыр – көзге көрінбей жүріп демейтін қырық әулие (халық аңызында ақ сақалды шал бейнесінде ел аралап жүретін әулие). Шілтен араб тілінде **шалатун** – топ, құрам дегенге келеді (*АРС., М., 1959, 520*). Жолығып көзі ашыққан жолым болды, **Қырық шілтен, қыдырмысың** сенің өзің? Әй, Әлім, келмей жатып «Үйден шық!» деп, Жөн-ақ па өзіңе де осы сөзің (*Ерімбет*);

Ғайып ерен, қырық шілтен – көзге көрінбей жебеу жүретін әулиелер. Мұндағы **ғайып ерен** тіркесі араб тілінде **ғаайфун** – құстың ұшуы жөнінде бал ашып, алдын-ала болжайтын әулие (АРС., М., 1958,708). Сонда бұл фразаның мәні көзге көрінбейтін қырық дос әулие дегенді білдіреді.

Қысас – ел мен елдің, біреу мен біреудің арасындағы болатын талас-тартыс, теке-тірес, өш, егес, ерегіс. Күндеген Атымтайды сол патшалар, Әр кезде әр қалайша **қысас** еткен. Басына қандай қатер төнсе-дағы, Атымтай бір таймаған алған беттен (*Ерімбет*). Бір шыбындай жаным бар, Төгілер өлсем, қаным бар, Менде **қысас** қаның бар, Ала алмай жүрген арың бар, Қасында жинақ қолың бар, Жалғыз да болсам мен сенен, Жасқанбайтын ойым бар! (*Нұртуған*). Үш Жүздің әрбір қазағы, Келгенін істеп қолынан, Тоқтатты дау мен **қысасты**. Тыным таппай шеберлер, Қару-жарақ жасасты (*Нұртуған*). Шалтай ертеңгі күні өзінің бұрынғысынан бетер алданатынын сезген жоқ та, мұның **қысасын** Сәуле қайтара алады деген ой оның басына келген де жоқ (Ә. Әбішев).

Л

Лағнет – қарғыс атқан, оңбаған. Араб тілінде **лағнатун** – қарғыс атқан деген сөз (АРС., М., 1958, 925). Шыбын жаным сау күнде Бермес пе едім жазасын?! Атаңа **лағнет** заңғардың, Жеткізбес пе едім қазасын (*Нұртуған*). «Таңертең атаңа **лағнет** жауғыр малайларға бір түйе байлап қалыңдар десем, күнде түйелерге ере алмай, шаңдақта жататын мына жаман түйені алып қалып, маған ұят келтіргендерін қарашы?!» (*Нұртуған*). Атаңа **лағнет** Бекежан, Арғыннан шыққан қу екен, Әккі болған сұм екен («Қыз Жібек»).

Ләзім (лазым) – лайық, керек, қажет. Парсы тілінде **лазем** – керекті, өте қажетті деген ұғым (ПРС., М., 1960, 433). Бір кемеге мінгендей, сапарлас болса екі адам. Сыйласу **ләзім** оларға, Туғандай бір анадан (*Нұртуған*). Қарасам, халық нанғандай өкпе айтыпсың, Ол назың тауып айтсаң әбден жол-ақ. Атаңа есіткенде егтім дұға, Исламда **ләзім** еді бір қол жаймақ (*Ерімбет*). ...Бүтін болу үшін барлық бөлшектер орынды болу **лазым** (М. Әуезов).

Ләмлі – ақыр (тақтайдан немесе тастан қалап, қашап жасалатын, шөп-жем салатын ұзын астау). Тұтынар арғымақты ердің ері, **Ләмліде** даяр тұрса беде жемі. Ойнаса қысы-жазы тал шарбақта, Дүбірге зор тамаша еліргені (*Нұртуған*).

Ләһат (лаһат, лахат, лахыт, лахит, лақат) – 1) марқұмның денесін қоятын көрдің құбыла жағынан қазылған үңгір; 2) көр, мазар. Екеуара табақтан Қойылған еттен шайнадың. Мәйітті қоймай **ләһатқа** Ғалымдарды жадладың (*Нұртуған*). Көр-**лаһат** көрмегенге суық қандай, Таяқ бар сұраушыдан темір ұшты-ай (*Ерімбет*). Бар екен үш көр **лахат** жерден жалпақ.

Орынсыз бар ма нәрсе өлшенбеген? «Не нәрсе жерден жалпақ?» деген шақта, Қайсысын болар еді айтқаным жөн? (*Шораяқтың Омары*). Қалғанда тар **лахатта** жалғыз өзім, Жан кетіп жұмылғанда екі көзім. Айырылған тән мен жандай қаларсың сен, Жалындай жүрек жарған мұңлы сөзім! (*С. Сейфуллин*). Бахилдық деген тар орын... Тар **лахатқа** кіргенде Раушан қылмас қабырды (*Әбубәкір*). Ушаков өзін **лахыт** тақтайына салып жатқандай сезінеді (*Ғ. Мүсірепов*). «Сүббәтәл ғажизин» кітабынан: Аяғымды сүдрәп атын, **ләхитке**, Не үшін құлдық қылмадың деп әхәдкә (*С. Мұқанов*). Апшымай-ақ, саспай-ақ, Жарты жылдан аспай-ақ Бетін бұрды **лақатқа** (*С. Дөнентаев*).

Ләшкер – әскер, қол, армия. Тәжік тілінде **лашкар** – әскер, армия деген сөз (*ТаджРС., М., 1955, 203*). Парсы тілінде де **лашкар** – әскер дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 437*). Жаһанда жан бар ма екен сенен артық?! Тас байлап дарияны келдің қайтып. Күніне жүз мың **ләшкер** жабылса да, Кетерсің қырып тастап, жердей тарпып! (*Ерімбет*). Арбаға шырмап тоқсан байлаған-ды, Шіреніп енді Ғали айқай салды. Сілкілеп арбаменен ойнағанда, Кәпірдің **ләшкерлері** қырылып қалды (*Ерімбет*). Ел-жұртымен қоштасып, Алпамыс батыр жөнелді, **Ләшкер** тартып келеді, Ауыздықпен алысып Ұшқан құспен жарысып («*Алпамыс*»).

М

Мазһаб (мазхаб) – 1) тәсіл, жол; бейне қимылы, әрекеті, құлық; 2) діни. ілім (мектебі, ағымы); 3) діни қауым, секта, жік, тарам; 4) теория; бағыт, көзқарас. Шариғатта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығы «**мазхаб**» делінеді. Төрт **мазһаб** – төрт қаруың сен сұраған, Исламда осы емес пе көрік, шырайың?! (*Ерімбет*). **Мазһаб** (жол, бағыт) – діни заң мектебі немесе мұсылмандық сүнниттік праводағы жүйе (шариғат). Қазір әйгілі төрт **мазһаб** бар. Олар: ханифалық, мәліктік және ханбалдық мектептер («*ҚСЭ*»). Ол жақта барып, тағы да ала ауыз **мазхабтарды** қоздырып, бүлік салуы мүмкін (*А. Машанов*).

Майдан – 1) көгал, көгорай шалғынды жер; 2) алаң, орын; 3) ұрыс даласы. Башқұртша **майзан** – алаң, арена, қызыл майдан – кең алаң. Майдан көп тілдерде бар сөз: беларусша **майдан**; болгарша **мегдань, мейдань** – алаң; түрікше **майдан** – кең алаң, арена; курдша **майдан** (*Н. Оңдасынов*). Ерімбет шығармаларында **майдан** «ұрыс алаңы» мағынасын береді. Одан соң күресуге жан келмеді, Келгені құшып жатты қара жерді. Алысып адамзаттың әлі келмей, Дариха түзеттірді **майдан** жерді (*Ерімбет*). Алысып кім шақ келер мұндай ерге, Айбатты жұрт билеген кемеңгерге. Палуанның келген іздеп орыны деп, Орнатты алтын дінгек **майдан** жерге (*Ерімбет*).

Малғұн – ақымақ, жынды. Араб тілінде **mahfunun** – шектен шыққан жынды (*АРС., М., 1958, 44*). «Сафи де, саһил көрген есебінен, – Депсің-ау, – жанабынан қышықтатты-ақ. Өзіңді Сафи қылып, мені – **малғұн**, Жайыз ба,

жаным, солай мысалдамақ?! (*Ерімбет*). Қолыңды жаман іске бір ұсынсаң, **Малғұн** ит қызықтырады бара-бара (*Ерімбет*). Өй, кәрі **мәлғұн!** – деп, Жексенді желкеден қойып жіберді (*М. Әуезов*).

Мақсұт – мақсат, ойға алған іс. Парсы тілінде **магсад** – ойлаған іс, *мақсат* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 520*). Өзі істеп, өзі ісіне өзі опынып, Сандалар күйеу бала талай-талай. Жалғанда жабығумен өткен адам, **Мақсұты** ойындағы орындалмай (*Нұртуған*). Қайратым мәлім, Келмейді әлім. **Мақсұт** алыс, өмір шақ (*Абай*). Сөзуар, білгіш, Зақұншік, көргіш Атанбақ **мақсұт**, мақтанбақ (*Абай*).

Мақұлық – хайуанат, жан-жануар; жаны бардың жалпы атауы. Әй, мырза, сен адамзат, біздер пері, Танымай «мырза» дедік адам ері. Бұл жерге ешбір **мақұлық** келген емес, Диюдың адам түгіл ірілері (*Нұртуған*).

Марту – пері, жын; көзге көрінбейтін, жамандық пен зұлымдық күші иесі (*ҚТСС., А., 2005, 295*). Араб тілінде **марадун** – пері, дию деген сөз (*АРС., М., 1958, 956*). Теңізге шөккен қара бұлт еді, Қозғалса құйып нөсер, құр кетпеген! Белгілі **мартулардың** бірі емес пе, Дұшпанын нағыз басса, тырп етпеген?! (*Ерімбет*). Мал бер деді жігіттер Алжып жүрген көк бәрі Ақсақ қойдан үміткер, Ақ сөйлеген ақ **марту** («Қазақ әдебиеті»).

Мархамат – жақсылық, рақым. Араб тілінде **марахун** – қуаныш, көңілділік, масайраушылық (*АРС., М., 1958, 956*). Тарыққан сондай ерлер дүниядан, Тауыпты, сабыр қылған соң, көп дәулетті! Солардай қазаға қайыл, сабыр қылсаң, Бір күні таппай қалмайсың **мархаматты!** (*Ерімбет*). Бір күні тату жүріп өліп кетсе, Жүреді мәрапаты естен қалмай. Тентектік туысқанға бекер екен, Жүрсе игі **мархаматты** істен қалмай (*Ерімбет*). Ғадәлет пен **мархамат** ер азығы, Қайда көрсең болып бақ соған көмек (*Абай*).

Мат – жеңілу, мою, моральдық жағынан сөзден ұтылу, сөзге мат болу. Адаспа абыройыңнан, ая, халқым, Адассаң әлі-ақ бір күн боларсың **мат**. **Мат** қылды көп ерлерді өлім келіп, Бейопа жалғаншыда жоқ инабат (*Ерімбет*). Тақсыр-ай, жаяу-жалпы болып жүрмін, Ат мінсем, болар еді-ау көңілім шат. Сіз берген аты құрғыр болса екен, Досқа күлкі, қылмайтұғын дұшпанға **мат** (*Нұртуған*). Саулықта сайра, бұлбұл, бағындасың, Бір күні сынып шөлмек боларсың **мат!** Алданып жалғаншының ауазасына, Неше ерлер барып құр қол алған ұят (*Ерімбет*) «Жарлылық пен жалғыздық дұшпаныңа **мат** қылар» (*Базар жырау*).

Махшар – ақырет, о дүние; діни ұғым бойынша заманның ақыры болып, өлген адам баласының қайта тірілгеннен кейін күнәсі тексерілетін орын. Парсы тілінде **машһар** – көрсететін, сарапқа салатын орын, көрме дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 500*). Ал, Мұхаммед пайғамбардың айтуы

бойынша: жер жаратылғаннан бергі барлық өлген адамдардың қайта тірілгеннен кейінгі жиналатын орны. «Мұнда ата-баба, үрім-бұтақ бірін-бірі таниды», – дейді. **Махшарда** кетпес дақ болар, Балқыған күндей жүзіме. Өтірік ұрыс салайық Халқының кіріп сеніміне (*Нұртуған*). Болады дүния пәни кімге жолдас?! Жыларың мақұл болсаң акіретте, **Махшарда** зауқы әшірет айтып болмас, Мысалы жалғаншының ойлағанға (*Ерімбет*). «Үммет қылдым! **Мақшарда** Боларсың, – деді, – дін аман!» (*Ерімбет*). Дүниеге дос, ақыретке бірдей болмас, Екеуі тап бірдей боп орныға алмас. Дүниеге ынтық, **Махшарға** амалсыздың, Иманын түгел деуге аузым бармас (*Абай*).

Маш // **мәш** – 1) *ыңғай, дәл, дөп;* 2) *қолынан іс келетін, бармағынан бал тамған адам.* Адамды Жүсіп деген мен білемін, Кәріге ауыр қылады болса егер жас. Мен Сізге «бұл жұмбақты қайта айт» дедім, Үшінші шешкен жұмбақ келді ме **маш?** (*Ерімбет*);

Маш келді – *ыңғайы келе кетті, дәл келді.*

Машһүр – *белгілі, даңқты, атақты.* Парсы тілінде **машһүр** – *әйгілі, даңқы шыққан, даңқты* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 500*). Ойынан тыңдаушының шыға алмасак, Кім бізге жүрер дейсің шайыр санап. Жүректің қылын қозғап оятқаны – Жайылар аты **мәшһүр**, елге тарап (*Нұртуған*). Ақыраптың аяқ жетер жүйріктері, Жарысып оза алмапты қылғанмен ар. Тұлпарын жазып нама сұратады, Ғаламға **мәшһүр** болған соң осы хабар (*Ерімбет*). Көңіліңіз сондай сіздің ірі орында, Жимайсыз мал тұтынып ешкілақтан. Алашқа аты **мәшһүр** ай мен күндей, Сердалы шыққан текдар зүрияттан (*Ерімбет*). Халыққа **машһүр** болған әділдігі (*Біржан мен Сара айтысы*).

Мәжел (мажал) – *шама, күш.* Бір бала бар ма қолымда, Осы саған жарар ма? Өзімнің балам болса да Берейін саған, жылама. Басымда іс көп, **мәжел** жоқ Бұған тәрбият қыларға (*Нұртуған*). Шам шахы тірліктің тартты азабын, Қоймады төрт арыстан күш-**мажалын** (*Ерімбет*).

Мәзәжіп – *майда, ұсақ-түйекке мән бергіш, тар көңіл.* Мұқтар деген біреу бар – Қатты **мәзәжіп**, кеулі тар (*Нұртуған*).

Мәлел (мәләл) – *көңілсіздік, қамкөңіл.* Көрсеткен төте деген жолыңменен, Келатыр дін ислам болса да шал. Үмітдар сендерден де болып тұрмын, Шын мазһаб мен пақырды қылма **мәлел** (*Нұртуған*). Пенде аяп, қолдан келеді неғыларға, Бірің пеш, біреуің тік шай ішкенше, Өтініш дұғай-дұғай, екі бала, Кідірсе, ағаң кеулі **мәләл** тартар (*Нұртуған*). «Парықсыз істеріңді баян етсем, тартпай ма **мәләл** келіп көңілің салқын» (*«Айтыс»*);

Мәләл билеп алды – *көңілсіздік билеп алды.*

Мәстек – бой-тұрқы аласалау, қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы. Не керек арғымақ ат кез-келгенге, **Мәстек** пен бірдей мінсе егіндегі. Кейбіреу қаны қызып ат алады, Білмейді назбедеу ат теңі ме еді?! (*Нұртуған*).

Мәсуек (мәсәуәк) – 1) тіс тазартқыш, тіс ысқыш (мұсылмандар дәрет алдында тістерін тазартуға тиісті); 2) Шығыс елдерінде тіс ысқышын жасайтын хош иісті өсімдіктің аты. Ибраһим Халил Әлі бабил жұрттан Меккені қайта жасап, жаңалаған. Сүннеті миық кесу бізге міндет, **Мәсуек** ұстап және де тырнақ алған (*Нұртуған*). Ашқарақ софы дастархан басына тезірек отырғысы келіп, іш дәреттің ырымын ғана істеді. Асыққанда **мәсуегін** ұмытып, аузын құр сумен шая салды (Ә. *Нұрпейісов*). Қосылды мәжілісім молдаменен, Жақсыға жақын болдым... деген. Молданың насихатын тыңдасам да **Мәсуек** ұстамадым шалмаменен (*Әбубәкір*).

Мәулім – торғынға түк қондырылған мата. ...Көңілдегі көз артық, Тыңдағанға сөз атық, Мақпал менен **мәулімнен**, Шаруаға бөз артық (*Нұртуған*). Жүз нарға парша, **мәулім** артты бәрін, Ұмытып бұрынғы қастық қылған кәрін. «Әрқашан бірнәрсеге болса қардар, Сәлемге келіп тұрсын әр жыл жарым» (*Ерімбет*). «Масаты, **мәулім** киінген, көркіне көңілі сүйінген» (*Базар жырау*).

Мәуріт – 1) көз, бұлақ, қор; 2) кіріс, пайда, қаражат; 3) жол, өткел; 4) орын, жер, мекен, тұрған жер; 5) жағдай; 6) кез, кезең, мезгіл, уақыт; 7) зат; 8) себеп. Әй, көңілім, бұл күнінде тұра алмайсың, Қапысыз келер қарттық тұмандатқан! Бұл істерді ол **мәурітте** де ұстап жүрсең, Үйренген өнерім деп тұзын татқан (*Ерімбет*).

Медет – көмек, жәрдем, сүйеніш. Араб тілінде **мадда** – көмек, жәрдем сұрау (*АРС., М., 1958, 951*). Аттанайын жеңеше, **Медет** тілеп пірлерден! Сүйген жарын іздеген, Қалған мирас ерлерден (*Нұртуған*). Сиынам ер Қосымдай пірімізге, Сиынсақ **медет** берер тірімізге. Кеңдеу сал, тар төсекке сия алмаймын, Қарасаң, абайларсың, түрімізге! (*Ерімбет*). «Балаға ата сыншы» деген мақал, Көнермей бұрынғыдан бізге қалған. Таққа отыр енді, балам, «Құтты болсын!» Тілейік саған **медет** бір құдайдан (*Нұртуған*). Ғинаят тіле құдайдан, **Медет** тіле пірлерден («*Қыз Жібек*»).

Мекер – 1) қулығын ішіне бүккен, ізін білдірмейтін сұмырай; 2) алдау, қастық. Араб тілінде **макирун** – сұм, қу дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 971*). Падиша болды Осман келіп дәурен, Не күйге салды оларды Қадырмәулен. Алдына Шамнан келіп қызмет етті, Бір жігіт **мекері** көп, дейтін Мәруан (*Ерімбет*). Ұмытқан екем, – дедім мен – бекер! Олардың жалған ойы жоқ **мекер** (*Ғ. Орманов*);

Мекерлік – қулық, зәлімдік. Аналық парыз-міндетің, Түспес сенің мойныңнан. **Мекерлікке** бой ұрып, От шығарма ойыннан! Қасаң байтал текке

жүр, Кет садақа бойымнан» (*Нұртуған*). Опа еткен – қызық, Мекерлік деген бұзық (*Мақал*). Қаршыға айтты: – Олай емес, мұнда мекерлік бар, мен сөйлейін («*Қыз Жібек*»).

Мес – қымыз, шұбат, айран құюға арналған және де сақтауға арналған тері ыдыс. Ол бітеу сойылған ешкі (серке) терісінен жасалады. Мес жолаушыларға, көшіп-қонушыларға, бақташыларға сусын құйып алып жүруге өте ыңғайлы ыдыс. Мес ұлттық ұғымда *толу, жинау* мағынасын білдіреді. Білімдар ақын, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбалар жинағын «Мес» деп атаған. Бір жұттық көп байынды мақтағанша, Ерінді айт білігі асқан түпкілікті, – Деп атам арға шауып, шұқып айтқан, – Жасырған тоғыз құйрық, бес мес етті (*Нұртуған*).

Мехнат (михнат) – 1) байқау, сынау; 2) пәле, қырсық, уайым, бақытсыздық, ауыртпалық; 3) еңбек. Ағанның насихаты саған айтқан: **Мехнатсыз** дүние жимақ біздерге обал. Мен мұнда, сен школда ғылым оқып, Жүріпсің бейжағдай боп, әй, шырын-бал?! (*Ерімбет*). Ісінің бір Алланың шүкір етіп, Орынды екі есе артық қайта толған. Дүниеден тоқсан жасап бұл да өтті, **Мехнатқа** қанша шыдап, шықпай жолдан (*Нұртуған*). Таршылық кеңшілікке қарсы қойған, Ғаламды жоқтан бар қып жаратқанда. Кім сірә, рахат тапқан **мехнатсыз**, Солар да – бұрынғы өткен ұлықтар да (*Нұртуған*). Дәл сол қара түнек тар заманда еңбек деген сөз **мехнат**-бейнет, азап-тозақ сияқты жағымсыз мағынадағы синонимдік қатарда жұмсалады (Ә. Болғанбаев).
...Не түрлі **мехнаттың** бәрін көріп, Құр жүрер шықпаған соң кеудеде жан (*С. Торайғыров*). **Михнат** болмай, рахат болмайды (*Мақал*). Хасен ел-жұртын, мал-мүлкін тастап, қаңғырып ғашығын іздеген... Неше ай, неше күн **михнат** шегіп, жол жүріп, Қап тауынан асып, бір бәйтеректің түбіне келіп, тынығып жатқан (*С. Сейфуллин*).

Меһрибан – достық, махабаттық. Парсы тілінде **меһр** – махаббат, достық; **меһребан** – сүйікті, мейірімді дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 545*). Жазушы – ағаң Үмбет моллағали, Айдағай дидар-нәсіп, һақ **меһрибан!** Миллаға мың тоғыз жүз сегізінші, Тарихқа бір мың үш жүз жиырма алты сан! (*Ерімбет*). Ұлттан патша болғалы, Сәлем берер кісім жоқ, **Меһрибан** боп бұл жерде, Сәлем берген кім еді?! («*Алпамыс*»).

Мизам (мизан) – 1) таразы; 2) салмақ өлшемі; 3) ауыс. шындық белгісі; 4) айыру, айыра білу, тану; белгілеу; 5) қыркүйек; күздің алғашқы айы. Араб тілінде **маииза** – айыру, ажырату, тану дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 988*). Дәлелін таппасам да айтып тұрмын, Тәуекел, ендігісін тағы көрем. Ақылдың **мизамына** өлшеу етсек, Нәрсе жоқ тілден жүйрік, ойдан терең (*Ерімбет*). «Омаржан, осы әйелге алып барып, Көңліңді тыншайт, – дедің, – сол тараптан». Мен айттым: «Халықтың **мизамы**, әкімісіз, – деп, – Керек-дүр

болмағыңыз көңіл саптан (*Ерімбет*). Сөз мәнісін білсеңіз, Ақыл мизан өлшеу қыл. Егер қисық көрінсе, Мейлің таста, мейлің күл (*Абай*).

Мұзбалақ – бес жасар бүркіт; қыран бүркіт, ақ иық алғыр құс. Ассалаумағаләйкүм, Қолымнан ұшқан **мұзбалақ!** Аспандап ұшып кеткесін, Алақтадым жүз қарап (*Нұртуған*). Айдаһардай ысқырып, Күніке жатса алапта, Көрінгенді шайнаған. Телағыстай **мұзбалақ** Бұғы, марал көтеріп, Мауқын басып ойнаған (*Нұртуған*). «Ақиық **мұзбалақпын** жерге түспес, кең қолтық арғымақтан алқымы іспес» (*Біржан мен Сара айтысы*).

Мұхтар – 1) сұрыпталған, таңдалған, сайлап алынған; 2) ерікті, ықтиярлы; 3) ауылнай. Келген соң ғалам халқына абатшылық, Һақ тәсілім рахат, **мұхтар** беріп еді! Орнына тақсыр ердің қылапатқа, Атасы Әбубәкір мініп еді (*Ерімбет*).

Мүбәда – әлдеқалай, кездейсоқ, кенеттен кездескен күтпеген жерден дегенді білдіретін шарттылық мағыналы жалғаулық. Қол көтер естіген халық бұл хиссаны, **Мүбәда** ерінбесендер қол жаймаққа. Келген ай, туған күні Мүбәрәктің, Саратан үшіншіде бітті бітті есапқа! (*Ерімбет*).

Мүкаммал (мүкәммал, мүкәммәл) – 1) аяқталған; 2) толық; 3) барлық жиһаз, барлық байлық (жиналған көп мал-мүлік, мол жиһаз, бағалы заттар). Өзіне өзі тойып тасқан Жүсіп: Айнамен көріп тақсыр нұр-жамалын: «Құл қылып мені біреу сатса егер, Шаһилықтың табар еді,— депті,— **мүкаммалын!**» (*Ерімбет*). Сен кеткен соң мен кімге беремін: – деп **мүкаммалын** далаға жайды дейді («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»). **Мүкәммал** – байлық. Қазына мен **мүкәммал** сөзінің мағынасы байлық деген сөзден тарлау болып қолданылу себебі соңғы екі сөздің басқа тілден (араб-парсы) ауысып келуінен деп қараймыз (Ә. Болғанбаев). Көрген соң білдім үйдің байын,— дедім, Мал менен **мүкәммәлге** сайын,— дедім (*М. Сералин*).

Мүнәйім (мүләйім) – жұмсақ, майда, желбіреген. Азербайжан тілінде **мүлайим** – жұмсақ, нәзік, кішіпейіл; **мүлайим климат** – жанға жайлы, жақсы климат; **мүлайим адам** – мінезі жұмсақ, жуас адам. Башқұрт тілінде **мүләйәм** – сүйкімді, әдемі, жағымды, жақсы. Қазақ тілінде **мүләйім** сөзі, негізінде, жасанды қылықты білдіреді. Ол, көбінесе, **мүләйімсу** тұлғасында қолданылады. Басқаша айтқанда, **мүләйім** сөзі қазақ тілінде жағымсыз мағынада айтылады. Ал, келтірілген үзінділерде ол «нәзік, биязы, жұмсақ» мағынасында қолданылған. Бұл сөздің төркіні – *мінезі жайлы, жуас, тыныш* (*Будагов Л. З. Срав. сл. тур.-тат. нар. т. I. СПб., 1869, 252*). Көп тұтқынның ішінде бір жесір де қолға түсті. Бектің Қаракөз деген қызы екен. Өзі асқан сұлу, айтарын көзбен ұқтырған, ер алдында тік тұрған, **мүнәйім** жан еді (*Нұртуған*). Біле ме Сізді-дағы алты Алаш?! Майда тіл, **мүләйім** сөз таппағандай, Лепірдің

жазып хатқа һая-һауас (*Ерімбет*). «Құдайым бірде бірге кез келтірді, **мүнәйім** жібектен де өлең жібер» (*«Айтыс»*).

Мүрит – дін басшысының шәкірті; иман-пірге қол берген кісі. Парсы тілінде **мурид** – дін басшысының жолын қуушы (*ПРС., М., 1953, 485*). **Мүриті** бұл шайықтың жүз бес адам, Зарлаған зікір айтып таңсәріден. Баланың жиырма беске келді жасы, Шықпайды еткен ісі дін жолынан. Бәрінен күллі мүриттің абзал болып, Қызметін алып жүрді ұстап құмған (*Нұртуған*). Мәулімнияз әкесінен жастай жетім қалады. Сол уақытта Тоқтамыстың қарамағында Баба түкті Шағи тәжі деген бір әулие адам бар екен. Мәулім жетім қалған соң, соның қолында тәрбиеленеді. Бұл Баба түкті Шағи тәжінің қызметіне қызығып, жұрт **мүриттікке** көп барған. Оның жүз бес **мүриті** болыпты. Соның ішінде ең жағымдысы Мәулім болыпты (*Нұртуған*). Ә! Бұлай болса, керек енді сәлде, шапан киюге, **Мүрит** болып ишанға бас июге (*С.Торайғыров*). Имам хазреттерді күтіп алатын өздерінше дағдылы, тәрбиелі отырыс, кішілік отырысы Ишан, пірдің алдындағы **мүриттер** бейнесіндей (*М.Әуезов*).

Мүһмін – мұсылман дініне, Құдайдың бірлігіне анық сенуші, Құдайдың құлы. Араб тілінде **маһн** – қызмет қылу; **маһинун** – жалшы, жұмыскер дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 984*). Жәңгір залым хан болып, Ол да «**мүһмін**» дей ме өзін Құдіретке құл болып?! Қағазына патшаның «Бағынам» деп қол қойып?! (*Нұртуған*). Тағаттың ең жақсысы үндемеген, Күнәға жақын болады көп сөйлеген. Молла-еке, кісі ақысын жеп көрдің бе, Бір **мүһміннің** қиын дейді ақын жеген?! (*Ерімбет*). Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ. **Мүһмін** болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ (*Абай*).

Мырза – қанаушы тап тобына жататын ақсаусақ байпатша, төре және оларды мадақтау ретінде айтылатын лауазым. Күндіз-түні жол жүрдім Жастыққа тимей құлағым. Сүйінші, шырақ, сүйінші! Сүйінші сұрап келіп тұр **Мырза-ау** мына қонағың (*Нұртуған*). Ұлығы Түркістанның Қожа Ахмет, бай, батыр, **мырза** мен бек неше күшті-ай! Біз кімнің шікарасы, солар да өтті, Қылғаннан қылмағаймын бұзық істі-ай! (*Ерімбет*). Арғымақ аттың құйрығы Әрі жібек, әрі қыл, Ер жігіттің белгісі, Әрі **мырза**, әрі құл (*Мақал*).

Мінажат – құдайға сиыну, тілек тілеу, жақсылық күту. Араб тіліндегі **манун** – рақым, мейірім, сый; **жаддун** – күш салу, тырысу, еңбек ету дегенді білдіретін екі түбірдің бірігуінен жасалған. Құдайым бір **мінажатын** қабыл алып, Ұғылы Әбу Шашма ол сауалған. Патша Омар оразасын он ай тұтып, Уағдасын бастан-аяқ тамам қылған (*Ерімбет*). От пен суға табынып, Табиғат күшін танымай, **Мінәжат**, тәубе сұранды (*Нұртуған*). Киімді үстіндегі шешіп тастап, Абдулла дайындалды енді ұруға. Құдайға **мінажат** қып Әбу Шашма, Ішінен жалбарынды оқып дұға (*Ерімбет*).

Н

Набыт болды – 1) *ысырап болды; 2) апат болды, қырылып кетті.* Бейжарак, жабдықтанбай жауға ұмтылып, Дей көрме: «Жаппар ием, өзің сақтай!» Себепсіз еткен үміт болар набыт, Соқырдың алдындағы шұқанақтай (Ерімбет).

Нағыра (нақыра) – *жаппай, түгел, сыпыра.* **Нағыра** тартып көп қалмақ, Ығыса барды ішкері, Жасарал мен Әділхан, Айқайласып ұрандап, Қолынан туы түспеді (*Нұртуған*). «**Нақыра** күміш шаптырып, былғары сына піштіріп...» (*Бұқар жырау*).

Назбедеу – *сұлу, асыл тұқымды ат.* Кейбіреу қаны қызып ат алады, Білмейді **назбедеу** ат теңі ме еді?! Жаз, шілде, қыс, тоқсанда жабу көрмей, Қас жүйрік он екі айда сергімеді. Асылды қадірін біліп сақтамасаң, Тұлпардың, эне, содан кемімегі (*Нұртуған*). Арықтап сөз тұрмысын пәмдеп жатпай, Жалғанда әркім құмар асыл затқа. Асылды ер тұтынар ынтасы бар – **Назбедеу** іңкәр болып арғымаққа (*Нұртуған*).

Назым – 1) *нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі; жыр, поэзия; 2) өтініш.* Қазақ тілінің сөздігінде: «**Назымшы** – *назым өлеңдерін айтушы, орындаушы адам*» деп түсіндіріледі. Яғни «назым» сөзінің қазіргі тілдегі синонимдік қатарына – *ән* сөзін келтірсек, **назым** – *ән, назымшы* – *әнші* сөздері бірі – пассив, бірі – актив қабатта синонимдік қатар түзетін мағыналас сөздер. Алашта белгілі бір досың болса, Ішінде сыр қалмайды оған ашпас. Дариға-ай, **назымға** бір қандырап ем, Арабқа парсыменен болсам жолдас! (*Ерімбет*). Нұртуғанның «Бірінші **назымында**»: Тыңда Алаш сөзімді, Сөз қылайын өзімді (*Нұртуған*), – деп бастайды да он жеті назым жазып шығады. Он жеті назымның әрқайсысы әр түрлі тақырыпта жырланған. ...Жан достым, бір-екі ауыз **назым** жаздым, Көргенде босасын деп жүйе-жүйкең (*С. Торайғыров*). Әбият, **назым**, ғазал, бәйіт, мұхаммас, Мазмұнын көріп едім бірталайдың. Кітаптың, иә қазақтың ұйқасына – Келмеген екісі боп бір ыңғайдың (*Таубайдың Жүсібі*). Қалқаға анда-санда жазған **назым**, Ғалымның дәптеріндей томда жатыр (*Ақан сері*).

Найза – *ұшы істік темірден істелген ағаш сабы бар соғыс құралы.* (*ҚТТС. VII т., 1984*). Парсы тілінде **нейзе** – *найза, шанышқы, жақын жерден лақтырып тастауға арналған қысқа сапты найза* (*ПРС., М., 1960, 576*). **Найзасы** тиді жүректен. Сегіз қырлы болатты, Абыройлы туған Әділхан, Қолыменен бір қақты (*Нұртуған*). Келмейді жатсам ұйқым бұл наукастан, Запырандай қан аралас сары жалқақ. Сол себеп: еңсем төмен, түсім сары, Оңқайдан кірді **найзаң** сағалап-ақ (*Ерімбет*). Қолында қылыш болғаны, «**Найза**, мылтық, айбалта Арқалап оны қайтем» деп, Қарамады садаққа (*Нұртуған*). **Найзаны** салып түйретті, Садақты тартып үйретті (*Нұртуған*).

Руластар сойылмен, айбалтамен, **найзамен** қаруланған жасауыл жасақтап, оларды берешек адамның руының бір ақсақалының малын барымталап келуге аттандырады (*М.Елеусізов*). Үйде сапы, карабин, Белдеуде **найза** шашақты. Мен де қашқын – дос таптым, Қалың елден қашақты (*С.Сейфуллин*).

Нама – *хат; ән, әуен*. Парсы тілінде **намә** – *хат* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1959, 684*). Қарақалпақ тілінде **нама** – *ән, әуен, ырғақ* деген мағынада жұмсалады (*КарРС., М., 1958, 475*). Мен де жаздым Сәтемір, Саған арнап **намамды**. Өзім өлсем, артымда Тапсырамын баламды (*Нұртуған*). Жолданды бізден **нама** сұрамаққа хал, Екі «мим» жанабыңа «жа» менен «дал». «Сын», «һи» шам дұғамыздан еште қалман, Сақтағай дарғаһінде һақ зұлжалал! (*Ерімбет*). Жақсылар бұл **наманың** жөнін білгіл, Ашылса баһарда бақ сайрар бұлбұл. Біткенмен тоғай болып теңгерілмес, Біріне тобылғының бір топ жыңғыл (*Ерімбет*). Бұл жазған сұңғатым Көңіл ашар бір **нама** (*Абай*).

Намаздыгер – *түс қайтқан кезде оқылатын бес уақыт намаздың бірі*. Парсы тілінде **намаз-һар** немесе **пишин** – *түс қайта оқылатын намаздыгер не бесін намазы* дегенді білдіреді. Күн тоғызға толғанда, **Намаздыгер** болғанда, Темір қақпалы Дербенттің Алыстан көрді қарасын (*Нұртуған*). Кідірместен ұрысып, Қаза болып песіні, **Намаздыгер** болғызды-ай. Жау көбейіп, ұрысты Пұрсат тауып тұрғызбай (*Нұртуған*). Ендеше мен ілгері барайын, **намаздыгерден** қалдырмай атты өзіме бер, – деп Қорен жүріп кетті («*Қыз Жібек*»).

Намазшам – 1) *күн батысымен оқылатын намаз*; 2) *ымырт, іңір; күн батып, қараңғы түскен ала көлеңке кез*. Парсы тілінде **намазшам** – *күн батқан соң жиырма минуттан кейін оқылатын намаз* (*ПРС., М., 1960, 570*). Нұртуған, «*Қыз Жібек*» шығармаларының тілінде бұл сөз күн батқаннан кейінгі уақытты білдіреді. Кездесті **намазшамда** бір малшыға, Ол өзі сәлем берді жолаушыға. Сәлемін малшы берген алып батыр: «Шырағым, сау ма, – деді, – бала-шаға?» (*Нұртуған*). Нағыз жүйрік екенін, Батыр енді біледі. Қарлыққанда **намазшам**, Аттан түсіп, демалып, Бір бұтаққа түнеді (*Нұртуған*). **Намазшам** болған соң Қорен атымды беріп жіберсін, – деп Қыз Жібектің аулына кісі жіберді («*Қыз Жібек*»).

Напас – 1) *тыныс, дем; дем алу*; 2) *ауыс. лебіз*; 3) *балгерлік, сыйқыршылық, арбаушылық*; 4) *бу*; 5) *әдеб. стиль (суретшінің, заманның, ұлттық шығармаларына тән ерекшеліктер жинағы)*. Араб тілінде **напасун** – *тыныс, дем алып, дем шығару* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 1043*). Кесуін қайсы күні біле алмаймыз, Әкім тұр шабайын деп қолында алмас. Өлімге айла етіп қала алмайсың, Санаулы тағдырдағы бітсе **напас** (*Ерімбет*). Ішінде бір қуаты барға ұқсайды, Тірі сөздің жаны сол айрылмайды. Қасиетті **напасы** желдей есіп, Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды (*Абай*).

Наруан – қолдан тоқылған кілем; түйе жүннен иірілген жіптен тоқылған кілем. Неше бек, неше ерлер, бар палуаны, Сайрамның секілді еді **наруаны**. «Ер Ғали әрбір жұрттан дін ашты!» деп, Меккенің жылда келді керуені (*Ерімбет*). «**Наруанға** буып, нарға артып, сүрелеп жүкті тайлаған» (*Базар жырау*).

Нәби – 1) діни. пайғамбар (құдайдың әмірін халыққа жеткізетін, дін, шарият жолын түсіндіретін, алдағыны болжағыш әулие, көріпкел); 2) әйгілі, атағы шыққан адам. Араб тілінде **набиун** – интеллигент, білімді, ақылды, белгілі, көрнекті дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 996*). Меккеде зираты бар бұл **нәбидің** Көреді оған асық іздеп барған. Мұнан соң Сәлім **нәби** шарапатлы, Елу жыл дүниеде дәурен құрған. Жас жасап жүз жиырма бес Юсуп **нәби**. Мысырда Бақи Шайқы сапарланған. Дүниеге Мұса **нәби** келгеннен соң, Юсупты тапты, дінді бір қайырдан (*Нұртуған*). Кенғанға Жакып **нәби** патша болып, Дұғамен кәпірлерді отқа жаққан. Пәлеге Аюп **нәби** етті сабыр Бәдені иістенсе де жарақаттан (*Ерімбет*). Адамға мал емес, саулық – байлық екен, Шек қылма Мусаға айтқан хикаяттай. Бұрынғы неше мұрсал, неше **нәби**, Құрықтан құтылған жоқ ажал атты-ай! (*Ерімбет*). Замана шаруа, мінез күнде өзгерді, Оларға кез кезімен **нәби** келді, Қағида, шариятын өзгермес де, Тағрип Алла еш жерде өзгермеді (*Абай*). **Нәби** – білімдар, көзі ашық адамдар болғандығын жоғарыдағы мысалдардан анық байқауға болады.

Нәпсі – көңілдің қалауы, тілеуі. Араб тілінде **нафсун** – ниет, тілек, қызығу, шабыт дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 1043*). **Нәпсі** – жар, шайтан – бөрі қорғалаған, Ойнаған – иман – жарға қозы-лақтай. Солардан саулығыңды сақтанбасаң, Қоя ма аңдып жүрген бөрі шаппай? (*Ерімбет*);

Нәпсі шапты – көңілі кетті, ықыласы түсті;

Нәпсіқұмар – көрінгенге қызыққыш, жеңіл жүрісті қанағатсыз адам;

Нәпсісін тыйды – қанағат етті. Жақанның тұл қатыны байға тимек, Баласын қимай біраз шыдаса да. Кете алмай жүрсе дағы орнын қиып, Жас кісі қалай тұрсын **нәпсі тиып** (*С. Торайғыров*).

I Нәубет – бәле, қырсық, бақытсыздық. Араб тілінде **наубатун** – бақытсыздық, кесел-кесапат дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 1065*). Әуелі Адам сафи, Ідіріс өтті, Ерте-кеш, пенде болса, **нәубет** жетті. Мәшүріп Мағұрыппен толған адам – Көп қауымы Нух пайғамбарың – қайда кетті (*Ерімбет*). Ажалым жақын таянып, Жетті ме енді **нәубетім** («Қыз Жібек»);

II Нәубет – кезегімен келетін жақсылық, рақым, дәулет. Араб тілінде **наубатун** – кезек; рет-ретімен дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 1064*). Тәж киіп, таққа отырып бұл төртеуі, Жөнелді **нәубет-нәубет** қылапаттан. Әйелден Хасан ғази тартып залал, Хүсейін опат болған шаһрадаттан (*Ерімбет*) Қазаға разы болмаған Тәңірі алдына барғанда Рахметтен **нәубет** құр қалар («Қыз Жібек»);

Нәубет жаршысы – алдағы уақытта болатын жақсылықты жариялаушы (болжаушы) адам. Бұл құдайдың бізге жіберіп тұрған бір **нәубет жаршысы** шығар. Бұған қарсы болмайық (*Нұртуған*).

Нияз – 1) құрбандық, кәдеге асу; 2) құдай жолына берілетін қайыр садақа, қол қайыр; 3) жақсы, сері адам. Парсы тілінде *нияз* – қажеттілік, зәрулік; өтініш тікелей; сый тарту деген сөз (*ПРС., М., 1960, 575*). Шалдары мал өсіріп, егін егіп, Білгенін ақындық пен жыр ғып шерткен. Қыздары он саусақтан өнер төгіп, Жігіттің өз **ниязын** соңына ерткен (*Нұртуған*). Сол уақыттарда тәуір адамның атына **Нияз** деген атты, жаман адамға Тәжі деген атты қосып атайтын екі түрлі әдет болған. «Тәжі атқа мінсе, тәңірісін ұмытады» содан қалған екен. Тоқтамыстың елі, хан қосы бөлініп шыққанда «ортамызға пір қыламыз» деп Баба деген адамды алып шыққан көрінеді. Ол бабаның арғы тегі – араб. Баба: «менің тұқымым көпке дейін жалғыздап кетеді, тұқымым өспейді» депті. Бірақ Баба тақуа адам болған соң, халық оның атын Бабанияз деп атап кеткен. Бабанияздан Сұлтанияз, Сұлтанияздан Қыдырнияз, Қыдырнияздан Мәулімнияз туған (*Нұртуған*). Қар жауды деп қуанба, аязы бар, Қожа келді деп қуанба, **ниязы** бар (*Мақал*). Артында қалған мен нашар, Айтып бір кетші **ниязға** (*Қобыланды батыр*).

Нөкер – қасына ерген жолдас, жәрдемдесетін серік, қошемет көрсететін топ. Моңғол тілінде **нехор** – жолдас, дос деген мағынаны білдіреді (*МҚС., М., 1954, 122*). Парсы тілінде **наукар** – жалшы, қызметші дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 574*). Сол жылдары хан қозы пісіп жатқанда, шатырлы ордасымен, **нөкер** жасауылдарымен көшіп жүріп ел аралайтын (*Нұртуған*). Өсіп еді-ау қарағым, Ханша болып, бой-бойлап! **Нөкер** ерітіп ізіне, Жүруші еді той-тойлап (*Нұртуған*). Қасыңда қара көп болса, **Нөкер** емей немене?! Шөлдегенде ішкен су, Шекер емей немене?! Ат жалынан тапқан мал, Бекер емей немене (*Мақал*).

О

Оқа – алтын талшықтарынан тоқылған зерлі зат. **Оқалы жабу** – алтын талшықтармен зерленген аттың жабуы. Осы тұста қара атқа **Оқалы жабу** жапқан-ды. Төрт қырлап соққан көк найза, Ұңғыға шашақ таққаны (*Нұртуған*). Қызыл шашақ **оқа** ұстап, Жібек жабу жаптық біз. Айдарына қызыл шоқ Үкілеп сүзіп тақтық біз (*С. Сейфуллин*).

Оқшантай – белдікке бекітілген оқ салатын қалта (*Валиханов Ш. Избр. произв. А., 1958, 142*). Мақсаты шын ерлердің былайынша – Жат елге қосшы ертіп кетсең жортып, Ақ шұбар қыссаң сонда тақымыңа, Байласаң

оқшантайды белге тартып (*Нұртуған*). Осыны айтып Байбөрі **Оқшантайын** байланып, Мойнына мылтық салды-ай («*Алпамыс*»).

Он сан ноғай – күллі ноғай тайпасы (ескі уақытта «сан» сөзі ру не тайпа ел, дуан мағынасында айтылған, «тоғыз сан торғауыт, он сан оймауыт» деген де осының айғағы). **Он сан** жатқан **ноғайдың**, «Атыңды сат, – деп, –саудагер, Саудаласты талайы. Өзімнен төмен «ат сат» деп Өтіп тұр, аға, азары! (*Нұртуған*). «**Он сан ноғай** түгел» дейді, Айтады көп деп таусылмас. Едігеден ері бар, Мұса ханмен ұрандас (*Нұртуған*).

Орда – 1) патша тұратын қала; 2) сәулетті үй. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде **орду** – шах тұратын шаһар, орда (*Қашқари М. Дев. луг. турк It. T., 1060, 145*). Талма-талтүс болғанда, **Ордасын** ханның көреді. Аттарынан түсіп байлады, Ордадан қашық жерге кеп. Қауіптері де жоқ емес, Босанып аттар кетер деп (*Нұртуған*). Ауыш бар ауылында бір мектептік, Соларды оқыт, қиын болса қарап жатпақ! **Ордаға** алыстағы ат шапқанша, Сен бақсайшы Сүйіндік пен Шегебайды-ақ (*Ерімбет*). Жиренбай: Мынау-ау-у тұрған биік төбенің басына шықсаң, аржағында **ордасы** көрініп тұр. Кеше жақында Сәтемір деген Ноғайдың елін шауып, алты мың жылқысын, Қағаз деген қызын алып келді. Сол қызбен екеуі **орданың** ішінде жатыр» деп масаттана күлді (*Нұртуған*). Сәскелік жерде **орданың** көрініп тұрғаны рас екен. Едіге жаяу жүріп отырып, **ордаға** сәскеде жетті (*Нұртуған*). Отызында **орда** бұзбасаң, қырқында қырып келдім дегенге ешкім сенбейді (*Мақал*). Назым **орданы** тегіс жинады, «Түс қайтуға жеткізбей, Бір ұршықтай жібекті Иіріп бер! – деп қинады («*Қамбар батыр*»).

От аға (отаға) – үй иесі, жанұя басы, түтін түтететін шаңырақтың қожасы, иесі. Аға сөзінің бір кездегі «бас, басшы» деген ауыспалы мағынасы ертеректе қалыптасқан ел ағасы, **от ағасы** (қазірде біріккен сөз ретінде бірігіп отағасы болып жазылады) деген тіркестің бар екендігімен де дәлелдене түседі: иесі, ел ағасы – белгілі бір қауымның (айталық, ауылдың, рудың, атаның т.б.) басшы адамы, *от ағасы* – бір шаңырақтың басты адамы, иесі. Кейін *отағасы* сөзінің мағынасы жалпыланып, «жасы үлкен ер адам, сыйлы адам» дегенді білдіруге жұмсалып кеткені және көбінесе қаратпа сөз ретінде жұмсалатын болғаны байқалады (*Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004, 17*). Алтайлықтар мен телеуттер сияқты қазақтар да ертеде отғы әулие, ана деп есептеген. Оған «От ана, май ана, жарылқа!» немесе «от әулие, май әулие!» деп сиынатын. Бұрын отаға да осындай қасиетті ұғым болса керек. Кейін бұл екі сөз бірігіп, мағыналық өзгеріске түскен. Енді отаға әулие емес от жағатын, түтін түтететін семьяның басы, қожасы дегенге ауысты (*Оңдасынов Н. Д. АҚТС. I т., А., 1984*). Әкесі бұл баланың ер Исатай, Көп жанға болып кеткен **отағасы**. Бастан бақ, қолдан дәулет тайғаннан соң, Тағдырға кімнің, сірә, бар шарасы?! (*Нұртуған*). «Оң болсын сапарыңыз, **отағасы**, Еділдің шыққан жерің қай арасы? Малыңды пұлдап сатып қайтатұғын, Айтыңыз тауарлықтың қай қаласы» (*Нұртуған*). –

Отағасы, заңныңды қой, айтқанға түсін, – деп Сәлім, – қырт кесті де тастады (Б. Майлин).

Ошал – ол, сол, бұл (сілтеу есімдігі). Мұны ғалым Г.Қосымова «Қазақ тілінің тарихы» еңбегінде Ясауидің «Хикметтер» тілінің лексикасындағы *бу, бул, ошал, ошбу* сілтеу есімдігі деп көрсетеді. Оның ішінде **ошал** қазіргі тіл қолданысында *осы, сол* сілтеу есімдігіне сәйкес келетінін дәлелдеген (Қосымова Г. ҚТТ. (оқу құралы). А., 2007. – 198). Сондай-ақ, ақын шығармасында **ошал** сілтеу есімдігі өзінен кейінгі сөзбен септелу арқылы жасалады, бірақ жалғау ашық түрде көрінбей, жасырын тұрады. Өзелде жазылған соң пешенеге, Пенде **ошал** (сол) көтермейді қай мехнатты?! Қолында **ошал дұшпан** (сол дұшпанның) ердің көбі, Шараң не, әмір солай, нақтан пәрман?! Күллі инсан **ошал дарак** (сол дарактын) саясына, Болмаса ол ғылым ұнар, мағұлым жайым. Отыз күн ораза ойлан һәм қырық парыз – Әмірі осылайша, падышайым! Дегенің жетпіс сегіз **ошал пәрман** (осы жарлықтан), Адамға мұны білмес қылма райым! Тілектес халқын тегіс қасына ертіп, Соғысқа даярланды **ошал сағат** (сол сағатта). **Ошал күн** (сол күні) Мағауия болды ғайып, Кеш болып, кейін қайтты қосы тайып. Шекпені бар еді Сыддықтың, Тіктіріп киген жаңадан. Жыртып **ошал шекпенді** (сол шекпенді), Әр жыланның жатағын Тығын қылып бекітті. Румнан сақиды іздеп келді елші, Ерте емес, **ошал уақта** (сол уақытта), күннің кеші (Ерімбет).

Оя – балигат, кәмелет. Ереке, сіз қойыңыз, Омар – бала, Жетпеген жасы **ояға**, ақылы шала. «Қой!» десең Кетелігі есіне түсіп, Көңілі жетімсіреп, болар нала (Ерімбет).

Ояз – уезді басқаратын әкім. Орыс тіліндегі «начальник уезда» деген ұғымның баламасы. Бір жиынға барғанда Сұлтан шайыр мен Нұртуған ақынның аттары ұрланды. Сонда Нұртуғанның оязға, басқа да адамдарға арнап жазғаны: Түрі-түсін жазып тұрмын Қазалыға, Басқарған Қазалының адамына Көшірме әр әділге көшірілді, Нұсқасын жолдап тұрмын **оязыма** (Нұртуған). Жай жүргенде бір күні «Атшабар келді лепілдеп», **Ояз** шықты Сызар бар... «Ылау» деп «Үй» деп дікілдеп (Абай). Орныңнан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып, **Ояз** келсе қайтер ең. Айдаһардай ысқырып (Абай).

Ө

Обу – 1) сүйіспеншілік, махаббат; 2) әуестік, құштарлық; 3) жақсы көрушілік. Жүрмісің оқу оқып, қалқам, аман? Сәлем хат сағынған соң жаздым саған. Қарағым, қайтасынан жауап қайыр, Білдіріп хал-жағдайың айтып маған. Бетіңнен **өпpegелі** көп күн өтті, Мауқымды бассам керек оқып содан (Нұртуған). Зар жылап Шаһизада жасын төкті, Бетінен «Қой балам!» деп Ғали **өпті**. Тұншығып көз жасына бас көтермей, Жас бала қайғыланып жапа шекті

(Ерімбет). Қалғырдың назбен күлімдеп, Үңілдім ұзақ ұйыттым. Дыбыссыз ғана «күнім» деп, Ерніңнен **өбтім**, сүйіктім (Ә. Сәрсенбаев). Жұмақ жер ғажап екен көктемде, Жұмбақ жел сүйеді екен беттен **өбе** (Қ. Салықов). Ендеше тез **өбем** деп асықпайын, Ерке өскен еркін жанды шошытпайын (С. Мұханов). Қарбалас қырда көп еді, Ел егін егіп жатқанда, Суық жел жерді **өбеді** Қайтадан, ақ таң атқанда (Ғ. Сейілжанов).

II

Пайтақ // байтақ – 1) мемлекет дәрежесіндегі саяси-әкімшілік өкімет басқару орындары орналасқан басты қала; 2) ұшы-қиыры жоқ, кең. **Байтақ** сөзі бұл күндегі әдеби тілде «ұшы-қиыры жоқ, кең» деген сын есімдік мағынада қолданылады. **Байтақ** бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі жұрт, халық тұтастығы» («этникалық-территориялық бірлік»), яғни «ел, жұрт» деген ұғымды білдірген. Он алтыншы ғасыр басында-ай **Пайтағын** билеп Балыхтың (Нұртуған). Мұнысы Әміршінің дұрыс емес, Есітсе ертең халық бұл шешімін, Қалайша **пайтағынан** ұшырмайды?! (Нұртуған). Бағында сайрар бұлбұл, көлде бақа, Мінбесе, кірмес күші, хан **пайтағын** (Ерімбет). Жайсында жай жүргенде адам қатар, Патшаның күші болады **пайтағында** (Ерімбет).

Пақыр – кедей, жарлы: қорғанышсыз, мүсәпір. Араб тілінде **факирун** – кедей, тарыққан адам, жарлы дегені білдіреді (АРС., М., 1958, 775). «Сіз,– деп айтты,– мақұл-ды, Жемейді деді ақыңды, Қариялардан сұрасам: Аяйды,– дейді,– пақырды» (Нұртуған). Ғалидың кім шақ келер қаһарына, **Пақыр** да қуанышты сапарына. Дүлдүлді қайтарды ол елді көріп, Жаяулап жетті енді шаһарына (Ерімбет). Уа, байларым, егілме, Малды берген көгіне, Өкінбе өткен күніңе... Бір тиынды өсіріп, Жалдадың малай тегінге. Қарамадың **пақырдың** Мұқтаж болған кеміне (Нұртуған). Қалмақтан алған көп олжа... Бөліп берді еліне, **Пақыр**, кедей, кеміне (Қобыланды батыр). Екеуін сүйреп шықты екі жігіт, Қылады екі **пақыр** неден үміт. Жесірді қолға түскен аясынба, Қорқады «Кетеміз,– деп,– нарға мініп» («Айман – Шолпан»).

I Пара – алым, ауыз бастырық; өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақша, қымбат зат, алым. **Пара** сөзі көбінесе алу, беру, жеу етістіктерімен тіркесіп келеді. Тек қазақ тілінде ғана емес, қырғыз, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, тәжік тілінде де **пара (пора)** сөзі орысша «взятка» мағынасында қолданылады. Түрік тілінде **пара: 1) ақшаның белгілі бір мөлшері (бір тиастрдың 40 бөлігі), жалпы ақша; 2) бір дана; 3) бөлік, бөлім** деген мағыналарда қолданылады. Парсы тілінде **пара** – ақша; монета тиастрдың қырықтан бір бөлігі (ТурРС., М., 1945, 479). Адамның әр түрі бар бірі – **пара, Параны** пайда демейді ақылы дана. «Молланың ақылын тұт қылма ісін», Демеймін: «Айтқанымды тұт, маған кара!» (Ерімбет).

II Пара – 1) бөлік, белгілі бір заттың мөлшері, бөлігі, саласы; 2) бір бөлік, бір топ, біраз, бірталай. **Пара** сөзі парсы тіліндегі **парэ** сөзінен ауысқан. Парсы тілінде құранның әрбір бөлігін «**пара**» деп атайды. Ал, Ерімбет пен Нұртуған ақындар бұл аталымды бірде «кез келген заттың бөлігі» ретінде өлең тіліне енгізіп, поэтикалық метафора жасаса, енді бірде «алым, ауыз бастырық» мағынасында қолданылуы да кездеседі. Дәл осы мағынада қырғыз тілінде, – **бара**, өзбек тілінде – **пора**, тәжік тілінде – **пора** сөздері қолданылады. Тіліміздегі **пара-пара, пәре-пәре** (қылып жырту) сөзі де парсы тілінде осы сөздің қосарланып айтылуынан жасалған болу керек. Яғни **пара-парасын шығару** – бір нәрсені бірнеше бөлікке бөліп, бөлшектеп тастау. Құранның кейбір **парасының** үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз жасырын ойларды ойлайды (М. Әуезов. «Абай»). Жыртып ошал шекпенді, Әр жыланның жатағын Тығын қылып бекітті, Бір жапырақ **парадан** (Ерімбет). «Жауластырып кетті» деп Ағайынның арасын. Құлдың сөзін жеткіздім, Оннан бір ғана **парасын**. Ойласып енді шешіндер, Қош, мырзалар, өздерің, Бармайсың, әлде, барасың?! (Нұртуған). Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір **парасы** (Абай);

II Пара – Желдің, судың екпіні тиіп, диірмен тасты айналдыратын оқтыққа орнатылған сала-сала жалпақ тақтайлар.

Патша – монархиялық мемлекетті тежеусіз басқаратын әкім, мұрагерлік жолымен мемлекетті билейтін кісі. Парсы тілінде **падшаһ** – шах, патша, король дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 86). У ішіп көп ұзамай Хасан өлді, Патшалық Хүсейінге кезек келді. Хүсейін **патша** болып мініп таққа, Күн сайын аңырмастан жұтып жатыр, Қалдырмай ешбіреуін, көзің көрді! (Ерімбет). Жаңылып кеткен кезінде, Қобалжытпа өзіңді. Асып-сасып жалтақтап, Ұмытсаң айып сөзіңді. Көтеріп сені айтқанға, Қолпаш сөзге мақтанба – Артық сонда өнерің **Патша** отырған тақтан да! (Нұртуған). Филипп өлді, Ескендір **патша** болды. Жасы әрең жиырма бірге толды. Өз жұрты аз көрініп, көршілерге көз алартып, қарады. Оңды-солды (Абай). Ешкім саған тие алмас, Ұстасаң менің қолымды. Жаушы ғып патшам жіберді, Жеті атасы орынды («Қобыланды батыр»).

Пәкизат (бәһизат) – 1) таза, адал, кіршіксіз; 2) сұлулықтың, әсемдіктің, көркемдіктің иесі. Егасын күллі ғаламның қыл ғиаят, Ғиаят қылса не сөз ол – **пәкизат**, Кел енді суырайын алмасымды, Қынапта, не бітірдің басқада тат?! (Ерімбет). Ей, Алла, сансыз шүкір, әміріңе бас, Түзетсін пендене нешік **пәкизатты-ай**. Адамға мал емес саулық – байлық екен, Шек қылма Мусаға айтқан хикаяттай (Ерімбет). «Қисусан тазалықтың парқын білер, **пәкизат** не қылғанмен Сыр адамы» («Айтис»). Төскей – төс, ойың – тұлпар, сабыр – құрғыр, Бай – ақыл, бәйбіше – ашу, ей, **бәһизат** (Даңмұрын).

Пәм – ой, сөз. Қысқаша жаздым қысылып, Артық көріп **пәмінді**. Дәмесіз қылған сауда һалал, Шарифат жолы нанымды! (*Нұртуған*). Тигізбе ақ шәйнекті жер мен жүнге, Я киіз, я алаша, кілем-түрге. Тимесін демдеген соң осыларға, Бұл артық **пәм**, шайқұмарлар үйренерге (*Ерімбет*);

Пәмдеу // **пәмлеу** – ойлау, пайымдау, бабына жету. Болмаса түсінікті әр жерде сөз, Пікірлі тыңдаушыға ұнамайды. Айтушы мұны **пәмдеп** айырмайды, Кейбіреуі қара сөзді қаламайды (*Нұртуған*). «Ділуар боп жүр бұл кезде, сөйлеген сөздің бағдарын сезбейтін **пәмлеп** анайы» (*Базар жырау*).

Пәрман – әмір, жарлық. Араб тілінде **фирманун** – үкім, бұйрық дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 762*). Әннан соң дүние жүзі бұзық болып, Нухқа төзінбекке болған **пәрман** (*Нұртуған*). Ей, тәубе, һақтың әмірі осы-дағы, Бәрінің іздегені бір шыбын жан! Қолында ошал дұшпан ердің көбі, Шараң не, әмір солай, һақтан **пәрман** (*Ерімбет*). Дегенің жетпіс сегіз ошал **пәрман**, Адамға мұны білмес қылма райым (*Ерімбет*). Патшадан **пәрман** болған соң Келмембет мінді атына («Қамбар батыр»). Байдың күні **пәрманмен**, Жарлының күні арманмен (*Мақал*).

Пәруәрдігер (**пәруардігер, паруардегәр**) – құдай, тәңірі, жаратқан. Парсы тілінде **парвардегар** – жасаған, құдай, тәңірі дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 93*). Иесі күллі әлемнің **пәруәрдігер**, Жаратқан адамзатты топырақтан. Өткермей өмірінді бекер босқа, Кәнеки, сөйле тілім, ікаяттан (*Нұртуған*). «Әуелі **пәруәрдігер** сені айтармын, Жасаған Жаппар тұрып кімді айтармын?! Бұл тойға қазағымнан әркім келді, Той бастап, тойдан озған мен айтармын (*Нұртуған*). Деп айтар Ибраһим халиолла: «Күдірет, өткізе гөр өзімді аман?! Оңаша ал өз деміңмен **пәруардігер**, Пайда жоқ жалғыз ұлым Смағұлдан. Жамандық үмметіңе қылма, Жаппар?! (*Ерімбет*). Пұл үшін қызықпассың сен де бір ер, Сені маған кез қылған **паруардегәр** (*Абай*).

Перизат – 1) өте көркем, асқан сұлу; 2) діни ұғым бойынша аспан мен су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдық иесі (перінің қызы). Парсы тілінде **пари** – **фея**, ауыспалы мағынасы – «асқан сұлу әйел». Халық аузындағы өлеңдерде де «айрықша, өзгеше» деген мағынада айтылады. Бұл біріккен сөз. Бірінші сыңары – **пері**, екінші сыңары – **зат**. Соңғы сөз белгілі мағынасында (қара: адамзат) жұмсалып тұр (*І. Кеңесбаев*). Таққа мінген ханша енді Жабысып келеді сауырға. Пәк жаралған **перизат**, «Кірем,– деп,– мұсылман қауымға» (*Нұртуған*). Қыздар: «Әлі жыныс – мағыл жыныс» деген. Әркім өзінің жынысымен болу керек. Сен адамзатсың, біз **перизатпыз** (*Нұртуған*). Ақындар шығармаларында бұл ұғым көбінесе сұлу қыз туралы айтылады. Тіл буынсыз, бой – таза гүл, Ақылы артық, ары зор. Ол **перизат** өзің біл, Не болады болса қор (*Абай*).

Пүшәйман (**пұшайман, пүшман**) – қайғы, қасірет, мұң, шер, өкініш. Парсы тілінде **пашиман** – өкіну, **пашимани** – өкініш, қайғы дегенді білдіреді

(ПРС., М., 1959, 150). Өзбек тілінде **пушайман** – өкінген адам, пұшайман жеу. Сиынып Мәулімнияз әруаққа. Еске алып Едіге мен Мұса ханды, Сиынды өз әкесі ер Ораққа. Ісіне өзі қылған **пұшәйман** жеп, Келе жатыр көп опынып жалғыздыққа (*Нұртуған*). Халыққа патша болды Ғали Арыстан, Көшкен соң бейопадан ғазиз Оспан. Айрықша Ғали Шерді қайғы басты, Марқұмның өлгеніне болып **пұшман!** (*Ерімбет*). Атқа салдым пыстанды, Мен кеткесін атажан Ақыры жерсің **пұшайманды** («*Алпамыс*»);

Пұшайман болды – қапа болды, жасасыды; қатты мұңайды, қатты өкінді.

Пырақ – 1) діни. Мұхаммедтің түнде жеті ықылымға сапар шеккендегі көлігінің аты; 2) ауыс. жүйрік ат. Қарақалпақ тілінде **пырақ** – аңызға айналған қанатты ат деген ұғымды білдіреді (*КарПС., М., 1958, 541*). Атының өзі келе жатыр Жем жеген жерге **пырағын**, Қарасын көріп қаланың, Танып келеді тұрағын (*Нұртуған*). Ақ Расулі таң алдында **пырақ** мініп, Құдайға Жебірейілмен барып қайтқан (*Ерімбет*). Отты екен жануардың екі көзі! Перінің **пырағы** ма мұның өзі!... (І. Жансүгіров). Астымдағы арғымақ, Болат тұяқ **пырағым** (Қ. Аманжолов).

Підия – өлген адамның өтелмеген (қаза болған) бес уақыт намазының күнасы үшін молдаға берілетін шығын. Араб тілінде **фадин** – күнәні сатып алушы деген мағынадағы діни ұғым (*АРС., М., 1958, 752*). Үміт бар жарылқаса тиіп **підия!** Артқасын жаратқаным ауыр жүкті, Лаж не бөліп алуға дос-жарыңа. Арымай азаматым саламат бол, Көнесің құдіреттің салғанына! (*Нұртуған*). Бұл өлкеде талайдан болмаған бай **підия**... Бөжейдікі болды (М. Әуезов). Киеміз сәлде, шапан кием дедік, Сүзіліп басты төмен ием дедік. Ақпейіл адалсыған сопы жан боп, Сөйтіп-ақ, **підия**, зекет жиам дедік (С. Мұханов).

Пір – дін қауымының басшысы; әулие. Парсы тілінде **пир** – қауымның басы дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1959, 99*). Бұл кісі Мекке майдан орын алып, Қайтты деп айтылады Әнбиядан. Бір заман Муса Кәлам дін үйренген, Дүниеге келген **пір** рас, хияметтен (*Нұртуған*). Жалғыздықтан қысылған. Жетім атаң Едіге де, **Пірлеріне** асылған. **Пірі** жәрдем берген соң, Қалмақты жеңіп ысырған (*Нұртуған*). Мәулім: «бұл өмірде қатын алмаймын, бала сүймеймін, дүние жинамаймын, күнә көбейтпеймін, тек **пірімнің** дәрет суын жылытып өтемін» дейтін еді. Әншейінде таң білінбей тұрып, **пірінің** дәрет суын жылытып, құманын қойнына тығып келіп, өзі оятатын еді. Бүгін кеш қалыпты. «**Пірімнен** ұят болды-ау» десе де, дәрет суменен ісі жоқ, есіл-дерті жаңағы түсінде көрген қызды іздеу болады. Құман да жоқ, су да жоқ. Ұйықтап жатқан **пірінің** үстіне жүгіріп келіп, Мәулімнің айтып тұрғаны: Ассалаумағаләйкүм, Ақыреттік **пірім-ай!** Менің көрген түсімді, Отырсың ба біліп-ай! (*Нұртуған*). Жақсылап дастан айтайын, Әуелі Алла сиынып, Екінші кәміл **піріме**. Құлақ салып тындаған, Жамандық көрме тіріде («*Қамбар батыр*»). Иман хазіреттерді күтіп алатын,

өздерінше дағдылы, тәрбиелі отырыс, кішілік отырысы, Ишан, **пірлердің** алдындағы мүридтер бейнесінде (М. Әуезов).

Пірәдар (бірадар) – дінге беріліп, соның жолын қуушы адам, сопы. *Пірге барып, қол беріп, әулие болып келген адам.* Пірәдар парсы тілінде **паирдар** – *сиқыр, қастандық күштерді шақыру (ПРС., М., 1959, 93).* Араб тілінде **барағұн** – *жазықсыз, айыпсыз* дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 75). Бақыттан, сауаптан да құр болмассың, Себеппен Түктіаяқтан тұқым жайсаң. Өтіндім, ей **пірәдар** намамменен, Қосайық екі жасты аман болсаң (*Нұртуған*). Пайғамбар тасып айтқан ахуалынан, Хасайын Кербалада тартты зарын. Ғазиздер нақтың досы болса мұндай, Бұл күнде біздер нешік, **пірәдарым?! (Ерімбет)**. Мұстафа мен Тайжан да пірге қол тапсырып, «**пірәдар**» атанып келген (*С.Мұханов*). **Бірадар** атын көтеріп, оразшыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жартысын салғанға ұқсайды (*Абай*).

Піспек – *қымыз, айран сияқты сүт өнімдерін пісетін құрал.* Байұлының бұл – алтын **піспек**, кең сабасы, Байеке кешегі бұл ер баласы. Әкесі бұл баланың ер Исатай, Көп жанға болып кеткен отағасы (*Нұртуған*). Сақалына қарай іскегі, Сабасына қарай **піспегі (Мақал)**.

Пітіне (пітнә, пытна) – 1) *құлығын ішіне бүккен, ізін білдірмейтін сұмырай; 2) таңғажайып, таң қаларлық, бой тартарлық; еліктіру, алдамшы, қызықтырғыш; 3) көтеріліс, бүліншілік; 4) ақылсыздық.* Алдынан Шамнан келіп қызмет етті, Бір жігіт мекері көп, дейтін Мәруан. **Пітнәлі**, екіжүзді жан екенін, Ішінен біліп жүрді Шаһимардан (*Ерімбет*). «Қиянат, қисық жолмен жүрмейтұғын, Оспан шах – түзу сұлтан, пана-дағы! Ғажайып бұл не деген **пітнә-дүр?!**» деп, Бес жасар, тұтты жаға, бала-дағы (*Ерімбет*). Өзара жанжалдасып қанға батқан, Ішіне түрлі **пітіне** толып жатқан (*С. Торайғыров*). Надандықтың **пітінесін**, Суалта көр, құдай-ай! (*С. Торайғыров*). Таңа алмас **пітнән** да осы өсекке: Ол әсте қалған емес көне шетте, Ардақтап адамзаттың ақ тілеуін, Үндейді о да ғажап келешекке (*Х. Ерғалиев*). Жаһанда жауға өзінді жаралатпау, Болып кет, бойың бағып, тың секілді. Әр түрлі ақуа пысат, пасық **пытна**, Бөлетін ақылыңды жын секілді (*Тұрмағамбет*).

Р

Рабай – *байқаусызда, кездейсоқта.* Араб тілінде **рубба** – *мүмкін, бәлкім* дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 355). «Мынау қандай атты,– деп,– Жүрісі жылдам қатты?» деп, **Рабайда** біреуі Назарын салып аңдады (*Нұртуған*). Сондықтан да **рабайда** болмаса, бұлардың жауға сермеген қанжарлары қалт етіп көрген емес (*Ө. Қанахин*).

Рабат – 1) *байланыс, қатынас; 2) таңғыш, байлауыш, түйреуіш; 3) қамал, қорғаныс; 4) үлкен сауда орындарында салынатын бекініс; 5) керуен*

сарай. Әттең, тұлпар болғанда Оны бермей дұшпанға Қыламын ба сені мат. Сендей тұқым қайда бар Жеті атадан **рабат?! (Нұртуған)**. Бұл кез – Орта Азиядағы түркі тайпаларына араб-парсы мәдениетінің, ислам дінінің кең жайыла бастаған шағы. Жаңа медреселер, **рабаттар** (немесе рибат), салтанатты сарайлар салынады (*С. Исаев*). Өмір қандай тамаша өзгергенде, Дүниені тоймайды көз көргенде... **Рабатқа** жаһанда айналдырып, Испен жеңіп, еңсеріп меңгергенде... (*Саяділ*).

Рауа – 1) *лайық, барабар*; 2) *игілікті жақсы іс, орнымен істелген жән іс (орынды, сауап)*. Парсы тілінде **рава** – *ерік берілген, рұқсат етілген, тұрарлық, жарамды* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 250*). Алты жыл көрмегелі, адамзатым, Болған соң **рауасы** қадыр Құда. Деген соң «Өмірім солай!» бізге міндет, Бәлеге сабыр қылмақ қазақ о да (*Нұртуған*). Бекет жасымашы, шын асыл! Естен кетпес асыл ән. Мыңға **рауа** бір басың Қажымашы жалғыз-ақ (*М. Әуезов*). Ол кәпірдің (Асқардың) қатынын жасырса (Асан) – деді Құзғынбаев үрейленіп – не қылса да **рауа**. Онда мен пікірімнен қайттым. Сіз бұл іске кіріспеңіз,– деді Байтөбет,– ақсақалдың билігіне тастап жүре беріңіз (*С. Мұқанов*).

Рауаж ету – *тарату*. Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт, Үйреніп теміршілік санағаттан. Үкімін күллі ғаламға **етіп рауаж**, Сүлеймен дүр-жақұттан тақ жасатқан (*Ерімбет*).

Раушан – *анық, жарқын, нұр, сәуле*. Құдірет жаратыпты жер мен көкті, Көгертіп жер жүзіне түрлі шөпті. Аспанға ай мен күнді **раушан** етіп, Жұлдыздың есебі жоқ, жүдә, тіпті (*Нұртуған*). Бұл дүния алты күнде болды тамам, Жаһанға шамен камар етті **раушан**. Адамды топырақтан сурет етіп, Төбеден сол заматта жүгіртті жан (*Ерімбет*). Тартылған суы айдындай, Жүзім қалды қуарып. Жайнаған бақта қызыл гүл Жапырағы қурады **Раушанын** күн алып (*Нұртуған*).

Рахим (рақым, рахым) – *қайырымды, мейірімді, рақымды, кіші пейілді, ізгі ниетті, шапағатты*. Машақат тартсақ дады әйлап, Жер бауырлап құлаймыз Өгізшедей жатаған. Алла **рахим** етпесе, Қаңғалап жүрміз қаңбақтай, Аша алмай көзді қатадан (*Ерімбет*). Бисмилла рахман **рахим**, – деді молда (*Ү. Уайдин*). **Рахим** итігіз... (*Ғ. Мүсірепов*). Ресей мемлекетіне бағынышты болып, адал қызмет қылмаққа ант аларға мен – Тәуекел оғлы Мәмет мырзаны елші даражасында жібергенге **рахим** етті, – деді (*Т. Ахтанов*). Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, **рақым** ойлап қой (*Абай*). Сырт қарап отырған Абай әженің кейде шерлі, кейде мейірбан **рақым** күйін, өзін тербелтіп отырғандай сезінеді (*М. Әуезов*). Көңілің түсер ме екен балдай ертіп, Ғашықтың көз жасына **рахым** айлап (*Ақан сері*). Абайдың алдына алақанын көлденең созып, орталық үйді көрсетті: «Кіріңіз, **рахым** етіңіз!» дегендей (*М. Әуезов*).

Раһлат (риһлат, раһләт) – 1) саяхат жасау, жиһан кезу; сапар, жол жүру; 2) экскурсия; 3) ауыс көшу, дүние салу. Мұхаммед атты Мұрсалың Жас қалды ата-анадан. Жәбір-жапа көп көріп, Ойлады **риһлат** панадан (*Ерімбет*). Түсінде пайғамбарға душарласқан, Ғалиға айтқан сәлем Һән хазірет. «Сүйегі перзентімнің һәмiрасы, Ететін болды мезгіл жан **раһләт**» (*Ерімбет*). Ұлыңның үстін басып жұлма мерез, Құрма жеп жүреді екен етіп әдет. Жегенін жіңсік көріп, тоқтатпасаң, Дүниеден өтер балаң,– деді,– **раһлат** (*Қаңлы Жүсiн*).

Рәуаж (рауаж) – 1) тарату, өрістету, кеңейту; 2) айналу, ауысып айналу; 3) керек ету, өтеу (товар жөнінде). Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт, Үйреніп теміршілік санағаттан. Үкімін күллі ғаламға етіп **рауаж**, Сүлеймен дүр-жақұттан тақ жасатқан (*Ерімбет*). Бірақ оған **рәуаж** беріп гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмелетке жеткізбек жәһәтінде болмақ (*Абай*).

С

Саба – жылқының терісінен илеп тұздалған, жүнін қырқып, ысқа салған, көбінесе қымыз ашытатын ыдыс. **Сабаны** жасау үшін теріні көкетін алып, тазартып илейді. Дайын теріні талдың қабығымен бояйды. Содан соң әркім өзіне қажеттілік мөлшерінде (шамамен 100 литр) төрт бой етіп пішіп, түбін кең, аузын тарлау етіп шуда жіппен тігеді. Жоғары байлау үшін **саба** аузына жіп тағады. Бұрынғы кезде асқа, тойға салтанатқа **сабамен** қымыз, малдан сойыс апаратын болған. Бұл үлкен құрметтің, мырзалықтың, байлықтың белгісі деп бағаланған. Мұны Мәшһүр Жүсіп былай суреттейді: «Шоң бидің **сабасы** деп айтсын деп Ақ бура Қара Алтайдың баласы Қарқынбайдың **сабасын** алып жүрді. Осы **сабаның** көрінісі төрт сары айғырдың терісінен жонын сыртына қаратып, жал-құйрығын өзіне қойып, бұлқына бір өгіздің терісін тіктіріп, өзін түйеге теңдегенде сегіз қанат үйдің бір үзігі бір жағына тең болады екен» (*М. Жүсiн Көпеев*). Бұрынғы бай, би, мырзалар, қымыз бен **сабаға** осындай мән беріп қарап, оны кісілік сыйластық нышан ретінде қабылдайтын болған. Кімнің **сабасы** үлкен болса, оның мерейі де, мәртебесі де ел алдында беделі де жоғары тұрған. Демек, қымыз бен **сабаның** әлеуметтік маңызы да зор болған. Илеп тайдың терісін, Ашыттым қымыз **сабаға**. Пісіп талай күбісін, Жай таптырдым жана да (*Нұртуған*). Жақында ыстан шыққан кең **сабаға** құйылып, қымыз жарықтықтың өзі бір балдай тәтті боп тұр еді (*С. Мұқанов*).

Сабаз // шаһбаз – біреудің жақсы іс-қимылына, мінез-құлқына, кісілігіне риза болғанда және кісілігі бар парасатты адамға айтылатын көтерме сөз. Көңілін көкке көтерді, Едігедей **сабаздың**. Көш соңынан қуалап, Ойлады батыр жүрмекке (*Нұртуған*).

I Сағанақ – кереге көгіне ілініп тұрған таяқша ағаштар. «Жазғанда жолың мынау,– деп күліпсің,– Байладым жамбасыңа бір **сағанақ**». Ауыр сөз олай демек, аңдағанға, «Жүре бер,– десе не дейсің,– өзің алда-ақ?!» (*Ерімбет*).

II Сағанақ – асқабақ. Көне түркі ескерткіштерінде **сағнағу** – кепкен асқабақ (Қашқари М. Девю. луг. турк. It., T., 1960, 453). Қорлық көріп жатырау! – деп тыным алмай қалаға жетсем, Ол болса, қағанағы қарқ, **сағанағы** сарқ! – деп көргенінен артық та сөздер айтатын (М. Әуезов).

Сада – 1) дауыс, үн, дыбыс;

2) жаңғырық, айқай, шақыру.

Келеңсіз кеткен сөзді кейін байқап, Бір ауру пайда болды ұйықтамас. Шығар ма сау адамнан ондай **сада**, Халық түгіл, соң ойласам, өзіме әбес (Ерімбет). Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан **сада**, Наркес көз, қаламқасты лағыл бала. Иранның Құсни Зия тотысындай Гәуһәрден шыққан нәсіл тудың зада (Ақан сері).

Садақ – ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, сол кермеге оқ (жебе) салып тартып ататын, өте көне замандардан келе жатқан қару атауы. Рабиға Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» жазған еңбегінде «садақ» сөзіне мынадай сипаттама берілген: «**Садақ, жақ /жай/ жа**. Бұл сөздер қазақ эпостарында да, XV–XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілдерінде де жиі кездесетін, қазірде көнеленген сөздердің қатарынан табылады. **Садақ** сөзінің синонимдері *жақ* – *жай* – *жа*. Соңғы *жа* варианты қазақ тілінде **сарыжа, бұхаржа** сөздерінде сақталған» (Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 1980, 100). **Садақ** – ағаштан доға тәрізді иіліп жасалған ескі атыс құралының бір түрі, жақ (ҚТТС. VIII т., 1984). «Найза, мылтық, айбалта Арқалап оны қайтем» деп, Қарамады **садаққа** (Нұртуған). **Садағын** сала байлап, асынып алмас, Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас! Арада бірнеше күн жол жүрген соң, Бір күні түсті тұман жол таба алмас (Ерімбет). Найзаны салып түйретті, **Садақты** тартып үйретті. Азапқа салып қазақтың, Ар-намысын таптаған. Көнбегенге көрсетіп, **Садағын** да оқтаған (Нұртуған). Найзаменен өлтірсем, Ми қалады дерсің сен. **Садақпенен** өлтірсем, Жазым қылдым дерсің сен («Қобыланды батыр»). Беркініп **садақ** асынбай, Біріндеп жауды қашырмай, Білтелігі доп салмай, Ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет). **Садақ** сөзі кейбір түркі тілдерінде қарудың өзін емес, оның қабын, сауытын (футляр, чехол дегенді) білдіреді, немесе жақтың бүкіл жабдығымен қоса аталған жалпы атауын береді. Ал қазақ тілінде **садақ** сөзі қарудың өзін де, жақ пен оның оғын салатын қабын да білдіргенін байқаймыз. Қарағайдан **садақ** будырып, Қылшанымды сары жүн оққа толтырып (Қазтуған жырау). Қарсы қарап тұра қап, **Садақты** қолға алады. Толықсып тұрған баланы Толғап тартып қалады («Қыз Жібек»). Бұл екі мысалда **садақ** – қарудың өзі, яғни жақ. Сонымен қатар **садақ** сөзі жақтың өзінің қабын да білдірген. Мысалы, жырларда кездесетін «*бұлғары садақ, бұхаржай*» немесе «*көн садақты демесең, көпке тиер сөзім бар*» дегендегі *бұлғары садақ, көн садақ* тіркестері былғарыдан жасалған (әлде булгарлықтардың үлгісімен жасалған ба?) және көннен жасалған қап (жақ салатын футляр, чехол) (Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 1980, 100-101).

Сақи (сахи) – 1) жомарт, мырза, қолы ашық; 2) ақ көңіл, ақ пейіл, қайырымды. Араб тілінде **сахйун** – жомарт, ақпейіл дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 440). Жұрт тындап, ұйып тұрса әр сөзіне, Қиюын тауып айтар ақын-дағы. Жеткізсе жетпегенді жомарт жандай, Көл еткен ақылымен **сақи-дағы** (Нұртуған). Көркейер барша **сақи сақиды** айтсам, Сараңды мерекеде қатты ұялтсам. Байлар көп ішпей-жемей мал жинаған, Соларды дұрыс болар көзіне айтсам (Ерімбет). Қолы **сақи** пендеге Өлгенде тиер қайыры. Қабыл алмай, алдымнан қазақ халқы кеткен жоқ– Сөзімнің келсе қайымы (Базар жырау). Сендей мен сансыз сөзге **сақи** емеспін, Шамасы біздікінің, осындай-ақ (Кете Жүсін). Жөнінен сағынғандық жаздым дахи, Жиханда жігіт болмас сіздей **сахи**. Бермек, алмақ шарт болар, Бір түрлі **сахи** жігітке (Н. Наушабаев);

Сақилық (сахилық, сақылық) – жомарттық. Патшалар **сақилыққа** ар қылады, **Сақилық** кең дүниясын тар қылады. Патшаның күндегенін білгеннен соң, Атымтай бір Аллаға зар жылады: «Құдая! Құдіретіңмен сақтай гөр!» деп, **Сақилық** әдетінен арылмады (Ерімбет). Сен – ұядағы балапан, **Сақилық** қыл өзіңше! Адамның аты шығады **Сақилығы** білінсе (Нұртуған). Әм байлақ, әм **сақилық** біздің елде, Жаңбыр жауса шөп бітеді қара жерге. Елімде Айбас пенен Нөгербек боп, Әуелде сізден бұрын шыққан төрге (Болман). Сұраған сырттан жәрдем ақуалыңа, Ашты иіс көңіл құрсаң бақтың гүлі. «Бірі,– деп,– **сақилықтың** жөн сілтемек»... (Қаңлы Жүсін). **Сахилық** тәуірді, Қолдан келмек ауырды (Әбубәкір). Патша Атымтай Жомарттың моласында жатып істеген **сахилығына** хайран қалып, үйіне қайтыпты («Мың бір түн»). **Сақылық** кісінің атын көтереді, Бақылдық құнын көтереді (Мақал). Бағдат базарында қараған көзді сүріндірді, делдалдың қолын дірілдетті, саудагерді **сақылыққа** үйретті (Д. Досжанов). Сүйетінім **сақылық** ат, **Сақы** десе көңілім шат («Мың бір түн»).

Салауатпен киіну – сәнденіп киіну. Қалқам, жылдам киінші, **Салауатпен киініп**, Ағаңа сырттан көрінші (Нұртуған).

Санағат – өнеркәсіп (қазып шығару және өндіру кәсіпорындарынан құралатын халық шаруашылық саласы). Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт, Үйреніп теміршілік **санағаттан**. Үкімін күллі ғаламға етіп рауаж, Сүлеймен дүр-жақұттан тақ жасатқан (Ерімбет). Қасибият бар, сауда уа **санағат** бар, – деді Мұғалім (І. Жансүгіров).

Санат – 1) тірек, сүйеніш, таяныш; 2) тау беткейі; 3) тілхат, документ, ақша міндеттемесі, қарыз; 4) бағалы, қымбат қағаздар; 5) ауыс. бедел, абырой, беделді, абыройлы; 6) ауыс. әсем, тамаша. Бүгін барып сұрадым Жәніке бидің Қара атын. Бермек түгіл ол маған, Кеуліме салды **санатын**. Неғылайын қайғырып, Бұл да Алланың ісі да – Ол тағдырда болатын (Нұртуған). Мырзағұл, көріп оңай, көп ұстасты, Жоқ қылмақ, жеңсе егер, көңлі қастай. Көп жерден барып қайтты көріп **санат**, «Қылам,– деп,– ең болмаса, аяқасты-ай!» (Ерімбет). Ұлық тақтан таймайды елге жақса, Қатын байға

еркелер бала тапса. Иілген сегіз бұтақ – сегіз **санат**, Жайылған жапырағы қағаз ақша (*Әсет*). Ауызбен айтып жеткізбес сәні менен **санатын** (*Дулат*). Екі жақсы бас қосса **Санат** емей немене (*Бұхар*).

Саратан – 1) шаян; 2) Шаян шоқжұлдызы; 3) күн жылнаманың төртінші айына сәйкес келетін маусым айының аты (22 маусым – 21 шілде). Арабша июнь айының аты (*ҚСТ. Іт., А., 1957, 206*). Сәуірде жер бетіне өнеді көк, Қурайды **Саратанда** қаншама шөп. Айтасыз «терім сіңген киімім» деп, Сұңқардан түлегенде қалмай ма түк (*Нұртуған*). Келген ай, туған күні Мүбәрәктің, **Саратан** үшінші күн бітті есапқа! Жазылды осылайша ошал назым, Жақсының жиынында оқылмаққа. Егасын білмек болсаң мен Ерімбет, Ерттеп сөзден мінген арғымаққа! (*Ерімбет*). Амал, сәуір, зауза өтсе, Жетеді жылжып **Саратан**. Жапырағы жайқалып, Ағашқа бітер түрлі сән (*Молда Мұса*). Күннің жүретін жолындағы он екі айға арналған екі топ жұлдыздар бар: **Саратан** – Шаян (*А. Машанов*).

Сарбаз – жасақты қол, әскер, жауынгерлер, солдаттар. Парсы тілінде **сар-баз** – қатардағы жауынгер, қарапайым солдат дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 278*). Шаршаған шығар **сарбаздар** Демалсын қазір жайланып. Исатай оған көнбеді, «Шабамын, – деді, – мен барып!» Махамбет мініп ашуға, Сөйледі сонда сұрланып: «Асып тұрсыз сіз аға **Сарбазды** босқа қырмалық. «Мың асқанға бір тосқан» Біздер, сірә, болмалық!» (*Нұртуған*). Ұрандап: «Беріш! Беріш!» деп, Атылды алға жар салып. Махамбет кейін бұрылды, **Сарбаздар** тұр таңқалып (*Нұртуған*). Қойдай өріп қол қашты, **Сарбаздар** сайлап мініп өңкей саңлақ, Зеңбірік күрс-күрс атқан, гу-гу сайғақ. Күйшінің басы айналып кетті осылай Қалжырап қалды сорлы тілін шайнап (*І. Жансүгіров*). Қойдай өріп қол қашты, Сұраншы батыр ат қойды, Бөгетін алған өзендей. Аз ғана **сарбаз** лап қойды (*Жамбыл*).

Сардар – 1) сарбаздың басшысы, жасақ басы, қолбасшы; 2) көшбасы, жетекші. Парсы тілінде **сар-дар** – бас қолбасшы, соғыс жетекшісі, командир дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 280*). Орысбай, Есіркеген, Басқар, Сайын, Сараптың **сардары** едіңдер-ау салауатты-ай! Үркімбай – ат баласы, тұқым еді, Жау десе міне шапқан жарау аттай! (*Ерімбет*). Аңғысын осыны айтқанды, Құбыл жан-жағына қарады. Еңселері түсіп, қипақтаған **сардарларды** көргенде, «Аңғысын досымның айтқаны рас шығар» деп ойлады (*Нұртуған*).

Саржа – 1) ерте кездегі қару-жарақтың бір түрі; 2) жер өлшейтін ағаштан жасалған құрал. **Сарыжа** дегенді өткен ғасыр лексикографы Л.Будагов былайша анықтайды: қазақша *саржа*, шағатайша **сары йай** сүйекпен әшекейленген, сарыға боялған **жақ** (лук) (*Будагов Л. 3. Срав. сл. тур. -тат. нар. т. I, СПб., 1869, 686*). Бұл қарудың атауының көне түрі қазақша **сарыжа** күйінде сақталған, осы сөз келе-келе «жаңашаланып», **саржай**, одан барып **саржан** түріне де көшкені анық байқалады (*Сыздықова Р. Сөз. сөй. 1980*,

101). Қылды Едіге жігерді Шалқалап жатқан қалмақтың, Қолтығының астынан, **Саржамен** тартып жіберді (*Нұртуған*). «Шақырып Шаһизаданы келтір! – деді, Тез апар дар түбіне қара бассын!» Жөнелді екі жәллет шақырмаққа, Асынып қылыш, мылтық, **сарыжасын** (*Ерімбет*). Ежелгі жауым сен едің күліңді көкке ұшырсам... – дей бергенде сынға іліктіре алмай жүрген хан мергеннің дәлдеп тартқан **саржасы** батырдың көзінен қадалыпты, екінші оқ өкпеден өтіпті (*Ғ. Сыланов*). Бір күні ханның баласы мен уәзірдің баласы екеуі **саржа** атып ойнап жүргенде хан баласының атқан оғы ханның екінші әйелінің отыратын ордасының ішіне барып түсіпті («Қазақ ертегілері»). Қасы **сарыжадай** керілген, Кірпігі оқтай тізілген, – («Ер Тарғын»). **Саржанның** кірісі Тартуға келмей үзілді («Қыз Жібек»). «Аз ғана ауыл Екейсін, **саржанды** бөліп ал...» (*Сүйінбай*). Сонымен, **саржа** – қазақ халқының ертеде қолданған садақ пішіндес қаруы.

Сарт – өзбек; өзбектерге революцияға дейін телініп келген ат. **Сарт**, ноғай, түрікпен, естек, қырғыз, Мен бөтен сөйлемеймін өлі аяттан. Тұрғанда өз жұртымның әңгімесі, Сөйлесем ұят болар басқа таптан (*Нұртуған*).

Сарша тамыз – жаздың ең ыстық айы. Парсы тілінде **саршар** – толы, шыпылдап толған дегенді білдіреді. Сол замат салқын түсіп, зауал ауған, Шілде емес, **сарша тамыз** әсет болған. Аспанда аудан-аудан ақ бұлт жоқ, Көгеріп көк жүзіне сағым толған (*Нұртуған*). Келді де алып кетті жақсыны айдап, Барады боздақтардың көзі жайнап, Күн ыстық, қайнап тұрған **сарша тамыз**, Жөнелді абақтыға соры қайнап (*Жамбыл*).

Сауғаға беру – олжаға беру. Аңғысын мұны айтқанда, әкемнің «алдымнан шықсын деген досы осы екен ғой» деп, кешірім сұрап, қосақтаған халықты оған **сауғаға берді** (*Нұртуған*).

Сауыт – 1) садақ оғы мен қылыш жүзінен қорғану үшін ерте кездерде соғыстарда жауынгерлердің киетін темірден тоқылған киімі; 2) әртүрлі заттарды салуға арналған кішігірім ыдыс, құты (дәрі сауыты, темекі сауыты, сия сауыты). Қайтадан саулық келіп, **сауыт** ілсем, Ойнасам бұрынғыдай бек беймарал! Орыным тозақ оттан, я мұғаззам Сауалмай осы дерттен келсе ажал (*Нұртуған*). Майданға үш күн ұдайы шықты әскер, Саны жоқ әскерінің қайсысын жер. Шыққаны патшалықтан жеті жүз мың, Дулыға, **сауыт** киген бәрі де ер (*Ерімбет*). Бадана көзді ақ **сауыт** киетін күн болар ма?! Жауға атқан сұр жебе тиетін күн болар ма?! (*Нұртуған*). Көбіктінің үстінде тоғыз қабат ақ **сауыт**. Шапсаң, қылыш кеспейді. Атсаң мылтық өтпейді («Қобыланды батыр»).

Саф (сап) – 1) таза, нағыз, мөлдір, тұнық, анық; 2) нетто (нәрсенің ыдыссыз таза салмағы). Саулықта сақилық ет, **саф** азамат, Көшесін әлі-ақ бір күн әмір Наққа! Сақи деп бес парызды тұтқанды айтар, Қайым бол шарифаттағы ынтымаққа! (*Ерімбет*). Қайтеді гүл-гүл жайнап дала мына, Сыймайды-ау бар

қабілеті жанарыма. **Саф** алтын сұлулығын құя берсін, Кеудемді тосайыншы самалына (С. Ақтаев). «Ұяты имансыздың болмайды» деп, Екен-ау ерлер айтқан сөзі рас-ақ. **Саф** ақын осыныңды, көрсе сарап, Дер екен: «Кімдерді ауру, кімдерді сак» (Қаңлы Жүсіп). Қазақ тілінде көбінесе **сап** тұлғасында қолданылады, мұнда тілімізге тән емес *ф* дыбысы *п*-ға алмасқан (Ш. Сарыбаев). **Сап** алтын ерке сұлу қарағым-ау, Бір жақсы бір жақсыны өкпелетпес (Ақан сері).

Сафи (сапи) – 1) қалаулы, сайлаулы; 2) шын, адал дос. **Сафи** арабша – таңдаулы адал дос (Т. Жанұзақов). Хауаға, Адам **сафи** мирас осы – Бақиға бұл пәниден қайта дөңбек. Алпыс үш еді жас-ай Мұрсалымның, Құп жақсы болса пенде ақыры өлмек (Ерімбет). «**Сафи** мен саһил көрген есебінен, – Депсің-ау, – жанабынан қашықтатты-ақ. Өзіңді **Сафи** қылып, мені – малғұн, Жайыз ба, жаным, солай мысалдамақ»?! (Ерімбет). Пейіштен адам **сапи** шыққаннан соң, Жылаған баябында неше мүддет Адамды Хауанадан айырған соң, Құшуақ болған еді ол пәлекет (Күзен). Күнәлы, күнәсыз бе дәркер емес, Қожалық қашаннан-ақ бізге мирас... Ақырдың бәріміз де адамымыз, Тірі жүр кім **сапимен** болып құрдас? (Кете Жүсіп). Ишарат – **сапи**, Білгенге напи, Білмегенге – қапи (Таубайдың Жүсібі).

Сахаба (сақаба, саһаба) – діни. Мұхаммедтің серіктері (қиссалардағы «отыз үш мың сахаба» келетін осы сахабалар). Араб тілінде **сахәбатун** – Мұхаммед пайғамбардың серіктері, даңқты өрендері дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 541). Нәбиге қызмет қылған көрген адам, атанған «**сахаба**» деп ишанға ұқсап. Қайратты, ақылы зерек болғандарын, Жұмсаған дін басшысы былай нұсқап (Нұртуған). Қазақ арасына шеттен келген молдалардың бірқатары, қазақ арасынан шыққан молдалардың кейбіреулері араб, парсы ертегілерін, арабтың әулие, пайғамбар, **сахабалары** туралы аңыздарын, әңгімелерін қазақ тіліне аударып бастырды (Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров). **Сахаба** отыз үш мың төрт шаһар-яр. Бір күні мекен қылды Мәдинені (С. Мұқанов). Өлімді бес уақыт жад етіңіз, Қай жақта отыз үш мың **сақабалар**? «Кәрі өліп, жас қалады» дей көрмеңіз, Жер, Көкте жанды мақұлық бәрін де алар (Ерімбет). Арғын ем Арқадағы Көзтаңбалы, Бабам өткен бірнеше **сақабалы**. Тайымнан озып жүрген мен бір жүйрік, Жеңемін деп қинама жігіт жанды (Құлтума). Жетінші атам пайғамбарды көзімен көріп, соңына еріп **саһаба** болған кісі – деді Жалаңаш (Д. Досжанов).

Сахауат (сақауат, саһауат) – қайырымдылықты істеу, қайыр-садақа беру. Сақтасын сұраушының айбатынан, Шамаң жоқ ағайыныңды шақырмаққа. Қайыр бер, шамаң келсе **саһауат** қыл, Сақи бол жан саламат тұрған шақта (Ерімбет). Осындай жалғаншының біліп асылын, Деп кетті: «Қыл **саһауат**, бер **саһауат!**» Бірге мың, мыңға жүз мың пайдасымен, Береди алған қайтып тек ар-ұят (Ерімбет). Сал қолыңды сазбенен **Сахауат** атты ырымға! Үйір қылма құлақты Қапылат деген тағынға! «Қасарма қалша» атанбай, Болғыл көптің

ығында (*Шораяқтың Омары*). Ол **сахауат** (қайырымдылық) дариясы деді Ибн-Жүнейд (*А. Машанов*). Ауламақ момын көңілін болсаң егер, Айт уағыз, адал малдан қыл **сақауат**... (*Қаңлы Жүсіп*). Әділетті ісіңізді, **қайыр-сақауатыңызды** айтып, асқан кісі бар ма десеңіз етті, – деді сөйлеуші кісі («*Мың бір түн*»).

Саһил – 1) жеңіл, оңай; 2) жұмсақ; 3) тегіс; 4) ауыс. аз, шағын, шамалы. Байқасам, бастан-аяқ айтқан сөзің, Сөйлепсің өзіңе-өзің болып батпан. Сахарада **саһил** көрген себебінен, Сауапты өз-өзінен қашықтатқан (*Ерімбет*). «Сафи мен **саһил** көрген есебінен,– Депсің-ау,– жанабынан қашықтатты-ақ» (*Ерімбет*).

Сәруар (саруар) – жетекші, жолбасшы. Парсы тілінде **сарвари** – жетекшілік, үстемдік, өкімет дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 284*). Жылайды мұнда жатып Ғали ерің: «Медет бер, Нұр-Мұхаммед, бабам менің! **Сәруары** екі дүнияның панам едің, Жар болған қысылғанда балаң едім?!» (*Ерімбет*). Ғайсадан бес жүз алпыс тоғыз жыл соң, Ақ нәби ұзап кетіп сонда туған. Дүниенің аяты бар көрсең оқып, Бұл жалған **саруар** үшін жаратылған (*Нұртуған*). Қарағыма көз сал-ау, Рақым қылсаң, құдай-ау, Сенен өзге кім бар-ау! Ғашықтың пірі едің Ләйлі Мәжнүн **саруар-ау** («*Қыз Жібек*»).

Сәдет (садат) – 1) жайында, жөнінде (осы), байланысты (бір нәрсемен); 2) жақындық, туыстық, көршілестік; 3) тілек, ниет, мақсат; 4) міндеттеу. Таныған жөн айырып Досың менен қасыңды. Ойланыңдар, жігіттер, Базарың қайтса мақұлда, **Сәдеттеме** жасыңды (*Нұртуған*). Нағымет қазір бұл жақтағы ағайын-туманы сағалап елге келіп жүрген. Ана жақта баласының басына бұлт айналып тұрғанын бұндағы ағайынға **сәдеттеп**, көңіл жетерлеріне қаржы жинап ала қайтатын ойы бар екен (*Ә. Нұрпейісов*). Мен: «Әйелге судан қайтқан апар» десем, Ол әйел кім? Сен қарасайшы ұят, арға-ақ! Бір еткен екі етсе де үшеу **садат**, Пиғылым болған шығар халыққа толы-ақ (*Ерімбет*).

Сәлде – қожса-молдалардың басына орайтын шалмасы. Сиынсаң қатты сиын пірлеріңе, Көтерген қиын жерде пілдеріңе. Елібай бөрік кимейді, **сәлде** орайды, Қарасам, Әлімсің ғой түрлеріңе (*Ерімбет*). Үлкен **сәлде** тартқан молдаларды өтірікшілер, билерді парақорлар, байларды қан сорғыштар, зорлықшылар деп суреттейді Алтынсарин («*Қазақ ССР тарихы*»). Молда, қу-ау, Қисаңдайды ақ **сәлдесі** басында (*С. Сейфуллин*).

Сәнә (сана) – 1) құттықтау; 2) мақтау, мақтан, мадақтау; 3) алғыс айту. Тебіреніп суретіне жан кірген соң, Жебірейіл тағылым берді «Айт – деп, – **сәнә!**» Алхамды оқып һаққа, орныңнан тұр. Пейішке пәрман қылды «Кір!» деп жәна (*Ерімбет*). Мешіті, молдасы, хажысы көп бұл елдің бозбаларының өлеңдерінде көбінесе: «Әуелі Хамит құдаға зікір **сәнә**, Салауат Рәсуліне айтты

және...» деген сияқты араб сөздері көп араласқан діншілдік мазмұндағы сөздер көп болады екен (С. Мұқанов). Көңілім үшбу күнде неше пара, Бұлбұлдай Иранбақта қылсам нала. Кіндігі дүниенің Мысыр шаһар, Ағалар құлақ салып тында **сана** («*Ғашық-наме*»).

Сәуегей – *білгір, көреген, болжағыш*. Тиген оқ бұршақтай боп жерге түсіп, Батпаса салған найза бұрамаса. Осындай туымды ер тұтынбаса, **Сәуегей** неге керек құрашаға?! (*Нұртуған*). Келіп қалған көңілге бұл бір сөзім, Келген сөзді бөгерлік жоқ мінезім: Ғибрат айтар **сәуегей** болмасақ та, Құрбы-құрдас оқы да, ойла өзің (*Қ. Ақынжанов*). Кебекбай бүкіл Дулат атаулының әрі ақсақалы, әрі **сәуегейі** болып саналады екен (С. Мұқанов). **Сәуегейлік** істемей-ақ қой! – білгірсінбей-ақ қой; «артыңмен бал ашпай-ақ қой!; «**сәуегей**» – парсы сөзі; «жорамалшы» (*І. Кеңесбаев*).

Сәуір – 1) *өгіз, бұқа*; 2) *астр. Торпақ шоқжұлдызы*; 3) *күн жылнаманың екінші айына сәйкес келетін көкек айының аты* (22 сәуір – 21 мамыр). **Сәуірде** салып едім, арғы тәулік, Себеп не қанаңыздан хабар қашпас? Қой, көңілім, қолайсыздан пайда етпессің, Бір сөзге алжасарсың тағы ұнамас! (*Ерімбет*). Жүремін деп ойладым Сіздермен бірге дүрмекте. **Сәуір** алып жүре гөр, Сапар аға саудагер. Түнделетіп жүк қойсаң, Қысқармай ма ұзақ жер?! (*Нұртуған*). **Сәуір** – бұл айдың арабша аты. Қазақшасы – мамыр (*М. Әуезов*). **Сәуірде** туған айдай боп, сәуле шашып шығармын. Жанарыңда жайнар от, Жараңды жайлап жуармын (*С. Мәуленов*). Сыйласып бір-біріне жанын беріп, Өтілсе қызықпенен дәуірлері. Көңілі бір-біріне шағылысып, Нажағай секілденіп **сәуірдегі...** (*Ұлбай қыз*). Арабша жұлдыз есебі бойынша бұл – **Сәуір** айының бейнесі (*А. Машанов*). **Сәуірде** күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер (*Мақал*).

Сейіл – *ауыс. серуен, көңіл көтеріс, қыдырыс*. Аттанып азанменен кірсе шаһар, Жүр екен көп кәпірлер құрып **сейіл**. Ғалидан сұрады біреу: «Кімсің, жігіт, Не жұмыспен келдің мұнда қай жерде ел?» (*Ерімбет*). Сол күннен бастап оны (ананы) **сейілге** күнде ертіп шығып жүрдім (*Көпбаев*). Осы **сейілде** біз Прасадтың өзімен таныстық (*М. Әуезов*). Тышқан жүр **сейіл** құрып, ойнақ салып, Бір уақыт жүгіріпті басқа барып. Арыстан өлтіруге айналыпты, Басын басқан тышқанды ұстап алып (*С. Торайғыров*);

Сейілдеу – *серуендеу, бой жазу*. Мал – адамның жаны, даланың сәні ғой. Өз көзіммен көріп, әрі **сейілдеп** қайтайын деп, қаруымды үйден алмай шыға берген екенмін (*Нұртуған*). Осы өзіміз отырған жерге күнде сиырдың түскі сауыны кезінде келіп, **сейілдеп** қайтатын дағдым да бар еді (*Кенбаев*).

Сейіс (сайыс) – 1) *басқарушы, әкім*; 2) *саясатшыл*; 3) *атишы, ат бағушы, ат баққыш*; 4) *ауыс. соғыс, ұрыс, тартыс; салт аттылардың бәсеке ойыны, ат үстінен найзамен аударыспақ*. **Сейіс** әрі атқұмар Суханбердінің жетелеп бара жатқан атына берген сыны: Қоян жон, бөрі қабақ, кері түсті,

Ұрыншақ әдеті жоқ, жеңіл үсті. Күлте жал, ойық шеке, көзе мойын, Шабысқа мойымайтын нағыз бесті (*Нұртуған*). Қайдасың күнім бұрынғы, Белдеуге тұлпар байлаған?! Қасында жүріп **сейісі**, Суарып, жемдеп, жайлаған (*Нұртуған*). Ер өткен неше мұрсал діні **сейіс**, Әзәзіл ақымақтықтан алар кейіс. Жер жұтты қайырсыздан Харун байды, Тәуратқа Мусадағы ісі теріс (*Ерімбет*). Керуенмін, түйем арық, келіп ем кез, Кездестік жол үстінде сіз бенен біз. Өзіңдей нағыз **сейіс** қолға түссе, Кәрінің жасармағы – бір сұлу қыз (*Ешнияз*). Ер белгісі – құнында, Зер белгісі – пұлында, Шын **сейістер** – ат қояр Желіде тұрған құлынға (*Шораяқтың Омары*). **Сайыс** қызу, бақастық жоқ, жаттық жоқ, Бәрі де маман бәлсініп тұрған бастық жоқ (*Қ. Салықов*).

Секін – 1) дамыл, тыныштық, тыныштық сақтау; 2) грам. суkun – араб әліппесіндегі дауыссыз дыбыстардың үстіне қойылатын дөңгелек белгі, ол өзінің астында тұрған әріптен кейін дауысты дыбыстың жоқ екенін білдіреді. Кітапта Муса наибтың көрсе назымын, Шайырдың назым айтқан білер өзі-ақ. Сескенді, **секіні** басқа әріп ұйқастырма, Назым сол – әр әрпін ұйқастырмақ! (*Ерімбет*). Асты жоқ, үсті жоқ, **секіні** жоқ, үтірі жоқ... Ұзын сирақ, бота тірсек әліпбиден, әбден жалығып, тойып біттім (*М. Ақынжанов*). Мәт – қасың, тәштит – кірпік, **секін** – сөзің (*Абай*).

Сой – шығу тегі, тұқымы, руы, заты. Түрік тілінде **soy** (сой) – шыққан тегі, нәсілі, түсі, ұрпақ, түр дегенді білдіреді (*ТурРС., М., 1945, 547*). Молла Омар шайқасыпсың Ермембетпен, Бала едің жасың кіші ер жетпеген. Киелі **сойдан** шыққан әулет еді ол, Әзелден жұмла халық құрметтеген (*Ерімбет*). Жақсының онда **сойы** бар Арнаулы жақсы тобына Ту бие де сойылар (*М. Әуезов*).

Сопы (софы, суфи) – 1) жүнді, жүндікі; 2) діни. тым құдайшыл, дүниеден безген; 3) суфий (софизм), мистик (мистицизм), сопы – ислам дініндегі сопылық ағымды (осыған басшы болғандардың бірі – 1166 жылы Түркістанда дүние салған Хожя Ахмед Яссауи – Н.Оңдасынов) жақтаушы, зікір салып құдайға сиынушы. Араб тілінде **сафун** – таза, мөлдір, тұнық болу; **сафаи** – достық білдіру, біреуге адалдықпен берілу дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 556*). Бәрекелді, Орағым, Алмаймын деп қаланы, Сен жалғыздықтан шошынбан. Уәдеден жаңылып, Шашты әзінің **сопысы** (*Нұртуған*). **Сопы** сұмнан шығады (*Мақал*). Тіпті өмірде басы сәждеге тиіп көрмегендердің өзі дәретсіз, бісмілласыз жүрмей, қалтырауық **сопы** болып қалды (*С. Торайғыров*). Ант ұрғандық қылығын «алла ісі» деп, Нандырар қандай **сопы**, қандай молда (*Абай*). Ұлықтардың қуғыншылығына ұшырап, **Сопылардың** озбырлығына душар болған жалғыз мен емес (*М. Ақынжанов*). Патша тақта, сарай нөкерлері өздерінің орындарын алған. Ішінде неше түрлі ғылымның білгірлері отыр: ғұлама, **софы**, би, дәрігер-тәуіп, философ, жұлдызшы, сауықшы, шешен тағы-тағылар (*А. Машанов*). Алғаш пәлені бастаған **софы** ағасы (*Ә. Нұрпейісов*). **Суфилардың** намаздары шамандық діндердің салтанаттарын еске түсірді.

Чечен-ингуш елінде **суфилық** (мюридтық) намаздар барабанның дабылы астында бірнеше сағатқа созылған дәстүрлі билер – секірумен өтеді (*Х. Ақназаров*). Қараша өз армиясының басым бөлімімен **Суфи** қақпасынан сыртқа шығады (*Қ. Байпақов, Б. Нұрмұханбетов*).

Сұлтан – 1) өкімет, үстемдік, билеп тұрушылық; 2) тақсыр, патша; 3) ауыс. батыр, ер, асыл. Араб тілінде **султәнун** – тақсыр, патша, жоғары билік жүргізуші дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 462*). Дүнияда Қызыр, Ілияс, Иса, Ідіріс, Басқасы жалғаншыға келіп қайтқан. Пәниден ишан да өткен, **сұлтан** да өткен, Жүргізіп дін қуатын аламантан (*Ерімбет*). Сонда да бір-бірінен жан аямас, Дос болды айырықша бір адамға. Ол адам шайыр еді түбі терең, Сөйлейтін еркі де бар **сұлтан**, ханға (*Нұртуған*). Қойды құртан бүлдіреді, Елді **сұлтан** бүлдіреді (*Мақал*). Есебін өткізерсің бір күн қолдан, Орынсыз, опасыз да ойнап-күлсең. Басыңда пенде болсаң, тотия жоқ, **Сұлтан** боп Сүлеймендей бұлтқа мінсең (*Кете Шахар*). Сегіз қырлы семсердей, Жігіттің нағыз **сұлтаны** (*Қ. Аманжолов*). Кісі елінде **сұлтан** болғанша, өз елінде ұлтан бол (*Мақал*).

Сүмбіле – 1) масақ; 2) астр. Бикеіштер шоқжұлдызы; 3) күн жылнаманың алтыншы айына сәйкес келетін тамыз айының аты (22 тамыз – 21 қыркүйек). Араб тілінде **сунбилатун** – тамыз айы. Бірнеше күндерден соң Жасаралдан хабар келді. **Сүмбіле** айында аттануға келіскен екен. **Сүмбілеге** он бес күндей қалғанда азық-түлігін, қару-жарағын қайымдап, Жасаралдың келуін күтіп жүргенде бір күні Қызылат жамандатып өліп қалады (*Нұртуған*). Ғалидың басын кесіп келе қойса, Бермекші патшалықтың үлкен туын. Бекітті неше дүркін уағданы, Жүрмекке **сүмбіленің** ішіп суын (*Ерімбет*). **Сүмбіле** туса, су суыйды (*Мақал*). Ертедегі египеттіктер (Мысыр халқы) аспандағы ең жарық Сириус (қазақша **сүмбіле**) деген жұлдыздың тууына қарап егін салатын кезін біліп отырады. «**Сүмбіле** туар жылтиып, ат семіреп құнтиып» деген немесе «Үркер жамбасқа келсе жаз шықпағанда не қалды» деген мақалдар күздің, жаздың қай кездерде болатынын аңғартады (*Х. Әбішов*).

Сүннет (сүннәт, сүндет) – 1) әдет, әдет-ғұрып; тәжірибе; 2) діни. сунна (*Мұхаммедтің айтқан өсиеттері туралы аңыздар*). **Сүннет** – ұлық Пайғамбарымыздың істеген істері мен айтқан сөздері. Оны орындаған әрбір мұсылман зор сауапқа кенеледі. Орындамаған – күнәлі болмайды, бірақ өкініште қалады (*Мұс. амал. А., 2003*). Парыз бен уәжип, **сүннет** – ер міндеті, Иманның, боржа келсе, көп құрметі. Мағынасы төрт кітаптың мәшһүр болып, Құранның келді бізге сүре, аяты (*Ерімбет*). Ішінде алты Әлімнің бес Шекті көп, Сөйлесең, тентек демеймін, сөзің түзеп. Құдаша, жөн сұрамақ **сүннет** дейді, Сұрамақ орынды сөз өзінде ед (*Ерімбет*). Молда үйретті әдепке, Мен қашамын әдетке. Сөйтіп жүріп ден қойдым, Парыз, уәжип, **сүннетке**. Құдай – біреу, құран – шын Мұсылман адам кіреді, Пенделікпен үмметке (*Нұртуған*). ...Фарыз, **сүндеті** бір заман қауымына аумас, айнымас қағида болған (*М. Әуезов*). «Қыздарға ерге тимек болса – **сүндет**», Қадірлеп ерді ләзім етпек құрмет.

Сондықтан шайырларға жаздым жұмбақ... (*Шәкей Дәуіш қызы*). Әр жерде шарифат айтатын молдадар шыққан. Бұл молдалар: «қазақтан солдат алмаймын» деген уәдесін бұзған патшаға қарсы соғысу – «күнә емес» екенін және «енді қазақтыққа шығудан күллі мұсылманға **«сүннәт»** екенін қуаттап, елге пәтуа таратып жатыр (*С. Сейфуллин*). Пайданы көп іздедік зиян кештік, Қолға түссе, қылмайды дүние көптік. Жақсылар күйеу сыйла деп кетіпті, Тәркі **сүннәт** болған соң сізді сөктік (*Нармамбет*).

Сүңгі – найза, ұшына үшкір темір қадалған ерте кездің ағаш сапты шанышқысы. Мына тұрған ақ **сүңгі**, Шаншып ешкім сындырмас. Бадана көзді ақ сауыт, Киген ерді тындырмас (*Нұртуған*). Айдынды-Имаш жас бөрі Қаттау киген деніне. Тақымға қысып көк **сүңгі**, Байлаған алмас беліне (*Нұртуған*). Сонда Қожақ сөйлейді: Алла тізгін ондаса, Көк **сүңгіні** салармын (*«Ер Тарғын»*).

Сыралғы – сырлас, сырмінез, үйреншікті. Тәуір көрдің келгенін, Аты шыққан ғалым мен Атқа мінген азаматтың. **«Сыралғы»** деп ат беріп, Қарызданып сыриып, құрметтеп оны сен бақтың (*Нұртуған*). Бұлармен бұрын жау тылында бірге болып, бір-бірімізге әбден **сыралғы** едік (*Қ. Қайсенов*). Қатерлі қауып төнген күндер де өтті... Сынасқан жаумен әбден **сыралғымыз**, Атысып, шабысып та екі жылдай (*Қ. Айнабекұлы*). Батырдан сауға, Мергеннен **сыралғы** (*Мақал*).

Т

Тағажып (тағажүп) – таңырқау, гажайыптану, таң қалу, қайран қалу, есі кету. Құдайдың құрандағы әмірі осы – Төрт әйел ер хақында, бірге көнбек. Болғаны қашыр қайдан халыққа мағлұм, **Тағажып** тас пен шайтан, асылы – есек (*Ерімбет*). Уа, дарих, өлең басқа, ол жол басқа, **Тағажып**, бұл сөзіңе күлкім келді, Өлеңді деп жүр ме едің ғазаттықтан? (*Шораяқтың Омары мен Ерімбет*). Құлақ сал бұл сөзіме, өңшең жастар, Табына **тағажүпты** сөзі нашар! Жел сөзге «жетістік» деп желікпендер, Көп шығар белден биік небір асқар! (*А. Жарасбайұлы*).

Тағайың – таға, нағашы. Бірақта мен **тағайың** болғаннан соң, Көңілдің сыр сандығы босасын да. Бітірдім міне, шырақ, жұмысыңды, Тұрғасын бұйымтайың өз басымда (*Нұртуған*).

Тағырип (тағриф, тағрип) – 1) таныстыру, танысу, түсіндіру, түсіну, ұғыну, тану; 2) көз алдына келтіру, түсінік; 3) анықтау, анықтама; 4) мадақтау. Сөйлейін **тағырипыңды**, ей, Меһрибан, Разы бұл пәниде барша саған! Ғаламның он сегіз мың алты мыңы, Деген бар: «Бар есімге ортақ күллі хайуан» (*Ерімбет*). Енді біздің **тағриф** бойынша ол ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті еді (*Абай*). **Тағрифын** тәмәм қылып танытқандай... (*Ақан*

сері). Есіміңе сырттан анық хабардармын, Болғанмен қоныс бөлек, «көрмеген жат». Арзу хал **тағрипыңа** иштиһалмын, «Данышпан» дегенменен бір азамат (*Қаңлы Жүсіп*). Жақсының жаман қайдан білсін затын, Қазаққа болған мағлұм менің атым. **Тағрипыңа** ғашық боп жаздым назым, Зарланып сені сүйіп жазған хатым (*Ақан сері*).

Тағылым – *үлгі, өнеге, өсиет*. Парсы тілінде **таһлим** – *ақыл үйрету, өсиет, үлгі* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 124*). Жөһиттің пұтханасын сындырады, Одан соң мешітхана құрдырады. Шарифат жолын айтып, **тағылым** беріп, Көңілін Ғали арыстан тындырады (*Ерімбет*). Жігіттер, тәлім алса перзенттерің, Отырарсың рахаттанып кеңіп жерің. **Тағылым** үйретпеген баласына Басуға қайбыртады жұрттың төрін (*Нұртуған*). Ел ішіне сау келсең, **Тағылым** тайтпас ер ме едің? Жол көрсетіп сонда өлсең Арманым бар дер ме едім? (*Абай*).

Тажал (дажал) – 1) *алдамшы, өтірікші*; 2) *жалған атақты, өзіне-өзі атақ беруші*; 3) *ауыс. жалмауыз*. Араб тілінде **дажжәлун** – *алдаушы; көз бояушы; хритке қас жау мағынасындағы мифологиялық ұғым* (*АРС., М., 1958, 311*). Әннан соң Алла әркімді жарылқасын, Сауабын ойлан яссан мүшлихаттай. Сонан соң **тажал-аят** шығып зұлым, Болады дүниежүзі зұлыматтай (*Ерімбет*). Ақыр заман болғанда **тажал** деген шығып, дүниені жалмай бастайды, адамды сол апаттан Мәді ғана құтқарады, – дейді араб ертегінде (*С. Мұқанов*). Бізді осындай ылаң еткен жалғыз ғана алапат. Ол – анау күннің батысынан шыққан ку **тажал** (*Ғ. Сланов*). Жақын заманда болып өткен адамзат апаты, қырғын соғыс **тажалы** қайта оралып келмесін деп мақсат етіседі (*М. Әуезов*). Тақи ғажапта айтады: «**Дажал** деген біреу шығып, халықты гүрілімен, дүрілімен ерте алмайды, әншісі, сырнайшысы, сауықшысымен қызықтырып ертеді» дегенді көрмедіңдер ме? Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді (*С. Торағыров*). ...Жыланнан сырға салған жолбарыс қыз сықылды жын патшасы, **дажал** түсті (*І. Жансүгіров*).

Тақсыр – *ескі әкімдерге, сұлтан, шонжарларға бағынышты адамдардың айтатын лауазымды сөзі*. Қырғыз тілінде **тақсыр** – *мырза* дегенді білдірген көне сөз (*КирРС., М., 1940, 485*). Тәуекел деп күрестім, Көрейін деп баланың Мықтылығын белінің. Бір адамға бір адам, Жаяуға қарсы ат мінуді Ар көрді, **тақсыр**, кеуілім (*Нұртуған*). – Ассалаумағаләйкүм, Алдияр **тақсыр** ханымыз! Бағып жүрмін бұл қойды, Тарыққан соң жанымыз (*Нұртуған*). Саймағамбеттің баласы Үсен төре Шернияздың қасында отыр еді. Ол Шерниязға қарап ернін тістеді. «Айтпа дегені шығар» деп: «**Тақсыр**, қаһарыңызға жолығармын, айтпаймын» деді ол (*Нұртуған*). Тұра келіп көрісті – Батыр Қамбар сенбісің? – Алдияр, **тақсыр**, біз, – деді («*Қобыланды батыр*»).

Тақуа – *діни. тауықтық, дін тәртібін мықты ұстаушылық, құдайшылдық, дінишілдік*. Билігі бұл халыққа мағлұм болған, Ерлігі білінген жоқ

кімде-кімге. Оқымай зор **тақуа**, сұрап біліп, Тік тұрады ислам жолы – дін дегенге (*Нұртуған*). Омар ол, ғаділ болсаң парықты ойла, Ғаділетпен заманында шашқан заңын. **Тақуа** ғалым болсаң иманды біл, Іән хазірат зиннұраих қойған намын (*Ерімбет*). **Тақуа** «Сауаптың жүз мыңына, – деген екен, – Күнәдан тілегенді берді берген». Осы жол шарифат пен тарифатта, **Тақуа** болмасам да пірді көрген... (*Мансұр*). **Тақуа** тазалықтың парқын білер, Пакіза – не қылғанмен Сыр адамы. Тік көйлек қатындарың жаман киіп, Жылтылдар жыртығынан шығанағы (*Мансұр*). Досет ауыр күрсінді. **Тақуа** едім жасымнан. Жат етіп ем құдайға: Кем қылма деп досымнан (*Б. Майлин*).

I Талан – *талантты, талапты*. Бұлардың біреуі артық, біреуі кем, Нашары мықтысынан қорқып – бұқты. Осындай адамзатта түрлі-түрлі, **Таланды**, кейбіреуінің ақылы көп-ті. Ықпалды таққа мініп патша болып, Билепті әрбіреуі мемлекетті (*Нұртуған*). Сөйлеп кетті баяндай. Тындасандар айтайын, Он екі жасар баланың Ашылған жері **таланы-ай!** (*Нұртуған*). Не болса да көнесің, **Таланыңнан** көресің, Ер екенсің, Қарасай, Құдай біледі ажалды. Көнеден қалған нақыл бар: «Бақ сынайды таланды!» (*Нұртуған*). Ойланбай өтініштің қымбат нарқын, Аузыңнан сөз шығыпты әсерлі, алжас. Мен сырттан батпан ауыр санағанмен, Тартылды **таланыңа** бір дарым тас (*Ерімбет*). Әр кезең туғыза ма, өз данасын, Білмеймін кездейсоқ па, ол арасын? Бағыңа Абай туған **таланың** бар, Өнерден, Қазақ, қайтіп құр қаласың?!» (*Нұртуған*). Бұл өлең жолдарындағы «таланың», «таланды» сөздерінің түбірі «*талан*», яғни «*талап*» деген сөз болу керек. «*Таланың*» – *талабың*, «*таланды*» – *талапты* деген мағынада;

II Талан – *талқан қылу*. Түрік тілінде **talan** – *тонау, ұрлау* дегенді білдіреді (*ТурРС., М., 1954, 582*). Монғол тілінде де **талах** – *талау, тонау* деген ұғым. (*МҚС. А., 1954, 175*). Талан, талах, талау сөздері түбірлес болу керек. Ерегіссең менімен, **Талан** қылып шалынды. Тауып алып малыңды, Асықпасаң қайтармын Қатыныңды шоры ғып («*Қамбар батыр*»).

Там – *дуал, қорған; қабырғасы қорған сияқты болып келген үй не зират*. Көне түркі ескерткіштерінде **там** – *тірек, тіреуіш* дегенді білдіреді (*Қашқари М. Дев. луг. турк, Ит., Т., 1960, 324*). Сары ұйғыр тілінде **там** – қабырға, дуал (*Малов С. Е. Яз. жёл. уй. А., 1957, 110*). Суырып сұрапылың тартқанында, Тас бұршақ домаланады, тау қаңбақтай! Теп-тегіс дүниенің болар жүзі, Төселген, **там** секілді, бейне тақтай (*Ерімбет*). Қора жай мен **там** үйінің салу үлгісін берген Абай өзі еді (*М. Әуезов*).

Тамам (тәмам, тәмәм) – 1) *толық жетілген*; 2) *толық жетілгендік, кәмелет*; 3) *аяғы, соңы, ақыры*. Парсы тілінде **тамам** – *соңы, ақыры, барлығы, тегіс, бәрі* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1959, 195*). Ит көрдің бе бұл сөзді, Сүйекпен ұрса қаңсыған?! Мен де он жетімде оқып үйренсем, Корпустың **тамам** ғылымын, Құс ұшпас еді-ау басымнан (*Ерімбет*). Бұларда айқай, дабыс, әңгіме жоқ, Білмейді басқа жолды ұрысқаннан. Мыс құлық бытыра оқ атып

жатыр Қалмақтар қамап алып бәрін **тамам** (*Нұртуған*). Айыпсыз ата-ананың сіз баласы, Түбінде **тамам** жұрттың сіз анасы (*С. Торайғыров*). Ай жарым мұнан соң да өтті заман, Күн санап менің жаным болды жаман. Көз жұмсам, ұйықтасам да алдымда қыз, Басыма диуаналық келді **тамам** (*М. Сералин*). Ер жігіттің сұрауы Дүниеде мақсұт **тәмам** деп... (*Н. Наушабаев*). **Тәмам**, – деді Мәлік (*Ә. Тәжібаев*). Шағаланың шабақ ілісіндей керемет бір ептілікпен тас түйіршіктерін **тәмам** құртты (*М. Сатыбалдиев*). Он бір мен он екіде түркі білдім, Ғылымдық зирек жанның мүлкі білдім. Шығарған мүсәннәфтар назым қылып, Түркіні **тәмәм** тілдің көркі білдім (*Әбубәкір*). Аяғы бұл дастанның болды **тәмәм**, Келмейді көп айтуға менің шамам («*Қамбар батыр*»).

Тамұқ – ескі наным бойынша өлгеннен кейін күнәлі адамның «шыбын жанына» азап көрсететін орын, тозақ. Ойрат тілінде **таам** – тозақ, **тамұқ** дегенді білдіреді (*Ойрат.РС. М., 1947, 137*). Татар тілінде **тамұғ** – тозақ, **тамұқ** (*Татар.РС. Казан, 1913, 64*). Тақсыр-ай астың палас, үстің жанат, Сіздерден айып табады қандай нәлет?! Сіздерден айып тапқан, оңбас сірә, Мақшарда отқа күйіп, **тамұқта** өледі! (*Нұртуған*). Дүниеге келген пенде бәрі өледі, Ажалдан, һақтан басқа, қапыл қалмас! Мен куәмін, һақтың әмірін тұтқан құлдар, Ысыраттан құстай ұшып, **тамұқ** бармас! (*Ерімбет*). Молдалар жер астында бар деп **тамұқ**, Қолына қорқытады құран алып, Ораза ұстап, намазды оқымасаң, Күйдірер дейді жанған отқа салып (*С. Мұқанов*). Әйт, шу ала атым! Жайым жоқ баратын Молда айтқан **тамұққа** Мен болсам жанатын (*Б. Майлин*).

Танту – орынсыз мылжыңдау, қисынсыз бос сөз сөйлеу. Кеңестің Келжанбай, **Танти берме**, сен Жанбай! Атаң сенің кім еді? Ат бергеннің құлы еді. Шешең сенің кім еді? Ас бергеннің күңі еді (*Нұртуған*).

Тапауат – өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық. Танытпай **тапауатын** жасырыпсың, Бөдене, шіл жасырғандай, яки тарғақ (*Ерімбет*). Бұрылып, қия басып қисаңдамас, Жүгіне арабы шар шөгергенде. Тапырлап тарғақ жолдас болған емес, Қауыстың қайту қазы жөнелгенде. Таптырмас таза гауһар болар едің, Тағылымның **тапауатына** бөленгенде (*Шораяқтың Омары*). Танитын **тапауатын** ер болса егер, Нәрсе жоқ кәлім шәріптің лебізімен тең (*Шораяқтың Омары*).

Тауарих (**тауарық**) – тарихтың көпше түрі. Дәуірге бірте-бірте жетеміз де, Еш заман орнаған жоқ болып бірден. Өтіпті **тауарихта** сан мың ғасыр, Жан болып жаратылғалы адам жерден (*Нұртуған*). Олар заманның көбін ғылымсыздықтан өткізіп, **тауарихларын** терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларының айтуымен, ауыз хабарларынан білгеніне қанағат қылып жүріскен (*Абай*). Арғы-бергі **тауарихқа** көз салсаң: шашыраған көп тобырды іргелі... Көз салшы әне, іргендегі орысқа Кеше сонау ноғайлының тұсында Алтын Ордаға тәуелді әрқайсысы... Басы бірікті? Бүгін міне тас қамалға

айналып, қолы батпас небір жойқын дұшпаның Ормандай қалың ел болды, – деді ханға Сауран сұлтан (*Т. Ақтанов*). Тобықтының зорлығы мен қараңғылығы Оралбайды жеңгенімен, өмірді, **тауарықты** жеңе алмас, бұза алмас... (*М. Әуезов*).

Таурат (тәурат, тәурәт) – *діни. библия; дінишілердің сенімі бойынша, алланың әмірімен көктен түскен кітаптардың бірі. Таурат* та, Забур, Інжіл де қалдырған жоқ, Бір ерді қылды Мұрсал, көңілі сергек. Айсызда адастырмай, жолсызда сол, Көрсеткен қараңғыда айды пәлек (*Ерімбет*). Үн шыққан жер дүниеге биік тұрған, Жаса, деп жаңа тұрмыс салған ұран. Үн шашқан Коминтерн радиомен Қалсын деп шірік **таурат**, інжіл, құран (*С. Сейфуллин*). Мен «инжил», «**таурат**», «забор», «құранды» түгел оқыдым, – деді («*Мың бір түн*»). Замана өзгереді, соған лайық, тұс-тұсында нәби келеді. **Тәурат**, Забур, Інжіл, Кәлем шарифтей кітаптар келеді дейміз (*М. Әуезов*). Құран мазмұнының төрттен біріне жуығы **тәурат** пен інжілден алынған пайғамбарлар жайындағы аңыз-ертегілер (*Х. Ақназаров*). Құран бойынша алла Мұсаға **тәурәт**, Дәуітке забур, Ғайсаға інжіл жіберді-міс (*М. Тоғжігітов*).

Тәж (таж) – *патша мен ханның жоғарғы мәртебелі белгі ретінде киетін дәстүрлі бас киімі. Парсы тілінде таж – тәжі* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1960, 104*). Көзіңмен көрдің ақылын, Төрелігі нанымды. **Тәжіңді** бер тағыңмен Сезінсең өлер шағынды! (*Нұртуған*). Шаһарияр Әбубәкір, әділ Омар, Оспан мен шері құда Ғали арыстан, **Тәж** киіп, таққа отырып бұл төртеуі, Жөнелді нәубет-нәубет қылапаттан (*Ерімбет*). Елшілер: «Келіп тұрмыз мұнда» дейді, «Кеңесті біздер айтқан тыңда!» дейді. Төрк етіп **тәж**, тағынды тастап бәрін, Ғаламға бұл ауаза шашылғасын (*Ерімбет*). Патшасы Жасаралдай бастығы бар, **Тәж** киіп, жыға тағып, мінген пайтақ (*Нұртуған*). Құлдан, күннен қол сұрап, Асырды ерім айбатты. **Тажын** жұлып патшаның Алтын тақтан құлатты (*Жамбыл*). Бұрынғы күнім күн бе еді, Күн емес қара түн еді. Тар құрсаулы **таж** – тақыт, Патша бізді биледі (*Жамбыл*);

Алтын таж киді – *басына бақ орнады, билік құрды (патшалық белгіге ие болды).*

Тәкбір – 1) *кеңес, ақыл беру, кеңесу, ақыл салу; 2) ұлғаю, арту, көбею; 3) діни. дәріптеу, «Аллаһу әкбар!» – Ұлы құдай!» – деп айту формуласы.* Таң намаз **тәкбір** айтып дайындалса, Белгілі қорғасындай балқымағы. Оқ өтпес, бөтен кезде қылыш кеспес, Аңғарған атшы залым мұны-дағы (*Ерімбет*). Көп болып үшбу сөзді араладық, Көңілді табамыз деп жараладық. Біле алмай осы сөздің біз **тәкбірін**, Қағазды құр әншейін қараладық (*Ерімбет*). Әншейін-ақ қасына сүре танитын сопысымақ сұмырайларды жинап алған, қырық мәртебе әсин шулатып шыққызып, әр шыққан сайын, түрегеліп азан, **тәкбір** айтып... жатыр (*С. Торайғыров*). «Ат суытқан ақыл деп, **тәкбір** айтқан Қаражан» («*Алпамыс батыр*»).

Телі-тентек – 1) бұзақы, тәртіпсіз, есерсоқ, сотқар; 2) еркін, алаңсыз. **Телі** сөзінің **тентек** сөзіне «жабыса» келуінің екі түрлі уәжі бар сияқты: екеуі де негізінен «*тәртіп бұзғыш, бұзақы, сотқар*» деген мағынаға ие. Екіншіден «*алаңсыз, еркін*» деген мағынаны білдіреді (Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004). Тоғыз үйді көтеріп тік. Кірер-шығар аузын біреу қылып, тойға ішкілік ішетін **телі-тентектерді** жина. Ақсақал, рубасыларын шақырма (*Нұртуған*).

Тәпсір (тәпсир, тәфсир, тефсир, тапсыр, тәпсір, тафсыр) – 1) түсіндіру, түсінік беру, ұғындыру; 2) діни. құранға түсінік беру; 3) мән, мағына. «Буаз деп майы барын мегзеді-ау» деп, Ұйғардым сөз **тәпсірін** бұл жұмбақтың (*Ерімбет*). Ғабитханның **тәпсіріне** қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды (*М. Әуезов*). Көңіліңе қараңғы емес, жарық шығар, **Тәпсірі** өз көңіліңе анық шығар. «Оранар ақ мамыққа мұны тапқан» – Дегенің атың сенің Мамық шығар (*Шораяқтың Омары*). Жалпы феодализмнің даму жағдайында ислам дінінің догмасын лайықтау әрекеті Абуханифтен (VIII ғасыр) басталса, Соңыра оған құранға түсініктеме (**тәфсир**) беру әрекеті қосылды (*М. Мырзахметов*). Ол түбір осы мағынада XII – XIII ғасырларға жататын **тефсирде** де кездеседі (*С. Исаев*). «**Тэфсир**» – Ахмед Югнакидің бір еңбегінің аты («Қазақ Совет Энциклопедиясы»). – Әдеміхат, Нәһу, Лоғат, **Тапсыр**, Асул, Химия, Қисап, ғалымдар жазатын түрлі оқиғалы кітап («*Мың бір түн*»). Құран тарауларының мазмұнын және ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін кітаптар **тәфсір** деп аталады (*М. Ысқақов*). – Қашан жазылғанын, кім жазғанын мен білмеймін. «АБЖД **тафсыры**» аталады. Басқаша айтқанда АБЖД түсінігі деген сөз. Осыны бір оқып көрші, – деді Абунасырға (*А. Машанов*).

Тәржіме (тәржіма, тәржима) – 1) аударма (тілден тілге); 2) өмірбаян. Спандияр Көбеевтің И. Н. Крыловтан аударған мысалдар жинағы 1910 жылы «Үлгілі **тәржіме**» деген атпен Қазанда басылып шықты (*Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров*). Аса ұнатам осы сөзді, Тек **тәржіме** етпей өтем (*А. Пушкин*). «Екі дәу» деген сөздің **тәржімасы**, Ықтимал табылады екі аяқтан. Өзінен жоғарғының бәрін жүктер, Өзгеден жоқ мұсалдат оған артқан (*Шораяқтың Омары мен Ерімбет*). Қадірлі халық ішінде қариялардан, Есіттім ертеде бұл сөз нұсқасын. Назымға Насыр сөзден айналдырдым, Бұл түрлі хикаяның **тәржімасын** (*Кете Жүсіп*). «**Тәржима**» газетін шығарып, панисламизм мен пантюркизмді уағыздаған Гаспирскийдің қазақтың байшыл-ұлтшыл ақындарына әсері аз болған жоқ («Қазақ әдебиетінің тарихы»).

Тәрк (тәрік) – қалдырып кету, тастап кету, дүние жимаушылық. Әлейкум ассалаума, алдияр хан, **Тәрк** етпес өміріңді ешқандай жан. Байтаққа патша болып тұрсың, ханым, Өзіңнің адал кәсіп тәрбияңнан (*Нұртуған*). Бар ерлер үміті зор жалғыз тайлы, Береді орны келсе басыбайлы. **Тәрк етіп** бес парызды мал жиған көп, Көңіліне өз ақылы болып жайлы (*Ерімбет*). Тыныштықты, шын достықты **тәрк** етті, Оны тастап жат дүниеден не күтті

(*І. Жансүгіров*). Қанатын сілкіп тастап таудағы түн, **Тәрк** етіп ұшырады тәтті ұйқысын (*Т. Әлімқұлов*). Дос болған соң әзәлдан, «Әмірді **тәрік** еттің» деп, Құдіретті мұны шал алған (*Базар жырау*). Хат жаздым ұшырауға сегіз салға, **Тәрік** еткен дүниені семіз малға (*Ұлбай қыз*).

Тәстәп – *байқап көрді, тәуекел етіп көрді*. Ол күнде бұл жерлерге жете алмаған, Әртүрлі кемістікпен қолында аспап. Жолында неше теңіз өткел бермей, Ұрысқан оң-солымен қылып **тәстәп** (*Нұртуған*).

Тәубә – *өткендегі жаман істеріне өкініп, енді оны қайталамауға Алла атына ант беру, уәде қылу*. Араб тілінде **таубатун** – *мойындау, тәубе қылу, өкініш, өкінушілік, түзету; өкінушілердің айтатын алла эпитеті* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 129*). Сезіп, түйіп аңғарды Шілде дүлей боранды. От пен суға табынып, Табиғат күшін танымай, Мінәжат, **тәубе** сұранды (*Нұртуған*). **Тәубә** (*тоба*) – әр адамның өз тағдыры мен құдайдың бергеніне ризалық білдіруі. Сол сияқты істеген күнәсі үшін қатты өкініп, Аллатағаладан кешірім сұрауы **тәубә** деп аталады. Шын **тәубәге келіп**, оны екінші қайталамайтындардың күнәсі кешіріледі (*Кенжеахметұлы С. ЖҚ. А., 2007*). **Тәубе**, дұға түк те жоқ тентек бойда, Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда (*Абай*). Әділ, мырза ер болып, Әлемге жайған өрнекті. **Тәубесін** еске түсіріп, Тентекті тыйып жерлепті (*Абай*).

Текдар (*дегдар*) – *атақты, дәріпті, қадірменді*. Қолда барды аяған Сендей **текдар** тұқымнан – Құдай алдында зор ұят (*Нұртуған*). Ұйқыдан мені ояттың, Оятып алып сөз айттың?! Осындай да бола ма, Асыл **текдар**, зор айттың?! Ерлік қылып оятып, Түсінерлік кеп айттың (*Нұртуған*). Өлгенше қашып, ұмтылар, Оқ тисе құстың порасы. Аз ғана оттап, көп жусар, Жылқының **текдар**, сарасы (*Ерімбет*). Басыңда жастық болып, астың көрпе, Бай-патша, болдың мырза **декдар-еке** (*С. Дөнентаев*).

Тоқал – *ерте кезде көп әйел алған қазақтың бәйбішеден (бірінші алған әйелден) басқа әйелдері*. Хан күліп: «Менің кеуліме қарадың-ау, шамасы. Өйткені, сол мақтаудың ішінде ақсақ **тоқалым** да кетті-ау» деді (*Нұртуған*). Естек, Ноғай әуелгі, Бәйбішеден өніпті. Жайылхан мен Сейілханды, **Тоқалы** туып беріпті (*Нұртуған*). «Дән ұршықсыз, ел бұзықсыз болмайды» дегендей, бүлік тудырған Мұса ханның **тоқалынан** туған Ысмайыл болатын (*Нұртуған*). **Тоқалды** бәйбіше де жамандайды, Ол дағы байға жағып амалдайды (*Д. Еркінбаев*).

Тон – *қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киім*. Ол үшін теріні шелінен арылтып, әбден илеп, оны қынамен, талдың қабығымен, томар бояуымен бояйды. Бояудан кейін тері қоңыр, сұр немесе сарғыш күлгін түсті болады. Осы теріден жүні ішіне қаратылып **тон** тігіледі. Берген тағын мінбеймін, Маңдайым құтсыз болсын! Берген **тонын** кимеймін, Иығым құтсыз

болсын! (*Нұртуған*). Сұраусыз сырттан алса біреу малын, Кетеді көңілі түгел, көзіне ілмей. Біреуге ат, біреуге **тон** беріп жатыр, Қалады кім екенін тіпті білмей (*Ерімбет*). Алты жүз санап пұл бердім, Тай тұяқ құйған алтыннан, Тоғыз жағалы **тон** бердім, Сарала ылғи құлпыдан (*Нұртуған*).

Топан – ескі мифологиялық ұғым бойынша бүкіл жер жүзін алып кететін сел, «ақыр заман» болатын кездегі жер жүзін қаптап басып кететін адам айтқысыз мол су. Араб тілінде **туфанун** – сел, инжілде айтылған бүкіл дүниені басып кететін сел дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 616*). Халыққа өлгендігі қапа болып, Жауыздық зор дұғаға қолын жайған. Мұнан соң дүниені **топан** қаптап, Таулардан бұлақ қайнап, жауын жауған (*Нұртуған*). Оликүн болмады हुл, Нұхы аяғы, Мүшкіл ғып тау мен тасты тұтты **топан**, Мұнан соң Нух пайғамбар болған бінә, Неше ерлер дүниеге келген жәна (*Ерімбет*). Әне, **топан** суы дүние жүзін қаптап, бар әлемді ағызып, жердің жеті қабат астына түсірген (*З. Шашкин*).

Торқа – ең қымбат жібектің бір түрі. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде **түрку** – киімдік жібек (*Қашқари М. Дев. луг. турк. I т., Т., 1960, 402*). Қаттауым бар үстімде, **Торқадан** киген тоғыз қат. Барамын кетіп ел асып, Туған елім болып жат (*Нұртуған*). Жүрген сайын Қызылдың Өнеріне құмартты. Кигені төре **торқа** еді Асынғаны болат-ты. Жаңа талап жас батыр Жауға қылды талапты (*Нұртуған*). Тоғыз қабат **торқадан** Қамзол киді қынама, Таңдап назым тимесе, Толқыған көңіл тына ма? («Қобыланды батыр»).

Төлеңгіт – 1) қаруланған жасақ; 2) төренің күтушісі, малы-жалшы қызметшісі. **Төлеңгіттер** қазақ сұлтандары мен ханның қасындағы феодалдарға тәуелді адамдардың әлеуметтік қауымы. Бұлар – әртүрлі әлеуметтік жіктерге жататын сұлтандар мен хандарды паналап, бұл үшін оларға қызмет етуге міндетті болып келгендер. **Төлеңгіттің** енді бір бөлігі – сұлтанның немесе хан ортасында олардың тапсырмаларын орындаушы шабармандар, малайлар (*ҚСЭ. А., XI т., 1977, 127*). Қазақ хандықтарында әскер құрылысы күрделі болған жоқ. Тұрақты армия болмады. Әскер **төлеңгіттер** жасағынан және халық жасағынан құралды («Қазақ ССР тарихы»). Сонда хан: «Жағы түскір-ай, зарлай бердің ғой. Ала қойшы, сол ішікті! – деді. Бұл кезде хан қасындағы төре, **төлеңгіттер** жиналып қалып еді (*Нұртуған*). Ежелден ханның қасын сағалаған Ақылгөй, даналар мен әз азамат, Төрелер, **төлеңгіттер**, өңшең билер Бәрің де аманбысың, жан-жамағат?! (*Нұртуған*). Енді бір кезде хан Шернияздың көзін ала беріп, есік алдындағы **төлеңгіттердің** біріне иегін көтергендей болды (*Нұртуған*). Жоғарыда келтірілген деректердің бәрінде де төлеңгіт сөзі – әлеуметтік топ ретінде хан-сұлтандардың шабарманы, малайы, қызметшісі мағынасында қолданылған. *Төлеңгіт* сөзінің семантикасы жөнінде басқа да жорамалдар бар. Зерттеуші С. Жанпейісова бұл ұғымды этностық атау ретінде де кездесетіндігі жөнінде өз еңбегінде Л.Н.Гумилевтен мынадай үзінді келтіреді: «Самоназвание «телo» до сих пор живет в алтайском этнониме

телеут. Потомки теле-якуты, теленгиты, уйгуры и др. Телесцы составили 15 племен: Дубо (тубалары), Долангэ (телегиты), – Бугу... Восточную часть Горного Алтая ныне населяют теленгиты. На севере теленгиты соседят с черневыми татарами (йиш-кижи), на востоке с тувинцами, на юге с казаками, а западе собственно с алтайцами (алтай-кижи)... Телесами называют себя северные теленгиты (кит. доланьгэ) занимали обширную территорию на Хангое, к западу от Орхона и считались одним из телеских племен». Зерттеуші С.Жанпейісова: «Гумилев олардың әуелде әлеуметтік топ болғандығы жөнінде ештеңе айтпайды, тек этнос ретінде өте ерте заманнан өмір сүріп келе жатқан тайпа деп қана қарайды», – деп атап көрсетеді (*Жанпейісова С. Қ. т. рух. мәд. лек. А., 1996, 20*). В. В. Радлов еңбегінде: Осман түріктерде *tülyngü* (osm Biancki) *Verql tylo* – нищий. Ал (*tylo kkir, von tila+γ*) – *tilay* – просьба; моление (*Радлов В.В. Оп. сл. тюр. нар. 1893-1911, III т., 1569-1570*). Ә. Нұрмағанбетов төленгіт сөзіне талау жасай келіп, оны «төрәні күт тіркесінің өзгерген түрі» деген пікір айтады (*Нұрмағанбетов Ә. Қос сөз. құп. А., 1991, 73*). Бұл сөздің қырғыз тілінде де осындай мағынасы бар екенін К.К.Юдахиннің еңбегінде: «толенгут ист. ханский челядинец» деп көрсетсе, (*Юдахин К.К. КирРС. М., 1965, 737*). С.И.Ожегов еңбегінде челядь сөзінің мағынасы: «челядь – 1. при крепостном праве; дворцовое слуги помещика; 2. перен. Чьи-нибудь прислужники, приспешники» деп берілген (*Ожегов С. И. Сл. русс. яз. М., 1990, 718*). Келтірілген деректерді қорытындылай келе, Ә. Нұрмағанбетов пікірімен толықтай келісуге болады. Себебі, «*төленгіт*» пен «*төрәні күт*» тұлғаларына сәйкес келетіні, дыбыстық заңдылыққа бағынып, кірігіп кетуі мүмкін.

Төре – ұлық, ақсүйек, феодалдық қоғамдағы үстем тап. Қырғыз тілінде **төре** – мырза, ақсүйек дегенді білдіреді (*Юдахин К. К. КирРС., М., 1940, 514*). Ескі түркі тілінде «тәртіп орнату, реттеу» мағынасында жұмсалатын **төрүмек//төрү** етістігі ертеректе бір елге жататын рулардың, тайпалардың және жеке кісілердің қарым-қатынастарын реттеп тұратын «заң, қағида» деген ұғымда қолданылған (*Мелиоранский П. Пам. в ч. К-Т. 1899. Т.12 82-83*). Бұл сөз осы мағынада қазір де кейбір тілдерде қолданылып жүр: **төр** – әдет, ырым; монғол тілінде **төр** – құрылыс, мемлект, өкім, билік, басқару, заң деген сөз. Кейін рудың я тайпаның басшысы, яғни сондағы істің бәрін ретке келтіріп және басқарып тұрған кісіні **төре** деп, ал, оның отыратын орнын **төр** деп атап кеткен болу керек. Төре сөзі қазіргі түркі тілдерінің көбінде ескірген өз ретінде сақталып қалған. Ал **төр** сөзінің мағынасы ауысып, жалпы үйдің ішкі ең жоғарғы жағы дегенді білдіретін болды. Біреуге ізет көрсетіп, **төрге шығыңыз!** Деп айтылуы да осыдан болуға лайық (*Жанпейісов Е. М.Ә. «Абай жолы» эп. т. – А., Ғ., 1976*). Айтысып бара алмаспыз **төре**, биге. Түзей бер өз жөніңді теңің тауып, Емеспін Жалайырың, маған тиме! (*Ерімбет*). «Әй, шырағым, ақ сұңқар! Артық туған **төре** едің. Сен періден туған құмайсың, Айтпасаң да білемін (*Нұртуған*). «Ала ғой» деп атыңды, **Төре** кезінде жалындың. Хан болған соң бермейсің, Уәденнен жаңылдың (*Нұртуған*). Ол бір күні октябрь – Жарқырап

нұрын шашқан күн. Патша, **төре**, саудагер құлындай бұғып қашқан күн (І. Жансүгіров).

Тулақ – 1) қатқан көн; 2) аттың жаманы. Қолөнері арқылы жүн түткенде (жүн сабағанда) астына төселетін қатқан көнді ертеде **тулақ** деп атаған. Еті арып, **тулақ** болған тұлпарларың, Азбарға өзі келді жемін жерге. Бұрынғы қалыбыннан өзгермендер, Жақсылап дұға оқындар ал біздерге. Нұртуған осылайша қалам тартты, Дос тұтқан еліндегі әркімдерге (Нұртуған). Сабаумен тулақты ұрып қалғанда шыққан дыбысқа сабау да ортақ, **тулақ** та ортақ (Ғ.Мүсірепов). Ер арыса – **тулақ** (Мақал);

Тулақ шашу – күзем алғанда шашылатын шашу.

I Тұғыр – жұмысқа жегілетін ат. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде **туғрағ** – патша тарапынан ұрыс уақытында әскерлерге беріліп, тыныштықта қайтарылып алынған ат (Қашқари М. Дев. луг. турк, I т., Т., 1960, 430). Қайтар жолда шалдығып, Бір **тұғырға** үш кісі, Бір түйеге бес кісі, Кезектесіп мінгені (Нұртуған). Қарасай Қараүлектей қарт анасының айтуымен, таң сарғайып келе жатқанда астына жаман **тұғыр** мініп ауылына шығып, ұлы сәске кезінде жолда кездескен малшыларға жолығып, бидің үйін сілтетіп алды (Нұртуған);

II Тұғыр – асыранды қыран құстардың қонақтап отыратын арнаулы орны. Мен – қызыл шұбар мұзбалақ, Бағылып, қолдан жем жеген. **Тұғырдан** басқа төбеге, Бір отырып көрмеген (Нұртуған). **Тұғырына** саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас (Мақал);

Тұғырынан таймады – абыройы, қадірі түспеді: қажымады, талмады. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде **туғру** – қылыш, пышақ, қанжар жетелеріне кигізілген сап (Қашқари М. Дев. луг. турк, I т., Т., 1960, 397). Сақал, шашым ағарғанша, **тұғырымнан** тайғаным жоқ (М. Әуезов).

Тіллә – ерте кездегі алтыннан жасалған ақша. Парсы тілінде **тела** – алтын дегенді (ПРС., М., 1960, 335). Кім өлтірді білдің бе, Неғылайын басқаны?! Мамай сынды асылдың, Әнжі басын кемітті, Мың **тіллә** еді мысқалы! (Нұртуған). Болған соң сәлемдесіп, ол адамнан, Сұрады ақ пайғамбар: «Не жұмыс бар?» Сөйлейді пақыр сонда былайша деп: Жүз **тіллә** мойынымда қарызым бар (Ерімбет). Гүлбаршын сұлу Мария деген сақауға сегіз **тіллә** беріп, – ана диуанаға бал аштырып кел, – деді («Алпамыс»).

У

Уәзір – патша, хан, сұлтан сияқты мемлекет бастықтарының ақылдас адамы, солардың белгілі бір ісін басқаратын әкім. Араб тілінде **уазирун** – уәзір дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 1124). Осы екі жылдың ішінде ханның өзі, **уәзірлері** шешімін таба алмаған бір-екі қиын дауға төрелік берді

(*Нұртуған*). «Сақиға патшалықтай дәулет керек, Қылады ол сақилық беріп несін?!» Бұйырды осылай деп **уәзір** бекке, «Сақи» деп бір айтқанды тергемекке (*Ерімбет*);

Бас уәзір – *уәзірлердің басшысы*. Ортасында қорғанның Тік салдырған биік мұнара, Құсбегі отыр – **бас уәзір**, Падиша менен сол мінген (*Нұртуған*). Сәлемге бұл жазылған құлақ салсаң, Қызымды балаңызға қабыл алсаң, Бұл барған диуана да **бас уәзірім**, Жол шеккен жұмыртқа үшін маған нансаң (*Нұртуған*). Олар шықты есіктен, ханға өкпелеп, Көшеде шулап және жылаған көп; «Хан мен **уәзір** ақылдан айырылыпты, Өлтірейік екеуін, жынды екен», – деп (*Абай*).

Уәжді – *дәлелді, орынды*. «Айта бер сөзді қарт аға-ай, Ақылыңды сал ортаға-ай Сіздің айтқан **уәжді** Ұйғарар дейсіз кім «бұлай» (*Нұртуған*). Жиналған жұрт Үмбетәлінің кенеттен сөз тапқыш алғыр қасиетіне, **уәжді** сөздеріне және әдептілігіне ризалық білдірді («*Қ.Ә.Т*»).

Уәжіп – *әр мұсылманның орындайтын міндеттері*. Нұртуған ауырып жатқан кезде әйелі Әлима құрбан айтқа қарсы өзіне киім тіккізейін деп Ысқақ молда және Махамбетжан деген тігіншілерге барған екен. Олар Әлимаға көңіл бөлмепті. Әлима: «Ері ауырған адамды не қылсын» деп үйге жылап келіпті. Сонда Нұртуған шайдың қағазының бірін жұлып алып, сыртына былай деп жазыпты: Бешпетін кигізіңдер Әлимаға. Киімі, тамағы мен маған **уәжіп**, Кеудеде бар тұрғанда жан мен сана. Сүннетін пайғамбардың бітірейін, Бұл айтта тапса киім кисін жаңа (*Нұртуған*). Парыз бен **уәжіп**, сүннет – ер міндеті, Иманның боржа келсе, көп құрметі. Мағынасы төрт кітаптың мәшһүр болып, Құранның келді сізге сүре, аяты (*Ерімбет*). Әрбір адамның бұл дүниедегі іс-әрекеті, сөйлеген сөзі амал деп аталады. Амалдың сегіз түрі бар: 1. Парыз – Алла тарапынан әр пендеге істеуге міндетті амал; 2. Сүннет – Мұхаммед пайғамбардың діни тәлім-тәрбие қағидаларын орындау; 3. **Уәжіп** – *әр мұсылманның орындайтын міндеттері*; 4. Мұстахаб – пайғамбарлар кейде істеп, кейде істемеген амалдар; 5. Мұхаб – мұндай амалдарды орындауға да, орындамауға да болады (мысалы, бос сөз сөйлеу); 6. Харам – тыйым салған амалдар; 7. Мәкрүһ – әр мұсылманның өздерін тежеп ұстауды талап ететін амалдар; 8. Мұстахара – әдепке жатпайтын іс-әрекеттер (*Кенжеахметов С. Жеті қ. А., 2007*). **Уәжіп** – әрбір мұсылман орындауға тиісті амал. **Уәжіпті** орындамаған – күнәлі, орындаған – сауапты болады. Бірақ имансыз болмайды.

Уәлаят (өлі аят, өлаят, уалаят) – 1) *басқарма, басқарушы*; 2) *ел, өлке, облыс*; *белгілі бір аумақты жерді қамтитын территориялық бөлік*. Парсы тілінде *вেলাят* – ел, облыс дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 589*). Араб тілінде **уилайатун** – *облыс, провинция* деген мағынада қолданылады (*АРС., М., 1958, 1157*). «Бөрі ашыр, түлкі көмер» деген нақыл, Бейлаж перде ашылды бұл **уәлаяттан** (*Ерімбет*). Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен **уәлаяттардың** дәл бүгінгі көрінісі (*М. Әуезов*). Мен бөтен сөйлемеймін **өлі**

аяттан. Тұрғанда өз жұртымның әңгімесі, Сөйлесем ұят болар басқа таптан. Бұл сөзді көзбен көрген қарт айтады, Жақында болғаны рас, ақиқаттан (*Нұртуған*). Он алты күн ұдайы жүріп Москва **өлаятының** шегіне кірдік (*Д. Дефо*). Атандым Ақан сері мен жасымнан, **Өлаят** жеті ықылымға даңқым жеткен (*Ақан сері*). Соңғы кездердегі мәліметтерге қарағанда қазақ тілінде 14 газет пен бір журнал шыққан. Ас, бұлардың ішінде ерте кезде басылып, кейін тоқтап қалған «Түркістан **уалаятының** газеті» (1870–1883) мен «Дала **уалаятының** газеті» де (1888–1902) бар («Қ.э.т.»). Абунасырдың әкесі Мұхаммед бин Тархан – Отырар **уалаятынан** белгілі білікті кісі (*А. Машанов*).

Уәли – 1) ел билейтін әкім; 2) жақын, туысқан; 3) қамқоршы, сүйеуші; 4) ауыс. дос; 5) діни. әулие. Араб тілінде **уалин** – басқарушы; өкімет уәкілі дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 1157*). Парсы тілінде **вали** – қамқор, қамқоршы, *мырза* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 589*). Төрт кітап нақтан келген төрт нәбиге, Келтірген **уәли** емес сөз жүйеге (*Ерімбет*). Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Мүнәжәт **уәлилердің** зар наласы (*Абай*). Елсіз жердегі елсіз үңгірде тіршілік ететін сопылық жолындағы адамды **уәли** деп атайды (*А. Машанов*);

Уәлилік – діни. әулиелік. Пайғамбар жүз жиырма мың өткен бұрын, Олар өзі ашық, **уәлилігі** көрінген елге (*Ерімбет*). Бір мысал ертеде өткен хикаяттан: Ол – Асан шайқы Басари уәлиулла, Көңіліне келген зәрре адауаттан. **Уәлилік** мақамына жетіскенсің, Айрылып қалыпты бір кәраматтан (*Таубайдың Жүсібі*).

Ұ

Ұлпат – дос, сыйлас болсаң. Жақсымен мерекеде душар келсең, Болады қалай-дағы кеуілің шат. Қызығы – тіршіліктің бұл-дағы бір Ерлермен есі бүтін болсаң **ұлпат** (*Нұртуған*).

Ұлық – жоғарғы мәртебелі әкім, төре. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде **улуғ** – ұлы, әр нәрсенің ұлысы, үлкені дегенді білдіреді (*Қашқари М. Дев. луг. турк, I т., Т., 1960, 95*). Бар еді жалғыз перзент жаңа туған, Артынан дұға қылам әр намазда. «Болғай» деп баласының өмірі ұзақ Бара-бар тілегім де шаһыбазға. Ер жетіп, болсын **ұлық**, мақсұты асыл, Қол бастап шықсын ұлың дау-дамайға (*Нұртуған*). Сол шамада қазақта Үш хан билеп үш Жүзді Әмірін еркін жүргізген. Шұрайлы жердің тәуірін, «Хан, төре және **ұлық**» деп, Мансаптыларға бергізген (*Нұртуған*). Ана кісі бәріміздің үстімізден қарайтын **ұлық**, болыс қайның, қолын ұстап амандас (*М. Ақынжанов*). Мәз болды болысың, Араға **ұлық** қаққанға (*Абай*). **Ұлық** болсаң кішік бол (*Мақал*).

Ұрыс – соғыс, айқас, шайқас; мемлекет пен қайшы топтың арасында болатын қарулы күрес. **Ұрысты** іздеп сағынған, «Қақпаны бақ!» деп, қалмақты Өзінен басқа қайырған, Қазидушар келген-ді (*Нұртуған*).

Ү

Үмбет (үммет, үммәт) – 1) ұлт, халық; 2) қауым; 3) Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, ислам дініне бағынушылар. Аға сұлтан Құнанбай сахарадағы қазақты құдайдың құлы, Мұхаммедтің **үмбеті** етуге тырысты (*Х. Ақназаров*). Атандық мұсылман боп соңғысында, **Үммет** боп ислам деген дінге дерек. Атыңды **үммет** қойған Жаратқанға, Парыз-ды, халық, мойнына тасбих бермек (*Ерімбет*). Мұхаммедтің төңірегіне Аббас, Хамза, Әбубәкір, Омар, Осман, Әли, Біләл т. б. барлығы қырық шақты адам топтасады. Бұлардың жасырын қауымы Мұхаммедтің **үмметі** деп аталған (*М. Ысқақов*). Қараңғыда адасқан **үмметін** мәсжидке шақырады, – деді қазірет Қуанай (*Х. Есенжанов*). «Көрің қадір» кітабынан: «Көрің Қадир құдіретін. Білсін дау сұғатын, Мұстафаның **үммәтін** Андағ тәшраф қилдия» (*С. Мұқанов*). Мұхаммед қана, астында пырақ, құдаймен екі арада зырлатып жүріп, «**үммәтім, үммәтім!**» дейді-міс (*Ғ. Мұстафин*).

Үр (қор, хор, хұр, һүр) – 1) қара көз сұлу қыздар; 2) діни. ұрмақ қыздары (исламша жаннатқа барған мұсылмандардың үлесіне тиетін сұлулар); 3) ауыс. өте, аса, елден асқан. Солтүстік аудандарында көбіне **хор** болып, оңтүстікте **үр** болып айтылады. Иран және кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «жұмақ қызы, сұлу қыз» деген мағынада жұмсалады (*Ш. Сарыбаев*). Парсы тілінде **һури** – 1) ұрмақ қызы; 2) сұлу; өзбек тілінде **хур** – *гурия* (мұсылман мифологиясында – жұмақ қызы); өзбек тіліндегі екінші мағынасы – *әдемі қыз, келіншек*. **Һүр, хор** сөздерінің кейде *үр* болып *х* дыбысының түсіріліп айтылуы тіліміздегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің басындағы *х, қ, һ* дыбыстарының тұрақсыздығынан деп білу керек. Патшаның адал неке зайыптары, **Һүрлердей** пейіштегі құп жаралған. Ол сіздің құдай берген дәулетінде, Үстіне жабық киіп үлде оранған (*Нұртуған*). Әжеке-ай, бер қолыңнан бір жұтым су, Балаңның осы болар тұтқан тұзы?! Көшерге керуенім даярланды, Шақырып жаннаттағы **һүрдің** қызы! (*Ерімбет*). Пейіште **Һүрдің** қызы бар Қаламқас, Бір ерге тиер дейді неше жалғас. Шүбәсіз ахиреттік жұбайым-ай, Орның бар шын жыласаң менен қалмас (*Ерімбет*). Іші-сырты тең сұлу Әйел емес, **үр** деңіз, Ондай **үрге** жолыққан... Сол секілді жары бар **Үр** құшқанмен тұр деңіз (*Майлықожа*). Аппақ тіс, қиғаш қасы, қызыл жүзді, Шашының жерге түскен ұзындығы. Адамзат қанша айтқанмен ондай болмас, Болмаса жұмақтағы **үрдің** қызы (*Мансұр*). Басында кәмшат бөркің жарқыраған, Иығыңда алтын шолпың сылдырлаған. Сипатың жұмақтағы **қор** қызындай, Жамандар сізді көріп қалтыраған (*Ақан сері*). Жаннаттен періштелер жерге еніп, Кәусар ап пердәуіштен ішіп тұрсам. Мәрмәрдан Бағырамға бина салып, **Қор** қызын жаннаттегі құшып тұрсам (*Шеңгерей*). Үстіне малы менен жанын

үйген, **хор** қызын аламын деп алтынды үйден... (С. Торайғыров). Өзің де бүгін **хордың** қызы секілдене қалған екенсің (С. Мұқанов). Тақ үстінде толықсыған, Көрді һамбал **хұр** қызын, Көрмесе оны әр ер адам – Көрмегендей күн жүзін («*Мың бір түн*»). Жарайды жазған хатың інім Жүрсін! Қиғаш қас, құралай көз нағыз **һүрсін!** Баласы Алтынайдың болғаннан соң, Кемеңгер, білімге бай анық дүрсін! (*Тұрмағамбет*). Қошемет сөз ғой, Тәке, «дүр» дегенің! «Қиғаш қас, құралай көз **һүр**» дегенің. Бұл айтқан сөзіңізден байқалып тұр: «Жазуды жөндей алмай жүр», дегенің (*Жүрсін*).

Үрият – *бостандық, еркіндік*. Мына **үрият** бостандық, Туғызды күн мен айыңды... (*Нұртуған*).

Үсір (**ұшыр, ғұшыр**) – *ерте кезде дін жолына деп астықтан алынатын салықтың бір түрі. Мөлшері түсімнің оннан біріне тең болған.* **Ғұшыр** дегендегі *ғ* дыбысы түсіп қалу арқылы қазақ тілінде *үшір // ұшыр* түрінде кездеседі. Араб тілінде **ғұшириун** – *ондық* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1960, 213*). Зекет, **үсір**, пітірді Дұрыс па беру әкеліп, Жорғаға мінген ғалымға?! (*Нұртуған*). Әр жылда **үсір**, зекет тапсырып жүр, Екеуің Нұрмаханмен бір барарсың, Салсүйек, ұйқы жолдас, ауыр едің, Сен шіркін қатарыңнан құр қаларсың (*Ерімбет*).

Үшбу (**ұшбу**) – *осы, бұл, сол, ол (нақтылы, дәлдікті білдіретін сілтеу есімдігі)*. Мұнан соң дүниені топан қаптап, Таулардан бұлақ қайнап, жауын жауған. Соңынан **үшбу** топан әлек болып, Барша жан асы болып көп қырылған (*Нұртуған*). Бақыр емес бақыр дегенмен, **үшбу** алтын Данышпан исламға хатымлаған (*Нұртуған*). Көп болып **үшбу** сөзді араладық, Көңілді табамыз деп жараладық (*Ерімбет*). Жолықтым бір ғажайып газетіңе, Нөмірі – жиырма тоғыз, **үшбу** жылы (*Ерімбет*). Сөз тыңда, келді-ау хикаят, ғақылы сақ, Ғақылға **үшбу** сөзім емескі ашпақ (*Ерімбет*). **Ұшбу** сау-сәләмәтларымыз (*Абай*). Менің қайным қай жақта, жан енеке, **Ұшбу** жерде төлеп кетейін өрмегінді («*Қозы Көрпеш – Баян сұлу*»).

Ф

Фазыл – *кеңшілік, мейірімділік, жақсылық*. Араб тілінде **фазилун** – *қадірлі, өте жақсы* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 770*). Иқрар болып **фазылына**, Қосшылыққа сол кезде, Уақаптың ұлы жараған (*Ерімбет*). Бір жыланның ішіне Ләтте жетпей қалған соң, «Ақ Расуліні шағар» деп, Табанын қойып қадаған. Сонда жылан шыдамай, Хазірет Сыддиқ **фазылдың** Аяғын тістеп талаған (*Ерімбет*). Айтамын әуел бастан бір құдайды Кешіргей **фазылымен** көп күнәмді («*Айман – Шолтан*»).

Фатиха – *бата, тілек*. **Патиха** – *бата беру, жолың болсын деу* (*ҚО. тілмаш. М., 1926, 47*). Құранның бірінші сүресінің (тарауының) аты **фатиха** делінеді (*Бартольд В. В. Ислам. 1918, 19*). Көзінің жасын ағызып түрегелді,

Ғалидың ықыласын бәрі көрді. Тұрған соң құтқарам деп кеуілменен, Сол жерде ақ Расулі **фатиха** берді. Ер Ғали **фатиха** алып шықты сыртқа: «Ғарібім, мінгес, – деді, – қане, артқа!» (*Ерімбет*). Көрейін мен де барып қыздың күшін, Жазуда кім біледі құдай ісін?! Бармасқа сабыр-тағат қыла алмаймын, Болмаса **фатиха** бер құдай үшін?! (*Ерімбет*).

Х

Хабиб (хабиб, абиб) – 1) сүйікті; 2) дос, тамыр. Жаһанға дүйсенбі күн пайда болды, Лепесін тындасаңыз һән хазіраттан. Ат берген «**хабибім**» деп Тәжімәулен, Пейіш пен жеті тозақты аралатқан (*Ерімбет*). Қазіреті Жебраиль хақтан келіп, **Хабибіне** хабарды берді сонда, – дейді «Зарқұмда» (*С. Мұқанов*). Тікен кіріп тас қаққан Тәніндегі жарадан. Сыддиқ «жылан шығар» деп, Ақ **Һабибі** нәбиді Күзетуді қалаған (*Ерімбет*). Крайдың Сырдариясы, қазалылық, «Қалыңбас», сегізінші ауыл жазылмаққа. Ғайсаға мың тоғыз жүз екінші жыл, Мың үш жүз жиырма еді **хабиб** һаққа! (*Ерімбет*). Махшарда барар жарлы байдан бұрын, Елу жыл бұрын барып алар орын. Құрайыш – біздің Мұрсал, хатим еді, Тапсырған **абибіне** діннің зорын (*Ерімбет*).

Хазірет – дін жолындағы беделді мырза, дін қауымының тұтасын ұстаған адам. Араб тілінде **хазратун** – мырза, ханум дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 225*). Қатын!» деп, не ерлердің жаны кетті, Не жақсы адамдарға қашы жетті. Нешеулер әйелінің тілін алып, Айырылып иманынан, қадірі өтті. Айтыпты: «Өміріңде, – хазірет Адам, – Әйелдің, сірә, тілін алма!» – депті (*Ерімбет*). Үйретіп иман, ислам **хазірет** Ғали, Жүргізді исламның әділ ісін. Мұнан соң иман айтты жұрттың бәрі, Исламға кіріп түгел, жиып есін! (*Ерімбет*). Сармолла тек **хазіретке** қарап, бұлардың бар сөзін елеген жоқ (*М. Әуезов*).

Хакім – 1) данышпан, ғалым, оқымысты; 2) басқарушы, бастық; 3) ауыс. үстемдік етуші, билеуші. Араб тілінде **хәкимун** – ақылды, есті, ақыл иесі, философ дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 237*). «Азық жи, – дедім сізге, – ғибадаттан». Өсиет осылайша айтқан сөзім, Өкпеңнен оқтай болып таяп атқан. Болысы «Қалыңбастың» қайта өзгеріп, Мінезің ояз, **хакімді** де таңырқатқан (*Ерімбет*). Қайбарға төртінші күн кіріп арыстан, Патшаның ойран қылды кең сарайын. Өлтіріп Жанәділді, қойды **хакім**, Мен Ғалиды өтірік мақтап неғылайын? (*Ерімбет*). Адаспай тура іздеген **хакімдер** болмаса, дүние ойран болар еді... Әрбір ғалым **хакім** емес, әрбір **хакім** – ғалым (*Абай*). Аристотель **хакімге** патша келді: – Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді. Бұл сүйекті басарлық нәрсе бар ма? Ақылың мен ойланып тапшы! – деді (*Абай*). «Қазақ» газетасының қала салма деген ақылы шаруа қазаққа ұнамаса, **хакімдер** мен байларға сары майдан жағымды болып отыр», – деуі «Айқаптың» өте құнды пікірі («Қазақ әдебиетінің тарихы»). Әлібектің балалары ана Жымпиты **хакімдерімен** келісе алмапты деген қаңқу күшті (*Х. Есенжанов*).

Халас (**қалас, халес**) – 1) құтқару, босату; 2) төлеу; 3) ауыс. қалас болу, таза болу (бәледен); 4) аяқталған, біткен (кейбір тілдерде бұл сөзді осы мағынада қолданады). Нағашың Ермұхамед бин Көлдейбек, Мейлің сен, кәдімгідей біздің ықылас. Милаға мың тоғыз жүз сегізінші, Февральда жиырма жетінші еттім **қалас** (*Ерімбет*). Қорқамын қияметтің азабынан, «Құтылар күн бар ма,– деп,– болып **қалас!**» (*Ерімбет*). Ер Орақ, хан Мамайдың ағасы еді, Мәскеуге қас болғаны **қалас** еді. Іс қылып тірісінде әділ Мамай Сонысы өмірінше оғаш екен (*Нұртуған*). Сол себепті сізді, ұлы дәрежелі генерал мырза, ел сүйген ақылшы кәрие сұлтан Бақытжан Қаратаевты кіріптарлықтан **халас** етеді деп сенеміз (*Х. Есенжанов*). Болмаққа тағдыр **халас** сынамақтан (*Қаңлы Жүсін*). Мұнымды ырия деме Манат ақын, Харамға **қалас** кісі жүрмес жақын. Тілеймін қалал жолмен алмағымды, Қоштаса, көңілің бізді, көріп мақұл (*Молда Мұса*). Тапсырайын аманат, Жақыпқа сәлем айт, деді... Қолымда жоқ бұ күнде, Беретін сәлем хат, деді, **Халес** болсам зынданнан, Болсын көңілім шат, деді («*Ғашық-наме*»).

Халет (**әлет, әлат**) – 1) жағдай, жай, күй, хал; 2) оқиға. Ол түйе ыңырсып өлер **әлетке** келгенде, туысқаны деген түйе жетіп барып, үстіне түсіп, боздап қоя берді. Анау түйе күйсеп жата берді (*Нұртуған*). Өлер **әлетке** келіп жатқанда бір топ көк кептер ұшып келіп, Әділханның тарыққан кеулін делбеп: «Уа, дарих! Менің жайымды білер жан қайда? Ноғайлыларға сәлем айтыңдаршы!» – деп, кептерлерге айтып тіл қатып жатқаны (*Нұртуған*). Жіп байлап сирағымнан, көкке ұшырып, Қолменен уқалайды ұмар-жұмар, **Әлетке** өлетұғын жақындадым, Деп қорқам: бүйте берсе белім сынар (*Кете Жүсін*). Төстіктен қақтап отқа, іске тарттым, Етейін аз да болса, – деп, – қанағат. Аузыма бір жапырақ салған кезде, Жұтпастан ғайып болды ошал **әлет** (*Кете Жүсін*). Әлгі мәрт бәрін де аман алып судан, Асанға селдеткен сыр сол **әлаттан**: – Көңіліме келді кірбің: өзің таза, Өлгені – шүбәліге санамақтан (*Таубайдың Жүсібі*). «Балама барып құрма жегізбе» деп, Шайқыға шах арызын айтты **әлат** (*Қаңлы Жүсін*). Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не **халетте** екендіктерін, әл-ауқатты кісінің баласы (*Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров*).

Халифа – 1) мирасқор; 2) орнын басушы; 3) тарих. халифа (*Мұхаммедтің мирасқоры, орнын басқан, мұсылмандардың діни және өкімет билігін басқарған әкім атағы*). Араб тілінде **халифатун** – біреудің орнын басу; орынбасар болу; мирасқор болу дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 296*). Қырғыз тілінде **қалифа** – түрік сұлтаны (*КирРС., М., 1940, 357*). Сол масғұт **халифаға** уәзір бопты, Тарқатыпты алдынан көп пен топты (*Абай*). Мансұр **халифа** астана байтақты салудың сәтті уақытын табудың тағдырнама – талихнамасын (гороскопын) жасауға бұйрық берді (*А. Машанов*). Сол Масғұт **халифаға** уәзір бопты, Тарқатыпты алдынан көппен топты. Бағанағы қыдыр шал бір уақытта, Түсінде аян беріп жолығыпты (*Абай*).

Хақ – діни. құдайдың көп аттарының бірі. Араб тілінде **хақун** – шын, рас, анық, тура дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 252). Нұртуған, Ерімбет өмір сүрген уақытта дінге деген көзқарас өте басым екендігін шығармаларынан анық байқауға болады. Дос тұттым төрт шаһарияр түгелінен, Нәбиге дін ашқанда болған құрал. Ақиқат **хақ** досының достары едің, Етпеген исламға ешбір залал (Ерімбет). Оқу іздеп, қарағым кеттің ұзап, Саулығыңды отырмыз **хақтан** сұрап. Шөл де болар жолыңда, жау да болар, Бір шыққан соң жүре бер қайтпай шыдап! (Нұртуған). Растың бір аты – **хақ**, **хақтың** бір аты – Алла (Абай). Құбылаға бас беріп, Екі көзге жас беріп, Байбөрі **хаққа** налыды («Алтамьс»). «Арамның аңғарына түспеңіз» деп, Сөз еді шығатұғын сіз тараптан. Қақпалап ата ізінен адастырған, Өзелден жазу шығар тағдыр **хақтан** (Қаңлы Жүсіп).

Халифа (қалипа, халиф) – 1) мирасқор; 2) орын басушы; 3) тарих. халифа (Мұхаммедтің мирасқоры, орнын басқан, мұсылмандардың діни және өкімет билігін басқарған әкім атағы). Бір күні «Сөйлес!» деген шықты дабыс, Сұлтанға сол көрінді ғажабырақ. Ол періште бала сурет кірді есіктен, Қамыс ат белортадан сынығырақ. Сол жерде сен айтқандай айтқаны рас, Сендей сөккен жоқ **халифаны** бала бірақ (Ерімбет). Мансұр **халифа** астана байтақты салудың сәтті уақытын табудың тағдырнама – талихнамасын (гороскопын) жасауға бұйрық берді (А. Машанов). Сол масғұт **халифаға** уәзір бопты, Тарқатыпты алдынан көп пен топты. Бағанағы қыдыр шал бір уақытта, Түсінде аян беріп жолығыпты (Абай). Қуанай қазірет: – Тәйт!... Бөркінді неге кимейсің?!... Қарашы шашын жалбыратып отырғанын!... Сендерді біз «**қалипанын**» орнында дейміз!... Әр намаздың соңынан бата қыламыз!... Сендер сүйтесіндер... Киіп отыр бөркінді! – деді (С. Сейфуллин). Бір күні Темір қожадан: «Қожа, өзің білесің, ертедегі **халифтердің** лақап аты болған... Алда-жалда мен **халиф** болсам, лақап атым кім болар еді», – деп сұрайды («Қожанасыр әңгімелері»). Мұхаммед Юсуф Мұса «Әбу-Әли ибн-Сина философиясындағы әлеуметтік, саяси ағымдар» деген кітабында: «Егер **халиф** пен хакім күнәға белшесінен батып, жұртқа қиянат істей бастаса, онда былайғы халық Көтерілісшілерге қол ұшын бергені дұрыс» – деп жазды (Г. Брагинский).

Халифат (қылапат, халифат) – 1) орын басу; 2) орнын басушылық; тарих. Мұхаммедтен кейінгі араб басқыншыларының халифалар басқарған мемлекеттер аты; 3) халифалардың діни және саяси билігі (халифалар басқарған дәуір); 5) халифалар дәрежесі. «Мысырдан шықты бір қыз таңғажайып, Деп болмас Зылихадан сол, бірақ. Оның үстінен еркек шыбын өткен емес, Нәм ерсіз жатқан емес бір күн мұнда-ақ. Әлі қыз қырық баласы **қылапатта**», Шеше алмай көп адамның көңілі – дақ (Ерімбет). Орнына тақсыр ердің, **қылапатқа**, Атасы Әбубәкір мініп еді. Неше жыл халыққа шашып үкіматын, Бір күні ол шамшырақ сөніп еді (Ерімбет). Аббас **халифат** тұсында Отырардың аты Фараб болды (А. Машанов). **Халифат** мәдениетінің түрлі

саласына қысқаша шолулар беріп отырған (Ш. Есенов). Түрік халипаты да талай заман Самарқанды билеген (Ж. Арыстанов).

Хамд (әмдуса, һәмду) – 1) мақтан, мақтау, даңқ,, дәріптеу, даңқын шығару; 2) рақмет, алғыс. Аллаға шаһ Ғасим қылды шүкір, Сабах, шам хамді сана айтар зікір («Ғашық-наме»). Назымды көп толғаған өнер деймін, Сен сөгесің «көп толғаған мылжың» деп-ақ. Бірақ Құранда айтылатын әмдуса көп, Емес пе екі айтылатын сол мысалда-ақ? (Ерімбет). Ой, тоба-ай, астағыпыралла, бұл дөһиметтің, Өтейін неше жола һәмду сана-ақ. Иманның ұят қабы болса мәгар, Ей, халайық, сізге қалай мұны жазбақ?! (Ерімбет). Олжамен, еш шығынсыз Мәдинаға, Арыстан әскерімен келді қайтып. Құдайға һәмду сана айтып сансыз, Оқиды намаз ақшам азан айтып (Ерімбет).

Хан – феодалдық құрылыстағы мемлекетті тежеусіз билейтін басшы. Көне түркі тілінің жазу нұсқаларында қаған – хан түрінде кездеседі (Малов С. Пам. древ. тюрк. письм. Мон. и Кир. М.-Л., 1959, 97). Парсы тілінде де хан – монгол әмір иелерінің титулы делінген (ПРС., М., 1960, 186). Монғол тілінде ханан хад – тік құз, тік жармас (МҚС. М., 1954, 261). Хан деген титул биік шыңның, асқар таудың атынан келіп туған болу керек. Бір үйге мұнаралы кезігіп ол, «Хан мен бек үйі ғой» деп шамалаған. Құптанды оқитұғын кез еді бұл, «Осы үйге кірейін» деп ойға алған. «Құдайы қонақпын!» деп, жақын келіп, Сыртынан дауыс қылып, хабарлаған (Нұртуған). Сұрқия Кенесары қашаған хан, Серғазы сексен сегіз жасаған хан. Құдайым Байекеме бақыт беріп, Қазақты Сырдан бері асаған хан. Дұшпанға кесе тұрып қайратпенен, Көңілі пақыр көрсе босаған хан (Нұртуған);

Ханның сейілі. Сол жылдары хан қозы пісіп жатқанда, шатырлы ордасымен, нөкер жасауылдарымен көшіп жүріп ел аралайтын. Әр ауылда бір жеті болып әңгіме-дүкен, сауық-сайран құратын. Оны жұрт «ханның сейілі» дейтін еді. Хан сейілдікке шығып жүріп, бір жылы Исатайдың ауылына келді. Жабатайдың үш қатыннан туылған он бес ұлдың көбі Исатайдың өзі өлген ұрыста өліп, жалғыз-ақ баяғы Шерниязбен бір ауыз өлең айтысып танысатын Үббі тірі қалып еді. Енді ерігіп отырған хан: «Үббіні шақырып кел!» деп адам жұмсады. Шақырушы барған соң, ағайындары Үббіге: «Сен қаш! Баяғы ағанды өлтірген хан сені де өлтірейін деп отырған шығар, барма!» деді. Үббі олардың айтқанын қылмай, ханға барды. Ханның ордасына келіп сәлем берді. Орданың іші толған адам еді. Үббі есікте тұрып сәлем бергенде, хан төрде отырып: «Үббімісің? Сен болсаң, есіктен төрге қарай жүгіріп келе жатып, бір ауыз өлең айтып, менің мына оң жағыма отыр!» деді (Нұртуған). ...Қай жерге барғаны мағлұм емес, сөйтсе де осы Шыңғыс тауында ...он екі рудан он екі кісі – Маңғұлдың өз заңы бойынша – «Хан» деген үлкен биіктің басында ақ киізге Шыңғысты отырғызып, хан көтерген дейді (Абай);

Хандық – ханға берілген атақ-дәреже; ханның қоластындағы ел, мемлекет. Жәңгір Исатайды өлтіре алмаған соң: «Кім Исатайды өлтірсе мен хандықты соған берем» деген көрінеді. «Исатайды өлтіріп, не тірілей ұстап

беріп, **хандықты** алу үшін патша әскеріне бас болып, сол кезде генералдарға қызмет етіп жүрген Айшуақұлы Баймағамбет келе жатыр» дегенді де есітті (*Нұртуған*). Махтым хан қылды **хандықты**, Ноғайдың көңілін тауыпты, «Әзімбайдың қызы лазым, көремін», – деп бір күні қалмақтың ханы Мақтым хан, Қылған екен жарлықты («*Қамбар батыр*»).

Ханзада – *арғы заты, тегі хан тұқымынан тараған адам, ханның ұлы*. Парсы тілінде **зад** – ұл, бала деген сөз (*ПРС., М., 1960, 256*). Жұмысы қанша қиын хан ағаның, Жүрегі тастан қайтпас ер заданың. Қайқайып қаршығадай тойға келген, Қайсынан мін табайын **ханзаданың?! (Нұртуған)**. **Ханзаданың** сағатпен сөйлесіп отырғанын есіткеннен кейін жұрт барып ханнан сүйінші сұрады. Хан қуанып той қылады («*Қазақ ертегілері*»).

Ханнас (қаннас, құннас) – 1) *шегінуші (шегінуші шайтан)*; 2) *Ібілістің теңеуі*. Ереке, егес сөзге қойма қадам, Тұтылып тұзағына, мысалы, **ханнас!** Жақтырмас болсаң, Жүсіп бармас сізге, Нені нұқсан болсақ егер, дін – қарындас (*Ерімбет*). Әдепті ізетпенен ұмыттырып, Көтеріп алып кеткен **қаннас** түртіп (*Нақып қожса*). Екеуміз емтиханда сынасқанда **Албасты-құннас** деген кімнен шықты?... Тәжірибе емтиханның жөні солай **Албасты-құннас** деген сізден шықты (*Ақан сері*).

Ханым (ханум) – *ханның әйелі*. Парсы тілінде **ханум** – *дәулетті әйел, жар, жұбай* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 186*). Бұл – ана, Тоқтамыс хан – ата болған, Басқа да көп әйелі болса керек. Балаға осы **ханым** ғашық болып, Көңілі өзгерілді көрер көзге. Анамдай сыйлап жүруші ем, Сіз сықылды **ханымды**. Жеңілтектікке салынып, Төкпе бүйтіп арынды (*Нұртуған*). Қалипа ақылды, сөзге жүйрік адам. Қалипа Мүсілімге тиіп, бұл күнде **ханым** болып отыр (*Нұртуған*). Ақсақ-Темір бір жорыққа жеткенде, ең сұлу, ең сүйікті әйел Биби **ханум** жиһангердің оралып қайтуына әдемі бір мешіт салдырған ғой (*Ғ. Мүсірепов*).

Ханша – *хан тұқымынан шыққан әйел, ханның қызы, қарындасы*. Өсіп еді-ау қарағым, **Ханша** болып, бой-бойлап! (*Нұртуған*). Таксыр-ау, қасындағы қай қарашаң, Қаясын хан алдына қолтықтаған?! Хан да бар, ханым да бар, **ханша** да бар, Төлеңгіт, төрелердің бәрі де бар, Кім қалды қаясына былғанбаған?! (*Нұртуған*). Нөкер ертіп ізіне, Жүруші еді той-тойлап. «Дат!» – деді ханның өжет Қарашашы, Немере хан Кененің қарындасы. – **Ханша** не датың бар? – деді Кене, Аңырап тұрып қалды айналасы (*І. Жансүгіров*). Қызыңның бес тиындық біреуі жоқ, Қылған соң құдай «**ханша**» амал бар ма? (*Шернияз*).

Хас (қас) – 1) *ерекше*; 2) *арнаулы*; 3) *жеке, өзінің; меншік*; 4) *тиісті (соған ғана хас – тек соған ғана тиісті)*; 5) *ауыс. өте, тым, нағыз*. Арабша **хас** – *ерекше, арнайы* (*Ш. Сарыбаев*). Араб тілінде **хәссун** – *ерекше, өте, әдейі*

дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 280). Екеуіміз нағашылық, жиендіктен, Айттыңыз маған жұмбақ, мен сізге **хас**. Адамды Жүсіп деген мен білмеймін, Кәріге ауыр қылады егер болса жас (Ерімбет). Сол бір жігіт пен қыз жүзіндегі ерекше қуаныш дала көркімен, оның қайталанбас **хас** сұлулығымен үйлесім тауып, көршісін бірден баурап әкетеді (Н. Хасанов). **Хас** мырза Қозыкеш депті дейді, Киік атып, аң етін жепті дейді («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»). **Қас** жүйрікте сын болмас, **Қас** сұлуда мін болмас (Мақал). **Қас** сөзі тілімізде кезкелген сөзбен тіркесе бермейді. Тек бірен-саран сөзбен тіркеседі де «ерекше», «асқан», «өте жақсы» мағыналарында жұмсалады (Ш. Сарыбаев). **Қас** маңғаз малға бөккен кісімсініп, Әсте жоқ кеселді істен біттей қорықпақ (Абай).

Хатым (қатым, қатім, хатім) – 1) мөр, мөр басу, мөрлеу; 2) аяқтау, бітіру, оқып шығу, бастан-аяқ жатқа білу; 3) ауыс. үлес, сыбаға. Қияметтің уақытында, сәл-ақ бұрын, Бір зор соғыс бастайды ұлтшыл надан. Бақыр емес бақыр дегенмен үшбу алтын Данышпан исламға **хатымлаған** (Нұртуған). Үлгілі сөз шығады сабырлы ерден... Білгенсіп шарифаттан сөз айтасың, Келіп ең **хатым** қылып қайсы жерден (Ақан сері). Оқуды бүгін бітіріп ғылымды **хатым** қылсаң да, бір тиын шығарып әперетін кітабым жоқ, – деді ол (С. Торайғыров). Кейбір намазқой діндар кәрілер мен шала сопы молдалар Абай үйіне қонып отырып, – Шарифат жайын оқып отырады екен-ау бұл кісі, әлде әруақтарға құран **хатым** қылып жатыр ма екен! – десетін (М. Әузов). Айттық, құрбандық, жаназа, **хатым**, пидия сияқтыларға имамдар өздері қатынаспаса да, оларға дербес «имамдық сыбаға» қойылу міндетті болған («Қазақ совет энциклопедиясы»). **Қатым** түсірді (құран түсірді). Мәні – өлген кісіге арнап құранды бастан-аяқ оқып шықты; бұл фраза ескілік уақытта қолданылған (І. Кеңесбаев). **Қатым** менен құранға, сан тоқтыны байлатты, Қосақты қойды айдатты (Жамбыл). Асан қазірет тек балаларды медресеге жинамай, өзі мешіттегі имаматтығын ғана атқарып, **қатім**, уағызбен ғана қалатын болған (І. Жансүгіров). **Қатім** құран шығарып, пидия алдың, Жұрт алдында тарттырам саған саза (К. Әзірбаев). Сылдыраған қыз лебізіне қарлыққан жуан қоңыр дауыспен жауап қату да құран **хатіміне** күпіршілік келтіргендік сияқтанды (Х. Есенжанов). Олар үйінен өлік шыққандарды аңдып, «жаназа», «**хатім**», «фидия» деп өліктен пайда тапқандар (Ж. Арыстанов).

Һ

Һәм – және, тағы. Парсы тілінде **һам** – сондай, тағы дегенді білдіреді (ПРС., М., 1959, 739). Өзі жалғыз, **һәм** жаяу, Қылыштан басқа қару жоқ Бұл ноғайдың ерінің (Нұртуған). Атымды айтқанменен кім біледі, Назымшы **һәм** жазушы бин Көлдейбек! (Ерімбет). «Тағыма өзім өлсем осы ие» деп, Төрелік, қадап басқа **һәм** жығасын (Нұртуған). Күнде думан құраған, Көруге жүзін көрікті, Көп жинаған аламан, Қаракөз сұлу **һәм** кетті! (Нұртуған). Өтті жылдар, **һәм** күндер, Қайда Мамай, ер Орақ Сәлемге келген бұл кімдер?! (Нұртуған). Көрмейік, жалғаншымыз, таңда дидар, **Һәм** мұнда тартылмасын ғиззат табақ!

(*Ерімбет*). Мал, дүние, бар сияқты бала-шағаң, Өзіңізге жетерліктей **һәм** даражаң (*Нұртуған*). Апуза, Назкен, Үміттің, Өзипа, Бибі, Назымның, Өздері сұлу, **һәм** ақын (*Нұртуған*). Оларға да сәлеметшілік тілеп **һәм** рахмет тілеп бітіресіз (*Абай*).

Һәмме – *барлығы, бәрі*. Парсы тілінде **һәмә** – *барлығы, бәрі* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1959, 744*). Ұшқан құс, суда – балық, тоғайда – аң Ырзығы **һәммесінің** сол болыпты Бұлардың біреуі артық, біреуі кем, Нашары мықтысынан қорқып-бұқты (*Нұртуған*). Ата – анаң, аға – інің **һәммесі** аман, «Келе ме?» деп, сұрайды қатар-теңің (*Нұртуған*). **Һәмме** ғалемге белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді (*Абай*).

Ш

Шабарман – *би-болыстың тапсырмасын орындап отыратын шапқыншы, әкімнің түрлі бұйрық-жарлықтарын халыққа жеткізетін хабаршы*. Бұл сөз **шап** (шабу) етістігіне –*ар*, –*ман* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды түбір. Не істерін білмей жүргенде, Бір жұмадай өтеді. Бір күндері **шабарман**, «Жау келді!» деп ел жаққа, Ханына хабар етеді (*Нұртуған*). Халқына бұл Телағыс хабарлапты, Көрген соң інілерін көңлі шатты. Жіберді **шабармандар** тұс-тұсқа айтып: «Мақсатым қуанышқа той қылмақ-ты!» (*Нұртуған*). Жергілікті басқару адамдарын болыстарды, ауылнайларды және олардың **шабармандарын** асырау салығы; қырғыздардың көші-қон жерлердегі көпірлерді т.б. ондау салығы (*М. Елеусізов*).

Шайыр – 1) *суырып-салма халық ақыны*; 2) *әңгіме айтушы*. Араб тілінде **шә‘ирун** – *белгілі, әйгілі* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 527*). Қарақалпақ тілінде **шайыр** – *ақын, халық ақыны* (*ҚарРС., М., 1958, 720*). Ерлігін ер жігіттің, **шайыр** жандар ағызып тілдің майын, жыр етеді. Төсеген омырауын оққа қарсы, Жігітті сескенбейтін ер етеді (*Нұртуған*). «Бір бақта біткен, – дейді, – біраз жеміс, Жемістің бәрі бірдей емес тегіс». Ереке, тамсанумен айтылған сөз, Шешуі сізге, **шайыр**, жұмыс емес (*Ерімбет*). Ақында **шайыр** ақпанмын, Аспанға ұшар пырақтай. Сөзінде сенің асыл жоқ, Құбылып тұрған сынаптай (*Жамбыл*). Сөз жаздым, «Омар **шайыр** – кен» дегенде, «Көреді өлең-жырды – шен» дегенде. «Тақпақшы топтан озған таңырқатып!» Көңіліңмен сыр суына өңдегенде (*Таубайдың Жүсібі*);

Шайырлық – *ақындық*. Қадірін **шайырлықтың** бағаласақ, Даурықпау кеудемізді мыңға балап. Сөздің де естісі бар, есері бар, Қысыр сөз кес болады кетсе жанап (*Нұртуған*). Шәкіртімін ұстаның Қолы шебер, ісі нық; Сөз бұранын жүргізген Көмірсіз күміс пісіріп. **Шайырлық** жолы – шартарап, Болғаным жоқ түсініп (*Шораяқтың Омары*). Әркімді әзіл сөзге олжа қылып,

Адам жоқ ат шығарған құр сықақтан... Болды ғой **шайырлығың** халыққа мәлім, Жүйріктей заманында озған топтан (*Таубайдың Жүсібі*).

Шалпы – *шайпау, ұрыншақ*. Ұрыншақ, **шайпау** жанның тілі удай, Жүрегің шоқ басқандай дір етеді. Базбіреу толарсақтан батып жүріп, Артықтың түймедейін мін етеді (*Нұртуған*).

Шам (сам) – *күннің батқан кезі, кешкі мезгіл*. Парсы тілінде **шам** – *кешкілік, кешкі ас; кеш* дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 303*). Қазақ тіліндегі **сам да // сам жамырады** да парсы тіліндегі **шам** деген сөз. Мұнда тек қана *ш* мен *с* дыбысы алмасып кеткен. Кеткенде **сам жамырап**, жәшиық болып, Қарасай қайтып келіп қосқа қонған. Шатырға жалғыз өзі жатты барып, Келмеді түнде ұйқысы ой ойланып (*Нұртуған*). Күннің куәсі боп қалмау үшін Күн батып, **Сам жамырап**, сәуле сөнді (*І. Жансүгіров*);

Шам жамырау. Шам жамырай бастағаны ма, жоқ батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір батыс жақта, көк жиектің үстінде сарғыш мұнар бар (*М. Әуезов*).

Шарапат – *марқабат, ізгілік*. Араб тілінде **шарафун** – *ізгілік, құрмет* дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 504*);

Шарапатлы – *мейірімді, құрметті деген мағынада*. **Шарапат** зат есіміне жалғанып тұрған *-лы* зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ (қазіргі қазақ тіліндегі *-ты/-ті/-ды/-ді* жұрнағы, мысалы: мейірім-ді, құрмет-ті). Мұнан соң Сәлім нәби **шарапатлы**, Мұғбада қызыл қоспақ нардан туған. Меккеде мекен-жайы өмір сүрген, Елу жыл дүниеде дәурен құрған (*Нұртуған*). Дүниеге **шарапатлы** Ғайса келіп, Халықты інжіл оқып, сөзін жайған. Даража отыз жаста келіп бұған, Үлгі алар ләһәттіге тіл қозғаған (*Нұртуған*). Ермесе бата сұрайық, Жақсыдан тиер **шарапат!** («Қобыланды батыр»);

Шарапаты тиді – *мархабат етті, жақсылығы тиді*. Жақсымен жолдас болсаң **шарапаты** тиеді, Жаманмен жолдас болсаң кесапаты тиеді (*Мақал*).

Шарғы – 1) *діни. заң*; 2) *шариғат*. Шектілер ел бірлігін көп ойлайды, Білмейді **шарғы** айтпаған ептілікті. Бір жұттық көп байыңды мақтағанша, Еріңді айт білігі асқан түпкілікті, – (*Нұртуған*). «Үлкендер» отыр үйінде Өткен күнін сағынып. Арам жеген «ардақты» Құрсақтары салынып. Мең-зең болып манаурап, **Заң-шарғыдан** жаңылып (*Нұртуған*). Иеменнен әр жыл сайын келеді адам, «Падиша «қой!» – деді, – деп, – бұл ниетті!» «**Шарғы** емес, бұл – падиша әмірі» деп, сақи да тәрк қылмады бұл әдетті (*Ерімбет*). Малың берсе есімге **Шарғыдан** артық кесімге. Шарафаты болмаса, Жетім менен жесірге (*Әбубәкір*). Шын шариғат бұл емес, Еріксіз айдар құл емес.

Шариф (шарип, шәріп, шәрип, шәріф) – 1) *атақты*; 2) *мейірімді; адал*; 3) *ауыс. қасиетті, құрметті*. Кәламның әрбір **шариф** лебізі бал, Көңілден ашылғандай неше шемен! Танитын тапауатын ер болсаңыз, Нәрсе

жоқ **Кәлами шариф** лебізімен тең (*Ерімбет*). Сөзінді **Кәлами шарифке** өлшеп қара, Білерсің бар екенін қандай шашақ. Бұл күнде өлшенбеген бар ма нәрсе, Алар деп алаң болма өлшемей-ақ?! (*Ерімбет*). ...хадис **шарифы** (*Абай*). **Мазари-шариф** – Ауғанстандағы қала, Балх уәлаятының әкімшілік орталығы («Қазақ совет энциклопедиясы»). «Екен – деп, – заһір мынау, заты **шарип**» «Төреге» түзу тұрып етті қызмат (*Қаңлы Жүсіп*). Шапақтың кешке батқан қылындай Төрт құбылаң тең жаралған дегдар **шарип** (*Ақан сері*). Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп, Аштықтан өңі кеткен, беті де арық. Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр. Дегенде: «Құтты болсын айт – **Шәріп**» (*С. Торайғыров*). О, дарих, кәләм **Шәріптің** лебізі бал, көңілден шығарғандай ішкі шемен (*Шораяқтың Омары*). Жұрттың айтуынша Ағатан қазірет «Бұхар **Шәріпте** отыз жыл оқып, он екі пәнді тәмәм қып келген кісі» (*С. Мұқанов*). Хатыңды имам молда, көрді көзім, Мазалы хадис **шәріп** айтқан сөзің (*Мәлике*). Қарадан хан туған – өзіңсің... Мәсжідтің кәлам **шәріфтері** бір исмі Байтолла... (*М. Әуезов*).

Шартарап – күллі әлем; жан-жақ, әр жақ (*шар – төрт, тарап – жақ, екеуі де парсы сөзі*). Солай деп жауап берді хабаршыға, Бұл хабар естілді Қатірен шахқа. «Өзімді жыққан жанға тиемін!» деп, Дариха жар шақыртты **шартарапқа** (*Ерімбет*).

Шах – Иран патшасы, кейбір мұсылман діні. Парсы тілінде **шаһ** – Иранның патшасы, монарх, тақсыр дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 304*). Кел енді, сөз сөйлейін Йемен **шахтан**, Адам-ды **шах** болмаса, мысалы надан. Йеменнің сахарасында жай-мекені. Әншейін **шах** болған соң бір шаруадан (*Ерімбет*). Дауласып келді екеуі Әсір-**шахқа**, Шешімін өз аузынан тыңдамаққа. Баяндап болған жайтты айтты олар, Шындықты бұра тартпай басқа жаққа (*Нұртуған*). Йемен **шахы** кеңеседі би мен бекке, Шыдамай қол астындағы үлкен кекке! (*Ерімбет*). Ей, **шахым** сізге айтар арызым бар («Қамбар батыр»).

Шаһар – қала; әкімшілік, сауда-саттық, өнеркәсіп орналасқан ірі елді орталық. Парсы тілінде **шаһр** – қала дегенді білдіреді (*ПРС., М., 1960, 319*). Орақ **шаһарға** кіре алмай, кіші бесіннен күн батқанша үш айналып жол таппай тұрғанда, көлденеңдеп екі кісі келе жатты (*Нұртуған*). Жолығып Орақ жалшыға: «Қай **шаһар?**» деп сұрапты. «Азау деген қала» деп, Ол бейшара жылапты (*Нұртуған*). **Шаһарға** жақын келгенде, Көп түйені айдаған, Жанына жалаң байлаған, Өсіріп шашын бұрымдаған, Бір адам айдап барады (*Нұртуған*). Кезінде мен де кеңес сұрағанмын, Әншейін іс болмаса жарамастай. Орын бар **шаһар** ішінде бір мекендік, Салындар іждаһаттап күйген қыштай (*Ерімбет*). Әркімнің өз жері – мысыр **шаһары** (*Мақал*).

Шаһбаз – сарбаз, сұңқар. Парсы тілінде **шаһ-баз** – сұңқар, сары жағал басты сұңқар (*ПРС., М., 1960, 304*). Артығың жоқ, әй патшам Құлқаныстай **шаһбаздан!** Менің досым – Аңғысын Артық туған ноғайдан! (*Нұртуған*).

Патшаның халқына өтер еткен назы, Бұл жұрттың болып тұрсың **шаһбазы**. Айбынып айбатыңнан көптен бері, Жүзінді көре алмадым қысы-жазы (*Нұртуған*). Бұл **шаһбаздың** газелі, Талай батыр ұмтылған. Инінде алтын медалі («Қобыланды батыр»). Сіз бір сұңқар **шаһбаз**, Жер жүзінен алған баж (*Абай*).

Шәһит – 1) куә; 2) қараушы, қарап тұрушы; 3) куәлікке жарайтын мәліметтер; 4) үзінді (текстен); 5) көшірме; 6) құлпы тас; 7) поэт. сүйікті, аса сұлу, көркем, әдемі, сымбатты. Араб тілінде **шәһидун** – соғыста қазаға ұшыраған, қайтыс болған кісі; дін үшін құрбан болған адам, азап шегуші дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 526*). Жаралған ғаламдағы – құдай мүлкі, Ықтияр неғылса ешкім ығыланбасын. Жаратса, жарылқаса, **шәһит** етсе, Болған соң ерік өзінде, не қыласың?! (*Нұртуған*). «Құл болды – жүрісінен» дегендейін, Әркім өз пиғылынан сөгіс табат. Халық білед сөз тәуірін, аңғарғандай Адам көп ақыл **шаһит** пікір ойлат (*Қаңлы Жүсін*);

Шейіт (шаһид, шаһит, шәһит) – 1) дін жолында, дін үшін соғыста құрбан болған, өлген, қайтыс болған; 2) құрбан, азап шеккен. Араб тілінде **шаһүдун** – соғыста қазаға ұшыраған, қайтыс болған кісі; дін үшін құрбан болған адам, азап шегуші дегенді білдіреді (*АРС., М., 1958, 526*). «Шейіт кеткен Исатай Қазақтық үшін оқ атты! Жау болуға орыспен Өлгенінше құмартты!» (*Нұртуған*). **Шейіт** кеткен арыстанды Өз қолыммен ақ жауып, Арулап елге барайын (*Нұртуған*). От жанып өзегімнен отыра алмаймын, Күйінем қасіреттеніп һәм ішпекте ас. Жәһитте ұрыста Хамзе **шаһит** болды, һәм тісін пайғамбардың оһаши бір тас (*Ерімбет*). Кәпір мен дін мұсылман екі секінді, Расулім мақтандырған шаһариярын. Шаттығы үгітті айтып **шаһит** қылды, Суырды-ау, қайран ердің, тәннен жанын! (*Ерімбет*). Өлгендерді **шейіт** деп, Өлмегенің қаза деп, Сатылды ханға иманы (*Жамбыл*). Жауына еңбекшінің қанымен қас, Айнымай **шейіт** болған егеу алмас... (*І. Жансүгіров*). Әзірет Әлінің үрім-бұтағы түп-түгел **шаһид** боп қырылып кететін, әлгі... Кербаланың шөлі осы емес пе? (*Ә. Нұрпейісов*). Қалғандай **шаһидтерді** аза тұтып, Дауылда дала лезде қарауытып, Бүркенгенде маңайды түн түнегі Тушы да елге беттей тартты... (*С. Мұқанов*). Ғашықтық майданында **шаһит** болып, Боз жігіт Ануаз үшін қандай болған. Бұлардың зар тартқаны Ләйлі-Мәжнүн Табысып ақырында отқа жанған (*Ақан сері*). Алты ағамның артынан **шаһит** кебінін киейін («*Ер Қосай*»). «**Шәһит** болған» – С. Сейфуллиннің өлеңінің аты («*Қазақ әдебиетінің тарихы*»).

Шейх (шайх, шайқы, шайхы, шайық) – 1) қарт, қария; құрметті кісі; 2) Шейхтар палатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх – ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни. рухани көсем; 6) ғалым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші. Сөз тыңда, келді-ау хикаят, ғақылы сақ, Ғақылға үшбу сөзім емескі ашпақ. Бағдатта **шейх** Жөнәйд жеті ықылымға, Пір болды, беріп сөлек, кәмілі хақ (*Ерімбет*). Хид нәби пұд қауымына иман етіп, Түсінбей **шейхтардың** өзін қырған. Меккеде зираты бар бұл нәбидың Көреді оған асық

іздеп барған (*Нұртуған*). Мәулім деп сол баланың атын қойып, Қызметін аямады келген қолдан. Мүриті бұл **шайықтың** бес жүз адам, Зарлаған зікір айтып таңсәріден (*Нұртуған*). Қазір ол мүбәрак қалаға бір топ надан **шайхтар** ұялаған (*Айбек*). Түркістанда Ахмед Яссауи **шайхқа** арнап салған Ақсақ Темірдің атақты мешіті (*І. Есенберлин*). Жарлы да болса шаруа артық, Мапақа шашқан **шайқыдан**. Інілерім, ендеше, Көрейікші ой мезгел, Қазіргі мынау ағымнан (*Нұртуған*). Келіпті бір диуана сырттағы елге, Лебізі дауа дейді үшкіргенге. Кім білед – шарапатты **шайқы** адам ғой, Қайтер ед соны алдырып көрсеткенде (*И. Байзақов*). Төрт орыстың басын қосып отырып жаңағы Майекең айтқан **шайқы** – диуана болғанына намысым иттей келді – деді (*М. Әуезов*). Қалалардың басында сайланып қойылатын адам отырады. Ол белгілі бір тайпа – рудың басы **шайхы** атанды (*Х. Ақназаров*). Желмая мінген **шайхы** Күтуби де еслам туын қолға ұстап, Аму бойын сағалай сар желді (*І. Есенберлин*). Қияттан барып ін алған, Екі аяқпен серіпкенде, Желі бойы жер алған, Топыраққа басса табаны, **Шайықтардың** ершатқа Басатұғын мөріндей, Сопакша сұлу із салған (*Шеңгерей*).

Шайыр – *суырып-салма халық ақыны*. Араб тілінде **шаһирун** /известный, знаменитый/ белгілі, әйгілі дегенді білдіреді (*АПС., М., 1958*). Қарақалпақ тілінде **шайыр** /поэт, народный поэт/ ақын, халық ақыны (*КарПС., М., 1958, 729*). Тәрбие берер сөздері Бұрынғы өткен **шайырлардың** – Ет, сүйекті қыздырар, Қытығын қозғап құмардың. Бұрынғы **шайыр** сөйлеген Ойланбай-ақ алыстан (*Нұртуған*).

Шекпен – *тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім*. *Шекпеннен* су да, жел де өтпейді. Су тигенде түйе жүні ширығып тығыздала түседі. Сондай-ақ ол матадай емес өте берік әрі жеңіл тез тозбайды, ұзақ киіледі. Қолтықта батсайыдан мамық жастық, Патшама не қылдырмас дәлет мастық?! Басында мың теңгелік кәмшат бөрік, Жанат ішік, үлле **шекпен** берген көрік (*Нұртуған*).

Шер – 1) *ашу, кек, қаһар, ыза*; 2) *зиян, залал; жауыздық, жамандық, қастық*; 3) *ауыс. уайым, қайғы-қасірет*. Айта бермей өткенді, Шығармай құмар **шерінді**, Айтшы Жамбыл тағы да (*Жамбыл*). Ойхой, қазақ даласы! Не көрмедің! Қанша құрап, қаншама көгермедің. Қорқыттың қобызымен боздаттың ғой, Асанның **шерге** оранған өлеңдерін (*М. Мақатаев*);

Шерлену – *ашулану, қайғылану, уайымдау*. Жарымның сөзін есіттім, Туысқан, жақын жеңгемнен. Хабарын Қағаз есітіп, жүрегім мұздап **шерленген** (*Нұртуған*). «Дүниеде менің апамнан мұңды, менің апамнан қайғылы адам бар ма екен? – деп кейде бұл да **шерленетін** (*С. Бақбергенов*);

Шерлеу – *ашулану, ызалану, қайғылану*. Жарың кетті дұшпанға, Арманыңа жете алмай, **Шерледің** батыр, **шерледің!** Ақылың асқан Едіге, жайылып еді ел-елге, Қой бағып жүріп жасыңда-ақ, төрт төрелік бергенің (*Нұртуған*). Қалай да қапы өтіп кетем бе деп?» Кітабын «Шахнаманың» еттім ермек... Тексеріп тәртіппенен төрт том етіп, «Қазиздат» баспақ еді оқа, зерлеп...

Оларым ойынындай боп балалардың, Отырмын осылайша босқа **шерлеп** (*Тұрмағамбет*);

Шерлі – 1) *ашулы, кекті, ызалы, қаһарлы*; 2) *ауыс. қайғылы, қасіретті, мұңды*. Ішіңнен шыққан **шерліге** Ақылыңды айт, аяма! Кәнеки, ана, не дейсің, тарыққан мына балаңа (*Нұртуған*). Жартасты талай **шерлі** баспана ғып, Қаңғырып жылдар бойы мекен еткен (*Ж. Саин*). Қайғылы, мұңды, өнерлі, **шерлі** жанға, Ой салар ойын түртер, жыбыршытар. Еліртер, екілентер, елбіретер, Толғантар, толғақ салар, толықсытар (*І. Жансүгіров*);

Шеру тарту – *соғыс ашты*. Қырым мен Еділ бойындағы ноғайлылардан «мен» деген батырлардан адам қалмай, темір қақпалы Дербентке қарай **шеру тартты** (*Нұртуған*).

Шиға – 1) *партия, топ*; 2) *діни. шиға мазһабындағылар, Әлидің (Ғали) жолын қуушылар*. «Мәскеуге әділ Мамай хан болды» деп, Есітті босқан халық хабарын-ай. Тектісі Ақташа хан өткен ноғай **Шиғадан** қашып көшті бермен қарай. «Бұрынғы мекеніне жетеміз» деп, Халық көшті бермен қарай бірі қалмай (*Нұртуған*). Бұл шаһар Бұхара деген қала, – деді, – Күнелткен сендей пақыр әлденеше. Ішінде екі түрлі халық тұрады, Бірін сарт, бірін біледі **шиға** десе. Бір тақта екі Әмірші отырады, Жүргізіп бар билікті екі кісі (*Нұртуған*). Осы сөзден шиизм шыққан. Ислам сүнни және шиғи деген үлкен екі жікке бөлінеді. **Шиғалар** сан жағынан екінші орын алады. Бұлар Иранда, Оңтүстік Иракта, Иеменде, Азербайжанда, Тәжікістанда т.б. мемлекеттерде тұрады. **Шиғалар** сүннилерге ерте заманнан бері халифалыққа таласып қарсы болғандар, Ғалиды (Әли) және оның ұрпақтарын дәріптейді. Бұл ағым VII ғасырда пайда болған. Шиғалар Ғалиды (ол 656–661 жылдары халифа болған). Мұхаммедтен де биік деп санаған. Ғали – олардың туы болған. Олардың сүннилерден негізгі айырмашылығы: 1) **шиғалар** сүннаны қабылдамайды; 2) Құранның «Екі нұр» деген Ғалиды мақтайтын сүресін Құраннан шығарып тастаған деп сүннилерге кінә қояды; 3) Құранның сұлу Жүсіп және оған ғашық болған Зылиха жайындағы сүре құдайдың өсиеттеріне қайшы келеді, сондықтан оны құраннан алып тастау керек дейді; 4) Мұхаммедтен кейін, Ғалидың алдында болған Әбубәкір, Омар, Осман сүнни халифлар билікті күштеп тартып алып, заңсыз билеген деп оларды айыптайды; 5) **шиғалар** ислам дінінің негізін салушы Ғали, сондықтан оны бірінші имам деп таниды. Ғали мен оның зайыбы Фатимадан тараған ұрпақты (Хасан, Хасейін басқалары) – 12 имамды олар заңды басшылар деп санап, оларды сүнни халифаларға қарсы қояды.

Ислам дінінің осылардай ағымдарының қайшылығын отарлы және тәуелді елдерде жергілікті қанау топтары, әсіресе, империалистер халық арасында жік өртін үре өршітіп, оларды өз мақсаттары үшін бүгінге дейін мықтап пайдаланып келеді. Сол кездегі бақталастардың ішінен Мұхаммедтің қызы Фатиманың күйеуі Ғали көп уақыт халиф болған Ғұсманды астыртын өлтіріп, өзі халиф болады. Ол халиф болған соң өз жақтастары арқылы «екі нұр» деген теория таратады да, бұл теорияны бүкіл мұсылман дүниесіне мойындатуға

тырысады. Ондағы айтатыны: бірінші нұр Мұхаммед болса, екінші нұр өзі Ғали-мыс. Құранға Ғалидың да аты қастерленіп кіргізілуі керек делінеді. Ғалиды жақтаушылар – **шииттер** (арабтың «ши, а» деген етістігінен шыққан, саяси топ, партия деген ұғым береді) деп аталады (*Х. Ақназаров*).

Шошала – *XV–XVII ғасырларда қазақтың қысқы үйінің ертеден келе жатқан түрі*. Планы жағынан қарағанда *шошала* – шаршы етіп, дөңгелек не көп қырлы етіп тұрғызылған бір бөлмелі шошақ төбе үй «шошала» деп аталуының өзі де «шошақ» деген сөзден шыққан (*ҚСТ. I т., А., 1957, 197*). Баспана етті әуелі Бастырма, күрке, **шошаланы**. Бірте-бірте пішіндеп, Тұрғызды адам қаланы (*Нұртуған*).

Шүршіт – *ерте кезде қытайлықтар осылай аталған; қара қытай*. Асынған бес қаруын батырлары, Кезі жоқ тайсақтаған **шүршіт**, жүһүттен. Жастары ата-анасын мектеп тұтып, Шығады, сөзге берік, айтқан серттен (*Нұртуған*). Көшпенділер әлденеше жүз жыл бойы өздерін құл етпек болған **шүршітпен** жалғасты (*М. Мағауин*).

Ы

Ықрар (ықырар) – *1) жорамал, долбар; 2) орнату (бейбітшілік), белгілеу, заң күшін беру, дәлелдеу, анықтау; 3) мойындау, мойынға алу; 4) тану; 5) сана, түсінік*. Жазбасаң өз қолыңнан рахымыңды, Өзіңнен өзге жазса, көңілім тұрмас. Қылмайды көңілім **ықрар** хат жазбасаң, Адам – бір шикі сурет дүние ғамдас (*Ерімбет*). Бұл үгіт сөз – үлкен сын **ықырарым**, Сені ойлап болып тұр көңіл жарым. Мағлұм болды хал-жайың қағазыңнан, Аяғам жоқ, қайтейін, қолда барым! (*Нұртуған*). «Бұл інің уақ емес» деп мақтаныпсың, Біздерді таныс бола ма? – деп көріп жалтақ. Ойлансаң, «өзіңді – ер, біреуді – шер көр» Деген жоқ па нақыл да **ықырар** салмақ (*Ерімбет*). Онан соң қиямда тұрып бағаламақ... Қадирлігіне өзінің ғазиздығына **ықрарының** беріктігінің көрсеткен ишараты (*Абай*).

Ықылым (иқлим) – *1) белдеу (жердің); 2) уәлаят, өлке, әлемнің бір бөлігі (діни ұғымда әлем жеті белдеуге бөлінеді-міс); 3) ауа райы, климат; 4) біраз, кез, мезгіл, шақ дәуір*. Үстінде жеті **ықылым** неше патша, Жүргізіп халыққа өмірін, тақ орнатқан. Тануы бір Алланы түрлі-түрлі, Қарасаң бөлек-бөлек дін, мансаптан (*Нұртуған*). Қараған жер мен суға күллі мақұлық, Нәпсі бар баршасында ішіп-жемек. Кесілген төрт қысымға **ықлымдары**, Айтылсын есімдері бөлек-бөлек (*Ерімбет*). Сол бір **ықылымнан** бергі көп буындар тіршілігінің үнсіз куәсі – осы мола... сан **ықылым** ауысып, сан заман қауымдары құбылып, өзгеріп өтті (*М. Әуезов*). Сырбай қадым (көне, ескі), **ықылым** (талайғы, ежелгі) деген сөздерді керегіне келістіре жаратқан (*М. Әлімбаев*). Көңілі шаһзаданың енді толды, Тақ мініп адамзатқа патша

болды. Бәріне төрт шаһар үкім жайып, Көрсетті жеті **иқлимға** түзік жолды («*Ғашық-наме*»).

I

Ібіліс (Иблис, Ыбылыс) – діни. *шайтан, жын, қастандық күш*. Араб тілінде **иблисун** – *жын, шайтан* (АРС., М., 1958, 24). Ой жүгінер ақылға, Кеуде бірдей – тар қуыс. Бірақ ол да бос емес, Жайлаған аз-маз «**ібіліс**» (*Нұртуған*). Алла адамды жасап болған соң періштелерге: «адамға тәжім етіндер», – дейді. **Ібіліс** құдайға бағынбайды. **Ібіліс** «Одан (адамнан) мен артықпын, сен мені оттан жасадың, ал оны (адамды) балшықтан жасадың», – деп шап ете түседі. Құдай **Ібіліске** ұрысып-ұрысып жұмақтан қуып жібереді (*М. Тоқжігітов*). Ізінде ізіреттесіп **ібіліс** жүр, Майпаздап бала баққан кемпірдей-ақ. Нәпсі – ақымақ, ақылыңды алпыс бөлер, Ойыңа ешбір қайғы келтірмей-ақ (*Шораяқтың Омары*). – Саспа, балам, саған ақыл тауып берейін, ондай ақылдың есебін сайтанның әкесі **Иблис** та таппайды, – деді («*Мың бір түн*»). Шығарма ернінді **Ыбылыс**. Басыңа таяқ тиеді. Таңда мақшар күнінде Шығарған ернің отқа күйеді, – дейді молда (*І. Жансүгіров*). Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті. Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті. – Ей, Сүйіндік, – деп киіп кетіп ұрыса сөйледі, – албасты да қабаққа жарай басатын. Қасиеті жоқ, қыры жоқ басшы болса, **Ыбылыс**, жын шектемей қайтеді? Адал десек, аман десек жан берейік (*М. Әуезов*). – Мен үнін өшірейін, ол тамұқтан келген **ыбылыстың** деді ол (*Ә. Сәрсенбаев*).

Иждиһат (ыждаһат, іждіһат, иждиғат) – *тырысу, ынта, жігер, ықылас*. Қауіп қылып қарайды одан қалмақ халқы, Ертерек **ыждаһат** етіп күтініпті. Жасырын жасқану жоқ дұшпан ашық Жағалай ор түбіне қол төгіпті (*Нұртуған*). Ұстаз әңгімесін ол бадана көзін кең ашып, аса бір **іждиһатпен** үнсіз тыңдаушы еді (*Р. Тагор*). Ықылас, **іждиһат** пен жиһат етіп, Шыбын жан шыдай алмас шерін тәнда. Жеміс ең пісіп тұрған бақшадағы, Ерік бар ма бұйырмаса біз мехманда (*Әріп*). Сәтбала сыңарынан қалыспауға бар **ыждаһатын** салып-ақ баққанды (*Ғ. Сланов*). Өткен ғасырлардағы өз **ыждағаттарымен** қазақ ауыз әдебиетін жинап, бастырушылардың еңбектерін біз бағалаймыз да, құрметтейміз де (*Қ. Жұмалиев*). Көңіл нені **іждіһат** қылса, соны алады екен (*Ғ. Мұстафин*). Өзіміздің найманды кооперативке кіргізуді **иждиғат** істеу керек, – деді Ахметша (*І. Жансүгіров*).

Імкән – *мүмкіншілік, мүмкіндік, қабілеттілік*. Қағазда Жүсіп жазған үш жұмбақ бар, **Імкән**ің таба алмадық айтып қырас. Үш жұмбақ айтып едің әуелі өзің, Деп едің: «бір шешкенің келді баптас» (*Ерімбет*). – Мейірбан перзентімнің мейірі үшін, Келтіргіл бір қап гауһар, болса **імкән** (*Шораяқтың Омары*). Бір қатар берген жауап, молда Ерімбет, Азырақ **імкән**і оның бар сөзінде (*Кете Есенжол*).

Ішік – *сыпайы, әрі сәнді, әрі жылы киім*. Мұның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терілерінен құрайды. *Ішікті* еркектер де, әйелдер де кие береді. «Онда растығына көзіңді жеткізейін» деп, ханның иығындағы **ішігі** мен астындағы кілемге бір-бір инеден түйреп қояды (*Нұртуған*). Байеке шешіп бердім жанат **ішік**, Ойыма әрнәрселер кетті түсіп. Хан ием бір ішікпен жібермес деп, Тағы да залым ләпсім кетті күпсіп (*Нұртуған*).

Я

Язит – 1) *жауыз, мейірімсіз, қатал*; 2) *қарғыс тиген, қарғыс атқан, лагнет*; 3) *Язит – жалқы есім (Кербаланың шөкілінде Мұхаммед пайғамбардың Фатима деген қызынан туған жиені Хусайнды өлтірген кісінің аты)*. Патшаның әмірі күшті лажың жоқ, Кек бар ма қысылғанда қарындаста-ай?! Бір бағбан сенен соң да ішті **язит**, Ер болсаң ізденсейші салып басты-ай! (*Ерімбет*). Мұхаммедтің әулетіне қол көтерген **Язит** ұрпағы хинзи суретінде шыр айналып жүре бермек, – деді Қуанай қазірет (*Х. Есенжанов*).

СӨЗДІКТЕГІ ҚЫСҚАРТЫЛЫП КӨРСЕТІЛГЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Абаев В.И. ИЭСОЯ, М., 1958** – Абаев В.И. Историко-этимологический словарь осетинского языка, Москва, 1958.
2. **Аманжолов С. Воп. диал. и ист. каз. яз. А., 1959** – Аманжолов С. Вопросы диалектологий и историй казахского языка. – Алма-Ата, 1959.
3. **АРС., М., 1958** – Арабский-русский словарь. – М., 1958.
4. **Ахметжанов К. Жар. тем. ки. А., 1996** – Ахметжанов Қ. Жараған темір кигендер. – А., 1996.
5. **Байжанов Т. Қаз. әс. лек. тар. А., 1993** – Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасының тарихы. Филол. ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған дис... – Алматы, 1993.
6. **Бартольд В. В. Очерк ист. Сем., Ф., 1943** – Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе, 1943.
7. **Бартольд. Ислам. 1918** – Бартольд В. В. Ислам, 1918.
8. **Баскаков Н.А. Ойрат.РС., М., 1947** – Баскаков Н.А. Ойратского-русского словарь. – М., 1947.
9. **Баскаков Н. А. Кар. яз. ч. I, М., 1952** – Баскаков Н.А. Каракалпакстанский язык. ч. I. – М., 1952.
10. **Башк.РС., М., 1958** – Башкирско-русский словарь, – М., 1958.
11. **Бейсинұлы И. ДЖҚ, 1914** – Бейсинұлы И. Дұрыс жазылу қағидалары. 1914.
12. **Болғанбаев Ә. ҚТСС., А., 1975** – Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – А., 1975.
13. **Будагов Л. З. Срав. сл. тур. – тат. нар. т. I. СПб., 1869** – Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. I. – СПб., 1869.
14. **Валиханов Ш. Избр. произв. А., 1958** – Валиханов Ч. Избранные произведения. – А., 1958.
15. **Гордлевский В. Гос. селд. МА. М–Л., 1941** – Гордлевский В. Государство Сельджукидов Малой Азии. – М., 1941.
16. **Гордлевский В. Қарақонғу, Б., 1927** – Гордлевский В. Қарақонғу. – Баку, 1927.
17. **Досқараев Ж. ҚТЖЕ., А., 1955** – Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1955.

18. Елеусізов М. Ш. Уәлиханов. экон. көзқ. А., 1959 – Елеусізов М. Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. – Алматы, 1959.
19. Жанпейісова С.Қ. т. рух. мәд. лек. А., 1996 – Жанпейісова С. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы: Филол.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған дис... –А., 1996.
20. Жанпейісов Е. М.Ә. «Абай жолы» эп. т. – А., Ғ.,1976 – Жанпейісов Е. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым,1976.
21. Жұбанов Қ. Қаз. муз. күй. А., 1959 – Жұбанов Қ. Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы. – Алматы: Жұлдыз, 1959.
22. Ибрагимов И.И. ЭОКН., М., 1872 – Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа, Русский Туркестан, – Москва, 1872.
23. КарРС., М., 1958 – Каракалпакско-русский словарь. – М., 1958.
24. Кенжеахметұлы С. Жеті қ. А., 2007 – Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. –Алматы, 2007.
25. Кеңесбаев І. ҚТФС., Ғ., А.,1977 – Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Ғылым, – Алматы,1977.
26. Қашқари М. Дев. луғ. турк., I т., Т., 1960 – Махмуд Қашқари. Девону луғотит түрк. I том. –Ташкент, 1960.
27. Қосымова Г. ҚТТ. (оқу құралы). А., 2007 – Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы (ЖОО филол. факул. студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы; Баянжүрек, 2007.
28. ҚО тілмаш, М., 1926 – Қазақша–орысша тілмаш, – М., 1926.
29. ҚСТ. Iт., А., 1957 – Қазақ ССР тарихы. I том. – Алматы, 1957.
30. ҚСЭ. А., XI т., 1977 – Қазақ совет энциклопедиясы. XI том. –Алматы, 1977.
31. ҚТСС., А., 2005, 295 – Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Арыс, – А., 2005.
32. ҚТТС, IIт., 1976 – Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. II том. –А., 1976.
33. ҚТТС. VII т., 1984 – Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – VII том, – А., 1984.
34. ҚТТС., III т., А., 1989 – Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. III том. –А., 1989.
35. Құнанбаев А. Шығ. тол. жин., А., 1945 – Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы, 1945.
36. Қыдырбекұлы Қ. ТСТБ., А., 1993 – Қыдырбекұлы Қ. Түгел сөздің түбі бір. –А., 1993.
37. Малов С.Е. Пам. Др. Тюрк. Письм. Мон. и Кир., М–Л., 1959 – Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М–Л., 1959.
38. Малов С. Е. Лоб. яз. Ф., 1956 – Малов С.Е. Лобнорский язык. – Фрунзе, 1956.
39. Малов С. Е. УЯ, М–Л., 1954 – Малов С. Е. Уйгурский язык, М–Л., 1954.
40. Малов С. Е. Яз. жел. уйгур. А., 1957 – Малов С. Е. Язык желтых уйгуров. – А., 1957.
41. Махмұтов А. КСЛ, 1963 – Махмұтов А. Көнерген сөздер лұғаты. – Алматы, 1963.
42. Мелиоранский П. Пам. в ч. К-Т. 1899. Т.12 82-83 – Мелиоранский П. Памятник в честь Кюль-Тегиана. ЗВО ИРАО. 1899.
43. МҚС., М., 1954 – Моңғолша-қазақша сөздік. – М: Уланбатор, 1954.
44. Монг.РС., М., 1957 – Монгольско-русский словарь. –М., 1957.
45. Мұсабаев Ғ. ҚТЛ, 1960 – Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің лексикасы, 1960.
46. Мұс. амал. А., 2003 – Мұсылман амалдары. –Алматы: «Қайнар», 2003.
47. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөз. құп. А., 1991 – Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. – Алматы: Жалын, 1991.
48. Ожегов С. И. Сл. русс. яз. М., 1990 – Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М., 1990.
49. ОРС. М., 1947. – Ойратского-русский словарь. М., 1947.
50. Оңдасынов Н.Д. АҚТС. I т., А., 1984 – Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірмелі сөздік. I том. -Алматы: «Мектеп», 1984.
51. Оңдасынов Н.Д. АҚТС. II т., А., 1989 – Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірмелі сөздік. II том. – Алматы: «Мектеп», 1989.
52. Пекарский Э.К. I т. 1959 – Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Част I. – М., 1959.
53. ПРС., М., 1959 – Персидско-русский словарь. – М., 1959.
54. ПРС., М., 1960 – Персидско-русский словарь. – М., 1960.

55. Радлов В. В. Оп. сл. тюр. нар. III т., 1893-1911 – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. III том. - СПб, 1893-1911.
56. Сарыбаев Ш, Құрышжанов Ә. ХЖТТ. А., 1959 – Сарыбаев Ш., Құрышжанов Ә. Халық жырларының текстологиясы туралы. Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, – А., 1959, № 9.
57. СС., А., 1959 – Саяси сөздік, – А., 1959.
58. Севортян Э. В. Афф. им. словообр. в азерб. яз. -М., – Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в Азербайджанском языке. – М., 1966.
59. Сороколетов Ф. П. Ист. воен. лек. в русс. яз. -Л., 1970 – Сороколетов Ф.П. История военной лексики в русском языке. – Л., 1970.
60. Сыздықова Р. Сөз. сөй, А., 1980 – Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1980.
61. Сыздықова Р. Сөз. сөй. А., 2004 – Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – А.: «Арыс», 2004.
62. Тадж.РС., М., 1955 – Таджикско-русский словарь. –М.,1955.
63. Татар.РС. Казан, 1913 – Татарско-русский словарь. Казан, 1913.
64. ТРС., М., 1954 – Турецко-русский словарь. – М., 1954.
65. ТС., Іт., А., 1959 – Түсіндірмелі сөздігі. I том, – Алматы, 1959.
66. ТСРЯ.,проф. Д.Н. Ушакова, т.I., М., 1935 – Толковый словарь русского языка, под.ред. проф. Д.Н. Ушакова, I том, – М., 1935.
67. УРС., М., 1959 – Узбекско-русский словарь. – М., 1959.
68. УйРС., А., 1960 – Уйгурско-русский словарь. – А., 1960.
69. Ушаков Д.Н. Толк. сл. русс. яз. т.I. М., 1936 – Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. ч.I. – М., 1936.
70. Фазылов. Э. Стар. уз. яз. т.т. I, II, Т., 1966 – Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. т.т. I, II. – Ташкент, 1966.
71. Хасенова А. ҚТ -ла// -ле афф.етіст., А, 1957 – Хасенова А. Қазақ тіліндегі –ла// -ле аффиксті туынды түбір етістіктер, Алматы, 1957.
72. Юдахин К. К. Кир.РС., -М., 1940 – Юдахин К. Киргизско-русский словарь. – М., 1940.
73. Юдахин К. К. КирРС. -М., 1965 – Юдахин К. Киргизско-русский словарь. – М., 1965.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдарды зерттеу – маңызды мәселелердің бірі. Мұның маңыздылығы көнерген аталымдардың тіл тарихымен келіп қабысып жатқандығында ғана емес, күнделікті тұрмысымызға қажеттілігінен де туып отыр. Әсіресе көнерген аталымдардың жаңа мағынаға ие болып, айтылатын ойды түрлендіруі, көркем әдебиетте стильдік мақсатқа асуы бүгінгі таңның тілегіне сай келіп отыр. Көнерген аталымдар сұрыпталып, дұрыс пайдалану арқылы қандай тақырыпқа болса да араласуға болады. Қазақтың небір әдемі мақал-мәтелдері мен тұрақты сөз тіркестерінде көнерген аталымдар жиі кездеседі. Бұлардың мәнін білу жұртшылыққа өте қажет. Мысалы: *«Бақ сынайды таланды», «Азаптың ақыры – абад», «Тумыштан тұлпар туады, жампоздан нар»* т.б.

Осы орайда қазақ тіл біліміндегі, орыс тіліндегі, түркітанудағы сөздердің көнеруі туралы айтылған пікірлер толық қарастырылды. Қазақ тіл білімінің әр салада жан-жақты қарыштап дамуына белсене ат салысқан отандық ғалымдарымыз Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов, Ә.Т. Қайдаров, Р.Ғ. Сыздықова, Е. Жанпейісов, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, С. Исаевтың қазақ тіліндегі аталымның көнеруіне қатысты жазылған көптеген ой-тұжырымдары мен пікірлері, сонымен қатар орыс және түркі ғалымдарының (А.А. Реформатский, Ф.П. Филин, Б.М. Юнусалиев, Э.Н. Наджип, А.С. Чикобова, В.В. Бартольд, Е.Е. Малов) **көнерген аталымдар** жайында айтылған теориялық пікірлері зерттеу жұмысының мазмұнын ашуға септігін тигізді.

Диссертациялық жұмысқа қатысты Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген аталымдарды жинақтап, *«Сыр бойы ақын-жыраулары тіліндегі көне сөздер лұғаты»* деген тақырыпта сөздік жарық көрді. Онда көнерген аталымдардың мәні түсіндіріліп, тарихи этимологиялық тұрғыдан азды-көпті талдау жасалды.

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың лексикалық тобы басқа халықтардағыдай архаизм және историзм деп аталатын екі үлкен топқа бөлінеді. Заманы өтіп өшкен, құрып кеткен құбылыстарды білдіретін ұғымдар историзмге жатады. Лингвистикалық тұрғыдан талдауға келетін, қазіргі әдеби тілде синонимдері, не ауыспалы мағыналары бар, әлде тұрақты сөз тіркестерінде, немесе қос сөздің құрамында ғана кездесетін, өз алдына жеке тұрып мағына бере алмайтын аталымдар **көнерген аталымдар** (архаизмдер) тобына қосылады. Көнерген аталымдардың (историзм мен архаизмдердің) негізгі айырмашылықтарын талдай келе көп уақыттың өтуімен байланысты кейбір көнерген аталымдардың (архаизмдердің) тарихи аталымға (историзмге) өтуі мүмкін деген қорытындыға келдік.

Көнерген аталымдардың басқа лексикалық топтармен (диалектизм, кәсіптік лексика, қарапайым сөздер т.б.) қарым-қатынасы анықталды. Көнерген аталымдар халық тілінің байлығы, олар жазба әдебиеттерде және әріден келе жатқан ескі мұраларда сақталады. Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет

Көлдейбекұлы шығармаларының негізінде көнерген аталымдардың сақталуына төмендегідей жағдаяттарды атап көрсеткенді жөн көрдік.

а) Көнерген аталымдардың ерте кездегі бір-біріне тегі жақын туыстас көне түркі әдеби тілдерінде қалыптасқан норма болғандықтан ешуақытта жойылып кетпейді, тарихи немесе этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді, кезі келген қолайлы жағдайларда олардың кейбірі активті сөздікке қайтып келе алады.

б) Көнерген аталымдардың кейбірі ертеде сөздік қордан тұрақты орын алып, өз заманында белсенді қызмет атқарған байырғы сөздерден жасалған жаңа ұғымдар болып келеді. Мұндай көнерген аталымдар жаңа туындылардың түлеп түскен сыртқы қабығы сияқты. Сол қабықты сарапқа салып зерттеу ісі тіл құбылысындағы фактілерді тарихи деректерге әкеліп ұластырып отырады

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың төрт тілден енген қабаттары анық байқалды. Олар: **араб, парсы, моңғол, орыс** тілдері.

Көнерген аталымдарды жоғарыдағы ғалымдардың барлығы «көнерген сөз» ретінде қарастырса, қазір оны «аталым», «атау» тұрғысынан қарастырып жаңа бағытқа жол салған белгілі ғалымдар Н. Оралбай, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Р. Шойбековтың еңбектері басшылыққа алынды. Аталған ғалымдардың құнды пікірлерін негізге ала отырып, ақындар шығармаларында кездесетін көнерген сөздер **«көнерген аталым»** ретінде қарастырылып, талдау жасалды.

Зеттеу жұмысында «Ақындар тіліндегі көнерген аталымдардың коммуникативті-функционалдық қызметіне» деп аталатын тараушасында Ерiмбет шығармасындағы «Атымтай жомарт» дастанының мазмұнына коммуникативтік тұрғысынан талдау жасалды. Қабылданған, қалыптасқан ұғым бойынша **«Сақи қандай болу керек?»** деген мәселеде жыр мазмұнынан мынадай тақырыптар арқылы жауап ала аламыз: *1 Қонақты сыйлау. 2 Құдайды тілмен де, жүрекпен де ұстану. 3 Өмір бар жерде өлім бар.*

Нұртуған Кенжеғұлұлының әйел тақырыбына деген көзқарасы, біздің пайымдауымыз бойынша, **«Алып анадан ат биеден туады», «Жақсы әйел – жігітке біткен бақ», «Жақсы әйел – әрі анандай, әрі ақылшың мен панандай»** деген халқымыздың үш ұлы қағидасы төңірегінде қалыптасқан.

Нұртуған әйел мәселесі тақырыбын тілге тиек еткенде, үнемі ер мен әйел арасында махаббат, достық, сыйластық болу керек, сондай-ақ ер жігіттің жарына сұлулық, нәзіктік, ақылдылық сияқты асыл қасиеттер тән болуы қажет деп санайды. **«Сонда ғана ондай әйел – жігіттің бағы, керісінше болса – соры»** дейді. Мысалы, **Адамның артық туса сүйген жары, Жадырап жан-дүниен тұрар бәрі. Алғаның жаман болса отырасың, Ажардың бетіндегі кетіп нәрі,** – деген бір шумақ өлең жолы ақынның осы айтқандарын дәлелдейді.

Функционалды грамматиканың басты мақсаты ретінде қай тілде болмасын, алдымен оның негізгі тілдік категорияларын функционалды-коммуникативтік өрістер тұлғасында жеке-жеке сипаттап алып, барлық тілдік категорияларды мейлінше толық бір жүйеге топтастыра, бірімен-бірінің арабайланыстарын

айқындай отырып, олардың сөйлеу жүйесіндегі қызметін зерттегенде ғана тіл табиғаты толық ашылмақ.

Аталған ақындар шығармаларында **«байрақ»** сөзінің *«бәйге», «жеңіс», «мәре»* мағынасын беретін тұстары да бар. Қазір бұл сөз тек *мемлекеттікті білдіретін ту, жалау* ұғымында қалыптасқан. Бұны мағынаның тарылуы деп атауға болады. Кеңес үкіметіне дейін қазақ даласында *бай, бәйбіше* тәрізді ұғымдар болғандығы әркімге-ақ белгілі. Бұл ұғымның сол кездегі (*бай* – феодал, *бәйбіше* – көп әйел алу дәстүріндегі бірінші алынған әйел) мағыналары да белгілі. Өткен ғасырда елімізде социалистік қоғам орнауына байланысты бай қанаушы тап ретінде жойылды. Көп әйел алушылыққа да тиым салынды. Сонымен *бай, бәйбіше* ұғымдары ескірді, бірақ сонымен қатар бұл сөздерге үстеме мағыналар қосылып, атқаратын қызметі де кеңейе түсті. Барлығы жетіп тұрған, ауқатты ауылды – *бай ауыл*, егде тартқан әйелді – *бәйбіше* деушілік қазірде бар. Сол сияқты, *қарындас, зайыр, жарғы, жейде, дүр, қол* т.б. көнерген аталымдардың уәжділік ерекшеліктері анықталып, талдау жасалды.

Е. Көлдейбекұлы мен Н. Кенжеғұлұлы шығармаларындағы көнерген аталымдар лексика-семантикалық топтарға жіктеліп, мән-мағынасы түсіндірілді.

1) діни ұғымдарға қатысты көнерген аталымдар: *мұһмүн, сахаба, махшар, пірадар, пәруардігар, підия, зекет, мұһмүн, мүрид, ашаб, зұлзалал, һақ, ие* т.б.

2) әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар: *сардар, ләшкер, қол, жасақ, жасауыл, найза, қорамсақ, жебе* т.б.

3) әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар: *хан, патша, бек, сұлтан, мырза, бекзада, шабарман, құл, күң, батырақ* т.б.

4) киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктері қатысты көнерген аталымдар: *жарғақ, тәж, кемер, батсайы, шошала, кебеже, қалы кілем* т.б.

Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы көнерген аталымдардың грамматикалық сипатын сөз еткенде, ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың **фонетика-семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, метафоралану ерекшеліктері** жан-жақты қарастырылып, талдау жасалды.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген аталымдардың фонетикалық жағынан араб-парсы тілдерінен енген сөздердің көп варианттылығы анықталды. Сонымен қатар ақындар шығармаларындағы біркелкі ұқсас буындардан, біркелкі дыбыстардан басталатын сөздердің тармақ басында қатарынан келуі жиірек, демек, аллитерация мен ассонанс құбылысы көзге түседі.

Кейбір көнерген аталымдарға талдау жүргізу үстінде қазіргі тіл қолданысында бар сөздердің қалай құбылғанын көрсетіп, тарихи деректер беруге болады. Бір ғана мысал: *құрмет // үрмет // хұрмет // һүрмәт* т.б.

Тілдің сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі көнерген аталымдарды жасауда қызмет етеді. Қазақ тілі білімінің сөзжасам саласы бойынша жан-жақты тұжырымды ой айтқан зерттеушілер Н. Оралбаева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Б.Б. Жахинаның еңбектері зерттеу жасауға ықпал етті.

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдар сөзжасамның **синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық** тәсілдер арқылы талданып, мәні түсіндірілді.

Синтетикалық тәсіл арқылы *-лық/-лік, -шы/-ші, -дар/-уар, -уыл* тұлғаларынан жасалған (*төрелік, қазынашы, қосшы, қолбасшы, жолшы, баршы, тілуар, текдар, үмітдар, жасауыл*) көнерген аталымдар талданды.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған көнерген аталымдар өте көп. Оларды сараласақ, аналитикалық **сөзқосым тәсілі** арқылы жасалған (*бекзада, ханзада, ерзада, қолбасшы, рубасы, мыңбасы, жүзбасы, шойынжол т.б.*) көнерген аталымдар, **қосарлану тәсілі** арқылы жасалған (*көр-лаһат, заң-шарғы, күш-мажал, қағаз-көн, пітнә-дүр, ықылас-қалас, дүр-жақұт т.б.*) көнерген аталымдар, **тіркесу тәсілі** арқылы жасалған көнерген аталымдар көмекші етістіктің негізінде құранды етістік жасаған (*кәр ету, раушан ету, тәстап қылу, қата алу, шейіт болу, пұшман болу, рауаж ету, зына қылу т.б.*), сондай-ақ, күрделі сөздер де (*саф азамат, ауыр олжа, ауыр қол, мүләйім сөз, жұмла әулие, жұмла ашаб т.б.*) кездеседі. Бұлардың барлығына зерттеу жұмыста талдау жасалды.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған көнерген аталымдар (*қарындас, жарғы, байрақ, байтақ, дүр, бек, мақұлық, қалыңдық, тоқал, пара, аламан т.б.*) уәжділік ерекшеліктерімен анықталып, мәні түсіндірілді.

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың морфологиялық сипаты, көне тұлғалар мен тәсілдерді қолдану ерекшеліктері анықталды. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы негізгі морфологиялық ерекшеліктері **анахронизмдердің** молынан ұшырауы. Қазіргі тіліміздегі лексикалық, фразеологиялық т.б. нормаларға сай келмейтін сөз қолданыстары (*үшбу, құй, бірлән, жұмла, ошал, -дүр, -қыл/-кіл, -ғыл/-гіл, -гін/-кін, -ың/-ің*) кездесті. Қазір бұл тұлғалар көнерген болғанымен, ақындар өмір сүрген тұста актив қабатта болған. Ақындар оларды өлең тіліне енгізіп шебер әрі ұтымды қолданған.

Сонымен қатар Сыр бойы ақындары Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген аталымдар **метафорафоралану** құбылысының негізінде өріледі. Қазақ тіл біліміндегі сөздің метафоралану ерекшелігін көрсете білген ғалымдар Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Б. Қасым, Б. Хасанов еңбектері негізге алынды.

Ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың **тілдік, поэтикалық, жеке қолданыстық (индивидуалды), танымдық, идиомаланған, фразеологизмдік метафоралар** негізінде жасалуы анықталып, талдау жасалды.

Қорыта келгенде, көнерген аталымдардың ойы мен қыры өте көп. Зерттеу жұмысында Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы көнерген аталымдарды арнайы зерттеу нысаны етіп алып, бірде лексика-семантикалық жағынан қарастырылса, бірде сөзжасамдық жағынан қарастырылып, талдаулар жасалды. Осы бағытта зерттелген диссертациялық жұмыстың тіл білімі үшін елеулі маңызы бар деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Санат, 1993. – 13 б.
- 2 Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. – М., 1861. – С. 43-55.
- 3 Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. – Фрунзе, 1959. Ч. I. /развитие корневых слов/. – Фрунзе, 1959. – 227 с.
- 4 Наджип Н. Современный уйгурский язык. – М., 1960. – 24 с.
- 5 Хозирги заман узбек тили /ред. басқарған Фахри Камалов/ – Т., 1957. – С. 89-108.
- 6 Кайдаров А. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата, 1958. – 9 б.
- 7 Азымов Г. Хәзирки заман түркмен дили /гирши лексика/. – Ашхабад, 1959. – С. 55-56.
- 8 Айдаров Г. О языке памятники в честь Тоньюкука VIII – века и его отношении к некоторым современным тюркским языкам: дисс. ... канд. филол. наук. – А., 1959. – 235 с.
- 9 Галкина – Федорук М. Современный русский язык. Лексика. – М., 1954. – 126 с.
- 10 Филин Ф.П. Заметки по лексикологии и лексикографии «Лексикографический сборник», вып. I, – М., 1957, – С. 36-37.
- 11 Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М., 1955. – 113 с.
- 12 Чикобава А.С. Введение в языкознание. – М., 1952. - Ч. I. – 78 с.
- 13 Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе, 1943. – 173 с.
- 14 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1959. – I том. – 103 б.
- 15 Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 283-296 бб.
- 16 Жұбанов К. Тіл мен тарихи деректері. – Қызылорда, 1936. – 123 б.
- 17 Кеңесбаев І. К. Қазақтың әдеби тілі туралы (жарыс сөз) – Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 280 б.
- 18 Кеңесбаев І. К. «Жеті», «Үш», «Тоғыз», «Қырықпен» байланысты ұғымдар. – Известия Академии наук Казахской ССР /серия филологическая/. – 1946. – Вып. 4. – 129 б.
- 19 Аханов К. Қазақ тілі лексикологиясының мәселелері. – А., 1956. – 48 б.
- 20 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 21 Қазіргі қазақ тілі. – А., 1954. – 71 б.
- 22 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. – Алматы, 1966. I бөлім. – 82-84 бб.
- 23 Ысқақов А. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. – 695 б.
- 24 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974. – 53 б.
- 25 Сарыбаев Ш. Ш., Құрышжанов Ә. Қазақ жырларының текстологиясы. // Қазақ ССР Ғылым академиясының жаршысы. – 1959. – № 9. – 24-25 бб.

- 26 Әуезов М., Базарбаев Б., Ғабдуллин М., Ысмайлов Е. т.б. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – I том. – 212 б.
- 27 Қайдаров Ә. Кейбір қос сөздердің этимологиясы // «Қазақ тілі мен әдебиеті». – 1959. – № 10. – 112 б.
- 28 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. – 238 б.
- 29 Сыздық Р. Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктері: филол. ғ. канд. ... дисс. – Алматы, 1959. – 50-54 бб.
- 30 Жанпейісов Е., М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі (тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар). – Алматы, 1976. – 168 б.
- 31 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикалогиясы. – Алматы: Мектеп. – 1988. – 87-88 бб.
- 32 Исаев С. Қазақ тілі. - Алматы, 1993. – 29 б.
- 33 Махмутов А. Қазақ тіліндегі архаизмдер мен историзмдер: филол. ғ. канд. ... автореф. – Алматы, 1963. – 57 б.
- 34 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, 2005. – 226 б.
- 35 Оралбаева Н. Сөзжасамның жалпы мәселелері //Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 60-64 бб.
- 36 Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы: «КИЦОО», 2007. – 166 б.
- 37 Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – А., 2003. – 38-43 бб.
- 38 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М., 1940. – 837 с.
- 39 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 40 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – А.: «Сөздік-словарь», 2005. – 272 б.
- 41 Даль В. Толковый словарь. – М., Гослитиздат, 1935. – 150 с.
- 42 Толковый словарь русского языка / под ред. проф. Д.Н.Ушакова/. – М, 1935. – Т.1. – 3 с.
- 43 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Наука, 1966. – 234 с.
- 44 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энцикл., 1990. – 233 с.
- 45 Абузаров Р.А., Туева З.И. Русский язык на занятиях по начальной военной подготовке в национальной школе. 2-е изд –М.: Просвещение, 1989.–8с.
- 46 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғ. д. ... автореф. – Алматы, 2007. – 49 б.
- 47 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –А.Ғылым, 1999.–Б.82-83.
- 48 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994.
- 49 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 260 б.
- 50 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 51 Копыленко М.М. Средства выражения количества в русском языке. – Алма-Ата, 1993. – 183 с.

52 Рысалды Қ.Т. Функционалдық-семантикалық категориялар туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2008. – № 5-6. – Б. 76-79.

53 Қапалбеков Б. Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі // ҚР БЖҒМ мен ҰҒА Хабарлары. – 2004. – №1. – 59-63 бб.

54 Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкінділік модалдылығының функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғ. канд. ... автореф.– А., 2004. –29 б.

55 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантиканың берілуі жайында / жатыр көмекші етістігінің негізінде. // Тілтаным.– 2005. – № 1.

56 Жаңабекова А. Грамматикалық және семантикалық шақ категорияларының арақатынасы // Академик Р.Сыздықтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 141-144.

57 Жұбаева О. Персоналдық өрістің құрылымы // «С.Аманжолов және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004.

58 Кияк Т.Р. Мотивированность лексических единиц (количественные и качественные характеристики). – Львов, Вища школа, 1988. – 158 с.

59 Мойсеев А.И. Мотивированность сложных слов // Исследование по грамматике русского языка. Уч.Записи ЛГУ /серия филология/, 1963. – № 322. – С. 120-136.

60 Гинатулин Р.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): автореф. ... канд. филол. наук. – А., 1973. –С. 27

61 Жаналина Л.К. Производность и словообразовательная мотивация в русском и казахском языках // Қазіргі қазақ тілінің бүгiні мен болашағы. – Алматы, 1998. – С. 374-390.

62 Блинова О.И. Явление мотивации слов (лексикологический аспект). – Томск, 1984. – 191 с.

63 Янценецкая М.Н. Резанова З.И. К проблеме внутренней формы слова // Вопросы слово и формообразования в индоевропейских языках. – Томск, 1991. – С. 17-33.

64 Қасым Б. «Қазақ тіліндегі заттық күрделі атауларының теориялық негіздері»: филол. ғ. д. ... дисс. – А., 2002. – 313б.

65 Әділбаева Ұ.Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулардың уәжділігі: филол. ғ. канд. ... автореф. – А., 2001.– 121 б.

66 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: Мектеп, 1975. – 315 б.

67 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік–Словарь», 2006. – 356 б.

68 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 2008. – 824 б.

69 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 656 б.

70 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алматы: «Мектеп», 1984. I т. – 255 б.

71 Арабско-русский словарь, – М., 1958. – 1020 б.

- 72 Байрақ сөзінің этимологиясы. // Жас Алаш. – 2001. – 7 шілде. – № 81.
- 73 Махмуд Қашқари. Девону луғотит турк. – 1960. – I т. – 878 б.
- 74 Біздің байрақ – ғарышта желбіреген аз ғана тудың бірі. // Қазақ елі. – 2008. – № 21/22.
- 75 Байрақты бәсекедегі толағай табыс болашақта биік белестерге бастайды. // Сыр бойы. – 2008. – № 176-177. – 1 б.
- 76 Жейде // Еңбек туы. – 1988. – 14 сентябрь. – 4 б.
- 77 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 238 б.
- 78 Мыңжасарұлы А. Жарғыны жыртқан Мергенов. // Жас Қазақ. – 2008, 1 қараша. – № 46. – 3 б.
- 79 Жарғыға сай тәртіп қажет // Шекарашы. – 2005. – №1. – 8-9 бб.
- 80 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп. – 1984. – I т. – 284 б.
- 81 Монгольско-русский словарь. – М., 1957.
- 82 Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережелерін бекіту ережесі. // Егемен Қазақстан. – 2009. – 1 қаңтар. – 5 б.
- 83 Персидско-русский словарь. – М., 1960. – 1236 б.
- 84 Гордлевский В. Государство Сельджукидов Малой Азии. – М., 1941. – 58 с.
- 85 Байжанов Т. Қазақ тіл біліміндегі әскери лексика. – А., 1991. – 38 б.
- 86 Қазақтың қос қыраны қарындасын қаныпезер зорлықтан құтқарып қалды // Ана тілі. – 2006. – №24.
- 87 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – А., 1975. – 504 б.
- 88 Дала уәләятының газеті. – 1894. – 27 б.
- 89 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 169 б.
- 90 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2008. – 185-191 бб.
- 91 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Мектеп», 1989. II т. – 284 б.
- 92 Махмудов А. Қазақ тіліндегі архаизмдер мен историзмдер: филол.ғ.д. ... дисс. – Алматы, 1963. – 80 б.
- 93 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 56 б.
- 94 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – А., 1993. 14 б.
- 95 Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасының тарихы: филол.ғ.д. ... дисс. – Алматы, 1993. – 302 б.
- 96 Қазақ Совет энциклопедиясы. – А., 1977. – 11т. – 68 б.
- 97 Будагов Л.З. Тефсир – А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII–XIII вв. – Москва, 1963. – 686 с.
- 98 Ойратско-русский словарь. – М., 1947. – 305 с.
- 99 Каракалпакско-русский словарь, – М., 1958. – 729 с.
- 100 Узбекско-русский словарь. – М., 1959. – 638 с.
- 101 Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы, – А.: Жалын, 1991. – 73 б.
- 102 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1990. – 323 с.

- 103 Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957. – I т. – 504 б.
- 104 Тіл біліміне кіріспе пәніне арналған оқу құралы. – Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия», 2005. – 105 б.
- 105 Рүстемов Л. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. – Алматы, 1962. – 320 б.
- 106 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2005. – 238 б.
- 107 Бейсенбаева К.А. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993. – Б. 72-80.
- 108 Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993. – 3 б.
- 109 Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма: филол.ғ.д. ... автореф. – Алматы, 2000. – 29 б.
- 110 Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М. – Л., 1951. – 89 с.
- 111 Орфографиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 12 б.
- 112 Ана тілі. – 2008. – № 7-13. – 3-4 бб.
- 113 Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М., 1966. – 297 с.
- 114 Жанпейісов Е. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976, – 72 б.
- 115 //Қазақ әдебиеті. – 2007. – 7 желтоқсан. № 49-50 (3054).
- 116 Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы, 1997. – 6 б.
- 117 Кенен Коч. Күрделі етістіктердің тарихы мен қалыптасу жолдары // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2000. – № 42. – 87 б.
- 118 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 252 б.
- 119 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – А., 1975. – 23 б.
- 120 Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – А., 1955. Б.53-54.
- 121 Малов С.Е. Лобнорский язык. – Фрунзе, 1956. – 44 с.
- 122 Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, морфология. – А., 1967. – 756 б.
- 123 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – А., 1968. – 273 б.
- 124 Мұсабаев Г. К вопросу о словообразовании. – Исследования по грамматике и лексике тюркских языков. – Т., 1965. – С. 19-21
- 125 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 439 б.
- 126 Современный татарский литературный язык. – М., 1969. – 246 с.
- 127 Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.; Л., 1960. – 238 б.
- 128 Хэзирги қарақалпақ тили. – Ноқис, 1974. – 207 б.
- 129 Искаков А. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке: автореф....д. филол. наук. – А., 1964. – С. 108-109.
- 130 Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.; Л., 1962. – 133 с.

- 131 Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. –А.: «Ғылым»,2002.–259 б.
- 132 Исхаков Ф.Г. Местоимения. – В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – Ч. II, морфология. – 1956. – 249 с.
- 133 Поцелуевский А. П. Происхождение личных и указательных местоимений. – Материалы к истории туркменского языка. – Ашхабад, 1947.
- 134 Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы (ЖОО филол. факул. студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы; Баянжүрек, 2007. – 198 б.
- 135 Белбаева М.А. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 22 б.
- 136 Зайсанбай Г.Н. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атауларының негізінде): филол.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2004.
- 137 Турецко-русский словарь. - М., 1954. – 890 б.
- 138 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 18 б.
- 139 Балли Ш. Французская стилистика. – М., 1961. – 104 б.
- 140 Калиев Б. Лексико-семантическая и мифологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996. – 45 б.
- 141 Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1972. – 19 б.
- 142 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы, – А., 1945, – 405 б.
- 143 Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тіліндегі метафораланған терминдердің семантикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс.: – Алматы, 2000. – 165 б.
- 144 Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: филол. ғ.д. ... автореф. – Алматы, 1997. – 176 б.
- 145 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – А.: РИК, 1998. –10 б.
- 146 Өтебеков Б. Қазақ диаспорасының тілі. – Алматы: «Білім», 2000. –55 б.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- Н.К.Іт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... I том. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.
- Н.К.Іт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... II, III том. – Алматы: Ғылым, 1994. – 444 б.
- Е.К. – Қарасақал Ерімбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы: Маржан, 1995. – 313 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	5
Тіл біліміндегі көнерген аталымдардың зерттелу аспектісі.....	5
Көнерген аталымдардың коммуникативті-функционалдық қызметі.....	24
Көнерген аталымдардың уәжділік ерекшеліктері.....	34
Көнерген аталымдардың лексика-семантикалық топтары.....	51
КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕСІ	67
Көнерген аталымдардың фонетика-семантикалық мәні.....	67
Көнерген аталымдардың сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалуы.....	77
Көнерген аталымдардың морфологиялық ерекшелігі	91
Көнерген аталымдардың метафоралануы.....	102 121
КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАР ЛҰҒАТЫ	121
Сөздіктегі қысқартылып көрсетілген әдебиеттер.....	256
ҚОРЫТЫНДЫ	259
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	263 263
Белгілер мен қысқартулар.....	268

ӨТЕМІСОВА Гүлмира Жеткергенқызы

Көнерген аталымдар сөйлейді
(Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша)

Пішімі

Тығыздығы: Қағаздың ақтығы:

Қағазы офсеттік.

Көлемі 270 бет. Шартты баспа табағы - 17.